



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғ. МҮСІРЕПОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӘДЕБИЕТ, ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ



**Петропавл қ.
29 сәуір, 2022 ж.**

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Ғ 11

*«Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған
(№8 хаттама, 04.05.2022 ж.)*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Жанділдин Е.Б. – Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж директоры;

Қадыров Ж.Т. – М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, ф.ғ.к.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Е.Н. Шұланов – М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Басқарма Төрағасы – Ректор

Д.К. Мектепбаева, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Инновациялар және интернационалдандыру мәселелері жөніндегі Басқарма мүшесі

И.Г. Курмашев, Ғылым департаменті директоры

Е.В. Сабиева, Тіл және әдебиет институтының директоры

Е.Г. Гертнер, Тіл және әдебиет институты ғылыми жұмыс және сапа менеджменті жөніндегі директорының орынбасары

Ж.Т. Қадыров, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі

Ж.С. Таласпаева, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры

Ж.С. Кулибекова, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к

М.Т. Есматова, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к

Г.С. Хамзина, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к

Ғ 11 «Ғ. МҮСІРЕПОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӘДЕБИЕТ, ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТ» атты р е с п у б л и к а л ы қ ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары. – Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022. – 288 б.

ISBN - 978-601-223-54-8

Ғылыми жинаққа жазушы Ғабит Мүсіреповтің 120 жасқа толуына арналған «Ғ. Мүсірепов және заманауи әдебиет, ғылым мен мәдениет» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енгізілген. Онда ақынның өмірі мен шығармашылығына, баға жетпес мұрасына арналған құнды материалдар жинақталған. Ғабит Мүсіреповтің мұрасы республикалық деңгейде насихатталуда. Ғылыми жинаққа енген материалдар оқытушыларға, білім алушыларға, жалпы ж а з у ш ы н ы ң шығармашылығына қызығушылық тудыратындарға және зерттеушілерге арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

© М.Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022

ISBN - 978-601-223-54-8

М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың сапа менеджменті жүйесі ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған

МАЗМҰНЫ

Байтанасова Қ.М. (<i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</i>) ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: МӘТІНАРАЛЫҚ ЖҮЙЕ ПАРАДИГМАСЫ.....	6
Абикенов М.Т., Бердалиева А. («Тұран-Астана» университеті) ҒАЛЫМ Т. ҚОРДАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ.....	11
Абикенова Л.Т. (<i>Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы</i>) ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОНИМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	16
Амиркул Шакизада. («Тұран-Астана» университеті) СЕМИНАР САБАҚТАРЫНДА ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ МЕНҒЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ.....	18
Амиркул Шакизада. («Тұран-Астана» университеті)ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКА САЛАСЫН МЕНҒЕРТУ.....	20
Аубакирова Г.Р., Кулибекова Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ.....	22
Аубакирова Ж.Ә., Нурғалиқызы А., Алпысбай М. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) М. ӨУЕЗОВТИҢ «ҚЫР СУРЕТТЕРІ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ТАБИҒАТ БЕЙНЕСІ.....	27
Akhmadaliyeva Z.R., DzhangabyI I.B., Yernazarova Sh.U., Nariman D.N. (<i>L.N. Gumilyov Eurasian National University</i>) THE IMPORTANCE OF THE APPLICATION OF ANIMATION TOOLS IN THE EDUCATION OF CHILDREN.....	29
Аюпова Д.Ж., Кулибекова Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Ғ.МҮСІРЕПОВ – ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҚАЛАМҒЕР.....	34
Әкіш Жанат. («Тұран-Астана» университеті) ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ.....	38
Базарбек Б.Б. (<i>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚАТАРЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ МЕН ПРАГМАТИКАСЫ.....	41
Бәделұлы Жандос. («Тұран-Астана» университеті) ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	44
Бәделұлы Жандос. («Тұран-Астана» университеті) ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫ.....	49
Бегалиев Е. Ж., Сейтмуратов А., Әлімбаева Г.Б., Исаева Г.Б. (<i>Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті</i>) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ	53
Бекзат Қаратай. («Тұран-Астана» университеті) ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ	59
Бекмұратова А., Хамзина Г.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Д.ИСАБЕКОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ «ТІРШІЛІК» КОНЦЕПТІСІ.....	65
Бердалиева А. (Тұран-Астана университеті) ҒАЛЫМ Т. ҚОРДАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ГРАММАТИКА САЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	68
Бунина А.Р. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) THE USE OF PSYCHOLINGUISTIC RESEARCH DATA IN DEVELOPING FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODS.....	72
Гулназ Төкенқызы, Нүсіпбек Рызбек. («Тұран-Астана» университеті) БАЛЛАДА ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	75
Габдулина М.Г., Ермек С. (<i>М. Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) КЕЙІПКЕР ЕСІМДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	79
Габдулина М.Г., Аубакирова А. Е. (<i>М. Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІ.....	83
Ережепова С. («Тұран-Астана» университеті) ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ.....	88
Ережепова С. («Тұран-Астана» университеті) ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ.....	90
Есматова М.Т., Пулатова Н.Д. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) САН ЕСІМДЕРДІҢ ЗАТ ЕСІМНІҢ ВАЛЕНТТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНДА ОРЫН АЛУЫ.....	93
Жақиянова Г. Қ. («Тұран–Астана» университеті) ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІ ҒЫЛЫМИ - АСПЕКТІЛІК ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ.....	98
Жакупова С. («Тұран–Астана» университеті) БУДАН АТАЛЫМДАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	102
Жаксылыкова Е.В. (<i>СКУ им. М.Козыбаева</i>) COMMUNICATIVE AND METACOGNITIVE ASPECT OF TRANSLATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING.....	105

Жапанова М.Е. (<i>ЕНУ им. Л.Н. Гумилева</i>) ПИСЬМО В КОНТЕКСТЕ РОМАНА Г.МУСРЕПОВА «СОЛДАТ ИЗ КАЗАХСТАНА».....	109
Жуанышпаева С.Ж., Мұхамеджанова Г.Т., Қадыров Ж.Т. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) ТІЛДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУ ФИЛЬМДЕРІН КӨРУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	112
Ivachshenko V.S. (<i>М. Kozubayev NKU</i>) ON THE IMPORTANCE OF LEADERSHIP AND COMMUNICATIVE SKILLS DEVELOPMENT IN THE ENGLISH LANGUAGE CLASSROOM.....	116
Қадыров А.Ж., Тулегенова Б.М. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЛИНВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРІ.....	120
Қазақбаева К.Р. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ.....	125
Қазақбаева К.Р. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) ЛИНВОМӘДЕНИЕТТАНУ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	127
Кантаева Г.Г. (<i>ЕНУ им. Л.Н.Гумилева</i>) РОЛЬ ДИДАКТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА.....	130
Камзинова С.М., Сабиева Е.В. (<i>СКУ им. М.Козыбаева</i>) СПЕЦИФИКА РУССКИХ ПАРЕМИЙ.....	134
Капасова М.И. (<i>КҚММ Б.Әшімов атындағы Петропавл кәсіби колледжі</i>) ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІ.....	137
Kashkeyeva A. B. (<i>Abay Kazakh National Pedagogical University Kazakhstan, Almaty</i>) FORMATION OF LISTENING AND SPEAKING SKILLS AT ENGLISH LESSONS SENIOR TEACHER, MASTER OF PHILOLOGICAL SCIENCES.....	140
Қазыбаева Т.Д., Турсунбаева М.Д. (№2 мектеп-лицейі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімдері Көкшетау қаласы) МЕКТЕПТЕ ДАСТАНДЫ ОҚЫТУ.....	146
Кулибекова Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Ғ.МҮСІРЕПОВ – РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ.....	150
Кулибекова Ж.С., Ермеков З.Ж. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Р.НҮРҒАЛИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ.....	155
Мақешова А.К. (<i>Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ</i>) ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР НЕГІЗІНДЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ.....	158
Мақұлова Л.Т., Атабек Ә.Б. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) Ш.МҮРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ.....	161
Мақұлова Л.Т., Дарьябаева А.Е. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ МАҒЫНАНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....	165
Мақұлова Л.Т., Мусағалиева А.С. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ	167
Мақұлова Л.Т., Сарыүйсінбек Ү.Б. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</i>) АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	172
Meirbekov A.K., Kurbanova A.T. (<i>International Kazakh-Turkish University named after Khoja Akhmet Yassawi. Turkestan, Kazakhstan</i>). THE IMPORTANCE OF PROPERLY TEACHING RECEPTIVE AND PRODUCTIVE SKILLS.....	176
Муржанов Б.Б., Таласпаева Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) «АҚ-ҚАРА» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ.....	179
Nurmagambet D.D. (<i>М. Kozubayev NKU</i>) THE USE OF INTERGRATED - SKILLS APPROACH FOR THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN TEACHING ENGLISH.....	182
Нурлыбек А.К., Кулибекова Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) ЗАР ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ РУХ.....	186
Ovlyagulyyev M., Soltanmyradov G.A. (<i>Turkmen State Institute of Finance</i>) VekilovaCh.G.(<i>Dovletmamed Azadi Tukmen National Institute of World Languages</i>) Soltanmyradov Y.G. (<i>Turkmen State Institute of Economics and Management</i>) THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF INFORMATION TECHNOLOGY IN INCREASING THE EFFICIENCY OF EDUCATION.....	189
Омарова Г. («Тұран-Астана» университеті) «ҚАМШЫ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ.....	191

Сағындыкова А., Таласпаева Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) СӨЗ ЭТИКЕТІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ.....	194
Саттаркулова Эльмира Тункатаровна (АРУ им. К. Жубанова) ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ В СОДЕРЖАНИИ ПРЕДМЕТА «АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК» В 5-9 КЛАССАХ СРЕДНЕЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА.....	198
Саттаркулова Эльмира Тункатаровна (АРУ им. К. Жубанова) ПРАКТИКА ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....	202
Сағым Жадыра. (<i>«Тұран- Астана» университеті</i>) КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР МЕН ОМОНИМДЕРДІ ОҚЫТУ.....	206
Сактаева Г. (<i>«Тұран-Астана» университеті</i>) ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ.....	209
Сарсембаева М.Қ., Қонысбаева Г.Е. (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті) ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИЕЛІ САНДАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	212
Сарсембаева М.Қ., Төлепбай Б.А. (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті) ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ.....	216
Саркенқызы А. (Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы) БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МӘН-МАҒЫЗЫ.....	218
Синбаева Г.К., Әділбекова Н.С. (М.Қозыбаев атындағы СҚУ) ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	223
Сыдыхова З. (<i>«Тұран-Астана» университеті</i>) СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ МЕҢГЕРТУ.....	227
Сүйеиш Б.П., Кулибекова Ж.С. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) ФОЛЬКЛОР ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	230
Таласпаева Ж., Саденова Р. (М.Қозыбаев атындағы СҚУ) М. ШАХАНОВ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ.....	232
Tulegenova V.M., Kadyrov A. Zh. (NKU named after M. Kozybayev) DEVELOPING PRONUNCIATION SKILLS THROUGH REFLECTIVE TEACHING.....	236
Тұяқова А.Қ., Сақ Қ.Ө. (<i>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</i>) САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ЖУРНАЛИСТИК ҚЫЗМЕТІ.....	241
Турсунбаева М.Д., Қазыбаева Т.Д. (№2 мектеп-лицейі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімдері Көкшетау қаласы) ӨЛЕҢ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	244
Түркешова Манара Амановна (Ақмол ауылының жалпы білім беретін ОМ) ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЗЕРГЕРІ.....	248
Хамзина Г.С., Жәнібек Ә. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Д.ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ УӘЖДІ ҚОЛДАНЫСЫ.....	252
Хамзина Г.С., Мәлік А. (<i>М.Қозыбаев атындағы СҚУ</i>) Х. ЕСЕНЖАНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ.....	257
Кенжебаева А.Т., Заурбекова А.М. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан</i>) ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ.....	261
Кенжебаева А.Т., Заурбекова А.М. (<i>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан</i>) БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.....	268
Кенжебаева А.Т., Заурбекова А.М. (М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан) ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ДАМУДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	275
Умирова А.С. (АРУ им. К. Жубанова) АУТЕНТИЧНЫЕ МАТЕРИАЛЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ УЧАЩИХСЯ СТАРШЕГО ЗВЕНА ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ.....	281

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: МӘТІНАРАЛЫҚ ЖҮЙЕ ПАРАДИГМАСЫ

Қ.М. Байтанасова

(Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(e-mail: k.baitanasova@mail.ru)

Әдебиет – көркем шығармашылық түр. Сөз өнерінің болмысы басқа өнер түрлерімен ықпалдаса отырып, олардан ерекшеленеді. Әдебиет сөз өнері деп аталғандықтан, онда сөздің барлық қасиеті жан-жақты ашылады. Сөздің қарым-қатынас құралы болумен қатар, эстетикалық, әлеуметтік сипаты да бар. Әдебиет тұтас мәтін құрылымын орнықтырады. Егер орыс әдебиеттанушыларының әр кезеңде айтқан пікірлерін шолып қарайтын болсақ, әдебиеттанушылардың бәрі дерлік мәтіннің көп қырлы категория екенін айтады. Мәселен, ғалым Н. Николина: «Мәтін дербес әрекет жүйесінің ерекше ұйымдасқан түрі», -десе [1, с.15], зерттеуші В. Бенянин: «Көркем мәтін – ақиқат дүниенің көрінісі. Мұндағы сөз мәтіннің мазмұнын ғана емес, оның ар жағындағы мағынасына да қозғау салады», -деген [2, с.15]. А. Леонтьев мәтіннің аяқталған толық құрылым екендігін айтады [3]. Қарап отырсақ, мәтіннің көп қырлы функциясы әр кезеңде айқындалып, дәйектеліп отырған. Осы пікірлерді жинақтай келгенде мәтіннің басым белгілері айқындалады. Олар: мазмұндық, қарым-қатыстылық, гносеологиялық белгілер. Бұл арқылы мәтіннің кешенді сипаты айқындалады. Мәтін ұғымы барша ғылымға ортақ. Ал, көркем мәтін жоғарыда аталған қасиеттерді тоғыстырып, қаламгердің ішкі сезім-күйінің көрінісі, эмоциялық қабылдау жағдайы деген сипаттар арқылы толығырақ түседі. Мәтіннің мәнін анықтағанда оның ішкі мазмұнының және құрылымының басым қасиетке ие екені байқалады. Мәтін аясында айтылған сөздің құрылымдық және интонациялық жағынан сатылай берілуі ойдың да жүйесін көрсетеді. Ендеше мәтін тұтас бір жүйеге бағындырылған, реттелген құрылым.

Мәтіннің басым қасиеті – оның қарым-қатынас функциясында. Бұл көркем мәтіннің барлық болмысын ашады. Мәтін – тек қарым-қатынас жасаудың қатардағы формасы ғана емес, мұнда сөздің барлық қырлары – тіке, жасырын, көркем, ишара, ауыстыру, символдау, монолог, диалог тәсілдерінің баршасы ашылады. Сондықтан да мәтінде сөздің тікелей мағынасы ғана емес, астарлы, белгі-сипаттары қоса айқындалып, ақпараттың жаңа, тарихи, көркем, бейнелі, жалпы, дербес түрлері жинақталады. Мәтіннің парадигмалық табиғаты мәтіндерді белгілі бір жанрлық түрлерге біріктіреді. Мәселен, мәтіннің парадигмалық тобы поэзияны махаббат, табиғат тақырыптарына, ақын мен поэзия туралы туыстас тақырыптарға біріктіреді. Драманың ішкі парадигмасы оларды жанрлық-стильдік жақындығы жағынан трагифарс, трагедия, комедия, трагикомедия, лирикалық комедия, мелодрама түрлеріне жинақтайды. Мәтіннің құрылымы кейде тізбекті (циклді) болады. Мысалы, белгілі бір әдеби мектеп, бағыт, кезең әдебиеті шығармаларының, қандай да бір автордың туындыларының арасында үндес байланыстар сақталады. Мәселен, лингвистикалық және әдебиеттанушылық тұрғыда көркем мәтінді талдаудың екі аспектісі бар: біріншісі, мәтіннің идеялық-тақырыптық талдауынан бастап, оның тілі мен қолданылған тәсілдеріне қарай қарастыру; екіншісі мәтінді тілдік тұрғыда тәптіштей талдау.

XX ғасырда мәтінді зерттеу аясында орыстың формашыл бағытынан структурализмге қарай бет алу байқалды. Ал, алпысыншы жылдарға қарай мәтін пәнаралық ықпалдастық аясында қарастырыла бастады. Оларға поэтика, психолингвистика, антропология, семиотика секілді ғылымдар жүйесі жатады. Осыдан келіп зерттеуші Е.С.Кубрякова көркем мәтінді талдаудың жаңа парадигмасы орныққанын айтып, оның төрт түрін жіктеген. Олар: дәстүрлі, генеративті, когнитивті, коммуникативті [4]. Көркем мәтінге қатысты жаңа ұғымдар мен өзге

ғылымдар ықпалдастығы беки түскен сайын, мәтінді талдаудың жаңа түрлері қалыптаса бастады. Мәтіннің сөздік тұрғыда ұйымдастырылуын қарастыратын дербес ғылым жүйесі де орнықты. Мәтін – біртұтас құрылым бола отырып, құрылымдық және коммуникативтілігі жағынан көп аспектілі болып келеді. Осы ретте мәтін құрылымының параметрлері туындайды. Мәселен, құрылымдық параметрі жағынан мәтін қарапайым, күрделі, ғылыми, көркем түрлерге жіктеледі. Бұл жағдайда мәтіннің жанры, ішкі құрылымы ерекше рөл атқарады. Көркем мәтіннің ішкі құрылымында сонымен қатар, стильдік-тілдік ерекшеліктің де мәні үлкен. Ұзақ уақыт бойы тіл мен мәдениет дербес семиотикалық жүйе ретінде қарастырылып келді. Ал, қазірде бұл қатынас өзара ықпалдаса зерттелу үстінде. Мәтін ықпалдастығы теориясы мәтіннің табиғатын жалпымәдени аспектіде қарауға негіз болды. Осы қарым-қатынас жалпы гуманитарлық ғылымдардың сабақтастығын тудырды. Бұл байланыс мәтіннің қаншалықты үлкен функция атқаратынын дәлелдеді. Мәтін, ең алдымен, мәдениет атрибуты, әрі мәдениет тарихының айғағы. Осы арқылы мәтін теориясының көптеген компоненттері анықталады. Мәтін адам шығармашылығының жемісі бола отырып, ол ұлттың тарихын, әлеуметтік тұрмыс жағдайын, рухани-мәдени болмысын ашады. Мәтін әрі қарай басқа өнер түрлерінің дамуына ықпал жасайды. Яғни мәтін прецеденттілігі театр, кино, телевидение, бейнелеу өнері, музыка, сәулет өнеріне де ықпал етеді.

Мәтін – автор мен қабылдаушының арасын жалғастырушы ғана емес, тудырушы мен тұтынушы - екі тараптың ой-пікір, сана-сезім, екіжақты үннің тоғысатын да нысаны. Мәтіннің диалогтік қасиеті қабылдау процесіне ұласқанда, жетіле, кеңейе, дами келе полилогқа айналады. Мәтінді ұғыну, түсіну арқылы әр кезеңнің, мәдениеттің, этностың, жеке тұлғалардың түрлі ой-пікірі, түсінігі жарыққа шығып, мәтінтануда көпварианттылық тудырады. Әдебиеттің ұлттық сипаты мәтіннің туып отырған ортасының тіліне, мәдениетіне байланысты екендігі белгілі [5, 15 б.].

Мәтін – автор үшін ой-сезімін жеткізу формасы да, тыңдаушы үшін танымдық және тәрбиелік, эстетикалық маңызы бар нысан. Көркем мәтін – күрделі жүйе. Мәтіннің бұл күрделілігі оның жанрлық түрінен де, идеялық мазмұнынан да көрінеді. Яғни мәтіннің көркемдік жүйесі әр түрлі түсіндіріледі. Әдеби туындының тұтас әрі күрделі эстетикалық құрылым екендігі әр кезде айтылып келді. Көркем мәтінді талдаған ғалым Т.Есембеков: «Автор пікірі мен оқырман пікірін жарыстыра қолдану, оқиғаның әрі қарайғы дамуын болжалдауда оқырманмен сырласу сияқты амалдардың да коммуникативтік маңызы зор. Көркем мәтіннің белгісіз оқырманға арнап баяндалуы да байланыс каналы ретінде сирек те болса қолданылады. Эпикалық қашықтық – әңгімелеуші – автордың шығармадағы баяндалып жатқан оқиғалардан белгілі бір мезгілдік немесе кеңістік ара қашықтықта орналасуы. Оған қандай да бір баяндау формасы аясында өзгерістер енгізіліп, түрлендіріледі. Кеңістік ара қашықтық оқиғаны тұтастай немесе даралай алып көрсетуден байқалады. Ол үш түрлі болуы мүмкін: шығармадағы оқиғаның баяндау кезімен сәйкес келмеуі; шығармадағы оқиғаның баяндау сәтімен сәйкес келуі және олардың аралығында мезгілдік қатынастың мүлде болмауы [6, 82].

Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде рухани дамуымызға, ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен үлкен үлес қосып келген қаламгерлердің шығармашылығын қарастырып, олардың әдебиеттегі орнын, суреткерлік ерекшелігін ажырату заңдылық болып табылады. Жалпы, қазақ әдебиетінің тарихында шығармаларымен оқырмандар ықыласына бөленген, өзіндік дара тұлғасымен, суреткерлік стилімен есте қалған қаламгерлер аз емес. Солардың бірі - классик жазушы Ғабит Мүсірепов. Қаламгердің шығармашылығы өз заманының барша құбылысын эпикалық жанрда қамтып, ұлттық әдебиетімізге көркем дүниелер әкелді. Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы өзінің тұтас қаламгерлер туындыларымен ұқсас та, ерекше де болды. Қай тұрғыда? Бәрімізге мәлім кеңес дәуіріндегі әдебиеттің тақырып, идея, шығарманың құрылымы жағынан туыстас сипаттары мол болды. Оның себебі реалистік әдебиеттің талабына жауап беруден туындады. Осы тұрғыдан келгенде кеңес дәуірінде туған туындылардың идеясы айқын, сюжет кең, кейіпкерлері толымды сипатталды. Олардың шығармаларында өмірдің, дәуірдің бейнесі қаз-қалпында дерлік сипатталды. Егер қоғамда

өзгеріс, жаңалық, оқиға туындаса, ол бірден әдебиеттің тақырыбына айналып, жаңа адам жаңа көркем бейнеге ұласты. Ендеше бұл дәуір әдебиетінің өзіндік даму заңдылығы орнықты. Осы ортақ жайттардың аясында әрбір қаламгер әдебиетке өзінің ішкі шығармашылық әлеуеті арқылы жаңа сюжет, тақырып, бейне әкелуге тырысты. Ғ.Мүсірепов қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де әдебиет өміріне белсене араласты, қоғам келбетін дәл таныды. Ендеше өмір құбылыстары тұтастай шығарма өзегіне айналды. Жалпы, кеңес дәуіріндегі әрбір өзгерістер әдеби-мәдени өмірге белсенді еніп отырды. Сондықтан да бұл дәуір шығармаларының өзіндік жаңалығы мол болды.

Сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің көркем туынды құрылымын түзудегі ерекшелігі өзінше бір сала. Мәселен, автордың сюжет құрудағы дербестігі шығарма тақырыптарынан аңғарылып тұрады. «Айгүл қойшының бір күні», «Ананың арашасы», «Ананың анасы», «Қос Шалқар», «Күсен-Күсеке», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Жапон балладасы» [7]. Бұл шығармалар арқылы автордың баяндау ерекшелігі көрінеді. Мәселен, «Айгүл қойшының бір күні» шығармасы негізінен статикалық суреттеулерге құрылған. Айгүлдің қойшылық кәсібі, жыл он екі ай қайталанатын дала суреті, алдындағы түлік, олардың күнделікті бағымы еш өзгермейді. Күн артынан күн жылжып отырады. Айгүлдің әр күні осылай өтіп жатыр. Осы арқылы автор оқиғаның тізбектілігін, кейіпкердің әлеуметтік ортасын қоса береді. Олар да бір қалыпқа түскен жағдаяттар. Бір күн арқылы бір адамның тұтас ғұмыры қамтылған. Сюжет кеңістігінің уақыт жинақылығы арқылы берілу тәсілі бар. Жазушы өзара үндес, идеялас шығармаларында барынша кейіпкерлерін саралауға тырысады. «Ананың арашасы» әңгімесіндегі Нағима өз баласын, жаралы жауынгерді құтқарамын деп ақтың офицерінен таяқ жейді. Бұл жерде қаламгер ауыл адамдарының ішінен бір ғана кейіпкерді даралап алады. Ол – Нағима. Ал, оған зәбір көрсетушілер сол ауылға аяқ асты пайда болған қосымша адамдар. Соның ішінде автор Антоновты ғана бөліп алады. Оның әрекеті сюжеттің шиеленісіне ықпал етіп тұр. Нағиманы сабап шаршаған Антонов енді қамшыны өзінің солдаттарына беріп, кезектесіп сабауға әмір етеді. Алайда, ешбірі қамшыны алып, анаға қол көтеруге батпайды. Тіпті Антоновтың жауыздығының сыбағасын өздері береді. Осы мезетте ақ сюжеттегі шиеленіс тарқатылады. Енді күні бойы үрейленіп, Нағимаға ара түсуге батпаған ауыл адамдары енді анаға қарай жүгіреді. Ер ананың жүзінде өзгеше салтанат, қайсарлық танылады. Ауыл адамдарынан артықшылығы Нағима ауылға кірген бір өзгерісті сезеді. Оны автор төрт ауыз сөбен береді: «азамат, жолдас, рұқсат па, шеше». Бұл сөздердің бәрі Нағимаға ғана арналып жатқандай. Ауылдың басқа адамдарына қарағанда бұл сөздің мәнін Нағима жақсы ұғады. Қызыл әскерлер айтқан сөздер қоғамға ене бастаған жаңалықты аңдатады, Нағимаға да ерекше күш береді. Ендігі жерде Нағиманың айтары көп секілді. Ол отбасы, туған елдің бүтіндігі, солдатқа алынған жастардың амандығы, оларды қорғаудың қажеттігі. Ол үшін адамға ынтымақтың, бірліктің керектігі. Бір Нағима бейнесі арқылы қоғамның болмысы берілген.

Көркем мәтін тіліндегі сөйлеу актісі (акт речи) адамның тіл қатысымы арқылы жүзеге асады. Бұл жанр түрлерін айналып өтпейді. Әдеби жанрға қатысты сөйлеу түрінде олардың теңгермелілігінің бірнеше негізгі факторлары бар. Субъектінің сөйлеу тілі шынайы, ойдан шығарылған және елестетілген түрде болады. Әрине, шынайы баяншы нақты болады, өйтпейінше қарым-қатынас актісі болмас еді. Алайда, бұл субъект өзінің сөйлеу функциясын екінші бір субъектіге тапсыруы мүмкін. Мәселен, жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладасы» шығармасы үш үзік әңгімеден (триптих) құралған. Автор жапон елінің трагедиясын баяндау үстінде өзгеше тәсіл ұстанады. Бомба түскеннен кейін бүкіл қала қирап, үгітіліп кетеді. Бүтін зат жоқ, бәрі ұсақталып, бөлшектеніп қалған. Міне, осы картинаны беруде автор әдепкі адамдарды емес, **көзді, арқаны, тасты** сөйлетеді. Өйткені бүгін дүние қалмады. Осыған сәйкес автордың баяндау стилі де өзгерген. Өткен оқиға, бомба әкелген қасірет, адамға қарсы жасалған әрекет осы бөлшек ұғымдар арқылы жеткізіледі. Бұл оқиғаның болмысы әдебиеттің ауқымынан шығып, халықаралық сипат алған. Ендеше, автор осы қасіреттің адамзатқа, азаттыққа жасалған қиянат екенін жеткізіп тұр. «Бұл қас қақанша дерлік, көз ілеспес сәтте болған оқиға. Бірақ, адам ойы одан шабан емес екен, мен де біраз

нәрсені аңғарып қалдым. Арт жағым иін тірескен биік тас үйлер еді. Ұшып кеткендей біреуі қалмапты. Орындары қара тақтайдай. Үлкен өрттерден, қаланың опыр-топырын шығаратын жер сілкіністерінен, қара күйік үй қабырғалары, сорайған тұрба, шаң басқан ағаштар, құлаған үйлердің үйіндісі сияқты апат белгілері қалушы еді ғой, бұл жолы келген апат еш нәрсе қалдырмаған, жалап кетіпті. Айналаң тып-типыл... Әшейінде биік үйлердің тасасынан көріне бермейтін жүндес таулар өркеш-өркеш болып, ап-айқын көзіме шалынады. Таулар орнында екен. Аспаннан қат-қабаттасып қалықтап мен көріп-білмеген тақталар құлап келеді. Жүздеген үйлердің төбелері дүр етіп бірден аспанға ұшып, енді жерге қайта құлап келе жатқандай» [8, 58 б.]. Бұл баяншы өзгеше. Ол айналасында болған алапат жағдайды тәптіштей жеткізіп отырған – арқа. Адамның жаралы арқасы. Ол бұрын болған апаттардан да өзгеше құбылысты сипаттап тұр. Айналасының бәрі өртке оранған, апыр-топыр. Баяншының өзі де осы апаттың құрбаны. «Арқаң Жапонияның географиялық картасындай. Оң жақ жауырыныңа Хоккайдо аралын салыпты... Ұлы Хансю түгелімен оң жақ жоныңда ... мықыныңда Симоносеки қылтасы ... Саныңда Кюсю» [8, 53 б.]. Бұл бір адамның арқасындағы жарақат іздері. Автор осы арқылы бүтін Жапонияға келген алапат жарылысты көрсетеді. Баяншы тек асқақ таулардың ғана еңсесі тік екендігін, ал басқа дүниенің бәрі үйіндіге айналғанын әңгімелейді. Автордың шығармада қолданған тәсілінің ерекшелігі сол, оқиға мен шығарманың сюжеті бір мезеттік баяндауға құрылған. Адамдардың тірі қалғаны естерін жиыр-жимас халде. Соншалықты әдемілікті, тазалықты сүйетін елдің бұл сорақы көрінісі кімді болса да селт еткізеді. «Әр үйдің шағын-шағын ауласынан жапон географиясының бір алқабын көргендей боласың. Кішкене таулар кішкенелігіне қарамай тауға ұқсайды. Алақандай ғана көлдер көлге ұқсайды. Аласа шиіе ағаштары, тырбық қарағайлар, шатыр жапырақты ағаштар. Хризантема гүлдері. Түкті кілемдей көк алаң. Соғыс кезеңі қанша қыспаққа алса да, жапон әйелі бұл ауласына шаң жұқтырмай ұстайды. Жапонның музыкасы да, әлемге таныс сурет өнері де өзінің жаратылыс табиғатынан көшіріп алғандай. Сондықтан болу керек, жапон баласы бір бұтаны сындырмайды, жапон көгалдарын адам аяғы таптамайды» [8, 59 б.]. Яғни қазіргі филология ғылымында қарастырылатын дискурстық құрылым бар. Әр бейненің баяны арқылы бір мемлекеттің басына түскен трагедия баяндалады.

Әлемдік даму ғылымында шығыс философиясының мәні ерекше. Мұнда көненің дәстүрі мен бүгінгінің өркениеті тоғысып жатыр. Жалпы, адамзат өзінің тіршілігіне кедергі болған күштермен үздіксіз күресіп келеді. Ол табиғат апаты болсын, адам қолымен жасалған жөнсіз әрекет болсын, бәріне адам баласы ақылымен, білімімен, күш-қайратымен қарсылық жасап отырады. Осы арқылы адам ғұмырын жалғастырады. Ал, төтеннен келген зұлымдық пен апат адамды қорғануға, қарсыласуға бейімдейді. «Сақтану – адам ғұмырын құтқарудың ортақ та, өтімді тәсілі. Өмір үшін күрес – тіршіліктің қатаң талабы, ұрпақтың өсіп-өнуінің шарты. Адам күнделікті ізденіс пен қимыл-әрекетте тіршілік шартын орындауға мәжбүр болады, өз ісінің бағдары мен нәтижесін ұштастыруға күштарлық танытады. Тіршілік талабын танып білу, пайымдау – адам табиғатынан туындайтын талпыныс» [9, 6 б.].

«Жапон балладасы» негізінен халық трагедиясын баяндауға құрылған шығарма. Алайда, автор сол апаттың, адам құрбандығының жетегінде кетпейді. Жапон халқының салтын, ментальді ерекшелігін қоса көрсетіп отырады. Сол қираған ортаның қасіретін көріп отырған жапон азаматы елінің ғұрпын, жапон отбасының дәстүрін айтуды ұмытпайды. Бұл елдің өнері мен музыкасы халықты тазалыққа, әдемілікке шақыратынын мақтанышпен баяндайды. Осы пафос «Көздің әңгімесінде» де жалғасады. Он бес жасында зағип болып жиырма жыл бойы жарық күнді, жақын адамдарын көрместен өмір сүрген кейіпкердің әңгімесі баяндалады. Мұнда да сол елдің сыпайылығы, мәдениеті кірістірілген. Ешкім соқырсың демейді, бәрінің айтатыны жылы сөз, сенімділік. Сондықтан да кейіпкер көзінің көрмейтінін, бет әлпетінің тыртық-жарасын жауып, жасырмайды. Айналасындағылардың бәрі оған үміт, сенім білдіреді. Осы себептен де әңгімеші жабырқап, мұнаймайды, Күліп жүреді, еркін тілдеседі. Қалыпты баяншының қызметін көз атқарып тұр. Адамның үзілмейтін арманын, жақсылықты күтетін сергектігін білдіреді. Сондықтан да бұл баяншының баяндау

деңгейі толыққанды сипат иеленген. Ғалым Б.Майтанов: «Көркем туындыда бірінші жақтан және ішкі лирикалық «мен» мен баяндауда автор қатынасы байқалады. Өйткені шығарманы ойластыратын жазушы онда жүзеге асыруға қажетті тәсілдерді таңдап алады. Баяндаушы-әңгімеші, баяндаушы-оқиғаға араласушы, баяндаушы-кейіпкер сияқты болмысқа баға беруде өмірлік-философиялық өлшемдер тұтас көрінеді. Басқаша болуы мүмкін емес», - дейді [10, 112 б.].

Әдеби бейне автордың шығармашылық ұстанымына да араласып, оның концептілік өрісін кеңейтеді. Осы ретте персонаж бен кейіпкердің тең құқықтығын қарастырған пікірлерді М.Бахтин, О.Фрейденберг, Н.Тамарченко, В.Тюпа, С.Мартянова еңбектерінен көреміз. Туындының негізгі мәнін ашатын категория ретінде кейіпкер мен персонаж мотив ұғымымен қиыса, нақтырақ айтқанда мотивті кейіптеу тұрғысында қолданылады. Автор үшінші әңгімесінде тасты сөйлетеді. Кәдімгі мрамор қара тас. Оның әңгіме желісі бөлек. Осыған дейінгі екі әңгімеде адам сөйлесе, енді қара тасқа әңгіме кезегі тиеді. Тас адамның сезгенін, күйінішін көре де, сезе де алмайды. Себебі заты тас. Алайда бұл алапат өрт темірді де өртеп, тасты та үгіп жіберді. Тек бұл мрамор тас қана берік күйінде қалды. Оның көз алдынан өткен сұрапыл оқиғадан адамның жаны түршігеді. Бәрі еріп, өртеліп, бөлшектеніп кетті. Осыны бақылаған қара тас қана міз бақпайды. Кейін қала өзгеріп, тіршілік жанданды. Көше ортасына саусағын аспанға безеген тас тұғырлы ескерткіш орнады. Бұл енді қайтып аспаннан апат төнбеуін тілеген адамдардың болмысын айғақтап тұр. Автор тасты сөйлету арқылы адам жанының беріктігін, қайсарлығын дәйектейді. Диалог жүргізу – бұл тіл мәдениетінің ерекше формасы. Диалогқа қатысатын адамдар бір-бірінің сөзін аса ыждаһатпен тыңдап, түсініп отыруы тиіс. Әрі бір-бірінің сөзін тосып, нақты, дұрыс жауап қайтарғандары жөн. Зерттеушілердің пікірінше диалог сөз монологқа қарағанда алғаш пайда болған. Сондықтан да диалог сөйлеу тілінің негізін құрайды. Осыдан да драмалық және эпикалық туындыларда диалогке көп орын беріледі. Мәтіндегі автор болмысын зерттеу әлем әдебиетінде осы кезге дейін қарастырылып келе жатқан маңызды проблема. Батыс Еуропа мен орыс әдебиеттанушылары (М. Рьян, Риффатер, Орсет, Корман) автор бейнесін әдеби-тарихи үдерістің маңызды категориясы ретінде талдайды. Ал, қазақ әдебиеттануында А.Байтұрсынов автор қызметін әдеби тек пен түр қисындарымен ұластыра баяндайды [11].

Монолог сөйлеушінің біреуінің белсенділігі арқылы жүзеге асады. Монолог кеңістікке немесе сөйлеушінің өзіне қарата айтылады. Монологтің көпке қарата немесе оқшаулана айтылатын түрлері бар. Көпке қарата айтылатын монолог жауап беруді талап етпейді. Сөйлеушілердің біреуі көпке қарата сөйлеп, қалғандары тыңдаушының рөлін атқарады. Әдебиеттанудың герменевтика саласы сөздің мән-мағынасын түсіндіріп, оны санаға, танымға жеткізеді. Қазіргі кезде герменевтика гуманитарлық білімнің әдіснамалық негізін айқындайды. Бұл жөнінде зерттеуші Г.Гадамер «Эстетика және герменевтика» мақаласында айтқан. Зерттеуші: «Сөзді түсіну оның мәнін сатылап емес, тұтастай ұғып, қабылдау», - дейді. [12, с. 96].

Поэтикалық тіл – шығармашылық қызметтің, үдерістің нәтижесі. Қандай да қаламгер көркем туындысында әдеби нормаларды сақтай отырып, өзіндік сөз қолданыстарын, жаңа ұғымдарды да береді. Әрине, әр дәуірде поэтикалық тіл байып, кемелденіп отырады. Зерттеуші А.Потебняның тұжырымдауында кез келген сөздің түпкі мәні үш элементтен құралады: сыртқы форма, мағына және ішкі форма. Сөйлеу актісі үнемі тікелей жүре бермейді. Ол кейде тура сөз арналып отырған адамды меңзесе, кейде абстрактілі сипат иеленеді. Осы арқылы көркем мәтінді талдап, танудың әр түрлі тәсілдері айқындалады.

Әдебиет

1. Николина Г. К проблеме единства выражения и убеждения (автор и адресату) // Язык. Литература. Поэтика сб. работ. – М: Наука, 1988 – 37 с.
2. Беньянин В.Ш. Проблема читателя в творчестве Гоголя. – Воронеж: изд. ВГУ, 1981. – 145 с.
3. Леонтьев А. Автор – образ – читатель. – Ленинград: Изд. Ленинградского университета, 1977. – 350 с.

4. Кубрякова Е.С. Читатель и литературный процесс. – Саратов: изд. Саратовского университета, 1975. – 211 с.
5. Львов М.Р. Основы теории речи. – М.: Академия, 2002. – 248 с.
6. Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.
7. Мүсірепов Ғ. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1982. – 280 б.
8. Мүсірепов Ғ. Бас томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1975. – 483 б.
9. Молдабеков Ж., Қасабек А. Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 б.
10. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
11. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
12. Гадамер Г. Современная проза// Контекст 9. Литературно-философский альманах. №5. – М., 2000. – 418 с.

ҒАЛЫМ Т. ҚОРДАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Абикенов М.Т., Бердалиева А.
(«Тұран-Астана» университеті)

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз таптарының тарихи қалыптасу жолдары қарастырылған. Қазіргі қазақ тілі және көне ескерткіштер тіліндегі сөз таптарының қолданымдық ерекшеліктері де қамтылған. Сонымен қатар сөз таптарының стилдік ерекшеліктері, сөйленім негізіндегі зат есімдердің қолданыс жолдары зерделенген.

Теоретическая и практическая значимость исследования. Достигнутые в ходе исследования научные результаты являются вкладом в развитие изучения концептологии художественных произведений. Практическая значимость работы заключается в том, что её материалы могут быть использованы в спецкурсах по стилистике казахского языка, лингвостилистическому анализу художественного текста, культуре речи, теории литературы.

Questions language product, being beyond the problem of literature and linguistics, become an object of science research in common philology. Many investigators think about the fiction literature's style as about a new scientific school, staying between the linguistics and literature studies.

Кілт сөздер: қазақ грамматикасы, сөз таптары, сан есім, қазақ тілі тарихы, зат есім категориясы, заттық мағына, заттық мән, филология ілімі, тарихи жол, зат есім, сан-мөлшер ұғымы, көне түркі тілі, мөлшерлеу, жинақтау, көне ескерткіштер тілі, руна жазбалары.

Ключевые слова: казахская грамматика, классы слов, числительное, история казахского языка, категория имени существительного, предметное значение, предметное значение, филологическое учение, исторический путь, существительное, понятие количества, древнетюркский язык, дозировка, накопление, язык древних памятников, рунические надписи.

Key words: Kazakh grammar, word classes, numeral, history of the Kazakh language, noun category, subject meaning, subject meaning, philological training, historical path, noun, concept of quantity, Ancient Turkic language, dosage, accumulation, language of ancient monuments, runic inscriptions.

Қазіргі қазақ тілі грамматикасындағы сөз таптарының қалыптасу жолдарын қарастыру тілді зерттеуші ғалымдар үшін ғана емес, филология ілімін зерттеушілер үшін де құпиясы мол, тылсым дүние. Тілді оқыту барысында ең алдыңғы қатарда тұратын, ғалымдар алдымен

тоқталып, айтар ойды екшелейтін сөз таптарының бірі – зат есім екендігі де ақиқат. Осыған орай, зат есімнің сан-мөлшер түрінің дамуының тарихи жолдарына келсек, онда көне ескерткіштер тіліне тоқталмай өте алмаймыз. Себебі, зат есім – есімдер тобындағы сөздердің ішіндегі ең көп әрі дербес қолданылатын сөз табы болып есептеледі. Сонымен қатар, есім сөздердің басқа топтары осы зат есімдер айналасына топталып, осыған қатысты ғана қолданылады. Осыған орай, зат есімдер тек заттық мән-мағына тудырушы емес, соған сәйкес дербес қолданылатын да сөздер. Бұл тұрғысында, белгілі ғалым Т. Қордабаев: «Қазіргі қазақ тіліндегі зат есім категорияларының сан-мөлшер түрінің дамуының белгілері көне түркі тілінде де кездеседі. Ол тілде де зат есімдер басқа сөз таптарымен салыстырғанда септелетін, көптелетін, тәуелденетін сөздер есебінде ерекшеленген. Зат есімдерге тән грамматикалық категориялардың тұлғалық өзгерістерін, жеке аффикстердің пайда болуын және кейбір семантикалық өзгерістерін (мәнінің тарылу, кеңеюі) еске алмасақ, олардың қайсысының да өздерінің негізгі қызметтерінен айнымағандығын байқауға болады. Сондықтан зат есім деп аталатын сөз табының тарихи өзгерісі, оның тарихи жаңаруы туралы әңгіме қозғау мүмкін де бола бермейді», - дейді [1, 136 б.]. Демек, зат есім және оның сандық-мөлшерлік түрінде де өзгерістердің аз болғандығын байқаймыз. Бұл тұжырым, зат есімнің көне ескерткіштер тілінде қалыптасқан сәтінен бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта аса көп өзгеріске ұшырамай жеткендігіне куә боламыз. Егер зат есімнің сан-мөлшер түрінің даму тарихына көз жүгіртсек, онда түркі тілдерінің көне дәуірлеріне қатысты мұралар тілінде де заттың санын не болмаса мөлшерін тұспалдайтын арнайы аффикстер болғандығын көреміз. Осындай ерекшелік жөнінде ғалым Т. Қордабаев: «Ежелгі түркі тілдерінде заттың сан-мөлшерін анықтау не болмаса білдіру арнайы жалғаулар арқылы жүзеге асқан. Нақты айтсақ, заттың сан-мөлшері морфологиялық тәсіл, сөздің лексикалық мағынасы, яғни, лексикалық тәсіл арқылы және сөз тіркестері, яғни, синтаксистік тәсіл арқылы да берілген», - дейді [1, 136 б.]. Егер ғалым Т. Қордабаевтың пікірін зерделесек, онда көне түркі тілдеріндегі жеке сөздердің (заттың сан-мөлшерін білдіретін сөздердің) лексикалық мағынасының өзінде-ақ арнайы «мөлшерлеу», «жинақтау» ұғымдарын байқауға болады. Ал, «мөлшерлеу», «жинақтау» ұғымдарының арасында белгілі бір шамада алшақтық жатқанымен, түптеп келгенде белгілі бір «сандық» ұғымға саятындығы белгілі. Сондықтан, көне түркі тілдерінде ұшырасатын заттың сан-мөлшерін білдіретін ұғымдардың қатарына «топтастыру», «жинақтау» ұғымдарын алуға болады. Мәселен, «иылқы» (жылқы), «барым» (Мүлік-дүние) тәрізді сөздерөзіндік қолданысына қарай, белгілі бір заттар санының «жекелік» немесе «топтау» ұғымдарын берген. Кейбір жағдайда, заттың сан-мөлшері сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы да жасалған. Бұған мысал: алты иегірма йаш (он алты жас), екі шад (екі шал), т.б. Сондай-ақ заттарға қатысты көптік мән қос сөздер арқылы да берілген. Мысалы, шад – апыт (шадтар, би-бектер), т.б. Сонымен, зат есімдердің санының молдығын білдіретін негізгі жасампаз жол – көптік жалғауларының қызметі болып танылады. Бұл туралы Ғ. Айдаров: «Басқа түркологтар айтқандай, Орхон-Енесей жазбаларының тілінде заттың сан-мөлшерін айқындайтын негізгі тәсіл- көптік жалғауларының жалғанып келуі болып табылады. Сонымен қатар, бұл ескерткіштер тілінде кездесетін, заттың сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететін көптік жалғауларының екі түрі бізге таныс», - дейді [2, 56 б.]. Аталған ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, онда көне ескерткіштер тіліндегі заттың санын білдіруге қызмет ететін көптік жалғаулары: «-лар», «-т». Осының ішіндегі «-лар» жалғауы көптік мағына тудырудың негізгі тәсілі болып саналады. Осы жалғаудың жалғануы арқылы берілетін көптік мағынаға мысал келтірейік: «беглер» (бектер), «кунчуйлар» (әйелдер), т.б. Жинақтық мән беретін сөздер көбіне –лар жалғауынсыз да қолданылған. Мысалы: «Тоқуз оғуз бегілері будуну бу сабымын егүті есід қатығды тыңла» деген сөйлем құрамында бег (бек) сөзі көптік жалғауымен келсе, жинақтық мән беретін «будун» (халық) сөзіне жалғанбаған. Ғалым

Айдаровтың айтуына қарағанда, кейінгі дәуір жазбаларында да –лар көптік мән берудің басты тәсілі есебінде қолданылған. Мысалы: «Білге кетік кішілер енім сөзүм ешідіңлер». Ал, қазіргі қазақ тіліндегі –лар жалғауымен салыстырғанда, көне түркі тілінің біраз ерекшеліктері барлығына көз жеткізе түсеміз. Бұл жөнінде ғалым Т. Қордабаев: «Көне түркі тілдерінде кездесетін көптік жалғауларын, соның ішінде –лар жалғауын қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген –лар жалғауымен салыстырсақ, онда бірсыпыра өзгешеліктерді аңғарамыз. Олар мына төмендегідей болып келеді: егер сан есіммен бір тіркесте келген зат есімдер болса, онда олар кейде –лар жалғауын қабылдайды. Мысалы: «Маңа төрт йеклер йақын келті». Кейде алдында сан есім айтылған бірыңғай мүшелердің әрқайсысына –лар жалғанып қолданылады. Мысалы: «Төрт атларым, йылқыларым». Әрине, бұл жерде алдыңғы сан есім бірыңғай мүшелердің әрқайсысына жеке-жеке қатысты деп ойлауға болар еді. Қос сөздердің әр сыңарларына да жалғанады: куртлар-қоңыздар. Кейде жинақтық мән беретін сөздерге де –лар жалғанып келеді. Мысалы: «Қар, буз қамуғ ершіді. Тағлар суға ақышты. Көкшін бұлт өрүшді. Қайғұқ болуб егірішүр» Ал осы тәріздес сөздер ыңғайына қарай жекелік тұлғада қолданылады:»Қулан түгел кумурты. Арқар, соқақ йумутты Құландарды түгелімен аудырды. Арқар, киікті жиды). Қолданылу мәні тұрғысынан соңғы сөйлем құрамындағы арқар, құлан сөздерінің алдыңғы «тау» сөзінен айырмашылығы жоқ. Сірә, бұл реттерде –лар аффиксінің стильдік қолданылуын ғана байқауға болар», - дейді [2, 56 б.].

Сонымен, көне түркі тілдеріндегі зат есімнің сан-мөлшерін білдіретін ұғымдардың айырмашылығы аса көп еместігі көзге көрініп тұр. Демек, зат есімнің сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететін жалғаулардың тамырының тым тереңде жатқандығына тағы да көз жеткізе түсеміз. Қазақ даласындағы көне ескерткіштер тіліндегі зат есімнің сан-мөлшер түрінің дамуына тек қазақ тілші ғалымдары ғана емес, шетелдік ғалымдар да баса назар аударған. Нақты айтсақ, көршілес орыс елінің тілші ғалымдары Щербак, Богородицкий, Кононов сынды түркі әлеміне еңбектерін сарп еткен майталман ғалымдарды да қызықтырған. Нақты айтсақ, орыс ғалымы А. Щербак: «Көне түркі тілдерінде кездесетін зат есімнің сан-мөлшерін білдіретін қолданыс әдістері 10-13 ғасырлар жазбаларында байқалады. Қазіргі кезеңде біз бұл ерекшеліктерді изафеттік тіркестерден де аңғарып жүрміз. Мәселен, -лар аффиксі изафеттің бірінші сыңарына ғана жалғанып келеді: «Тағлар сувы». Кейде –лар изафеттің екі сыңарына бірдей жалғанып келеді: «Қушылар авлағулары». Кейде –лар изафеттік тіркестің соңғы, басыңқы сыңарына ғана жалғанады. Мысалы: «Ашру улу йазлықы турмен менің йаман ішлерімнен, йаман сағынчимнан» (Менің жаман істерімнен, жаман сөзімнен аса үлкен жазықты болып тұрмын) –лар аффиксінің изафеттің құрамында осы қолданысы қазіргі қазақ тілінің кейбір заңдылықтарын барлап қарауға мүмкіндік береді. Изафеттің алғашқы сыңары көптік жалғаулы болып келуі қазақ тілінде тек мынадай ыңғайларда ғана мүмкін. Мысалы: «Кісілердің келісі», «Үйлердің төбесі», т.б. Екінші сөзбен, изафеттік тіркестің бірінші сыңарының көптік жалғаулы болуы не көп нәрсеге заттың ортақтығын не көп затқа көп заттың тәндігін білдіруімен байланысты», - дейді [3, 83 б.].

Демек, орыс ғалымы Щербактың да пікірі бойынша, -лар аффиксі өзінің мәні мен қолданылуы тұрғысынан көне түркі тіліндегі негізгі ерекшеліктерді сақтаған.

-лар аффиксінің шығуы, қалыптасып дамуы тұрғысынан да зерттеулер көп болды. Мәселен поляк ғалымы Т. Ковальский өзінің ғылыми зерттеулерінде келесі ойларды айтады: «Көне түркі тілдерінде жиі қолданылатын –лар аффиксінің негізі – мөлшерді немесе көп санды (бірнеше, көп сөздері тәрізді) білдіретін болуы керек», - дейді [4,366.].

Ал, кейбір шетелдік ғалымдар бұл пікірге мүлде қарағар ойларды айтқан. Олардың айтуынша «–лар аффиксінің шығу тарихы III жақ жіктеу есімдігі мен –ар жұрнағының арасындағы ығысудың нәтижесі» (Богородицкий В.А) десе, енді бірі, мәселен, Н. Баскаков: «-лар аффиксін құранды қосымша есебінде қараймыз», - дейді [5,896.]. Ғалымның айтуына

қарағанда, -лар аффиксінің түп-төркіні есім түбірлерден етістік жасайтын –ла(балта-ла, қылыш-та, тас-та, т.б.) істің қайталамалығын, дүркінділігін білдіреді. Мұның өзі, Баскаковтың ойынша, келер шақ есімшенің тұлғасы –р-мен бірігіп барып, ішкі семантикалық өзгерістің нәтижесінде көптік мән берудің қосымшасы есебінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Осы орайда, ғалым Қ. Шаяхметұлы: «–шы, –ші аффиксінің бифункциялығы да түркі тілінің көне дәуірлерінен үздіксіз қызмет етіп келе жатқан өміршең жұрнақтың бірі», -дейді. [6,161б.]. Ғалым осылайша тұжырым жасай келе, зат есім тудырушы (Соның ішінде көптік жалғауын қабылдауға бейім) –шы, –ші жұрнақтарының өзіндік қасиеттеріне де толықтай түсінік беріп өтеді. Ғалымның бұл келтірілген пікірлері шымыр, жан-жағы қырналған бұлтартпастай кез-келген тілші ғалымның ойларын тіліп өтерліктей өткір де. Сонымен көне ескерткіштер тілінде кездесетін заттың сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететін көптік жалғауларының келесі түрі – «-т» қосымшасы болып табылады. Бұл қосымша төңірегінде де күні бүгінге дейін даулы мәселелер көп-ақ. Себебі, бірқатар тілшілер тобы «-т» қосымшасын қазақтарға көршілес «манғол» елінен ауысып келген деп санайды. Өйткені, Т. Қордабаев, Ғ. Айдаров сынды тілші ғалымдардың айтуынша, «-т» қосымшасы Орхон-Енесей жазбаларында арақидік қана болмаса мүлдем кездеспейді деп мәлімденген [5, 137 б]. Ал, Ғ. Айдаров: «Орхон-Енесей жазбаларында «-т» қосымшасын ұшыратамыз, бірақ қосымшаның бұл түрі тек, атақ-дәрежені білдіретін азын-аулақ атауыш сөздердің құрамында ғана кездеседі. Мәселен: «тарқан-тарқат», «шад-апыт», «тігін-тігіт», -дейді [5,213]. Сонымен, «-т» қосымшасының заттың сан-мөлшерін білдірудегі қызмет түрінің шығу тарихы аса терең зерттелмегендігін аңғарамыз. Егер ғалымдардың пікіріне назар аударсақ, онда олардың көпшілігі тек, болжамға ғана негізделгендігіне көз жеткізе түсеміз. Бұл турасында ғалым Т. Қордабаев:« Заттың сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететін «-т» қосымшасының шығу тарихы бұлыңғыр. Кейбір зерттеушілердің пікіріне назар аударсақ, онда бұл қосымша түрі бізге монғол тілінен ауысып келген болып шығады. Солай екендігін «-т» қосымшасының сөзге жалғану тәртібі де дәлелдейтін сияқты. Бұл қосымша жалғанғанда сөздің жеке түріндегі соңғы «н» дыбысы мүлдем түсіп қалады. Мысалы: «Тарқан-тарқат», «-т» қосымшасы осы Орхон-Енесей жазбаларынан кейінгі дәуірден қалған ескерткіштердің ешқайсысында да көптік мән туғызудың өнімді тәсілі есебінде ұшыраспайды. Өйткенмен, 10-12 ғасыр жазбаларында «-т» аффиксімен келген бірен-саран сөздер ұшырасқанмен, сол сөздердің өзі кейде көптік жалғаудың өнімді түрі – «-лар, -лер-ді қабылдайды. Дегенмен, бұл қосымшаның ізін алпауыт, сәлем-сауқат қос сөзінің сауқат сыңары құрамынан көруге болады», - дейді [4, 138 б.].

Демек, «-т» қосымшасының көне түркі тілдерінде сирек ұшырасуына қарамастан, қазіргі түркі тілдері тобына жататын бірқатар тілдер тобында «-т» қосымшасы заттың сан-мөлшерін білдіруге қызмет етуін жалғастыруда. Осы жөнінде Т. Қордабаев: «Қазіргі түркі тілдерінің ішінде бұл қосымша якут тілінде кездеседі», - дейді [4, 138 б.].

Мәселен, якут тілдеріндегі өзгеше бір ерекшелік, егер заттың мөлшерін немесе санын білдіретін болса, онда міндетті түрде «-т» қосымшасы жалғанып барып, соңынан «-лар, т.б.» көптік мән туғызатын жалғаулар жалғанады. Мұндай ерекшеліктерді біз атақты «Бабырнама» тілінде де ұшыратамыз. Ал, орыс ғалымы А. Кононов: ««-т» қосымшасы негізінде «-н» қосымшасы негізінен туындап барып қалыптасқан. Өйткені түркі тілдерінде «оғұлан», «үшем» деген есім сөздер кездеседі. Осы сөздердің соңындағы «н», «м» дыбыстары да «-т» қосымшасымен қатар жүріп, сан-мөлшерді білдірген», деген пікірді айтқан [6,58б.]. Бірақ, тілші ғалымдардың ойынша, бұл пікірде «топтау» мәні басымырақ деген жауап та бар. Сонымен, көне түркі тілдерінде кездесетін, заттың сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететін қосымшалардың түрлеріне тоқталып өттік. Дегенмен, орыс ғалымдары С. Малов, Щербак сынды білгірлер заттың сан-мөлшер түрін білдіретін

қосымшалардың тағы да бірнеше түрлерін ұсынады. Орыс ғұламаларының айтуынша көне түркі тілінде көптік мағына туғызған қосымшалардың бірі – «-з» қосымшасы болған деген пікір айтады. Ғалымдардың (С.Малов, А.Щербак) бұл аффиксті ажыратуы тек, есім сөздердің құрамына ғана қатысты болып келеді. Нақты айтсақ, орыс ғалымы С.Малов: «Түркі тілдерінде кездесетін «меңіз»(бет), «көкүз»(көкірек), «ағуз»(ауыз) сөздерінен басқа, есімдіктер бар, олар «бі-з», «сі-з», т.б. осы аталған сөздердігі «-з» қосымшасы сандық мөлшерді көрсетуге қызмет етеді», -дейді [6, 87 б.]. Орыс ғалымының кейбір пікірлері ақылға қонымды, сондықтан Т. Қордабаев: «Әрине, егер біз орыс ғалымдарының кейбір пікірлеріне қарсымыз, бірақ кейбір сөздерінің жаны бар. Мәселен, «ауыз» екі бөліктен тұрады тағыда сол тәріздес ойларды қорытсақ, онда «-з» қосымшасы белгілі бір заттардың көптік көрсеткіштерін көрсетуші болып табылады», -дейді (4,78б.). Осы орайда назар аударарлық жағдай, Махмұд Қашқари өмір сүрген дәуірде сыпайылық пен көптік мән білдіретін «-з» қосымшасы қатар қолданылған. Сондықтан кейбір түркологтар бұл ерекшелікті ескі дәуірдегі «екілік» категориясының көрінісі деп те қарайды. Сондықтан күні бүгінге дейін шешуін таппай келе жатқан көптік мағына білдіретін қосымшалардың бірі ретінде қабылдаймыз. Қазіргі қазақ тілінде зат есімдерге қатысты батыл сын-пікір айтқан ғалымдардың бірі Қ. Шаяхметұлы. Ғалымның «Қазіргі қазақ тілі» атты ғылыми еңбегінде А. Ысқақовтың кейбір пікірлерін ғылыми негізді түрде «теріс» екендігін дәлелдеп берген. Мәселен, А. Ысқақов және бір топ ғалымдар «зат есімнің сан-мөлшеріне» қатысты келесі түрлерін «көптік мәнді» зат есімдер деп көрсетіп алып, олардың жасалу жолдарына тоқталады [4, 65 б.]. Ал, ғалым Қ. Шаяхметұлы: « - Қы//кі аффиксі қазақ тілінде жалғыз емес. Ендеше қосқызметті ретінде қаралмағы қайсысы болса, ең әуелі соның басын ашып алу керек. Біріншіден, тарихи қимыл есімдердің тұлғалық көрсеткіші болып табылатын –қы//кі аффиксі бар. Тілдің қазіргі кезеңінде мұндай қимыл есімдері өз алдына дербестік көрсете алмай, трафаретті қалыптасқан синтаксистік конструкцияларда ғана жүреді. Ашып айтқанда, олар тәуелділік түрде «кел» көмекші етістігімен тіркесе қолданылады. Ал, диалектілік кейбір аймақ көлемінде оның «бар». «жоқ», модаль сөздермен тіркесуі де кездеседі. Мысалы: «айтқым келді», «білгің келеді», «жүргісі келеді», «айтқым бар», «жүргім жоқ» т.б.

Ал, осыдан кейін, қазақ тілінде қимыл есімдерінің бұл түрінен лексикаланып изоляцияланған біраз зат есімдердің бар екені белгілі. Мысалы: «сүзгі», «шалғы», «тепкі», «тебінгі», «бұрғы», «сыпырғы», «соққы», «шалғы», «іріткі», «тұрғы», «пышқы», т.б. Әсіре тұлғашылық әуенінен арылмай, бұларды –қы//кі жұрнағы зат есім етіп тұр деген тұжырымның қып-қызыл қате екенін ежіктемей-ақ қоялық», - дейді [6, 148 б.].

Қазіргі қазақ тілінде зат есімнің сан-мөлшер түрінің дамуы «стилистика» саласында да көп байқалады. Стилистика туралы сөз қозғағанда, біз «ауызекі сөйлеу» стиліне баса назар аударамыз. Мәселен, «қазақи ортада» зат есімнің сан-мөлшері өте жиі қолданылатыны белгілі. Нақты айтсақ, онда келесі түрге қатысты бөлеміз. Оларға:

1. Төрт-түлікке қатысты сан-мөлшер атаулары (табын, отар, үйір, т.б.);
2. Өсімдік, ағаш, шөптердің атауына, жиналуына, өсуіне қатысты сөздер (шоғыр, қалың, түп, т.б.);
3. Адамдардың жиналуына қатысты сөздер (тобыр, шоғыр, жиын, топ, т.б.);

Егер, біз жоғарыда келтірілген зат есімдерге мысал келтірер болсақ, онда алдымен қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне арқа сүйейміз. Мәселен, «Су басына қалың табын құлады» (Үркер, 54 бет). Бұл сөйлемде «табын» сөзі қой атауын алмастырып тұр, әрі қойдың жалғыз емес, санының көптігін аңғарамыз. Бұл тұрғыда біз «зат есімнің көптік мәнін қарастырғанда тоқталып өттік, бұл арада «ауызекі сөйлеу стилінің зат есімнің сан-мөлшері дамуына ықпалына әсерін байқаймыз. Стилистикада «табын» сөзі метанимия яғни, орын алмастыру түсінігінде қабылданады. Келесі сөзге мысал келтірсек: «Кеш бата отар жайылған

күйде ауылға қарай беттеді» «Отар» сөзі де қой малына қатысты айтылған. Смайылдың көздегені шөбі мол өскен осы қалың болатын» (Біз әлі кездесеміз, 47 бет). «Жиналған тобыр кеңсеге қарай жылжыды» (Раушан коммунист, 56 бет). Әдетте, стилистика саласында қолданылатын зат есімнің сан-мөлшер түрі оқырманға арнайы әсер тигізуі үшін немесе белгілі бір оқиғаның шиеленісу алдындағы мезеттен хабардар етуі үшін беріледі. Мәселен, Бейімбет Майлин белгілі бір оқиғаның түйінін шешу үшін «тобыр» сөзін қолданған. Метанимия ретінде қабылдап, қазіргі қазақ тілінде зат есім дейміз. Оның ішінде «жиынтық» мәнді зат есім деуімізге де болады. Ал, «шоғыр» сөзі көбінесе көмекші сөз ретінде зат есімнің сан-мөлшерін білдіру мақсатында алдында келетіндігі белгілі. Дегенмен, стилдік ерекшелікке сүйенсек, онда біз «шоғыр» сөзін жеке дара да қолдана береміз. Мысалы: «Тазының түлкіні аңдыған жері – осы шоғыр» (Тазының өлімі, 254 бет). Б. Шалабаев «Қазақ тілінің стилистикасы» атты еңбегінде қазақ тілінде ұмтыла бастаған немесе қолданыста өте сирек кездесетін сөздер туралы ой қорыта келіп: «Қазіргі қазақ тілінде де кейбір сөздер яғни заттардың атаулары өте сирек қолданылатын болып бара жатыр. Ал, қолданыла қалса бұрмаланып қолданылып жүргендігі де шындық. Мәселен, «шәркей» сөзі. Бұл «шәркей» жеке дара тұрып-ақ екеу деген мәнді білдіреді [7, 45]. Мысалы, «...аяқтарына шәркей киіпті» (Ботагөз, 547 бет). «Шәукен аяғына су жаңа шәркей киіп, далаға шықты»).

Қорыта айтсақ, зат есімнің сан-мөлшер түрінің тарихи дамуы әлі болса да жалғауын тауып, алға қарай зымырай береді. Замана үрдісіне қарай, заттың атауларына қатысты сандары мен мөлшерінің аттары да өзгере бермек. Мәселен, «ширек», «уыс», «ұрттам», «адым», «қадам», «аттам», т.б. сөздері әрі көмекші сөздер немесе жеке тұрып та заттың өзіндік сан-мөлшерін білдіруге қызмет ететіндігі белгілі. Бірақ, замана ағымына байланысты «әудем», «әупірім» сөздері қолданыста өте сирек қолданылатыны да белгілі. Дегенмен, бұл сөздердің барлығы тікелей зат есім деп қабылданбаса да, сан-мөлшерін білдіруге белсенді қызмет ететіндігі де белгілі.

Әдебиет

1. Қордабаев Т.. Қазақ тілінің грамматикасын оқыту мәселелері. - Алматы, 1967. 64 б.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тілінің мәселелері. - Алматы, 1991. 748 б.
3. Марғұлан Ә. Қазақтың тарихи ескерткіштерінің тілдері жөнінде. - А., 1972. 65 б.
4. Айдаров Ғ. Көне ескерткіштер тілі. - А., 1985. 789 б.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1994. 56 б.
6. Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі. - Семей - Ново-сиб-ск., 2007. 857 б.
7. Шалабай Б. Қазақ тілі стилистикасы.- А., 1997. 654 б.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЭТНОНИМДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абикенова Лаура Төкенқызы
(Alikhan Bokeikhan University, Семей қаласы)

Этнолингвистика – халықтың рухани байлығының, менталитетінің, шығармашылығының бір-бірімен байланысын, тәуеділігін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Осы тұрғыдан қарағанда, тіл тек қатынас құралы емес, сонымен қатар этникалық мәдениеттің көрнекі позициясындағы негізгі формаларының бірі болып табылады. Яғни, этнолингвистика тек тілдің ұлт менталитеті, ұлт мәдениеті сияқты қоғамдық құбылыстармен де байланысты болады. Қазақ тіл білімінде тілдің сан қырлы сипатын ашуда көп еңбек сіңірген ғалым Ә.Т. Қайдар: “Этнолингвистика көбіне-көп тілдің аккумулятивті қызметін зерттеуге, этнос тілінің байлығын мүмкін болғаша толық қамти отырып, оның ішкі

мазмұнына терең үңіліп қыр-сырын анықтай түсуге бағдарлайды. Өйткені тіл фактілері мен деректері- тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек”,-дейді [1, 62 б.].

Этнолингвистика тіл білімінің бір саласы ретінде біршама зерттелген деуге болады. Бұл туралы Н.И.Толстой, Ә.Т.Қайдаров, М.М.Копыленко өз еңбектерінде арнайы тоқталып кеткен болатын.

Қазақ тіліндегі этнонимдерді бірнеше топтарға жіктеуге болады. Қазақ тіліндегі этнонимдерге ұлт, халық атаулары, ру, тайпа атаулары жатады. Этнонимдердің қалыптасуы халық тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ тіліндегі этнонимдер тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамында да кездеседі: “Шақырмаған үйге бір үйлік Мұрын келеді”; “Шимойын жұртта қалған қу мойын”; “Иттен жаралған Ителі”; “Ожық кетсе, Шаппас келер”; “Жетім қозы қой болды, Қоңырат та ел болды”, “Тарақты арғынның нөқта ағасы”, “Төбет – елге айбар, жауға бөгет”, “Байыс - тілгенің қайыс, жүрген жерің сайыс” деген тұрақты оралымдардың нақтылы қандай себептермен шыққаны, қандай мағынада қолданылып тұрғанын көп адам біле бермейді. Сондықтан, ру-тайпа атауына байланысты шыққан тұрақты тіркестердің шығу тарихын білу үшін шежіре материалдарына сүйенуге тура келеді. “Тарақты Арғынның нөқта ағасы” деген тіркестің пайда болуын: “Қазақ ішінде осы сөз қалыптасқан. Соған қарағанда тарақты бір тайпа ел болса керек. Тарақты он екі ру: бәйбішесінен төртеуі - Әдісары, Қыдыр, Жәші, Әлеуке; тоқалынан – Көгедей, Апай, Тоқтауыл, Бөгіш, Бұлдырық, Әйтей, Қосанақ”,- деп түсіндіреді шежіреші Б. Исабаев. Яғни, “нөқта ағасы” деген тіркестің Тарақты атауына қосылып айтулы елдің іргелі екенін, бас болуға шамасы бар екенін білдіріп тұрса керек.

Ағылшын тіліндегі этнонимдер бірнеше топтарға жіктеледі: құрлық атауымен аталатын этнонимдер (*African – африкалық*); халық, тайпа атаулары болған этнонимдер; Еуропа халықтарының өкілі (*Basque*); Азия халықтарының өкілі (*Baluchi*); Африка халықтарының өкілі (*Bantu – Орталық, Шығыс және Оңтүстік Африка халықтарының жалпылама атауы*); Солтүстік Америка халықтарының өкілі (*Eskimo = Skimo = Husky = Inuit – эскимос*); Оңтүстік Америка халықтарының өкілі– оңтүстік америка үндістері тайпалары (*Aymara –Боливия мен Перуды мекендейтін аймар үндіс тайпасының өкілі*); арал халықтарының өкілдері: (*Ainu –Куриль аралдары мен Сахалинді мекендеуші халық*); Үнді мұхиты аралдарын мекендеуші халық (*Hova – хова*); Мемлекет атауымен аталатын этнонимдер (*Algerian = Algerine – алжирлік*); аймақ, өңір атауымен аталатын этнонимдер (*Lowlander –Шотландық*); қала тұрғындарының атаулары (*Aberdonian – абердиндік*); қала ауданының тұрғыны (*Belgravian –Белгрейвиялық*); таулы аймақ тұрғындары атауы (*Altaian – алтайлық*) т.б.

Ағылшын тіліндегі этнонимдер көбінесе субстантивтенген сын есімдерден болады. Ағылшын тілінде этнонимдер әртүрлі тәсілдер арқылы жасалады. *Dutchmen «бірнеше голландиялықтар»* (көпше түрдегі зат есім) – *the Dutch «голландиялықтар ұлт ретінде»* (жартылай заттанған сын есім); *a Greek «грек» – Greeks «гректер» – the Greeks «грек ұлты»*; *an American «американдық» – Americans «бірнеше американдықтар» – the Americans «американдықтар ұлт ретінде»* (заттанған сын есім).

Ағылшын тіліндегі этнонимдерді морфологиялық құрылымына қарай төмендегідей негізі екі топқа бөлуге болады:

- 1) түбір морфемалардан болған этнонимдер;
- 2) сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған этнонимдер.

Ағылшын тіліндегі этнонимдер көбінесе –*an* жұрнағы арқылы жасалады(*Chicagoan, Hawaiian, European*).

Ағылшын тіліндегі этнонимдер кейде бір этнонимдерден жаңа бір этнонимдік атаудың қалыптасуы арқылы жасалады. Этнонимдер жасауда мынадай құранды аффикстер жиі ұшырасады: *-ish + -man/-woman (Englishman / Englishwoman)*, *ern + -er (Northerner, Southerner, Westerner, Easterner)*.

Кей жағдайда бір этникалық топтың әртүрлі жолдармен жасалған этнонимдермен атау да ұшырасады: *Arkansan = Arkie = Arkansawyer – арканзастық; Sardinian = Sard – Сардинии аралының тұрғыны, сардинилық; Scots = Scotchmen = Scotsmen = Scottish – шотландықтар*. Бұл мысалдарда этникалық атаулар түбірлес синонимдерден болған.

Әдебиет:

1. Қайдар Ә. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.
2. Шен Д. А. Изучение этнонимии как неотъемлемая часть иноязычной подготовки современного специалиста // Иностранный язык как индикатор качества подготовки современного специалиста: Сборник статей по материалам конференции. – Нижний Новгород: НФ ГУ-ВШЭ, 2007. – С.157-160.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНДА ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Амиркул Шакизада

(«Тұран-Астана» университетінің 2 курс магистранты)

Бүгінгі заман талабы - білім мазмұнын жетілдіру, оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, ұлттық деңгей дәрежесіне жеткізу. Оқытудың ақпараттық деңгейі (дәріс оқу) теориялық білімді терең меңгеріп, оны практикамен ұштастыру үшін жеткіліксіз. Дәрістік сабақтарда барлық мәліметтерді қамту, әр түрлі пікірлерді салыстыру, кейбір күрделі тұжырымдарды дәлелдеу, қорыту, студенттердің көзқарастарын бағдарлау,, олардың теориялық ережелер мен фактілерге көздері жеткен-жетпегендіктерін аңғару оңайға түспейді. Ал семинар сабақтарында, практикалық сабақтарда студенттердің теориялық материалды толық, терең түсінуіне жағдай жасалады, әрі сабақта өз ойларын айтып, қорытындылауға, талдауға мүмкіндік жасалады. Дәрісте қамтылмаған кейбір мәліметтерді де тереңірек меңгертуге болады.

Семинар сабақтарында төмендегідей мақсаттар көзделеді:

- дәрісте қамтылған материалдарды қайталау, жүйелеу, бекіту;
- қамтылмаған жаңа мәселелерді талдау;
- студент білімін бақылау, бағалау, түсініктерін кеңейту;
- студенттің өз бетімен ізденуін, жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- қосымша ғылыми-әдістемелік, монография, диссертация, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істей білуге төселдіру;
- өз ойларын жүйелі жеткізе білуге, қортындылай білуге, тұжырым жасай білуге дағдыландыру, т.б.

Семинар сабағы - дәріс мазмұнына негізделіп, берілген материалды тереңірек түсінуге, теориялық білімін шынғауға, білімін тәжірибе түрінде қолданып жүйелеуге негіз болады. Семинар сабағын түрлендіріп өткізу оқытушының шеберлігіне байланысты. Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол- жаңадан жаңаны табатын өнер», - дейді. Оқытушы семинар-аукцион, семинар-пресс-конференция, семинар-пікірталас, семинар-ойын түрлерін оқыту тәжірибесінде қамтуға болады.

Жаңа технология әдістері әрбір студенттің шығармашылықпен жұмыс істей білуіне, өз бетімен жұмыс істеп, қорытынды жасай алуына, жүйелі білім алуға жетектейді. Яғни, оқытудың дамытушы және тәрбиелеуші ықпалының пәрменділігін арттыру көзделеді. Жаңа технологияны ақпараттық технология негізінде қажетіне қарай сабақта пайдалана білуі керек.

Семинар-пресс-конференция сабағында студенттерге тапсырмалар мен пайдаланылатын ғылыми әдебиеттер тізімі ұсынылады. Әр студентке жеке-жеке тапсырма беру керек немесе барлығына ортақ тапсырма ұсыну керек. Сабақта әр студент баяндама жасайды (әрбір студентке 7-8 минут бөлуге болады, 5-6 студент баяндама оқиды, қалған студенттер сұрақ қойып, қорытындылауға қатысады), сарапшылар жауаптарын, белсенділіктерін бағалайды. Студенттердің жинаған материалдарын көрме ретінде ұсынуға болады. Кітап көрмесі де (монографиялар, ғылыми-әдістемелік құралдар, анықтағыштар мен ғылыми мақалалар т.б.) студенттердің қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Семинар-пікірталас - студенттің танымын дұрыс қалыптастыруда және студентті ғылыми көзқарастарды салыстырып, талдай білуге үйретуде тиімді.

“Қазақ әдеби тілі тарихы” пәнін оқытуда семинар-пресс-конференция өткізудің маңызы ерекше. Студенттер баяндамаға дайындалған кезеңде ғылыми-көпшілік, анықтамалық, т.б. әдебиеттермен танысып, білімін толықтырады.

Фонетикалық құбылыстардың мәнін айқындауда, белгілерін саралауда, оның тарихына қатысты негізгі мәселелерді ашуда әр түрлі көзқарастар бар. Тарихи фонетиканы және фонетикалық құбылыстарды меңгерту, әр түрлі көзқарастарды оқып, қорытындылау, нақтылау жұмыстарын пресс-семинар сабағында жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Өз тәжірибемізден филология факультетінде жүргізілген сабақты ұсынамыз.

Филология факультеті, 2-курс, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы.

Сабақтың түрі: пресс-конференция

Сабақтың тақырыбы: Фонетикалық құбылыстар.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: фонетикалық құбылыстар жайындағы пікірлермен таныстыру, тіліміздің тарихи дамуының нәтижесінде қалыптасқан заңдылықтарын үндестігі, морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалы тб мәселелерге байланысты түрлі көзқарастарды саралау, тілдегі әр түрлі фонетикалық құбылыстарды меңгерту.

Дамытушылық: Студенттердің ойын жүйелі айтып беру дағдысын қалыптастыру, фонетика ғылымына қатысты ғылыми анықтама, тұжырымдарды ғылыми тілмен дәл жеткізе білуге және өзіндік ой қорытындылар жеткізуге бағыттау ойын тұжырымдап, қорыту, өз көзқарасын жеткізе білуге төселдіру, ғылыми әдебиеттерді оқып, қосымша ақпараттарды тауып, тұжырымдай білуге үйрету.

Тәрбиелік: Тарихи фонетика арқылы өткен тарихты меңгерту, ұлттық дүниетанымын дамыту, өз елін, Отанын, тарихын, жерін құрметтеуге баулу.

Сабақтың көрнекілігі: Мультимедиалық зал, фонетикалық құбылыстарға байланысты түрлі кестелер, суреттер, кітап көрмесі.

Сабақтың әдісі: Сөздік әдіс, баяндама жасау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, іздендіру, талдау, проблемалық жағдай туғызу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Кіріспе сұрақ –жауап әдісі арқылы өткен дәріс және семинар сабақтарымен байланыстыру. Яғни фонетикалық құбылыстар жайлы сұрау, негізгі айырым белгілері жайлы сұрақ қою, фонетиканың тілдің басқа салаларымен арақатынасы, дыбыстар қызметі, дыбысталу заңдылықтары т.б. пысықтау сұрақтары қойылады.

2. Студенттердің баяндамасын тыңдау. Әрбір студентке 7-8 минут бөлінеді. Баяндамашылардың тақырыптары тілдегі фонетикалық құбылыстар туралы болады. Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері Байтұрсынов А., Аралбаев Ж, Жунісбеков Ә., Аханов К, Әбуханов Ғ., Балақаев М., Мырзабеков С.т.б. еңбектеріндегі қазақ тілі фонетикасының тарихы, тіл дыбыстарының қзгеріске ұшырау себептері, фонетикалық заңдардың қалыптасу жолдары мен кезеңдері сияқты мәселелер жайлы баяндайды. Яғни бірі – ғалым А.Байтұрсынов пікірлерін, екінші бірі – С.Аманжолов пікірлерін таныстырады. Оқу пікірталастарын ұйымдастырады. Оның мақсаты - әр түрлі ғылыми көзқарастарды салыстыра отырып талдай білуге үйрету. Пікірталасты тақырыпты терең түсіну үшін

қолданамыз.Талқыланатын мәселе туралы барлық студент жан-жақты білуі керек. Сонда ғана сабақ нәтижелі өтеді.

Топта баяндама жасамаған басқа студенттер де сұрақ қойып немесе өз көзқарастарын білдіруі тиіс. Сарапшылар (студенттер) өз пікірлерін айтады, баяндамашыларды бағалайды. Оқытушы дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, қорытынды жасайды.

Жоғары оқу орнында болашақ маманды сапалы даярлау – жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Студенттердің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенділігі сабақта тиімді әдістерді қолданылуына байланысты.

Қорыта айтқанда, білім мен ғылымның дамуына байланысты туындаған оқыту технологиясының ұтымды жолдарын оқу үрдісіне енгізу оқытудың тиімділігін арттырады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКА САЛАСЫН МЕНГЕРТУ

Амиркул Шакизада

(«Тұран-Астана» университетінің 2 курс магистранты)

Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ұлттық мектептердің кеңінен ашыла түсуі - пән мұғалімдеріне күрделі міндеттерді жүктеп отыр. Мұндай міндеттердің бірі - оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, ұлттық деңгей дәрежесіне жеткізу.

XX ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Білім мен ғылымның Қазақстан дамуына онтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңестігіне ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Қай кезеңде қай заманда болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиелік қазынасын туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын қазақтың ой танымының иесі, саналы адамзатты жетілдіруге үлес қосатын қазақ тілінің оқу үрдісі, оны ұйымдастырушы мұғалімге міндет жүктеледі. Сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол- жаңадан жаңаны табатын өнер деген екен»[1].

Біз білім беру адамзаттың ортақ мүлкіне айналған дәуірде өмір сүрудеміз. Бір елде жаңалық ашылса, басқа жерде оны дер кезінде тез үйреніп үлгеруде. Біздің міндетіміз - дүниежүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, оданда жақсысын, тиімдісін ұсыну [2;3;4;5;6;7]. Өйткені ғасырымызда барлық салада даму өте жедел жүзеге асуда. Әрине, дамудың негізі-білімде.

Қазіргі таңда жеке адамның жан-жақты дамуына үлкен мән беріліп отыр. Жас жеткіншектің келешегін оның жан-ұясының материалдық тұрмысы емес, қабілеті, талабы ерік күші айқындауы керек. Осы орайда менің ойыма; "өзіңе сенімі жоқ адам өзгелердің уысынан шыға алмайды" деген қанатты сөз оралады.

Оқыту әдістерінің қайсысы болмасын, оқушы мен мұғалімнің ара қатынасын білдіреді. Бұл олардың бірлесіп әрекет ету тәсілдері болып табылады. Оқыту әдістерінің дидактикалық жүйесі оқыту жолдарының жалпы заңдылықтарын көрсетеді. Оқыту әдістерін зерттеуші ғалымдар, жалпы алғанда, былайша топтайды:

- балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;
- оқу-таным әрекетін түрткі жасау, әсер ету әдістері;
- оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері.

Бұлардың әрқайсына бірнеше жекелеген әдіс енеді. Мысалы, I топқа сөздік, көрнекілік және практикалық әдістер (олар қабылдау мен есте сақтауға негізделеді).

Өздігінен орындау, мұғалімнің басшылығымен орындау әдістері (қиялға, ерікке негізделеді). Ал II топқа балалардың қызығу мүддесін туғызу, зейінін жинақтау және оқуда борыш, жауапкершілік туғызу әдістері, III топқа ауызша тексеру, жазбаша тексеру, лабораториялық-практикалық тексеру және өзін-өзі тексеру әдістері енеді. Қазақ тілі әдістемесі білім беру және тәрбиелеу қызметін ұйымдастыру ісінде өзінің мақсатын, мазмұнын, зерттеу әдістерін белгілі дәрежеде анықтауға септігін тигізетін бірқатар ғылымдарға сүйенеді. Олар : педагогика, психология, тіл білімі, әдебиет тағы басқа әдістеме педагогика ғылымына сүйенгенде, оның дидактикалық принциптерін тәжірибеде қолданып отыруды көздейді. Дидактика ғылымы тұжырымға, білімнің жүйесіне, теория мен тәжірибенің өзара байланысына тағы басқа принциптеріне және оқыту әдістемесіне сүйенеді.

Психология ғылымы оқушылардың жасы мен ақыл-ойының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту жүйесін бірте-бірте күрделендіре, тереңдете жүргізуге бағыт береді. Мұғалім әрдайым жеке оқушыны жан-жақты танып-білуге әрекеттенеді. Осы ретте психология ғылымына арқа сүйеп, балалардың қабілетін, ерекшелігін зерттеп отырады. Бұл жұмыс мұғалімге бүкіл сыныппен, дербес оқушымен дұрыс қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Тіл білімі қазақ тілі пәнінен оқушыларға нені үйрету керектігін және оқулықтың мазмұнын біршама анықтайды. Мектепте оқу үшін лайықты материал береді. Бағдарламаның тиісті бір тарауларын өту жайында мұғалімге теориялық жол сілтейді. Мектепте қазақ тілін оқыту әдісі біршама тіл білімінің зерттеу әдістеріне ұқсайды.

Әдебиет пәнінің қазақ тілін оқыту ісімен өзекті байланысы бар. Ол оқушылардың тілін ұстартуға, сөздік қорын байытуға, ой-өрісінің кеңеюіне қолайлы материалдар беріп, әсер етеді. Грамматикалық құрылымдар үлгісі де көркем әдебиет туындыларынан алынып, оқушыларға білімдік, эстетикалық тәрбие беру мақсатына қызмет көрсетеді.

Озат мұғалімдер оқыту әдістерін тиімді қолданудың тәсілдерін бастауыш сыныптардың сабақтарында қолданып жүргенін байқауға болады. Оқыту әдістерінің теориясы мен тәжірибесін білу қажет.

«Оқыту әдісі – екі жақты үрдіс, мұғалім баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, сонымен қатар заттарды немесе көрнекті құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді. Оқушылар сол кезде тыңдайды, қызығады, қабылдайды, бақылайды, ойланады және тағы басқа таным әрекеттерін жасайды. Мұғалім оқыту әдісі арқылы оқушыларға білім беруде өзінің іс-әрекетін балалардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Сонымен, оқыту әдісі дегеніміз оқушыларға білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғаліммен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметімен қарым-қатынасының тәсіл-амалдары» [2].

Сабақта берілетін оқу материалын оқушыларға жеткізу үшін әртүрлі оқыту әдістерін қолдануға болады. Тіпті, бірмазмұндағы оқу материалын түрлі әдіс арқылы оқушыларға ұғындыруға болады.

Мектептегі ең кең тараған оқыту әдісі-ол мұғалімнің ауызша баяндауы. Бұл оқу үрдісінде жетекші роль атқарады, барлық пәндерді оқытуда және сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе жаңа материалды түсіндіруде кеңінен орын алады.

Бұл әдісті қолданғанда мұғалім оқушыларға білім берумен қатар олардың таным белсенділерін дамытуға(зейін, қабылдау, ойлау тағы басқа үрдістерін) байланысты әрекет жасайды. Мұғалім өзінің баяндауын басқа әдіс-тәсілдермен ұштастырады (бақылау, әңгіме, жазбаша).

Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен байланыстырады: түрлі көрнекі және техникалық құралдарды көрсету арқылы, сонымен қатар көркем сөзді пайдалану арқылы. Мұғалімнің ауызша баяндауы сұрақтарды анық және түсінікті етіп қоюды, баяндалатын

материалдың ең маңызды жерлерін айырып беруді хабарлаудың жүйелі және дәлелді болуын керек етеді.

«Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді сонымен қатар дауыс ырғағы мен қимылы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бүгінгі қоғам талабына сай білімді де, саналы да, тәрбиелі азаматтарды тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты мақсаты болып табылады» [3]. Сол үшін де мектептерде, соның ішінде білім негізі қаланатын бастауыш сыныптарда оқу мен тәрбие сапасын арттыру қашан да назардан шыққан емес, оған орай, әр пәнді, соның ішінде бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытудың ғылыми дәрежесі неғұрлым жоғары болуын, ғылым негіздерінің берік игерілуін, тәрбие жұмыстарының ж ақсартылуын қамтамасыз ету бағытында әр алуан шаралар жүргізілуде.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда оқушылардың шалағай меңгеруін жою, оқу үрдісін сапалы ұйымдастыра отырып оқушы белсенділігін арттыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігінде екендігі сөзсіз.

К.Д. Ушинский: «...өз сабағына барлық оқушыларды тарта білуі, белсенділігін оята білуі мұғалімнің көрсеткіші», - деді. [4 , 41 б.]

Қазіргі кезде оқу үрдісінде қолданылып жүрген бағдарламалары жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сатысындағы әлемдік білім мазмұны модельдерінің негізгі нұсқасын бейнелейтін біртұтас оқу-әдістемелік кешен болып табылады. Аталған бағдарламалар мемлекеттік білім стандарттарының негізі ретінде алуға боларлықтай сипатта және қазіргі заманғы педагогика-психология ғылымдарының дамыта оқыту идеясына сай жасалып , бүгінге дейін қолданылып келген дәстүрлі оқытумен салыстырғанда білім беру мақсаты мен міндеттерінің төмендегідей айқын ерекшеліктері бар: оқушы әдеттегідей пәндік білім , білік , дағдыларын белгілі бір жиынтығымен қаруландыру ғана емес , оқу қызметін қалыптастыру негізінде оны жеке тұлға тұрғысында тәрбиелеу мақсаты қойылып , соның негізі ретінде оқушының дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделінеді .

«Бастауыш сатының оқу бағдарламасына сәйкес барлық пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар білім мазмұнының жалпыға бірдей бір деңгейімен ғана анықталғандықтан, оқу үрдісін оқушылардың жекебас ерекшеліктерін (қабілетіндегі, бейімділігіндегі жалпы дамуындығы тағы басқа) ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді» [5].

Бастауыш сатыны бітіруші оқушы меңгеретін деңгейдегі талаптардан төмен болмауы қажет.

ӘОЖ 821.512.122

АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ

Аубакирова Г.Р., Кулибекова Ж.С.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазақ әдебиетіндегі XIX ғасырдың екінші жартысының көрнекті өкілі Абай Құнанбаев шығармашылығы қаншалықты дара және айрықша болса, XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеті өкілдерінің мұрасы да өзіндік белгілерімен көрінеді. Әсіресе, Абай, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов сияқты ұлтжанды ақындардың табиғи болмысы, өмірге көзқарасы, өздеріне тән дара стильдері мен ортақ белгілері негізінде ұлттық әдебиеттің біршама жоғары деңгейі жайлы сөз қозғауға болады. Абай дәстүрі мен үлгісі кейінгі әдебиетке үлкен түрткі салып, тақырыптық-идеялық, көркемдік, жанашылдық тұрғыдан ақындық мектептің сара жолын салып берді. Сол орайда ұлттық әдебиеттің жаңа бағыты, жаңа арнасы дами бастады.

Абайдан бастау алып, XX ғасыр басындағы әдебиетте жалғасын тапқан азаттық сарын, ұлттық рух осы кезеңдегі ақын-жазушылар шығармашылығының қазақ әдебиетінің өркендеуіндегі қызметін, өзінен кейінгі әдебиеттің дамуына тигізген игі әсерін айқындап берді. Сондықтан қазақ әдебиетінде Абай мен Алаш өкілдері қосқан жаңалықтар мол болса, олар орнықтырған дәстүрлер де мол деуге толық дәлел бар.

Поэзия – адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құрал. Қай халықтың поэзиясын алсақ та, бұған айқын дәлел табуға болады. Ал, қазақ әдебиетінің классигі Абай поэзиясы терең мазмұнымен, асқан көркемдік қасиетімен бүкіл әлем әдебиетінің озық үлгілері қатарынан орын алады. Сонау 1913 жылдың өзінде-ақ, алаштың көрнекті қайраткер қаламгері А. Байтұрсынов Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардан басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» [1,12 б.], - дей келіп, Абай поэзиясын аса жоғары бағалап, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихында алатын орнын дәлелдеп бергендей [2,11 б.].

Ақын тұлғасы – поэзиядағы стильдің түпкі тірегі. Ақын стилін, ойлау, суреттеу мәнерін, қолтаңбасын, сөз қолданысындағы өзгешеліктерді – бәрін де айқындайтын, белгілейтін сол. Ақынның тұлға-бітімі, дарын даралығы қандай болса, стилі де сондай болады. Ақынның ойшылдығы, суреткерлігі, сыршылдығы оның стилінен ап-анық көрінеді. Бірақ қозғаған тақырыбына орай кейде нақты бір шығармада бір қасиеті, тағы бірде басқа сипаты басым болып, ақын тұлғасы әр қырынан көрінуі заңдылық [3,6 б.].

Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді жан-жақты, барынша толық бейнелеп берді. Бірақ, ақын шығармашылығы жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз секілді. Сол замандағы қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын, түп-тамыры арыда жатқанын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның дамуындағы бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын тарихи тұрғыдан кең арнада алып, қоғам көшінің, жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп көрсете білді дегеніміз жөн.

Абай шығармашылығының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірмен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, әдебиеттің өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршеңдігін, заман озған сайын маңызы, әсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қасиеттерін айқынырақ тани аламыз [3,7-8 бб.].

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады.

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,

Біте қалса қазаққа,

Алдың – жалын, артың – мұз,

Барар едің қай жаққа? – [4,17-18 бб.], - дейді ақын «Әсемпаз болма әрнеге» деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп, ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді.

Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақынның ақылды, білімді аса жоғары бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл-таразы, («ақыл – мизан, өлшеу қыл»), дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек [4,18 б.].

Абайдың бұл пікірі ғылым үйренуге ұмтылған жастарға айтқан сөздерінен де айқын танылады. Ақын жастардың басқалар айтқан сөзге ермей, ақылмен өлшеп тапқан өз пікірі болу керектігін айтып, сол пікірде табандап тұра білуі қажеттілігінбаса айтқан.

Абай ақыл туралы айтқанда, ақылдылық, естілік деген ұғым мен ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» дегенге Абай ақылды осы соңғы мағынада алған. Философиялық тұрғыдан келіп, ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынадағы екі ұғым деп қараған Абай «суық ақыл» мен «ыстық жүрек» бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді [5,209 б.].

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек [4,19 б.].

Абай *толық адам* хақында ұстанған көзқарастарына сай сипаттарды түгел қамтитын елеулі ұғымдардың басты-бастыларын жайдан-жай атап отырған жоқ. Бұларға Абайдың философиялық лирикаларында «ақыл мен жан», яғни «жан құмары» деген парасаттылық жөніндегі ұғым негізінде талдау беріліп, кейінірек, қарасөздерінде молырақ қамтылып, терең түрде таратыла бастайды.

Абай сөзінің мәні терең келеді, сондықтан қай сөзді болсын жеңілдетіп, үстірт қарап, біржақты түсінуге жол бермеу керек дейді. Мысалы, жастардың ғылым үйренуі туралы айта келіп:

Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім айтса мейлі, сол айтты

Ақылменен жеңесіз [4,20 б.], - дегенде ғылыми пікір қорытуда, дүниетаным мәселесінде кімнің де болсын жасы, мансабы, атағына қарамай, тек қана шындыққа жүгіну қажет екені шегелеп айтқан. Сонымен қатар, Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» дейтін өлеңінде шынға сенбей, жоққа сенетін адамдарды:

Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,

Сөзінен сырдаң тартып тез жиренбек [4,21 б.], - деп сынайды. Сырт қарағанда осылар екі түрлі, тіпті бір-біріне қайшы пікір секілді көрінуі де ықтимал. Ал тереңірек үңілсек, әр қырынан келіп айтылған, бірін-бірі толықтыра, айқындай түсетін сөздер екенін байқаймыз. Ғылымда басқаның пікіріне сын көзімен қарау қандай қажет болса, өмірде жеңіл-желпі әңгімеге әуестенбей, білікті, тәжірибелі адамдардың сөзін ұғып, тәлім алу да сондай қажет екенін ақын орынды айтқан.

Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері - алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озық арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни, көркемдік шыншылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озық идеялықпен ұштасып келетінін атап айтамыз. Әрине, ақын шығармасының идеялық жағынан құндылығын оның әр шығармасында тек өсиет, насихат айтып, ізгілікті мадақтап, кем-кетікті мінеп-сынау тұрғысынан бағалау мәселеге үстірт қарағандық болар еді. Сондай-ақ, ақын шығармаларындағы шынайылық бірыңғай тек өмірде бар нәрсені, жай-жағдайды тек сол бір қалпында алып, сырттай ұқсастық сақтап, сөзбен көшірмелеу емес екені де түсінікті [5, 214 б.].

Ақын толғаныстарының ең басты түйіні – адамшылықты сақтай, халқымен бірге болу, бірге өсу.

Атымды адам қойған соң,
Қайтпидан болайын,
Халқым надан болған соң
Қайда барып оңайын [6, 28 б.]?!

Поэзия пайғамбары ұлы Абайдың адам болу, адам болып қалу туралы өзекті ойлары оның жүрекке қатысты пікірлерінде толықтырылады. Адамның жүрегі – ең аяулысы. Жүрекке қатысты халқымыздың ертеден келе жатқан тұрақты тіркестері, мақал-мәтелдері сан алуан. Олар адамға мінездеме беріп тұрады. Тас жүрек, жүрек жұмсақ, жүрек жұтқан т.б. Ал, Абай осы жүрек жайлы түсінікті тереңдете келіп, адамзаттың бақытымен байланыстырады. «Жүрегім менің – қырық жамау» деген тіркес бұрын Абайға дейін болмаған. Өз басындағы қайшылықтарды көрсете отырып:

Жүрегім менің – қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден [6,29 б.]. немесе:
Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Токтаулылық, талапты шыдамдылық, -
Бұл қайраттан шығады білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста

Сонда толық боласың елден бөлек [6,30 б.] - деп жүрегін мазалаған ойлардың маңыздылығына тоқталады. Ол жүрек болмаса, зерек ақыл да, ыстық қайрат та жеке-дара жетістікке жеткенімен, толық адам дәрежесіне көтерілуі мүмкін емес деп ой түйеді. Сонымен қатар, сол жүрек өз деңгейіне жету үшін қайрат пен ақылға серік болуы қажеттігін де баса айтады:

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек [6, 31 б.].

Дана Абай ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің төрешісі ретінде ғылымға жүгіндіріп, адамның баянды өміріне сілтеме жасайды. Ақынның бұл көзқарасы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанымен үндесіп жатыр. Ол осы даналық дастанда айтылған жәуанмәртлік ұғымын, яғни ақыл, әділет, рақым мен шапағат туралы өзінің «38 сөзінде» тереңдетеді. Абай осы үш қасиетті, сипатты түгел меңгерген адамды толық адам деп таниды. Профессор М. Мырзахметұлы шығармаларындағы «кәмелеттігі мен толық адам» туралы танымын – Абайдың мораль философиясы деп бағалайды [5, 222 б.].

XX ғасыр – қауырт қоғамдық құбылыстар мен өзгерістер, әр түрлі ауытқулар ғасыры ретінде белгілі. Тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырды. Алаш тұлғаларының қоғамдық сананы біржолата жаңа белеске көтеріп кетуі әдебиеттің түбегейлі мүдделерін айқындап бергендей еді. Жаңа қаламгерлер, жаңа қоғам, ел қайраткерлері шықты. Саяси күрестің маңызы артты.

Сонымен бірге, қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, баспагерлік істің қанат жаюы, әдебиеттегі әр түрлі көркемдік-жанрлық терең жанданулар эстетикалық танымның жаңашылдығына бастады. Осы тұста кәсіби әдебиетке тән басты жанрлардың бәрі де әр түрлі деңгейде көрінді. Әдеби сын да, әдебиеттану, прозаның кесек жанрлары, аударма, драматургия тосын жаңалық болуымен бірге, жедел даму үрдісін танытты.

Алаштың ардақты ардагерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар қазақтың бас ақынының мұрасы жөніндегі терең танымдық шығармаларын жария етті. XIX ғасырдың соңында қазақ әдебиетінің бұрын-соңды болмаған асқар биігіне көтерілген Абай дәстүрі, реалистік көркемдік таным дүниесі осыдан кейінгі ұлттық сөз өнерінің мұратын, мақсатын, бітім-пішінін біржолата айқындап, бекітіп кетті. Абайдың соңғы әдебиеті реалистік сипатын тапты, жаңа бағытта өріс кеңейтті.

Шәкәрім Абайдағы өнер-ғылымға үндеудің арнасын отаршылдықтың езгідегі ұлтының бостандығы жолындағы күреске бұруға ұмтылды, ол жолдағы ел мен ер бірлігінің атқарар міндетін айқындаушы шығармашылығының негізгі өзегіне айналдырады. Жаңа ізденістерге бет бұрады. Осы бетбұрыстан кейінгі өз шығармаларына азаттық ойды арқау еткен Ахмет,

Міржақыптарға ой салған алғашқы идеялардың көрінісі бой көрсетті. Әрине, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім шығармалары тікелей азатшылдық күресті меңзегенмен, осы ойдың өміршең болуына, өзінен кейінгілердің шығармаларынан мол орын алуына септігі аз болған жоқ. Азаттық ойдың, ұлт-азаттық идеяның орнығуына үлкен әсер етті. «Қош» атты өлеңінде:

Мен қайғы жедім ғой,
Қапы өтті дедім ғой.
Қазағым, қам ойлан,
Сен де адам едің ғой [7,125 б.], - дейді Шәкәрім.

Бұдан біз ел-жұрт қамын ойлаған тұлғаның халқына қайырылуын көреміз. Мұнда үмітсізден гөрі сенім басым. Туған халқының бойындағы ұлы күштің бұлқынысына сенеді ақын, сол сеніміне үмітті серік етеді. Тұлғаның толығарына, елінің оянарына ақын үлкен сеніммен қарайды.

Ол – айналасындағы болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер мен жаңғыруларға үнемі үн қосып, өзгелерге жөн сілтеп, жол басшы болған кісі. Ол ақын ретінде де өмір көшінің алдында жүріп, замана желінің қайда соғарын тап басып танып отырған. Керек кезінде қазақ жұртшылығын бұйығы тұрмыс-тіршіліктен оятуға ұмтылған ақын, ұлы өзгерістер тұсында өзгеше түлеп шыға келеді. Сөйтіп «Бостандық таңы атты», «Бостандық туы жарқырап» деген топтама өлеңдер тобын жазады. Онда ақын алдыңғы өмірден үлкен үміт күтеді.

Абай өзінен кейінгі ақындардың барлығына «жарығын түсірді» десек өтірік айтқанымыз емес. Абай дәстүрін жалғастырушылар ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Мағжан сынды бір туар дарындар болды. Олар Абай дәстүрінің әр қырын, әр бағытын өз шығармашылық мүмкіндігіне, ұстанған мақсатына орай дамытып, жаңғыртып әкетті.

3. Ахметовтың пікіріне жүгінсек, онда біз «Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылығы, адамгершілікті уағыздау өнегесін, пәлсапшыл – ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын, Сұлтанмахмұтты әсіресе әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығына нақтылы түрде, үлкен шыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Мағжанды айтсақ ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың өз көңіл-күйін және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыншылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды. А.Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталай маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал М. Дулатов әсіресе сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден-бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз» [8, 23 б.].

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті Абайдың ағартушылық, демократтық жолын ұстана отырып, оны саяси күрес идеясымен толықтырды, отаршылдықты, ұлттық езгіні айыптады, халықтың қараңғылыққа қамалып отырған күйін көріп күйініп, оны өнер-білім үйренуге шақырды.

Қандай ұлы адамды алсаңыз да оның ұлылығы, ең алдымен туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол халық ортасынан шығып, оны ілгері бастайды, жетелейді, жетегіне ерте алмай күйінеді, оған ашу-ызасын айтады, айналып кете алмай орала береді. Абайдың да қазақты көп сынауы сондықтан. Сынай отырып, ол:

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын [1,26 б.], - деп шерленеді.

Сұлтанмахмұт та халқын көп сынаған ақын. Ызаланып ол да халық атына талай қатты сөздер айтқан. Сөйте тұра:

Қайтейін, елім, қимамаймын,
Қия алмай жанды қинаймын.
Алты қырдан ассам да,

Сөздерінді сыйлаймын.

Сендерге әкеп шашуға

Ілім-білім жинаймын [9, 26 б.], - дейді.

«Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектенген жасына түгелімен ой түсіріп, елін ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» [10, 35 б.], - деп М.Әуезов кезінде тегін жазбаған.

Абай сабақтарын нысана тұтқан, бұрынғы озық дәстүрлерді жалғастырған жаңа сапалы Алаш ұранды әдебиет тарихымыздағы ерекше кезең болып табылады.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Алматы: Санат, 1995. - 320 б.
3. Абай Энциклопедия. Бас редактор Р.Н.Нұрғали. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Абай. Шығармалары. Екі томдық. - Алматы: Жазушы, 2002. - 296 б.
5. Мырзахметұлы М. Абайтану. - Астана: Кітап, 2014. - 432 б.
6. Абай. Қалың елім қазағым. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. /Құраст. Х.Сүйіншәлиев. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.
8. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. –238 б.
9. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. –430 б.
10. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995 ж. –288 б.

ӘОЖ 821.512.122

М. ӘУЕЗОВТИҢ «ҚЫР СУРЕТТЕРІ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ТАБИҒАТ БЕЙНЕСІ

Аубакирова Ж.Ә., Нурғалиқызы А., Алпысбай М.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Мұхтар Әуезов мұрасы көне заманнан бүгінгі күнге, бүгіннен болашақ заманаларға шеру тартқан қазақ өмірінің игілік көші сияқты. М.Әуезов мұрасы – талай қиян-кескі майдан, алай-түлей шайқастардан аман қалып, бар қазына қасиетін енді аша бастаған, өз ұрпақтары арқылы бүкіл әлем жұртының ұлы керуеніне қосылған сахара елінің еркіндігіндей қымбат, арманындай асқақ, алтын кенішіндей трөң, жүрегіндей адал мұра. Қазақ әдебиетінің классигі, заңғар суреткер, біртуар жазушы, бірегей драматург, жазушы, кемел әдебиеттанушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ елінің көркем шежіресін жасап, XX ғасырдың үздік шығармалары саналған туындыларын дүниеге әкелді.

Қазақ қоғамының гүлденуіне қапысыз еңбек еткен М.О.Әуезовтің шығармашылық қайнарына бастау болған алғашқы мақалаларының бүгінгі өміршеңдік сипатын ашып, ұлт танымы тұрғысынан саралау арқылы жазушының шығармашылық толысуындағы алар орнын айқындамақпыз. Көп қырлы, терең сырлы Мұхтар Әуезовтің фольклорлық мұраларды жинақтау, оларды саралау ісінде үлкен ыждаһаттылық танытты. М.Әуезовтің ауыз әдебиеті үлгілерін жинап-бастыруы, толымды ғылыми зерттеу жүргізуі, қызғыштай қорып, қамқорлық жасауы – халық игілігі үшін жасалған ерен еңбегінің бір көрінісі», деп мұхтартанушы ғалым Р.Бердібай айтқандай, қазақ фольклортану ғылымына қосқан үлесі ерекше. Жазушының ғалымдық келбеті әдеби сын, теориялық зерттеу мақалаларында да кеңінен ашылады. Онда әдеби құбылыстарды терең талдап, көркемдік ойдың дамуын ғылым тілімен жеткізе білген

Көркем шығармадағы портрет пен пейзаж көркем әдебиет жаралғалы өмір сүріп келе жатқан, сонымен бір туған көркемдік, қажетті буын. Сондықтан да, көркем шығармада пейзаждың болмауы мүмкін емес. Мұхтар Әуезовтің табиғат бейнесін кестелі сұлу сөз арқылы шебер суреттеген шығармалары «Қыр суреттері» деген атпен Шолпан журналының

1922 жылғы 2-3 және 1923 жылғы 4-5 сандарында жарияланды. Әңгіме төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлім уақыттың нақты өту процесіндегі тіршілік мәселесін қозғайды. Қып тұнмысының, қып мінезінің жазушы дүниетаным кеңістігіндегі бейнесі әңгімеде былайша баяндалады: *«Ауыл әлі ұықыда жатқана жерінен тұрып, өруге бет алса да, ерінгендей, брр басып қана қайырылып, керіліп, қасынып, күйсеп, ертеңгі әуеге есінеп тұрған малдың түрі. Ұйқыға беріліп, бұйығып жатқан ауылдың жанымен ырғақтасып»* тұрғаны этнопсихологиялық тұрғыдан да әдемі штрих бола білді. Мінез бен болмыстың нәзік те берік әрі нанымды үйлесімі көшпелі қазақ халқының ғасырлық ұлттық болмысы. Осыны М. Әуезовтың творчестволық танымы тап басқан.

Топтамаға жазушының «Кешкі дөң басында», «Түнгі ауыл», «Қысқы түн», «Қысты күнгі далада» сынды әңгімелері енген еді. Туған жерден жырақта жүргендегі, Ташкент қаласында қаламынан туған бұл әңгімелері сағыныштың айқын көрінісіндей. «Кешкі дөң басында» атты әңгімесінде шуақты жаздың бір кешіндегі дала тіршілігін суреттейді «Жан дүние, тіршілік атаулы ерекше бір тыныштықта. Бойды сергіткен қоңыр салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп, таудан асып, ұясына кіріп барады. Жұқалаң, ұзыншақ бұлт қызыл сеңдей болып, батаре күнді ентелеп қамап тұр.

Табиғаттың бұл көрінісі ерекше сабырлылық танытып, адамзат баласын жайбарақат күй кешуіне, осы кештен ләззат алып қалуына мүмкіндік беріп тұрғандай. «Қыр суреттері» топтамасына енген «Түнгі ауыл» әңгімесіндегі: *«Дүниені басқан ауыр тыныштық, ұзаққа созылған жым-жырттық, мұңмен созылып төгілген ай сәулесі жүрек қанын қаттырақ соқтырып, көңілде күлімсіреу мен болымсыз үміт, рахаткүйін құрғандай болады»* деген жолдары дәл сол шақта Мұхтардың сезімін тоқсан түрлі толқытқан өскен жері, туған ортасына деген сағынышы болса керек.

«Қысқы түн» әңгімесінде қаһарлы қыстың тұманды, қараңғы бір түні суреттеледі. Ақ боран ұйытқи соғып, ойнақ салып, адамзатты өзіне тәуелді еткеніне рахаттанып күліп тұрғандай. Табиғаттың бұл ашу шақырған мінезі жабырқап отырған отбасын бұрынғыдан бетер күйзелте түсті. Хал үстінде жатқан жас бала дауылдан шошып, қайта-қайта оянады... Кемпір мен шал болса қасіретке лағнет айта әруақ, әулиеге сыйынады.

«Жылдай созылған ұзақ түн өтпеді... Суық дауыл, ақ боран ашылған жоқ, бұрынғысындай құтырып, шабынып тұр. Зерлі түн әлсіз жанды жұтқалы жалана берді. Бұл түнмен ауру баланың жаны алыса алған жоқ, аздан соң демі бітіп, үзілді. Түнгі боран басқан жалғыз қурайдай, айдаһарша аласұрған суық табиғаттың арасында баланың әлсіз өмірі де таусылып, жарығы сөнді...»

«Қыр суреттері» топтамасының 3-әңгімесі «Қысқы күнгі дала» тіршілік нышаны да білінбейтін ақ даланы бетке алып, қарды омбылай, асыға басып, жалғыз, жаяу келе жатқан, көңілі үміт пен күдікке толы Рәбиға тағдырынан сыр береді.

«Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота жымырайған пішінімен тіршілікті көмген молаға ұқсайды» немесе *«Крр басқандай болып, жабырқау тартып түнерген сұр бұлттар кәрі көңілге келген қажыған ойдаы болып, қамсызданып жүдеу тартады»* деген суреттеменің өзі-ақ сүреңсіз бір оқиғаның боларынан хабар бергендей. Көз алдымызда адам жанын сүйсіндіре қоймайтын көрініс пайда болды. Бұл – автор ойының түп қазығы. Биік жотаның жымыраюы, молаға ұқсауы, бас тісшілікті көміп тастауы әсерлі көрсетіліп, бір ғана сөйлем бойынан тұтас бір сүреңсіздіктің сипаты аңғарылып тұр. Автор кіршіксіз, таза, ақша бұлттар емес, кір басқан, жабырқау тартып, түнерген, кәрі көңілге келген қажыған ойдаы болған, жүдеу тартқан бұлттың суреттемесін береді. Осы бір ғана сөйлемнің өзі автор шеберлігін айқын аңғартады. Жазушы ашық күндегі ақша бұлттардың орнын сұр, сүреңсіз бұлттың басқандығын нақты беруге тырысқан. Бір ғана бұлтқа берілген сипаттаманың өзі - градация, әрбір теңеу сол көрініске жаңа сипат үстеп, өзге қырларын танытып, бірін-бірі толықтырып, күшейтіп тұр, сонымен қатар жайма шуақ күндегі көктің келбетіне түнерген күнгі көрінісі барынша қарама-қарсы қойыла суреттелген.

«Кешкі дөң басында», «Түнгі ауыл», «Қысқы түн», «Қысты күнгі дала» әңгімелерінде табиғаттың түрлі құбылысын йшықты белгілермен көрсете білген. Ай мен

күн, аспан, желге де жан бітіріп, бірде оларды адамзат тіршілігіне қарсы қоя суреттесе, бірде адамзат баласының табиғат әсерінен ләззат алып, жанына қуат дарытқан тамаша әсерін суреттейді.

«Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластырған. Аспандағы ай, жұлдыз, жердегі қара-құрадан ешбір белгі жоқ, айнала аппақ болып тұтасып алған» деп табиғаттың долы мінезге басқанын суреттесе «Қаракөк тұңғиық аспан күн батысқа тақаған жерінде қызыл торғындай толқындатып, кейбір жерінде қызулы ерттің жалынындай жайнайды» деген жайбарақат қалыптағы табиғат суретін береді. Жазушы шығармаларының, оның ішінде 20-жылдардағы шығармаларының барлығында адамның ішкі күйін, толғанысын табиғат құбылыстарымен қатар қоя суреттеу бар.

Әуезов шығармаларындағы табиғат суреті - автордың айтпақ ойына, идеясына жетуге айрықша ықпал ететін көмекші фактор. «Қыр суреттері» топтамасына енген шағын төрт әңгімесінің қай-қайсысы болсын табиғат көрінісімен басталады да, табиғаттың әсеріне бой түзеген адамзат баласының тіршілігіне ойысады. «Қыр суреттері» әңгімелер жалғасы 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде», 1960 жылы жарық көрген «Қараш-қараш» жинағында, сонымен қатар шығармаларының жиіақтарына аздаған өзгертулер енгізілу арқылы басылған.

Қорыта келе айтарым, осы айтылған әңгіме-суреттемелер оқырманды кейбір детальдармен сонымен қоса өткен уақытқа байлатқанымен, кеңістік реалды сипатымен жаақындайды. Кеңістіктегі мезгіл суреттемелері барлық уақытқа сәйкес баяндалғаны да көрініп тұр. Кейбір тіршілік жақтарының мезгілге сәйкес көріністері, ал кейбір үзік суреттері романтикалы леппен баяндалады. Оқырман сезіміне лирикалық нәр беретін уақыттың кешкілік пейзаж автор суреттеуінде ерекше құлпырып көрінген.

Әдебиет:

1. М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы Т-17. – Алматы, 1985. – 665 б.
2. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана, 2003 жыл, - 424 б.
3. Рахманова Н. Әуезовтану дәрістері. - Алматы, 2010 жыл, -354 б.
4. Әуезов М. Әңгімелер. I том, - Алматы, 1985 жыл, - 456 б.
5. Мұхтар Әуезов. I том. – Алматы, 1991жыл, - 659 б.
6. М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы Т-11. – Алматы, 1985.
7. Нұрқатов А. М.Әуезов творчествосы. –Алматы, 1965
8. Мүсірепов Ф. Суреткер парызы.-А., 1979

UDK 379.8.093

THE IMPORTANCE OF THE APPLICATION OF ANIMATION TOOLS IN THE EDUCATION OF CHILDREN

**Akhmadaliyeva Z.R., Dzhangabyl I.B.,
Yernazarova Sh.U., Nariman D.N.**
(L.N. Gumilyov Eurasian National University)

Abstract. The article considers the importance of animation in the education life of people. Particularly, it focuses on the impacts of animation on the youngest generation. The authors of this paper highlight how it is essential to provide children with the newest media tools and modern methods in order to develop their critical thinking skills, and practical knowledge in their everyday life. The article attempts to justify the positive outcomes from the dynamic application of the animation activities on the formation of a human as a future professional and as a person.

Key words: education, pedagogy, animation, social-cultural animation, leisure, children, society, personal development, new media tools and methods.

INTRODUCTION

Nowadays education is on an absolutely new stage of development. Globalization processes in the world, technological advancement, modern social-cultural institutes and concepts - are the main factors that have led to the constant emergence of up-to-date trends in education. Particularly, the changes in education of children.

A lot has been written about how visual communication tends to be more effective than the text based communication. The demand for consuming information through video-based content has been growing significantly. As a result, there has been a major emphasis on animation, which has now become a vehicle to foster learning and plays a significant role in a child's development. But how the animation is able to bring these kinds of meaningful results?

The animation consists of rapidly changing images, which can create an illusion of movement. As our brains have a brief delay in image processing, it creates an illusion of a moving image.

This way, it was found that animation activity is one of the means of improving general and additional education, but so far insufficiently studied in pedagogy.

The authors of the paper hold the view that from the early ages of a person growing, and during his school education, and further education, animation plays an essential role. However, the importance of an active application of innovations and technologies has not caught the attention of people. This question should be of great concern.

In this regard, the research project is aimed at an accurate investigation of this problem. The effective tools and new methods are planned to be proposed as a solution, as a result of this project.

LITERATURE REVIEW

The main analysis for this article was based on studying the works of Russian researchers. Among them there are Bocharova, Shulga, Nikitsky, and others. Besides, there are views of Euphrates (Imambek) Mambekov, who has made a significant contribution to the development of Kazakhstani pedagogical sciences and socio-cultural sciences on the world arena.

In addition, the history of animation activity formation in the educational process has been investigated. This way, the views of French scientists have been observed as well. This section summarizes the discussion among the international researchers' works so far.

Animation activity for teenagers as a pedagogical problem

In her work, V. G. Bocharova considers animation as a professional activity closely related to the organization of creative search in leisure activities, as well as being able to assist in the process of forming an organized group and its members at the level of social relations and cultural formation [2]. The definition given by V. G. Bocharova is quite complete, but it does not reveal animation activities in the context of additional education, thus not revealing the full range of its possibilities.

In the studies of I. I. Shulga, the concept of "pedagogical animation" is defined as part of the "cultural and educational system of society, which is fixed in the form of a special model for organizing various types of socially approved leisure of different age, social and national groups" [2; 3]. Although the definition given by I. I. Shulga does not reveal enough, these results should be interpreted with caution. Another interesting definition of animation activity is given by M. V. Nikitsky, who interprets it as part of the cultural and educational system of society, as a kind of social and pedagogical activity in which animators play a leading role[2]. We share the point of view of M.V. Nikitsky, who focuses on the work of animators with professional training, but we want to supplement his definition and consider animation activity as a manifestation of the specific need of the individual in culture, creativity, communication through the organization and holding of public and private events.

In this regard, the main point in the study of animation activity is the work of the outstanding French sociologist and teacher J. Dumazedier. He focuses on holding holidays and events, the organization of which will rely on the collective and individual form of work, on various types of motives (external motives, the motive of self-development, etc.). Also, Dumadesier emphasizes the implementation of animation activity only in three interrelated processes: creating

conditions for the disclosure of a person/group; establishing interpersonal relationships; creativity as a solution to problems in the surrounding world [2]. We fully agree with the opinion of the French sociologist. We especially want to emphasize his statements about creativity as dedication, the absence of idleness during events and unobtrusive pedagogical control. Since here we see the key feature of animation, which consists in the creative growth of one's "I", the victory over the negative aspects of the personality and the interaction of teachers and pupils in organizing holidays in order to develop the ethnic, communicative and motivational aspects of the life of the team.

Another contribution to the understanding of the problem and for this article was made by the authors such as N. Yaroshenko, E. Mambekov, L.Tarasov. This has allowed the revealing of the main essence and significance of socio-cultural animation as one of the most effective and intensively developing areas of socio-cultural activities for the spiritual "recovery" of the population [1, 3].

RESEARCH METHODOLOGY

Having studied the forms and methods of upbringing and organization of leisure activities of adolescents, we have moved on to diagnostics that allow us to identify problems of employment of adolescents outside of school hours.

We conducted a sociological study in which adolescents of Nur-Sultan city aged 9 to 13 years took part.

The purpose of this diagnosis is to identify the preferences of ways to spend free time, as well as the problems of organizing their own free time by teenagers.

The subjects were asked to answer the questions by choosing the answers most appropriate to them (*see Appendix №1*).

The results of diagnosis № 1 conducted among adolescents of group №1 at the beginning of the experiment are presented in the **Table №1**:

№ of question	1	2	3	4	5
Names of respondents					
Alina	c	b	a	e	d
Dastan	a	b	c	c	a
Symbat	d	b	a	a	b
Tahir	a	b	b	d	a
Anelya	e	a	e	b	c
Ayan	e	b	c	a	c
Kamila	e	a	a	c	d
Aruzhan	e	a	c	b	b

Table №1

In the **Table №2**, the results of diagnosis №1, conducted among adolescents of group №2 at the beginning of the experiment, are demonstrated:

Table №2

№ of question	1	2	3	4	5
Names of respondents					
Raisa	a	b	c	a	c
Farkhat	b	a	c	e	b
Nazerke	c	b	a	a	b
Roman	d	b	b	d	a

Leyla	a	b	b	c	d
Nurlan	a	b	a	c	d
Arai	b	a	a	e	d

RESULTS

Thus, after analyzing all the answers to the questions posed, we have identified the following:

1. Very many of the respondents spend most of their time playing computer games, immersing themselves in the virtual world, leaving real affairs. Computer games fascinate teenagers. In the virtual world, they do things that they cannot do in real life for some reason.
2. The second, predominant way of spending time is playing in the yard, where teenagers entertain themselves as they have to (knocking over garbage cans, chasing cats, mocking them).
3. The majority of younger teenagers, when asked about visiting sections, clubs, answered that they did not attend them for various reasons.

A sociological survey was also conducted among teenagers and this is what it showed. To the question "Does anything prevent you from spending your leisure time the way you want, and if so, what exactly?" the answers were distributed as follows:

- no one to go with (2.1%);
- "I don't know how to organize my time" (29.6%);
- not enough time (14.2%);
- "I have no problems in organizing leisure activities" (22.8%);
- not enough money (21.1%);
- nowhere to go (10.2%).

Based on the results given above, it was concluded that teenagers in the first group do not know how to properly organize their leisure time on their own. Therefore, in order to increase the level of knowledge about leisure activities, an additional system of study and work is needed, allowing teenagers to move to a higher level of organization.

DISCUSSION

Thus, having observed a number of scientific articles on the Internet, it noticed that a lot of attention to the role of animation in the educational life of children is given in the work of Russian authors, which is an anticipated. Because it is quite obvious that this social-pedagogical problem is more concerned in the CIS countries, rather than in the USA, or European countries. We think that this problem takes its roots from the differences in the general education system of the countries. Since, it is a well-known fact that America and Europe use education which focuses more on a practical side of a studying subject/ field. While the CIS countries prefer focusing on a theoretical side.

The problem of solving in this direction in modern psychology and pedagogy is in the stage of active formation, however, the issues of interrelation and mutual influence of educational and correctional and rehabilitation processes are practically not investigated, there are no scientifically based programs for various contingents of children, in particular with deviant behavior, children with disabilities, with developmental delays, which forces practice to go the difficult way of trial and error. Thus, the analysis of scientific literature gives grounds to conclude that the problem of using socio-cultural animation technologies in children's education is insufficiently developed.

To sum up, the main recommendations from the authors of this report article are: 1) abandoning the unobtrusive pedagogical control, and starting to move to a more student-based system of education, which will help him/her in shaping own personality and even grow as a future professional with well-developed communication skills; 2) applying the new techniques and tactics to make the education process of students more joyful, interesting and exciting, and thus facilitate the effectiveness of their education; 3) realizing into practice the alternative direction for the

development of new cultural and leisure activities for students; 4) classifying the entertainment games in the education journey according to the organizational and methodological principle.

CONCLUSION

To conclude, animation actualizes the spiritual needs of a teenager, uses the principles of self-organization, and promotes the development of patriotism and the desire to build a civil society, which significantly increases the effectiveness of social work with teenagers.

Animation is able to equip state and non-state institutions and organizations working with children and adolescents with a new methodology. Based on the trends in the socio-economic and cultural development of our country, it can be assumed that animation in Kazakhstan over the next few decades will accumulate a technological base and gain supporters. By the middle of the 21st century, animation will play one of the leading roles in the system of social work with teenagers as a social practice aimed at developing a culture of teenagers' leisure.

In our society, there is a need for animation activities for children, but on a single professional basis, which must be provided by teachers for additional education. That is why we strive not only to unite teenagers into a collective, to discover their creative abilities and talents, but also to improve their physical and psychological health through play and laughing therapy.

The authors of this report believe that the results obtained in the course of study for this article make it possible to effectively carry out the social and pedagogical work on the education of children through animation activities.

In addition, the study of the structure and content of socio-cultural animation, as well as its means, forms and methods in the education of children has allowed establishing the favorable impact of socio-cultural animation on the formation of a positive worldview and attitude of the individual.

BIBLIOGRAPHY:

1. A.V. Dmitriyeva (2016). Pedagogical aspect of the influence of socio-cultural animation on the formation of collectivism in children and adolescents. The Political Network, Electronic Scientific Journal of the Cuban State Agrarian University, [online] (115), pp.1270–1288. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskiy-aspekt-vliyaniya-sotsialno-kulturnoy-animatsii-na-vospitanie-kollektivizma-u-detey-i-podrostkov>
2. P.A. Zverev (2014). Features of animation activities with adolescents: search for new technologies. Journalism, education, languages [online] 23(20 (191)), pp.165–171. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-animatsionnoy-deyatelnosti-s-podrostkami-poisk-novyh-tehnologiy>
3. Shulga, I. (2019). Pedagogical animation. Training manual for secondary vocational education. [online], pp.26-27. Google Books. Litres. Available at: <https://books.google.kz/books?id=fLHDwAAQBAJ&pg=PA26&dq=n.+yaroshenko>

APPENDIX №1

Survey among the adolescents of Nur-Sultan city aged 9 to 13 years

1. How do you spend your free time?
 - a) I walk with friends, go to discos
 - b) I watch TV, I sit at the computer
 - c) I spend a lot of time in a section, a circle, etc.
 - d) I study lessons, I study additionally
 - e) Yes, I would go for a walk, but they won't let me, I have to stay at home
2. Do you visit any sections or studios?
 - a) Yes
 - b) No
3. If you don't go to any clubs, then why?

- a) I don't like it
 - b) There is no time
 - c) Yes, who needs it
4. How do your parents feel about how you spend your free time?
- a) I don't know
 - b) Not thrilled, but do not forbid
 - c) They are against
 - d) They are against, but who will listen to them?
 - e) Are well treated
5. What do you and your friends prefer at your leisure?
- a) Play in the yard
 - b) Discos
 - c) I really like to read
 - d) Computer, TV
 - e) I don't have any free time at all

ӘОЖ 821.512.122

Ғ.МҮСІРЕПОВ - ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҚАЛАМҒЕР

Аюпова Д.Ж., Кулибекова Ж.С.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚУ*)

Неге екенін белгісіз, Ғ.Мүсірепов есімін естігенде еске бірден «стиль» деген сөз сап етеді. Иә-иә, «стиль»! Баршамызға белгілі кез-келген ақын-жазушының, яки әнші не суретшінің тіпті менің де, сіздің де өз стиліңіз болады. Дәл солай Ғабеннің де өзіндік қайталанбас қолтаңбасы, өзіндік ерекшеліктері және артықшылықтары жетіп артылады. «Елтіңжал» лақап атымен белгілі қаламгер қазақ әдебиетінің сахнасынан ойып тұрып өз орнын алды. Әр қаламгердің өзіне тән ерекшелігі, әр алуан әдеті, өзгелерге оғаш болып көрінуі мүмкін дағдысы, қызығушылығы болары сөзсіз. Мәселен, Қадыр Мырза Әлі қарындаштарды бөліп, ұштап, өлең жазуға дайындап қоятын болған екен. Сөйтіп, жаңағы қарындашпен ақ параққа жыр жазып, ұнамағанын бірден өшіріп, қайта өзгертіп отырған екен. Ал, жауынгер қаламгер Бауыржан Момышұлының әдетін біз келіні Зейнеп Ахметованың естеліктерінен білеміз. «Мой беспорядок - это есть высший порядок!» деген Баукең, жұмыс үстелінің шашылып жатқандығын ұнатқан. Ал, Ғабен жұмыс үдерісінде, ойға кейіннен оралған сөйлемдер жазулы қағазды қайшымен қиып, шығарма мәтінінің екі жағына тұс-тұстан желімдеп жапсырады екен; бұлардың қай жерге орналасатынын нұсқар арқылы көрсетеді. Ақыр аяғында осындай «процедурадан» соң негізгі парақ олақ сойған малдың терісіндей алба-жұлба дүниеге айналмақшы. Міне, жазушы мұндағы барлық тексті сонау қосымшаларымен бірге қайтадан әдемілеп көшіреді. Бұдан соң әлгі «тері пұшпағын» далаға апарып өртеп, ол әбден жанып біткенше ойлана қарап тұрады...[1].

Сонымен қатар, әдебиет зерттеушісі С. Қирабаевтың «Алыптар тобының соңы» атты мақаласы — Ғ. Мүсірепов шығармашылығын зерттеуде айтарлықтай үлес қосқан еңбек екені белгілі. Бұл еңбектен жазу машығы жайында мынадай бір естеліктерді оқи аламыз: ...Мүсіреповтің шығармашылық кухнясын анық көрдім. Ол жазғанда үлкен столға емес, оның алдындағы шағын столға отырады. Бұл - бір ерекшелік. Екінші - бір уыстай қарындашты өте үшкірлеп етіп ұштап қояды екен де, үшкірлігі кете бастағандарын орнына қойып, келесісін алады. Үшінші ерекшелік - машинканың стандартты парағын ұқыппен бірнеше бөлікке бөліп, алдын ала дайындап қояды. Төртіншіден, жазған беттерінде шимай болмайды, сөздер, сөйлемдер ұнамаса алдында жатқан өшіргішпен тазалай өшіріп алып,

ұнағанын жазады. Егер ұнамайтын жер көлемді болса, онда жаңа парақ алып, ескі парақтағы жазғанының керек жерін соған көшіреді де әрі қарай ойын қайыра жалғастырады [2, 16 б.].

Сөз басында «стиль» жайлы сөз қозғалды. Ғабеннің жазу стилімен қатар киіну стилінің де өзгелерден еректігін білеміз. Заңғар жазушының өзгелерден ерекшелігінің бірі - айрықша талғампаздығы мен кірпияздығы да шығар. С.Мұқановтың үйіндегі Мариям апайдың сөзімен айтсақ: «Құсни бір аяулы жан еді. Ғабиттің қандай қылығы болса да, үнсіз төзді. Бар дәмдісін аузына тосып, үсті-басын мұнтаздай ғып күтті. Шалбарды үтіктеген кезде су емес, хош иісті әтір құйып үтіктегенді сол Құснидан көрдім» [3]. Құсни апай ақылы да, айласы да бір басына жетіп артылатын парасат иесі болған деп білеміз. Ақын Қадыр Мырза Әлі «Иірім» атты естелік-эссесінде де осы Құсни апайдың әйел затының ішіндегі ең бір ақылдысы екенін ашып көрсеткен [4].

Ғабен тіпті галстугі мен шұлығының түстерін де барынша сәйкестендіруге тырысқан екен. Шөкімдей алтынға бола тау қопарылып, тонна-тонна порода шығарылатыны секілді, Ғабеннің өзі де жүз елу бет қолжазбадан қырық бес беттей ғана қалдыратынын әңгімелеген. Көзі тірісінде аса дарындылығы, талғампаздығы, шеберлігімен «сөз зергері» атанған Ғ.Мүсірепов қойнауы алтынға бай кен тәрізді. Тереңіне сүңгіп, тұнығына бойлай береміз. Бір сөзбен, З. Қабдоловша айтсақ: «Ғ.Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Ғ. Мүсіреповпен мақтануымыз керек!».

Айтқанымыздай, Мүсірепов жайлы жырлаған жандар өте көп, мектепте тәжірибеде жүргенімде кітапханадан «Ғажайып Ғабен» атты кітапқа көзім түсті. Әділғазы Қайырбеков құрастырған бұл кітап арқылы өлеңмен өрілген, жырмен қашалған ғажайып Ғабен бейнесімен сағына қауышамыз дей аламын. Сөз зергеріне арналған әр алуан өлең-жырларды көріп, оқып бір масаттанып қалдым. Кітапта Ұлықбек Есдәулеттің Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқығанда туған «Ана туралы» атты өлеңіне көзім түсті.

Ана бар ғой менде де,
Ана бар ғой сенде де,
Ана бар ғой барлық -
барлық Адаммын деп,
Аталатын жұмыр басты пендеде.
Жанымызды жадыратар Ана әні,
Ана ақылы көркейтеді сананы.
Адамдар-ау, ар пәктігін аңсасақ,
Жылатпайық, жылатпайық ананы...[5. 39 б.].

Міне, осы ретте біз тағы да сөз шеберінің өзгелерден еректігіне куә болып отырмыз. Осы уақытқа дейін қазақ әдебиеті сахнасында «ана» деген ұлы атқа тұтас бір галерея жасап, ананың бейнесін барынша көркем әрі көрікті етіп жырлаған, жазған адам бар ма еді? Тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі болып табылатын ана деген ұлы атты кім Ғабендей ұлықтап еді. Халық арасында ананы қадірлеу, ананың орны, әйелдер, қыздар туралы даналық сөздер көп: «Алып анадан туады», «Ананың басқан жерінде пейіш бар», «Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың», «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді», «Қызға қырық үйден тыйым» деген сияқты. Негізінен қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарға өте бай халық. Осы салт-дәстүрлерді көзінің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа аманат ретінде қалдырған еді. Ал, аманатқа қиянат жасамау әрине біздің міндетіміз. Халқымыздың қай салт-дәстүрін, қай әдет-ғұрпын алсақ та, өзіндік терең ұғымы бар, сондықтан да осы дәстүрлер жалғасын табу үшін қазақ халқы тәрбиеге ерекше назар аударған. «Ұлтыңды сақтаймын десен – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десен – ұлыңды тәрбиеле» дейтін қазақ, қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен – бесігіңді түзе» деген нақыл сөзі де баршамызға белгілі. Бір шаңырақтың ғана емес, бір рулы елдің, қала берді, бүтіндей ұлттың тәрбиесіне жауапты тұлға ана екені даусыз. «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыз бұзылса, ел бұзылады», «Қызыңды бөтен үйге қондырма», «Қазақ қазақ болғалы қыз сыйлаған, қызын алқалаған

текті халық» деп дана халқымыз қыз баласының тәрбиесіне о бастан үлкен мән берген. Себебі, бүгінгі тұлымшағы желбіреген бүлдіршін – ертеңгі инабатты келін, ардақты ана. Елдің батырын да, ақынын да, дүлділін де, бұлбұлын да дүниеге әкелер алтын құрсақ аналарымызды сыйлау әрі құрметтеу, дәріптеу халқымыздың қанына сіңген. Ана бейнесі қазақ әдебиетінде көптен бар үлгі. Дегенмен, ананың ұлылығын сипаттап, жүйелеп жазған, жан-жақты бейнелеп, суреттеп аша білген Ғ. Мүсірепов болып табылады. Айтқанымыздай, Ғабеннің шығармашылық ізденісінің ең бір жемістілігі оның ана тақырыбындағы әңгіме-новеллаларынан көрінді. Аналар галереясындағы небір аналардың көркем бейнесіне куә боламыз. Сонымен қатар, әрқайсында әйелдердің типтік бейнесі адамзаттың ананы құрметтеуі, ананы жоғары бағалауы, ананың психикалық ерекшеліктерін, сезімдері мен сүйіспеншілігін ашып суреттегені әдебиетке қосқан үлкен үлес деп ауыз толтырып айта аламыз.

М. Бекбергеновше айтар болсақ: «Бұл жолда Ғ. Мүсірепов басқалардың жолын қуаламай, өз соқпағын табуға талпынған. Әсіресе, оның ұстаз тұтып, үлгі алғаны – орыстың озық әдебиеті. Жазушының алғашқы әңгімелері тақырыптық жағынан алуан бола тұрса да жазылу мәнері, тәсілі тұрғысынан көптеген ұқсастықты танытады. Мұны, әсіресе, оның «Ана туралы әңгімелерінен» анық байқаймыз» [6, 23 б.].

Шынында, әлем әдебиетінде тұңғыш рет күрескер, өршіл, оптимист ананың образы пролетариат әдебиетінің атасы М. Горький шығармаларында жасалған еді. Мүсірепов те шығармашылығында озық орыс әдебиетінен үлгі алған, өмірден тарыққан, жабыққан, жасыған аналарды емес, өз бақыты үшін, ел бақыты үшін күресе білетін ер аналардың іс-әрекетін жырлаған. Ғ. Мүсіреповтің прозадағы шығармашылығына оның Максим Горькийдің ана туралы әңгімелерін қазақшаға аударуы соны леп әкелді. Аналар тақырыбына жазған циклдік әңгімелер шоғыры да осы жылдары жалт ете түсті.

Ғабит Мүсірепов Горькийдің екі әңгімесін қазақшалады. Олар – «Адамның анасы» және «Өлімді жеңген ана» атты әңгімелері. Жазушы әңгімелерді түпнұсқадағы рухты сақтай отырып, қазақи ұғымға бейімдеп, аса көркем түрде еркін аударды. Өзі тәржімалаған шығармалардың мазмұны Ғабен қатты әсер еткені сондай, ол аналар тақырыбына арналған әңгімелер топтамасын жазды. Атап айтқанда, олар – «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» сияқты туындылары. Бұл шығармалардың қай-қайсысының да көркем әдебиеттің басты талаптарына сәйкес жазылған сәтті дүниелер. Ана тақырыбына баруы М. Горькийдің әсерімен болғандығын автордың өзі былай деп мәлімдеген: «М. Горькийдің тақырыбын, жазу әдісін ұғынам деп талаптанғанымда ұшы-қиыры жоқ кең байлықтың ішіндегі ең бір негізгі саласы – күшті адам екен деген қорытындыға келдім... Құлақта ертеден бір әңгімелер жүретін еді. Горькийдің «Аналарын» қайта бір оқығанда, сол әңгімелерім тіріле бастады. Көп ойланбастан-ақ Горькийдің аналарында да, өзімде де бар әңгімелерді де қағазға түсірдім» [7, 121 б.].

Ғ. Мүсіреповтің ана тақырыбында көп қалам тартқаны белгілі. Әңгіме-новелларынан бөлек Ғабеннің кара көз қыздарға, ардақты аналарға арналған афоризмдері мен нақыл сөздері де жетіп артылады. Бұл жайында біз қаламгердің күнделігінен, қойын дәптеріндегі, яғни «Ой сезім сәттері» деген атаумен жарыққа шыққан еңбегінен де оқи аламыз. Мүсірепов жасы келгендіктен, көп дүниелер есінен шығып кетпеу үшін күнделік толтырған болатын. Міне, осы күнделігінде ана, әйел, қыз тақырыбындағы қысқа әрі нұсқа Ғабен сөздеріне көз жүгіртсек:

- Қазақта әйел тұрмай, еркек оянбайды.
- Әйел асқақтаса – жылайды, еркек асқақтаса – құлайды.
- Әйелдің естілігі жеңсе – сұлулығы да арта түседі.
- Әйел шынымен жылап алса, ажарланып кетеді.
- Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады.
- Қазақ әйелі азғана жәрдем бергенді ұмытпайды – тезірек еселеп, қайыруға тырысады.

- Әйел қырыққа келгенше өңін бермесе – қасиет, Еркек қырыққа келгенше есі кірмесе – қасірет [8, 62 б.].

Өзінің шырайлы шығармаларымен бәрімізге сөз қадірін ұғындырған Ғабеннің қойын дәптеріндегі әр тақырыпты қамтыған жазбалары оның текті ойының, көркем тілінің және бір қырын ашқандай. Әсіресе ана, әйел, қыздар тақырыбындағы қолжазбалары. Ғабит Мүсірепов қойын дәптеріне «Менің Джокондам – Ұлпан» деп жазған екен. Сондай-ақ, қаламгер «Тұтқын қыз» атты кітабында былай дейді: «Ұлы суретшімен жарысқа түстім десем, оным барып тұрған астамшылық болар еді. Мен онша ақымақ болмасам керек. Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасасып, толыға түскен бейнелері болу керек. Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі т.б. Джоконда да маған мұнайыс пен жымию сикыры сияқты елестейді. Мен сикырға бара алмадым, кәдуілгі тірі әйел бейнесін жасамақ болдым» [9] - деп жазады. Леонардо да Винчи өз Джокондасының ернін 11 жыл салды дейді ғой. Ал Ғ. Мүсіреповтің Джокондасы онымен бірге 40 жыл жасасқан.

Өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен үлкен жанның бейнесін жасау туралы ой Ғабеннің санасында ерте туындаған. Дегенмен, аяқ асты шофердің моншасынан Ұлпан шешенің ақ мрамор тасын көруі қаламгер жадында біржола ұялап, шегеленіп қалды.

«Мен ұзын сапты қаңылтыр бақырашпен пештің ішінде балқып жатқан тастарға екі рет су шашып қалдым. Бір тастан «Ұлпа» деген жазу шыға келді. Жазу осынша таныс көрінді, мен іркілместен «Ұлпан» деп оқыдым. «Н» әрпінің жоқтығына бөгелгенім жоқ. Оқыдым да аң-таң болып отырып қалдым. Жаңағы іркілмей оқып алған Ұлпан атының бұл пештің ішінен кездесуге орайы жоқ секілді көрініп кетті...

Аяусыз қолдар ақ мраморды талқандап, сындырып моншаның пешіне салыпты. Ұлпан маған сол пештің ішінде өртеніп жатқандай сезілді» [10].

Міне, аты жоққа ат берген, асы жоққа ас берген «аналардың анасы» Ұлпан бейнесі осылайша дүниеге келген. Ұлпан — Ғ. Мүсіреповтің аналар шоғырының шоқтығы биік, көркем әрі көрікті бейнесі. Ғабен кесек тұлғалы бейнені барынша халыққа жеткізе білді, сендіре білді. Романда Ұлпан Есенейдің сөз салысын алғашында есенгірей тыңдағанымен де, «Есенейдің құрығы мойныма түсе қалса, оны алып кететін күш біздің аз ғана ауыл кірме Күрлеуітте жоқ. Құдай салды — біз көндік. Бірақ ағаңның есінде болсын — Ұлпан арзанға түспейтін қыз», - деп жауап береді. Осылайша, ол өзін қаламгер суреттегендегідей «Танданарлық қыз әрі есті, әрі сұлу болу керек емес пе? Сұлулығы жеңсе, есінен айрылып қалатын, естілігі жеңсе, сұлулығынан айрылып қалатын қыздар аз болмайды. Естілігі толыққан сайын, сұлулығы да толыға беретін қыз болады», - дегендей қырынан таныта алған еді [11, 63 б.]. Қатал әрі озбыр Есенейдің жан жүрегін жібіте алған жас Ұлпанға, жолдасы Есеней: «Қырыққа келгенде біздің елдің Есенейі сен болып қаларсың», - деген болатын. Бір кездері жас өмірін қиып келген Ұлпанның жолы ақталып, Есенейдің көзі тірісінде-ақ, Ұлпан Сибанның қамқор анасына айналды. Ұлпанның ұлылығын тірі күнінде ұлықтаған халық оны «Ақнар» атаған, тіпті қайтыс болғаннан кейін елдің барлық әйелі Ұлпанның бейітін бес жыл күтіпті. Топырағы олқы түсе бастаса, ақ жаулықтарына түйіп топырақ әкеліп салады екен...

Ұлпан анамен қатар, халық жадында сақталып қалған аналар көп. Тұмар, Зарина, Бегім, Бопай, Қарашаш, Домалақ, Абақ, Айғаным, Күнбике, Зере тәрізді ханшалардың елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі, ерлік істері бүгінгі болашақ ұрпақ жадында. Арыға бармай-ақ қазақ хандығы тұсынан бергі ел билеген Айғаным, қол бастаған Бопай ханымдар, Күнбике, Айбике, Зере аналардың ұлт тарихындағы орны бөлек. Міне, осындай қазақ әйелдері ананың ұлылығын көрсете білген. Осы ретте, Ғ. Мүсіреповтің «Адамның анасынан» үзінді келтіре кетсек:

— Дүниенің шетіне дейін осылай жүре берсем, ұлым еркін дүниеде өссе, жүруге шаршамас едім-ау! Адамның анасы болу қандай жақсы!

Жүрегім қуаныш төгіп, нұр шашып келе жатқанын қарашы! — деді ана, бір жерде тұра қалып...

Теңіз қатты тулайды. Қара бұлт найзағай шашып, бұршақ төгуге әзір тұр. Менің қанатым керіліп, өрісім кеңіп, құрметті ананың ұлына қарап:

— Сен, қызыл адам, тез ер жет! Қатты айқайла, дүние естісін! — деймін.

Бұл уақиға әлдеқашан болды. Бірақ ананың құрметі қашан да жаңа ғой [12, 50 б.].

Шынында, жұмыр жер үстінде адам баласы болудан қасиетті не бар дейсің. Тек қандай адамның баласы болу керек. Адам боп туу анадан, айуан боп кету өзіңнен демекші, бәріміз анадан адам болып дүниеге келеміз, алайда адам болып қалу-қалмауымыз екіталай. Ғ. Мүсіреповтің бізге айтары да сол болған. Адам бола білейік. Дүниедегі ең қиын жүк сол ғой деймін. Бірақ қолдан келетін, әрекет жасауға тұрарлық іс.

Әдебиет:

1. https://adebiportal.kz/kz/news/view/gabit_musirepovtin_zhazu_mashigi_20468
2. Қирабаев С. Алыптар тобының соңы // Заман-Қазақстан, 1998, 11 желтоқсан — 286 б.
3. https://m.facebook.com/groups/alashorda/permalink/2508756976076375/?locale2=de_DE
4. <https://el.kz/news/archive/content-28892/>
5. Ғажайып Ғабен. Ғ. Мүсіреповке арналған жырлар. Құраст. Ә. Қайырбеков.— Алматы: “TST Company”, 2012,- 188 б.
6. Бекбергенов М. Ғабит Мүсіреповтің прозасы. — Алматы: Рауан, 1990.—151 б.
7. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар: 3 т. - Алматы: Жазушы, 1980. - Т. 1.-544 б.
8. Мүсірепов Ғ. Ой-сезім сәттері/ Құраст. С.Дәуітұлы.— Алматы: Жалын, 1996.—144 б.
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/17485/>
10. https://vk.com/wall-104986203_357
11. Ұлпан. Роман. — Алматы: Атамұра, 2003.—264 б.
12. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Әңгімелер. Құраст.: Ә. Нарымбетов, —Алматы: Жазушы, 2002.—288 б.

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Әкіш Жанат

(«Тұран-Астана» университеті, 2-курс магистранты)

Жетекшісі: ф.ғ.к., доцент М. Әбікенов

Мақалада Қ.Кемеңгерұлы шығармалары қарастырылады. Жазушы шығармаларындағы тілдік бірліктердің ұлттық сипаты ашылады және жазушы шеберлігі жайлы айтылады.

В статье рассматриваются произведения К. Кемеңгерұлы. Раскрывается национальный характер языковых единиц в произведениях писателя и рассказывается о писательском мастерстве..

The article examines the works of K. Kemengerula. The national character of linguistic units in the works of the writer is revealed and the writer's skill is described.

Кілт сөздер: проза, әдебиет, оқиға, сөз өнері, дәстүр, идея, шеберлік

Ключевые слова: проза, литература, история, искусство слова, традиция, идея, мастерство

Keywords: prose, literature, history, the art of words, tradition, idea, skill

«Қошкө Кемеңгерұлы (Кемеңгеров Қошмұхамбет Дүйсебайұлы) - Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. 1896 жылы 15 шілдеде Ақмола облысы, Омбы уезі, Теке болысы, Қаржас ауылында дүниеге келген»[1]. Сол кезеңдегі оқығандар сияқты Қ.Кемеңгерұлы да алғаш сауатын молдадан ашқан. Кейіннен Омбы приход школында, ветеринарлық фельдшерлік школда оқиды. «1913 жылы Омбы ауыл шаруашылық училищесіне түседі. Осында жүріп қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы "Бірлікке"

(1914-1918) мүше болып кіреді. Оның үні – “Балапан” қолжазба журналына (1916-1918) редакторлық жасайды» [1]. Халық жағдайын ойлаған қайраткер Ақмолада қазақ комитетін құруға қатысқаны тарих деректерінен белгілі. Алаш Орда комитетін құруға да белсене араласқан. «1918 жылы "Бірлік" ұйымы "Жас азамат" ұйымы ретінде қайта құрылғанда, оның мүшесі және ұйым аттас газеттің редакторы болып сайланады» [1]. Медицина саласы бойынша білім алған қайраткер қазақ тіл мәселелеріне бей-жай қарамаған, жазушылық ұызмет атқарған, проза, драматургия, әдебиеттану, тіл білімі, педагогика саласына ғасыр басында өзіндік із қалдырған оқығандардың бірі. Қошке Кемеңгерұлының жазушы, ақын және түрлі ғылым саласындағы зерттеулері, журналистика саласындағы қарымды қалам іздері, драматургия саласындағы дарындылығы - тасқа басқан таңбадай соңғы ұрпақтарына қалдырған алтын мұра. Қошке Кемеңгерұлының шығармаларының қайсысын алсақ та өзекті мәселені өрнектеп көрсететін мәні зор, мазмұны терең құнды шығармалар. Қаламгердің өмірі, шығармашылығы әр қырынан зерттеліп келеді. Біз Қошке Кемеңгерұлының шығармасындағы лингвомәдениетке қалам ұшын бұрып көрейік. Латын тілінде Lingo-тіл, Cultura-мәдениет дегенді білдіреді. Яғни халық мәдениетінің тілдегі әсерін зерттейтін сала. Бір ұлттың өзіне тән мәдениеті, соның ішінде әдет-ғұрып, салт-сана, наным-сенімі, салт-дәстүрі. Ендеше, қазақ әдебиетінің төрінен ойып орын тұрып алған, шығармаларының ішінде шоқтығы биік драмасы «Алтын сақина». Бұл шығармада қазақ қоғамындағы әділетсіздік-әйел теңсіздігі суреттелген. Дүние үшін көзқызартақан ененің ұл мен келіні арасына ірткі салуы, жазықсыз келінге жапқан жаласы, өз келінін өз ұлының қолынан бақиға аттандырған жауыз ененің дүниеқоңыздығы айтылады. Сағынтайдың көр соқыр қызғанышы санамен ойланбай, парасатпен пайымдамай сүйіп қосылған сүйктісін мерт қылуы сол кездегі қоғамның бет бейнесін ашып көрсетеді.

«Алтын сақина» драмасында қазақ қоғамына ортақ мәдениет тіл арқылы қалай бейнеленгені туралы сөз сабақтасақ:

«Халима. - Кешке нағашы апам шешемнің өлерінде көзімдей көр деп қолыма салған мынау алтын сақинаны сұрады, содан бері көңілім біртүрлі болып жүр» [3]. Ананың қызына берген мұрасы. Бұл жалпы қазақ қоғамында ертеден сақталған дәстүр.

«Тәуірше. -Келіннен мәз жасау келмеді деп, аузыңды ку шөппен сүртесің мынау жасау емес пе?» [3]. Келіннен келген жасау – ұзатылған қызға өз әке-шешесінің берген заттары.

«Сағынтай. - Асығыс шаруаларыңыз болмаса тағы да бірер күн жатсаңыздаршы(ішінен), тезірек кетсе садақа берер едім» [3]. Садақа беру-қазақ халқының жоқ-жітікке беретін көмегі, қазақ қоғамында қалыптасқан үрдіс.

«Жәния. Оңайлықпен секірте қоймаспын, балама тағы екі қатын алып берсем де малым жетеді...» [3]. Малға кім қыз бермейді? Қалың мал- қазақ ұлтына тән келін алардағы дәстүр.

«Жәния. Өлі аруақты қоя тұр, әуелі тірі аруақты сыйла. Өлген шешеннен біз арзан қалдық па?» [3]. Бұл тұтас сөйлемде қазақ өлген аруағын қатты сыйлаған дәстүрі және ененің құдағимен бақ таласы айтылған.

«Тәуірше. Келінді келген күні қолға алмасаң, көретін күнің осы» [3]. Қазақта «баланы жастан, келінді бастан» деп жаңа түскен келінді орнына қойып, сол үйдің заңымен жүруге бейімдейтін.

«Жәния. Сен қатыныңның көңілін жұбатасың...» [3]. Мұнда ұлын келіннен қызғанған ананың бейнесін көреміз. Әйел жанды деп ұлына таққан айыбын байқаймыз және ананың орынсыз қызғанышы.

«Сағынтай. Неге жылайсың? Басыңды жұтайын деп отрмысың ба? Болмаса байың өліп, басың қаралы, жүрегің жаралы болды ма?» [3]. Басын жұту-Өз басына көріну. Басықаралы- жақыны өмірден озып, қайғы жұту деген мағынада қолданылады.

«Халима. Малға сатып жоғалып, күң кып ұстау

Хайуандықты еркектер қояр ма екен» [3]. Малға сату- қазақ қоғамында қыздарды жас болсын, кәрі болсын еріксіз малға сататын, қалың малдың құрбаны болған ескі дәстүр қалыптасқан.

«Бану. - Қыз күнінді қоя тұр! Ақсүйек, алтыбақан, шілдехана, айт пен той енді түсіңеде кірмес» [3]. Ақсүйек- жастар жағы қыз-жігіттер болып ойнайтын ұлттық ойын. Алтыбақан- қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Тымқ кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Шілдехана - өмірге келген нәрестенің құрметіне жасалатын той. Айт - мұсылмандардың ұлы мейрамы.

«Халима. Көр азабы, қиямет бәрі өтірік шығар» [3]. Көр азабы - о дүниеге аттанған адамның бұл дүниеде жасаған күнәлерінің өтеуі. Қиямет- Акірет күні немесе Есеп күні – Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым.

«Жәния. Биенің екі иіні болды, мана кетіп еді суға әлі жоқ[3]. Мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді қазақ елінің тіршілігінің бір қыры.

«Бекболат.Үзіліп бара жатыр ғой, иман айту керек қой» [3]. Иман айту- ислам дініне сентін қазақ халқының жан тапсыратын адам ауызна иман салу шарифаттың заңдылығы болған. Бұл Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» драмасындағы қазақ халқы мәдениетінің тілдегі көрнісінің бір қыры.

Қ.Кемеңгерұлының әңгімері«Тұтқынның ойы», «Отаршылдық ұсқындары», «Қанды толқын», «Момынтай»,«Дүрия», «Ерлік жүректе», «Қазақ әйелдері»,«Назика». «Отаршылдық ұсқындары» шығармасындағы «...Бірде шабуылдаған бәйге атындай екпіндетіп жазғы жайлау той-тойлап, ойын ойнаған ерке елді суреттейді. Бірде өлімсіретіп, үзілдіріп, сауық-сайраннан айырылып кедейлік кезін киген, тобынан адасып, айдалаға қонақтаған қаздай жетімсіреп өзін өлең қылады...», Қанды толқында «... Жаз жайлауда жүйрік жорға мініскен, кербез-керім киіскен,», «Момынтай» әңгімесінде «Айт пен той, ақсүйек, алтыбақан Момынтайға арам астай. ... Өгізшелерінің үстінен аударыспақ ойнайды, әңгімелеседі, қорықтық ішіседі. Қу қойшылар жан торсықтағы айранын тастың түбіне жасырып келіп, момын қойшылардың айран-құртына ортақтасады» [3, 284 б.].

«Үлкен айт. Әр үйдің алдында буы аспанға шығып қазан қайнап жатыр. ... Қайта далаға шыққан кезде Момынтай екі ауылдың арасында көкпар алып құйындатып келе жатқан кер аттыны, оның соңында жау қуғандай тасұр-тұсыр шапқан көпті көрді [3, 286 б.]».

«Дүрия» әңгімесінде «...Бір кезде барымта, сойылмен жесір қайтаратын қазақтың жуасып қалғаны-ау. ... Қыз қашса, қазақтың шауып кетті дейтін әдеті ғой. Мен дүние құмар болсам, шіріп жатқан бай, атастырған күйеуіме барар едім..., «Ерлік жүректе» шығармасында «...Зәйраның ескі әдет-ғұрып шырмауынан шыға алмай еріксіз қосылған күйеуі өлгелі жыл өткенді. Ертеңінде Зәйраның өз әкесі Шалқарға қайын атасы Қарабай “Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді” деп Зәйраның артынан билеп, қырыққа келген баласына қатын үстіне алдыртпақшы болған. Мұнарадай мойны созылған, тай жүзген сабадағы қол қымызды желдей толқытып, піспекті құлаштай көтеріп, қара терге малынып, Қарабайдан мақтау аламын деп, Көбен байғұс күрс-күрс пісіп жатыр. Әр үйдің есігінің алдында жерошақта жылмандаған сиыр тіліндей қазанның қара күйесін жалаған жалыннан балық көзді ұшқын ұшып, көкке құлашын сермейді. «Апа мен сүт ішеін» де қозы тостағанын, кетік қасығын даярлап, қасқыр тартқан қозының құйрығындай... [3, 297 б.]».

«... Апырым-ай, Зәйраның сорына жауын болады-ау деп, күндіз белгіленген бақан мен аңыршақты алып отаудың жанына келді. Бақанды сыналай керегенің аяғынан жіберіп, көтермелеп аңыршақтың айырына салды да іжеңешетай, тез шық!і деп, күшті сабырмен шақыра баста...» [3, 300 б.]. «Жетім қыз» әңгімесінде «... Қыздың үстінде сауыншының киіміндей сауысталған, боршаланған еттей жырымдалған түйе жүн көйлек, басында

жабағыдай ұйысқан айдар, аяғы шаң-топырақтан бұлғарыланып, суықтан жарылған ағаштай тілімденіп кеткен...» [3, 300 б.].

Жазушы туындыларында жалпы халықтық тілдің лексикалық байлығын шеберлікпен пайдаланған. Соның нәтижесінде күнделікті қолданылып жүрген сөздер арқылы шындықты дәл көрсетіп, айқын да бейнелі, адамдардың ой сезіміне әсер ететін образдар туған. Кейіпкердің ауыр тұрмысы « сауыншының киіміндей сауысталған, боршаланған еттей жырымдалған түйе жүн көйлек» деген теңеулер арқылы көрініс тапқан. Әр проза кейіпкерінің тілінде қолданылған эмоционалды- экспрессивтік бояуы басым сөздер қаһарман бейнесін сомдауға жұмсалған. Қазіргі тілімізде сирек қолданылатын фразеологизмдерді талдау арқылы қазақ тілінің бай қорын ғана танып қоймай, ұлттық танымнан да хабардар боламыз. т.б.

Жоғарыда ұсынылған үзінділердегі тілдік бірліктер ұлттық этнографизмдерге жатады.

Әдебиет:

1. Әдебиет порталы // <http://old.adebiportal.kz/kz/authors/view/2383>.
2. Кемелгерұлы Қ. Шығармалары (даярлаған Р.Рүстембекова). Алматы, 1995.

МАҒЫНАЛАС ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ҚАТАРЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ МЕН ПРАГМАТИКАСЫ

Базарбек Б.Б.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 4 курс студенті)

«Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды. Сонымен қатар, мән мағынасы жағынаан үйлесе келіп, бірінің орнына –бірі балама болып та қолданыла беретінін ескертсек» [1, 111] айтылатын ой мен ұғым, түсініктің ұқсастығына қарай фразеологизмдерде синонимдік қатар құрайды. Сөйтіп сөйлеуші айтайын деген ойын мәнерлеп жеткізу үшін жай сөздерден гөрі бейнелі, суретті сөз тіркестерінің өзара мағыналас, мәндес түрлерін таңдайды. Мысалы:

Амал жоқ бөлмеден ұнжырғам түсіп, салым суға кетіп, шығып кеттім (38); Бисеновтың да мойнына су кетіп жүр (352).

Осындағы «ұнжырғасы түсіп», «салы суға кетіп» - деген синоним тіркестердің фразеологиялық мағынасы - бірнәрсеге ренжу. Келтірілген екі сөйлемдегі мысалдардан мағыналас тұрақты тіркестер арқылы бір ұғымды, бір түсінікті қабылдаймыз. Мысалы: Міне Өүрекең екеуінің арасындағы қыл өтпес жақындық осылай басталған (29).

Фразеологиялық қолдан жиналған тілдік фактілерді сараптай отырып, мағыналас фразеологизмдер қатарын талдауда олардың лексикалық синонимдер қатарына қарағанда елеулі өзгешеліктері бірден назар аудартады. Синонимдік қатарға енгізілген фразеологизмдердің өз табиғатынан туындайтын бұл семантикалық категорияның парадигмалары фразео – семантикалық топ құруға әрі оның фразеологиялық жүйеде орнын анықтауға мүмкіндік береді. Мағыналас фразеологизмдердің синонимдік қатарларының өзіне тән семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін анықтау үшін.

- синонимдік қатарлардағы тірек сөз (доминант) және тірек мағына немесе түсінік;
- мағыналас фразеологизмдер қатарының лексика-грамматикалық ерекшеліктері;
- синонимдік қатар құрамындағы кейбір тіркестердің көп мағыналылығы;
- мағыналас фразеологизмдердің ішкі формасына қарай мағыналық реңктері;
- синонимдік қатарлар құрамындағы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті мағыналық, стильдік реңктері;
- синонимдік қатардың коммуникативтік единица ретінде функционалдық қызметі сияқты мәселелерді қарастырған жөн.

Фразеологизмдердің ерекшелігіне байланысты, мынадай тағы бір сұрақ туады: Фразеологизмдерге тән семантикалық өзгешеліктің мәнісі неде? Бұл мәселе жайлы толық тоқтам басқа тілдердің фактілерін қамтудан келіп шығады. Жалпылай айтқанда, фразеологизмдердің (соның ішінде идиома) мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда, өз құрамындағы компоненттерге апарары даусыз. Бұл тұжырым тосын көрінуі де мүмкін, бірақ, басқаша түсінік, топшылауға жол жоқ. Фразеологиялық мағына тіл жүйесінен саяқ кетер дүние емес. Оның сырын, жасалу тәркінін сол әрігеректегі тіл құбылыстарының өзінен іздеу лазым. Айталық, қас пен көздің арасында (көзді ашып-жұмғанша), ит терісін басына қаптады (дымын қалдырмай сөкті), аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты (көк долы, тым ұрысқақ, айтпаған сөзі жоқ), жүрек жалғады (өзек талмастай, ана болып тамақтанды), жұлдызы қарсы болса (өшікті, араз болды), ақ түйенің қарны жарылды (қарақ боп қалды) деген сияқты сөз қолданыстардың туу себебін тілдің өз ішкі заңдарынан, қала берді, экстралингвистикалық факторлардан іздеу керек. Фразеологиялық тіркес сыры тым-ақ айқын. Фразеологиялық түйдек мағынаның тәркінін тану анағұрлым қиын. Жоғарыдағы бірінші тізбек уақыттың мөлшері көздің ашылып-жұмылуымен немесе қас пен көздің ара қашықтығымен салыстырылып отыр. Басқа тізбектер де осы сияқты: жағымсыздық символы «ит» сөзі арбаның арысындай өзгелерді тұтастыра ұстап тұр; «жүрек» сөзі жүрек жалғау деген тізбектің ұйтқысы болып тұр. Жұлдызы қарсы болды деген тіркестің шығуы «аспан әлемінде әр адамның меншікті жұлдызы болмақ керек» дейтін ескі наным-түсінікке жетектеуі ықтимал. Күн көрсетпеу мағынасы бүкіл тіршіліктің тетігі «күнмен» заңды ассоциацияланған; ал ақ түйенің қарны жарылды дейтін фразеологизм халықтың тұрмыс-салт ерекшелігіне сәйкесіп жатыр. Өйткені, түйе (әсіресе ақ түйе) өте сирек сойылатын мал, оның сойылуы үлкен оқиға, онда әрі орасан молшылықтың, «ырыстың» белгісі тәрізді сыр жатыр.

Фразеологизмдердің (демек идиомдардың да) бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына да сай келуі сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы белгілі ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Хронологиялық жалғас болсын, болмасын туынды мағына яғни фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген. Осыдан келіп, идиомдардың және басқа да тұрақты тіркестердің тілде өмір сүруі олардың экспрессив қызмет атқаруына тікелей байланысты деген қорытынды туады.

Осы тұста айтар тағы бір жайт бар. Туынды мән-мағына негізгі ұғымнан келіп шығуының түрлі жолы бар. Бірде тізбек ішіндегі сөздің семантикасы өзге қолданысқа еніп, тасалана өзгерсе, бірде сол нақтылы фразеологизмнің өзінде тұрып-ақ қосымша арқылы (деривация түрде) өзгеріп отырады; ал кейде уақыт белгілі бір мағына екінші бір ұғымға карама - қарсы келуінен барып туындайды [2.87].

Осыларға мысал келтірейік, жүрек жалғады мен жүрегі сазды т.б. дегендегі «жүрек» түрлі қолданыста тұрып, бөлек мәнге ие болып тұр; іші тар дегенді іштарлық десек, адъектив тұлға субстантив түрге енеді; сәуегей адам дегендегі алғашқы сөзді сәуегейлік десек, өзге компонент шыға келеді (сәуегейлік істеді т.б.); ақ жүрек дегеннің берер мағынасы қара жүрек ұғымына қайшы келіп тұр (мұны бір есептен, аналитикалық жол десе де болады); абыройын көтерді – абыройын төкті деген де солай.

Фразеологизмдердің қыруар тобы жуық мағына аумағында болып, синонимия категориясы өрістейтіні әркімге-ақ белгілі. Фразеологиялық мағына мен жеке сөздің лексикалық мағынасы тығыз байланыста болуын осы тұста (вариантас және синонимдес фразеологизмдерден) анық аңғарамыз. Арасына от жақты – арасын ушықтырды, азуы кере қарыс – азуы алты қарыс, иманы кәміл болды – иманы жолдас болды, сабасына келді – сабасына түсті, өшін алды – кегін алды, жүрек жалғады – өзек жалғады, байтақ дала – ен дала, т.б. ұлан-ғайыр тіркестер едәуір күнгірт дүниенің бет пердесін ашады. Басқаша айтқанда, еркін пен тиянақты тізбек әлмисақтан, ежелден іргесі бөлек емес, қат-қабаттасып

жатқан, тіл даму процесінде олар бертінде дифференцияланған құбылыстар деп түсінген жөн.

Қанша жалынып-жалбарынып, тізе бүгіп, айналып-толғанса да, құдайдан қайырым болмаған соң халық қу құдай, сығыр құдай, шұнақ құдай эпитеттерін табуы да заңды. Керек десең, ол құдайдың құлағынан да ұстап алады.

Ал фразеологизмдердегі синонимия торабы да атам заманғы еркін тіркестен шаң беріп қалады. Оған да бірер мысал келтірейік: тайға таңба басқандай – соқырға таяқ ұстатқандай; аузын аңқитып кетті – мұзға отырғызып кетті – сақал сипатып кетті (мұндағы «кетті» деген көмекші етістігі синонимика жүйесіне нұқсан келтірмейді). Осы жердегі әрбір синонимнің зат есім, етістік компоненттерінің жеке лексикалық мағынаға әсте тарихи немесе диахроникалық қатысы жоқ деуге болмайды.

Жоғарыда баян етілген жайттан туар тағы бір түйін бар: тілімізде фразеологиялық единицадан (фразеологиялық түйдек пен тіркестен) бөлек те тиянақты тіркестер бар. Осылардың байланысу жолын, айырма жігін әлі де толық тану керек. Фразеолог, лексикологтар бірлесе ынтымақты жұмыс істесе ғана нәтижелі қорытындыға келе аламыз. Мұнымен біздің айтпақ болып отырғанымыз мынау: фразеологиялық мағына тарихи төркіні ретінен лексикалық мағынамен астас келеді, іштей өзектесіп жатады. Солай бола тұра фразеология объектісі басы ашық мәселе, лексикологияның да ен таңбасы бөлек.

Халықтың тұрмыс-күйіне байланысты фразеологизмдердің, одан басқа да толып жатқан тізбектердің фактілерін молынан кездестіруге болады. Тек «түйе» малына, соның ішінде нарға байланысты фразеологизмдерге көз жүгіртейікші. Асыл қылышты қазақ нар кескен десе, күштілік, мықтылықты айтқысы келсе, нар жолында жүк қалмас дейді, немесе нардай екен, жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер дейді. Ерлік, қайсарлық, батырлықты да кейде осыған байланыстырып, нар тәуекел, жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді, жығылсаң нардан жығыл дейді. «Қымбат» ұғымын білдіргіміз келсе – ердің құны, нардың пұлы; қара нар, қалы кілем деп келеміз. Қабырғалы қара нар қабырғасын кессе, бақ етпес деген мақал шыдамдылық, төзімділікті білдірсе, ашуы жауған қардай, шөккен нардай деген тізбек үлкен ашу, қаһарлану ұғымын білдіреді. Түйе жисаң, нардан жи; сиыр жисаң, тарлан жи; арыстанға темір шынжырдың ауырлығы жоқ, жүк тартпаған түйенің нарлығы жоқ деген мақалдар нардың асыл, бағалы мал екендігінен туған болса, қасқиған қардан туады, салпы ерін нардан туады; нар баласы қырымға, ит баласы жырымға деген мақалдар адамның сыпайы, маңыздылығын нарға балаудан пайда болған. Бір нәрсенің ірілігін, биіктігін кейде нарға теңеп айту да бар. Қамыстың ең биігі, ең ірісін нар қамысдеп айту да осыдан шықса керек. Нар қамыс дегендегі «нар» сөзі парсы тілінен ауысқан болса керек деген де пікір бар. Бірақ бұл тілде ол «түйе» мағынасында жұмсалмаған. Қазақ өз тіршілігінің ауанымен бұл сөзді нарға бағыштап, бұрып қолданған болу керек.

Метафоралық мағынада қолданылатын жоғарыда көрсетілген мақал- мәтелдердің, тізбектердің қай-қайсысы болса да өмірде кездесетін жайттардың бір көрінісі. Осы сияқты төрт түлік малдың басқа түріне байланысты жасалған сөз тізбектері жөнінде де көп мысал келтіруге болады. Бақытты өмір, молшылықты қоймен де, түйемен де байланыстырудан қазақ қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, ақ түйенің қарны жарылды сияқты идиоматикалық тізбектер жасаған. Қойдан жуас мал болмайды. Сондықтан момын, жуас кісі туралы қой аузынан шөп алмас дейді.

Малдың түрлі қасиеттерін, бойында бар өзгешеліктерін ала бөтен бөліп алып, бірде сөзі түйеден түскендей, немесе түйе үстінен сирақ үйтіп деп, кісінің оңтайсыздығын түйенің сөлекет епсіздігімен салыстырып, бірде сиырдың бүйрегімен салыстырамыз. Сол сияқты кісіге тән мінез-қылықты жылқы малымен не жылқыға жуық нәрсемен үйлестіреміз. Қанжығадан қан, тебінгіден тер кешіп деген тіркес жауынгерлікті білдірсе, жылқы мінез деген біріне-бірі үйірсектікті, жуықтастықты білдіреді, бұл тізбек басқа мағыналарда да айтыла беретін сықылды, ал ер жетіп, адам бола бастаған кезін – ат жалын тартып мінгелі деуге де болады. Шығаннан шыққан ұрыны қазақ сары тоқым ұры немесе бау кеспе ұры т.б. дейді. Кежегесі кері тартып; үзеңгі жолдас; құйрық тістесіп; өрен жүйрік; атүсті қарады,

бірде бие, бірде түйе; ер қашты болды; жауырды жаба тоқыды; ерін бауырына алып тулады ашуланды сияқтылар да жылқы малына байланысты шыққан тізбектер.

Халықтың ескі әдетін, бұрынғы салтын білдіретін де толып жатқан фразеологизмдер бар. Біресе жарамсақтану, қоштау мағынасында айтылатын шашбауын көтерді, жыртысын жырты, сойылын соқты сияқты тізбектердегі «шашбау», «жыртыс», «сойыл» дегендер қазақтың ескі дәстүрінде болған дүниелер екені белгілі.

Фразеологизмдердің түп төркіні тым әріге кетеді. Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға, шағында-ақ талай-талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған. Тілімізде сол ежелгі дәуірлерден келе жатқан Қамбар ата (жылқышы ата), Шекшек ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шопан ата тәрізді тіркестер бар. Олар ескі наным-сенім бойынша төрт түлік малдың сақтаушысы, қорғаны, мифологиялық «иесі» болыпты-мыс. Күні бүгінге дейін сақталып жеткен отқа май құю, от ана, май ана, жарылқа! тәрізді фразеологизмдер ислам діні таралмастан көп бұрын қалыптасқан, шаманизм түсінігінен туған тіркестер.

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан көшіргені мәлім. Тілімізде соған орай туған толып жатқан тіркестер бар. Олардың бірқыдыруы жазба әдебиет, хиссалар арқылы, екіншілері сауда-саттыққа байланысты, үшіншілері дін таратушылардың уағызымен, тағы біреулері екі елдің күн көріс тіршілігіндегі ортақ ой-сана, дәстүр-тауқыметімен, түрліше ықпалдарға сай туып отырады. Мәселен, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде қазақ арасындағы тоғыз санына байланысты ырым-кәде, тарту-таралғы, айып-жазаның көбі монғол елінің мәдени тіршілігінен ауысқан делінген. Осыдан келіп тілімізде бір тоғыз, үш тоғыз, бес тоғыз, аяқ тоғыз секілді фразалар келіп шыққан секілді.

Әдебиет:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, «Мектеп», 1988
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Санат», 1993.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бәделұлы Жандос, 2 курс магистранты
(«Тұран-Астана» университеті)

Мақалада қазақ поэзиясындағы метафоралық қолданыстар талдауға түседі. Поэзия тілін талдау арқылы автор шеберлігі айқындалады.

В статье анализируются метафорические употребления в казахской поэзии. Также определяется мастерство автора.

The article analyzes metaphorical uses in Kazakh poetry. The skill of the author is also determined.

Кілт сөздер: *метафора, поэзия, көркемдік шеберлік, окказионализм, эпитет, гипербола, литота*

Ключевые слова: *метафора, поэзия, художественное мастерство, окказионализм, эпитет, гипербола, литота*

Keywords: *metaphor, poetry, artistic skill, occasionalism, epithet, hyperbole, litota*

Қазіргі қазақ лирикасына тән бір жетістік: шығармада өмір құбылыстарының бәрін тізбектей түсіндіріп, баян етуден аулақ болу, суреттің негізгілерін екшеп, қажет детальдарды іріктей білу. Соның бір көрінісі - Ұларбек Дәлейұлы есімді ақынның «Перғауын» өлеңінде мынадай қызық тіркеске де тоқтала кетелік:

«Тарихтың арманы:

Тек қана Нұқ келіп,

Топан су күшімен қоймаса нүктені» [1, 31 б.].

Тарихта арман болушы ма еді, деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Болашақтың баласы артқа қараса және өзі суреттеп отырған уақыт кезеңі шалғай жатса, тарихтың арманы деген тіркесті пайдаланбасын?! Бұрындары естімеген, тіркес көргенде мәнін, түпкі ойын түсінуге тырысу әр оқырманнан байқалары анық.

«Қасқайған қарқарадай Қызылтасым,
Жүректің оятушы ең жүз ынтасын,
Есіме түскен сайын кеудемдегі,
Сырнайын сағыныштың сызылтасың. [1, 36 б.]

Бұл шумақ Серікзат Дүйсенғазинның «Қызылтас» атты лирикалық өлеңінен алынып отыр. Бұл тыста «жүректің ынтасы, сағыныштың сырнайы» секілді метафоралық тіркестер ұтымды жұмсалған тілдік бірліктер деп санаймыз. Азамат Есалыұлының өлеңінде де ұлттық құндылығымыз, метафоралық тіркестің бір бөлігі ұлттық өрнек болып отыр. Қазіргі қазақ поэзиясынан дәстүр сабақтастығын көреміз. Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі метафоралық «мөдірліктің бесігінде» тербелу секілді метафоралық тіркес ұшырасса, Азамат Есалыұлында:

«Уақыттың еншісінде болады енді,
Бақыттың бесігінде тербелуім» [1, 41 б.], –

деген тармақтарынан сабақтастықты айқын аңғарамыз. Ақындардағы үндестік жиі кездесетін құбылыс.

Ақын шығармашылығындағы «Есілдегі ерке қыз сіз бе едіңіз?» деп басталатын өлеңнің екінші шумағынан:

«Сары дала Сарыарқаның төсіндегі» [1, 40 б.], –

деген тармақтан «Сарыарқаның төсі» метафоралық тіркесі – жалпы халықтық қолданыста бар тіркес. Бұл, әрине, жаңалық, бұрын- соңды қолданылмаған тіркес.

Жастар поэзиясынан тағы мысал келтірсек, Есаман Хамит ақынның шығармашылығынан «Менің Ләйлім» өлеңінде:

«Сен дегенде сертке берік жүрегіме,
Қайғының қара мөрі басылмасын.» [1, 48 б.]

Метафоралық тіркес «қайғының мөрі» қолданысын «қара» сөз-символы күшейте түскен. Ақын деректендіруді ұтымды қолданған. Осылайша ақынның айтпақ ойын түсіне аламыз.

Есжан Саян есімді кезекті жас ақынның «Түн. Үміт.» атты өлеңі:

«Тыныштықтың демімен күрең Өмір тыныстап,
Бір күнді ертіп барады арада Іңір жылыстап» [1, 55 б.]

Тыныштықтың демі, күрең өмір, өмірдің тыныстауы, іңірдің жылыстауы, күнді артынан ертіп алуы сәтті екшелген сурет- детальдар. Сәтті детальдар, шынайы сезім дамуынан өріліп шыққан бұл жолдар, лирикалық қаһарманның тікелей айтқан, өмір тәжірибесіне сүйеніп жинақтап жеткізген ойлары әсерлі де нанымды естіледі. Өлеңнің бүкіл бітіміне, рухына осы соңғы екі жолдағы қорытынды ерекше қызмет етіп тұрғаны анық.

Ерболған Ажар есімді ақын қыздың өлеңдеріндегі метафоралық тіркестерге тоқталсақ, жалпы өлеңдерінде батырлық рух, өршіл үн бар екендігі жақсы сезіледі және отансүйгіштік тақырыпқа арналған өлеңдерінде барынша ізденіп, тарихқа үңіле отырып бүгінгінің ұрпағына ой саларлық толымды дүние айтуға тырысады. Тіпті «Тауға кеткім келеді» өлеңінен-ақ батыл ойлы тармақтарды шерлі сағынышынан тарқатып жазатыны сезілген.

«Тау иісті дем бұрқырап санамда» -дейді бұл жерде ешқандай метафоралық тіркес жоқ, десе де талқыға салуға тұрарлықтай тармақ арқылы жастар поэзиясының күшін көрсеткіміз келеді. Ал тақырыпқа сай жүрелік десеңіз:

«Содан соң,

Өткеннің көз жасын

Қайралған кегіммен құрғаттым!» [1, 66 б.], –дейді.

Көркемдік тұрғыда сөз қолдану диапазоны кең әрі тіл байлығы жағынан да бір сүрінбей көрікті ойдың жемісінен дәм таттыратыны қайран қалдырады. Өткен уақытқа жан бітіреді (көз жасын төгеді), кешегі тарихымызда орын алған келеңсіз, әділетсіз жайттарды меңзегені анық. Бұл тармақтар ақынның «Астана – арманның аңызы» өлеңінен алынып отыр. Аңғарсаңыз атауының өзінде метафоралық тіркестен тұрады.

Өзінің «Он сегіз» атты лирикалық өлеңінде:

«Сағынышы ақтармаған басқаға,

Бара жатты мезгілдің жанарынан үзіліп.»

-деп қайырады да, келесі шумақта:

«Ал жүректе дір еткен бір арманның келбеті

Өкінішке оранды, күз де кетті күтпей де..» [1, 66 б.]

«Мезгілдің жанары, арманның келбеті» секілді метафоралық тіркестерін еркін пайдаланып, өзінің шығармашылығын шындай түсу жолында біраз жетістікке жеткендігін айқын аңғара аламыз. Өмірде айрықша жұлдызды демесек те, назар аударарлық сезім өрнектері, сәттері, арпалыстары аз ба? Бар жарасты қылық, кенеулі сезімдердің бәрі ерен биікке, сұрапыл айқасқа апарып соқтыра бермеуі мүмкін. Бірақ заңғар емес деп бой созғанның бәріне мұрын шүйіру жөн бе? Тіпті асқан асуларды тамашалап қана қоймай, әлі жетпегендерге назар аудару көп ой салмай ма? Ол да жаңа бір шырқау шыңдарға қадам басуға адамды итермелесе ше? Лирикалық бейненің, бойжеткеннің алдымен *арманның дір етуі*, бірақ, сол арманның өкінішке орнауы, көңілге әсерлі болуына әкелмей ме?! Одан кейін күздің де күтпеуі ше? Қыз сезімін өзіндік бір ойнақылықпен бейнеленуімен де ақын оқырманда тың, көп қырлы сезімдерді балалатады: Жоғарыда Есжан Саянның өлеңінде біз «тыныштықтың демі» метафоралық тіркесін кезіктірген болатынбыз, ал Бауыржан Қарағызұлының «Ақын рухымен серттесу» атты өлеңінде осыған ұқсас метафоралық тіркесті көреміз.

«Жан мұңын сөйлетіп,

Ар құнын құлпыртып,

Алаштың демінен Жұмақтың суретін билетіп» [1, 87 б.]

- деген тармақтарынан «Алаштың демі» деген метафоралық тіркес. Ар құны, Алаш демі, Жұмақтың суреті деген метафоралар қатар келіп, өлең идеясы сәтті шығуы үшін қызмет еткен.

Жалпы Бауыржан поэзиясында «төс» сөзі жиі ұшырасады.

«Тұранның төсіне жұлдызды ойлары жамырап...

Қаламның ұшынан Әлемнің сезімін түрленткен»

сонымен қатар:

«Арқаның төсіне айбарлы Астана орнатып,

Алаштың мерейін тасыттым!» [1, 88 б.]

Ал Ажардың «Ей, түн!» деп аталатын өлеңінде мынадай тың қолданыстар кездесті:

«Тірліктің түртіп қара түн өзі сөйлесін,

Кеудесін өлі,

Шашылған «жолдар» жақтағы» [1, 67 б.], –

дейді. «Тірліктің кеудесі» деген тіркесі –оказионалдық қолданыс. Мұндағы тірліктің кеудесі деген соншалықты әсерлі естілмеуі мүмкін бірақ, өлі сөзі манағы тірліктің кеудесінде жанның, қимылдап соғар жүректің жоқтығын меңзеп тұр. Ал «шашылған жолдар» дегені сан қилы тағдырларға бастайтын өмірдің жолы емес пе?! Сөздің түбін түсіре жазғаны өз алдына, кеудені өлі дегені мейірімсіз дегенді жобалап айтқаны деп түсінуге болады.

Ақынның жыр қоржынында:

«Тылсым түннің құшағы қарсы алғанда,»

Немесе:

«Таң атқанда тарылып мұңның демі» [1, 68 б.], –

деген де тармақтар бар. «Түннің құшағы» дегені ақын өзін лирикалық кейіпкер есебінде қойып, түнге түн болғанда жай түн емес, тылсым түннің жаюлы құшағына еніп, орындалмаған армандарына өлең оқиды. Ал Бауыржан Қарағызұлының да туындыларында:

Әлдилеп даламның дұғалы құшағы» [1, 91 б.]

Бұл тармақта даланың құшағы метафоралық тіркесі назарға ілігеді. Жоғарыда айтқан түннің құшағы мен даланың құшағы ұқсас келгені мен жастар поэзиясы сана сыртындағы дүниеге құштар болатындығы осы жерден байқалады. Жоғарыда «тылсым» түн болса, Бауыржанда «дұғалы» дала. Ал келесі тармақтағы мұңның демі деген тіркестің көркі тармақты тұтас қарастырғаныңызда ғана келетін сыңайлы. Бұған себеп, манағы түндегі мұң, таңға жақын ұмытыла бастайтындығында жатыр деп топшылаймыз. Ақын қай тақырыпта жазбасын, әйтеуір асқақтамауы керек, әйтеуір ойшыл, әйтеуір кеңпейіл, немесе әйтеуір сыршыл да болмасын- соның бәрінде ол өзінше ойшыл, сыршыл, кеңпейіл болсын. Ақынның дара көңіл-күйі ұсақтауға әкелмесін. Тамшының бұлаққа, бұлақтың өзенге, өзеннің дарияға құятыны тәрізді, ақынның әр өлеңінде оның өзіндік «менімен» қатар сол «меннің» жалпы адамзаттық сезімге көтерілуі шарт.

«Тас қаланың қаратып қабағына,

Қарсы алады тағы да бір күн мені» [1, 68 б.]

«Қаланың қабағы» деген метафоралық тіркесі, жай қала емес, тас қала деген бірліктегі айтар ойды тереңдетеді.

Жүсіп Салтанат есімді ақынның «Жыр – жайнамаз» өлеңінде мынадай ғажап метафоралық тіркес көзге түсті:

«Жыр – жолсерік. Жапан дала. Келемін.

Тағдырымның кермек дәмін татып ап» [1, 69 б.]

Тағдырдың дәмін тату ерекше сөз саптау, алайда тіркес ортасындағы эпитет тағдырдың қандай екендігінен сыр шертіп метафоралық тіркеске ерекше реңк бере түскен. Кермек дәмі – эпитет арқылы тағдыр жолының жеңіл емес екендігін аңғарамыз.

Ал келесі тармақтарында ақын бізге жоғарыда біршама талқыланып талданған Тыныштықбекті еске салды. Қалай деңіз?!

«Жарық күнге жырымды оқып беремін,

Қара түннің қойнында жатып-ақ» [1, 70 б.]

Жүсіп Салтанат өзіндік көзқарасын таңдайындағы тәтті жырмен кербез кескіндеген. Күнге деген ғазал жырын түннің қойнында жатып-ақ оқып беремін дегені де сыртқа шықпас ұяң сезімнің жарқыншағы болса керек.

Сөз саптауға келгенде ақын әр өлеңінде күнделікті тұрмысқа, өзінің ішкі көңіл күйіне үлкен шеберліктің шыңынан қарайтын секілді. Сөзімізге дәлел:

«Қалтамнан алып жартылап қалған,

Жартылығымнан жұтамын,

Өн бойым өксік, қалтырап таңнан,

Көңілдің сынған бұтағы» [3, 18 б.]

Бұл тармақтарды ақын «Қаңғыбас-2» өлеңінде жазады. Қалтасынан алып ішкен жартылығы ішімдік екендігін аңғартып тұрған ол, қайғысын жеңілдетпек боп ішкен адамның кескінін алғашқы екі тармақта суреттесе, өн бойы өксікке толып қалтырап жылағандығын осы метафоралық тіркесті пайдалана отырып суреттейді. «Көңілдің бұтағы» метафоралық тіркесі өзінің көркемдігімен сынған эпитетіне қарыздар.

Ендігі «Ғаріп» атты өзінің кезекті өлеңінде:

«Үміттің бұрқыратып тозаңын,

Құстар ұшты жүрегімнен топтала» [3, 32 б.]

Бұл тұста ақын көркемдікті метафоралық тіркеске артып отырғандығы жақсы сезіледі. «Үміттің тозаңы», яғни үміті шаң басқан, ал шаң ұзақ уақыт қараусыз қалған дүниеде болатыны белгілі. Ал енді келесі тармаққа назар аударалық, құстар ұшты жүрегімнен дегені және сол тозаңды бұрқыратып ұшқаны, жаңа сезімдердің лып етіп сыртқы құстарша ұшып шыққанын айтады.

«Арда еміп, адал туып өскенменен,

Ауылы адалдықтың көшкен менен» [3, 38 б.], –

дейді. Бұл Маралтайдың «Құйын» атты өлеңінен алынған тармақтар. Адалдықтың ауылы метафоралық тіркесі өте ұтымды сөз қолданысы, тіпті, метафоралық тіркестен кейінгі тұрған сөз соны айшықтап тұрған секілді. Адалдықтың ауылы көшкен менен дегені, лирикалық кейіпкер есебіндегі өзінің енді адал емес екендігінің астын сыза айтып тұр.

Тыныштықбектің өлеңдерінің арасында:

«..Күдігімнің уысынан күрең сөзді босаттым» [2, 67 б.], –

деген метафоралық тіркес кездесе, Маралтайдың да шығармашылығында, атап айтсақ, «Жаза» өлеңінде:

«Құс қайтқанда қиқулайды жүрегім,

Уысында тағдырымның қан-күрең» [3, 44 б.] - деп беріледі.

Жүрегі тағдырдың уысында екендігіне екпін түсіре Маралтай да метафоралық тіркесті өз орынымен пайдаланған. Күрең сөзінің символдық мағынасы өлең идеясына қызмет еткен.

«У қайтару» деп аталатын өлеңінде де ақын тағдыр сөзін метафоралық тіркесте пайдаланады. Контексте:

«Қаламымда тағдырымның кермегі» [3, 54 б.], –

деп «тағдырдың кермегі» метафоралық тіркесімен-ақ жазып жатқан дүниелерін өткен өмірінің келеңсіз сәттері, әттеген-айлары екендігін кермек сөзімен беріп отыр. Ақын осы өлеңінде өз мұңын ғана алға тартып отырған жоқ, жырға негіз болған отансүйгіштік сынды бекзада сезімнің де рөлі зор. Оны қайдан аңғардық:

«Қайдан табам тарихымды тоналған?!

Тар жатырын жарып шыққан құлдықтың,

Сәби-елге сәулеңді құй, о, жалған» [3, 54 б.]

«Құлдықтың тар жатыры» дейді. Тар сөзімен ыңғайсыздықты, қысымды әшкерелесе, жатыр дегені не болды?! Топшылауымызша, жатырдан шығу, жаңа дүниеге аяқ басу, жаңа өмірді, жарық дүниені көру, ақыр соңы өсу және өну деп түсінген абзал. «Құлдықтың жатыры» метафоралық тіркесінен-ақ ақынның сөз қолдану аясының кеңдігін аңғаруға болады емес пе?

Мирас Асан есімді жас ақынның жырларында мынадай назарға ілігерліктей тармақтар кездеседі.

«Шамымның жарығына пәруана өліп,

Жанымның жалынына ғалам құлап.» [4, 18 б.]

«Жанның жалыны». Фариза Оңғарсынованың жырларында махаббат оты, махаббат жалыны дегендей тіркестер болғаны рас, ал жанының жалынына ғаламды құлату басқа өлеңнен кездеспейтін дүние деп айтуға негіз бар.

Енді бір өлеңінде Мирас Асан былай сөйлейді:

«Көйлегін түннің түймелеп қойған,

Жаутаңдап тұрған жанары артық-тын!» [4, 39 б.]

Ақынның түн дегені тура мағынадағы түн емес, лирикалық өлеңді оқи келе түн - бұл ару қыздың көздері деп аужайлаймыз. Келесі шумақта ақын ақ көйлек түн дейді. Көз алмасының айналасы ақ түсті боп келетінін білетін боларсыздар. Осы тұста метафоралық тіркес «түннің көйлегі».

Ал Айжан Тәбәрәктің «Маған бүгін» өлеңінде:

«Тым болмаса мөлдір мұңға мендегі,

Тимесе екен Тағдырымның жебесі»[1, 155 б.]

Мұнның мөлдірлігі дегеніміз тазалыққа екпін жасап айтқандығы, демек бұл қасіреттің мұңы емес, жауапсыз балаң махаббаттың мұңы деп толық сеніммен айта аламыз. Бірақ бұл жердегі метафоралық тіркес ол емес, «Тағдырдың жебесі». «Мөлдір мұң» тіркесі де ерекше сөз қолданысы, бір-біріне қарама-қарсы ұғымдардың тіркесіп, бейне жасауы. Ақын «мұң» сөзіне «мөлдір» сөзін тіркестіру арқылы лирикалық кейіпкер жанындағы мұнның көптен бері оны мазалап жүргендігін байқаймыз. «Мөлдір» метафоралық эпитеті «мұң» дерексіз ұғымын заттандырып та тұр. Тағдыр қаталдық танытпаса екен деген ниетті сөзден туындаған. Өлеңді оқыған әр оқырман құрбыларының ғана емес, өзінің де өткені мен бүгінгісі туралы ойға кетеді. Сөйтіп өлең бір адам өмірін, өзіндік өкінішін бере отырып, мыңдардың сезіміне қозғау салады. Біздіңше, жеке бастың көңіл-күйін қуалап отырып та әлеуметтік арна таба білудің бір үлгісі- осы өлең.

Міне, мұның бәрі тақырып таңдаудың ұсақ- түйек еместігін көрсетеді. Егер ақынның өмірді тануы саяз болса, білімі, ізденісі жеткіліксіз болса, ең тамаша деген тақырып та оған абырой әпепе алмайды. Керісінше, ақын өмірді сан қырымен алып, кең таныса, не бір «ұсақ-түйек» делініп жүрген тақырыптың өзінен аса мәнді өлең тудыра алмайды. Тақырыпты таңдау бар да, меңгеру бар. Басты назар ақынның нені жазуына ғана емес, оны қалай бейнелеуіне аударылған кезде, тақырып мәнін бұлдап, көркемдігі солғын шығарма жариялаушыларға тосқауыл қойылары анық.

Әдебиет:

1. Азаттық таңындағы азат жыр. -Қарағанды: «Экожан» ӨК баспаханасы, 2012. –174 бет.
2. Әбдікәкімов Т. Шығармалары. -Астана: «Фолиант» баспасы, 2013. - 344 бет.
3. Райымбекұлы М. Асау. -Алматы: «Атамұра» баспасы, 2014. – 176 бет.
4. Асан М. Сүйесің, жүрек, сүйесің. -Астана: Мұқабә баспасы, 2018. – 208 бет.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ СӨЗ ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Бәделұлы Жандос

(«Тұран-Астана» университетінің 2 курс магистранты)

Мақалада қазақ поэзиясындағы метафоралық қолданыстар талдауға түседі. Поэзия тілін талдау арқылы автор шеберлігі айқындалады.

В статье анализируются метафорические употребления в казахской поэзии. Также определяется мастерство автора.

The article analyzes metaphorical uses in Kazakh poetry. The skill of the author is also determined.

Кілт сөздер: *метафора, поэзия, көркемдік шеберлік, окказионализм, эпитет, гипербола, литота*

Ключевые слова: *метафора, поэзия, художественное мастерство, окказионализм, эпитет, гипербола, литота*

Keywords: *metaphor, poetry, artistic skill, occasionalism, epithet, hyperbole, litota*

Әр ақынның поэзия әлеміне еніп, қара сөз қаймағын қалай құлпырта шебер қолданғандығын талдау бүгінгі күндегі кезекті мәселелер қатарын құрайды. Мұнда әр ақын сөз өнері әлеміне құйынды құбылыс болып, қара сөздің қаймағын ағыза жырлағанына куә боламыз. Тіпті сөз қолданысының өзі поэзияны жіліктеп қараған кезде, тонның ішкі бауындай етене байланысқан көркемдеуіш құралдарды айқын байқаймыз. Шеберлікпен дәл қолданыс тапқан ұқсатулар, салыстырулар, теңеулер, әсірелеу, айшықтау, ауыстыру тб. бәрі де өз орынын тауып, мағыналық тұтастыққа зиян келтірмей, лирикалық туындының тұтастай үйлесімділігін паш ете отырып, поэзия жанрындағы тамаша туындылар оқырман көңіліне әсер етпей қоймайды. Құлпырған кетелі поэзияны әдебиет әлеміне әкеліп жатқан жастардың сөз қолданысы баға жетпес байлық. Олар жеке бас тауқыметін суреттеп қана қоймай, асыл құндылықтарды алға тарта ұлықтап, адамзатқа зиянды дүниеелерді аяусыз әшкерелей отырып, әдебиет кеңістігіне нық сеніммен адым басқандығын аңғарасыз. Осы тұста метафоралық тіркестерді қалай қолданғандығына талдау алдымызға қойған мақсат болды.

Ұазіргі поэзия тілін талдау барысында әр ақыннан жаңашылдық болып саналатын дүниеелерді кездестірдік. Метафоралық тіркестердің көңіл тойдырар қасиеттерінің бірі ақын стилін айқын бақылауға мүмкіндік береді.

Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Алтай-Ертіс» баспасынан жарық көрген шығармалар жинағын алып, ақын туындыларын талдап көрсек, «Мерей» өлеңінде Тыныштықбек Әбдікәкімұлы өметафоралық тіркестердің стильдік қызметін ұтымды жұмсаған.

«Мамырдың майын бұлттар бүркіп өтіп,
Топырақ жапырағын маздатады» [1, 25 б.].

Мұндағы «мамырдың майы» дегенге тоқталалық. Ақын жаңбырды маймен ауыстырған. Оккозионалды қолданыс деп толық сеніммен айта аламыз. Май бұл өсімдіктің болсын, сүттің болсын негізгі нәрі болып табылатынын білеміз. Мамыр айындағы жаңбырдан кейін шөптің қалай көктеп өсетіні ешкімге де жаңалық емес шығар.

Осы өлеңді ақын мына шумақпен аяқтаған екен.

«Сезімнің сынықтарын құрсар күйді,
Сен осы маған қазір қисаң қидың! –
деп түнгі құрбым отыр...

Омырауынан

Бүр жарған жұлдыздардың иісі аңқиды...» [1, 25 б.]

Ақын қашанда ізденіс үстінде жүріп, мүмкін емес дүниені де жырларында нәзік жеткізуге бар күшін жұмсайды. Мұндағы «сезімнің сынықтары, жұлдыздардың иісі» секілді метафоралық тіркестер еріксіз таң қалдырады. Сезімді сындыру, болмаса аспандағы жарық жұлдызды иіскеу кімнің қолынан келген дүние?! Ақынның жұлдыздардың иісі аңқиды деген қолданысы да соны қолданыс. Бүр жарған деген бірліктер де сәтті қолданылған эпитет, алғаш бір жарған, ағаш болсын, гүл болсын жұпар иісін аңқытып сезімге әсер етері сөзсіз.

Табиғи құбылыстарды мейлінше шебер суреттейтін ақын, «Түнгі күзет» өлеңінде де осалдық танытпады.

«Дем алармын, желіні сыздап таңның,
козы-бұлттар жамырап емген кезде» [1, 26 б.], –

дейді.

«Таңның желіні» сөзсіз метафоралық тіркес қызметін атқарып тұр, алайда тіркестің сыр-сымбатын аша түскен келесі тармақ болып отыр. Қозы-бұлттардың жамырап күннің айналасында жүрген сәті. Бейнелі тармақтардың негізі метафоралық тіркес болып отыр. Ақын қазақ танымына сай ұлттық өрнек айшықтарын ұтымды қолданған.

«Түз тағысы» атты кезекті өлеңінде ақын:

«...Тағдыр-ай, кей жылдары кекесін ең,...

Кездестік қиындықтың көкесімен...» [1, 29 б.]

Бұл тұста да «қиындықтың көкесі» метафоралық тіркес, әрі деректендіру бар. Автор халықтық қолданыстағы үлкені деген ұғымды ауыспалы мағынада беретін «әкесі» деген сөздің орнына «көкесі» деп қиындықтың өлшемін бере білген.

«Онда да, дәл осындай төл кезінде,

Ауылдың қасқыр ұлып желкесінде» [1, 29 б.]

Мұндағы «ауылдың желкесінде» деген метафоралық тіркесі көз алдыңызға ауылдың сыртында ұлыған қасқырды елестетіні айқын. «Ауыл сыртында» сөзін ақын «желкесінде» деп қарапайым қазақтың сөзімен-ақ әсерлі жеткізе білген. Қазақта «желкесінде тұру», «желкесі су көтермеді», «желкесіне мінді», «желкесінен түспеді», «желкемнің шұқырын көрмейін», «желкесін қиды» тб сөз тіркестері бар екенін білеміз. «Желке» сөзімен келген тіркестердің көпшілігі ұнамсыздық туғызады. Демек, қасқырлардың ауылға өте жақын қашықтықта болғаны қауіпті екендігін білдіреді. Ауыл тұрмыс-тіршілігін жітік білген ақын туындыларында дәлдікпен жеткізе алған.

Өмірге деген өзіндік көзқарасы, сөзсаптауы бар ақын метафоралармен ғана емес, эпитеттерді, гипербола мен литотаны да сезімде ойната, әр нотасын нық қойып, бұрын соңды естімеген поэзия әуенін алып келеді. «Түсжорыған» өлеңінде ақын

«Төл науқаны ұлғайтар іс көлемін.

Төбемізде – түйе-бұлт, кішкене Күн.

Күні бойы қой бағып,

Түні бойы

Қозы иісіндей қоңырқай түс көремін» [1, 32 б.], –

деп келеді де, негізгі асқа тұздық құйып алыңдар дегендей назарымызды ғылыми жұмыстың өзегі болып отырған метафоралық тіркеске алып келеді. «Қозы иісіндей қоңырқай түс» теңеулі эпитет арқылы сурет жасалып тұр. Бұл да автор қаламынан туған шеберлік.

«Жүрегімнің құлағы, сірә түрік» [1, 32 б.], –

дегендегі ақынның айтпағы – жүректің сақ екендігі. Абайда «Жас жүрек жайып саусағын, // Талпынған шығар айға алыс.» десе, «жүректің құлағы» тіркесін қолданған. Бұл тіркес те окказионализм, ақынның шеберлігін айқындап тұр.

Сөзімізге дәлел:

«жатыр неге қыңсылап сендік жүрек –

Көз ашпаған бір мұңның бөлтірігі!..» [1, 34 б.]

Жүректі мұңның көз ашпаған бөлтірігіне ұқсату бұрын соңды болмаған. «Боранды түнде» өлеңінен алынған бұл метафоралық тіркесті қарастырсақ, жүректің көзсіздігін жаңа туған бөлтірікке ұқсатқаны қандай ұтымды болғандығын, ал осыған негіз болған метафоралық тіркестің («мұңның бөлтірігі») ұтымды қолданыс, ақын шеберлігі екендігін алға тартуға толық негіз бар. Тағы да Абайға оралсақ, «адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан ой» жолдары еске түседі. Абайда – ой, ұлыған күшік, Әбдікәкімде – мұң, қыңсылаған бөлтірік. Екі ақын да лирикалық кейіпкер басындағы мұң, уайымды, қажытқан ойды жеткізген.

Естеріңізде болса, айта-айта ауыз ауыратындай-ақ болған, талай ақынның жырында жүрген метафоралық тіркес «көкіректің көзі» болатын еді ғой. Бірақ осы тіркестің дәмін ажыратпай басқаша қалай қолдануға болады десеңіз, Тыныштықбектің «Мамыр» өлеңінен табасыз.

«Көкіректің маздатып қарашығын,

Қос көбелек зиреге таласуын!» [1, 36 б.].

Қараңыз, айналаға адами көзбен емес, ақын көзбен, көкірек қарашығымен қарап тұр. Қарашық, көздің негізі! «Қазақта көздің қарашығындай сақтау» деген тұрақты тіркес бар.

Көздің аяулысы, сыртқы әлеммен байланысы емес пе?! Сондағы ақынның айтпағы көңіл көкжиегіне қондыра қарау. Оның үстіне маздатып деген сөз метафоралық тіркесті одан әрі көркейтіп отырғандығын қараңыз. Әшейінде от маздайды, басқаша айтсақ өршиді. Көкіректің қарашығымен сүйсіне көз айырмай қарауды ақын маздатып деген сөзбен-ақ нысанаға дөп тигізіп отыр.

Дене мүшелерімен ұштастыра суреттеуге келгенде де ақын шеберлігі айқын көрінеді. «Бір тал үкі» атты өлеңінде былай дейді:

«Бауырым, қойшы ұлының сөзіне сен.

Сен оның көзіне сен, әсіресе:

Жартастың үкі ұшатын қолтығынан,
жантайып жарықтық Ай есінесе» [1, 37 б.]

Сөз саптауға келгенде алдына жан салмағаны сезіліп-ақ тұрады. «Жартастың қолтығы» метафоралық тіркесі арқылы көз алдымызға мінсіз табиғаттың кескін келбетін әкеп, тұңғиық сезімдерге қарай жетелей жөнелетіні рас. Қолтық дегеніміз қолы бар жаратылыс иесіне тән, ал жартастың қолтығы болса, аспанға қол созған биік жартастар көз алдына еріксіз елестейді емес пе?! Ақын соңғы тармақта айды жанды бейне ретінде алғанына зер салсақ, жантайып жарықтық ай// ай есінесе. Фариза Оңғарсынованың поэзиясында шалқасынан құлап жатқан айды кезіктірген едік, мына жолдарда есінеп жатқандығы тың қоолданыс. Ақын жоғарыда келтірген метафоралық тіркесті осы өлеңінде қайталап өтіп, басқаша әрлей білген.

«Жартастың қолтығында ұя жатыр,

Ұяда сағым жатыр қыңсылаған» [1, 37 б.], –

деп қайырады.

Сағым – дерексіз, жыр жолдарында күшіктей қыңсылайды. Ақындардың көпшілігінде «күшіктей қыңсылау» тіркесі кездеседі. Мысалы, І. Жансүгіровте: «Бір кезде бебеу қағып, күшіктей боп, //Қыңсылап, сыңсығандай күй жылаған» тб. Ал сағымның қыңсылауы – автор қаламына тән ерекшелік

Тыныштықбек Әбдікәкімұлы «Жансусар» өлеңінде де метафоралық тіркестердің қызметін мейлінше арттырған.

«Шаңырақтан тік түскен найза-сәске,

Сүйегіне сандықтың тұр шаншылып.

Үліндей бұлттардың қанатының,

Ойхой, Далам – Қазағым – Ана тілім!..» [1, 39 б.]

Найза сәске деген метафоралық тіркеске, жарықтың «сандықтың сүйегіне» түсуі, күн қызуын айырықша жеткізгені сондай, шаншылып тұр дегені көз алдымызға суреті келеді. «Бұлттардың қанаты» соншалық таңырқайтын тіркес болмаса да өлеңнің шырайын келтіргені сөзсіз. «Шаншылып» сөзі күн сәулесінің төбеден тік түсіп тұрғанын білдіреді.

«Уға айналған көз майы» өлеңінде ақын мынадай метафоралық тіркестері ұсынған:

«Түйсіктердің сайрағыш тілі қане»,

және:

«Жұлдыздардың шырынын ұрттағыш таң»,

сосын:

«Қара шашы дауылдың қамалаған...» [1, 47 б.]

Жоғарыдағы мысалда ақын жұлдыздардың иісін аңқытса, ендігі кезекте жұлдыздардың шырыны жайлы айтып отыр. Шырынын ішті деп жұлдыздардың сөнуін осылайша көркемдеп жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермес дүние.

Манағы тұста «дауылдың қара шашы» секілді метафоралық тіркесте поэзия тілін әрлеген.

«Ашкөзділік мылтығын әлі ұстап жүр,
Тік тұрғызып таулардың төбе шашын» [1, 48 б.]

Бұл жерде де дәл осы сирек кездесетін феномен орын алғаны көзге оттай басылып-ақ тұр. «Ашкөзділіктің мылтығы» деген де аз ойландыратын дүние емес. Ашкөзділіктің де жаралай алатын қару екендігін ақын осылайша ұқтырған сыңайлы. Алып таулардың өзі «төбе шашы тік тұрады», әсірелеуді де ақын жалынды жырына таңдап алған.

«Тозақта» өлеңін алсақ, ақын сомотизмдерден метафоралық тіркес жасап, поэзия тілін тағы бір мәрте шұрайланырады.

«Мұңсызда аман болғанмен, құнсызда аман,
Көбелектер бітті өліп жұлдыз табан.
Қаталаған-шөлдеген шерлі түздің,
Шекесінде күлтілдеп Күн сыздаған!» [1, 50 б.]

Қаталаған түз, шерлі түз, күннің сыздауы күз салқынын танытса керек, күлтілдеп-экспрессоиды да бере ойды толықтырған.

«Ақшамның әр адымын баспалар түн.
Ағаңның бар табары – шашты ағарту» [1, 63 б.]

Ақшам жарығынан кейін біртіндеп адымдап жер бетіне түн қараңғылығының жайылып келе жатқаны еріксіз көз алдына келетіні – сөз өнерінің кереметі.

Қазіргі жастар поэзиясын қарастырсақ, метафоралық тіркестердің қолданылу ерекшеліктері де айырықша. Ербол Бейілханның «Күз көңіл» туындысында:

«...Алтын күздің көзі тиіп, жаз өлді» [2, 26 б.]

Еш күмән, күдіксіз мұндағы «күздің көзі» метафоралық тіркесі есебінде тұрғандығы тайға таңба басқаннан бетер анық көрініп тұр. Бұл тұста халықтың наным-сеніміне сүйенген.

«Жүрегің кіршіксіз,
мөп-мөлдір қайыңның сүтіндей» [2, 26 б.]

Қайыңның сүті, мұндағы қайыңның шырынын «сүт» деп алмастыру арқылы ақын тазалық, нәр мағынасын берген. Қазіргі қазақ поэзиясы тілін талдау арқылы біз сәтті детальдар, шынайы сезім дамуынан өріліп шыққан бұл жолдар, лирикалық қаһарманның тікелей айтқан, өмір тәжірибесіне сүйеніп жинақтап жеткізген ойлары әсерлі де нанымды екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиет:

1. Әбдікәкімов Т. Шығармалары. Астана: «Фолиант» баспасы, 2013. - 344 бет.
2. Азаттық таңындағы азат жыр. Қарағанды: «Экожан» ӨК баспаханасы. 2012. – 174 бет.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Бегалиев Е.Ж. техника ғылымдарының магистрі,
Сейтмуратов А. п.ғ.д., Әлімбаева Г.Б. п.ғ.д.,
Исаева Г.Б. п.ғ.к., аға оқытушы
(Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті)

Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі білім берудің құрылымын, мақсатын, мазмұны мен технологиясын өзгертті. Білімді, білікті, дағдыларды бұрынғыдай механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, инновациялық идеялардың қуат көзі болатын,

жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын болашақ маман тұлғасын қалыптастыру басымдылық болып табылады.

Осыған сәйкес білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызды міндеттер қойылып отыр:

- педагогикалық білімнің мазмұны мен әдістерін жаңарту;
- педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауда теориялық және практикалық инновациялық бағыттарды анықтау;
- оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологияларын енгізу;
- кез келген жағдайда өз бетімен оң шешім қабылдай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра білетін және оны тиімді жүзеге асыру жолдарын анықтай алатын, өзіндік білім алу траекториясын құрастыра алатын, оны тиімді жүзеге асыра білетін интеллектуалды тұлғаны тәрбиелеу, яғни адами капиталды қалыптастыру.

Болашақта көп қырлы тұлға қалыптастыру үшін негіз де дәл сонда қаланады.

Қазақстан жалпы экономикалық та, әлеуметтік және ғылыми білім беру тұрғысында да алға озған ел. Онда ТМД елдерінде, көбіне-көп әлемде де енуі ғана талқыланып жатқан көптеген жобалар жүзеге асырылуда.

Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы барысында көзделген маңызды мақсат - еуропалық білімге деген қолжетімділікті қамтамасыз ету және қазақстандық білім беру жүйесінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болды. Болон үдерісіне қосылу Қазақстанның жоғары мектебін модернизациялаудың негізгі бағыттары мен басымдылықтарын анықтады. Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу ұлттың интеллектуалдық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды алғышарты деп есептеледі.

Қазақстанды әлемдік бәсекеге мейлінше қабілетті елге айналдыру үшін елімізді индустриялық-инновациялық мемлекет ретінде ғана емес, сондай-ақ интеллектуалды мемлекет ретінде де дамыту қажет. Осы стратегиялық міндетті оңтайлы түрде жүзеге асыру үшін еліміздің білім беру саясаты әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары дәрежелі мамандарды даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ бұл мақсатты бағындыру үшін әлемдік білім беру кеңістігіндегі ықпалдастыққа бейімделген білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін қалыптастыруға және оны болашақта жетілдіруге күш салу қажет.

Бұл ретте, білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, әлемдік білім кеңістігіндегі болашақ ықпалдастыққа жол салатын бірқатар шаралар сәтті түрде жүзеге асырылғанын айтып өту қажет. Атап айтқанда, білім беру жүйесінің кредиттік технологиясы, *бакалавр-магистр-PhD докторы* сатыларын қамтитын мамандар даярлаудың үш деңгейлі әдісі, халықаралық үлгі бойынша мамандандырылған аккредитация өткізу және білім беру сапасын бағалау мен бақылаудың жаңа жүйелері енгізілді.

Елбасы Жолдауынан туындағын міндеттерге сәйкес Қазақстан 2020 жылға дейінгі білім беру кредиттерінің бірыңғай жүйесін енгізуі тиіс, мамандарды даярлау ісінің сапасын қамтамасыз ету құрылымдарын құруы қажет, ортақ білім кеңістігі аясында берілген мамандықтардың шетелдік және отандық еңбек нарығында жарамды болуына мүмкіндік беретін кәсіби біліктілік нұсқаларын жүйелеуді жүзеге асыруы керек.

Үш деңгейлі білім беру жүйесі негізінде бакалавр, магистр, доктор дәрежелері бойынша білім алып шыққан мамандар еліміздің еңбек нарығындағы сапалы адам ресурстарын құрамақ. Бакалавр мамандары қатардағы жұмысшылар мен қызметкерлер санатындағы басты жұмыс күшін құраса, магистрлар мен PhD докторлары еліміздің интеллектуалды зиялы қауым қаймағын қалыптастырмақ. Сонымен қатар, Болон үдерісі білім алудың мүмкіндіктерін кеңейтетіндіктен, бакалавр бойынша бір мамандықты игеріп, магистр бойынша екінші бір біліктілікті оқып меңгеруге кең көлемді мүмкіндіктер береді.

Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сай дамыту мен білім беру сапасын арттыру шараларын жүзеге асыру мақсатында негізі қаланған Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы республикадағы білім сапасын бағалай отырып, әлемдік тәжірибенің ұтымды жақтарын саралап, сапалы білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру стратегиясын орындауда маңызды болып отыр.

Осылайша жаһандану үдерісіне білім күшімен бейімделе білген Қазақ елі санаулы жылдар ішінде заңғар биікті бағындырған зияткер ұлт ретінде зайырлы мемлекеттің мәртебелі келбетін жасап келеді.

Білім беруді жаңғырту – бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Оған мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүзеге асуда. *Біріншісі*, білім беру мекемелерін оңтайландыру; *екіншісі*, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; *соңғысы*, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Осы үш бағыт бойынша жұмыс жасау Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауында да, ұзақ мерзімді стратегияда да қамтылған.

Білім беру мекемелерін оңтайландыру бағыты бойынша мемлекеттік бағдарлама негізінде жасалып жатқан шаралар аз емес. Әр облыста бой көтерген Назарбаев зияткерлік мектептері осы бағыт негізінде қолға алынған болатын. Жоғары оқу орындарына қатысты айтар болса, қазір жұмыс істеп тұрған барлық ЖОО -ды тексерістен өткізіп, қорытындысы бойынша олардың санын біріктіру немесе жекелеген мекемелерді тарату қолға алынып жатыр. Бұл да білім беру мекемелерін оңтайландыру бағытында қарастырылатын мәселелердің бірі.

Екінші бағыт – оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту. Бұл бағыттың үдерістері біздегі білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі - академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті сабақтар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейту жоспарланған. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта оқытуды да айта кету керек. Мектеп педагогтыңдері, ғалым-студентларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынды.

Үшінші бағыт – білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Бұған инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерді пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқалар жатады. Ғалым-студенттар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл педагогтыңдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияны енгізу, оқушының жеке интеллектуалдық қабілеттерін арттыру бағытында жұмыстанып жатыр. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО -ры да түрлі инновациялық методикаларды пайдалана басталады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастыруда.

Бұлардың барлығы елдегі білім сапасыздығын арттыратын факторлар саналады. Білім жүйесіне бейжай қарауға болмайды. Өйткені, бүгінгі оқушы - ертеңгі маман. Білімсіз оқушыдан жақсы маман шықпайды тағы белгілі. Сондықтан, білім беру саласына мемлекет тарапынан жасалып жатқан түрлі шаралар, жаңашыл бастамалар осы олқылықтардың орнын толтыруы тиіс.

Қашықтықтан оқыту технологиясы (ҚОТ) – білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі студент мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту жүйесін әрқайсысы өз кезегінде бірнеше компоненттерден тұратын үш компоненттің жиыны ретінде қарастыруға болады. Олар:

- дидактикалық жүйе;
- технологиялық жүйе;
- қамтамасыз ету жүйелері.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісін қолдануға болады:

1. Ақпараттық-рецептивті;
2. Репродуктивті;
3. Мәселелік мазмұндау;
4. Эвристикалық;
5. Зерттеу.

Желілік – технология - білім алушы, студенттар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген.

Оқытудың желілік – технологиясына мыналар жатады:

- интернет желісін пайдалану;
- электрондық поштаны пайдалану;
- телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;
- мультимедиамен жабдықталған, Интернетке шығу мүмкіндігі бар желелік компьютерлік класс.

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша студенттің негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан, тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге, нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдары:

1. Білім алушыларды қашықтықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін қашықтық технологияларын қолданумен іске асырылатын білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешен болуы керек.

2. Электрондық оқу-әдістемелік кешенін дайындауды үлгілік оқу бағдарламаларына қатаң сәйкестендіріліп әзірленген, бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы бойынша курсты әзірлеуші жүзеге асырады.

3. Әрбір пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша комплектілерден тұруы керек.

Міндетті комплект мыналардан тұрады:

а) үлгілік оқу бағдарламасынан;

- оқу жұмыс бағдарламасынан (пәннің мазмұны, күнтізбелік- тақырыптық жоспар, ұсынылатын әдебиеттердің тізімі (негізгі және қосымша), курстың модулдық бөлінуі, қашықтықтық кеңестерін өткізу кестесі);

ә) дәрістердің электрондық курсынан;

б) практикалық және семинарлық сабақтардың материалдарынан;

- зертханалық практикумнан (тапсырмалар, мысалдар, әдістемелік нұсқаулар);

в) студенттің өзіндік жұмысына және студент – тьютордың жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан;

- рубеждік бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, жеке тапсырмалар және тағы басқа);

- қорытынды бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (емтихандық тестілеу тапсырмалары, емтиханға арналған сұрақтар, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары) тұрады.

Электрондық оқу-әдістемелік кешенін бағдарламалық қамтамасыз етілу функционалдылығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес болуы керек.

Қосымша комплект курстық жұмыстарды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардан тұруы мүмкін; оқыту сипатындағы компьютерлік бағдарламалар, тренажерлар, репетиторлар, анықтамалық-әдістемелік материалдар, пәннің оқу материалдарын игеруге көмектесетін оқу және оқу-әдістемелік құралдарды және өзге де материалдарды орындаудың мультимедиалық нұсқалары.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету автономды және желілік өзіндік жұмыстар мен білім алушыларды аттестаттауға дайындау үшін жеткілікті болуы керек.

4. Қашықтықтықтан оқыту жүйесімен оқыту білім алушылардың оқу курстарын студент-консультанттың (тьютордың) басшылығымен қашықтықтан оқыту жүйесіне арналған оқу-практикалық құралдарды, оқытудың қазіргі құралдарын (компьютерлік, телекоммуникациялық) пайдалана отырып, өзіндік зерделеуді ұсынады.

Оқытудың теледидарлық құралдарына – кабельдік немесе спутниктік теледидардың көмегімен ұжыммен немесе жеке қолданатын бейне дәрістер, сондай-ақ интерактивтік режимдегі теледидар сабақтары жатады.

Оқытудың компьютерлік құралдарына – электрондық оқулықтар, мультимедиалық курстар, кері байланысы бар тренингтік бағдарламалар (супертьюторлар), кәсіби бағдарламалардағы оқыту тапсырмалары (профтьюторлар), желілік іскер ойындар жатады.

Оқытудың ойындық құралдарына – іскер және операциялық ойындар түріндегі ұжымдық сабақтардың белсенді әдістері, дискуссиялар, коммуникативтік сабақтар, сондай-ақ виртуалды білім беру ортада оқылатын проблемалық және пәнаралық дәрістер жатады.

5. Қашықтықтықтан оқытуда консультациялар телефон, электрондық пошта, чат, сондай-ақ телеконференцияны пайдалану түрінде өткізілуі мүмкін.

6. Қашықтықтықтан оқытуда зертханалық практикум мультимедиа-технологияларды, гипер ақпараттық жүйе (ГАЗ)-технологияларды, еліктеуді модельдеу қолданумен өткізіледі.

7. Барлық оқыту қызметінің түрлері:

- электрондық байланыс тәсілдерін қолдана отырып, студентның (тьютордың) студентпен (тыңдаушымен) педагогикалық қарым-қатынасы;

- студенттің оқыту құралдарымен өзіндік жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Байланыс уақытына кеңестермен қатар, барлық бақылау іс-шаралары кіреді: емтихан, зертханалық жұмыстарды, рефераттарды, эсселерді, курстық, есептеу-кестелік жұмыстарды, жобаларды қорғау, қорытынды мемлекеттік аттестаттау.

8. Қашықтықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл. Синхрондық өзара іс-қимыл студент пен

студентның нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін, қашықтықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін. Асинхрондық өзара іс-қимыл студент пен студент нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады.

Студентның кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтықтықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары.

9. Оқу үдерісін басқару және білім алушыларға дидактикалық материалдарды жеткізіп беру үшін көліктік және ақпараттық коммуникациялар, сондай-ақ автоматтандырылған құжат айналымы жүйесі кіретін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету, білімнің электрондық банкілері және оқытудың интерактивтік мультимедиялық құралдары қолданылады.

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан, әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бүгінгі педагогика ғылымының лексиконында педагогикалық /оқыту/ технология ұғымы терең тамыр жайды. Дегенмен де, осы ұғымды түсіну мен пайдалануда әр түрлілік басым.

Технология – Τεχνη – искусство, ремесло, мастерство, учение – деген мағынаны білдіретін грек сөзі.

«Технология – өндірісті күдерісті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы», - деп шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде анықтама берілген.

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, инструменталдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді (Кларин М.В.).

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі (Монахов В.М.).

Технология – дидактикалық жүйенің процессуалды бөлігі (Чошанов М.).

Педагогикалық технология - практикада іске асырылатын педагогикалық жүйенің жобасы (Беспалько Б.П.).

Ал, *педагогикалық жүйе дегеніміз* — белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Оқыту технологиясы - оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар. Ол оқыту үдерісінде нақты жүйе қызметін атқарады (Селевко Г.).

Педагогикалық технология ұғымы үш деңгейде қолданылады.

Жалпы педагогикалық жүйе ұғымының синонимі. Оған: мақсат, мазмұн, оқытудың құралдары мен әдістері, оқыту үдерісінің субъектілері мен объектілерінің әрекет алгоритмі кіреді.

Салалық (пәндік) – бір пән шеңберіндегі оқыту, тәрбие мазмұнын жүзеге асыруға негізделген әдістер мен құралдар жиынтығы.

Локальдік (модульдік) - жеке әрекеттер технологиясы, ұғымды қалыптастыру; дара қасиеттерді қалыптастыру және дамыту сабағының технологиясы; жаңа материалды меңгерту технологиясы; қайталау және бақылауды ұйымдастыру технологиясы; жеке жұмысты ұйымдастыру технологиясы.

Салалық (пәндік) және локальдық (модульдік) деңгейлеп оқыту әдісімен үндес, тек айырмашылық технологияда процессуалдық өлшемдік, сапалық және вариативтік - бағдарлық компоненттерге басым көңіл бөледі.

Технология әдістемеден оқыту әрекеттерінің өңдеуге болатындығымен ерекшеленеді.

Әдебиет:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.
2. Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: Учеб.пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2001. – С. 260.
3. Роботова А.С., Леонтьева Т.В., Введение в педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студ. высш. пед. Учеб.заведений. М.: Академия, 2002.- С. 66.
4. Концепция высшего педагогического образования РК //Казахстанская правда. – Астана, 18.08.2005.
5. ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //ЕгеменҚазақстан. – Астана, 26.12.2003.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы: АГУ им.Абая, 2004.
7. Профессиональное образование из опыта учителей /Под ред. С.Мирсеитовой, А.Иргебаевой. – Алматы: ИздатМаркет. 2004.
8. Кредиттік технология негізінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру: Жалпы және кәсіби педагогиканың өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Қарағанды, 2005.- I том.- 70-72б.
9. Алимбекова Г.Б. Жаңа педагогикалық технологиялар - болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру құралы //Ізденіс.- Алматы, 2007.- №4.
10. Алимбекова Г.Б. Болашақ мұғалімдердің теориялық және әдістемелік даярлық деңгейін жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 206 б.

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Бекзат Қаратай, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Искакова Ж.М.

(«Тұран-Астана» университеті)

Мақалада мектепте орта буын оқушыларына прозалық шығармаларды оқыту жолдары қарастырылады. Прозалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың тіл байлығын арттырып, ұлттық құндылықтарды меңгерудің тиімді әдіс тәсілдері зерделенеді.

В статье рассматриваются пути обучения учащихся среднего звена прозаическим произведениям в школе. Через обучение прозаическим произведениям изучаются эффективные методы повышения языкового богатства учащихся и усвоения национальных ценностей.

The article discusses the ways of teaching middle-level students prose works at school. Through teaching prose works, effective methods of increasing the linguistic wealth of students and assimilation of national values are studied.

Кілт сөздер: проза, әдебиет, оқиға, сөз өнері, дәстүр, идея, шеберлік, эпитет

Ключевые слова: проза, литература, история, искусство слова, традиция, идея, мастерство, эпитет

Keywords: prose, literature, history, the art of words, tradition, idea, skill, epithet

Жалпы адамзаттың алға қарай өрлеуімен қабат қоғам дамып, қатарласа өзгеріске ұшырап отырады. Ал әдебиеттен сол өзгерістердің, яғни әрбір кезеннің өзіндік ізін байқауға болады. «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» дейді академик З. Қабдолов [1, 20 б.]. Уақыт өткен сайын тарихтың қойнауына кетіп, тұңғышына бойлайтын шынайы өмірдегі әр түрлі оқиғалар тізбегіне әсемдікпен сән беретін, көркемдік бояумен бояп қоятын да, сол көркемдік қуатымен адам баласын әсемдікке тәрбиелер құрал қызметін атқаратын да әдебиет болып табылады. Сондықтан мектеп оқушыларына бастауыш сынып бола ма, орта буын бола ма, жоғары сынып бола ма әдебиет сырын тереңірек меңгерту қажет. Өйткені халықтан халыққа жетіп отыратын сөз өнері адамзаттың рухани қажетіне сай қалып алып, рухани өмірді мазмұнына сыйдырады. Руханият мәселесі адамзат баласы алғаш өмірге келген кезеңнен бері бірге жасасып келе жатқан күрделі мәселе.

Қазіргі таңда білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болып жатыр. Бұндай өзгерістер болашақ ұрпаққа сапалы білім берумен байланысты. Еліміздің болашағы жастарда екені біздерге мәлім. Осы ұрпақты саналы да сапалы етіп тәрбиелеу ұстаздардың еншісінде. Мұғалім оқушыға білім беру мен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Сондықтанда мұғалімдер білім беру жүйесінде, қоғамда, әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңашылдықтардан тыс қалмауы қажет.

Қазіргі заманғы мектеп үшін ақпарат ағынының жылдамдығын ескеріп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың ақпаратты сыни талдау, өз қызметін жоспарлау және идеяларды тиімді іске асыру дағдыларын дамытуға бағытталған басқа, мүлдем жаңа білім беру жағдайларын жасау қажет.

Әрбір халықтың ежелден сақталған рухани-адамгершілікке тәрбиелер дәстүрі бар, ол – ел мен жердің ғасырлар бойы дамуы барысында қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыратын бай мұрасы. Осы мұраны кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңгі күнге жеткізіп отыратын әр дәуірдің данышпандары, сөз өнерін ұстанған зергер-шеберлері болып табылмақ.

Сөз өнерін сан мыңдаған жылдар бойы жалғасқан дәстүрлі үрдіс тұрғысынан зерттеу, осы негізде бүгінгі күн әдебиетіне барлау жасау келелі мәселелердің бірінен саналады.

Прозалық кіші жанрдың айрықша дамуын суреткерлердің өз туындыларында әлеуметтік терең талдауға баруы мен тақырыптың сонылығынан, өзекті де көкейтесті заманауи мәселелерді адам баласының ортақ мұраттарына орайлас қарауға деген талпынысынан, өткен тарихи кезеңдер мен қазіргі уақытты қабыстыра отырып, күрделі қоғамда өмір сүріп отырған адамның рухани бейнесін тереңнен тануға бағытталған тенденциялардың белең алуынан көруге болады.

Қолдан жасалған жасанды идеяны ту етіп көтерген кеңестік идеология кері кете бастаған қоғамды керісінше керемет даму үстінде деген соқыр сеніммен әспеттеу тұрғысында дамыса, тәуелсіздік тұсындағы әдебиет өкілдері мұндай тақырыптардың бәрінен бас тартып, Адам тақырыбын басты назарға алды. Адам жанының жай-күйін, оның психологиялық хал-ахуалын, әрбір оқиғаға, ситуацияға сай болмысының өзгеріске ұшырауын, рухани толғаныс-толғамдарын көркемдік биікте танып-білуге деген ұмтылыс психологиялық негізде жазылған туындылар қатарын молайытты. Қазіргі қоғамдағы жайттар баяндалған, адамзат мүддесін көздеген шығармалар мектеп бағдарламасына енгізіліп оқытыла басталды. Мысалы, Е.Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» тб шығармалар. Адамзаттың жан әлемі мен рухани болмыс-бітіміне айрықша көңіл қойған шығармалар мен туындыгерлер турасында профессор Б.Майтанов былай дейді: «Қазір шеберлік сатыларының биіктеуі нәтижесінде қимыл, оқиға жадағай тартыстан гөрі ішкі импульстен туындайтын шетін де қызу сезім қақтығыстарын суреттеу

мүмкіндігі өскен: таныс сюжет пен конфликт, белгілі шешім жалықтырғандай тың сүрлеу, соны соқпақтар табуға зор ынта ауған» [2, 187 б.] Шындығында да қазіргі қазақ әңгімелеріне ден қойып оқи бастағаннан-ақ, адамның ішкі әлемін етене жақын тануға, талдауға деген ұмтылыстың басымдығын байқаймыз.

Психологиялық талдау барысында кейіпкер характерінің сан кейіптегі құбылысын, сөйлеу мәнері мен қозғалыс-қимылының өзгерісін айқын бояумен, жарқын детальдар арқылы аша білуде әңгіме жанрында қалам тербеуші жазушылар қауымы шеберлік танытып келеді. Характер сомдаудың диалог, монолог, портрет сияқты түрлі көркемдік құралы ортақ болғанымен, оны қолдану тәсілдері, яғни кейіпкер образын суреттеу тәсілдерін әр суреткер өзінше қолданатындығы бесенеден белгілі.

Сыншы Т. Тоқбергенов: «Прозадағы жаңа нышандарды айта отырып, біз жас жазушыларымыздың шеберлікке ден қойғанын, тіл, стиль, тақырып құнарын іздестіру жолында тереңірек үңіле бастағанын аңғарамыз. Өнердің ең басты міндетін, адамды, адамның мінез-құлқын, тірлік-тынысын, осылар арқылы адам тағдырын көркемдікпен бейнелеуді мұрат қып ұстанып отырғанын және соны көкірек көзімен ұғына бастағанын аңғарамыз» дейді [3, 136 б.].

Тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы он жылында қаламгерлердің туындыларын түгендемек түгілі жеке бастың қамын күйттеген қазақ қоғамында тың туындылар жазыла қойған жоқ. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта кезінен бастап қана қаламгерлер арасында қозғалыс байқала бастады. Өздері өмір сүріп отырған қоғамның даму бағытының түбегейлі өзгеріске ұшырауы мен оның адамдар тағдырына әсері әдебиетте көрініс тауып, сол тұстағы сөз өнерінің басты тақырыбына айналды. Қоғам дағдарысының бүкпесіз ақиқаты мен шынайы бейнесін жасау негізінде қаламгерлер тарихи процестегі адамның трагедиялық халін суреттеді. Адам болмысының табиғатына үңілу, оның рухани дүниесі мен жан әлеміндегі қатпарлы қалтарыстар жүйесінің сырын ашу, қоғамдық қарым-қатынастарын тереңдей зерделеу мәселелерін басты назарда тұту тәуелсіздік жылдарындағы сөз өнерінің басты қағидасы саналды.

Кеңесшіл әдебиеттегі секілді тар шеңбер аясындағы белгілі бір идеологияны ғана мазмұн аясына сыйдырудан іргесін аулақ салған тәуелсіздік кезеңіндегі әңгімелерде ащы шындықтың аражігін ажырата айта білу мен әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, рухани жаңару дәуіріндегі егемендікті насихаттау мен құлдық санадан бой тарту, жаңалыққа құштарлық, ұлттық болмыстың жаңғыруына деген ұмтылыс бой көрсетті.

Шығарма тудырудағы бос сөзділіктен бас тартып, ойды нақпа-нақ, дәлме-дәл жеткізу, туындының түкпіріне астарлы мән жасыру, оқырманын ойға жетелеу бүгінгі прозаның, оның ішінде әңгіме секілді қысқа жанрдың жалпылама сипаттамасы.

Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» тб шығармасын оқыту барысында жазушы шеберлігіне назар аудару керекпіз. Сол арқылы шығарманы толық меңгертуге қол жеткіземіз. Жазушының сөз саптауы, кейіпкерлер портреті, оқырманға әсері мол тілдік бірліктерді орынды қолдануы тб.

Оқушыларға прозалық шығармаларды оқыту барысында тек мазмұнын айтқызып қою аздық етеді. Әр оқушы прозадағы кейіпкердің жан дүниесін түсініп қана қоймай, шығарманың идеясын түсінуі қажет. Мысалы «Мәңгілік бала бейне» атты әңгімені оқыту барысында кейіпкерлер бейнесін жеке тоқталу барысында, кейіпкерлердің бір-біріне ұқсамайтын жаны дертті жандар екеніне көз жеткіземіз. Бұл шығарма күллі қазақ халқының ғасырлық қасіретіне айналған Семей полигоны тақырыбына арналған. Баасты кейіпкері қыз - атомдық сынақтар жасалған жарылыс даласында дүниеге келген зағип қыз. Жалпы кейіпкердің психологиялық-эмоционалдық ахуал ауыр, ол зарлы, шерлі адам. Кеңестің дәуір сыйға тартқан қасірет – палигон. Ал сол ядролық сынақтан зардап шеккен жұрт қатары күн

санап азаюда. Бірақ сол жердегі халық басында азалы үн толастар емес. Күн сайын көз жұмып, дүниеден көшіп жатқан ауылдастарының қазасы ауыл-аймақтың еңсесін езіп жібергендей. Ал сынаутан зардап шеккен қыздың тіршілігі мүлде бөлек. Ол күн батысымен сұғанақ кездерден аулаққа, Теренсайға жасырынып, көктегі аймен сырласуды әдет қылған. Мүгедектігінен, жетімдігінен жуасып, жасып қалған шарасыз қыз үнемі жұрттан жырақ жүреді. Оның ішкі зарын, мұң-наласын Ай ғана құлақ асып тындап, ұғып тұрған тәрізді көрінеді. Рухани, физиологиялық тұрғыда бой жетіп келе жатқан қыздың ішкі дүниесі арманға толы. Ертеден қара кешке дейін кекетіп, мұқатқан жұрттың сөзі мен көзінен әбден қажыған бой жеткен терең сайға келіп, мүлде басқаша тіршілік кешеді. Мұнда ол өзін бақытты, үріп ауызға салғандай сұлу деп санайды. Себебі мұнда оның сыртқы мешелдігіне көзін сатып, сұқтана қарайтын адамдар жоқ, Жаны сұлу да таза жас қыз өзін осы жерде ғана еркін сезінеді. «Бүгін менің туған күнім. Жиырмадамын, жарық ай! Тұлымшағы желкілдеген жас бала емес, бой түзеген Қарауылдың сұлуы Ләйләмін... Е...е...ей, Ләйлә-қызбын. Бозбаланы ынтықтырып, Теренсайға қашамын»; «Түрім дейсің бе? Түрім әдемі...і...і...і. Кім сияқты дейсің бе? Кім сияқты десем екен? Роза Рымбаева сияқты сұлу...у...у... Сұңғақ бойлы, биік қабак, аққұба қыз Ләйлә келе жатады... Әдемі ғой,ә!» [4, 129 б.] . Жазушы кейіпкерінің шерлі тағдырын осындай жолдар арқылы оқырман сезіміне әсерлі етіп жеткізе алған. Ал енді бір кейіпкер — Шөкіш. Ол өзінің, отбасының, халқының басына түскен қайғылы халден есерсоқ жындыға айналған. Баласын мүгедек болып туылғандықтан, өскенде елден зәредей қорлық көрмесін, азаптанбасын деп суға ағызып жіберген. Қанды қолының қылмысын, ішін күйдірген қасіретін ұмытамын деп ақыл-естен де айырылған Шөкіштің зары жан түршіктіреді. Ол да өз ішінде қамалған, іштей саналы ғұмыр кешіп, сырттай есерсоқ күй кешкен байбақ. Ләйлә сияқты полигоннан зардап шеккен мүгедек-кемтарлардың көзін жою керек деген пиғыл көкейінен мықтап орын алған. Ләйләнің Аймен сырласуын көріп қалған Шөкіштің мына ойлары есерсоқ жындының емес, қасірет пен зұлымдықтан қабырғасы қайысқан жанның ішкі толғанысы: «Бұл кейіпіден Қарауыл ғана емес, күллі қазақ түршігер. Аярлары құнжындап, білімдісі күрсініп, надандарын оятар. Қарауылдың қасіретін түсініп, оянар болса, сен керексің, мүсіркеп, мазақтар болса... қажеті жоқ, онда» [4, 121 б.]. Бұл жарқын әлемде, жағымсыз көрініспен азапталған кезде, ол басқа адамдардың жандарын қинағанша, азаптағанша көздерін жою туралы ойлайды. Ол Ләйланың бақытсыз тағдырына қынжыла қарайды. Себебі олар оны көрген сайын жаны ауырады. «Орындалмас арманға құлаш сермеп, шаршадың-ау, зарықтың-ау. Күнәсіз ақ періште, кімге сөйлеп отырсың. Телміріп қиялыңды кімге айтасың. Айға?.. Тәңірге?.. Маған?..» Маған ба?.. Маған айтар арызың жоқ. Естіртпе! Өлтіргенмін сол күні... Зарлағанды тындамайды бұл Шөкіш. Өлтіргенмін...» [4, 125 б.]. Әңгіменің оқиға желісі соншалықты көлемді емес. Қаламгер меңзегені қоғамда өзіндік пайымы, өмірлік құндылықтарды жеке адамдардың құқықтары қорғалуы тиіс.

XX ғасырдың аяғы-тоқсаныншы жылдардағы қазақ халқының саяси және әлеуметтік жағдайын шынайы суреттейді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында депутаттыққа өтініш білдірген азаматтар ауылды аралап, спикерлер мен әртістермен бірге жүру "дәстүрге" айналғаны белгілі. Олардың бір тобы Қарауылға жетеді. Көп дауыс алғысы келген топ жергілікті тұрғындардың қайғы-қасіретін өз пайдасына пайдалануға ниетті болады. Осы мақсатта олар сынақтан зердеп шеккен қызды пайдаланып және сынақты тоқтату үшін митингті насихаттауды таптырмас әдіс деп санайды. Осыған төзе алмаған Ләйлә жүрек ауруынан қайтыс болады.

Қорыта айтқанда, Р.Мұқанованың суреткерлік шеберлігі сан қырлы. Соның бір саласын, табиғатты бейнелеудегі ізденістерін, арнайы сарапталғанда, оны шығарманың идеялық-тақырыптық негізінен бөліп қарастырмаймыз. Табиғат бояуларының сан түрлілігін

сақтап, оны ажарлап нақыштаған қаламгер зейнеттіліктің адамдар үшін мәңгі тағылым көзі екенін де дәлелдей білді. Сондай-ақ эпопеядағы сан сырлы алуан оқиғаларға тұтастық берерлік желі құруда да, шығарма сюжетін, композициясын ұйымдастыруда да, адамдар өткені мен болашағы туралы жинақтау, қорыту ойларды ишараттауда да табиғат суреттемелерінің алар орны ерекше. Жазушының бейнелеу құралдарын кемелдендіру өрісін, стиль бітімін ашу үшін де оның табиғатты бейнелеу саласындағы ізденістерін арнайы талдау мәні үлкен. Суреткердің әр сөзді орнын тауып қолдана білуін, соның нәтижесінде сөз бен сөздердің өзара ықпалға бөленуін, сондай-ақ шығармадағы сөз мағынасын кеңейту, ажарлау, құбылту, айшықтау т.б. үлгілері үндестігін саралау- бәрі қаламгер шеберлігінің кең ізерлеп ашуға бастайды. Роза Мұқанованың шеберлігі жайлы: «Ол шыншыл, шынайы жазушы. Адамның жан дүниесіндегі күрделі құбылыстарды психологиялық тұрғыдан терең қаузап, шебер бейнелейді. Әдебиеттің мақсатын ерте түсінген талантты қаламгер», - деп Д. Рамазан баға береді [5, 13 б.].

Жазушы шеберлігі дегенде, оның құбылыстың әр қырын, сырын бейнелерлік сөздердің ішінен соны неғұрлым дәл, нақты кескіндерлік сөз бен сөз тіркесін тауып, орынды қолдана білу шеберлігін бөліп айтқан жөн.

Ал енді осы прозалық шығарманы оқыту барысында түрлі жаңа технологияларды қолданған оң нәтиже берері анық. Прозаны оқыту барысында міндетті түрде проблемалық сұрақтар қолданған дұрыс. Сұрақтар арқылы оқушының шығарманы толық оқыған не оқымағандығын біле аламыз. Сонымен қатар оқушының сөздік қорын молайту, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру, сыни талдауға төселдіру сияқты нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Мысалы, Оқиғаның басталуы? -Ләйләнің терең сайға келіп Аймен сырласуы.

Оқиғаның дамуы?- Қатираның зәбір көрсетіп, мазақ етуі.

Оқиғаның шиеленісуі?- Көрші аудан басшыларының келуі Ләйләнің жүрегі қан жылауы.

Оқиғаның шарықтау шегі? Кейіпкердің төсек тартып қалуы.

Оқиғаның шешімі? Ләйләнің Аймен, өмірмен қоштасуы, Айдың тұтылуы тб.

Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топқа шығарма үзінділері таратылады. Әр топтан бір спикер шығып, үзінді бойынша өз ойын айта бастайды. Топ спикері ойын аяқтағанда екінші топтың спикері оған қарсы сұрақтар қояды. Топ мүшелері рөлмен ауыса алады.

Сұрақтар төмендегідей үлгіде болады.

• Неге....

• Мұны қайдан білесіз....• ... үшін сізде қандай дәлел бар.

• Сіз неге олай ойлайсыз...

• Сіз келісесіз бе...

• Түсіндіре аласыз ба...

• ... үшін не істеу керек?.....

«ДЖИГСО» стратегиясы

1-қадам. Мәтін бөліктеріне сай топ мүшелерінің әрқайсысы тапсырмаларды бөліп алады:

1.Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз.

2.Сезімсіз, жүрексіз, қатыгез Қатира.

3.Қарауылдағы той.

4.Қаралы Қарауыл.

5.Көрші ауданның басшы азаматтарының өтініші.

6.Екі тіршілік иесінің мәңгілік қоштасуы.

2-қадам. Сараптау топтарына қайта бөлінеді (1-бөлікпен жұмыс жасағандар бір топқа, 2- бөлікпен жұмыс жасағандар екінші топқа, т.с.с.).

3-қадам. Сараптау тобында өздері оқып шыққан үзіндіге талқылау жасайды, топ мүшелеріне түсінікті етіп жеткізудің жолдарын белгілейді.

4-қадам. Өз топтарына барып, сараптау тобында талқылап келген тапсырмасын

түсіндіреді, өзара сұрақтар қояды.

Қабілеті жоғары оқушылар сараптау топтарында үзіндіге талқылау жасауды ұйымдастырып, сұрақтарға жауап іздесе, қабілеті төмендеу оқушылар өзі оқыған үзіндінің мазмұнын айтумен шектеледі.

Дескриптор

- әңгіме мазмұнымен танысады;
- сараптау топтарында талқылайды;
- сұрақтарға жауап береді;
- тапсырмасын топта түсіндіреді.

Топтық бағалау.

Жаңа әдістердің ішіндегі ерекше әдіс – жобалай оқыту әдістемесі. Жобалай оқыту әдісі, педагогикалық технология ретінде, іздеу, зерттеу, әдістер жиынтығын және нәтижесінде шығармашылыққа, ойлаудың әртүрлі формаларына, басқа адамдармен ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның дамуын қамтиды.

Жобалау қызметі сонымен қатар оқушылардың оқу-зерттеу қызметімен байланысты, бірақ бірқатар белгілері бойынша ерекшеленеді: біріншіден, жобалау технологиясы мәселені жан-жақты зерттеуге және нақты түпкілікті нәтижені жасауға бағытталған; екіншіден, оқу-зерттеу жұмысының негізгі нәтижесі-шындықты зерттеу, ал жоба бойынша жұмыс, ең алдымен, практикалық нәтиже алуды болжайды; үшіншіден, жоба ең алдымен орындаушылардың ұжымдық күш-жігерінің нәтижесі болып табылады, өйткені қызметтің соңғы кезеңінде ол бірлескен жұмыстың көрінісін, оның толықтығын, тереңдігін, ақпараттық қамтамасыз етілуін, әр қатысушының шығармашылық үлесін талдауды қамтиды.

Эксперименттік зерттеудің мақсаты – оқу процесіне оқытудың жаңа моделі енгізілгенде, әдебиет сабақтарындағы оқушыларың білім алу процесі тиімді болатындығын дәлелдеу. Эксперименттік зерттеудің міндеттері:

1) оқытудың жаңа моделін енгізе отырып, қазақ әдебиеті бойынша технологиялық карталар әзірлеу;

2) оқытудың жаңа моделін пайдалана отырып және осы технологиясыз сабақтардың өткізілуіне бақылау жүргізу;

3) қазақ әдебиеті сабақтарында оқытудың жаңа моделін қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында сыныптарда тексеру тестін өткізу.

Эксперименттік зерттеу үш кезеңнен тұрды:

1 кезең – анықтаушы кезең;

2 кезең – қалыптастырушы кезең;

3 кезең – бақылаушы кезең.

Бірінші кезеңде оқушылардың қазақ әдебиеті сабақтарының қандай түрлері қызықтыратынын анықтау.

Анықтаушы кезеңнің міндеттері:

1. Оқушылардың оқу пәніне қатынасын анықтауға көмектесетін сауалнаманы өткізу.

2. Сауалнама жүргізу және оқушылардың жауаптарын талдау.

Бұл кезеңде екі сынып таңдалды, онда бір сынып оқушылары эксперименттік топқа, ал екінші сынып бақылауға алынды. Екі сыныпта сауалнама жүргізілді. Оқушыларға қойылған сұрақтарға жауап беру қажет болды.

Оқушылардың жауаптарын талдағаннан кейін, олар сабақтардағы әртүрліліктің пайдасына таңдау жасайды деген қорытынды жасалды. «Сізге қандай әдебиет сабақтары ұнайды?» деген сұраққа оқушылар «маған сабақта топпен жұмыс істегенде, өз бетінше жұмыс істегенде, компьютермен жұмыс істегенде ұнайды» деп жауап берді. Оқушыларды сабақтардағы осындай ерекше жұмыс қызықтырады. Сондай-ақ, «мұғалім бүкіл сабақты өзі

айтқан кезде маған ұнайды» сияқты жауаптар болды. Сонымен, мұндай оқушыларға сабақ беру және мұғалімді тыңдау ақпарат іздеуден гөрі оңайырақ.

Сауалнамада «Сізге үйде тапсырмаларды орындау, бейне дәрістерді қарау, тесттерді шешу ұнайды ма?» деген сұрақ қарастырылды. Оқушылардың көпшілігі оң жауап берді. Бұл олардың жасына байланысты олар оқу процесіне саналы және жауапкершілікпен қарап, ғаламтор -қорлардың көмегімен үйде материалды өз бетінше оқи алатындығына байланысты.

Сауалнамада «Сізге онлайн-ортамен жұмыс жасау ұнай ма?», оқушылардың көпшілігі «иә» деп жауап берді. Бұл дұрыс ұстаным, өйткені қазіргі әлемде кез-келген ақпаратты табу, өзін-өзі дамыту, сабақтың тақырыбы бойынша қажетті материалды табу өте оңай. Бірақ мұндай сабақтар өте аз екені белгілі болды. Сабақтар жиі өткізіледі, онда оқушылар топтарға бөлініп, мұғалімнің тапсырмаларын орындайды. Оқушылар онлайн ортада және топтарда жұмыс істегенді ұнатады.

Сұрақ «Қалай ойлайсың, кейде жай сабақтарға өзгерістер енгізуге бола ма? Мысалы, топтарда, онлайн ортада жұмыс істеу керек пе?» деген сұраққа оқушылардың көпшілігі «иә, бұл қызықты болады» деп жауап берді.

Осылайша, оқушылардың жауаптарын талдай отырып, біз оқушылар әдеттегі сабақтарға әртүрлі оқыту технологияларын «жақтайды» деген қорытындыға келдік: олар мектептен тыс өз бетінше оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыра алады және оқылған материал негізінде сабақта тапсырмаларды орындай алады.

Әдебиет:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 358 б.
2. Майтанов Б. Психологизм – прозадағы жаңашыл арна. Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1980. – 189 б.
3. Тоқбергенов Т. Үш ағыс. Әдеби сын. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 196 б.
4. Мұқанова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.2. — Алматы, 2008.
5. Рамазан Д. Әңгіме туралы әңгіме // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 19 сәуір. – 12-13 бб.

ӘӨЖ 17.82.30

Д. ИСАБЕКОВ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ «ТІРШІЛІК» КОНЦЕПТІСІ

Бекмұратова А., Хамзина Г.С.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Тілдегі әлемнің ұлттық бейнесі туралы айтқанда, ғалымдар концепт ұғымымен байланыстырып қарастырып жүр. Қоршаған ортаны сезіну, түсіну, ұғыну үдерістері таным формасының жоғарғы түйсігі деп қабылданады. Ойлау мен сананың нәтижесінде адамда дүние туралы әр түрлі ақпарат жинақталады. Бұл ақпараттар жиынтығы концепт жүйесін құрайды. Тіл табиғатын толық түсіну үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білумен қатар сол тілде сөйлеуші этностың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін жете меңгеру қажет екені сөзсіз. Концептілер – ұлттық танымның бір көрінісі, сондықтан да ғаламның лингвокогнитивтік моделі болып есептеледі.

Сонымен, концепт – қандайда бір ауқымды идеяның сан алуан күрделі ұғым түсініктердің суретті сипаттамалары. Оның мазмұндық құрылымы тіл мен бейнелі ойлау заңдылықтарының сабақтастығынан туындайды.

Зерттеушілер когнитивтік модельді бірнеше сатыларға бөліп жіктейді: «Когнитивтік модель үш түрлі сатыдан тұрады: біріншісі - ойлау дәрежесі. Онда сана әрекетінің дәрежесі көрініс табады. Екіншісі - алдын-ала ойлау дәрежесі. Мұнда логикалық ойлаудың бастапқы

үлгілерін білдіретін сана әрекетінің дәрежесі көрініс табады. Үшіншісі - ойлаудың төменгі дәрежесі. Онда сезім арқылы бейне қалыптастыру әрекетінің дәрежесі көрініс табады» [1, 151 б.].

Г.Гиздатовтың тұжырымдауынша, когнитивтік модель объективтендіруші рефлексиядан және субъективтендіруші рефлексиядан құралады. Сонда когнитивтік лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық-семантикалық тіл білімі – өзара тілдік ақиқатты танудың екі түрлі бағыты. Санада тіл көмегімен қалыптасқан концептуалдық құрылымдар жеке тұлғаның, әлеуметтік топ өкілінің өмірлік тәжірибесінің негізінде өзіне тән танымы арқылы түзіледі [2].

Зерттеуші А.Әмірбекова көркем мәтінге концептуалдық талдаудың үлгісін ұсына отырып, схема туралы ойын былай тұжырымдайды: «Схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Бұл тәсіл – концептіні құрайтын ақпараттардың ұқсас жақтарын ұқсас емес бөліктерден ажыратып, сұрыптау операциясын атқарады. Әрбір схема танылатын ұғымның заттық деталін (денотатын) жасауға ұмтылады. Концептіні көзбен көріп, қолмен ұстауға болатындай формада түсіндіретін таңбаларды құрайды» [3, 18 б.].

Дүниені тануда таңбаларды, бейне мен символдар жүйесі қолданылады. Осыған орай когнитивтік санада тану операциялары – сигналдар мен таңбалар үйлесуі схема құрылымын құрайды.

Ойсурет – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Концепт құрайтын элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. Концептінің ойсурет құрылымда танылған формасы көркем мәтінде жиі көрініс табады.

Дүниенің тілдік моделін бейнелейтін тілдік ақпарат жүйесінде тұлғаның ақиқат дүниеге қарым-қатынасы танылады. Ол концептілер жүйесін құрайды.

Тіршілік – 1. Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік. 2. Тірі жүрушілік, аман-саулық (Қ.т.т.с., 847-б.). Тіршілік жан иесінің бұл дүниеге еріксіз келіп, еркінен тыс кетуімен аралықтағы белгілі бір уақыт аралығындағы өмірдің атауы. Жалпы тіршілік иелерінің әлемі сан алуандығымен қатар, қайталанбас ерекшелігімен, таңғажайып сұлулығымен, шебер үйлесімімен ерекшеленеді. Жан қозғаушы күш ретінде тіршіліктің мәні, сонымен қатар оның өмір сүруінің шарты, кепілі. Тіршілік жанға уақытша мекен болатын дененің тіршілік ету формасы. Тіршілік ұғымы өмір ұғымының ауқымында, оған қарағанда мағынасы тар ұғым. Себебі өмір ұғымы – жанға байланысты, оның өмір сүру формасы ретінде қолданылса, тіршілік дененің өмір сүру формасын анықтау үшін қолданылады. «Тірі адам тіршілігін жасайды» деген мақал өмірінің мәні жан сақтау ғана болған адам өмірінің сәттерінен хабар береді. «Тіршілігі бар», «Күйбең тіршілік» деген сөз тіркестері де адамның тіршілікке бейімділігімен қатар, жан қамынан гөрі тән қамын күйттегенін білдіреді. Адам тіршілігінің мәні тіршілікке еріксіз келіп, еркінен тыс кете тұра өлшеулі тіршілікте берілетін жақсы-жаманды ажыратып таңдай алатындай қалау еркінің берілуімен айқындалады. Әйтсе де адам тіршілікте көптеген жағдайларға тәуелді болады, шын мәніндегі рухани еркіндікке қол жеткізу рухани кемелденудің нәтижесінде ғана мүмкін болады.

«Тіршілік» ұғымының анықтамасы өте көп. Филологтар олардың саны орта есеппен бес жүзге жуық деп дәлелдейді. Бұл тек биологиялық термин емес. Философия немесе діни айқындама тұрғысынан да тіршілік анықтамасы өжептөуір көп. Ең дұрыс анықтаманың бірін Фридрих Энгельс былай деп ұсынған: «Тіршілік дегеніміз – нәруыздық денелердің өмір сүру жолы...».

«Тіршілік» – өмір үшін күрестің шытырман оқиғаларына толы. Қарапайым, елеусіз жандардың тіршілік характері, ішкі жан дүниесі, өмірге деген құштарлығы шығармада шынайы суреттелген Д. Исабеков кейіпкерлерінің бейнесі өткір сюжет, психологиялық терең толғаныс үстінде ашылады.

Мәнсіз, мағынасыз тіршілік. Бүгін бар, ертең жоқ («Тіршілік», 363-б.). *Сондықтан, құдық басы мен үй ішінің, қора-қопсының тағы-тағы жанымды жабырқата түсетін*

сүреңсіз тіршілікті өзелерге тастап, далаға, қой соңына кетіп жүрдім («Гаухар тас», 177-б.).

«Бұл мағынасыз **тіршілік** қашан бітеді, қашан ел қатарлы мен де қатын алып, түтін түтетем» деген сұрақ жапан далада жалғыз айлап-жылдап жүрсе де санасына бірде-бір рет оралған емес («Сүйекші», 251-б.).

Көшеде бейсауат жүрген адамдар жоқ, бәрі де жылы үйге кіріп жайғасып алған, тек **бітпейтін тіршіліктің** бүгінгі үлесін игере алмай қалған кейбір колхозшылар ғана ары-бері асығыс өтіп жатыр («Гаухар тас», 200-б.).

Қомшианың келешек өміріне армандай боп ту алыстан сәуле шашып, оның әйеліне де, өзіне де ұйқы бермей алға сүйрелеген балдай тәтті үміт жел үрлеген шамдай лып етіп сөнді де, бұдан былайғы **тіршілік жолын** қараңғылық басты («Сүйекші», 236-б.).

«Екі қолға бір кетпен» деген осы екен де, пендесіне **өлмес тіршілік** тауып беріп қойған құдіретіңе болайын, жасаған («Дермене», 273-б.). Қара баланың арқасында не кием, не ішем демеі **бархатты тіршілік** кеітті (Сонда, 273-б.).

Асығасың, аптығасың, сөйтіп, ержеткен соң қарасаң, - ол мырс ете түсті, - ер жеткен соң қарасаң, **сүреңсіз, бояусыз ырың-жырың тіршілік** («Өкпек жолаушы», 471-б.).

-**Қу тіршілік**, - деді ол дүниенің опасыздығын енді ғана танып тұрған адамдай қыстыға сөйлеп («Өкпек жолаушы», 485-б.). «Министр болам деп нем бар еді! Егер **қоңыр тіршілікке** разы боп жүре берсем, бәлкім, ол мұндай күйге ұшырамас па еді» деп те қайғырам («Өкпек жолаушы», 486-б.).

Бір жұкаяқ, бір сандық, төрт-бес ескі көрпесі ғана бар, ішер тамақты ауқаттыадамдардың тірлігін күндей істеп қана ажыратып жүрген жесір, әйелдің **өлмеші тіршілігі** оған аяздай батты («Тіршілік», 49-б.),

Сүреңсіз тіршілік, мағынасыз тіршілік, мәнсіз тіршілік, бітпейтін тіршілік, тіршілік, өлмес тіршілік, қу тіршілік, қоңыр тіршілік, өлмеші тіршілік секілді эпитет, тіркестер арқылы сөйлемдерді эмоционалдык-экспрессия, мазмұн жағынан толықтарады, әрі көркемдік тұрғысынан аша түседі.

Жазушы «Сүйекші» шығармасында «Мынау қан базардай құжынаған адамдар **тіршілігінде** дәулет бар, мансап бар, талас бар, тартыс бар, қайғы бар, сүйініш бар-ау деген сезім оның миына әсте оралған емес. Ол ештеңеге қызықпайды, ештеңеге жанталасып ұмтылмайды, еш уақыт опынайды. ...Қомшианың екі басы үшеу болып, **тіршілік тауқыметі** бұрынғыдан ауырлай түсті. ...Осылайша, **тіршілік қамымен** қарбаласып жүріп ашты-тоқты өмірдің тоғыз жылы артта қалғанын Қомша аңғармай да қалды. ...Қомшианың келешек өміріне армандай болып ту алыстан сәуле шашып, оның әйеліне де, өзіне де ұйқы бермей алға сүйрелеген балдай тәтті үміт жел үрлеген шамдай лып етіп сөнді де, бұдан былайғы тіршілік жолын қараңғылық басты. ...Бай да емес, хан да емес, қайыршы болсағ да **тіршілік шіркіннің** қаңтардың тоқты тоймас қысқа күніндей зу етіп өте шыққанын байқатпас өзіне лайық қызықшылығы және бар екен-ау! («Сүйекші», 232-б.).

Д.Исабековтің «Тіршілік» шығармасында **тіршілік** жайы мынадай мысалдар келтірілген: **Тіршілік** дегеннің адам болжап білмейтін сыры мен қыры мол екен («Тіршілік», 370-б.). **Тіршіліктің** әр күнге бөлінген ыстық-суығы мен ауыртпалық жүрегін қанша тырналап, көзін жас буса болса да ол меңіреу үйіне сүйретіліп кіріп, беймаза түнді жастық құшақтап өткізген соң-ақ көкірегіңдегі кірбің сібірлеп атқан таңдай бірте-бірте сейіліп, орнынан тұрғанда бәрін ұмытушы еді, бірақ, дәл осы жолғы қалжыңға қайып тігілген кемісту мен қорлық жілік басына үймелеген сарысудай ертеңгілік көзін ашқанда да көңілінен кетпей кілкілдеп тұрып алды («Тіршілік», 330-б.). **Тіршіліктің бітпейтін күйбеңімен** жүріп қайтыс болған ерінің аруағына бағыштап жеті-сегіз айдан бері тым болмаса отқай май тамызбапты («Тіршілік», 346-б.).

Жазушының «Гаухар тас» шығармасында тіршілікті шығарма соңында Ыбыштың дер кезінде қолда барын бағалай алмай, өкінішін әкесінің тәрбиесінен көруі былайша сипатталады:«- Әкенің көзі балада, баланың көзі далада» болмас па? Сенің өз бетің, өз

шешімің қайда еді? Жастық отың қайда еді? Өмірдегінің бәрі тек әкенің әмірімен орындала берсе, жер бетіндегі **тіршілік** өзгеріссіз қалмас па, ертеңгі күннің жаңалығы қайда қалар еді?» («Гауһар тас», 226-б.).

Д.Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» туындысында Сейдудің тіршілігінде көп қиындық көргенін мына жолдарда көрсетеді: *Сөз жоқ, Сейду сол сәтте өзінің топалаң ішінен аман шығып тірі қалғанына, жер басып елге келгеніне, бұдан былайғы «олжа» өмірінде **тіршіліктің ащылы-тұщылы дәмін талай-талай татынына қуанып жылаған жоқ, мына қарсы алдынан қара-құрым боп шыққан кемпір мен шалдың, жас бала мен жесірдің майдан даласына жетіп жығылып, мәңгі қайтпайтын қасиетті сағыныштарын ойлап жылады, жерленбей қалған сол жетім сағыныштарды аяп жылады*** («Біз соғысты көрген жоқпыз», 403-б.). *Тым болмаса өмірінің соңғы сәтінде ұлының «көке» деген бір ауыз сөзін ести алмайтын етіп құрылған **тіршілік заңы** неткен тасбауыр* (Сонда, 426-б.).

Жазушының «Өкпек жолаушы» шығармасында Зейнептің тоқтамайтын, жалғаса беретін тіршілікте адамның қабылдаған шешімі қаншалықты өзгеріс әкелетіндігін көрсетеді. *Зейнепке бейтаныстың өз өміріне жасаған шолақ шегінісі ерекше әсер етті. Осы бір қысқа гана сөзден, қысқа гана еске алудан әңгіме иесінің мейірімділігін, жан дүниесінің тазалығы мен жақсы қасиеттерге байлығын, кешірімділігі мен дарқандығын, өмірге биіктен қарап, **қыбыр-қыбыр тіршіліктегі жақсылық атаулыны көре білетін, бағалай білетін адам екендігін байқап өткендей болды*** («Өкпек жолаушы», 453-б.).

Автордың дүниетанымы айқын танылып, олардың рухани әлемі айқындалды. Д.Исабеков повестерінде «Тіршілік» концептісі арқылы оқырманның көз алдына адамның ішкі әлемін толық танытып, айтылар ой тереңдетіле суреттеледі. Тап болған қиын жағдайдағы жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі азап пен ауыртпалық шыншылдықпен бейнелі суреттелген.

Әдебиет:

1. Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва: 1966. – С. 375.
2. Гиздатов Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы: 1997. – С. 176.
3. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд... автореф. – Алматы: 2006. – 26 бет.

ҒАЛЫМ Т. ҚОРДАБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ГРАММАТИКА САЛАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бердалиева А.

(Тұран-Астана университеті)

Қазіргі қазақ тіліндегі сөз таптарының тарихи қалыптасу жолдары қарастырылған. Қазіргі қазақ тілі және көне ескерткіштер тіліндегі сөз таптарының қолданымдық ерекшеліктері де қамтылған. Сонымен қатар сөз таптарының стилдік ерекшеліктері, сөйленім негізіндегі зат есімдердің қолданыс жолдары зерделенген.

Аннотация

Теоретическая и практическая значимость исследования. Достигнутые в ходе исследования научные результаты являются вкладом в развитие изучения концептологии художественных произведений. Практическая значимость работы заключается в том, что её материалы могут быть использованы в спецкурсах по стилистике казахского языка, лингвостилистическому анализу художественного текста, культуре речи, теории литературы.

Summary

Questions language product, being beyond the problem of literature and linguistics, become an object of science research in common philology. Many investigators think about the fiction literature's style as about a new scientific school, staying between the linguistics and literature studies.

Кілт сөздер: қазақ грамматикасы, сөз таптары, сан есім, қазақ тілі тарихы, зат есім категориясы, заттық мағына, заттық мән, филология ілімі, тарихи жол, зат есім, сан-мөлшер ұғымы, көне түркі тілі, мөлшерлеу, жинақтау, көне ескерткіштер тілі, руна жазбалары.

Ключевые слова: казахская грамматика, классы слов, числительное, история казахского языка, категория имени существительного, предметное значение, предметное значение, филологическое учение, исторический путь, существительное, понятие количества, древнетюркский язык, дозировка, накопление, язык древних памятников, рунические надписи.

Key words: Kazakh grammar, word classes, numeral, history of the Kazakh language, noun category, subject meaning, subject meaning, philological training, historical path, noun, concept of quantity, Ancient Turkic language, dosage, accumulation, language of ancient monuments, runic inscriptions.

Қазіргі қазақ тіл білімінің салалары қазақ ғалымдарының зерттеулерінде әр түрлі көрініс тапқан. Дегенмен, қазақ тіл білімі салаларының саралануы, ғылыми негізде тұжырымдалып талдану жолдары Т. Қордабаев еңбектерінде ерекшеленетіндігі айқын құбылыс ретінде танылады. Мәселен, тіл білімінің бір саласы – лексикология ғалым Ә. Болғанбаев еңбектерінде өзіндік жолмен талқыланса, ғалым Т. Қордабаев ғылыми мұраларында негіз қалаушылық тұрғыда берілген [1,84]. Мәселен, ғалым Т. Қордабаев: «Тілдің лексикасындағы сөздер заттар мен құбылыстардың, сапа мен белгінің және т.б. атаулары болып саналады. Мысалы, түз, ас, дәм, кел, мақал, сөз, сән деген сөздер – жеке дара атаулар ғана; бұлардың әрқайсысында лексикалық мағына бар және әрқайсысы белгілі бір ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөздер өзара байланыспай, бір-бірімен тіркеспей, осы қалпында жеке дара тұрғанда, ойды білдіруге қабілетсіз. Бұл сөздер бір-бірімен тіркесіп, «түз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді» (мақал) деген түрде айтылса, онда сөздердің бір-бірімен тіркесіп, өзара байланыста айтылуынан жасалған бұл сөйлемдегі ой бірден түсінікті болады», - дейді [1,32]. Демек, тілдің қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы үшін, оның лексикасындағы алуан түрлі сөздердің бір-бірімен тіркесіп, өзара белгілі бір қарым-қатынаста, байланысты қолданылуы және олардың тіркесуінен сөйлемдердің құралуы шарт. Сөйлемдер әдетте, сөздердің түрленіп тіркесуінен жасалады. Ал сөздердің түрленуі, өзгеруі, түрлі тәсілдер арқылы сөйлемде тіркесуі тілдің грамматикасы арқылы іске асады. Грамматика тілдегі сөздердің түрленуі, өзгеру ережелері мен сөздерден сөйлемдердің құралу ережелерінен белгілейді. Ғалым Ә. Марғұлан Сәрсен грамматиканың зерттелу табиғаты тұрғысында: «Қай ұлттың болса да тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі сананың көрінісі. Сондықтан әрбір сөз тарихтың дерегі болады. Тілдегі әрбір сөз- жанды және жансыз, ескі және жаңа болып бөлінеді», - деп тұжырымдайды [3,57]. Сонымен, грамматиканың табиғатын жете түсіну үшін, ең алдымен грамматикалық абстракция туралы мәселе мен грамматиканың арқасында ойдың материалдық – тілдік қабыққа енуі туралы мәселені біліп алуы қажет. Лексикалық абстракция бар да, грамматикалық абстракция бар. Тілдегі әрбір сөз тектес заттардың жиынтық тобымен ұштасады, оның әрқашан жалпылама мәні болады. Мысалы, «жолдың» - тасты жол, асфальтты жол, ұзақ жол, кең жол, тар жол болуы мүмкін, бірақ бұған қарамастан, жол деген сөз осылардың бәріне бірдей атау ретінде қолданылады. Сондай-ақ, кітап деген сөз жалпы кітап атаулыны білдіреді. Сөздің жалпылаушы қасиеті бола тұрғанымен, ол әр уақытта нақтылықпен байланысты болады. Осы нақтылық сөздің лексикалық мағынасын, оның (сөздің) даралығын айқындап белгілейді», - дей келе Т. Қордабаев: лексикалық тұрғыдан тау, көл, жол, қол, бел деген сөздер әр басқа мағынасы бар әр түрлі сөздер болып саналады. Грамматикалық тұрғыдан тау, көл, жол, қол, бел деген сөздердің айырмашылығы жоқ, өйткені грамматика үшін ең бастысы: бұлардың бәрі де атау тұлғада, жекеше түрдегі зат есімдер. Бұл сөздердің лексикалық мағыналарының бір-бірінен айырмашылығы грамматика үшін басты нәрсе емес, өйткені грамматика нақты сөздерді емес, нақтылығы жоқ сөздерді, жалпы сөз атаулыны ескереді. Бұл сөздер есептелгенде, оларға әр септікте әр түрлі жалғаулар (- дың, - дің, - ға, - ге, - ды, - ді, - дан, -

ден, - мен) жалғанады. Бұл жалғаулардың алдында тау, көл, ауыл, қала, жол, қол, бел, және т.б. осы тәріздес сөздердің қайсысы тұрмасын, оның грамматика үшін пәлендей мәні жоқ», - деп көрсеткен [1,24]. «Сөйлемдер құру үшін де грамматика сөздердің нақтылы лексикалық мағыналарынан абстракцияланады. Осыдан келіп, белгілі бір сөйлемдегі бір сөзді, сөйлемнің құрылысын бұзбай-ақ, басқа бір сөзбен қалауымызша ауыстыра аламыз. Мысалы, «Біз тауға бара жатырмыз» деген сөйлемнің құрамындағы «тауға» деген сөздің орнына, ыңғайына қарай «көлге», «ауылға», «қалаға» деген сөздердің, қайсысын болса да, біреуін қойып айта беруге болады», - дейді ғалым Н. Оралбаева [5,61]. Сонымен ғалым Т. Қордабаев: «Грамматика сөздердің бір-бірімен қатынасын білдіреді. Ол қатынас (отношение) – белгілі бір сөздердің нақтылы қатынасын емес, ешбір нақтылығы жоқ грамматикалық қатынас. Бірақ грамматика қатынасқа ғана сүйеніп қоймайды, сонымен бірге мағынаға да сүйенеді. Бұл арада лексика мен грамматиканың арасында мынадай айырмашылық бар: лексикада мағына категориясы (категория значения) ең басты орынға, қатынас категориясы (категория отношения) кейінгі орынға ие болса, грамматикада ең алдымен қатынас категориясы, содан кейін ғана барып мағына категориясы мәлім болады. Бұған қоса, лексикадағы мағына категориясы грамматикадағы мағына категориясымен сәйкеспейді. Грамматикалық мағынаның лексикалық мағынадан басты айырмашылығының бірі сол, грамматикалық мағына логикалық ұғыммен ұштасады да, шындық өмірдегі заттармен тікелей ұштаспайды», - деп көрсетеді [1,16]. Ал лексикалық мағына логикалық ұғыммен де, шындық өмірдегі заттармен де ара қатыста болып, екеуімен де ұштасады. Грамматикалық жалпылау (обобщение) логикалық категориялармен өзара қарым-қатынаста болатын белгілі бір грамматикалық категорияларға негізделеді. Бұл туралы ғалым С. Исаев: «Ал грамматикалық категориялардың өзі де абстракцияның жемісі. Грамматика өзінің ережелерін жасағанда, сөздер мен сөйлемдердің мағыналық нақтылығын дерексізденеді, сөздердің өзгеруі мен сөздердің тіркесуінің негізінде жалпылық нәрсені негізге алады. Грамматикалық абстракцияның ерекшелігі, міне осындай», - деп қортындылаған [2,45]. Сонымен, ғалым Т. Қордабаев өз еңбектерінде көрсеткендей, қатынас жасау, пікір алысу ой жұмысы нәтижелерінің сөйлемдердегі сөздер мен сөз тіркестеріне негізделіп, соларға орнығып тұрақталуы нәтижесінде ғана мүмкін болады. Грамматика ойды материалдық-тілдік қалыпқа енгізуге, өзара пікір алысуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, ол (грамматика) тілде ұйымдастырушы қызмет атқарады. Ғалым Н. Оралбаева еңбектерін негізге алсақ, онда грамматика тілдің грамматикалық құрылысын зерттейді. Грамматикалық құрылыс белгілі бір тілдегі грамматикалық қатынастардың жүйесі. Грамматика бір-бірімен байланысты – морфология мен синтаксистен құралады. Морфология – сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары мен сөздердің лексика-грамматикалық топтары туралы ілім. Ал синтаксис – сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы ілім», - деп тұжырымдаған [5,61]. Тілдің грамматикалық құрылысын әр тұрғыдан – замандар бойында тарихи дамуы, қалыптасуы тұрғысынан немесе тілдің өмір сүріп тұрған кезіндегі қалпы тұрғысынан – қарастыруға болады. Мұнымен бірге, туыстас тілдердің грамматикалық құрылысы өзара салыстыру тұрғысынан да қарастырылады. Осыған орай грамматиканың бірнеше түрі болады. Тілдің грамматикалық құрылысын, ондағы грамматикалық категориялар мен грамматикалық формалардың пайда болуы мен біртіндеп қалыптасып дамуын тарихи тұрғыдан қарастырып баяндайтын грамматика тарихи грамматика деп аталады. Тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі қалпын қарастырып баяндайтын грамматика синхрониялық грамматика немесе сипаттама грамматика деп аталады. Туыстас тілдердің грамматикалық құрылысын, ондағы грамматикалық категориялар мен грамматикалық формаларды және түрлі-түрлі грамматикалық амал-тәсілдерді өзара салыстыру тұрғысынан қарастыратын грамматика салыстырмалы грамматика деп аталады. Ал, көрнекті тілші ғалым Қинаят Шаяхметұлы өзінің «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде: «сөздің лексикологиялық, дериватологиялық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық қасиеттерін толық танып болғандай, ол жөнінде біржола қорытынды жасарлықтай кезеңге тіл туралы ғылым әлі

жеткен жоқ. Себебі белгілі: тіл- тірі құбылыс, жанды материал», - дейді. Тіл білімінің әрбір саласының қарастыратын единицалары бар. Грамматика тілдегі грамматикалық единицаларды (морфема мен сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді) және ол единицалардың басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдер мен құралдарды зерттейді. Грамматикалық единицалар мен грамматикалық категориялар және грамматикалық формалар мен тәсілдер осы тараудың тиісті бөлімдерінде қарастырылады. Аталған единицалардың (морфема, сөз, сөз тіркестері, сөйлем) ішінде екі жақты құбылыс ретінде қаралатын единица – сөз. Сөз тілдің лексикалық жүйесінің единицасы ретінде лексикологияда қарастырылғанда, жоғарыда («Лексикология» тарауында) атап өткеніміздей, біріншіден, лексикалық мағынасы, мағыналық құрылымы (смысловая структура) жағынан, екіншіден шығу тегі жағынан, үшіншіден қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден экспресивті-стильдік сипаты жағынан қарастырылады. ал сөз тілдің грамматикалық единицасы ретінде грамматикада қарастырылғанда, біріншіден оның бойында лексикалық мағына мен бірнеше грамматикалық мағынаның ұштасып келуі жағынан, екіншіден морфологиялық құрылымы мен құрылымдық элементтері жағынан, үшіншіден формалары жағынан, төртіншіден лексика-грамматикалық топтарға қатысы жағынан, бесіншіден сөз тіркесі мен сөйлемнің құралуына қатысы және олардағы қызметі жағынан қарастырылады. Грамматикалық единица ретінде қаралатын сөздің басқа барлық единицалардың ішінде алатын орны да, атқаратын қызметі де айрықша. Сан алуан грамматикалық құбылыстар сөзден тарайды және сөзге келіп тірелмейтін, оның (сөздің) қатысы болмайтын бірде-бір грамматикалық единица жоқ десе де болады. Сөз, біріншіден, грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен өзара тығыз байланысқа, қарым-қатынасқа түскен күйінде грамматикалық құрылыстың морфологиялық саласын құраса, екіншіден сөз тіркесі және сөйлеммен өзара қарым-қатынасқа, тығыз байланысқа түсіп, олармен бірге грамматикалық құрылыстың синтаксистік саласын құрайды. Сөз де, сөз тіркесі де, сөйлем құрауға қажетті единицалар ретінде қызмет атқарады. Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде қаралатын сөз бен сөз тіркесі тілдің номинативті құралдарының қатарына енеді. Сөйлем ойды айтып жеткізудің негізгі құралы болып саналады да, коммуникативті қызмет атқарады. Мұнан әрине, сөз бен сөз тіркесінің коммуникативті қызметке қатысы жоқ деген ұғым тұмауға тиіс. Мұндай қызметті олар да атқара біледі. Бірақ сөз бен сөз тіркесі коммуникативті қызметті өздігінен, жеке дара күйінде емес, сөйлем арқылы, сөйлем құрамында қолданылу арқылы атқара алады. Сөз де, сөз тіркесі де сөйлемнің құрамында қолданылғанда, оның құрылымдық элементтері ретінде қарастырылады. Әрбір тілдің өзіне тән белгілі бір құрылымы болады. Құрылым тілді құрастырушы единицалар – сөзде де, сөз тіркесінде де, сөйлемде де бар. Тілдің құрылымына талдау жасау, сайып келгенде, оны құрастырушы тілдік единицалар – сөздің құрылымына талдау жасау болып шығады. Грамматика сөздердің өзгеруін, түрленуін, олардың сөйлемде тіркесу формалары мен заңдылықтарын зерттейді. Сөздер бір-бірімен грамматикалық қатынасқа түскенде ғана, олардан сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалады. Грамматикалық қатынастар сөздердің аралығында ғана емес, сонымен бірге сөз тіркестерінің аралығында да, сөйлемдердің аралығында да болады. Осыған орай, грамматика сөздердің аралығындағы, сөз тіркестерінің аралығындағы, сөйлемдердің аралығындағы грамматикалық қатынастарды зерттейді. Грамматика үшін тілдік единицалардың аралығындағы грамматикалық қатынастар ғана емес, сонымен бірге, тілдік единицалардың (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) құрылымы да маңызды мәселе болып саналады. Осы ерекшеліктерді түйіндесек, онда Т. Қордабаев зерделеген қазақ грамматикасында

1) сөздің құрылымы,

2) сөз тіркесінің құрылымы

3) сөйлемнің құрылымы зерттеледі. Грамматикада сөздердің аралығындағы қатынастармен ғана емес, сөздің ішіндегі қатынастармен де шұғылданады. Сөйлем туралы да осыны айту керек: грамматикада оның құрылымы ғана емес, сөйлемдердің әр түрлі типтерінің аралығындағы байланыстар да зерттелінетіне көз жеткіземіз.

Әдебиет

1. Қордабаев Т. Қазақ тілінің грамматикасын оқыту мәселелері. – Алматы, 1967.
2. Исаев С. Қазіргі қазақ тілінің мәселелері. – Алматы, 1991.
3. Марғұлан Ә. Қазақтың тарихи ескерткіштерінің тідері жөнінде. – Алматы, 1972.
4. Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ. – Алматы, 2005.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1994.

УДК 371.39

THE USE OF PSYCHOLINGUISTIC RESEARCH DATA IN DEVELOPING FOREIGN LANGUAGE TEACHING METHODS

Бунина А.Р.

Научный руководитель: Какимова М.Е.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Abstract

The article concerns the ideas of psycholinguistics and application of the results of psycholinguistic research in the field of foreign language teaching. The urged need of fast language learning set a comprehensive task of elaborating new ways in the learning process. Different theories of language acquisition have led to the immerse of various methods and techniques based on psychological properties of an individual. The author summarizes the main directions of the psycholinguistic approach development and describes a selected number of techniques having proved the positive effect on foreign language teaching. Taking into account the methods and techniques observed, the author concluded that their use is of great importance and value in changing the current approach to the FL teaching.

Keywords: psycholinguistics, psycholinguistic approach, language acquisition, foreign learning teaching, conscious and subconscious processes

There is no doubt that language is one of the most important and fundamental components of any form of communication. It offers an opportunity to overcome language barriers between people of different cultures and nationalities. It is also beyond any dispute that today, proficiency in a foreign language, especially English, is one of the most important conditions for a person's adaptation to the modern world. In this regard, one of the main tasks of the European Commission on multilingualism in the field of education, aimed at learning two or more languages, fully corresponds to the Kazakh idea of trilingualism, adopted at the state level on the initiative of the first President of the republic [1].

To date, any modern research in the field of human behaviour and human studies, which includes such important elements as education and the system of obtaining knowledge in general, is increasingly being reoriented from the question of what to study to the problem of how to acquire and master knowledge. With this background, the algorithms of the human brain operation come to the fore, though according to T.V. Chernigovskaya, a Russian scientist in the field of neuroscience, psycholinguistics and theory of consciousness, a person will never be able to perceive the way his brain works by using the brain itself, and at the same time, representatives of the traditional branch researching the work of the human brain – neurophysiology – have proved in a number of studies that from the point of view of fixed physiological processes, the human brain is not able to fully provide both conscious and unconscious brain functions due to the low rate of transmission of electrical impulses in the interneuronal synapses, whereas human thought occurs much faster [2]. In this context, psycholinguistic research, which can lift the veil of secrecy over the way the brain works, is particularly relevant. Over the years of the existence of this science, researchers in the field of psycholinguistics have developed optimal methods and techniques for teaching a foreign language, based on the strategy and styles of teaching, the type of the human psyche, the form of perception of the surrounding reality, etc.

If we compare it with other fundamental sciences, then psycholinguistics is certainly a relatively new field of scientific knowledge, the subject of which is the structure and functioning of human speech mechanisms, but not from an anatomical or technical point of view, but in terms of their correlation with the language structure. A.A. Leontiev refers this science to one of the significant stages of the development of the psychology of speech and puts it on a par with sociolinguistics, calling it ‘experimental linguistics’ [3]. For the first decade of its existence, psycholinguistics was based on the American neobehaviouristic concept, which emerged from general psychology and considered the speech behaviour of an individual as a comprehensive system of human reactions to various stimuli and environmental signals. In turn, linguists of this direction, headed by Charles Osgood, divided these reactions into direct and indirect, i.e. delayed, ones and presented the system of the speech mechanism itself as an input-output system in which a certain stimulus was received and processed at the input and transformed into a response at the output. In addition to the idea of reactivity, Charles Osgood’s psycholinguistics could also be characterized by individualism (the object of research is a person isolated from any social ties) and atomism (the indivisibility and integrity of individual words or verbal constructions) [4].

This view of speech production was later contrasted with the ideas of American psycholinguist Noem Chomsky, who developed the theory of the so-called “production grammar” or “Chomsky hierarchy”, in which he proposed a model of speech production based on systems of operations with text or systems of rules according to which synthesis and analysis of sentences as a whole are possible. This approach completely contradicted the traditional model of language, which assumed the segmentation of language units according to their functional characteristics up to morphemes and phonemes [5]. For the first time, Chomsky published the theory of the generating model back in 1957, perfecting and refining this idea for many decades, during which it became popular and even quite fashionable since at first glance it seemed rather attractive through its originality, dynamism and novelty at that time. In fact, the success of such a model introduction was not so impressive and its formalized implementation led to the existence of the model only in theoretical terms. However, this has heightened a huge interest of linguists in the psycholinguistic aspect of language learning, as a result of which a significant number of often truly amazing techniques have appeared recently revealing the deep potential of the human brain and consciousness.

Psycholinguistics focuses on the application of real language and communication and it is often difficult to decide on the application of various methods that will allow learners to easily understand the language. In this article, we will review the most well-known and successfully implemented methods that are used by modern foreign language teachers and trainers.

Thus, the unique synergetic method, which is called ‘In Two Languages Simultaneously’ and which is based on the works of Robert Waelder, the Austrian scientist in the field of psychoanalysis, involves the use of untapped creative resources of the human brain in the process of language learning and in the gradual introduction of the learner into the environment of foreign language thinking. This system differs in that the development of the thought process takes place simultaneously in two languages, native and foreign, excluding such seemingly standard exercises when learning languages as learning from the text or working out grammatical rules. The training includes 12 stages of visual and sound adaptation to the language being studied, the correction of articulation basis, phonological fixation, etc. This method is based on materials used in language schools in leading European countries.

A number of intensive methods of teaching a foreign language have been developed thanks to a huge number of psychological and psycholinguistic studies based on suggestopedia (revealing hidden human capabilities). They are based on the work of our subconscious and include such interesting techniques as the immersion method, during-sleep learning method, etc. A pioneer in the development and application of non-traditional methods of language learning was the Bulgarian psychotherapist Georgy Kirillov Lozanov, who proposed suggestopedia as a tool to enhance mental processes. This method was based on the use of various techniques to reveal unconscious human abilities and capabilities. The special emphasis is laid on the psychological mood and emotional

state of learners. Such entertaining activities as listening to music, different movements, or stage action, as well as techniques such as visualization, breathing and biofeedback are actively used here. One of the variants of the suggestive technique is the so-called “immersion” in the language environment. The essence of this technique is that after preliminary language training learners spend a predetermined number of days (usually from 10 to 14) in conditions when any communication takes place only in a foreign language according to a pre-developed plan.

Theoretical and practical studies of G. Lozanov aroused great interest in accelerated learning in the West and gave rise to various methods, which were based on the integration of traditional, communicative and socio-cultural methods of learning a foreign language. In this regard, it is worth mentioning the method of Galina Kitaygorodskaya, which can be called the method of activating the capabilities of the individual and the group. It is based on a communicative approach and represents an exciting business game, the writer and director of which is the teacher himself. Based on the results of psychological testing, each learner is assigned a certain role, which remains with him until the end of the course. As part of the game, learners communicate, immerse themselves in certain life situations and solve interesting tasks. It is stated that due to the intense nature of the course, participants can effortlessly master up to 3,500 lexical units in 120 hours.

The author’s 3L program of psychologist and linguist Daria Dobreva is also very interesting. It is a synthesis of the latest knowledge in the field of linguistics, psychology and neurophysiology, symbolic modelling, Design Human Engineering, neuro-linguistic programming, mnemonics and much more. The main idea of the program is to as much as possible activate the areas of the brain responsible for learning the language ‘as a child’. According to Luriya, thought formation and thought comprehension occurs in the Wernicke’s speech area, formed in the process of evolution next to the zone of auditory analyzers of the cerebral cortex. This area is responsible for the connection of symbols denoting objects and phenomena with their individual representations in the personal experience of an individual. The Wernicke’s area connects with the Broca’s area, which is the motor speech center of the cerebral cortex, through the neural arcuate fasciculus. Thus, two interdependent areas, one of which is responsible for the perception and formation of logical structures and representations, and the second for their reproduction in speech, are connected even at the physiological level [6]. In contrast to the classical, grammar-translation approach, this method is based on the concept that consists in equating both speaking and understanding speech to an ordinary skill, which is essentially a conditioned reflex developed through numerous repetitions and matrixed into ‘brain muscle’ memory [7].

Based on similar results of modern American studies, A. Zilberman developed the Language Bridge technique, which has a US patent. This technique allows for establishing a habit of non-translating oral speech into the native language and backwards. It is explained by the idea that while consciously or subconsciously translating words of a new language, a person creates unnecessary chains of bilingual information that have no direct association with the concepts and images that they bear. As a result, a bulk of “short-term” memory is created, which cannot be stored forever. At the same time, if we consider how children learn a language, it becomes clear that the best way to learn it is to directly link feelings, emotions and associations with words and phrases, without analyzing grammatical forms of words or lexical rules.

Based on all of the above, it becomes clear that the process of comprehending a foreign language should not be limited to simple assimilation of the rules and norms of phonetics, grammar and vocabulary. First of all, it is worth paying attention to the development of conversational skills and the ability to speak for the purpose of communication, and not just the reproduction of one’s thoughts. There is no doubt that the use of knowledge of psycho- and neurolinguistics in teaching foreign languages contributes to the development and implementation of innovative methods and approaches that can significantly reduce time costs, but at the same time improve the quality of the results obtained.

Литература:

1. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. – Алматы, 2005. – 254 с.
2. Черниговская Т.В. До опыта приобрели черты. Мозг человека и породивший его язык // Логос. Фонд «Институт экономической политики им. Е.Т. Гайдара, Москва. – 2014. – № 1 (97). – С. 1-14
3. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – Смысл, Лань, 2003. – 287 с.
4. Osgood С.Е., Sebeok Т.А. Psycholinguistics. A Survey of Theory and Research Problems. Report of the 1953 Summer Seminar Sponsored by the Committee on Linguistics and Psychology of the Social Science Research Council. – Waverly Press Inc., Baltimore, 1954. – 203 p.
5. Chomsky N. Language and Mind. – Cambridge University Press, New York, 2006. – 190 p.
6. Лурия А.Р. Язык и сознание / Под ред. Е.Д. Хомской. – Ростов-на-Дону, 1998. – 186 с.
Кроль В.М. Психофизиология человека. – СПб: Пи

БАЛЛАДА ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Гулназ Төкенқызы

(филология ғылымдарының кандидаты, профессор)

Нүсіпбек Ризабек

(«Тұран-Астана» университеті)

Баллада негізінен, итальян тілінен енген өз (ballare – билеу деген мағынаны береді) жалпы өнер жаныры деп айтуға болады.

Баллада - әдебиетте, поэзияның шағын сюжетті лирикалық жанр болса, музыкада, шағын лирикалық өлеңге негізделіп жазылған би әні деп айтуға болады. Орта ғасырда Батыс Еуропа өнерінде қалыптасқан баллада жаныры бүгінде әлем әдебиетінде өзіндік орны қалыптасқан өнерге айналды. Батыс Еуропа халықтарының сюжетті әндерін баллада деп атаған.

Баллада жанрында қалам тербейтін жазушылар тарихи оқиғаны немесе фольклорды негізге алады. Бұл жанрда ойдан шығарылған кейіпкерлер көп кездеспейді.

Тұңғыш рет «баллада» термині 13 ғасырда ежелгі Провансаль қолжазбаларында жазылады. Бұл жазбаларда «баллада» сөзі би өнерін сипаттау үшін айтылған. Ол дәуірде бұл термин әдебиетте немесе басқа өнер түрлерінде жанр ретінде қолданылмады.

Поэтикалық әдеби жанр ретінде баллада Францияда 13 ғасырдың аяғында ғана қолданыла бастады. Бұл жанрда қалам тербеген алғашқы ақындардың бірі - Жанно де Лекурель есімді француз ақыны. Алайда, баллада жанры ол кезде тек поэтикалық бағытта емес еді. Мұндай шығармалар музыкалық қойылымдарға бағытталған. Музыканттар балладаға биледі, сол арқылы көрермендерді күлдіруді мақсат етеді.

Балладаны «би» жанрынан бөлектеп оның әдеби бағытта қалыптасуына 14 ғасырда өмір сүрген Гийом Фе Мачоут есімді ақын ерекше үлес қосты. Ол екі баллада жанрында екі жүзден астам махаббат лирикаларын жазып, қалың жұртшылыққа кеңінен танымал болды. Оның шығармаланынан кейін баллада тек әдеби нағыз жанрға айналды.

Әлемде баспа өнерінің пайда болуымен Францияда газеттерінде балладалар басылып таратыла бастады. Бұл шығармалар адамдардың ыстық ықыласына бөленіп, қызығушылығын турдырды. Француз халқы демалыс күндері отбасыларымен жиналып, қызықты сюжетті балладаларды тамашалайтын үрдіс қалыптаса бастаған.

Сол дәуірдегі ең танымал баллада жазатын ақындардың бірі - Кристина Писанская, ол Мачут секілді билер үшін емес, баспаға шығару үшін балладалар жазды. Ол «Жүз баллада кітабы» туындысымен танымал болды.

Біраз уақыттан соң баллада жанры басқа да еуропалық ақын-жазушылардың шығармашылығында өз орнын тауып отырған. Бұған дәлел ретінде айтар болсақ өте көп. Орыс әдебиетіндегі баллада жанры туралы ой қозғар болсақ, онда бұл жанр 19 ғасырда ғана пайда болған. Бұл неге байланысты болды деген сұраққа тоқталғанда, орыс ақындарының неміс романтизмінен шабыттаныуына байланысты болыпты және сол кездегі немістер өздерінің лирикалық тәжірибелерін балладаларда суреттегендіктен, бұл жанр мұнда да тез

таралған. Ең танымал баллада жазған орыс ақындарынан айтар болсақ: Пушкин, Жуковский, Белинский және т.б.

Ал балладалары тарихқа енген әлемдік әйгілі жазушылар Гете, Каменев, Виктор Гюго, Бургер, Вальтер Скотус және басқа да көрнекті әдебиетшілерді қатарына қосуға болады.

Қазіргі әлемде баллада классикалық әдеби жанрдан бөлек, өзінің алғашқы музыкалық тамырларын тапты деп айтуға болады. Батысты айтар болсақ, батыстың рок музыкасында «рок-баллада» деп аталатын тұтас музыкалық бағыт бар болып, онда осы жанрдағы әндерде олар негізінен махаббат, сезім туралы ән айтады екен.

Негізінен алып айтқанда баллада әдебиеттің жанры ретінде бірнеше ғасыр бұрын пайда болған. «Баллада» сөзінің шығу төркіні латын тілінен болып, би немесе би әні ретінде аударылған музыкалық мағынада айтылады. Ал Францияда орта ғасырлардан бастап ақ терең мағынасы бар поэзия баллада деп атала бастаған. Франциядағы мұндай өлеңдерде қаһарман адамдардың өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, күнделікті тұрмыстағы проблемалары, әр адамның өз басынан кешкендері мен махаббат, сезімдері сипатталыпты. Ал мұндай әндерде көбінесе рухтың атақ күші мадақталып, сонымен қатар тарихи оқиғалардың кейбірі сипатталғанымен қоймай және мифтік аңыз-ертегілерге ұқсаған сиқырлы тақырыптар қолданылған екен.

Бірақ уақыт өте келе баллада жанры көптеген өзгеріске ұшыраған, нақтырақ айтар болсақ, мағыналық сюжеті ғана емес, өлеңді жазу техникасы да бірге өзгерген. Содан бастап бұл ән емес, кішігірім фантастикалық, тарихи немесе батырлар туралы өлеңдер болып өзгерген.

Бүгінгі күнге жеткенде баллада маңызды тағылымдық мәнге ие болып, адамдар арасындағы әртүрлі қақтығыстарды білдіредірген, нақтырақ айтар болсақ:

- ата-аналар мен балалар;
- әуесқойлар немесе сол топқа немесе басқаға әуес еместер;
- жоғары - төмен деңгейдегі адамдардың қарым-қатынасы.

Баллада жанрында әдебиеттің лирикалық, эпикалық, романтикалық және мистикалық поэзия түрлері қамтылады. Орта ғасырларда бұл жанр Англия мен Еуропада халық әні немесе биі ретінде қалыптаса бастаған. Көбінесе баллададағы негіз етіліп айтылатын тақырыптар:

- басты кейіпкер мен оның дүниетанымы туралы;
- басты кейіпкермен болатын оқиғалар туралы;
- оның алдын-ала болжамдары мен тәжірибелері туралы болған.

Баллада жанрында жазылған шығармалар адамның ішкі жан күйін, адам бойындағы жақсылық пен жамандықтың өзара қайшылығын, күресін жырлайды. Баллада оқырманға белгілі тарихи тұлғалар туралы, адамдардың оған деген сүйіспеншілігі туралы жырлайды. Баллада сонымен бірге сиқырлы және ғажайып дүниелер туралы толғай алады.

Бұрынғы балладалар тек үш шумақтан жазылатын, олардың әрқайсысы 8 жолдан аспайтын болған. Осылайша, туындының мәні 24 жолда ашылды, әр 8 жолдың соңғы жолы тағы бір қайталанып, сол рифммен ақырласады. Бұл баллада жанры адамдарға ән тәрізді сезім сыйлайтын болған.

Баллада жанрымен жазылған шығармалар қызықты оқиғалар ғана емес, оның кейіпкері өзінің барлық тәжірибесімен бөлісіп, алдын-ала ойлауымен оқырманды бірге жетелеп отырады. Баллададағы кейіпкерлер көбінесе қоғам мен оның қоршаған ортасына қарсы тұратын, оны ерекше, өз заманының идеяларына сәйкес болмайтын адамдар ретінде көрнектендіріледі.

Орыс әдебиетінде баллада – аңыздық, тарихи, ертегі немесе тұрмыстық тақырыптағы баяндау үлгісіндегі сюжеті бар лирикалық поэзия жанры деп түсіндірілген.

Адам әрдайым әдеби балладалардың арасынан көрінеді, бірақ 19 ғасырдың осы жанрды таңдаған жазушылары адам күштері барлық мәселелерге жауап беруге, өз тағдырларының егемен иесі болуға толық қанды мүмкіндік бере бермейтінін сезді. Сондықтан әдеби баллада негізінен өлімге әкелетін тағдыр туралы сюжеттік поэма болып

саналады, мысалы, неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің «Орман патшасы» балладасы осы бағытта жазылған.

Баллада жанры Алексей Константинович Толстойдың өз шығармаларында қолданылған. Ол өзінің балладасын ежелгі дәуір тақырыбында жазады. («Алеша Попович», «Илья Муромец», «Садко» және басқалар).

Олардың өлеңдерінің көлемді бөлімдері балладалар деп аталды, бұл терминді кеңінен қолдана отырып, А.А.Фет, К.К.Случевский, В.Я.Брюсов. Брюсов өздерінің «Тәжірибелерінде» баллада жанры туралы айта отырып, өзінің дәстүрлі лиро-эпостық үлгідегі екі балладасын ғана көрсетеді олар: «Бертаның ұрлануы» және «Табынушылық».

XX ғасырдағы аласапыран оқиғалар әдеби баллада жанрының дамуына тағы бір жаңа кадам әкелді. Э.Багрицкийдің «Қарбыз» балладасы, революцияның аласапыран оқиғалары туралы балладасы дүниеге келді.

Жалпы баллада жанры әлі де болса қарапайым халық үшін танымал жанр емес. Өйткені бұл ерекше және талғампаз жанр. Оқиғаны әңгімелеудің бұл формасы өте күрделі сондықтан баллада жанрындағы шығармалар автордан шеберлік пен ерекше талантты қажет етеді.

Баллада - эпикалық ерекше сюжеті бар лирикалық шығарма деп те айтуға болады. Шығарманың бұл түрі жазушыға экспрессивті әдістерді көптеп қолдануға, аллитерация мен ассонанс көмегімен туындының эмоционалдылығын арттыруға, әдемі рифмаларды қолдана отырып, шығармадағы кейіпкерлердің тікелей сөйлеу сөзінің көркемдігіне ерекше мән беруге мүмкіндік береді. Баллада көбінесе сюжеті фольклормен, қандай да бір батырлық әңгімелер және аңыздармен тікелей байланысты. Көбінесе «Батрлар туралы баллада», «Жауынгер туралы баллада» және сол секілді әндер кездеседі. Баллада көбінесе музыкаға қойылуы керек деп есептеледі, сондықтан оны негізінен әнмен айту қалыптасқан. Музыка жазылған баллада ең жұмсақ, нәзік дыбысқа арналған ассонанстардың көп болуы керек.

Жалпы, балладаның не екенін білу үшін сізге осы жанрдан кем дегенде бірнеше шығарма оқып шығу керек болады. Баллада жанрын түсіну қазіргі қарапайым оқырманға оңай емес, сол сияқты бұған кез-келген үлкен поэтикалық мәтінді қолдану ыңғайсыз. Жанрдағы назар аударуға тиісті сипатталған оқиғалар еленбей қалады. Оқырман сюжеттік детальдар мен кейіпкерлер мотивтеріне көңіл бөлуден гөрі рифманың әдемілігіне баса мән береді. Мүмкін, сондықтан да баллада жанры әдебиет әлемінде кең таралмады.

Көбісі балладаны ежелгі дәуірдегі әдебиеттермен байланыстырып қарайды. Бүгінгі күні поэзия бұрынғыдан әлдеқайда қарапайым, түсінікті болды. Бұл ән мәтініне де көрніс тапты. Қазіргі әндердің мәтіндік мазмұнына қарағанда, бейнеклиптің көрнекі көркемдік дизайнына басты назар аударады. Алайда, қазірдің өзінде өзгеше заманауи, модернизацияланған балладалар дүниеге келеді, бұл қайтадан өткен тыңдаушыларға оралады деп айтуға болады.

Балладаның негізгі ерекшеліктері

Әдеби жанрдағы балладаның негізгі ерекшеліктерін төмендегідей:

Композицияның болуы: кіріспе, негізгі бөлім, шарықтау шегі, денонимация.

Оқиға желісінің көрнектілігін.

Автор мен кейіпкерлер арасындағы байланыс көрнектіленеді.

Кейіпкерлердің эмоциясы мен сезімдері ашып көрсетіледі.

Нақты және фантастикалық сюжеттік оқиғалардың үйлесімді үйлесімі болуы.

Ландшафттардың сипаттамасы.

Сюжетте өзіндік құпиялардың, жұмбақтардың болуы.

Кейіпкерлер өзара диалогтары болуы.

Лирика мен эпостың ерекше үйлесімі.

Франция - баллада жанрының алғашқы отаны

Баллада жанрының не екенін нақты мысалмен арнайы түсіндірген дұрыс болар. Ол үшін Француз әдебиетінен бастау керек деп ойлаймын. Өйткені әдеби шығармашылықтың өзгеше түрі болған баллада жанры тұңғыш рет Францияда дүниеге келді.

XIII ғасырдың соңғы онжылдықтарында канзонаның жойылуы кезінде пайда бола бастады. Француздық махаббат жыры ерекше байыпты және терең дүниеге, күрделі формасы мен кең мазмұны стилде дамыды деп айтуға болады. Франциядағы алғашқы жазылған балладалар Ла Фонтейнның есімімен байланысты ол бүкіл әлемге өзінің өлмес ертегілерімен танымал болды.

Ла Фонтейнның балладалары мазмұны мен формасы бойынша өте қарапайым болғандықтан оларды соңына қарай балладашылардың біраз тәжірибелілері мен талғампаздары аяусыз сынға алды. Жазушы Ла Фонтейннің астарлы әңгімелерін айшықтап көрсететін көңіл-күйді және ондағы қасиеттерді оның балладаларына ауыстырды. Француз, заманауи балладаның жақсы мысалы ретінде - Виктор Гюгоның *La ballade de la nonne* айтылады.

Осы жанрдағы шығармаларды жазу шеберлігі оның жазушылық қабілетін тағы да растайды.

Тұманды Альбион туралы баллада

Баллада жанры Англияда да кең таралды. Бірақ бұл жанрды бұл елді мекенге әкелушілер Норман жаулап алушылар деп айтылады. Англия аумағында баллада одан да маңызды ерекшеліктерге ие болып, қоғамның қараңғы тақырыптарын қозғай бастады және сол қоғамның көңіл-күйін айтарлықтай өзгертті. Кім біледі, мүмкін тұман өзі арқалаған жүгін айтарлықтай атқара білді. Алдымен ағылшындар Одинді жоғары деңгейде бағалады, содан кейін Шотландия батырларының ерліктері тақырыбына ақырындап ауса бастады. Бұл балладада осы елдің ұлттық мәдениеті ерекше айқын көрінеді, оны басқа ештеңемен алмастыруға болмайды. Ұрылар князі Робин Гудтың байларды тонап, олжаны кедей-кепшіктерге беруі туралы оқиғаны естігендер аз. Ағылшындар ол туралы балладалар да жазды. Ағылшын әдеби балладалық шығармаларында Артур патша мен оның рыцарьларының бастан кешкен әр-түрлі оқиғалары да кеңінен суреттелген. Соғыстан шаршаған батырлардың оттың айналасын қоршай отырып, люталарды алып, бір-біріне Қасиетті шағыл іздеу және ұлы Мерлин Амбросиустың сиқыры туралы жазылған балладаларды әндететіні бар.

Неміс балладалары

Неміс балладалары да ағылшындар сияқты, қараңғылық пен байсалдылықты ерекше көрніс тапты, сондықтан неміс балладаларында ауыр атмосфера бар деп айтуға болады. Германиядағы ең жақсы жазылған балладалар романтизмнің гүлдену кезеңінде пайда болды. Готфрид Август Бургер және Генрих Гейне секіді ақындар осы жанрда қалам тербеп бақтарын сынап көрді. Бұл ақындардың неміс сипатын баллада секілді ерекше талғампаз әдеби шығармадан көруге болады. Солардың ішінде Гетенің *Der Erlkönig* балладасы өте танымал болды. Бұл атаудың көптеген аудармасы бар, алайда көбінесе біз «Эльфтердің патшасын» нұсқасын білеміз. Бұл балладаның сюжеті өте қайғылы және неміс тілінде стереотиптік тұрғыдан ғалған өте қатал. Бұл баллада кішкентай баланың өлімін сипатталады, шамасы, дәл осы эльфтер патшасының қолынан жасалған. Сонымен қатар, бұл баллада мистикалық сипатқа ие деп нақты айта алмаймыз. Мүмкін, бала аурудан өлгені болуы да мүмкін, және ол қызба кезіндегі табиғаттан тыс өзге тіршілік иелерін армандаған.

Заманауи баллада

Баллада жанрының нақыт анықтамасы бүгінге дейін біршама бұлыңғыр боып келді. Қазіргі заманда бұл әдеби жанр құрлымы жағынан жеңілдеді, бірақ шынайылығын әлі жоғалтқан жоқ. Мұндай шығармалардың түрін, немесе, ең болмағанда, балладаға ұқсас әндерді фольклорлық топтардың орындауында кездестіруге болады. Мысалы, Флер мен Мельница топтарының кей әндерінде «баллада» сөзі тікелей қолданылып жүр. Бұл оларды романтикалы және ерекше талғампаз етіп көрсетеді. Кейде балладалар тарихи немесе қаһармандық бағыттағы фильмдерде көрсетіледі, ал кейде оларды компьютерлік ойындардан көреміз. Мұның ең жарқын мысалы - салыстырмалы түрде жаңа *The Elder Scrolls V: Skyrim* ойындары, онда бардтар жергілікті батырлар мен жаулап алушы дұшпандар туралы әдемі

балладалар көрніс табады. Осындай ерекше көркемдікке ие әдеби жанрдың өзектілігі ешқашан жоғалмайды деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: ҚСЭ,
 2. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-т. Сөз өнері: монография. Талант пен таным: әдеби толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 1983. – 456 б.
 3. Дүйсенбаев Ы.Т. Қазақтың лиро-эпосы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 150 б.
- Тимофеев Л.И., Тураев С.В. Словарь литературоведческих терминов. – Москва: «Просвещение», 1974.

ӘОЖ 821.512.122

КЕЙШКЕР ЕСІМДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Габдулина М.Г., Ермек С.
(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазіргі лингвистика тілді адаммен, объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ой, санасымен ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады. «Адам және тіл» мәселесі соңғы уақытта мол өзектілікке ие болуда, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ, себебі тіл адамды адам ететін айрықша белгі, ерекше нышан қасиетімен танылады.

Тіл пайда болған күннен бастап адамзаттың өз ойын басқаға жеткізу үшін тәжірибесі жинақталып, қалыптасады. Осымен байланысты оған қатысты тілдік бірліктердің табиғатын тануда тілдің когнитивтік, танымдық қызметі ерекше. Бұл – тілдік ойды жарыққа шығару құралы. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік, референция қызметтері бірге танылады. Яғни, тіл – тек заттың, ұғымның аты ғана емес, ол халықтың белгілі бір кезеңдегі таным-түсінігі, өмір салтанатының жемісі, сол себепті тіл әлеуметтік құбылыстардан тыс өмір сүрмейді [1, 11 б.].

Ал ғалам бейнесі – «қоршаған орта мен адам туралы ақпараттың қайта өңдеудің нәтижесі» [1, 12 б.]. Ғалам бейнесі дүниенің біртұтас ғаламдық образы, ол адамның бүкіл рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылады, адамның ғаламмен жасайтын барлық байланыстары барысында пайда болады. Мұнан шығатын қорытынды, когнитивтік позиция ономастикалық бірліктер мен бүкіл ұлттық ономия ғалам бейнесінің вербалдық ономастикалық формасының тілдік берілімі болып табылады.

Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін құрай алады.

Тілдің ономастикалық жүйесі толық әрі жеткілікті шамада қазақ этносының тілден тыс өмір шындығы мен ұлттың менталитетін бейнелейді, басқа сөзбен айтар болсақ, қазақ тілінің жалқы есімдер жүйесі ғаламның ұлттық бейнесін көрсетеді, яғни халықтың дүние көрінісі ғалам бейнесінде жинақталады. Басқа қырынан алғанның өзінде кез келген лингвомәдени тұрғыдағы менталитет белгілі бір дәрежеде оның ғалам бейнесімен байланысты болады. Шындық өмір менталитеті мен ғалам бейнесі арасындағы мұндай күрделі диалектикалық өзара байланыс ғаламның ономастикалық бейнесінде тілдік берілім және ұласу арқылы іске асады, өйткені ғаламның тілдік бейнесі белгілі бір дәуірге тән ойлау-сөйлеу қызметінің тәсілін рухани, мәдени және ұлттық құндылықтарын көрсетеді.

Ал ұл балаларға ат қоюда, керісінше, халқымыздың аты шыққан билері мен хан-сұлтандарының, батырлары мен елге әйгілі тұлғалардың, белгілі ақын-жазушылардың, мемлекет қайраткерлерінің атын қою жақсы үрдіске айналған: *Абылай, Әбілқайыр, Кенесары, Шыңғыс, Қазыбек, Төлеби, Бәйдібек, Ерасыл, Бекет, Наурызбай, Райымбек, Мағжан, Мұстафа, Мұхтар, Шерхан, Олжас, Бексұлтан, Нұрсұлтан, Иманғали, Санжар, Әлихан, Амалбек т.б.*

Қазақ антропонимдерінің бірқатары ұлт болмысын білдіре отырып, халықтың діни дүниетанымы мен түрлі наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерінен лингвомәдени ақпарат береді. Ырымшыл келетін халқымыз перзенттеріне ат қоярда ұлтымызда қалыптасқан түрлі сенімдерді басшылыққа алған. Оған аталған есімдерді қою уәжділіктері дәлел бола алады:

– дене, бітім ерекшеліктерін білдіретін есімдер: *Қаракөз, Шалабай, Аққыз*, т.б.

– жаңа туылған сәбидің денесінде түрлі мең, нышандардың кездесуіне байланысты: *Аққал, Қалдыгүл, Меңдігүл, Қалдықыз, Меңдіқыз, Меңтай, Анар, Нышанкүл*, т.б., ал ұл балаларға *Қалдыбек, Қалдар, Қалдан, Нарқал, Қалыбек* секілді есімдер қойылады.

– тууылу орны мен мезгіліне байланысты: *Дүйсенкүл-Дүйсенбек, Сейсенкүл-Сейсенбек, Жұмагүл- Жұмабай, Наурызгүл - Наурыз, Сайлаукүл-Сайлаубек*, т.б.

– баланың тұрмауы: *Тұрсынкүл, Өлмес, Қалсын, Тоқтасын, Аманкүл, Есенкүл, Тұрар*, т.б.

– ұл баланы аңсаудан: *Ұлбала, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлдар, Жаңыл, Тойдық, Дәметкен, Ұлдана, Ұлпан, Ұлжан, Ұлтай*, т.б.

– сұлулық пен нәзіктікті, үйлесімділікті аңсаудан: *Айсұлу, Күнсұлу, Жансұлу, Жібек, Сымбат, Нәзікен*, т.б.

Жоғарыда көрсетілген ат қою уәжділігінің айқын үлгілерін көркем мәтіннен аңғаруға болады.

Мысалы,

Поштақұлдың қатыны Тойсын үйде жоқ (Ш. Мұртаза. Ай мен Айша).

Әкем Есқара, елдің айтуынша, аса балажан екен. Артынан бала ілессін, ұл тусын деп, менің атымды өзі Ілескүл қойыпты (Б.Нұржекеев. Ерлі-зайыптылар).

Бір әке, бір шешеден жалғыз едім,

Демек, мен

Жалғыз қауыз гүл едім

Жарып шыққан желектен.

Көптен күтіп бір перзент әке-шешем жарықтық,

Қойған екен атымды сол үшін де Дәметкен! (М. Айтқожа. Тағдыр)

Кез келген халықтың антропонимдері құрамы мен құрылымы жағынан алуан түрлі болып келеді, олар адамзат қоғамында қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынастармен тығыз байланысты. Төмендегі мысалда кездесетін кісі есімі феодалдық қоғамда үстемдік еткен әлеуметтік жіктеліске негізделген. Күніұзын мал соңынан салпақтап, тезек теріп, мал сауып, іркіт пісіп кісі есігінде жүретін адамның пешенесіне қой санаудан өзге ештеңе жазылмаса, жоғары тап өкілінің тағдыры биіктегі қолжетпес алтындай жарқыраған күнмен байланыстырылған. Құндылықтар өзгерген бүгінгі таңда мұндай кереғар есімдердің кездесуі екіталай,

– *Ал Қияқтың кімі бар? Әлі де сол күң қалпындағы кәрі шешесі – Қойсана ғана. Тәуекел мен Қияқ талайының кереғар тағдыр өзі күні бұрын шешкендей, бірінің анасының аты Күнсана, екіншісінің шешесінің аты Қойсана дегізуін қарашы! Мұнда да жазмыштың бір ұйғарғаны бар тәрізді* (І. Есенберлин. Көшпенділер)

Жаудан түскен жаудыр көз тоқалды дұшпан қайын жұрттың құлағын қажап жатсын деп басқа ат құрығандай Күнбике деп ататып еді. Шыңғыс туғалы бұл өзі сорлы бейбақтың онсыз да түсіңкі назарын тіптен жер қылмаймын деп Күнбике ататып жүр (Ә. Кекілбаев. Елең-алаң).

Өмірде адамдардың азан шақырып қойған есімдерімен бірге оның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, сыртқы кескін-келбетіне, істейтін кәсібіне байланысты жалған атаумен ат қою көп халықта бар. Т. Жанұзақ пен Қ. Рысберггеннің көрсетуінше, төлқұжаттағы адам есімі мен тегі ресми, ал зат есімнің рең мәнді жұрнағының жалғануы арқылы жасалған субъектив реңктегі есімдер мен қысқарған есімдердің бейресми болып табылады. Ғалымдар соңғы топқа лақап аттар мен «табу» есімдерді де жатқызады.

Т. Жанұзақов лақап аттардың алғашқы қоғамның өзінде-ақ адамдардың дене бітімі мен сыртқы тұлғасына сай таңдалып қолданылғанын айта келіп, мәдениет пен қоғамның дамып, жазудың пайда болып, қалыптасуынан кейін, әсіресе фамилиялардың шығуынан соң олардың сирегенін айтады [2, 77 б.]. Өзге түгіл өзіне де сын көзбен қараған халқымыз адамның сыртқы түр-тұлғасы мен ішкі жан дүниесіндегі ерекшеліктерді дөп басып танып, не нәрсенің де жақсы мен жаманын асқан талғампаздықпен айыра білген. Сол себепті де дәл қойылған лақап аттар халық тарапынан қолдау

тауып, кей кездерде адамның шын есімі ұмытылып, ол дүниеден өткенше лақап аты есімі қызметінде қолданылуы мүмкін.

Сақау шешемнің Айымқыз деген әдемі аты бар екенін бұл кезде өзінен басқа ешкім де білмейді. Жарықтық, келбеті келісті-ақ (Ш. Мұртаза).

- Сен мені **«Шоқай, Шоқай»** дей бересің. Ауылыңдағы қатындардан естігенің зой. Менің атым – **Бибісара. Шоқай** – менің елімнің, руымның аты. **«Шоқай»** деме, **Бибісара** де. **Бибі ана** десең де болады (Ш.Мұртаза).

Қазіргі кезде лақап аттар мектеп оқушылары, құрбы-құрдастар арасында және кейіпкерлердің мінез-құлқын, сыртқы тұлғасын, кейбір психологиялық ерекшеліктерін суреттеу үшін эмоционалды-экспрессивті мәнде көркем шығармаларда көптеп кездеседі. Мысалы,

Әнін, зарын тыңдар шешесі қара жер қойнына енгелі тіпті меңіреуленіп кеткен Маржанды Маржан атын ұмыттырып, **«Үндемес»** атап кеткен ауыл, үй маңайын да көпсінгендей ұзақ күн тезек тергізіп қоятын (С.Сматаев)

Көркем шығармада сондай-ақ қала әйелдерінің өзге ұлт өкілдеріне еліктеу психологиясын дәл беру мақсатында авторлардың лақап аттарды кейіпкер тілінде қолдануы жиі кездеседі. Мысалы,

Өйткені оны айта бастасам-ақ **Нэллиді – Несібеліні** көргендей боламын. **Нэллидің** шын аты **Несібелі** зой, жора-жолдастары **Нэлли** деп кеткен (Ш.Мұртаза.Мылтықсыз майдан).

Ал Д.Исабековтің «Қарғын» романындағы Мәлике атты кейіпкері Сәргелді – Сэр, Мәнсияны – Манс, ал өзін Лике деп атағанды ұнатады. Оның жақындарына қосалқы ат қоюының өзіндік уәжі бар. Мысалы,

Мәлике қыздың қимылсыз отырысына, үрлеп қалсаң қауырсындай ұшып кетер қалпына, оң жақ қабағына еркелей құлаған төрт-бес тал қап-қара шашына сүйсіне қарады. **«Сурет сияқты, – деді ішінен – Неткен мінсіз сұлулық?»**

- **Сур**, - деді Мәлике қысқарған есімнің аузына қалай түсіп кеткенін өзі де байқамай, әрі оның табан асты табылғанына таңданып.

Бағила күлімсіреп басын көтерді.

- Менің атым осылай бола ма?

- Иә, **Сур. Сурет** деген сөзден. Әрі **Куприннің «Ольга Сур»** деген әңгімесі де бар.

Әділдігімен, шешендігімен, абырой-беделінің биіктігімен немесе асқан мейірімділігімен, ақылгөй-даналығымен, пайымды парасатымен, ерекше қадір-қасиетімен елге жаққан әйел-аналарды халық мойындап, оларға жағымды коннотациядағы жанама ат беруі де көп ұшырасатын жағдай. Ондай есімдердің затына аты сай болуына байланысты аналардың азан шақырып қойған есімдері ел жадынан ұмыт қалған. Мысалы,

Ауылдың бәрі **Ақ шеше** атап кеткен ақ кемпір – Мидар ағайдың анасы, Нарын бойындағы атақты Мәмек байдың бәйбішесі... (Ф. Оңғарсынова. Шашы ағарған қыз)

Осы жұрттың өзін **Қарақатын**, ал оны **Ақкемпір** деп атайтыны да есіне түсіп, күйініп кетті (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер).

А.В.Суперанская мен А.В.Суслова лақап аттарды бүркеншік аттан былайша ажыратады: «Существенное различие псевдонимов от от прозвищ заключаются в том, что прозвища создаются окружающими в качестве своеобразной оценки именуемого. Псевдоним создается самим человеком, нередко как особое средство самовыражения» [3, 147 б.].

Қолда бар материалдардан байқағанымыз, жағымсыз мағынадағы, әсіресе дене кемістігіне орай қойылатын лақап аттар ерлерге байланысты жиі ұшырасады. Қыздар мен әйелдерге қатысты ондай аттардың сирек қолданылуы қазақ халқының қызды «қонақ», ал әйелді «ана» деп ерекше қадірлегенінің айғағы болса керек.

Қазақ халқының ат қоюдағы тапқырлығын мына сипаттағы мысалдар дәйектей түседі:

Баяғыда, кішкене бала күнімде **Сегізбай** деген кісінің бір келіні **«Екі төрт қайнаға»** дегенін естігенде жерге домалап күлгенім бар. Кейін ойлап қарасам, неткен тапқырлық, ұтымдылық деймін. Тегінде, біздің халық атау беруге шебер. Сұлулық, көркемдікті көре білу, оны образды ойлап, тұжырымды жеткізу қабілеті ғажап. Қарап тұрсаң, қазақ жеріндегі кішкентай бұлақ, жайдақ төбе, арықтай жыра, жылап ағып жатқан титімдей жылғаға дейін атсыз емес. Және солар жайдан-жай қойыла салмаған. Белгілі бір ерекшелігіне, немесе қасиетіне, әлденеге ұқсайтын көзге

ілінер көрінісіне сәйкес дәл тауып ат қойған. Бояу тілімен жасаса үлкен полотенға сыймайтын суретті екі-ақ ауыз сөзбен жеткізе салады (З. Ахметова. Шуақты күндер).

Осында келтірілген қазақтың «ат тергеу» салтында «келін» микроконцептісі жақсы ашылады.

Жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлер мен олардың лақап аттары, жер-су атауларының мәні ұлттық таным мен болмысқа, психологиялық танымға негізделген. Балаларға арналған әңгімелері мен повестерінде дүниені танудағы жас ерекшелік психологиясы мен танымның когнитивтік санадағы көрінісі айрықша рең беріп тұрады. Мысалы: «Менің атым – Қожа» шығармасының тілдік жүйесі Қожаның психологиялық қабылдауы мен оның когнитивтік санасындағы дүниетанымы деңгейінде құрылған. Шығарманың басты кейіпкері Қожаберген өз есіміне деген танымдық көзқарасты психологиялық тұрғыдан былай көрсетеді: *Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер* (Б.С.) т.б. Бұл жерде Қожаның пікірін пайымдау үшін алдымен оның таным деңгейін түсіне білу қажет. Мұндағы ең басты әсер етуші фактор қоршаған орта, қоғамдық сана. Егер индивид өзінің жеке ойы мен қабылдауын элеуметтік сананың пікірімен байланыстыра алмаса, онда мұндай логикалық құрылым болмаған болар еді. Ұлттың болмысына қатысты мұндай құбылыс «Орғаншы ұл» шығармасында былай суреттеледі: *Тақыр бас бала тақылдап біраз сөйледі. Алмастың ұққаны: Өлместің шын аты Өлкебай екен. Көршісіндегі бір келіншек қайынағасының атын атамау үшін, оны ойнап жүрген балалардың көзінше ылғи «Өлмес» дей беріпті. Бұл сөз бірте-бірте балалардың құлағына сіңіп, ақыры олар оны «Өлмес» деп атай бастапты* (М.Ғ.). Мұндағы бір көрініс, қазақ халқындағы отбасына келіп түскен келіндердің жаңа түскен үйдегі адамдардың атын атамай, астарлап жеткізудің әсерінен болғанын байқатса, халқымыздығы ырым-тыйым сөздердің әсері де болғанын көрсетеді. Сонымен бірге, «Қала және қыз бала» әңімесінде де адамға ат қоюдағы ырымға сену құбылысы анық байқалады. Мысалы: *Елубір деген бала ылғи мені сырттымнан бағып жүреді дедім ғой. Өзі атпақ шөлмектей жүдеу, артқы партада отырады. Әке-шешесі ұзақ жылдар перзент көрмей, елу бір жасында осы бала дүниеге келіпті. Елубір деп сол себептен атапты* (М.Қ.). Мұның өзі адамзаттың, оның ішінде қазақ халқы, қай кезеңде өмір сүрсе де ұлттық таным мен ойлаудың ежелгі дәстүрлі тәжірибесіне сүйенетінін байқатады. Жалпы, жалқы есімдер өз бойында белгілі бір кезеңге, тіпті тұтас бір елдің тарихына қатысты ақпараттарды жинақтай отырып, көркем мәтіндегі қолданыста ерекше маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Жазушы шығармаларындағы жалқы есімдер қаламгердің өскен ортасы мен дүниетанымы тұрғысынан ұлттық болмысқа негізделген. Мысалы, Б.Соқпақбаев Қостөбе топониміне қатысты қызықты мәліметтер келтіре келіп, оны Текес гидронимімен тығыз байланыста алып қарайды. Мысалы. *Қазақстан картасынан Алматыны көзіңізді жұмып тұрып тауып алатыныңызға мен дауласпаймын. Астанаға дәл барып тірелген саусағыңызды енді тау сілемімен шығысқа қарай сырғытыңыз. Тоқтаңыз! Мен әңгіме етіп отырған үркердей шағын ауыл Қостөбе, міне, осы арада, шекараның дәл түбінде, менің Қостөбем, менің Текесім!* (Б.С.). Сондай-ақ бұл атаулар денотаты, топографиялық мекен-жайы нақты, Қазақстанның топонимдік кеңістігінде кездесетін реалды нысандар.

Б.Соқпақбаев шығармаларындағы тағы бір жиі кездесетін атаулар – ру атаулары. Бұл атаулардың барлығы да қаламгердің дүниетанымы мен өскен ортасымен тығыз байланысты. Автор бұл атауларға қатысты көркем мәтінді образды түрде бере отырып, кейбір ру аттарына қатысты этимологиялық этюдтерді сәтті ашып көрсетеді. Мысалы: *Беснайзалар ежелден жауынгер, ұры ел болған. Рудың Беснайза атануы да тегін емес. Бір үйдің шаңырағынан сорайған бес найзаның ұшы шығып тұрыпты, содан Беснайза атаныпты деген сөз бар* (Б.С.). Осы берілген мысалда Беснайза руына қатысты мәдени ақпараттарды жазушы шеберлікпен бере білген. Сондай-ақ: *Қостөбеде, негізінен, Құрмандар тұрады. Құрманның «Киікбай», «Найза» деп аталынатын екі руы. Біз Найзамыз, Дұрысы Беснайза. Беснайза екіге бөлінеді: Байқазақ, Жолыш. Біз – Жолышпыз. Барлығы*

Алаштың балалары зой (Б.С.) т.б. деген сөйлемдер арқылы Қостөбедегі этникалық құрамды нақты көрсетіп кетеді.

Жалқы есімдердің бір саласы антропонимика кісі аттарын зерттейтін негізгі бөлім болып саналады. Көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің қызметі жалпыхалықтық қолданыстағы жалқы есімдерге қарағанда өзгеше. Шындық өмірде жалқы есімдер мен атаулар оларға ие болып жүрген жандардың тұлғалық қасиеттерімен сәйкес келе бермейді. Балалар әдебиетіндегі есімдер де – ойдан шығарылған есімдер. Көркем шығармада жазушы кейіпкер бейнесін ашу үшін олардың әртүрлі қасиеттерін атау ретінде пайдаланады. Оқырманға жақсы таныс Қарабай, Шығайбай есімдері осыны дәлелдей түседі.

Кісі аттарын жан-жақты талдай отырып, мынандай қорытындыға келуге болады:

- ең алдымен, ұлттық болмысты, этнос тарихын, ғасырлар шежіресіндегі халық өмірінен шынайы мағлұмат беретін, этносты танытатын ақпараттар көзі; ұлттық характер, образ сомдаудың шығармада ұлттық бояудың нақышын әрлендіретін тәсілдің түрі
- көркем-әдеби туындылар бойынша сөйлейтін кейіпкер аттары жинақталып, тізімге алынды;
- кісі аттарының лексикалық құрамының көне сөздер, кірме элементтерден жасалғанын анықтау сөздік қордың мүмкіншілігін ресурсын көрсететін фактор екендігі анықталынды;
- кейіпкер аттарындағы этнолингвистикалық арна, дерек көздерін сан-мөлшерлік, түр-түсті, салт-сана, әдет-ғұрып, табу мен эвфемистік сипаттау арқылы дәлелдеуге күш салдық.

Әдебиет:

1. Мадиева Г.Б. Әдеби ономастиканың кейбір мәселелері. – Алматы, 2006. – 190 бет.
2. Жанұзақ Т., Рысберген К. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы, 2018. – 254 бет.
3. Суперанская А.В., Сулова А.В. Современные русские фамилии. – М.: Наука, 1981.– С.174
4. Салықжанова Ш.Б. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемистік сипаттағы кісі есімдері // Л.Н. Гумулев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Хабаршысы. Филология сериясы, 2015. – №3(106). – Б. 420-424.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІ

Габдулина М.Г., Аубакирова А.Е.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Тәуелсіздікке қол жетіп, дамудың жаңа жолына түскен әрбір халық ұлттық сана-сезімін, бітім–болмысын ана тілінде сезінеді. Өз тілін өзге тілден айыра, ажырата біліп оның даралығын, қадір–қасиетін арттырып, байыта түсудің шараларын белгілейді. Тіл дамытуды саналы реттеудің өзіндік арнаулы тетігін жасайды. Ал оның басты шарттарының біріне терминологияны жүйелеу, жетілдіру ісі жатады. Өйткені әлемдік тәжірибеде қандай да бір тілдің қоғамда қызмет етуі, әсіресе осы заманғы ғылыми–техникалық прогресс пен саяси өмірді қамтамасыз етуге жарамды болуы, оның өзіндік терминологиясының қалыптасуына байланысты бағаланады.

Ақпаратты қолдану мәселесі қазіргі кезде ғылыми техникалық дамудың маңызды факторы болып есептеледі. Сонымен қатар олар тілге де ерекше әсер етеді. Себебі қоғамдық үрдістер мен адамдардың қол жеткізген жетістіктері тілдің қатысуымен жүзеге асып, міндетті түрде тілде көрініс табады. Сондықтан тілді зерттеуші ғалымдар «тілді – қоғамның даму барометрі, қауымның дамуы тілде бейнеленеді» дейді. Осы тұрғыдан келгенде, тіл – адамдардың мәдениетпен алмасуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық жұмыстарда да маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Соңғы 30 жылда ғылым саласындағы жаңа терминдер саны тез өсті, оларға Ресей ғалымы В. Гак өз еңбегінде: «неогендік» деп сипаттама беріп, тілдің «неологиялық бумнан» өтіп жатқанын дәйектейді. Соған байланысты халық шаруашылық құрылымының күрделенуі, халықаралық байланыстардың дамуы, халықаралық сауда–саттықтың ұлғаюы, ғылыми техникалық кәсіпкерліктің бірігуі, терминологияның зерттелуі терминдердің оңтайлануына әкеледі. Ол дегеніміз терминдердің моделін, үлгісін іздестіруге, белгілі заңдылықтардың орнығуына, әр түрлі терминжасам құрылғыларын пайдалануға, жалпы терминологияның даму үрдісін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі терминдерді жан–жақты зерттеу маңызды шарт болып табылады. Себебі қазіргі таңда терминология ғылымның әр саласының дамуын көрсетеді, жаңа үрдіс пен заңдылықтарды анықтауға Бүгінгі күні қоғамдағы ғылыми техникалық даму терминжасам ғылымына да зор әсер етуде. Табиғатта жаңа құбылыстардың ашылуы, ғылым мен техника салаларының қалыптасуы, олардың дамуы ұдайы жаңа терминдердің пайда болуына алып келеді.

Терминологияға қатысты мәселелер орыс және шетел ғалымдарының зерттеу материалдарында қарастырған Ресей ғалымдары В.Г. Гак, М.И. Фомина, Ю.К. Волошин, М.М. Каплина, А.Г. Лыков, Н.М. Шанский, А.В.Суперанская және т.б. ғалымдардың жұмыстарында терминологияның жекелеген мәселелері қамтылады, жаңа атаулар мен мағыналардың қалай, қандай қоғамдық жағдайда өзгеріске түсетіндігі айтылады. Шетел ғалымдары Г. Рондо, Д. Хамли зерттеулерінде әртүрлі салалардағы жаңа терминдер көрсетіледі.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсыновтың, Қ. Жұбановтың, С. Аманжоловтың, М. Балақаевтың, Ә. Қайдардың, Ө. Айтбайұлының, Ш. Құрманбайұлының еңбектерінде терминологияның жалпы мәселелері, сонымен қатар жаңа атаулардың жасалу жолдары, басқа тілден термин ретінде сөз қабылдау сияқты мәселелер қарастырылады.

Тілдің қолданыс аясының кеңейіп, арнаулы салаларда қолданыла бастауына байланысты әсіресе, оның лексикалық қорында көптеген өзгерістер болады. Соңғы жылдар көлемінде қазақ тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып, сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар қосылды. Жалпы жұртшылықтың көз–құлағы үйренісіп, жаппай қолданысқа көшкен атаулармен қатар, бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған сөздер де аз емес. Мысалы: социолект, демолект.

Грек, латын негізінде жасалған неонимдердің қатарына ономастика терминдері кіреді. Ресей ғалымы Н.Подольскаяның пікірінше, бұл ғылыми бағыттағы терминологияның 90% грек, латын термин элементтерінің негізінде жасалған. Ал қазақ тіл білімінде орыс тілі арқылы еніп өзгеріссіз қолданылады. Ономастикалық неонимдер мынадай қалып бойынша қолданылады. Мысалы: элемент+оним: гидроним, антропоним, *элемент+икон* /тізім, сөздік дегенді білдіреді/, гидронимикон, антропонимикон.

Баспасөз бетінде жиі кездестіруге болатын –iste, –isme жұрнақтары зат есім сөздерден жасалады. –iste жұрнағы көбінесе жалқы есімді білдіретін белгілі бір саяси және ғылыми ағымға немесе жаңа мамандыққа тиесілі. Мысалы, glioogiste, enseigniste, neoniste, terroriste; Зат есім, сын есім, етістік тудыратын –isme жұрнағы өнімді жұрнақ болып саналады: terrorisme, nutritionisme; Бұдан аңғаратынымыз –iste, –isme жұрнақтарының семантикалық және морфологиялық жолмен жасалуы.

Тіл білімінің дербес бағыты ретінде социолінгвистика 20 ғасырдың орта кезінде қалыптасты. Бұл саладағы неонимдер көбінесе грек, латын терминдік элементтерін және терминжасам қалыптары қолданылады. Осының ішінде өнімді қалып болып саналатындар *глоссия*, *лект* элементтерінен құрылатын терминдер. Мысалы: диглоссия грек. Қоғамда екі не бір тілдің екі формасының әр түрлі функционалды ортада бір мезгілде өмір сүруі. Диглоссияның қостілділік пен көптілділіктен айырмасы оны қолданушылардың әлеуметтік сипаты жағынан әр түрлі дәрежеде болуында. Осы элемент құрамына кіретін өнімді терминдік қалыптың негізін құрайды. Мысалы: эндоглоссия, экзоглоссия, этноглоссия.

Социоллингвистикалық зерттеулерде диалект терминінен алынған *лект* элементі құрамына кіретін қалыптар пайда бола бастады. Мысалы: социолект, демолект.

Қазіргі уақытта қазақ терминдерін қалыптастыру барысында қазақ тілінің бар байлығын сарқа пайдалана отырып, жаңа терминдер жасау, бұрынғы интертерминдерді аудару ісі, салалық терминология мәселесі қарастырылуда. Терминология мәселесімен белсене араласып жүрген ғалымдардың зерттеу еңбектері қазіргі қазақ терминологиясының бағыт – бағдары болып отыр. Соңғы жылдары Шерубай Құрманбайұлының терминология саласында жүргізген зерттеулері баршылық әрі өте құнды. Ол терминология жайында, қазақ тілінің терминқор құраушы негізгі лексика көздері, терминжасам тәсілдері, қазақ терминологиясының бүгінгі жайы мен болашақтағы дамуының бағыт-бағдары туралы зерттеу жүргізді, соның ішінде жүйелілікке де назар аударған [1, 55 б.].

Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлік қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады. Кейінгі жылдары да бұл тәрізді бір тектес ұғымдардың өзіндік ерекшелігін көрсетіп бере алатын үлгілес терминдердің жасалып жүргендігін айту керек. Мысалы, солардың қатарына тілші ғалым Ә. Жүнісбек жасаған фонетика терминдерін жатқызуға болады. Олар -м, -ым, -ім форманттары арқылы жасалған терминдер. Бұл терминдер қатарына үндесім (сингармонизм), жуысым (шелинность), тоғысым (смычка) сияқты терминдер де кіреді. Мұндай терминдерді терминологиядағы жүйелілікті бұзып тұр деуге ешқандай негіз жоқ.

Терминдер, терминдер жүйесі, жалпы терминология мәселесі тілдің лексикалық құрамындағы бүтін бір проблема ретінде көптен бері зерттелініп келгендігі белгілі. Оларды зерттеп, құрастыруда тіл мамандары да, басқа да ғылым салалары өкілдерінің біршама еңбектері қарастырылды. Соңғы жылдары ғылым мен техниканың белгілі бір салалары бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды салыстыру арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте әр түрлі деңгейдегі оқулықтар, ғылыми еңбектер мен баспасөз беттерінде түрліше қолданылып жүр. Терминдердің қалыптасу процесінде грек-латын термин қоры жетекші орын алады. Грек және латын шығу терминдері мәтіндегі күрделі семантикалық-концептуалды қатынастарға енуге қабілетті. Гибридтік терминдер де өте кең таралған, яғни. көп тілділікке негізделген терминдер. Мысалы, аффикссіз жол, вербальды презентация, модульдік мағына, болжамды қосындылар, халықтық этимология, т.б.

Қазіргі уақытта, «терминдердің басып қалуы» жағдайында (тілде пайда болып отыратын жаңа сөздердің 90%-дан артығын терминдер құрайды). Лингвистикалық терминология, бір жағынан, жоғары дәрежеде консервативті (не сонау антиктік кезеңде пайда болған терминдерді қолданады), ал екінші жағынан – бұл ашық, үнемі түрде толықтырылып отыратын жүйе. Мамандардың есептеуі бойынша, орыс, ағылшын, француз тілдері сияқты тілдердің неологизмдерін тіркеп отыратын сөздіктерде жаңа сөздер мен мағыналар 50% бастап 80% дейін құрайды [2,121 б.].

Қазіргі жағдайда лингвистикалық терминологияны сапалы жаңарту басталды. Терминология барлық дәстүрлі әдістермен жаңартылады, талданған терминдердің көпшілігі (90% -дан астамы) греколатиндік дәстүрге жататын сөздер. Ғылым мен қызмет өрісінің түйіскен жерінде жаңа білім салаларының туу дәуірінде, синтез дәуірінде танымдық, философиялық, прагматикалық парадигмалар шеңберінде интегративті сипаттағы терминдердің үлкен қабаты пайда болды олар жаңа ұғымдарды көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде терминдер санатына өтетін көптеген номенклатуралық бірліктер пайда болды, жүйе ұғымының өзі кеңейді, терминдердің қарым -қатынасқа ауысуы байқалады, жаңа белгілер

пайда болды. Лингвистиканың өзінде бастапқыда лингвистикалық емес терминдер пайда болды, мысалы, концептология, т. б.

Қазіргі ғылыми стильде терминологиялық жүйелер арасында алмасу жүреді. Ақпараттық қоғамдағы лингвистикалық терминология терминологияда болып жатқан жаңа үдерістерді көрсетеді. Онда сөздіктерді құру мен пайдалану үшін компьютерлік бағдарламалар мен технологияларды қолдану үрдісі байқалады. Лингвистикалық терминология жаңа терминдерді сіңіреді, соған байланысты терминологияда жаңа терминологиялық бірліктерді сипаттау міндеті тұр.

Лингвистикалық терминология - ішкі жүйелерден тұратын күрделі жүйе. Тілде пайда болатын жаңа лингвистикалық мектептер мен бағыттардың терминдері терминологиялық дәстүрлерге бағытталған. Қазіргі лингвистикалық терминология әр түрлі топтар мен топшалардан тұрады: дәстүрлі лингвистикалық терминдер, тілдің жалпы теориясы ұғымдарын білдіретін терминдер, әдебиеттану терминдері, мәтіндік лингвистика терминдері, риторикалық терминдер, когнитивті, прагматикалық шеңберде пайда болған терминдер, философиялық парадигмалар және басқалар. Ғылыми стиль ХХІ ғасырда әр түрлі өзгерістерге ұшыраған дәстүрлі лингвистикалық терминдердің кең қабатын сақтап қалды. Өткен ғасырдың соңында сөйлеу мәдениетінің интенсивті дамуы осы білім саласындағы терминологиялық жүйенің кеңеюіне ықпал етті. Қазіргі тіл білімінде әдебиеттану терминдерінің жаңаруы стилистиканың, сөйлеу мәдениетінің дамуына байланысты. Ақпараттық қоғамда лингвистикалық терминология шеңберінде риторикалық идеяларға оралуға байланысты риториканың терминологиялық жүйесінің қарқынды даму тенденциясы байқалды. Соңғы уақытта лингвистикалық бірліктерді зерттеуге әр түрлі көзқарастар үйлескендіктен, лингвистикалық терминология сабақтас ғылымдар терминдерімен толықтырылды.

Қазіргі қазақ тілінде когнитивті парадигманың көптеген терминдері жиі кездеседі: когнитология, таным архитектурасы, интерпретация, категориялау, когнитивизм, когнитивті грамматика, танымдық база, когнитивтік лингвистика, когнитивті метафора, когнитивті психология, когнитивтік семантика, танымдық сфера, қарым-қатынастың когнитивті сферасы, когнитивті теория, когнитивті-дискурсивті парадигма, когнитивті-коммуникативті талдау, когнитивті акцент, когнитивті талдау, компьютерлік метафора, концептуализация, психикалық лексика, модуль, генеративті семантика, психолингвистика, анықтама, сценарий, сана, кадр, гносеология, т.б. Когнитивизм шеңберінде жаңа түсініктемелер алған ұғымдар: активация, ассоциация, интерпретация, ақпарат, категориялау, стиль (танымдық). Жаңа мектептерді, бағыттарды білдіретін терминдер (когнитивтік лингвистика, когнитивті грамматика, когнитивтік семантика, когнитивті психология, психолингвистика, жасанды интеллект, когнитивті метафора, антропология, ақпарат теориясы, кибернетика, лингвистикалық деректерді когнитивті өңдеу, кейс грамматикасы, процедуралық семантика, гносеология); когнитивті модельдерді білдіретін терминдер (сценарий, кадр, таным архитектурасы, танымдық модель, танымдық жүйе, концептуалды құрылым, схема).

Қазіргі тіл білімінде прагматикалық парадигманың көптеген терминдері жиі кездеседі (адресат, адресат, агент, контекст, қарым -қатынас жағдайы, тұлғааралық қарым -қатынас, ақпараттық сөйлеу әрекеттері, клишелер, сөйлеу формулалары, директивалар, тілдің прагматикасы, прагматикалық функция, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейі, прагматикалық лингвистика, бастапқы фатикалық реплика (бастапқы байланыс орнататын реплика) прагматикалық деңгей, актант, сөйлеу актілерінің теориясы, прагматикалық). Қазіргі қазақ тілінде көптеген грек-латын терминдері жиі кездеседі. Термин элементтерінің көбі зат есімдерден құралған: -gram, idio-, -glossia, -vok-, -verb-, antrop-, -phon-, -log-, -lee-, -lingu-. Сонымен қатар этимондары префикстер мен предлогтар болып табылатын жиілік элементтері бар: a- (ad-), anti-, de-, in-, со (n)-, re-, trans-, quasi-, post-, retro-, sub-, super-, supra- және басқалары.

Терминдер бір мағыналық термин элементінен, мағыналық және қызметтен тұруы мүмкін, мысалы, сөз тіркесі, форма, морф пен префикс, ингрессивті, мутациялық және т.б. қызмет терминінің мүмкін болатын элементтері бар екі мағыналық терминнің элементтері: морфология, лингвистикалық статистика, лексикология және т.б.

Лингвистикалық материалды талдау нәтижесінде туынды типтегі тізімдерді антроп (о)- (антропоним, антропоцентризм), интер- (интеркоммуникем, интерлингва), пара-лингвистика,

парапсихология) терминдерімен толықтыратын жаңа терминдер анықталды. - (социолингвистика, социолект, социолема), микро- (микротекст, микроконтекст, микротема, микротопонимия, микросемантика, микросегмент), макро- (макротекст, макротема, макроэтноним, макросемантика, макросегмент), этно (этнография, этнопсихология, , этнонимдер, этнонимдер, поли- (полистизм), -ология (гносеология, когнитология),

Лингвистикалық терминологияда синонимия, дублет, омонимия, антонимия қатынастары бар. Қазіргі қазақ тілінде терминологиялық дублеттер мен синонимдер жиі кездеседі. Лингвистикалық тұлғаны сипаттау кезінде тезаурус пен когнитивті терминдер дублет ретінде қолданылады, ал лингвистикалық бағыттарды сипаттағанда когнитивті лингвистиканың терминологиялық фразасы қолданылады. Терминдердің ерекшелігіне қарай, бір контексте терминдер дублет, екіншісінде синонимдер ретінде әрекет етеді. Семантика мен мағына терминдері синонимдер, бірақ дублеттер емес. Бөлек тілдік бірлік семантикаға ие бола алады, ал мағынасы контексте ғана пайда болады, егер біртұтас мәтін болмаса, мағынасы болмайды. Терминологиялық синонимдердің мысалдарына мыналар жатады: лингвофилософия және тіл философиясы, когнитивті - танымдық (когнитивті лингвистика, Демек, дублеттер бір -бірін толығымен алмастыра алады, ал синонимдер реңктермен ерекшеленеді.

Жаңа ғылыми стильде терминдердің бір саладан екіншісіне ауысуы мүмкін, яғни транстерминологизация жүреді. Транстерминологизация нәтижесінде салааралық омонимдер пайда болады. Мысалы, изоморфизм термині математика мен лингвистикада, логос - тіл білімінде, философияда, математикада, риторикада т.б. Сондай -ақ термин –антонимдер де байқалады: актуализация - деактивация, терминология - детерминология, проклитика - энклитика, индикативті - пассивті және т.б.

Термин элементтерінің қызмет етуі кезінде омонимия құбылыстары байқалады: верб-элементі екі мағынада қызмет атқарады: 1) етістіктің көрсеткіші (превервал, девербативті, постверб); 2) сөзді көрсету (вербалды, вербализация); мета -элемент термині: 1) «жоғары деңгейдегі құрылыс» (метатіл, метатеория), 2) «ауысудың көрсеткіші» мағынасы (метаземия, метатония); синонимдік термин элементтері: екі өлшемділік, қосарлылық» мағынасы бар би-, биполярлық, биномдық; дилогия, диглоссия, дифтонг, дирема; «ғылым» мағынасындағы - графика термині -элемент -ология терминінің синонимі: лексикология, аспектология, түркология, орфография, фразеология, терминология, морфология; антонимдер: «бір бөлікті, бір өлшемділік» мағынасындағы моно (монофтон, монопредикативті, моносемантикалық, моносемия, моносиллаб, монотоникалық) және «көп бөлікті» мағынасы бар поли- термині көп өлшемділік : (полифтон, полипредикативті, полисемантикалық, полисемиялы, полисиллабты, политоникалық); гипер- «артық, жоғары дәреже» және гипо- «әлсіреу, төменгі дәреже» мағынасымен: гипероним, гипоним, гипермәтін, гипотекст, гиперлексема, гиперфонема; макро - «үлкен әртүрлілік»: макросегмент, макроәтін, макро контекст; микро- «кіші» микросегмент, микротекст, микроконтекст; іштей «ішінде болу»: (интралингвистикалық) және экстра- «сыртта болу»: экстралингвистикалық.

Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда тіл мамандарының үлкен маңызы болды. Тіл бүгінгі деңгейіне жету жолы оның тарихына толығу, толысудың әрбір кезеңіне лайықты із қалдырып, сан түрлі жолдармен дамығандығын көреміз.

Терминдерді қалыптастырудағы басты нысана – атаулардың қысқа да нұсқа, мән-мағынасына қарай ұлттық дүниетаныммен үндесіп жататын балама табу дер едік. Сондықтан да әрбір ұсынылған терминдерді қолданыс барысында таңдап, ой елегінен өтуін қадағалап отыру қажет. Себебі терминдік атаулар тек қолданыста ғана қалыптасады.

Әдебиет:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2012. – 228 б.
2. Лейчик В.М. Новое в науке о терминах // Вопросы языкознания. 2003. № 5. 118-127б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі.– Нұр- Сұлтан, 2019. – 593б.

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Ережепова Сәуле

(«Тұран-Астана» университеті)

Адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі – сөз өнері. Сонау көне замандардан бастап қазірге дейін адам ақыл-ойының маржандары сөз арқылы бізге жетті. Бүгінгі әдебиетіміздегі драмалық шығармалар да сол ауыз әдебиетінен бастау алады десек артық айтпаймыз. Оның басты себебі, ауыз әдебиетіндегі жар-жар, бәдік айтысы да кезестектесіп орындалатын шығарма. Мысалы сөз өнерінің үлкен бір саласы айтыс дарамалық шығармалар бастауы. Драмалық шығармалар дамып, өркендеп отыратын, ширап келе жатқан шығармашылықтың ерекше бір тармағы. Туған тіліміздің барлық қадір-қасиетін бойына сіңірген қазақ әдебиеті еліміз жүріп өткен ұзақ жолдың шежіресі бола білді, ұлттық рухани байлығымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

Шын мәнінде драма әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар, замананың көкейтесті мәселелерін көтеретін, көпшілікке сол кезеңдегі басты міндеттерді аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып береді. Драмалық шығармалар да белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыстыра отырып жасалады. Ол қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен ұштастыра отырып баяндайды. Көркем туынды дегеніміз – заман тарихы, дәуір тынысы, өмір шежіресі. Шежіре болғанда да күнделікті тіршіліктің рухани бейнесі, жанды көрінісі. Драма да шығармашылық процесс.

Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігін танытуда сахнада рөлмен оқу, сахналық қойылымның не екенін елестету, сонымен қатар драмалық шығарманың өзіне ғана тән түсініктерін акт, көрініс, ремарка, перде, т.т. білгізу аса маңызды. Көркем шығарма ретінде драмалық шығарманы оқыту рөлдік ойындармен ғана шектелмейді. Ең бірінші драмалық шығарма да басқа тектегі, жанрдағы шығармалар сияқты көркем мәтін болып есептеледі. Ендеше, драмалық шығармаларға да мәтін талдау жұмыстарының барлығы дерлік жүргізіледі. Шығарманың идеялық көркемдік етекшеліктері, көтерген басты тақырыбы, көркемдік әлемі, кейіпкерлер жүйесі, шығармадағы тартыстық өрбуі, сюжеттік, композициялық құрылымы, кейіпкерлер тілі т.т.

Әдебиетті оқыту негізінен эстетика мен мәдениеттану ілімдеріне арқа сүйейтіндіктен, драмалық шығармаларды оқытуда мақсатқа жетудің жолы — жаттығулар жүйесін жасау. Драмалық шығармаларды оқытуда әдеби ойындардың да алатын орны ерекше. Мәселен, Д.Исабековтің “Әпке” драмасындағы Тимур, Назила, Света, Кама сияқты жастардың адам, қоғам, заман адамы жайлы ойларын проза тіліне айналдыра отырып, шағын ой толғау жазу, эссе жазу; шығармада көтерілген проблемалық сұрақтар төңірегінде интервью, сауалнама алу т.т.

Тәуелсіздік алғалы қоғамдық ғалымдардың басқа да салаларымен бірге мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға да кең көңіл бөліне бастағаны белгілі. Әйтсе де жарық көріп жатқан еңбектер ішінде бірін-бірі қайталау, шығарма көркемдігін таныта алмай, оның мазмұнын жалаң баяндаудан аса алмау, ой жұтандығын жылтырақ сөздер нөпірімен бүркемелеу т.с.с. кемшіліктер аз еместігін де саралайтын кез жетті. Атап айтқанда, мектепте драмалық шығарманы оқыту сапасының заман талабынан көп төмен жатқанын аңғару қиын емес. Енді осы олқылықтың орынын толтыра бастау үшін өз сараптауларымызды ұсынамыз.

Өтілген драмалық шығармадан “Жалғасын тап”, “Мен қай шығарма кейіпкерімін? Ол үшін бір оқушыға өтілген драмалық шығармадан өзі таңдап отырған кейіпкер сөзін оқытып сыныпқа сол кейіпкер тілінің ерекшелігіне қарай тапқызу.

Экспериментте әдеби талдау авторлық ойды анықтау, драманың композициясын табу, шығарма тіліне талдау жасау бағытында жүргізілді. Әдеби талдау қортындысында оқушыда әдеби ой-толғауға қатыса алу, ой тұжырымын дәлелді, нақты жеткізе білу, авторлық идеяны тани білу, драманың көркемдік, тіл ерекшелігін талдай алу шеберлігі қалыптасатыны байқалады.

Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігін танытуда сахнада рөлмен оқу, сахналық қойылымның не екенін елестету, сонымен қатар драмалық шығарманың өзіне ғана тән түсініктерін акт, көрініс, ремарка, перде, т.т. білгізу аса маңызды. Көркем шығарма ретінде драмалық шығарманы оқыту рөлдік ойындармен ғана шектелмейді. Ең бірінші драмалық шығарма да басқа тектегі, жанрдағы шығармалар сияқты көркем мәтін болып есептеледі. Ендеше, драмалық шығармаларға да мәтін талдау жұмыстарының барлығы дерлік жүргізіледі. Шығарманың идеялық көркемдік етекшеліктері, көтерген басты тақырыбы, көркемдік әлемі, кейіпкерлер жүйесі, шығармадағы тартыстық өрбуі, сюжеттік, композициялық құрылымы, кейіпкерлер тілі т.т.

Әдебиетті оқыту негізінен эстетика мен мәдениеттану ілімдеріне арқа сүйейтіндіктен, драмалық шығармаларды оқытуда мақсатқа жетудің жолы — жаттығулар жүйесін жасау. Драмалық шығармаларды оқытуда әдеби ойындардың да алатын орны ерекше. Мәселен, Д.Исабековтің “Әпке” драмасындағы Тимур, Назила, Света, Кама сияқты жастардың адам, қоғам, заман адамы жайлы ойларын проза тіліне айналдыра отырып, шағын ой толғау жазу, эссе жазу; шығармада көтерілген проблемалық сұрақтар төңірегінде интервью, сауалнама алу т.т.

“Аманкелді” пьесасындағы заман шындығы” тақырыбына дебат өткізу; “Аманкелді және “жаңа заман жаршылары” тақырыбына сын пікірін жазу; “Исатай-Махамбет” драмасынан орындалатын шығармашылық жұмыстар:

“Менің атым Махамбет” - батыр рухына поэзиялық арнау. “Арыстан одан кім өткен?!” Исатайға қара сөз құдіреті арқылы сипаттама беру. 3. “Исатай — Махамбет” трагедиясының ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі. Ой-толғау жазу.

“Исатай-Махамбет” трагедиясы және автор. Сыни тұрғыдан көзқарасын білдіру.

“Трагедия оқылғаннан кейінгі ой...” пікірталас өткізу;

Өтілген драмалық шығармадан “Жалғасын тап”, “Мен қай шығарма кейіпкерімін? Ойынын ойнату. Ол үшін бір оқушыға өтілген драмалық шығармадан өзі таңдап отырған кейіпкер сөзін оқытып сыныпқа сол кейіпкер тілінің ерекшелігіне қарай тапқызу.

Экспериментте әдеби талдау авторлық ойды анықтау, драманың композициясын табу, шығарма тіліне талдау жасау бағытында жүргізілді. Әдеби талдау қортындысында оқушыда әдеби ой-толғауға қатыса алу, ой тұжырымын дәлелді, нақты жеткізе білу, авторлық идеяны тани білу, драманың көркемдік, тіл ерекшелігін талдай алу шеберлігі қалыптасатыны байқалады.

«Мектептерде әдебиетті оқыту сапасын көтеруде мұғалімдеріміздің қазіргі қолданып жүрген әдіс-тәсілдерінің өзін білімдік, тәрбиелік мақсаттар үшін пайдалану істерінде бірыңғай методикалық бағыт, жүйе жоқ. Сондықтан да әрбір мектеп, әрбір мұғалім өз түйсігіне /интуициясына/, өз мүмкіндігіне қарай оқытады. Соның салдарынан оқушылардың білім дәрежелері де әр алуан болып шығады.»

Демек бұл пікірлерге жүгінсек, мектепте көркем шығарманың мазмұнын танытумен шектелу, оқушылардың өздерін ойлантып, іздендірмеу т.б. олқылықтарды жоймай тұрып, проблемалық оқуды іске асыру мүмкін еместігіне ден қоямыз. Біздіңше, әдебиеттен сабақ

беруде ең көп тараған және ең басты кемшілікке баса назар аударған жөн. Ол қандай кемшілік? Ол: көркем шығарма мазмұнын мұғалімнің ауызша баяндап беруі, кейіннен оқушылардың да сол туындыны неғұрлым толық мазмұндауын талап етуі. Мәселен, мұғалім «Әпке» драмасын өтті дейік. Драманың қандай жағдайда жазылғанын мұғалім шешен тілмен жан-жақты ашып берді. Шығарманың идеялық-тақырыптық негізін де жеткізді. Мәтінде ұшырасқан түсініксіз делінген сөздерге де түсініктеме, анықтамалар берілді. Оқушылар енжар тартпасын деп, бір-екеуін /кейде тіпті жеті-сегізін/ тұрғызып, мәтінді оқытты. Мәнерлеп оқи білу керектігі де ескертілді. 4-5 оқушы драманың мазмұнын баяндап берді. «Оң» баға алған оқушының жауабы да жай баяндау болып шығады. Сондықтан драмадағы әр кейіпкерге сипаттама жазғызып, кейіпкер тілін талдау арқылы толық образын таныту қажет деп ойлаймыз.

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

Ережепова Сәуле
(«Тұран-Астана» университеті)

Драмалық шығармаларды оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттерін айқындау осы тектес шығармаларды оқыту жолдарын саналы түрде ұйымдатыруға жол ашады.

Драмалық шығарманы оқыту әдістемесі жайлы әдіскерлердің көбі шығарманың сыныпта оқылғанын құптайды. Әрине шығарманың көлеміне қарай жекелеген бөліктерін оқуға да болады.

Пьесаны сыныпта оқу ұжымдық еңбек болып саналады. Оқушылардың кейіпкерлерді оқу үстінде елестетуі — психологиялық акт. Сондықтан мұғалім елестету актісіне қиял қосқаны тиімді. Драма мәтінінде кейіпкер портреті болмайды. Дәл прозалық шығармалардағыдай кейіпкер портреті болмағанымен, афишада кейіпкердің жасы, ерекшелігі, қызметі, киімі, мінезі т.с.с. сілтемелер беріледі. Сондықтан кейіпкерді елестетудің өзі шығармашылықты, типтік характерлерді білуді қажет етеді. Кейіпкерді елестетет алғаноқушы оның тіл мәнерін де ескере алады.

Сыныпта оқылмас бұрын сол шығарма жайлы шағын кіріспе әңгіме, пікірлесу өткізіледі. Мұғалім пьеса жайлы тұжырымды анықтама беруі керек. Шығарманың тақырыбы, жазылу уақыты, тарихи фоны, құрылысы, әдебиеттегі және тетрдағы орны туралы мәлімет береді. Сол шығарманы қойушы режиссерлер мен кейіпкерді сомдаған сахна шеберлері туралы да дерек берген орынды.

Бастауыш және орта буын сыныптарда шағын ертегі, мысал, әңгімелерге инсценеровка жасау, рөлмен оқу, ойнау т.б. сияқты жұмыстар-драмалық шығарманы танып білудің бастамасы. Ал мектеп практикасында мұндай тәжірибелер жиі кездеседі. Әдебиет мұғалімі осыларға мән беріп, оларды көлемді драмалық шығармаларды оқытуға кірісер алдындағы даярлық жұмыстар ретінде бағалап, ескергені жөн.

Драмалық шығармамен таныстық орта буын сыныптардан басталса, жоғарғы сыныптарда ол міндетті оқу программасына сәйкес одан әрі жалғастырылып, енді оқу мен талдау жұмысы оқу пәніне және оның әдістемелік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Белгілі бір пәнді оқыту әдістемесі сол пәндермен ұқсастық және айырмашылық жақтарымен анықталатыны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда драмалық шығарманың басты ерекшелігі деп оның диалогты әрекетке құрылуын айту керек.

Көлемі жағынан да драмалық туындылар көбіне шағын әрі өзара шамалас болып келеді.

Мұғалім күрделі драмалық шығарманы өзі оқығанда, оқушылар пьесаның идеялық-көркемдік бітімін тұтас қабылдайды, ал бұл талдау үшін жеңілдік тудырады дейді. Әйтсе де, бұлардың ішінде рольмен оқу кең тараған. Зерттеушілер драманы бірден рольмен оқудың онша тиімді бола бермейтінін айтады. Өйткені рольмен оқығанда оқушылар күшті оқу техникасына ғана салады да, пьесаның «үні» көмескі болып қалады.

Практикада оқудың үшінші түрі - жеке көріністі оқу сирек кездеседі. Сөйтсе де, оқудың бұл түрінің пайдасы көп. Оқушы жеке көріністі оқуға даярланған, ондағы характерлерді, оқиғаны, тартысты түсінуге күш салады. Сондықтан да бұл оқушы білімін анықтауға қызмет етеді. Сондай-ақ көріністегі оқиғаның жалпы оқиғамен байланысын, композициялық мәнін бағалау үшін де пайдалы. Аталмыш еңбекте бұл мәселе дұрыс атап көрсетілген.

Әрине, оқуға алдын-ала арнайы дайындық жүргізілсе, оқылатын мәтіннің қысқаша мазмұны, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, ішкі дүниесі т.б. жағдайлар анықталса, рольмен оқу әрі мәнді, әрі тиімді болатыны рас. Әдетте, мұндай оқу үшін мұғалім күні бұрын 5-6 оқушыны (мәтіндегі кейіпкерлерге орай) арнайы даярлайды.

Бұл арада басын ашып алатын мәселе мынау: қалай болғанда да пьесаны сыныпта міндетті саналу керек: Әрине, сынып театр сахнасы, оқушылардың рөлмен оқуы театр актерлерінің сахнадағы ойнауы емес. Драманы мектепте оқып үйренуді театрландыру деп ұқпау керек. Екеуі екі басқа дүние. Сыныпта оқуда ым-ишара, қол, бет-ауыз, қимыл әрекеттері т.б. қатыспайды десе де болады.

Оқушылар пьесаны оқығанда текстегі ой мен әрекет логикасын түсініп отырулары қажет. Рөлмен оқушылардың интонациялары тыңдаушыларға әсер ететіндей болуы тиіс. Сыныптағы оқу кейіпкер рөліне енуді көздемейді. Оқушы оқып отырған мәтінмен байланысты кейіпкерлер мен іс-оқиғаға өз қатысын білдіріп отырса жеткілікті.

Ал пьесадағы кейіпкерге ұқсау, оның психологиялық көңіл күйін сездіре оқу оқушыларға ауыр. Сондықтан оны талап ету ретті бола бермейді деп есептейміз. Себебі, пьесада кейіпкердің шектен тыс трагедиялық халін немесе лирикалық сезімін, жеке басының күйінішін (көзіне жас алуын) т.б. күлкілі жайттарды көрсететін сәттер кездесуі мүмкін. Сыныптағы оқудың басты мақсаты — оқығанын түсіне білу, сол негізде тыңдаушыларға кейіпкерлердің ойы мен ісін сездіруге тырысу. Әрине, кейіпкерлердің түрлі характерін ашу үшін оқушыдан сол характерді тани білу талап етіледі. Мұның өзі оқу арқылы пьесаның кейіпкерлерін танудың басы болады. Ендеше оқу алдында әр кейіпкерге лайық дауыс ырғағын, эмоциялық мәнерді сабақта анықтап алу сабақтың басты нысаналарының бірі болуға тиіс.

М.Әуезовтің “Түнгі сарын” пьесасындағы Майқан болыстың ерке- тотай әйелі Бибіш-Жүзтайлақ атанған сұлу да менмен, паң да айлалы, зымиян адам. Ол кедей қызы Мөржанды қайнысы Нұрқанға шырмап бермек болады. Бірінші актінің бірінші көрнісінде осы екі кейіпкердің әрекеті берілген. Жүзтайлақтың дауыс интонациясы зілді, әмірлі, арынды, ойнақы болып келсе, Мөржан сөзі жазықсыз адамның іштей ашынуын байқатарлықтай ұяң, шерлі, сонымен бірге ойнақты болып келеді.

Енді сол көріністен мысал келтірейік:

Жүзтайлақ: *Ей, қыз, неге үндемейсің?*

Мөржан: *Не айтайын мен.*

Жүзтайлақ: *Не дедім мен саған? Негыз сазарып қалдың?*

Мөржан: *Айтсам да ауыр, айтпасам да ауыр... Енді айтайын!*

Жүзтайлақ: *(паңданып, сырт қарап: Бәсе, айт, жетті енді. Бұрын көнбей келіпсің, енді мені салып отыр. Ол саған аз сыбаға ма?*

Мөржан: (тамсанып): *Япыр-ай, жеңеше-ай, маған шен беріп тұрғандай сөйлейсің – ау!*

Жүзтайлақ: *Күйіп кеткірдің зілдісін... Тілімді қайырайын деп пе едің?*

Мөржан: *Буынсыз жерге пышақ салған соң қайтейін..*

Жүзтайлақ: *Тоқтат енді, қылымси бермей. Мен айтқан соң буынсыз болмайды. Кімнен тартынасың? Біздің ауылдың буы зой асқақтап тұрғаның. (Тоқтат.) Не қыласың сорлы! Мен айтқан соң өлдің зой! Сөз сол.*

Мөржан: *Жоқ, жеңеше, бұл жерде тіліңді алмаймын...*

Жүзтайлақ: (бастырмалатып): *Немене? Кімнен әулие едің? Тең көрмей тұрсың ба әлде, бекзада неме?*

Мөржан: *Жантастың көзіне шөп салмаймын.*

Жүзтайлақ: *Е, ол сенің көзіңе шөп салмайды зой (кекетіп), көзің жеткен зой тегі! Жантас кімнің Жантасы? (сықылықтап күліп) Біліп пе едің?*

Осы мәтінді оқығанда Жүзтайлақ пен Мөржанның сөйлеу мәнеріндегі өмірге деген көзқарастарындағы кереғарлық, қарама-қарсы екі пиғыл мен көзқарастағы ымырасыздық оқушының оқу мәнеріне әсер етпей қоймайды. Мәтінді оқуда осы айырмашылықты, екі кейіпкердің қарама-қарсылығын, мінезін интонация арқылы беруге болатыны ескеріледі. Оқушылар шағын мәтіннің өзін интонация арқылы оқып шығады. Оқушылар осы интонация арқылы кімнің кім екенін ажыратады. Оқиганың байланысын байқайды.

Жоғарыда келтірілген мәтінде Жүзтайлақ бірден зекуден бастады. Сөйтіп өз дегеніне Мөржанның көнбегенін байқаған соң бастырмалата кінәлай сөйледі, соңында кекесінге көшеді. Мөржан болса, Жантасты ұнатады, сондықтан Жүзтайлақтың азғыруына көнбек емес. Бұл ойын ол Жүзтайлаққа ашық айтуға алғашында жүрексінеді, сескенеді. Жүзтайлақ дүкілдеп қоймаған соң, кесіп айтады. Мөржан сөзі — өзіне сенімі берік адамның сөзі. Ал Жүзтайлақ болса, оны сорлы деп кемсітіп, басына сөйлейді. Өз дегенімді болдырам дейді, зорлыққа басады. Мұндай екі адамның ымыраға келуі де мүмкін емес. Бұл жағдай мәтінді оқу интонациясын белгілейді

Белгілі ғалым-әдіскер В.А.Никольский пьесасының бірінші бөлімін сыныпта толық, ал қалған бөлімдерін бөліп-бөліп, топтап оқуды ұсынады.

Кейбір көріністерді сыныпта, тақта алдында арнайы костюм, гримсіз- ақ орындауға болатынын, ол үшін рольде ойнаушылардың сөздерді алдын ала жаттап алулары керектігін айтады (2, 85).

Қазақ мектептерінде оқытылатын драматургиялық шығармаларды оқыту әдістемесінің өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін төмендегідей жүйелеуге болады:

– Драмалық шығармаларды оқыту көркем әдебиеттің проза мен поэзия салалары сияқты өзге жанрларын оқытудан мүлде дерлік бөлек өз ерекшелігі болады;

– Драмалық шығарманы оқытуда қазақ драматургиясының өзгерісі мен алған бағыттарын әрдайым біліп, анықтап отыруға мүмкіндік туғызады. Бұл көркем өнердің даму бағытын тануға да аса маңызды болмақ.

– Драмалық шығармаларды оқытуда Кеңес дәуіріндегі оқыту талаптары мен қазіргі кезеңдегі талаптардың арасында қандай да болмасын, өзгешеліктер болары анық.

– Драмалық шығармаларды оқытудың осы кезге дейінгі жай-күйі қазір қажеттілігін анықтаған, ал болашақтың қажеттіліктерін шешуді осы бастан қолға алуға даярлық жүргізуі тиіс.

– Драмалық шығарманы оқытудың үлкен жүйесі - драмалық шығармаларды оқыту әдістерін зерттейтін болғандықтан, әдістер туралы мәселені түбегейлі мәселе деп санау керек.

Драматургияны оқыту әдістемесінің іргелі тұсы-драмалық шығарманың теориясына арналады. Теориялық ұғымдар арқылы оқушы драмалық шығарманың мазмұнындағы психологиялық-көркем тетіктерді нәзіктікпен ажыратып тани алады.

– Драмалық шығармамен атқарылатын жұмыстар бірізділікпен өзара өріле, сабақтаса ұйымдасқтырылып, мұғалім тарапынан жүйелі бақылау мен тексеру арқылы қорытындыланып отыру керек.

– Драмалық шығармалар тарихпен, мәдениет дамуымен, эстетикамен байланыста оқытылуы қажет. Сондықтан драмалық шығармаларды оқытуқанда тарихи деректерді мол қамтып, мәдениет дамуының сипатын танытып, драмалық шығармадан эстетикалық әсер алатындай әдіс-тәсілдерді қарастыру қажет.

– Драматургияны оқыту әдістемесі-өзгермелі, дамытуға бейім, жаңа технологияны қабылдауда сыни көзқарастары да болатын өзіндік ерекшелігі мол әдіс-тәсілдер болып табылады.

Драмалық шығармалардың белгілері, әрине, мұнан да көп болуы мүмкін, бірақ негізгілері деп осыларды алуға болады.

Драмалық шығармаларды мектепте оқытуда теориялық және практикалық білімді тығыз байланыста ұштастыру маңызды.

Драмалық шығармаларды мектепте эксперименттен өткізу кезінде оқушы бойында қалыптасатын білім мен практикалық дағдылар анықталып, оның тиімділігі 8-11-сынып оқушыларында білімді шығармашылықпен ала білу, зерттеу, іздену әдістерін меңгеру арқылы тұтас әлемдік драма жайлы түсінігіне, классикалық үлгідегі туындыларды оқу мәдениетіне, сауатты, мәдениетті көрерменге ұласады.

Драмалық шығармаларды оқытуда 8-11-сынып оқушыларының әдеби талдау негізінде алған көркем туындының тәрбиелік мәні өмірлік қажеттілігіне айналады.

Орта буынның 8-сыныбында Д.Исабековтің «Әпке» драмасы оқытылып келеді. Жоғары сыныптарда, яғни 11-сыныптарда драматургияны оқытуға сағаттар біршама көбірек бөлінеді. Бірақ оның өзі жекелеген жазушылардың өмірі мен шығармашылығына берілген жалпы сағат санының құрамына енгізеді.

Мұның себебі жалпы бағдарламада әңгіме, повесть, роман, поэма, лириканы оқып, талдауға көп сағат бөлініп, драмалық шығармаларды оқытуға аз мөлшерде орын берілуімен байланысты.

ӘӨЖ 81'366

САН ЕСІМДЕРДІҢ ЗАТ ЕСІМНІҢ ВАЛЕНТТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫНДА ОРЫН АЛУЫ

Есматова М.Т., Пулатова Н.Д.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚУ*)

Қазақ тілінде сөз семантикасы мен сөздердің семантикалық валенттілігі деген мәселе соңғы жылдары ғана қарастырлып келеді, тіл білімінде валенттілік, оның тілдік болмысы жекелеген ғылыми зерттеулерде түрлі тілдік құбылыстарға қатысты қарастырылғанымен, әзірге жан-жақты зерттеу нысанына алынбай жүргендігі белгілі. «Валенттілік (лат. valentia – күш) – сөздің басқа сөздермен синтаксисік байланыс жасау қабілеті» [1, 40 б.].

Валенттілік сөздің басқа сөздермен жалпы үйлесімділігі деп танылады. Әр тілде сөз таптарының өзіне тән ерекше үйлесу қабілеті болады, олар сол тілдің грамматикалық заңдылықтарына бағынады. Бұдан басқа сөз семантикасымен байланысты лексикалық валенттілік деген түсінік те бар. Қазақ тіл білімінде валенттілік және оның

тіркесімділік ұғымымен байланысын М.Оразов, Ғ.Хасанов, Н.Құрманова, М.Жолшаева, Д.Қарағойшиева, Г.Сыздықова т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарынан кездестіреміз.

М.Оразов «оқулықтар мен ғылыми еңбектерде валенттілік сөз болғанда, негізінен, синтаксистік валенттілік туралы ғана сөз болғанымен, логикалық, семантикалық валенттілік әлі де зерттеу объектісі бола қойған жоқ» [2, 199 б.] деп көрсете отырып, «Сөйлеу кезіндегі сөздердің семантикалық валенттілігін анықтау синтаксистік валенттілікпен байланысты ғана іске асады. Сөздер байланысқа түсу үшін олардың құрамында ғана бір сема өзге семалармен сәйкес келуі, ортақ болуы керек. Осы мағыналық байланыс синтаксистік валенттілікті анықтайды да, олар тіркесетін сөздердің саны валенттіліктің (семантикалық валенттіліктің) дәрежесін белгілейді. Ол үшін сөз тіркесіне түскен сөздердің біреуі екінші бір сөзді мағынасы жағынан сәйкес келуін талап етуі, мағына жағынан басым болуы қажет» [2, 200 б.] екенін де анықтап көрсетеді.

Ғалым Ғ.Хасанов: «Сөздің валенттілігі дегеніміз сөздің өзіне бағынышты, тәуелді сөздерді тіркеу, қосу қабілеті. Мысалы: оқуға түсу, суда жүзу, досқа көмектесу, баяндама жасау, ағаш өсіру т.б.» [3, 305 б.] деп көрсете отырып, «семантикалық валенттілік жүзеге асуы үшін бір сөздің доминанттық қасиеті басқа сөздердің мағынасынан жоғары тұруы қажет» [3, 305 б.] деген ойын Б.Сағындықұлының тұжырымымен жалғастырады: «Тілде мынадай заңдылық бар. Қашанда синтагмалық тіркес құраған сөздердің бірі екіншісінен мағыналық жағынан басымдау болады. Ол өзімен байланысқа түскен сөздің өзіне мағыналық жағынан сәйкес келуін, үйлесуін талап етеді. Синтагмаға тірек бола алатын сөз тіл білімінде өзекті сөз деп аталады. Сөйлем құрастырғанда өзекті сөз басты қызмет атқарады. Ол өз төңірегіне мағынасы үйлес, ортақ сөздерді топтастырады, жинақтайды. Өзекті сөз болу міндетін негізінен етістік атқарады, өзге сөз таптарында мұндай сипат әлсіз [4, 14 б.]. Өзекті сөздің мағынасында архисема мен дифференциалды сема тұрақты болуы қажет, сонда ғана бұл «өзекті» сөздер семантикалық байланысқа түседі.

Әр тілде сөз таптарының өзіне тән ерекше үйлесу қабілеті болады, зат есім сан есімдермен тіркеседі. Сан есімдер – лексика-грамматикалық мағыналары нақты сандарды білдіретін сөз табы. Зат есімдермен тіркесу қабілетін жоғары. Мысалы: Бұл *бес күннің* ішінде манданның ең ауыр жерінің бірі сол елеусіз көпір болады (Ғ.Мүсірепов). *Бір ғана бөлімше* деп саналатын *тоғыз жауынгер алты сағат* алысып, әрең дегенде тәртіпке қол жетіп, міне *екі күн бойы* шегінген әскер бөлімдері мен жосыған жұртты өткізіп тұрмыз (сонда).

Сөздердің бір-бірімен байланысу қабілеті лексикалық тіркесімділік арқылы жүзеге асады. Бірақ тіл жүйесінде барлық сөздер лексикалық тіркесімділігі жағынан бірдей болмайды. Бұл жағдайда бірқатар сөздер басқа сөздермен еркін түрде байланысса, енді бір қатарының мұндай байланысы лексикалық тіркесімділік тұрғысынан шектеулі түрде болады. Сөздердің лексикалық тіркесімділігіндегі мұндай ерекшеліктер олардың сөз тіркесі құрамындағы қолданыс негізінде айқындалады. Сөздің валенттілігі өзіне бағынышты, тәуелді сөздерді тіркеу, қосу қабілеті.

Қазақ тілінде сан есімдердің лексикалық мағыналарымен бірдей қолданылатын көп, аз, бірталай, толып жатқан, ұшы-қиыры жоқ деген тәрізді сөздер мен сөздер тобы бар. Кейде бұларды сан есімдердің құрамында қарастырады. Себебі санмен айтуға болатын кей ұғымдардың орнына жүреді, заттың санына қатысты сапаларын білдіреді. Ондай ұқсастық сан есім мен сын есімнің арасындағы жақындықты білдіреді, ал көз және аз сөздері сан есімдер емес, сын есімдер. Бұлар аз кітап, көп кітап деген тіркестерде оқылған кітаптардың нақты санын емес, мөлшерін білдіріп тұр. Сан есімдер зат есімдермен тіркескенде анықтауыштық қатынаста жұмсалады, зат есімдердің синтагматикалық мағынасы басым тұрады, яғни мағыналық жағы сан есімдердің үйлесін талап етеді. Мысалы: Торы құнан *екі шелек* су көтерген *он жасар* қыз бала секілді, бұралаң-бұралаң етеді (С.Шаймерденов). «Бірлік» колхозы шаруасы жұтаңдау, *жетпіс-сексен ғана үй* (сонда). Осыдан *жиырма-ақ жыл* кейін, *жиырмасыншы гасырдың* басында Орынбор – Ташкент темір жолы салынарын, дәл сол «Ұлпан көлінің» басына темір жол стансасы салынарын, оның атын «Ұлпан» боларын өзі әрине білген жоқ (Ғ.Мүсірепов).

Тіркескен кезде сан есімдер сол құрамда зат есімдерді сан жағынан анықтайды. Зат есім үнемі басыңқы сыңарда қолданылады: Тар ғана көпірмен *мыңдаған адам* өтсе, *мыңдаған адам* тағы тіреліп тұр (Ғ.Мүсірепов). *Бір сағаттан кейін* жүк машиналары жөнкіліп жүріп кетті (сонда).

Сан есімде кейде үйге кірген екеу, екіншісі бірі, өзгеде құлақ екеу болса, ода төртеу секілді тіркестерде сөз тіркесінің басыңқы сыңары болуы мүмкін. Мысалы: Көпір *біреу* де, өтем деушілер *мыңдар* (Ғ.Мүсірепов). Бірақ бұндай тіркестер сирек қолданылады, сан есім басыңқылықта емес, көбінесе заттың санын анықтағандықтан, бағыныңқылы ыңғайда жұмсалады: *Он бір, он екі адам* болады-ау (Ғ.Мүсірепов). *Үш үлкен үйлерге, төрт-бес отау үйлерге, төрт-бес ақсақал адамдарға*, қартаң әйелдерге деп алған сыйлығым бар (сонда).

Сан есім зат белгісін білдіруі жағынан сын есімге ұқсайды, сондықтан сан есім де зат есіммен тіркесте жиі қолданылады. Мысалы, Сарыбала атасымен бірге алыстағы қыр елінен *он бес мың қой* жинап қазынаға өткізді (Ғ.Мүсірепов). Биылғы жылдың *сегіз айында* ғана *мың адам* курс бітіріп шықты. Осы сөйлемдердегі он бес мың, сегіз, мың сан есімдерінің нақты мағыналары өздері тіркескен сөздер арқылы анықталып тұр, яғни қойдың он бес мың, айдың сегіз, адамның мың екендігі нақтыланып тұр. Ал сан есімдер жеке қолданылғанда, оларда нақтылық болмайды, абстракт мағынаға ауысады, демек, он бес мың, сегіз, мың деген сөздер жайындағы ұғымды ғана аңғаруға болады.

Сан есімдер зат есімдермен не олардың орнына жұмсалған басқа есімдермен қабыса байланысып анықтауыштық қатынаста жұмсалғанда, өздері қатысты есімдердің ең басты сандық сапасы ретінде бір санның басқа санмен алмасу шегі болмайды. Сондықтан оларды, сын есімдермен салыстырғанда, зат есімдермен тіркесу қабілеті күшті сөздер деп танылады, бірақ сан есімдер барлық зат есімдермен тіркесе бермейді, олар талдап, даралап санауға болатын заттармен тіркеседі де, бөлшектеуге келмейтін абстракты зат есімдермен тіркеспейді. Жоғарыда келтірілген мысалдарда заттар санауға болатындар, яғни деректі зат атауларымен тіркестіреміз. Ал дерексіз зат атауларын, атап айтсақ, мінез, жақсылық, сезім, білім заттарын санауға болмайды. Сан есімдер тіркесе алмайтын кейбір зат есімдердің топтарына тоқталып өтейік:

1) Дерексіз сапа мәнді зат есімдермен сан есімдер тіркеспейді, олар: жақсылық, сезімталдық, қорқыныш, тазалық, сұлулық, тәкаппарлық, т.б.

2) Белгілі бір процесті білдіретін дерексіз зат атауларымен сан есім тіркесімділігі жоқ, олар: гүрсіл, ызың, қарбалас, тарсыл, дүрбелең, шу, т.б.

3) Қоғам құрылысы, білім, ғылым аттарын білдіретін дерексіз зат атаулары, терминдер сан есімдермен тіркесу қабілеті жоқ, олар: капитализм, логика, психология, педагогика, коммунизм, кибернетика, химия, т.б.

Осылардан басқа деректі, нақтылықты білдіретін заттармен сан есімдердің жинақтау тобынан өзге топтары еркін де, тұрақты да тіркес құрамында жұмсала береді. Сан есімді сөз тіркестерінің сыңарлары тұлғалану жағынан біріне-бірі әсер етпейді. Басқаша айтқанда, тиісті грамматикалық тұлғалар басыңқы сөзге жалғануына қарап сан есім де тұлғаланбайды. Сонымен қатар, сан есімдер арқылы заттың көптігін білдіргенмен, бағыныңқы қызметтегі зат есімдер көптік жалғауда айтылмайды, мысалы: *бес кісінің екеуі, он үйден бір уәкіл, ол алты кісі сыйлық алды; он ешкі, қырық саулық, мың қой, оныншы мектеп, алтыншы бригада*. Мысалы: Даусы жұмсақ шығатын, *екі сөзінің бірі* қалжың адамның түсі онша суық болмас деп еді (Ғ.Мүсірепов).

Сөздердің лексикалық тіркесімділігін анықтаудың бірден бір негізі өзара мағыналық және тіркесімділік қасиетін басшылыққа алу негізінде жүреді. Қазақ тілінде сан есімдердің орнына қолданылатын, солар сияқты мөлшерлік мағынада қолданылатын біршама сөздер бар. Бұл сөздер тіл білімінде екі топқа бөліп қарастылыады. Біріншісі – сан есімнің тура мағынасындағы, дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер. Олар зат есімдермен тіркескенде: егіз бала, қос бұрым, жарты сағат, жарым жан, жеке меншік, жалқы есім, сыңар етік, жалғыз адам, дара сөз, некен-саяқ сөздері. Мысалы: Қазір Жер шарында *екі жарым миллиард* халық бар дейміз. Күшік болатыны – *бір жарым жас*тан енді ғана асты

(С.Шаймерденов). Кесімді уақыттан *жарты сағат* кешігіп барлаушыларым келді (Ғ.Мүсірепов).

Екінші тобы түрлі тіркестер арқылы берілетін дерексіз ұғымдар. Оларға ғалымдар мезгіл мәнді атауларды жатқызады. Сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым, ел жатар кез, түс ауа, т.б. Егер осы тіркестерді сан есімдермен анықтайтын болсақ, нақты, деректі түрде: сүттің пісетін уақыты – 20 минут, ет асым – бір жарым сағат, ел жата кез – сағат кешкі 10-11-лер шамасы, түс ауа деген 15-тер шамасы. Осы қатарға жүз бас қой, бір қап бидай, бір нар киім, екі қабат үй, үш түрлі мәселе, бір түп ағаш секілділер енеді. Мысалы: Шай ішіп жатқан үйіне кіре қалсаң, айыр саусақты, арбиған қолымен *бір бөлке нанды* уыстай үзіп алады (С.Шаймерденов). *Бір сындырым наныңды* аяймысың менен (Ғ.Мүсірепов). Бұл жерде нан сөзі көптік мәнді зат есім, санын осындай үлгідегі бөлке сөзі тіркесіп, санын көрсету үшін есептік сандар тіркеседі. Екі бөлке, үш бөлке, т.б.

Бір жарты қойсаңыз, мен көмектесемін. *Жартыны қалай* қазір берейін бе, әлде кейін аласың ба? – деп Қанат сынай сөйледі (С.Шаймерденов). Жарты деген бөтелкенің өлшемін көрсетіп, бүгінгі күні заттанып кеткен. Бір литрдің жартысы 500 мл дегенді білдіреді.

Салыстыру мәнді сөйлемдер де кездеседі: Есік пен төр – ат шаптырым, даланың өлшемімен мөлшерлеп жатыр: «*Он екі қанат үйдей* бар-ау шамасы (С.Шаймерденов).

Сан есімдер мен зат есімдер тіркескен кейбір сөздер тұрақты тіркеске айналып, көркем шығармаларда жиі қолданылады: Айтары – партия сенімінің үкімет сенімін ақтамайтын шахтердің құны – *бір-ақ тиын* (С.Шаймерденов). Буын бұрқыратып *бір табақ ет* алып келді (сонда).

Қазақ тілінде центнер, килограмм, тонна, қадақ, батпан сөздері салмақ өлшемдердің, қадам, қарыс, метр, шақырым аралық өлшемдердің атауларының есебінде қолданылады. Мысалы: Қол шана артына *бір қарыс* қос сызық салып жыли береді. Қасымнан *екі елі* кетпейді (С.Шаймерденов). *Елу қадам жерден* шілік арасынан атылып шығып еді, кумадым (Ғ.Мүсірепов). Салмақ, көлем өлшем мәнді сөздердің лексика-семантикалық табиғатында сан есім сөздердің ерекше қызмет атқаратыны белгілі болса, оның ішінде *бір, екі сан* есімдерін әрі жиі, әрі көптеген өлшем мәнді тіркестерден байқауымызға болады.

Қазақ тілінде семантикалық жағынан сан есімдерге жақын сөздер бар деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер - 1 грамм – мысқал, 750 грамм – қадақ, 1 кг – келі, 16 кг – пұт, 100 кг – батпан. Мысалы: Әйелдердің жол-жорасын Ұлпан оң қолынан үлестірді: кілем, текемет, көрпе, киіз, *бір-бір қадақ* қашаннан жатқан қағаз *шай* – бәрібір таусылар емес (Ғ.Мүсірепов).

Көлем мөлшерін білдіретін *бір шымшым, бір тілім, бір құшақ, бір уыс* деген тіркестер сөйлем ішінде қанша деген сұраққа жауап беріп, күрделі мезгіл пысықтауыштың қызметінде жұмсалады. Мысалы: Битабар жаңағы дорбадан *бір уыс құмшекерді* қолымен көсіп-көсіп алып, ортаға үйіп қойды (С.Шаймерденов). Мария апай әртүрлі тәттілер мен *бір тілім нан*, күрең шайды апамның алдына қарай жақындата түседі (Ғ.Мүсірепов).

Есептік сан есімдер метр, километр, процент, тоқсан деген өлшем бірліктерімен де тіркесуге қабілетті. Мысалы: Керьчпен арамызды *он сегіз километр* деп еді, балықшы поселкесіне төніп келеміз (Ғ.Мүсірепов). *Бірінші тоқсанның* жоспары жарты ай бұрын *жиырма үш процент* артығымен орндалыпты, - деді Вася, кенет маған бұрылып (сонда). Әр адамның күндік нормасы *сексен* сантиметр жердің көлемі (С.Шаймерденов). Шоқтығының биіктігі *тоқсан жеті сантиметр* (сонда).

Жинақтау сан есімдерден басқа сан есімдердің бәрі де анықтауыштық қатынаста санауға, есептеуге болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркескенде, есептік сандар заттардың қанша екенін білдірсе, реттік сандар заттың сан ретін нешінші екенін білдіреді. Мысалы: Балуан Шолақ сөзін Битабар *алтыс жыл* тұмар етіп мойнына тағып жүріпті (С.Шаймерденов). Амантай онда *тоғыз жаста* болатын (сонда). *Бірінші хатым* Володяға... жазылды. Бірінші тәжірибе пеші қақ жартыдан артық мыс берді (Ғ.Мүсірепов). *Үшінші қамбаға* аяғын тығып алып, қайтадан ілгері ұмтылғанда, *төртінші бір бәленің иісі* аңғарылды (сонда).

Болжалды сандар есімді сөз тіркесінің құрамында заттың сандық сапасын шама мөлшері ретінде көрсетеді. Мысалы: Олжабек *үш жүздеі жылқыны* айдап келеді (Ғ.Мұстафин). Біз болсақ, *бес-алты қырқаны* сыртынан бағып отырмыз (Ғ.Мүсірепов). Мына *екі-үш қараны* бағып, қағып отырмыз. Фабрика-завод мектебінде *төрт жүзге жуық* қазақ баласы оқып жүр (Ғ.Мұстафин). Ол жаққа *екі-үш жүзге тарта жігіт* кетіп еді (С.Мұқанов). Бұл мысалдарда көрсетілген есімді сөз тіркестері күрделі. Сондай күрделі сөз тіркестері сан есім мен туынды сын есімдер тобының зат есімдерге қатысы арқылы да жасалады, мысалы: *екі шекті домбыра, үш сеялқалы агрегат, бес балалы ана*.

Сан есімдер уақыт, салмақ, көлем өлшемін білдіретін сөздерге және *жасар, жастағы* сөздеріне қатысты болу арқылы да күрделі есімді сөз тіркесін құрайды: *үш күндік жол, алты айлық азық, бес тонна бидай, он километр жер, жүз метр мата, он жасар бала, он алты жастағы қыз*.

Сан есімдер субстантивтенген сапалық сын есімдерге бағынып та анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады, мысалы: *екі жақсы, үш еріншек*. Олар қатыстың сын есімдермен тіркесіп, күрделі сөз тіркесін жа-сайды, мысалы: *қос ішекті домбыра, екі аяқты жәндік, үш балалы ана, сұр шекпенді, қос ауыз мылтық, т.б.* Сан есімдер болжалдық мәнді білдіретін сөздермен тіркесіп, зат есімнің нақты санын білдірмейді: Ұлпан көлге келсе, *он бес шамалы* салт атты көлді айнала қоршап алып, ит айтақтап шапқыласып жүр екен (Ғ.Мүсірепов).

Рет, дүркін, мәртебе, қайтара, қабат сөздері сан есімдермен қосарлана келіп, сөз тіркесі құрамында қимылдың дүркінділігін білдіреді. Ал сан есімдер «есе» сөзі арқылы қосарланып тіркескенде, қимылдың сандық тұрғыдан даму дәрежесін білдіреді. Мысалы: Тақсыр менің өндімесіме қойды ма?! *Жеті рет* жыртып, *жеті рет* тырмалап, әбден есімді тандырды. Мен санап тұрдым, бастық *үш рет* есінеді. Бастықтар патша інілерінің алдында кінәлі болып қалғандарды іздеуі үшін полкты *бірінші рет* жинап отырған жоқ еді. Ол емес деп Абай *мың мәртебе* айтпады ма? Ақырында *екінші дүркін* сең де жүріп өтті. *Үш қайтара* апасы сұраған соң, шіркінді қыз да болса қимайды еді. Сайран мұндай сөздерді күніне *мың қабат* естісе де өлмеуші еді, дәл Олжайдан естігеніне қатты қорланып түтігіп кетті. Сәкен Сейфуллин Әкімжанның бұл өлеңін *екі дүркін* оқып шығып; - өлеңге бейімің бар, талапты жігіт екенсің, оқып білім алуыңа көмек берейін, - деген жылы сөзін айтады. Тұрқы ұзын, бойы биік Базаралының тақымында *екі есе* көркейген (Ғ.Мұстафин).

Сан есімдер зат есімдермен тіркеседі: бес батпан, бес мүшел, бес күндік жұмыс, бес тал. Сан есімді сөз тіркестерінің негізгі түрлері – есептік, реттік және болжалдық сан есімдер. Бұл сандардың не зат, бұйым есебін білдіру үшін немесе мезгілдік есепті білдіру үшін ғана қолданылғандығы зерттеу барысында анықталды. Мысалы: Ол қаладан *отыз шақырым* қашықтықтағы «Қайыңды көгалға» күн шыға жеткен-ді (А. Алтай). Мұғалім ең ересегі *он жасқа* толар-толмас оқушыларының бастауыш сыныпты бітіретін соңғы сабағын өткізіп жатты (Б. Садыр). *Төрт түлік* тебін жоқ, омалып қорада тұр (О. Бөкей). Ішімде *бір кесек* мұз жатқандай (О. Бөкей). Досының *екінші соққысы* тигенде өзінің де қаны тасып, басына шыққаны сонша, соңсоң өне бойы қалшылдап, қарсы ұмтылғаны, ұп-ұзын құрдасын ішінен періп, ыңқ етіп ауырсына еңкейіп қалғанда, әскерде тәсілі бойынша көк желкеден ұрғаны, соңсоң өзі құламай тәлтіректеп тұрған жігіттің қылтасынан теуіп құлатып, құлап бара жатқан сәтінде секіріп барып қос аяқтап бөкседеп тепкені, бұдан соң көзіне қан құйыла долданып, әлі құрып бүк түскен бейшара Аманжанды бір теуіп кеткені тек ашуы сабасына түсіп, өлердей өкініп еді (сонда). «Бозтөбе» совхозының *үшінші фермасынан* келіпті (Т. Әлімқұлов). Елеусіз осындай тығырықта әрі-сәрі боп жүргенде, *үшінші күні* екінді кезінде Бозтөбеден салып ұрып Шынар жетіп келді (Т. Әлімқұлов). *Бірінші курстағылар* лекцияда екен (сонда). – Осы емеурінді осымен *екінші мәрте* байқатып отырсыз, - деді Шынар басын сілкіп тастап (сонда) секілді болып келеді. Бұдан шығатын қорытынды, барлық түркі тілдерінде де осы үлгідегі (модельдегі) сан есімді тіркестер бар. Сан есім + зат есім қалпы негізгі талапқа сай, түркі тілдерінің барлығында бірдей үлгіде келетіндігі

анықталды. Демек, сан есімнен кейін зат есім келетін құрылым барлық түркі тілдерінде сақталған қалыпты жағдай.

Сөздің тіркесу қабілеті қанша кең болса да, ол кез келген сөзбен тіркеспейді. Өзара мағыналық байланыс, үйлесімділік болған жағдайда ғана сөздердің арасындағы тіркесімділік қасиеті жүзеге асады. Сондықтан әртүрлі лексика-грамматикалық топтағы сөздердің семантикалық және синтаксистік валенттілігі, әртүрлі жиіліктегі нормативтік, типтік тіркесімділігі, түрлі лексика-семантикалық топтағы лексикалық бірліктердің тіркесімділік жағынан шектеулі мәселелері лексикалық тіркесімділік теориясы тұрғысынан да аса маңызды.

Әдебиет:

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991 – 216.
3. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. – Алматы: Үш қиян, 2009. – 488 б.
4. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лесикология. I б. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 101 б.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІ ҒЫЛЫМИ - АСПЕКТІЛІК ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ

Г.Қ. Жақиянова

(«Тұран – Астана» университеті)

Мақалада қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдеріндегі көтерілген тың тақырып – азаттықты, тәуелсіздікті жырлау мәселесі талқыланады. Ақындардың жеке шығармашылығындағы тәуелсіздік сарынының тарихи ерекшеліктері де қарастырылып, ақын ойының тым тереңде, көне заманғы адамзат баласы көкейіндегі туындаған арман белестерінен негіз алатындығы көрсетіледі. Көк түрік елінің ежелгі батырлары – тасқа есімдері қашалып жазылған Күлтегін, Білге қазан, Тоныкөк ерліктерін дәріптеген, азаттықты көксеген азаттық сарыны ақын шығармаларынан айқын сезілетіндігі айтылады. Сонымен қатар алдыңғы буын өкілдері – Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ақындардың өлеңдеріндегі азаттық тақырыбы да сөз болған. Ақындардың арнау өлеңдеріндегі азаттық сарыны тәуелсіздікпен қатар, еліміздің мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктерінің көріністерін қамтитындығы да жақсы талқыланған. Ақын шығармаларының өзегі - реалистік негізге бағытталғандығы айындалады. Қорыта келгенде азаттықты, тәуелсіздікті аңсаушы ақын шығармашылығындағы арнау өлеңдері - елдің әлеуметтік хал-жағдайына қатысты мәселелерге шолу жасай отырып, еліне азаттықты, тәуелсіздікті аңсап жырлауы туралы ғылыми тұрғыда сипаттап, жіктеп айтады. Қазақ елі аңсаған азаттықпен қатар мәдениеттілік, ұлттық ұстаным негіздері де қатарлас қарастырылған. Бұл ақындардың арнау өлеңдеріндегі оқырман қауымға ой салу, өзіндік пікір тудыру қажеттігінің шарықтау шегі болса керек.

Кілт сөздер: Арнау өлеңдері, тәуелсіздік, сөз шайырлары, ежелгі тас жазулары, қазақтың ұлттық нақыштық негіздері, қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті мәселелері, азаттық сарынына негізделген ақын ойлары.

ОСНОВЫ НАУЧНО-АСПЕКТНОГО ФОРМИРОВАНИЯ СТИХОТВОРЕНИЙ ПОСВЯЩЕНИЯ (АРНАУ) КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

В статье будет рассмотрена поднятая в казахской поэзии тема посвящения – воспевание свободы, независимости. Рассмотрены исторические особенности мотива независимости в индивидуальном творчестве поэтов, показано, что мысль поэта лежит в основе мечтаний, возникших в глубокой, древней человеческой расе. В произведениях акына отчетливо чувствуется независимость, прославивший подвиги древних героев көктүркі – Кюльтегин, Бильге Каган, Тоныкок, чьи имена высечены на камне. Также была затронута тема освобождения в стихах предыдущих поколений – Магжана Жумабаева, Жусупбека Аймаутова, Султанмахмута Торайгырова. Посвящение мотивы в творчестве поэтов свобода с независимостью, а также особенностей проявлений и национальной культуры нашей страны, обсуждавшихся в қамтитындығы хорошо. Подчеркивается направленность произведений поэта на реалистическую основу. В заключение поэмы посвящения в творчестве поэта, жаждущего свободы, независимости, - научно характеризуют и классифицируют поэзию о жаждущем освобождения, независимости стране, исследуя проблемы социального благополучия страны. Народу с Азаттықты аңсаған Қазақ елі, параллельно рассматриваются основы культуры, национального мировоззрения. Это, наверное, и есть кульминация в поэмах посвящения поэтов, в необходимости размышлять над читательской общественностью, создавать собственное мнение.

Ключевые слова: *стихи посвящения, независимость, слова смолы, древние каменные надписи, основы казахского национального колорита, проблемы казахской культуры, казахской литературы, мысли поэта, основанные на мотивах Азаттык.*

FUNDAMENTALS OF SCIENTIFIC-ASPECT FORMATION OF DEDICATION POEMS IN KAZAKH POETRY

The article discusses the new theme raised in the poems of dedication in Kazakh poetry – the issue of singing freedom and independence. The historical features of the theme of independence in the personal works of poets are also considered, and it is shown that the poet's thought is based on the deep, dreamy peaks that arose in the context of the ancient human race. It is noted that the poet's works clearly convey the spirit of liberation, which glorified the exploits of the ancient heroes of the Blue Turkic country – Kultegin, Bilge Kagan, Tonyukuk, whose names are engraved on the stone. The theme of liberation was also mentioned in the poems of representatives of the previous generation – Magzhan Zhumabayev, Zhusupbek Aimautov, Sultanmakmud Toraiyrov. It is well discussed that the theme of liberation in the poems of the poet's dedication includes not only independence, but also manifestations of the culture and national characteristics of the country. It is noted that the core of the poet's works is focused on a realistic basis. In conclusion, the poems dedicated to the work of the poet, who longs for freedom and independence, scientifically describe and classify the country's desire for freedom and independence, reviewing issues related to the social situation of the country. Along with the freedom that the Kazakh people crave, the foundations of culture and national identity are considered in parallel. This is probably the culmination of the need to express the reader's thoughts, create their own opinions in the poems of the poet's dedication.

Keywords: *poems of dedication, independence, words, ancient stone inscriptions, Kazakh National motifs, problems of Kazakh culture, Kazakh literature, poet's thoughts based on the theme of liberation.*

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бастап, елімізге белгілі «сөз шайырларының» арнау өлеңдері, айтқан нақыл сөздері жайлы еңбектер көптің талқысына ашық түсе бастады. Қазақ даласындағы тәуелсіздікті аңсау сарындары бар арнау – өзінің бастауын Орхон-Енесей көне жазбаларынан алатын қазақтың азаттық көксеген еңбектерінде,

одан кейінгі дәуірде біз танып оқып жүрген 15-19 ғасырда ғұмыр кешкен Хасен Сәбитұлы, Ақтамберді, Шортанбай, Мөңке сынды орақ тілді майталман ақындар және жиырмасыншы ғасырдың бастапқы шенінде ғұмыр кешкен Абай, Шәкәрім, Мәшхүр Жүсіп, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында да ерекше түрмен танылғандығы белгілі. Адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі – оның өзіне тән ерікті әдеби туындысы. Әрбір әдеби негіздегі тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, сол халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды және шешуші рөл атқарады. Қазақ поэзиясындағы ақын қолданысындағы жеке сөз байлығы – халықтың рухани өмірін, тарихын, ұлттық нақышты, азаттық дүниенің әдебиеттегі бейнесін сипаттау құралы болып табылады. Азаттықты аңсаған әдебиеттегі тілдің өзіндік заңдылықтары әдеби тіл иесі этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихының қалың беттерін, мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын сипаттауда ерекше орны бар көркем туынды тілі арқылы да танылады. Көркем туынды тілін талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, көркемдік қырын түсінуге құбылыстардың көптеген мәселелерін шешуге тигізеді. Себебі, көркем туынды ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетінен, мінез-құлық, жан-дүниесінен хабардар етеді, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Егер әдебиетші ғалымдардың теориялық тұжырымдамаларына сүйенсек, онда арнау өлеңдерінің жанрлық табиғатын саралау, оны басқа жанрлардан ажыратып көрсету, оның өзіндік ерекшеліктерін байыптау – бүгінгі күнгі жанр мәселесімен тығыз байланысты күрделі проблемалардың бірі. Қай халықтың болсын поэзиясында бір-біріне ұқсас жанрлық түрлердің тууы, қатар өмір сүруі - әдеби процестегі табиғи құбылыс. Сондықтан да болар қазақ поэзиясының жанрлық түрінің бірі – арнау өлеңдері толғау, терме, жоқтау және т.б. жанрларымен қатар, кейде синоним ретінде қолданыла беретіндігі. Арнау өлеңдерінің өз алдына жанрлық түр екенін арнайы талдап айтқан еңбек болмағанымен, бұл туралы әдебиеттанушы ғалымдар А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Б.Кәрібозов, М.Мырзахмет өз еңбектерінде қазақ поэзиясының жанрларының бірі екенін жоққа шығармайды. Ғалым Қ. Мұхаметханов: «Қазақ әдебиеті теориясында ғана емес, дүниежүзілік әдебиет теориясында да жанр табиғатын айқындауға байланысты пікірлер әрқилы, бір ізге түспеген. Бұл туралы З.Қабдолов: «жанр мәселесі маңында шартты пікірлер көп. Әдебиет теориясын толғайтын кітаптардың көбінде әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр» - деп көрсетеді [1, 95 б.]. Сондай-ақ әдеби шығарманың жанрлық түрін анықтау мәселесінде әдебиетші мына мәселелерді басшылыққа алуды ұсынады. Оның: «... әр жанрдың әдеби түр ретінде тууы мен дамуының негізінде мазмұнының ұлан-ғайыр құбылулары – пайда болуы, өзгеруі, өсуі, өшуі жатар. Жанр жайлы сөз қозғағанда, міне, дәл осы құбылуларды әрқашан есте ұстап отыру шарт. Сонда біз жанр жайын байыптауға әншейін пішін тұрғысынан емес, мазмұн тұрғысынан келеміз де сыртқы белгілері мен өзгешеліктерін жіпке тізіп тынбай, оның ішкі даму заңдылығының тарихын талдап, текскретін боламыз,» - [1, 286 б.] деген ғылыми тұжырымы біз қарастырып отырған арнау өлеңдерін де толғау, терме, халық лирикаларының басқа жанрлық түрлері секілді мазмұны, пішіні, тақырыбы, белгілі объектіге аранп айтылуы тұрғысынан саралап, жанрлық түр ретінде талдап тануға болатынын көрсетеді. Сондай-ақ қазақ поэзиясында арнау деп ат жамылған ұлан-ғайыр поэзиялық мұралардың молдығы да бұл жанрлық түрдің үнемі даму, өсу үстінде екенін де байқатады. Бір жанрлық түрдің жойылуы, екіншісінің пайда болуы немесе бірнеше жанралық түрдің бірігіп жаңа мазмұнға ие болуы - әдебиеттегі заңды құбылыс. Ғалым Зәки Ахметов пікірінше: «Жанр табиғатын анықтауда белгілі әдебиет, фольклористика теоретиктері әртүрлі шарттар ұсынады. Мысалы, С.Н.Поспелов: «жанр –

нақты тарихи құбылыс емес, типологиялық құбылыс,» десе, В.Я.Пропп жанрды «поэтикалық системалардың бірлігі арқылы анықтауға болады», - деп тұжырымдайды [2, 45 б.]. Арнау өлеңдері жанрын анықтауда біз басшылыққа алап отырған мазмұн, түрдің негізгі рөлін Н.И.Кравцов былайша нақтылай түседі: «Егер біз жанр – көркем шығарманың тарихы қалыптасқан түрі деп есептесек, онда жанр туғызатын элементтер ретінде оның түрін, яғни түрлік ерекшеліктерді, құрылымын, атап айтсақ, шығарманы түзетін элементтер түрін ғана есепке алуымыз керек,» - дейді [2, 57 б.]. Сонымен қатар ғалым З. Ахметов орыс әдебиетшілерінің пікірлерін талдай келе: «Орыс әдебиетшісі П.И.Тимофеев лириканың жанрлық түрлерін анықтауда тақырыпты негізгі басшылыққа алуды ұсынады. Кей ғалымдар жанрды «тарихи қалыптасқан түр немесе қайталанатын композициялық құрылым» ретінде анықтауды алға тартады», деп көрсеткен [2, 45 б.]. Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйенсек, арнау өлеңдерін қай тұрғыда қарастырсақ та оның өз алдына жеке өмір сүруге, жанрлық түр ретінде жеке аталуға заңды құқығы бар екенін көреміз. Егер басшылыққа шығармадағы мазмұнды алсақ, арнау өлеңдері басынан аяғына дейін бір объектіге қарап айтылған белгілі мазмұнға құрылған, тақырыптық тұрғыда алып қарастырсақ, арнау өлеңдерінің тақырыптары сан алуан болғанымен, ол да адам, жер, қоғам, халық, алла тағала және т.б. нақты объектіге арналған. Ал тарихи даму тұрғысынан келсек, ежелгі кезеңнен бастап кейінгі кезеңге дейін өзінің дамуын тоқтатпаған арнау өлеңдері талай ірі жанрлардың қалыптасуына негіз болған. Типологиялық тұрғыдан көз жіберсек, арнау өлеңдерін халық поэзиясы мен қазіргі лирикамыздың кез-келгенімен салыстыра зерттеп, өзіндік ерекшелігін ашуға болатынын көреміз.

Жанрды анықтау мәселесіне байланысты жоғарыда аталған ұсыныстармен қатар басқа да ой-пікірлер талданады. Ол мәселелер арнау өлеңдері жанрын анықтау тұрғысында пайдаланыла отырып, дұрыс, бұрыс көзқарастарға талдау жасалады. Жанр қатып қалған мазмұнды білдіретін түр емес. Ол- үнемі даму үстіндегі құбылыс. Қандай да жанр болмасын өзінің даму кезеңінде тек қана архаикалық белгілерді сақтап қоймайды, сонымен қатар жаңа элементтерді де қосып алып дамиды. Сондықтан да жанрдың мәнін дұрыс түсіну үшін оның қайнар көзін анықтап алу қандай керек болса, ежелден қалыптасқан жанр мен кейін пайда болған жанрды бір-бірімен теңестіре қарамау керек. Егер біз жанрдың өмір сүруін синхронды және диахронологиялық тұрғыда қарамасақ, бір әдеби шығарма мәтінінен екінші әдеби шығарма мәтінінің бөлініп шығуын, пайда болуын ажырата алмаймыз. Бұл айтылып отырған мәселе арнау өлеңдері жанрына тікелей байланысты. Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігін Қ.Жұмалиев: «Арнаулар – біреуге немесе көпшілік қауымға бағыштай жырланады,» - [3, 445 б.]. деп айшықтаса, З.Ахметов: «Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды,» - [2, 45 б.]. деп түйіндейді. Ал Қ. Жүсіпов: «Әдебиетті зерттеп жүрген ғалымдар пікірін негізге алып, арнау өлең – поэзия жанры деп айта аламыз. Әрбір заман тудырған арнау өлеңдерінің идеялық мазмұны сол өлеңді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты,» - [4, 45 б.]. деп арнау өлеңінің жанрлық түр екендігін анық айтқан. Арнау өлең жолдары хақында ғалым Зәки Ахметов: «Арнау өлеңдерінен азаттық лебі ерекше соғып, тынысыңды кеңейткендей әсер қалдырады. Ақынның азат дүниеге құмарлығы тым ашық айтылмаса да, оның әрбір тармақтарынан түпкі, негізгі ойы айқын сезіліп тұрады,» - дейді [2, 33 б.]. Азаттық сарынға негізделген көркем әдебиет өзінің айтайын деген ойын образ арқылы береді. Оның негізгі құралы көркем сөз, сол арқылы адам бейнесін жасап, өмірдің, өмір құбылысының қилы қырын жан-жақты алып суреттейді. Аталған көркем әдебиеттің басты құралы сөз болғандықтан да әрбір ақын- жазушы ұлттық тілдің сөздік қорын жете пайдаланып, оны шебер келістіріп қолдануға талпынады, соның нәтижесінде ғана көркем суреттеулер жасай алады. Көркем шығарма болу үшін, *бірінші шарт* –

суреттілік, образдылық, яғни күндегі көріп жүрген адамдарымыздай өзіндік қимылы бар, ой парасаты, киім киісі, жүріс-тұрысы бар жанды адамдар болуы керек; *екіншіден*, сол образ типтік образ болуы тиіс, яғни қоғамдық тәрбие бере алатындай бір топ адамдардың басындағы жақсы не жаман қасиеттерді бір адамның басына жинақтап, оны нанымды етіп беру қажет; *үшіншіден*, шындық пен суреттілік бір-бірімен ұласып жатуы, яғни жазушының суреттеп отырған образы сол кездің шындығына сыйымды болуы керек; *төртіншіден*, ол шығарманың туу тарихы, өмірге келу себебі, яғни жазушы туындысының жазылу мақсаты болсын; *бесіншіден*, халықтық сипатта жазылған болуы керек; алтыншыдан, көркем әдебиеттің оқырманына тәлім-тәрбие бере алатындай дәрежеде, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа қарай жетелей алатындай қасиеті – қоғамдық мәні болуы шарт т.б. міне, осы тұрғыдан алғанда, Арнау өлеңдері – адамдар образы арқылы оқырманының эстетикалық сезіміне әсер ететін, әдемілікті түсінуге, мінез-құлықтарын жақсартуға көмектесетін, адамдар арасындағы әр түрлі қайшылықтарды көрсетіп, шындықтың бетін айқындайтын құрал.

Әдебиет:

4. Мұхамедханов Қ. Арнау өлеңдері хақында // Семей таңы, 1992 жыл.
5. Ахметов З. Өлең сөз теориясы. А., 2012 ж.
6. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. А., 2002 ж.
7. Жүсіпов Қ. Өлең сөздің патшасы. А., 2000ж.

БУДАН АТАЛЫМДАРЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Жакупова С.

(«Тұран-Астана» университеті)

Тіл біліміндегі кросс-мәдени зерттеулерді лингвистер көп жағдайда жаһандану құбылысымен, яғни экстралингвистикалық факторлармен байланыстырады. Қазіргі уақыттағы үздіксіз даму үдерісіндегі ағылшын тілінің рөлі мен мәдениаралық қарым-қатынастың кез-келген тілдің сөздік қорына әсер етпей қойматыны белгілі. Мәселен, Л.П. Гикалдың «Квазиинтернациональная лексика как явление межъязыковой асимметрии: на материале русского, английского и немецкого языков» диссертациялық еңбегінде БАҚ құралдарындағы мысал негізінде неміс және орыс тіліндегі ағылшын тілінен енген интернационалды сөздердің семантикалық өзгерістерін, сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюін, сөз мағынасының толық өзгеру үдерістерін зерттеп, талданған кірме сөздердің ішінде сөз мағынасының кеңеюі жиі кездесетіндігін дәлелдейді [1].

М.В. Тарасованың «Семантические изменения англоязычных заимствований в русском и немецком языках в условиях глобализации» атты диссертациялық жұмысында орыс және неміс тілдеріндегі ағылшын тілінің қызметін зерттеп, ағылшын тілінің интернационалды мәртебеге көтерілгендігін және «ағылшын тілінің экспансиясы» жеке ұлттың бірегейлігіне нұқсан келетінін айтады. Автор еңбекте 4000 лексикалық бірлікті идеографиялық топтарға бөліп, орыс және неміс тілдеріндегі кірме сөздердің қолданылу салаларын айқындайды: қоғамдық-саяси, мәдени, ғылыми-техника, ағылшын-американдық реалийлерді білдіретін сөздер және т.б. Сөз мағынасының тарылуына *саммит*, сөз мағынасының кеңеюіне *кастинг* сөздерін талдап, қабылдаушы тілдердегі бір кірме сөз, сәйкесінше, әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін дейді. Орыс және неміс тілдеріндегі ағылшын тілінен енген сөздерге кросс-мәдени зерттеу жүргізе отырып, автор мынадай қорытынды жасайды: «шетел сөздерінің түпнұсқа тілдеріне қарағанда қабылдаушы тілге ену барысында семантикалық көлемі азаяды және әртүрлі қабылдаушы тілдерге енген бірдей шетел сөздерінің мағыналары да әртүрлі болуы мүмкін» [2].

Бүгінгі уақытта бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар саны күрт өсті. Бұқаралық ақпарат құралдарында,

жарнамада және жалпы тілдік қатынаста осы типтегі бірліктерді пайдалану өте жиілеп барады. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Ондай сөздер тіл білімінде гибрид сөздер деп аталады. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді «будан» деген баламамен атап жүр.

Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс. Жаңа сөздің мәні оған кіретін барлық құрылымдық компоненттердің мәндерін толық немесе ішінара біріктіреді. Сөзжасамның бұл тәсілі жалпы тілдік құбылыс болып табылады. Аталмыш құбылыстар ағылшын, неміс, француз, испан, араб, жапон, орыс тілдерінде бар екендігі ғылыми зерттеулерде дәйектелген.

В. М. Лейчик осы тәсілмен француз тілінде пайда болған лексикалық элементтерді талдай отырып, гибридизмді халық этимологиясының көрінісі немесе ұқсастығы ретінде қарастырады [3]. Осы көзқарасқа Л.А.Тарасованың гибридизмді сөзжасамның дербес тәсілі деп қарастыратын еңбектерін қарама-қайшы қоюға болады [4].

Мұндай лексикалық құрылымдардың мәні Е.А. Ардаматскаяның еңбектерінде берілген, ол гибрид сөздерді кез келген фрагменттер мен контрактуралардан құрылған лексикалық бірліктер деп санайды [5].

Г.Н. Алиева будан аталымдарды сөзаралық бірігу нәтижесі деп санайды. Оның айтуынша, «бір сөздің аяғына басқа сөздің басы қойылады. Осылайша, өз мағынасына екі біріктіруші сөздің семантикасын біріктіретін, өз негізіне біріккен сөздер негізін қосатын ерекше түрдегі күрделі сөз пайда болады» [6]. Әдетте, құрамдастардың бірінің басым мәні қалған элементтердің семантикасы есебінен, сондай-ақ жұрнақтар үстейтін (егер ол бар болса) мағыналық реңктің есебінен күшейеді.

Қазақ тіл білімінде профессор Б. Момынова: «Гибридтену - қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар: а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің үлгі-моделіне салынуы, үлгіге алынуы; б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; г) жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның күшіне енуі», - дейді [7].

Будан аталымдар тілге ағылшын тілі арқылы кіргенін байқауымызға болады. Себебі ағылшын тілі көптеген тілдер үшін донор-тіл болғандықтан, ағылшын сөздік қорының элементтерінен жасалған кірме атауларға ерекше мән беріледі.

Шет тілді сөздердің тілге енуі үшін ең ашық сала – лексика. Кез келген туынды сөзді семантикалық тұрғыдан танылуының кілті оның сыртқы морфологиялық құрылымы болып табылады. Дайын туынды сөздер – шынайы құбылыстар мен заттар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін бекітетін сөйлеушінің, формальды операцияның нәтижесі. Бұл қызметтің нәтижесі тіл бірлігінде тіркеледі. Кез келген туынды сөзде тілдің динамизмі және оның статикалылығы көрінеді. Біз әр ретте сөйлеу процесінде балама және бізге белгілі сөз жасау үлгісі бойынша туынды сөз жасай аламыз немесе дайын лексикалық бірлікті қолданамыз деп айту қиын. Әрине, тілдік қатынас барысында біз аталымдардың дайын бірліктерінің көмегіне жүгінеміз, сондай-ақ біздің жадымыздағы сөз жасау моделін пайдаланамыз.

«Словообразование – это процесс, целиком ориентированный на коммуникацию, на передачу знаний о мире, на структурирование тех элементов окружающего мира, которые в процессе деятельности субъект выделил и которыми овладел» [8].

Тілді жаңа кірме сөздермен толықтыру процестері соңғы онжылдықтағы қоғам өміріндегі терең әлеуметтік-саяси және экономикалық трансформацияларды ғана емес, сонымен қатар тілдің лексикалық жүйесіндегі, оның деривациялық әлеуетіндегі, вербалды бірліктердің прагматикалық ойларындағы өзгерістерді де көрсетеді. Қазақ тілінің

деривациялық жүйесі креативтілік, образдылық, экспрессивтілік таныта отырып, өз әлеуетін кеңейтті. Жіктемелік параметрлер негізінде лексика-грамматикалық неологизмдердің типтерін бөлу кірме сөздің формальды, семантикалық және функционалдық-стилистикалық белгілеріне, сондай-ақ оның орыс тіліндегі бейімделу дәрежесіне байланысты.

Тілде бар лексикалық құралдар мен сөзжасам механизмдері адамға олардың ой-пікірін қанағаттандыратын жаңа лексикалық бірліктерді құру үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Көптеген тілдерде, соның ішінде ағылшын тілінде туынды сөздер сөздік құрамының көп бөлігін құрайтыны кездейсоқ емес. Қазақ тілі үшін жасырын қауіп қазақ синтаксисінің негізін бұзатын грамматикалық құрылымдарды калькалау болып табылады. Мысалы, *интернет-класс, интернет-төлем, интернет-баспасөз; арт-сахна, арт-тусовка; веб-шолушы, веб-өкілдік, веб-құрылғы*. Аталмыш сөзжасамдық модельдер ағылшын құрылымдарының калькасы болып саналады.

Қазіргі заманғы неологизмдердің ерекшелігі – олардың көпшілігі ұқсас модельдер бойынша құрылған тұтас құрылымдар тобының құрамында пайда болады. Шет тілді неологизмдер түрлі сөзжасамдық мүмкіндіктерге ие. Лингвистердің пікірі бойынша, шет тілді неологизмнің сөзжасам мүмкіндіктерін жүзеге асыру кезінде оның морфологиялық құрылымының сипаты мен оның қазақ тілін грамматикалық игеруі ғана емес, сонымен қатар тілдің жиілік дәрежесі де маңызды.

Сондай-ақ, тілші ғалымдардың еңбектерінен қазіргі таңда шетел лексикасының тілдерге енуінің бірден бір жолы БАҚ екендігі тілге тиек етіледі. БАҚ – түрлі клишеленген айналымдарға толы, олар да калькалаудың нәтижесі екендігі сөзсіз.

Ағылшын тілінің әлемдік үстемдігіне себепші болған негізгі факторлар арасында:

1) ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде (бірінші кезекте АҚШ) саяси күш пен дамыған экономиканы;

2) интернет-желіде ағылшын тілінің басымдығын;

3) дүниежүзілік ақпараттық қоғамға кіруге ұмтылысын; технологиялық бәсекеге қабілетті болу үшін кез келген қазіргі заманғы мемлекет ағылшын тілінде келіп түсетін ақпаратты қабылдауы және пайдалануы тиіс;

4) ағылшын тілі халықаралық ұйымдардың жұмысындағы негізгі тілдердің бірі болып табылатындығын атап өтуге болады.

Әрине, қазіргі адамзат мақсатты түрде бара жатқан нанотехнологиялар, ақпаратпен және тәжірибемен еркін түрде алмасу мүмкіндігі, жоғары компьютерлік технологиялар мүмкіндігі жаһандық қауымдастықты құру үшін қажет екендігімен келіспеуге болмайды. Алайда тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ұмытпаған жөн. Тарихи тұрғыдан, халықтар арасындағы мәдени, саяси, әскери байланыстар тілдік тұрғыдан байланыстарға баруға уәждейді.

Тіліміздегі бұдан аталымдардың пайда болуының тағы бір жолы – жарнама. Т. Н. Лившицтің айтуы бойынша, жарнамалық мәтіндегі шеттілдік лексика «бірегейлік иллюзиясының» пайда болуына ықпал етеді, яғни белгілі бір тауардың немесе қызметтің қайталанбас, маңыздылығы туралы әсер жасауға көмектеседі [9].

Жарнама мәтіндерінің басым көпшілігінде англицизм болашақ тұтынушының жарнамаланатын тауарға немесе қызметке назарын аударатын элементтер ретінде қызмет атқарады. Жарнамашылар көбінесе сөздің ағылшындық нұсқасын калькалайды. Мысалы: *донатс, имидж, тур, вип, сейл, блокбастер, груминг, инсталляция*.

Сондай-ақ ғаламторға қатысты лексика да осы бұдан аталымдар қатарынан орын алады: *email, сидиром, интерактивті, блог, месенджер, провайдер, флешка*.

Американдық фильмдер танымалдығы да тілімізге біршама бұдан аталымдарды әкелді: *аватар, блокбастер, камбэк, прайм-тайм, кастинг, терминатор*.

Музыка саласы бойынша бұдан сөздерді атап өтер болсақ: хит, ремейк, диджей, саунд-трэк, постер және т.б.

Бұл фактор жастар арасында кеңінен таралған. Мысалы: *драйв (ішкі көтерілу), мейкап (макияж), консалтинг (кеңес беру)*.

Будан лексемалар жалпы қолданылатын лексикада да кездеседі: *Хай-тек нарық және hi-tech нарығы; Спам-тарату және спам-тарату; Ноу-хау жаңалық және know-how жаңалықтар; веб-бет және web-бет; Спа-индустрия және spa-индустрия; Арт-директор және art-менеджер; Интернет-жарнама және Internet-провайдер.*

Кірме сөздердің қазақ тіліне берік кіргеннің дәлелі олардың қазақ грамматикасының ережелеріне бағынып, ыңғайлануы. Тілдік өзара қатынасқа түсе отырып, адамдар белгілі бір уақытта белгілі бір ұжымға тән тілдік ортаны қалыптастырады. Екінші жағынан, тілдік қызмет тәжірибелік сипатқа ие, бұл белгілі бір тілдік дәстүрлерді қолдауды мәжбүрлейді. Басқаша айтқанда, адам, әдетте, бұрыннан өзіне таныс, оқыған, естіген сөздерін қолданады. Жаңа тілдік бірліктің мағынасын өзіне бұрыннан мәлім сөздердің көмегімен түсіндіріп жатады. Жаңа атылымдардың жасалуы да нақты бір тілдік тәжірибенің негізі арқылы жүзеге асады.

Будан аталымдар ұзақ уақыт бойы кірме сөздер сияқты отандық және шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалып келді. Шетел лексикасын ғылыми тұрғыдан қарастыру соңғы он жылдықта қазақ тіліне қарқынды түрде шетел сөздерінің енуі және қолдану аясының кеңеюі салдарынан өзекті мәселеге айналды. Соңғы жылдары шетел сөздері негізінен ағылшын тілінен енуде.

Әдебиет:

- 1 Л.П. Квазиинтернациональная лексика как явление межъязыковой асимметрии: на материале русского, английского и немецкого языков. Дисс. канд. фил. н. – Краснодар, 2005. – 200 с.
- 2 Тарасова М. Семантические изменения английских заимствований в русском и немецком языках в условиях глобализации. Дисс. канд. фил. н. – Белгород, 2009. – 199 с.
- 3 Лейчик, М. В. Евро в русской речи [Текст] / М. В. Лейчик // Русская речь. - 2002. - № 4. - С. 127
- 4 Тарасова Л.А. Структурно-семантические аспекты телескопии в современном английском языке: Дис. ... канд. филол. наук. М., 1991.
- 5 Ардаматская Е.Н. Акронимия как форма адаптивности языковой системы (на материале английской морской терминологии: автореферат дис. ... канд. филол. наук. – Л., 1987. – 20 с. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.dissercat.com/content/>
- 6 Алиева, Г.Н. Оказиональные неологизмы последнего десятилетия / Г.Н. Алиева // Русская речь. 2006. - №3 - С.79-80.
- 7 Момынова Б. Тілдегі гибрид (будан) сөздердің жасалуы және жаңа емле ережелеріндегі жазылу үлгілері // <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>
- 8 Земская Е. А. Словообразование как деятельность. – М., 1992.
- 9 Лившиц, Т.Н. Реклама в прагматическом аспекте / Т.Н. Лившиц. - Таганрог : Изд-во Таганрог. гос. пед. ин-та, 1999. - 212 с. : ил.; 20 см.; ISBN 5-87976-166-5

УДК 371.39

COMMUNICATIVE AND METACOGNITIVE ASPECT OF TRANSLATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Жаксылыкова Е.В.

Научный руководитель: Какимова М.Е.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Abstract

The article is devoted to the problem of translation and its implementation into the process of teaching English as a second language. The use of translation in teaching English is considered through the communicative approach, and its effectiveness is proved by various modern researches. The author substantiates the difference and methodological value of interpretation and translation in teaching a foreign language. Concepts of interlingual translation and intralingual translation are

studied. Taking into account these strategies, the author concluded that translation is a metacognitive process or a combination of strategies used in an individual's metacognitive activity.

Keywords: translation, interlingual translation, intralingual translation, metacognition, metacognitive process

Nowadays there are a number of conflicting points of view on the use of translation in teaching a foreign language. In the Kazakh intercultural and communicative theory of language learning, the main goal is the development of communicative competence, since communication is the basis of human relations, and language acts as a tool for its realization [1]. Translation employed in educational purposes is referred as one of the ways to develop grammatical competence which, in the light of modern trends in foreign language teaching, has lost its first position, although it has not lost its significance.

Translation found its special place in bilingual communication activities, because it is the most difficult type of communication. Professor A.V. Fedorov, explained that "to translate means to express correctly and completely by means of one language what has already been expressed by means of another language" [2].

Consequently, translation is a search for correspondence between the systems of two languages at all levels, while this process is based on the principle of a communicative act that occurs between the communicator and the recipient.

A. Carreres in his article argues against the use of translation as a tool for teaching a second language. In his opinion, translation has no place in communicative methodology, since this type of exercise is limited to only two activities – writing and reading. He also notes that translation involves students turning to their native language, which leads to interference and dependence on the native language, depriving them of the opportunity to speak their second language freely and fluently [3].

Canadian author P. Duff, on the contrary, believes that at present teachers and students do not study translation itself, but teach and learn with its help [4]. A number of other foreign scientists agree that the phenomenon of translation, which is very common in real life, arises, firstly, in connection with communicative goals, and, secondly, is nothing more than a real necessity in various life contexts. G. Cook regards translation as an aid in language acquisition, a tool for pedagogy and testing, and he also believes that translation contributes to understanding the relationship between languages and cultures [5].

Translation arises due to communicative needs and has a cognitive depth, so its use in teaching a second language can lead to impressive results. This multi aspect process involves coordination between the systems of two languages, knowledge of cultural characteristics, taking into account the communicative situation, as well as the cognitive content introduced into the text in the process of verbal and cognitive activity. How much is the use of translation justified in teaching a foreign language with the dominance of the communicative approach?

According to D.S. Richards, the communicative competence of students is developed through the use of language for various purposes, the variable use of language depending on the conditions and participants of communication, the creation and understanding of various types of texts and the maintenance of communication despite linguistic limitations through the use of various strategies [6].

The communicative aspect of translation is directly related to the skills indicated by Richards which are text work and compensatory skills used in situations of insufficient knowledge of a foreign language in order to reach the goal of communication. In D. Seleskovitch and M. Lederer model presented in interpretative theory, translation as an act of verbal communication includes three stages: comprehension, deverbalization (interpretation) and reformulation [7]. The key point is that in the process of communication not the separate linguistic signs are used but speech utterances – texts. Any text must certainly be understood i.e. interpreted by the recipient of a message. The extracted meaning of the utterance is expressed in translated text by means of another language.

As the main notion in this conception is interpretation, translation is regarded less as a transfer of a message by finding equivalence between units of languages, but more as a process of extracting and conveying the meaning, in other words the interpretation of the message. The interpretation itself is a complex cognitive process. Perception and understanding of semantic, figurative and emotional information in the native language require a special ability to recognize the idea and the inherent meaning of the author's message. Thus, practicing translation skills develops the interpretive abilities of students, regardless of the language in which the text is perceived.

R. Jakobson notes that the cognitive level of a language not only allows, but also directly requires a recoding interpretation, that is, translation. He highlights the intralingual translation, which is used to interpret verbal signs in order to explain and clarify the meaning [8]. L. Nelyubin gives the following definition: "intralingual translation is the recoding of a text from one functional style or one genre to another, retelling in the same language, presentation, adaptation, etc. ... this feature of comprehensibility and translatability is the feature of communicativeness" [9]. Intralingual translation is nothing but paraphrasing. This skill stands out as a priority skill for practicing within the framework of the communicative approach in foreign language teaching. In interlingual translation, the intralingual translation occurs at the level of both perception of the text for the purpose of a more accurate understanding of its content, when the translator mentally paraphrases the purport, and when creating the text choosing the most appropriate equivalence option. In this way the importance of improving translation skills is confirmed, which contribute to the development of text comprehension and the use of linguistic means with a focus on paraphrasing.

Speech activities in educational and real situations of communication are closely connected with translation. Depending on the environment and conditions in which it occurs, the type of translation is merely changed from intralingual to interlingual and vice versa. Speaking about the development of compensatory abilities, it can be noted that students practicing translation resort to such strategies as using the context when reading, predicting the content of the text by the title or other inclusions in the text, replacing lexical units due to insufficient vocabulary or ignoring the complexity of unfamiliar grammatical structures when interpreting a message, which in turn develops a compensatory sub-competence, being a component of communicative competence.

Based on the foregoing and taking into account the fact that in the anthropocentric cycle of disciplines, communication, as the basis of any activity, is a priority area of study, and understanding the essence of its processes makes it possible to achieve the main goal of education – increasing the effectiveness of the communication process, translation can be considered as one of the ways of deeper understanding the communication processes and improving communication skills when learning a foreign language.

In the modern foreign language methodology, in connection with the transition to a student-centered learning model, it is supposed to provide freedom in learning, which allows students to meet educational needs according to their individual personality traits, as well as reflect on the experience gained, and control learning outcomes with subsequent analysis of the tactics and strategies used. In this regard, the important role of metacognition can be emphasized as it contributes not only to understanding the meaning of the knowledge received, but also allows students to manage their learning activities, which makes metacognitive competence the basis for the formation of a personality capable of independent professional development.

Metacognition, literally meaning "beyond knowledge", is defined by J. Flavell as "knowledge about one's own cognitive processes or products" [10]. Regarding language acquisition, J. Flavell also noted the effectiveness of metacognitive knowledge in relation to many cognitive activities, such as oral communication, understanding what was said and read, or writing, as it contributes to self-direction in language learning [11]. The connection between translation and metacognitive knowledge can be explained by the multicomponent nature of the translation process, which requires constant regulation, control, as well as evaluation of its implementation and results.

G. Shreve defines translation as a complex task consisting of several almost equally complex cognitive processes, such as reading, text comprehension, semantic transfer between

linguistic systems, and writing a text in the target language. He notes that some higher-order cognitive skills are actively used to solve the translation task, such as reasoning, problem solving, decision making, and self-reflection of translation process. In addition, there are much lower-order cognitive processes involved in translation, for example, lexical and syntactic decoding, which occur automatically. G. Shreve explains that many aspects must be under constant control when translating. Some conscious actions in translation can be represented in the form of cognitive models, including the knowledge and ability of the translator to intentionally change some of the cognitive processes involved in translation [12].

C. Mellinger also points out that cognitive translation processes include metacognitive activity in connection with the need to solve problems of translation which involves the ability to define a problem, propose a solution, and evaluate the effectiveness of its solution [13]. Learners or other individuals, who become proficient at higher-order cognitive tasks such as translation, have also been shown to have a larger repertoire of task-specific strategies and heuristics and be able to apply and sequence them in the active control of an ongoing task. As a result, tasks become less effortful and more automatic [14].

Based on these points of view, it can be concluded that translation by its nature is a metacognitive process or a combination of strategies used in an individual's metacognitive activity. It is a useful tool for practicing a number of skills pertaining to the linguistic problem solving and speech practicing. The accumulated experience of translation, including the linguistic processes of decoding and encoding brought to automatism, will be deposited in memory in the form of "templates" that students will be able to use when facing the linguistic choice or communicative problems mastering a foreign language or being engaged in a real-life communication. The concept of translation, which is an act of communication of a higher level and a task involving lower and higher order cognitive processes, is a good way to improve foreign language skills, since it has an obvious communicative and metacognitive orientation.

Литература:

1. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. Алматы, 2005. – 254 с.
2. Фёдоров А.В. Основы общей теории перевода. – М., 2006. – 320 с.
3. Carreres A. Strange bedfellows: Translation and language teaching. The teaching of translation into L2 in modern languages degrees: Uses and limitations // Sixth Symposium on Translation, Terminology and Interpretation in Cuba and Canada. Canadian Translators, Terminologists and Interpreters Council. – 2006. Access mode: https://www.researchgate.net/publication/255171576_Strange_Bedfellows_Translation_and_Language_Teaching_The_Teaching_of_Translation_into_L2_in_Modern_Languages_Degrees_Uses_and_Limitations (accessed 2.04.2022)
4. Duff A. Translation. – Oxford University Press, 1994. – 167 p.
5. Cook G. Translation in Language Teaching. – Oxford University Press, 2010. – 208 p.
6. Richards J.C. Communicative Language Teaching Today. – Cambridge University Press, 2006. – 46 p.
7. Seleskovitch D., Lederer, M. A Systematic Approach to Teaching Interpretation / Translation by J. Harmer. – RID, Washington DC, 2002. – 283 p.
8. Якобсон Р. О лингвистических аспектах перевода // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. – М., 1978. – С. 16-24
9. Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. – Москва, 2003. – 162 с.
10. Flavell J.H. Metacognitive aspects of problem solving. In L.B. Resnik (ed.) The nature of intelligence. – Hillsdale, N.J., Lawrence Erlbaum, 1976. – pp. 231-235.
11. Flavell J.H. Metacognition and cognitive monitoring: A new area of cognitive-developmental inquiry // *American Psychologist*. – 1979. – № 34(10). – pp. 906-911
12. Sgrive G.M. Recipient-orientation and Metacognition in the Translation Process. Access mode: https://www.researchgate.net/publication/321037393_Recipientorientation_and_Metacognition_in_the_Translation_Process (accessed 2.04.2022)
13. Christopher D.M. Metacognition and self-assessment in specialized translation education: task awareness and metacognitive bundling // *Studies in Translation Theory and Practice*. – 2019. – №4(27). – pp. 604-621

УДК 821.512.122

ПИСЬМО В КОНТЕКСТЕ РОМАНА Г.МУСРЕПОВА «СОЛДАТ ИЗ КАЗАХСТАНА»

Жапанова М.Е.
(ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Габит Махмутович Мусрепов (1902-1985) – выдающийся казахский писатель, драматург и общественный деятель. Широкому кругу общественности известен как адресат письма И.В. Сталину, написанного в 1932 году вместе с другими представителями национальной интеллигенции, выразивших протест против голощекинской политики. Известно, что художник слова в годы Великой Отечественной войны, поддерживая моральный дух соотечественников, активно публиковал статьи об их подвигах на полях сражений и в тылу. Значимым произведением об этих страницах истории в творчестве писателя является роман «Солдат из Казахстана» (1948), первоначально написанный в жанре повести, называвшийся «Казахский батыр» и впервые опубликованный в альманахе «Фронт». Прототипом главного героя являлся Герой Советского Союза Каиркали (Константин) Исмагулов, поэтому многие события в жизни героя напоминают эпизоды из его личной биографии.

В 1949 году в Москве на заседании Бюро комиссий по литературам народов СССР свое авторитетное мнение о настоящем художественном произведении выразил М.О. Ауэзов: «Я хочу рассказать о произведении, которое было отмечено на Декаде казахской литературы, которое фигурировало во всех докладах участников казахской декады, это «Солдат из Казахстана». Я, правда, давно не был в Казахстане, но я получил письма и думаю, что выскажу мнение всех писательских учреждений республики и Союза советских писателей, что эту повесть нужно включить в число лучших произведений республики» [1, с. 392].

Историк литературы А. Нуркатов, обращаясь к отечественной литературе военных лет, по праву называет ее «литература-воин», «литература-победитель». Среди ее творцов, выделяя имя Г.М. Мусрепова, он писал: «Самое объемное и самое содержательное произведение этого периода повесть «Казахский батыр». В этом произведении Г. Мусрепов затрагивает военную тему в казахской прозе впервые в широком социальном аспекте». <...> Роман «Солдат из Казахстана» являет собой значительный вклад во всесоюзную литературу, особенно в военную беллетристику» (перевод мой – М.Е) [2, с. 62-63].

С. Ашимханова в исследовании «Мир Габита Мусрепова», обращаясь к проблеме контрапункта как ритмообразующего признака в эпической прозе Г. Мусрепова, отмечает: «Первая публикация произведения в первоначальных сюжетных его границах под заглавием «Қазақ батыры» была осуществлена в 1944 году. Г. Мусрепов, таким образом, предопределил ту классическую форму повествования об Отечественной войне от первого лица рядового его участника, которая лишь в 50-х годах выявила коннотационные возможности в «Судьбе человека» М. Шолохова» [3, с. 287]. Литературовед подчеркивает также соответствие романа традиции исповедального устного повествования.

В настоящей статье интерес представляют письма, вкрапленные в контекст повествования романа. Заметим, что это вид коммуникации встречается и в рассказе «Акклима» (1943), выполняя определенную функцию как в содержательном, так и в композиционном плане. Произведение построено на основе фронтового письма, которое получает чужой человек, сопрягая две сюжетные линии – «фронтальная» и «тыл». Автор произведения по сути становится нарратором.

Первое письмо Каиргалий получит от старшего товарища по интернату Шегена в момент окончательного разочарования в профессии парикмахера и раздраженного своим нескладным, пафосным выступлением-приветствием на вручении премии, «выполнивших и перевыполнивших план» коллегам. Его огорчало, что еще один близкий человек, бродяжничавший вместе, Боращ готовился уезжать в Москву выучиться на артиста. Это с их легкой руки он стал Константином. Работа в парикмахерской казалась ему чем-то обыденной и непривлекательной по сравнению с певческим искусством Бораща и умением вчерашнего степного пастуха Шегена взлететь на самолете. Будущий солдат из Казахстана был тонким по натуре человеком, умеющим оберегать от повседневной мелкой ерунды священное и великое, его могли волновать названный в честь Пушкина кривой переулочек, составленное из начальных букв великих имен гениев имя новорожденного...

Ищущий собственный путь и свое предназначение в жизни, желающий стать «камнем» в «великой стройке мировой» (Абай), молодой человек размышлял: «А что же хорошего и толкового сделал ты в жизни? – Окончил семилетку? А дальше? Что видел, что чувствовал ты за семнадцать лет? Ведь даже и не влюбился!» [4, с. 37]. Желание стать полезным для своего народа в качестве ученого и видеть мир не только из окна, привело его в облоно. Выкладывая аттестат парикмахера-мастера и документ об отличном окончании семилетки, он видел себя уже в Москве, пока не услышал аргументированную рекомендацию заведующего «видеть все с высокой горы, а не с маленькой кочки своих интересов» [4, с. 40].

Став армейцем, Константин получит небольшое письмо от матери. Оно было написано братом, и, как отмечает писатель, почерк его выдавал, «как враждебен мозолистым рукам карандаш». Важной информацией в нем явилось сообщение об исчезновении Акботы из дома в день его отъезда из родного Гурьева. Это подтвердило, что, действительно, женщина, замеченная им в шелковом голубом платке на плечах на палубе теплохода, была его возлюбленной. В тот момент, не найдя ее среди пассажиров, он тешился осознанием – Акбота плывет с ним, бросив мужа понятно ради кого. В содержательном плане письмо для Кайруша оказалось очень дорогим.

Следующие письма от матери пограничнику Константину писала девушка, вместо занятого работой брата, непременно подписываясь буквой «С». На вопросы об Акботе мама отвечала, что ничего о ней не знает, вероятно, девушка-писарь вообще не знала о существовании моей возлюбленной. Постоянные думы Кайруша о любимой женщине подвели к догадке: возможно, неведомая «С», утешающая его в неизвестности окутавшей Акботу, может быть никем иным, как сама Акбота. Разложив все письма, полученные от матери и подписанные буквой «С», он почувствовал тут же от строк дыхание милого и целомудренного лукавства, невинной и ревливой женской хитрости. Каждая фраза и строчка вопрошали о серьезности его чувств, представляя собой письма к любимому.

В веселый безооблачный день Кайруши его товарищи по курсам слышали о войне: наступило время, когда не только в авиации, как писал Шеген, можно проявить «безумство храбрых...». Отправив солдат в разведку, Сарталеев будет размышлять о ней: «Так вот какая на самом деле война! – Сколько у нее еще не изведанных мною тайн, сколько у нее трудной будничной работы для солдата!...» [4, с. 73]. Пространство жизни для разведчика разделится на довоенную и военную, на фронт и тыл. С тылом, конечно, будут связывать письма от матери, которые он бережно хранил и знал наизусть. Женщина искренно писала об одиночестве и тоске по сыновьям, ведь старший брат тоже где-то воюет с фашистами, о вынужденном отъезде из Гурьева в Кайракты. Особенно, тоскуя по младшему сыну, вспоминала, как она приезжала к нему в деткоммуну, что и сейчас бы сделала это, если бы знала, куда и на чем можно добраться. Чувства, испытываемые матерью Кайруша, были бы присущи каждой женщине военного времени, чьи дети сражались на фронте.

Важность фронтового письма как единственную связующую нить понимали все, кого объединяло слово «война». Неудивительно было группе раненных бойцов, эвакуированных в Караганду, услышать от ответственного за культуру области Кулай Данияловой предложение – помочь написать письмо домой или друзьям на фронт. Благодаря Гуле, как ее

позже стали звать солдаты, близкие получали весть о близких. Первое письмо Кайруш адресовал фронтовому товарищу Володе Толстову, рассказав, где сейчас находится, просил его обратиться к Ревякину, по выздоровлении способствовать возвращению в свою часть» [4, с. 120].

Сложнее было Кайрушу с Гулей со вторым письмом, адресатом которого по задумке являлась его мама, но оно «явно сворачивало в какой-то другой адрес» из-за желания узнать что-нибудь об Акботе, поэтому получилась телеграмма-приглашение: «Нахожусь излечении госпитале Караганде приезжайте Костя» [4, с. 120]. Скромный Кайруш никак не поддавался на уговоры Гули подобрать ласковые и сердечные слова для любимой, в отличие от немолодого рядового Абена – чабана, призванного из юга Казахстана. Привыкший обращаться к жене «карагым катын», он с «одобрения» окружающих просит написать «милая Батия». Безусловно, что речевое поведение авторов писем было обусловлено не только с настоящей коммуникативной ситуацией, но и языковым культурным статусом.

Собирательный образ матери видим в эпизоде приезда матери Кайруша в карагандинский госпиталь к раненому сыну. В пользу этой мысли говорит тот факт, что имя матери воина не называется, она представлена в своем главном изначальном высоком предназначении. Кайруш вспоминал: «Она была полна радости, ее перекидные ковровые сумки были полны всякой всячины. – Вот это тебе, мой жеребеночек. И это вот тоже тебе, мой ягненочек. Вот еще тебе, вороненочек мой. Я был превращен еще и в козленочка и во множество разных других маленьких нежных созданий... Она прилетела сюда, как орлица, услышав через горы и степи, что птенец ее вскрикнул от боли» [3, с. 125]. Известно, что женщина неразрывно связана с семьей. Героиня писателя, являясь связующим звеном между сыном и невесткой, кроме самого верного средства для исцеления материнской любви, привезла несколько писем от Акботы. Ко дню выписки из госпиталя корреспонденция Кайруша от возлюбленной составляла тридцать пять писем и семь телеграмм.

Частые письма от политрука Миши Ревякина и Володи Толстова раненому Константину, ставшие в те дни единственным утешением, сыграли важную роль в возвращении его в родную часть в Ростов. Будучи выложенными передстаршим политруком Тарасенко, планировавшим отправить восстановившегося Кайруша для подготовки в командире, явились веским доказательством ожидания его сослуживцами. В адресате этих писем старший политрук узнал друга Мишу Ревякина, с которым проходили курсы в Харькове и, отпуская в родную часть рядового, в свою очередь передал письмо Мише.

Сослуживцы, которых с внешним миром связывали только письма, узнавали по почерку их авторов, по скорости доставки их знали примерное расположение частей. К примеру, полученное очередное письмо от Акботы перед боевой операцией, свидетельствовало о ее близком месторасположении, в «нескольких сотнях метров». Невозможность отправиться на ее поиски и непредсказуемость спецоперации заставили Кайруша написать тут же два письма: любимой Акботе и надежному другу Шегену. Поручая Акботу попечению Шегена, заочно представил его как старшего брата, а друга просил непременно разыскать ее. Вписывая номер полевой почты, заметил, что их отличали лишь буквы «А» и «Д». Они знали о военной цензуре, запрещавшей указывать топонимы, названия фронтов, место дислокации частей. Обозначение «А» свидетельствовало – Акбота там, где в армии место «командирам ветров» и «хозяевам облаков» [4, с. 169], то есть в авиации.

Заметим, в романе упоминается переписка, пребывавшего в госпитале студента-геолога Васи Гришина с Гулей. Влюбившегося Васю неоднократно будет заставлять Кайруш за попыткой написать письмо карагандинке и со свойственным ему юмором говорил: «Я догадывался, что Вася пишет письмо Гуле. Он, конечно задумал написать ей лирическое письмо, но смело могу утверждать, что он попытается сделать это в виде признания в любви Караганде, будет перечислять богатства ее недр, и лирика получится геологическая... [4, с. 142]. В эти минуты робкий Василий обрастал скомканными клочками бумаги, словно писал роман.

Несомненно, в структуре произведения переписка Константина с родными и возлюбленной Акботой играет важную художественную роль, способствуя пониманию внутреннего мира человека эпохи войны, и представляют ее культурно-исторический контекст. Письма в контексте произведения писателя обогатили художественные произведения новым уровнем речевой деятельности персонажей и новыми аспектами их характерологического описания.

В романе, наряду с письмами, «бытует» телеграммы, к примеру, в день выписки Константину Сарталееву «подают девятую запечатанную телеграмму». Треугольные фронтовые письма, помогали преодолеть пространственно-временную разделенность, а сами героини классифицировали их по содержанию, как романтические, судьбоносные, лирические, письмо-исцеление, письмо-утешение.

Литература:

1. Нұрқатов А. Әдеби-сын мақалар. Шығармалар жинағы. 4 томдық. Т. 3. Идея және образ. – Алматы: Искандер, 2010. – 416 с.
2. Летопись жизни и творчества М.О. Ауэзова. – Алматы: Ғылым, 1997. – 768 с.
3. Ашимханова С. Мир Габита Мусрепова / Под ред. З. Ахметова. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 525 с.
4. Мусрепов Г. Избранные произведения. В 2-х т. Т.2. Романы, Рассказы. – М.: Художественная литература, 1982. – 560 с.

ӘОЖ 37.013

ТІЛДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУ ФИЛЬМДЕРІН КӨРУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жуанышпаева С.Ж., Мұхамеджанова Г.Т., Қадыров Ж.Т.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің қатарына ұлттық және жалпы құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамыту және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету жатады. Сондықтан жас ұрпақтың рухани жан дүниесін байытып, жетістік шыңына ұмтылуына мүмкіндік беруіміз керек. Ол үшін алдымызға келген жастарға дұрыс бағыт-бағдар бере отырып, барынша білімнің өмірдегі маңызды құндылық екендігін, сол себептен университет табалдырығын аттағаннан студенттерге саналы түрде әр сабақта берілген білімді игеру олардың тарапынан мақсатты болу керектігін түсіндіруіміз тиіс. Демек, «Білген адам – білімді өмір бойы іздейді», [1, 35 б.] - деп өз заманында Ахмет Іүгінеки айтқандай, әсіресе жастар уақытында сапалы білім алуға күш жұмсаса, оның нәтижесіне болашақ өмірде өз орнын табу арқылы көз жеткізеді, егер көп тілді игерсе, ой-өрісі кеңейіп, жаңаша ойлауға, сол тілдегі әдебиеттерді аудармасыз оқуға, берілетін ақпаратты түпнұсқада оқи алады, игерген тілдің пайдасын көреді, ал туған ана тілін білу – жастарға парыз, сондықтан саналы түрде олар ана тілін бірінші курста жүріп үйренсе, ұлттық санасының қалыптасуына негіз болады, оларды мәңгірт болудан сақтайды.

Бүгінгі күнгі заман талабына сай оқыту жүйесінің нәтижелі болуы ұстаздың сабақ барысында жүргізетін негізгі әдістемесі мен шеберлігіне байланысты болмақ. Қазақ тілі пәнін орыс аудиторияларында оқытуда сөздік, көрнекілік, тәжірибелік, түсіндірмелі-иллюстративтік немесе репродуктивтік, эвристикалық, зерттеу, өздік жұмыстары, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқу әдістерінің алар орны ерекше. Сондықтан біздердің күнделікті оқу үдерісінде пәнді оқытудың ғылыми-әдістемелік амалдарына тәжірибелік әдіс, соның ішінде тілдік талдау мен әр түрлі бағыттағы мәтіндермен жұмыс жүргізу тәсілі басшылыққа алына отырып, білім алушыларға қосымша білім беруде оқу, деректі фильмдерді де көрсетеміз, сол арқылы пәннің оқу-әдістемелік кешеніндегі қойылған міндеттерді жүзеге асырамыз.

Жалпы қазақ тілін жоғары оқу орнында үйретуде, білім алушыларға білім беруде, мемлекеттік тілді игерту мақсатында біздің университетіміз деңгейлеп оқыту бағытын

ұстанады, оқытушылар қыркүйек айында бірінші курс студенттеріне ауызша және жазбаша тапсырмалар беру арқылы олардың деңгейін анықтайды. Соның негізінде қарапайым деңгей А1, жалғастырушы деңгей А2, орта деңгейдегі В1, ортадан жоғары деңгейде оқитындар В2 топқа бөлінеді. Содан кейін білім алушылар бөлінген топтар бойынша жинақталып, сабаққа сол негізде келеді. Сабақ барысында оқытушы қарапайым және жалғастырушы топтарда дайын ақпаратты дұрыс қолдануға үйретіп, тақырып бойынша мәтінмен сауаттылықтарын арттыратын түрлі жұмыс жасайды, контекстегі оқиғаны сипаттауға машықтанып, қосымша берілген тапсырмаларды әңгімелеуге дағдыландырады, орта деңгей бойынша тақырыптар негізінде ауызша, жазбаша түрде берілген әр түрлі бағыттағы мәтіндерді оқи отыра, олардың бағытына шолу жасайды, мәтіндегі ойғы пікір білдіріп, оны тезистер арқылы дәлелдейді, ақпаратқа талдау жасайды немесе ақпаратты жинақтайды, ал ортадан жоғары деңгейде шығармашылық жұмыстар басшылыққа алынып, түрлі эссе жазады, берілген ақпаратты жан-жақты жинақтап, оны тілдік бағытта талдап, ғылыми тұрғыдан зерттейді, жалпы тақырып бойынша қорытынды жасауға машықтанады.

Қазақ тілін жоғары оқу орнында білім алушыларға тиімді меңгерту үшін сабақ барысында оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым секілді төрт іс-әрекет жүзеге асырылады. Мәселен, студенттердің білім деңгейі әр түрлі болғанмен, оқу жұмыс жоспары бойынша бір тақырып өтіледі, тілдік негіз ретінде лексиканы игерту грамматикамен тығыз байланыста жүргізіледі. Студенттердің тілді меңгеруге қатысты теориялық білім мен тәжірибелік білік дағдыларына қойылатын талаптар силлабусқа сай белгіленеді, сол арқылы іске асырылады.

Оқу үдерісінде оқытушылар түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады, біздер, тілді оқытуда оқу фильмдерін пайдаланамыз. Себебі, оқу фильмдері - білім алушылардың алған білімдерін толықтыруға негіз болатын ресурстардың бірі. Оқу фильмдерін көру арқылы студенттердің тыңдау іскерлігі пайда болады, түсіну дағдысы қалыптасады және сөйлеу мәдениеті дамиды. Сабақ кезінде олар оқу фильмдерін көру арқылы жаңа сөз, сөз тіркестерін, олардың қолданылу тәсілін үйренеді. Сонымен қатар қазақша ойды бірден қабылдау қабілеті қалыптасады, өз ойын белгілі бір көлемде толық жеткізуді игереді деп айта аламыз. Біз сабақ беретін тілді меңгеру деңгейі бойынша В1 тобында оқитын студенттердің өзіндік ерекшеліктері бар: олардың дені қазақша айтылған ойды, сөзді түсінеді, бірақ сөйлеуге қиналады, ойын, белгілі бір тақырып көлесінде пікірін дұрыстап жеткізе алмайды. Сондықтан алдын ала оқу фильмдерін көрсетер алдында сұрақтар беру арқылы оларды түрлі бейне роликте болсын берілетін ақпаратты қабылдауға дайындаймыз. Біз екі ананың балаларына берген күнделікті тәрбиесі жайында, аналардың бала тәрбиелеуде жіберген қателіктері туралы «Тәрбие отбасынан басталады» атты қысқаметражды фильм көрген болатынбыз, сол бойынша қолданылған әдіс пен тапсырмаларды ұсынып отырмыз.

Фильм алдында берілетін кіріспе сұрақтар:

1. Фильм кім және не туралы?
2. Бас кейіпкерлері кімдер?
3. Негізгі кейіпкерлерге сипаттама беріңіз.
4. Жанама кейіпкерлерге мінездеме беріңіз.
5. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері жайында айтып беріңіз.
6. Фильмде қандай оқиғалар болды?
7. Фильмнің негізгі айтар ойы қандай?

Фильмнен кейін берілетін тапсырмалар:

1. Сұрақтардан тұратын кестені толтырту;
2. Фильмдегі диалогты жазып не айтып беру;
3. Фильмге қатысты сұрақтарды жауабымен сәйкестендіру тапсырмасын орындау;
4. Мәліметті беру ретімен белгілеу;
5. Мазмұндама жазу.

Сабақта фильмді көргеннен кейін білім алушыларға әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар жүйесін (тыңдалым бойынша тест жұмысы, берілген ақпаратты дұрыс не жалған екендігін анықтау, оқиға желісі бойынша берілген мәтін бөліктерін орналастыру, т.б.) беруге болады.

Мысалы, сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз тапсырмасын қарастыруға болады. Ондағы мақсат – студенттердің есте сақтау қабілетін дамыта отырып, қазақша берілген жаңа ақпаратты дұрыс қабылдай білуге дағдыландыру.

Сұрақтар	Жауаптар
А) Сабақтан сұранып кетуге бола ма?	А) Мүмкін, олай да болып қалар
Ә) Жаттауыңды ұмытып қалмайсың ба?	Ә) Тамағыңнан аяма
Б) Апайыңның жанын шығарайын ба?	Б) Жақсы болар еді
В) Ақша беріңізші?	В) Иә, болады.
Г) Кешеден бері не істедің, ей?	Г) Ұрса бермеші, апай ығырымды шығарды

Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз тапсырмасын орындап болған соң бұл тапсырманың дұрыстығын фильмді қайта тыңдау арқылы тексеріледі, студенттер өздерінің жіберген қателерін түзетіп, ондағы қателермен жұмыс жасайды. Сонымен қатар грамматикалық тақырыптарды қайталауға болады, мысалға, фильмде қандай тұрақты сөз тіркестері қолданылғандығын анықтау, ол үшін білім алушылармен өткен тақырып лексика саласын қайталай отырып, фразеологизм дегеніміз не екенін айқындап, оның түрлерін қайталаймыз. Еске тақырыпты түсіріп, мысалдар келтіртеміз, қолдану ерекшелігін түсіндіру, сөйтіп, алған білімді бекітеміз, кейін ол білімді тексеру үшін фильмде қандай тұрақты сөз тіркестері қолданылғандығы жайында тапсырмалар береміз. (Тұрақты тіркестер – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы, мысалы, Іші күйді – өкінді, көре алмау – қызғану, көзді ашып жұмғанша – тез, жылдам, т.б.) Көрсетілген оқу фильмі бойынша тілдік құралдармен жұмыс жасау:

Ығырымды шығарды – берекемді алды, тынышымды кетірді.

Жаны шықты – өлді, қаза, қайтыс болды.

(Жанын шығарамын – өлтіремін деген мағынада)

Таяқ жеу – 1. ұрып-соғу, соққының астында қалу

2. Өмір соққысын көрді, ұрыс, сөгіс есітті, беті қайтты. [2,327 б.]

Фильм бойынша қорытынды жасау: Аналар қартайды, олардың берген тәрбиесі өз нәтижесін берді, мектеп оқушылары өсті, біреуі маман иесі болды, екіншісінің нақты жұмысы жоқ, екі бала екі түрлі жолға түсіп кетті. Оған себеп – тәрбиенің уақытылы және дұрыс берілмеуі, ата-ананың баланы қадағаламауы, еркіне қоя жіберуі, талаптың болмауы, т.б. Сабақта келесі тапсырма ретінде оқиға кейіпкерлеріне сипаттама беру ұсынылды: Бірінші бала: Еңбекқор, саналы, әдепті, қабілетті, тәртіпті, тәрбиелі, төзімді, өнерлі, ақылды, мейірімді, көпшіл, мықты, табысты, т.б. Екінші бала: Жалқау, әлсіз, өтірікші, ұрлықшы, санасыз, ақымақ, дөрекі, қырсық, ұшқалақ, өзімшіл, қатыгез, жұмыссыз, т.б. Сипаттама салыстырмалы түрде жүргізіледі, студенттердің антоним, синоним тақырыптары бойынша білімдері сараланады.

Кино *тақырыбы мен идеясын* талқылау:

Фильм қандай әсер қалдырды?

Фильмнің берер тәрбиелік мәні неде?

Тілді үйренуде фильмнің маңыздылығы қандай?

Киноны талқылау барысында әр сабақта әр түрлі оқытудың пікірсайыс, дебат, әңгімелесу секілді әдіс-тәсілдерін қолданамыз. Студенттер бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді, өз ойын білдіреді, пікірін қорғайды, т.б. жұмыстар іске асырылады.

Бейнефильмдерді қолданудың нәтижесінде білім алушылар:

1. Сөздер мен сөз тіркесін дұрыс айтуға үйренеді;
2. Сұрақты дұрыс қоя білуге және оған дұрыс жауап беруге дағдыланады;
3. Тыңдау, сөйлеу қабілетін жақсартып, өз пікірін айта білуге машықтанады, сөйлеу тілі дамиды.

Жоғары оқу орындарында оқытушының студенттермен өздік жұмысы кестеге сай өткізіледі, оған тапсырмалар алдын ала беріледі, сол бойынша білім алушылар дайындалады. Мысалы, осы көрсетілген қысқаметражды фильм бойынша СОӨЖ-ге тапсырма ретінде жабық түрдегі тапсырмалар беріледі:

1. Бір дұрыс жауапты таңдайды;
2. Бірнеше дұрыс жауапты таңдайды;
3. Сәйкестікті анықтауға берілген жаттығу;
4. Дұрыс реттілікті анықтауға берілген жаттығу.

Ашық түрдегі тапсырмалар:

1. Қысқа жауапты қажет ететін;
2. Толық жауапты қажет ететін;
3. Өз көзқарасын білдіру;

4. Эссе (әдеби, анықтамалық, хабарламалық, дәлелдеме, салыстырмалы, аргументтік, сипаттамалық) жазу.

Сабақты қорытындылау мақсатында білім алушылармен кері байланыс жасалады. Оны тақырыптар бойынша сұрақтар арқылы іске асыруға болады. Тілді үйренуде фильмнің қандай маңыздылығы бар? деген сауалнама жүргізу не сұрақ қою арқылы өткізуге болады.

Студенттермен сабақта кері байланыс жүргізілді. Соның үлгісі ұсынылады: Мәтінмен жұмыс жасау күрделірек, екі бет мәтінді оқып, түсінуге көп уақыт кетеді. Ал фильм көру қызықты және уақытты үнемдейді, қазақ тіліндегі нақты сөйлесулерді тыңдай отырып, жаңа сөздер, фраза, идиомалармен танысу бізге жеңіл болады. Оларды есте сақтай отырып, сөздік қорымыз көбейеді, қандай жағдайда қалай сөйлеу керектігін білетін боламыз, сол сөздер мен сөйлемдерді нақты өмірде қолданып, сөйлей бастаймыз. Альберт, ЭЭ-21

Біз фильмдерді көргенде олардың айтқанын мұқият тыңдаймыз. Осылайша біз жаңа сөздерді есту арқылы жаттаймыз, соның арқасында тілді үйрене аламыз. Мадина, ОМ-20-2

Мен үшін кино көру арқылы тілді үйрену тиімді. Өйткені, естіп-көріп сөздердің дұрыс айтылуын тез ұға аласың. Сонымен қатар фильм көру қызықтырақ. Анна, СПС-21

«Білімділіктің басты өлшемі – білімнің жүйелігі, ойлаудың логикалығында» -, [3, 37-б.] деп тегін айтылмайды. Сондықтан да оқытушылар пәнді оқытуда берілген білімнің жүйелігіне назар аударып, әр сабақ материалының бір-бірімен байланысты болуын қадағалау керек. Сондай-ақ студенттерді жалықтырып алмау мақсатында сабақта әр түрлі әдістерді қолданып, түрлі тапсырмалар беріп, сабақты түрлендіруі тиіс. Біздіңше, сабақ барысында бейнефильмдерді көрсету арқылы білім алушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыруға, сөйлеу тілін дамытуға болады.

Әдебиет:

1. Даналардан қалған ұлағатты сөздер. - Алматы: 2005. – 200 б.
2. І. Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: 1977. – 730 б.
3. Ш.Амонашвили «Обучение». «Оценка», «Отметка». – Москва: 1980. – 170 б.

ON THE IMPORTANCE OF LEADERSHIP AND COMMUNICATIVE SKILLS DEVELOPMENT IN THE ENGLISH LANGUAGE CLASSROOM

Ivachshenko V.S.
(M. Kozybayev NKU)

Why is it so crucial and urgent for the global societies to improve and foster the development of leadership and, as it turns out, communicative abilities in students of all ages and education stages? How is this problem dealt with in both East and West? And finally, how to make this process more comfortable and less time and energy demanding? The attempts of addressing these questions and the following results are thoroughly presented in the given article.

To start with, the topic might seem to somebody rather new, and yet it has been almost a century since the first studies on it appeared. However, ever since it has been proved that leaders are not born to it and the required skills and competences can actually be developed, the effectiveness of such undertaking has not always been successful enough and the aims were at first rather narrowly focused on various profit and non-profit institutions and oriented at the economic advances of an organisation, establishing political influence etc. Although, if leadership training hadn't been effective at all, we wouldn't have seen the rise of economic prosperity and international collaboration and integration [1].

Now that the first quarter of the 21st century has almost passed we observe even a much greater need in citizens possessing particular personal qualities which will be further enumerated here. Yet what is the major reason for such a problem to arise? The answer is short: globalisation.

In fact, globalisation goes both ways. Apart from creating endless possibilities for the exchange of knowledge, resources, social values and norms between cultures, apart from encouraging mutual support and communication among countries, it brings to life several potentially negative consequences both for developed and developing economies. In short, they are as follows:

- the growing gap in technological and digital domains of developed and developing countries;
- the possibility of appearance of new, even if subtle, types of colonial dependency;
- growing discontent and conflicts as different merge and become closely dependent on each other;
- promotion of dominant cultures and values in various aspects, etc. [2]

Hence the completely justified preoccupation of global societies in providing their members with the best access to the formation of the qualities stated in the title of this work. And probably the most prominent attention to it is paid by the US government, since their programs of leadership training are famously implemented in secondary education. For instance, the State of Virginia applies around 13 basic requirements for each age cluster (starting, in fact, from pre-school level and concerning leadership development, of course). The unique quality of the program is that it is not, in fact, an additional or side program, but rather an integration ensuring the development of leadership competences for students. In other words, these topics are included as discussions and other types of activities into existing curriculums of the disciplines [3].

The organizational structure for this integration comprises 4 domains of implementation:

- getting to know yourself and others;
- defining leadership;
- forming leadership skills and competences;
- practicing leadership through subordination and service.

It is also important to mention that these four go hand in hand and the whole process must not be seen as a linear one, since the speed and quality of advances will be intertwined with personal experiences and innate tendencies of each particular student.

Regarding the similar tendencies across the globe, it is fair to mention that almost in any Eurasian state the issue has also been addressed, since the articles on the given topic are numerous even in the open source. Some of them are presented in the list of references for this paper [2], [4], [5], [6].

In the Republic of Kazakhstan, ever since the political and economical independence and sovereignty of the state was established, close attention has been paid to the need of encouraging and harnessing youth leadership potential. The idea was strongly promoted by the country's first president, which led to the development and support of the idea. In fact, it was a way of preserving some of the soviet pedagogical traditions regarding the education of leaders from ideological positions, such as it was required for Komsomol and Pioneer movements in the Union.

Therefore, the studies has been continued and intensified due to the demands of a new century, where the upcoming economic, social and political tasks were to be dealt with by the new generation. It was proved then that leadership skills development is interrelated with the level of social responsibility of a person and that the most beneficial age to start acquiring crucial leadership skills lies in the period from the end of the early childhood and up to the end of primary school. The reason for this, as the authors state, is that the arbitrary actions and non-arbitrary emotions are what it takes for true leadership qualities to be formed [4].

In other words, the notion has been thoroughly examined in the national scientific sources, considering it from political, administrative and socio-psychological sides, while some of the most important skills and qualities required for a successful leader are identified as follows:

- effective communicative skills;
- enthusiasm and interest;
- goal orientation;
- determination of responsibility.

Effective leaders invest a lot of efforts into developing and implementing particular personal skills, which any student can be trained to do. These key qualities also include developing personal views, self-motivation ability, display of initiative, goal setting, making decisions, resource distribution [3].

In his book "Emotional intelligence" D. Goleman writes that the effectiveness of a person in the professional domain depends on the stage of development of "soft skills" which distinguishes successful specialists from from unsuccessful, efficient organizations from inefficient.

Russian scientists also admit that creative people, those who exceed the level of average abilities, active and proactive, are what society needs today. They regard critical thinking and activity, open-mindedness, communicative skills, orientation towards self-development as the key competences of the XXI century.

As it can be seen, the leadership skills must be categorized mostly as soft ones in contrast with hard skills which would be different in every particular circumstance or field of employment. In one of the large-scale Indonesian studies for higher education there were 10 crucial soft skill attributes measured which can complement the range listed above (our commentaries are given in the square brackets):

- 1) responsibility/time management;
- 2) problem-solving;
- 3) efforts to success/[goal orientation];
- 4) creativity;
- 5) adaptation/cultural awareness;
- 6) teamwork capability;
- 7) commitment/conflict management;

- 8) [effective] communication;
- 9) information management/presentation;
- 10) discipline/work ethics [5].

In other words, the skills listed above constitute the so-called “leadership competence. However, is it always enough to be a competent specialist in the field and possess leadership qualities to “get the work done”?

As you can see, teamwork capability and effective communication skills are included in the range of “must-haves” for a successful leader. And the issue is as follows.

Up to these days there still exists a possibility for a person, when preparing to enter the career field, to focus mostly on key professional qualities attributed to a certain job. That would include understanding one’s role at work, being confident and skilful in performing one’s duties, as well as some generally well appreciated characteristics, such as patience, diligence, etc. Nevertheless, the case is, most of the times, the huge amount of education is not enough. Today, a valuable specialist is a public specialist, the one who knows to choose the most beneficial way of dealing with a complex environment with its dynamic constituents, and to do this as quickly as possible, regarding a particular situation from all sides, being truly immersed into the process, and just on the level which is actually required, to be time-effective and proactive at all times. Simply speaking, people who strive to become successful in this highly competitive society lack not professionalism but the ability of being an effective communicator [7]. And, in fact, communicative skills (or “communicative literacy”), along with self-management, “effective thinking” and general managing skills, are what constitutes the basis of “soft skills” mastery. They determine person’s relationships with others, ability to hold a conversation, and behave effectively in unexpected situations. Hence, the ability to listen, persuade and argument, give public speeches, self-presentations and even write business letters are its core ingredients.

The principal methods of soft skills (and, therefore, leadership and communicative skills) formation are:

- *self-training* (i.e. reading on the topic and listening to podcasts/recorded webinars, etc) and *feedback search* (i.e. ask colleagues, teachers, friends, classmates for their opinion concerning one’s behaviour);
- *training with a mentor* (learning from someone else’s experience) [8].

However, any of these cases would demand a use of special tasks (some exercises aimed at developing particular competences), case studies or learning through the deployment of storylines based on binary thematic opposition (i.e. studying the material by presenting it as a personally and emotionally significant story [9].

So what is the most efficient and the least time and energy consuming way of acquiring those skills. Naturally, the presence of a mentor would greatly accelerate the process but we all know that it might not be an option for the majority of young people and many of those who struggle in life (probably, as a result of the lack of the named skills).

The notion of communicative competence was introduced by Chomsky in 1965 and further clarified by Hymes in 1972. One more definition of communicative competence was proposed in 1980 by Canal and Swain as “knowledge of language and its use in actual and meaningful communication circumstances”. They considered communicative competence as “the knowledge of learners to master linguistic and structural properties, to comprehend utterances in different social contexts, to be skillful to achieve cohesion and to use verbal and non-verbal communicative strategies to overcome communication breakdowns”. The researchers admit that the primary goal of a communicative-oriented language teaching is to provide learners with opportunities to get information, to practice language use through actions and to get experienced in communication [6].

The mentioned theories help us understand communicative competence as a broad term concerning not only the structural features of language, but also its social, pragmatic and contextual characteristics. In this regard, it seems to be very useful to consider its four constructs:

– “*Grammatical competence* in view of

Chomsky’s theory refers to the ability of speakers in using the different functioning rules of the system of the language and includes knowledge of lexical items and of rules of morphology, syntax, sentence-grammar semantics and phonology” (Chomsky, N. 1965);

– “*Sociolinguistic competence* refers to the ability of learners in producing appropriate utterances in a particular social context or “speech event” proposed by Hymes and referring to activities or their aspects (according to the communicative situation) governed directly by rules of language use”.

– *Discourse competence* refers to the speakers’ ability to determine the discourse topics and to use the different kinds of discourse.

– *Strategic competence* refers to “the speakers’ knowledge to maintain the flow of communication trying to be understood, and to understand others. It’s important for an individual to be able to use such “communicative strategies”, as paraphrase, circumlocution, literal translation, lexical approximation, expressions, mimics, gestures, to get their message across and to compensate for a limited or imperfect knowledge of rules or the interference of such factors as fatigue, distraction or inattention” (Selin P.). “It is called into action to compensate for breakdowns in communication due to performance variables or to insufficient competence”.

In this regard, reduction (avoidance) and achievement strategies should be emphasized. Reduction strategy can affect the content of our communicative purpose: we are all familiar with the essential strategy of avoiding a topic we do not feel confident to talk about. As for the second one, it becomes much more interesting when it is based on the learner’s actual interlanguage communication. It means when a learner tries to use his/her present knowledge and skills and stretch them, so to say, to their limits, use the ability to cope with unexpected problems, when no ready-made solutions are available [6].

Therefore, since language acquisition is inevitably linked to the establishment of the communicative competence and this competence is in its turn a part of the set of valuable in the XXI century leadership skills, it wouldn’t seem a bad idea to merge the two together on a regular basis in educational institutions. Would it be possible and, most importantly, effective, though? There is, in fact, an approach to this.

The decision lies in teaching the subject which is closely related to intercultural communication, communication difficulties and global leadership, which stands to be EFL and ESL acquisition. Even though the effectiveness of separate leadership programs is not denied here, our study shows that including rather small but constantly used exercises connected with leadership training into short-term lesson plans, even with no significant changes in the curriculum tends to improve and complement students’ leadership performance and self-esteem even within rather a short period of time, providing the tasks vary from lesson to lesson and make learners focus, rather than get bored.

List of References:

1. Leadership. New World Encyclopaedia // <https://www.newworldencyclopedia.org/entry/Leadership> – last accessed – 20.03.22
2. Savva L.I., Dyorina N.V. Vector of Professional Education For The Development of Leader Qualities In The Globalization World // Scientific Bulletin of Orenburg State University № 2 (220), 2019 – p.49-56.
3. Koloskov I.A. Teaching Leadership in US Secondary Schools (On Example of Virginia State) // RITA Bulletin, 2019 – p. 104-112
4. Mynbayeva A.K., Salykova A.A. Strategies for Developing Leadership Skills in Education System: Approaches and Practice // Science and Life of Kazakhstan – № 12/3 (149), 2020 – p. 169-172.

5. Ansar, Arifin S., Ikhfan H. Assessing Soft Skills of Undergraduate Students: Framework For Improving Competitiveness, Innovation and Competence of Higher Education Graduates // *Studia Humanitatis*, № 1, 2018.
6. Karabutova E.A., Akinshina I.B. Forming and Developing Students' Communicative Competence: From Reading to Speaking // *Result. Pedagogic and Psychology of Education*. Vol.6, № 2 – p. 42-50.
7. Batsunov S.N. Current Determinants of Soft Skills Developments // “Concept” Scientific Journal №4, 2018 – p. 198-207.
8. Voronina E.A., Kungurova I.M., Ryndina Y.V. Innovative technologies for teaching foreign languages at a university: monograph. – Саарбрюккен: LAP LAMBERT, 2013. – 184 p.
9. Klarin M.V. Innovative models of teaching. World experience studies: monograph. – М.: Луч, 2016. – 640 p.

ӘОЖ 821.512.122

Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің линвомәдени бірліктері

Кадыров А.Ж., Тулегенова Б.М.

(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Мақал-мәтелдер – халық даналығы. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да мақал-мәтел мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиды екен. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің түр-түске қатыстығын, олар арқылы небір көрікті де көркем образ-бейнелердің дүниеге келуін, небір күрделі құбылыстардың сыры мен қырын ашудағы олардың атқаратын қызметін арнай зерттеу керек. Мақал-мәтелдердің жасалуы түр-түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қолданылмайды. Кез келген осындай тіркесті ашып қарасақ, бірден байқала бермейтін, бірақ түп негізі, дүниеге келу жолы тіпті арыдан басталған экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық салт-санамен астарлас жатқан ұғымдарға, түсініктерге барып саятынын көреміз.

Мысалы, төменде келтірілген мақал-мәтел құрамында ақ сауыт, ақ серке, ақ түйе, ақ сөз сияқты тіркестер кездеседі. Бірақ қарағанда түр-түстік мағынасын беріп тұрған сияқты. «Ақ серке қой бастады, Ақын жігіт той бастайды», «Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ. Шын жықсының ашуы бар, кегі жоқ», «Ашамай нарға жарасар, Ақ түйе барға жарасар», «Ақ сөз ащы болады, Ғайбат сөз тәтті болады».

Бұл жерде ақ түйе мен сары серке түсінің тек ақтығымен ғана емес, сонымен қатар олардың халық наным-сенімінде «малдың басы, киелі», мәңгі ие болуында. Сондай ақ, ақ сауыт – болаттың, не асыл темірдің ең тазасы мен берігінен жасалған сауыт. Ақ сөз – шындықты ашып айтатын, бүркемесі жоқ адал сөз [1, 45 б.].

Қара түске байланысты мақал-мәтелдерде адам бойындағы жаман қасиеттерге қатысты айтылса керек. Қарау адам – күншіл, Мекер адам – міншіл. Қарау адамның қараулығы барды көре алмауға байланысты болса, қу адамның мекерлігі – біреуге мін таққыштығы, кемітіп-кемсітіп отыруы [2, 89 б.].

Айғыр туған жампоз бар, нар демесең нанғысыз, Қарадан туған жігіт бар, ханға күнін салғысыз [1, 57 б.]. Мұндағы қара ханның төменгі сатысы, күнінен туған жігіт мағынасында берілген. Жаман адам – құлқынның қара қабы. Кәрі атын мақтаған қара жаяу қалар [1, 47 б.] деген мақалдарда қара түсі адамға байланысты қолданылса керек.

«Қара» сөзі кездесетін мақал-мәтелдерді мағыналарға бөлсек:

Қара – жердің бетіне, астыңғы қабаттары мен топыраққа («грунт», «почва») қатысты мағынасы.

1. Қара жерді жамандама,
Қайтып сонда барасың.

Қауым елді жамандама

Қарғысына қаларсың.

2. Қара жердің қадірін,

Ойда, қырда сарт білер;

Керкұланың қадірін,

Ойда, қырда қақ білер

3. Халық қартаймайды,

Қара жер қартаймайды

4. Хан қасында уәзір білгіш болса,

Қара жерде кеме жүргізеді

5. Қара жерге халық ие

6. Қара жер қарыз арқаламайды [3, 39 б.].

Қара – қатыгез, қаныпезер, ұятсыз, пиғылы жаман адамға тән арам қасиет.

1. Молданың сәлдесі ақ болғанмен, ниеті қара

2. Қарабет жазылмайды, жара бет жазылады

3. Қарабет болып қашқаннан,

Қайрат көрсетіп өлген артық.

4. Ақ көңілден би қойсаң,

Бұралмас өзге арадан;

Қара жүректен би қойсаң,

Аузы кепшеспарадан

5. Жүзі қараның жүзі таймайды

6. Өтірік айтып қарабет болғанша,

Шындықты айтып жара бет бол [3, 36 б.].

Қара – хан, төре, қожа т.б. ақ сүйектер әулетіне жатпайтын қарапайым халық.

1. Ханда қадір болмаса,

Қарада ұят болмайды

2. Хан құдай емес,

Қара құрай емес

3. Айырдан туған жампоз бар,

Нар емес десе нанғысыз

Қарадан туған жігіт бар,

Ханға күнін салғысыз

4. Ханның қасында қалтырап жатқанда,

Қарадан қалағанымен қаңғырып өлейін

5. Қараның таққа мінгені,

Біріне бірінің құда түскені

6. Ғашықтық ханды да,

Қараны да теңестіреді

7. Он екі мүшең сау болса,

Қара басың хан мен тең [4, 98 б.].

Қара – назар аудару, көз жіберу мағынасында

1. Елшісіне қарап елін таны

2. Көп қараса жоқ табылар

3. Ас таңдасаң аяғына қара,

Қыз таңдасаң анасына қара

4. Әйел өлген қызды ауылға қарап жылайды

5. Қатын ерге қарайды

Ер жерге қарайды

6. Қатын алсаң, қарап ал

Ат алсаң, мініп ал

7. Жақсы аттың тісін ашып қарама, киесі болады;

8. Қатыны жастың жұрт көзінше жасын сұрама, әр нәрсенің жүйесі болады
9. Бұлтқа қарама жұртқа қара
10. Ұстазына қарап бала өсер,

Бақташысына қарап мал өсер

11. Ағаға қарап іні өсер
12. Білімді әйел басыңа қарайды,
Білімсіз әйел жасыңа қарайды
13. Өзі білмегеннің аузына қарама
14. Көлеңкеге қарап көйлек пішкен болар
15. Жорға мінген жолдасына қарамайды
16. Жігіттің жайын жолдасына қарап жоры
17. Қонақ алдымен қабағыңа қарайды

Содан кейін табағыңа қарайды

18. Заманына қарай адамы
19. Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы
20. Түрлі-түрлі заман бар,

Заманға қарай амал бар [5, 56 б.].

Қара – жырақтан бұлдырап, қарауытып көрінетін бейне, жанды және жансыз зат тұлғасы, сұлбасы (орысша – силуэт).

Абысын ағарып алдымда жүрмесін,

Қарайып артымда қалмасын [3, 21 б.].

Қара – майсыз, дәмсіз, қатықсыз, сүтсіз дайындалған ас-дәм, су-сусын деген мағынада келетін

Қара наннан қалаш жақсы,

Жаман ағайыннан Алаш жақсы

Қайғың қара көже болсын

Қайғысыз қара суға семіреді

Қайғысыз ішкен қара судың қаймағы бір елі

Қайнаған қара суда қасиет бар

21. Тұзсыз ас ауқат болмас ішкенменен,

Май түспес қара суды піскенменен

22. Қарын қатты ашқанда,

Қара талқан қант болар

23. Қара суда қаймақ жоқ,

Қас шеберде оймақ жоқ [3, 47 б.].

Қара – қарғыс, теріс бата мағынасында да қолданылады.

1. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс

2. Ақ пен қараны шындық айырады [3, 85 б.].

Қара – жай, қарапайым (бұл сөз бағасына, сөз өнеріне байланысты). Мысалы: қара сөз, қара өлең.

1. Қара сөзді қамшы қылды [4, 98 б.].

Қара – жаман, ақ – жақсы нәрес, аққа қарама-қарсы

1. Аққа қара жұқпайды

2. Ақ айнарлар, қара байланар

3. Ақ ақталар, қара байланар

4. Негізі қара ағармас,

Негізі бұзық түзелмес

5. Балаға жұғыспа, пәлесі жұғады

6. Қатынға жұғыспа, қарасы жұғады

7. Жақсы туған жігітке, бүкіл ел таласар,

Жаман туған жігіттер, қара жолдан адасар

8. Қара түсті ағарта алмайсың,

Былапыт сөзді тазарта алмайсың [4, 99 б.].

Қара – қасиетті, қастерлі мағынасында жұмсалады.

1. Қазанның қара нәрсе жоқ,
Ассан қарын тойдырар;
Қардан аппақ нәрсе жоқ,
Ұстасаң қолды тоңдырар
2. Жокты жара деме, көлеңкені қара деме
3. Қара көзден нұр кетсе,
Жарық күнің түн болар
4. Қара қазан – сарбала [4, 54 б.].

Бұл жердегі мағынасы «қараның» бәрі – жаман емес, «ақтың» бәрі – асыл емес.

Мақал-мәтелдердегі қара сөзі әр түрлі мағынада қолданылатынына көз жеткіздік. Ғалымдар бөлген «қараның» мағынасының көбі мақал-мәтел құрамында кездеседі.

В.В.Воробьев «лингвокультура» терминін енгізе отырып, мынадай анықтама ұсынады: «Лингвокультура – комплексная межуровневая единица, форму которой составляет единство знака и языкового значения, а содержание – единство языкового значения и культурного смысла».

Тілдегі ұлттық-мәдени семантика оның қай деңгейінде болсын (лексика, грамматикада, фонетикада да) байқалады. Ал, тілдің сөз, фразеологизм, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер сияқты бірліктері ұлт мәдениетіне, тұрмыс-салтына тән тілден тыс болмысты анағұрлым толымды және айқын түрде бейнелейді. Ендеше мақалдар мен мәтелдер қандай да бір ұлттың мәдени дәстүрі мен ділін, адамгершілік сипаттарын, тұрмыс-салтын тілде бейнелейтін үлгі болып саналады.

Академик Ә. Қайдар: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отырады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін екен» [6, 247 б.] – деп ой түйіндейді. Ендеше кейбір мақал-мәтелдердің лингвомәдени сипатына тоқталып, қарастырып көрейік.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде мақал-мәтелдерді қарастыруға болады, бірақ мақал-мәтелдердің барлығы бірдей нақты бір ғана халықтың, этностың тарихымен, мәдениетімен, тұрмысымен тығыз байланысты болмауы мүмкін. Мысалы, «Жанбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Қонақ келсе, құт келер», «Орамал тон болмайды, жол болады», «Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды», «Қырықтан артық жас жоқ, қымыздан артық ас жоқ» деген мақал-мәтелдерді жиі қолданамыз. Мұндағы бата, қонақ, құт, қымыз, тон, ас сөздері қонақжайлылыққа тән символ сөздер, өйткені қонақ келсе, «құт келді» деп қарсы алып, төрге шығарып, ас әкеліп, қымыз ұсынып, бата сұрап, жолын беріп, жол амандығын тілеп құтты қонағын шығарып салған. Бұл мақал-мәтелдер қазақ халқына, сондай-ақ жалпы түркі тілдес халықтар мен ұлыстарға ортақ мәні бар ұлттық болмысты білдіретін сөздер.

Қазақ дәстүрі бойынша қоғамда елеулі орын алатын аға мен іні сыйластығына ерекше мән беріледі. Қазақ тәрбиесінде ағаның жолы үлкен деп есептелініп, інісіне көмектесіп, қамқорлық көрсетіп жүруі, ал інінің қашан да өзінен жасы үлкен ағасын сыйлап, ақылын тыңдап, әдепті, ізетті болуы талап етіледі. Ағалы-інілі адамдардың арасындағы қатынастың мұндай әлеуметтік ерекше мәні «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңілі өсер», «Ағаның үйі ақжайлау», «Өз ағасын ағалай алмаған кісі ағасын жағалай алмайды», «Ағайын тату болса, ат көп болар, абысын тату болса ас көп болар» деген мақал-мәтелдерден айқын аңғарылады. Бұл мақалдар ағайын-туысқандар арасындағы өнегелі қарым-қатынасты, үлкенді-кішілі адамдардың өзара сыйластығы, қайырымдылығы мен адалдығының үлгісі, жас ұрпаққа өнеге болатын көрініс. Сондай ақ, «Төрт аяқтыда бота

тату, екі аяқтыда бажа тату»деп тек ағайын-туысқандардың ғана емес, бажалардың да жақсы қарым-қатынаста, татулықта, бірлікте болуына ерекше мән берген.Осылайша апалы-сіңлілердің күйеулері, яғни бажалардың жарасымды сыйластықтарын, татулықтарын үлгі етіп отырған. Бұл да қазақ тұрмысындағы туыстық қарым-қатнасты бейнелейтін ерекше мәні бар қолданыс.

Қазақта «Ер қаруы – бес қару» деген мақал бар. Бұл мақалдағы бес қару атауының мағынасына тоқталсақ, бұған кез келген қарудың атауы деп қарамауымыз керек. Бес қару жекпе-жекте қолданылатын қарулардың жиынтық атауы екенін көпшілік біле бермейді. Яғни, бұл атауға атуға арналған берен мен мылтық, шанышуға арналған найза мен сүңгі, шабысуға арналған қылыш пен алдаспан, селебе, салыспаққа арналған шоқпар мен айбалта, тартыспаққа арналған садақ кіреді. Сондықтан, қазақ халқының өткен тарихына үніліп, жаугершілік заманнан қалған осы бір қолданыс арқылы қазаққа тән жауынгерлік, батырлық қасиетін тани аламыз.

Халық арасында жиі қолданылатын ағылшын тіліндегі «Manners make the man», «Manners make the man» (Адамды адам ететін оның әдептілігі) тұлғасындағы мақал ағылшындардың орта ғасырда орын алған қағидасына, дәстүріне, заман талабына байланысты калыптасқан қолданыс. XIV ғасырда Англияда мәдениеттіліктің негізгі шарттарына, өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аударылған және оны мүлтіксіз орындалуы талап етілген. Осыған орай әдептілік, ізеттілік ережелерін қамтитын арнайыжинақтар да шығарыла бастаған. Осы ұстанымдардың бірқатары біраз уақыттан кейін жалпы халықтық мақал-мәтелге айналып, кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы, If you sit by worthier than thyself art one, Suffer hit first to touch the eat (Егер өзіңнен салауаттырақ адаммен дастархандас болсаң, одан үлгі ал, яғни соған қарап ас іш) деген мақалда ағылшындардың әдептілікке ерекше мән бергені байқалады.

Кейбір мақал-мәтелдердің ағылшын және қазақ тілінде баламасын кездестіруге болады. Мысалы, ағылшындар «My house is my castle» (Өз үйім – қорғаным) десе, қазақ халқы «Өз үйім – өлең төсегім» дейді, яғни әрбір адамға өз үйі қорған және жайлы орын екені көрсетіледі. Мұндағы өлең сөзіне тоқталғанымыз жөн, өйткені бұл сөздің мағынасын көп адам түсінбейді және «өлең» шөптің атауы екенін біле бермейді. Сондай ақ, Жиреншеден қалған сөз екенін де біле бермейді. Жиренше патша сарайында болып, үйіне баратынын айтады, патша сарайда қалуын сұрағанмен, өз үйіне баратынын айтып кетіп қалады. Патша бұның сырын білгісі келіп, Жиреншенің үйіне барады, келсе Жиренше өлең шөптің үстінде жатыр екен. Патшаның «сарайдан бас тартып үйіңе кетуіңнің себебі не? деген сұрағына «Өз үйім – өлең төсегім» деп жауап берген екен. Содан осы қолданыс тарап кеткен. Мақал-мәтелдер арқылыұлт тілінің құдіретін тануға, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға негізделген. Мақал-мәтелдердегі ұлттық дүниетанымды білдіретін сөздер мынадай лингвомәденитанымдық бірліктер тобын құрай алады: Ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері: «Қонақ келсе, құт келер», «Орамал тон болмайды, жол болады», «Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды», «Көшкен елдің көмеші болса, қонған елдің ерулігі бар». Ұлттық мінез бірліктері: «Қой аузынан шөп алмас»; Ұлттық соматизмді лингвомәдени бірліктер: «Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа; аяғы құтты болды; Діни ұғым лингвомәдени бірліктері: «Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың», «Тазалық иманның жартысы», «Жарлының жары – Құдай», «Алла бермегенді молла бермейді», «Намазда болса да, Кісіге қараған күн құрысын», «Наурыздың он бес күні Құдайдікі, он бес күні кедейдікі», «Құдай бермеген баққа жармасқанмен болмайды»; Мақал-мәтелдер тілінен ұлт мәдениетіндегі өзге мәдениеттің нышандарын білдіретін лингвомәдени бірліктер де кездеседі. Мысалы: «Келген – дәулет, кеткен – мехнат», «Штансыздың түсіне Екі қара бөз кірер», «Құнты жоқ кісі көсеумен қамшылар». Осы ретте талданған мақал-мәтелдердегіконцептілердің әрқайсысы ұлттық ерекшелікті көрсететін лингвомәдени бірліктер деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-

қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да олардың мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиды екен.

Түр мен түске байланысты мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері тақырыптық жағынан топтастырғанда анықтағанмыз: адамға байланысты оның сырт келбетін, психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін, туыстық қатынастарын, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән және жан қажеттіліктерін бейнелейтін тіркестер өте мол.

Әдебиет:

1. Қайдаров Ә.Т. Түр-түстің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992. – 156 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996. – 228 б.
3. Бижанова М.М. Мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерде қол- данылған түр-түс атауларының семантикасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы.– Алматы, 2003. – 105 б.
4. Тұрманжанов Ө., Ақтамбердіұлы К. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2004. – 439 б.
5. Тұрманжанов Ө., Ақтамбердіұлы К. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2004. – 439 б.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы, 2004. – 520 б.

ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Қазақбаева К.Р.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В статье исследуется лексическое богатство казахского языка с этнолингвистической точки зрения.

Ключевые слова: Этнолингвистика, «этнос», «бытие этноса», «язык этноса», «мир языка», «национальное познание».

Annotation. The article examines the lexical richness of the Kazakh language from an ethnolinguistic point of view.

Keywords: Ethnolinguistics, «ethnos», «being of an ethnos», «language of an ethnos», «world of language», «national knowledge».

Тіл, мәдениет және ұлт пен өркениет бір-бірімен тығыз байланысы. Ал тіл халықтың, ұлттың рухани мәдениеті туралы кең ақпарат береді.

XX ғасырдың соңына қарай тіліміздің даму заңдылықтарын толық жан - жақты зерттеу мақсатында тіл білімінде жаңа ғылым салалары пайда болды, олар: әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, статолінгвистика, паролінгвистика, прагмалінгвистика, когнитивтік лингвистика, этнолінгвистика. Әр саланың өзіндік мақсат-міндеті, зерттеу объектісі бар. Осыған байланысты, этнолінгвистика – этнос, ұлт болмысын оның тілі арқылы танып - білу мақсатынан пайда болған лингвистиканың жаңа бір саласы деп айтуға болады [1, 28].

Этнолінгвистика «этнос», «этнос болмысы», «этнос тілі», «тіл әлемі», «ұлттық таным» сияқты ұғымдарға ерекше мән береді. Этнолінгвистика - ұлттық этногенезін тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпын, географиясын, басқа халықтармен тарихи-мәдени қарым-қатынасын, тұрмысын-тіршілігін материалдық, әлеуметтік, рухани мәдениетін зерттеп саралайтын тіл білімінің жаңа саласы.

Қазіргі кезде қазақ этнолінгвистикасы дербес ғылым ретінде негізі қаланған, жан-жақты зерттеудің нәтижесінде өзіндік ерекшелігі айқындалып келе жатқан, дербес ғылым саласы ретінде танылып отыр. Белгілі ғалым, академик Ә.Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті

мәселелері» деген еңбегінен көруге болады. Бұл еңбекте қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен оның бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу нысаны мен әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болады [1,32].

Ә.Қайдардың тұжырымдамасы бойынша, этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнос (ұлт) тілі болса, мақсаты – тілімізді этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оны жан – жақты зерттеу, яғни сол тіл арқылы этнос болмысын танып – білу.

Этнолингвистика қазақ тіліміздің лексикалық байлығын мүмкіндігінше түгел қамтып, терең зерттеуді мақсат етеді. Қазақ этнолингвистикасының ең басты ерекшелігі – тіліміздің тазалығын, бай лексикалық мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына тән бағалы ақпараттар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу – нақышымен ашып көрсету, сондай-ақ, жүйелілікті сақтау болып табылады [2,25].

Осыған орай біздің міндетіміз – қазақ тілінің лексикалық байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындайды. Сонда ғана тіл әлеміне тән лексикалық байлықты тұтас меңгеру, мән-жайын, мағына-мазмұнын түсіндіру арқылы этностың болмысын терең түсіндіре аламыз. Ол үшін қазақ этносын жалпы түркі тіл әлемі арқылы ғана емес, өз тілінің мүмкіншілігі мен өзіндік табиғи ерекшелігі арқылы ғана танып-біліп, этностың тіл әлемін түбегейлі игеру қажет. Бұл – этнолингвистикалық зерттеудің қиын да күрделі мәселелерінің бірі десек те болады. Себебі, қазақ тілінің сөз байлығын, сөз құдіретін тек сан жағынан ғана емес, сонымен бірге сауатты жан-жақты саралап, талдап шығу, яғни сөз маржанының түбіне бойлап, сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан құндылықтардың сырын ашу – оңай шаруа емес.

Этнос туралы көптеген құнды пікірлер мен зерттеулерді жинақтап, толықтырып, мазмұн, тақырып көлемін кеңейтіп, мән-мағынасын тереңдете түсетін тілдің негізгі «этнолингвистикалық арналар» деп аталады.

Олар: баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері, окказионализмдер.

Ұлттың мол рухани қазынасының жаңғыруы әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына қатысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс [2,40].

Тіл мәселелерін мәдениетпен, әдет-ғұрпымен, салт-санамен, менталитетпен байланыстыра зерттеу ХХ ғасырдың 20-80 жылдардан бастау алды. Тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі бағыт бар. Алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер Эдуард Сепирдің 1921 жылы шыққан «Тіл», 1929 жылы шыққан «Лингвистиканың жайы», Б.Уорфтың «Тіл, ойлау және шындық» (1959) жинақтары. Э.Сепир индеецтердің көптеген тайпаларының тілдерін зерттесе, неміс лингвисті Л.Вейсберг «Неміс тілінің күші» туралы төрт томдық еңбек жазды. Сонымен қатар, М.Қашқари еңбегіндегі этнолингвистикалық материалды талдаудан бастап, бергі дәуірдегі В.Гумбольд, Э.Сепир, А.А.Потебня, қазіргі заманғы Н.И.Толстой, В.В.Иванов, В.Н.Топаров т.б ғалымдардың осы саладағы еңбектерінен көруге болады.

Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистиканың даму барысына шолу жасап, жеке сала ретіндегі негіздерін анықтауға арналған еңбектерінде профессор М.М.Копыленко, қазақ тіл білімінде академик Ә.Т.Қайдаров бастаған этнолингвистикалық мектепті қазіргі этнолингвистикадағы жаңа бағыт деп бағалап, оның негізгі ерекшелігін былай деп көрсетеді: «Это направление изучает этнос в зеркале языка. В нем нет симбиоза дисциплин, поскольку язык представляется главным и непосредственным предметом анализе; этнология, история, культурология и прочие нелингвистические дисциплины привлекаются как вспомогательные». Демек, негізгі зерттеу лингвистикаға жүктеледі. Оның себебі мен мәнін нақты түсіну үшін академик Ә.Т.Қайдардың төменгі пікірін келтірейік: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға

қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр-түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана» [2,87].

Осы бағытта қазақ ғалымдары Р.Шойбеков, Ә.Ахметов, Ж.Манкеева, Р.Б.Иманалиева, А.Ж.Мұқатаева, С.Сәтенова, А.Жылқыбаева, Қ.Аронов, Б.Уызбаева, Қ.Ғабитханұлы, М.Мұсабаева, М.Атабаевалардың еңбектерінде кездестіруге болады. Этнолингвистика туралы ғалымдардың пікірлеріне тоқталатын болсақ, «ұлт-тіл-мәдениет» өзара сабақтастыған байқауға болады.

Ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистикаға өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», - дейді [3,22]. Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистика туралы: «Ол – этностың нысандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктерімен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым» деген анықтама береді [1,45]. Фердинанд де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен тіл тарихын өзара байланыста зерттейтін ғылым ретінде, өз ойын «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады», -деген болатын [4,17]

Этнолингвистикаға тән тағы бір ерекшелік – тілді ғана объект етіп қана қоймай, тіпті, түсінік, ұғым, пікір, дерек мағлұмат беретін көркем жанрлық мәтіндерді де негізгі нысан етіп қарастырады.

Этнолингвистика ұлттың менталитетін қарастыра отырып, «ұлт пен тіл біртұтас» деген пікірге сай зерттейді. Этнолингвистикалық зерттеулерден ұлттың өзіне тән менталитетін көрсететін тіл мен мәдениеттің сабақтастыған көре аламыз.

Этнолингвистика қазіргі тіл біліміндегі жас сала болғандықтан, әлі де болса зерттеулер бағытының кешенді және интеграциялық сипатына қарай тіл мен этнос сабақтастығын анықтаудың, зерттеп-зерделудің қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиет:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
2. Қайдаров Ә. Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. –1985. – №10. Б.
3. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989.–288б.
4. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 1983.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қазақбаева К.Р.

(М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В статье речь пойдет о цели и задачах лингвокультурологической науки.

Ключевые слова: лингвокультурология, язык, этнос, нация, культура, лингвистика.

Annotation. The article will focus on the goals and objectives of linguoculturological science.

Keywords: linguoculturology, language, ethnos, nation, culture, linguistics.

Этнолингвистика қазіргі тілдік материалдарды тарихи тұрғыдан қарастырса, лингвомәдениеттану тілдік деректерді өткен заманғы тарихи тұрғысынан да, қазіргі ғылым тұрғысынан да рухани мәдениет негізінде зерттейді. Бұл жөнінде ғалымдардың әр түрлі пікір, көзқарастары бар.

В.Н.Телия лингвомәдениеттануға: «Тіл мен мәдениет байланысын синхронды тұрғыдан қарастырып, ол халық менталитетінен хабардар ететін тілдік бірліктердің қарым-

қатынаспен байланысын зерттейді» [1, 216.], - деп анықтама берсе, В.А.Маслова: «Этнолингвистика – белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді зерттейді», - дейді [2,116.].

Сонымен қатар лингвомәдениеттану ғылымының да өз алдына қарастыратын мәселелері мен мақсат-міндеттері бар, ол «тарихи» да, қазіргі кезеңнің де тілдік заңдылықтарын рухани мәдениет арқылы қарастыратынын да атап көрсетті. Нақтырақ айтатын болсақ, этнолингвистика ұлттың генетикалық туыстығын, биллингвизм мәселелерін, тіл дамуындағы әлеуметтік мәдени факторлардың ықпалын, этникалық рухани мәдениет жүйесін қарастыратынын нақтылады. Оның лингвомәдениеттанудан **айырмашылығы** – ретроспективтілігінде, яғни тарихи деректерге сүйене отырып, халықтардың ата-тегін, тайпа тілін зерттеуге негізделген.

Осы екі мәселені салыстыра отырып, ара-жігін айқындаған ғалым В.И.Тхориктің пікірінен көруге болады: «По сравнению с лингвокультурологией, которой свойственна перспективность, этнолингвистика, образно говоря, имеет характер ретроспективный, поскольку нацелена больше на изучение языка племен, диалектов, пракультуры» [3, 66].

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың зерттеу нысаны тіл мен мәдениеттің өзара байланысы болғанымен, өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтары да жоқ емес. Олар:

- этнолингвистика – этностаным мен тілтаным ғылымдарының тоғысуынан туындаған сала;

- этнолингвистика мәдениеттің материалдық жағына көбірек мән берсе, лингвомәдениеттану мәдениеттің рухани жақтарына көбірек көңіл бөледі;

- этнолингвистика жеке бір этностың (ұлт, халық) этномәдени жағын қарастырса, лингвомәдениеттану салыстырмалы-салғастырмалы әдіс тұрғысынан зерттейді;

- этнолингвистика белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді зерттесе, лингвомәдениеттанудың өзіндік мақсат-міндеттері айқын, қазіргі заманның да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы зерттейді;

- лингвомәдениеттанудың басқа тіл білімінің саларынан ерекшелігі – кез келген нысанды зерттеуде тілдік және мәдени деректерді бірдей қарастыруы;

- лингвомәдениеттануға проспективті зерттеу тән болса, этнолингвистика ретроспективті, тайпа, халық тілдерін зерттеуге негізделген;

Өзара айырмашылықтары бола тұра, бұл екеуінің ұқсас жерлері де бар:

- екеуінің де міндеті – тілдік көріністердің этимологиясын анықтау;

- екеуі де ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің ажырамас сабақтастығынан туындайды;

- екеуі де тілдік айғақтарды тіл мен халық мәдениетіне байланыстыра отырып зерттеуінде.

Тіл, этнос және мәдениет сабақтастығына XIX ғасырдың басында неміс ғалымдары ағайынды Гриммдер, XIX ғ. 60-70 жылдары Ресейде Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня сынды ғалымдар қызығушылық танытқан болатын. Бұл В.Г.Гумбольдтан бастау алып, оның тұжырымы бойынша, тіл – «халықтық рух», «халықтық болмыс» деген ұғымдар қалыптасты.

XX ғасырдың II-ші жартысында В.Н.Топоров, В.В.Иванов, т.б. белгілі ғалымдардың бастауымен бірнеше ғылыми орталықтар қалыптасты. Атап айтсақ, Н.И.Толстойдың этнолингвистика мектебі, Ю.А.Сорокин, Н.В.Уфимцеваның этнопсихоллингвистика мектебі т.б.

Лингвомәдениеттану тілдің мәдениеттегі көрінісін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы. Ықылым заманнан бері қалыптасып келген асыл қазыналарымызды, ұлттық мәдени құндылықтарымызды зерттеп, зерделеу лингвомәдени ғылыми зерттеулердің бірден-бір міндеті болып саналады.

XX ғасырдың аяқ кезінде Москвада лингвомәдениеттанымдық зерттеулермен айналысатын төрт арнаулы мектеп ашылды:

1. Әр дәуірге қатысты мәтіндердің мәдени мазмұнын тарихи аспектіде қарастыратын Ю.С.Степанов мектебі;
2. Әр түрлі уақыт кезеңіне қатысты халықаралық терминдерді лингвомәдени тұрғыдан зерттейтін Н.Д.Арутюнова мектебі;
3. Фразеологиялық бірліктерді лингвомәдениеттанымдық аспектіде қарастыратын В.Н.Телия мектебі;
4. В.В.Воробьев, В.М.Шаклеин т.б. ғалымдардың Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров концепциясын дамытуға негізделген Ресей халықтар достығы университетінің лингвомәдениеттану мектебі.

Лингвомәдениеттанудың даму кезеңдерін екіге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең – В.Гумбольдт, А.А.Потебня, Э.Сепир т.б. ғалымдардың идеяларының даму кезі болса, екінші кезең – лингвомәдениеттанудың өз алдына жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі.

Қазіргі кезде лингвомәдениеттанудың бірнеше бағыттары пайда болды:

- а) жеке әлеуметтік топтарда, этностарда;
- ә) диахрониялық лингвомәдениеттану, яғни этностың белгілі бір уақыт ішіндегі лингвомәдени жағдайының өзгеруін зерттеу;
- б) салыстырмалы лингвомәдениеттану, әр түрлі жеке этностар арасындағы лингвомәдениеттанымдық көріністі сипаттау;
- в) салғастырмалы лингвомәдениеттану;
- г) сөздіктер жасаудағы лингвомәдени лексикография.

Қазіргі қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану саласы бойынша кешенді зерттеу жүргізіп жүрген А.Алдашева, А.Д.Сейсенова, Г.Н.Смағұлова т.б. ғалымдарды айтауға болады.

Лингвомәдени тұрғыда талдаудың негізгі мақсаты – фразеологиялық бірліктердің шығу төркінін емес, оларға түсініктеме бере отырып, жасалуындағы, қалыптасуындағы себептерін анықтау. Яғни этимологиялық талдаудан басқа деген сөз.

Лингвомәдени талдауда В.Н.Тхорик жалпы мәдени компонент тілдің барлық деңгейлерінде көрініс таба алады, дегенмен, лингвомәдени талдау этимологиялық талдаудан өзгеше, оның мақсаты – тілдік бірліктердің шығу тегін емес, мәдени конструктылардың қалыптасу шарттарын анықтау, бақылау сияқты позицияларды қарастырады. Сонымен бірге: «Тілге лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарауда мәдениет трансляциясы (мәдени білімдер, анықтамалар бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады), ұжымдық мәдени қайта туындату (мәдени білімдер, анықтамалар сөз нысаналары арқылы туындайды) және трансформация (мәдени білімдер, анықтамалар басқа дискурс түрі арқылы кіреді және өзгереді) идеялары басым» [3, 132б.], - деп мәдени құндылықтарды лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан жан-жақты қарастыруға болатынын жан-жақты талдап, дәлелдеп көрсетеді.

Тілдік бірліктердің, яғни сөздердің түпкі негізін, бастапқы мағына, туынды мағына екендігін айқындауда этимологиялық талдау қаншалықты маңызды болса, халықтың рухани бай мұрасы мненментелитетінен ақпарат беретін тілдік талдауда лингвомәдени талданым да сондай маңызды.

Лингвомәдениеттануда тіл мен мәдениет ашып көрсететін тілдік бірлік – лингвомәдениерема деген термин. Бұл терминді қолданысқа енгізген ғалым В.В.Воробьев болатын. Оның пікірінше: «Лингвомәдениерема – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік» [4, 97б.]. Осы жөнінде ғалым В.Н.Тхориктің де пікірі: «Лингвокультурема – кешенді деңгейаралық бірлік ретінде лингвистикалық және экстралингвистикалық (ұжымдық және пәндік) мазмұнның диалектикалық бірлігі болып табылады. Бұл бірлік мәні бойынша, сөзге қарағанда «терең» Сөз референтпен қатысты, лингвокультурема оның мазмұнын ұғым ретінде (пәндер тобы) ашады» [3, 56б.].

Тілі дегеніміз – адам, ұлт, мемлекет, тарих, руханият, өркениет. Ұлт тілі – сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік дамуының бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Ауыз

әдебиетіміздегі эпостарда, аңыз-әңгімелерде, өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында және басқа да дереккөздерде сақталған этноатаулар сияқты басқа да бірқатар тілдік бірліктерде де ұлттық мәдениеттің қайнар көзі болып табылады. Бұндай нышан тілдік бірліктердің бірінде имплицитті түрде (жасырын, байқалмайтын); екіншісінде эксплицитті (ашық) түрде тілдегі кейбір тұлғалардың сыртқы нысанының өзі «ұлттық бітімді» ұлтқа, мәдениетке тән белгісі қолданысқа түскенде ғана айқындалады [5, 135б.].

Сонымен лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығының тілдегі айғағы деп айтуға болады. Ол бұл үдерісті «тілдік және мәдени мазмұнды тұтастай құрылым, біртұтас тұлға ретінде кешенді тәсілдер жәрдемімен және де қазіргі заманның негізгі ағымдары мен мәдени ұстанымдарына сәйкес зерттейтін жинақталған біртұтас ғылым болып табылады», - деп қорытындылайды.

Әдебиеттер:

1. Телия В.Н. О специфике отображения мира психики и знания в языке. // Лингвокультурологическая специфика сравнительных оборотов. -М., 1987.
2. Маслова В.А. Лингвокультурология. -М.: Academia, 2001.
3. Тхорик В.И. Языковая личность (лингвокультурологический аспект): дисс. ... докт. филол. наук. –Краснодар: КубГУ, 2000.
4. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). -М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 1997.
5. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер: филол. ғылым.докт. ...дисс.: -А., 1999.

УДК 37.026.1

РОЛЬ ДИДАКТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Кантаева Г.Г.

(ЕНУ им. Л.Н.Гумилева)

Аннотация: в статье рассматривается феномен дидактической культуры педагога в целом и педагога иностранного языка, представлены специфические компоненты дидактической культуры преподавателя иностранного языка, влияющие на эффективность лингводидактической подготовки, а также дается описание взаимосвязи между уровнем сформированности дидактической культуры педагога иностранного языка и результатами дидактического процесса по иностранному языку.

Abstract: phenomenon of didactic culture in general and English teacher's didactic culture are considered in the article. Moreover, specific components of English teacher's didactic culture, influencing the efficiency of linguo-didactic process are given. Additionally, the correlation between the results of educational process in English and English teacher's didactic culture is demonstrated in the work.

Ключевые слова: дидактическая культура, лингводидактическая подготовка, профессиональная компетентность.

Key words: didactic culture, linguo-didactic process, professional competence.

Дидактический процесс в преподавании иностранного языка, отличается компетентностной направленностью, большей долей самостоятельной работы носит интеграционный характер.

Дидактический процесс обуславливается дидактической подготовкой педагога, где качество дидактической подготовки зависит не только от индивидуальных особенностей, способностей и уровня адаптации к новой образовательной среде обучающихся, но и уровня

развития дидактической культуры педагога. Дидактическая подготовка педагога выступает составной частью процесса профессионального становления специалиста.

Широкое педагогическое сообщество признает совершенствование дидактической подготовки актуальной проблемой профессионального развития педагогов различных специальностей всех звеньев системы непрерывного образования.

Р. П. Скульский называет дидактическую подготовку одним из основных направлений профессионального обучения и воспитания будущих педагогов [1].

Где термином «дидактическая подготовка» называется целенаправленный процесс формирования дидактической готовности специалиста. Однако существующие определения не содержат в своей основе феномена дидактической культуры. Культуроориентированный вектор анализа позволяет отразить, что дидактическая подготовка специалиста в системе непрерывного педагогического образования представляет собой преемственный педагогический процесс, направленный на развитие дидактической культуры и компетентности педагога, обеспечивающих овладение им дидактической деятельностью, готовность личности к продуктивному дидактическому взаимодействию и развитию процесса обучения.

Термин дидактическая культура научно аргументирован И. Ф. Исаевым в 2002 году. В своем научном исследовании «Профессионально-педагогическая культура преподавателя» ученый выделяет дидактическую культуру как самостоятельный вид профессионально-педагогической культуры [2]. Некоторые исследователи используют термин педагогическая культура и профессиональная культура, то есть рассматривают их как самостоятельные понятия.

По мнению Л. Н. Макаровой, педагог, обладающий высокой педагогической культурой, имеет хорошо развитое педагогическое мышление и сознание, обладает творческим потенциалом и является средоточием культурного опыта [3, с. 14].

В учебном пособии по педагогике высшей школы В. В. Егоров, Э. Г. Скибицкий, В. Г. Храпченков считают педагогическую культуру существенной частью, слагаемым общей культуры педагога, характеризующей степень глубины и основательности овладения им знаниями педагогической теории в ее постоянном развитии, умением применять эти знания самостоятельно, методически обоснованно и с высокой эффективностью в педагогическом процессе с учетом индивидуально-типических особенностей обучающихся, их интересов и в неразрывной связи с развитием науки и практики [4, с. 118]. Основываясь на теорию М.С. Кагана, который сущность культуры представляет как «определенную форму сосредоточения духовной энергии человечества в единстве с совокупностью идеально-практических способов и результатов освоения и преобразования мира» [5, с. 69] Считая профессиональную культуру частью общей культуры, мы, опираясь на исследования В.А. Кан-Калика [6], Н.Д. Никандрова [7], Б.Т. Лихачева [8],)представляем профессиональную культуру будущего педагога как интегративное качество личности, обусловленное множеством компонент, таких как: профессиональные ценности, знание, компетентность, мышление, поведение и мастерство, базирующейся на существующем уровне развития общества, общественных отношений, жизнедеятельности людей, системе ценностей, личностных качествах, полученных в ходе образования, воспитания и развивающейся в ходе профессиональной деятельности. А.Ф. Меняев пишет, что педагогическая культура «реализуется через совокупность специальных теоретических знаний и практических навыков, умений, связанных с профессиональной деятельностью, готовность к их применению в образовательном процессе» [9, с. 105].

То есть понятие профессиональной культуры значительно шире понятия «компетентность», включает ее в себя и дополняет профессиональными ценностями и профессиональным поведением, в то время как профессиональная компетенция определяет способность и готовность к определенному виду деятельности в пределах профессиональных задач.

Осознание профессионально-значимых и востребованных педагогических качеств существенно изменяется в современных условиях развития образования: это мы наблюдаем и в образовательных стандартах (ГОСО), профессиональном стандарте педагога. Все вышеизложенное требует актуализации формирования профессиональной культуры будущего педагога и ее компонентов – дидактической культуры, разработки современных требований к структуре и процессу ее формирования.

Логично предположить, что дидактическая культура является результатом познания, освоения и применения в педагогической практике дидактических законов.

Практика обучения должна приносить значимый результат, на основе оптимально выбранных педагогом педагогических закономерностей, подходов, принципов, отбора содержания образования, применения необходимых и достаточных методов и средств обучения. То есть необходимо не только совершенствовать методику преподавания, а выходить на уровень дидактического культуротворчества и формирования педагогических технологий, обуславливающий современный уровень образовательного процесса и его продуктивность.

Разрыв между уровнем подготовки будущих педагогов и требованиями времени побуждает к поиску возможностей профессионального роста педагогов, актуализации их профессиональных знаний и способностей в текущих социальных условиях. Иными словами, речь идет о выделении феномена «дидактическая культура педагога» в качестве интегрирующей составляющей профессиональной культуры.

На современном этапе развития дидактики с точки зрения философии образования деятельность педагога давно вышла за рамки обычного урока. Современный педагог для грамотного построения учебного процесса должен мыслить более масштабными категориями. Претерпели изменения и дидактические принципы современного обучения, обуславливающие отражение закономерностей обучения, проектирование содержания обучения, требований к конечному результату, особенности действий и коммуникаций педагога и обучающегося. Классические принципы дидактики оставаясь актуальными при организации урочной деятельности, претерпевают изменения применительно ко всему процессу обучения на той или иной образовательной ступени. Очевидно, что этот вопрос находится на этапе изучения и обсуждения и привлекает внимание многих педагогов.

Феномен дидактической культуры также стал предметом научных трудов немногих исследователей (Н. М. Фатьянова, Т. В. Попова, А. А. Усов, О. А. Игумнов, И. Ф. Исаев). Где ученые в свою очередь, рассматривают дидактическую культуру как единство личных качеств, знаний, опыта, творчества педагога, его самореализации, творческого развития и особенностей дидактического взаимодействия с обучаемыми [10; 11; 12; 13].

Проведя анализ различных дефиниций понятия дидактическая культура, а также синонимичных данному термину понятий педагогическая культура, профессиональная культура, профессионально-педагогическая культура, мы определяем дидактическую культуру педагога иностранного языка как комплексное явление, содержащее в себе компонент личностных и профессиональных качеств педагога, методологическую подготовку и способность творчески подходить к выбору педагогических технологий, инновационных подходов, форм, методов обучения и средств, умение проводить психологическую оценку обучаемых, методически обоснованную дидактическую подготовку, саморазвитие и самореализацию, повышение уровня лингвистической и методической подготовки, конструктивно выстроенную дидактическую коммуникацию и совместно организованную деятельность в системе педагог-обучающийся.

Гармонично развитая дидактическая культура преподавателя иностранного языка способствует выбору наиболее подходящего подхода к оценке уровня языковой подготовки обучаемых, организации дидактической подготовки обучаемых в целом и как результат повышению уровня развития языковой компетенции студентов для общения в профессиональной сфере.

Педагог – координатор процесса дидактической деятельности, а дидактическая культура – залог эффективности реализации стратегий дидактической подготовки. Более того, педагог – особенная профессия, занимающая важное место в любой мировой культуре. Современное высокотехнологичное информационное общество предъявляет новые требования к педагогу, как к личности и профессионалу, способному осуществить обучение и развитие подрастающего поколения. Зарождение и оформление инновационных процессов, происходящих в образовательных организациях в последние годы, свидетельствует о повышении степени развития профессиональной свободы, творческой самореализации личности педагога, появлении тенденции открытости, обращенности к педагогическому наследию, созданию гибких саморазвивающихся систем профессиональной подготовки и переподготовки педагогов. [14, с. 327].

Дидактическая культура представляет собой ключевое звено в профессиональной деятельности педагога, так как оказывает значительное влияние на развитие профессиональной компетенции педагога.

Дидактическая культура имеет фундаментальное значение в деятельности педагога, так как выполняет ряд функций (развивающая, индикаторная, стабилизирующая, интегрирующая, информационная, гуманистическая, воспитывающая, нормативная, координирующая, гносеологическая, коммуникативная), обеспечивающих результативность дидактической подготовки [15].

Профессионально педагогическая компетентность – это способность педагога применять теоретическое и практическое знание в процессе дидактической подготовки таким образом, чтобы поставленные педагогические цели и задачи были достигнуты в полной мере.

Основными элементами определения профессиональной компетенции педагога, как мы видим, являются знания, умения и способность применять полученные знания на практике, достигая поставленных целей дидактического процесса. Поскольку эти элементы также входят в состав дидактической культуры педагога, можно утверждать, что дидактическая культура занимает важное место в формировании и развитии профессиональной компетентности педагога. Благодаря дидактической культуре педагог расширяет свой кругозор, повышает уровень профессионализма и мастерства, реализует творческий потенциал.

Дидактическая культура педагога иностранного языка отличается специфическими компонентами в своей структуре:

1. Социокультурный компонент, так как в образовательном процессе необходимо уделять внимание изучению социальных и культурологических особенностей иностранного государства, язык которого изучается.

2. Лингвистический компонент связан с особенностями работы над совершенствованием языковых структур.

3. Профессионально ориентированный компонент: в высшей школе акцент делается на развитие профессиональной коммуникации на иностранном языке (язык специальности).

4. Мотивационный компонент: иностранный язык не является профилирующей дисциплиной, на изучение дисциплины иностранный язык выделяется недостаточное количество зачетных единиц, соответственно отсутствует возможность основательно прорабатывать все аспекты языка, кроме того, способ комплектования групп часто носит разноуровневый характер, в связи с чем удержать интерес студентов в постоянном тоне становится непосильной задачей. Преподаватель иностранного языка должен применять разнообразные инновационные, интерактивные и активные технологии, креативно подходить к организации лингводидактической подготовки, чтобы поддерживать оптимальный уровень мотивации.

Преподаватель иностранного языка должен обладать как безупречным уровнем лингвистической и социокультурной компетенций, так и быть в курсе основных аспектов будущей профессии. Получается, педагог иностранного языка, по сути, сам осваивает новую специальность, что затрудняет дидактическую подготовку. Кроме того, необходимо развиваться и совершенствоваться как профессионалу на таком уровне, чтобы быть способным мотивировать студентов на изучение иностранного языка не только в аудиторные часы, но и во время самостоятельной работы.

С точки зрения Н. Г. Левковской, одним из критериев педагогического мастерства в современной педагогике считается результативность работы учителя, проявляющаяся в успеваемости обучаемых и их интересе к предмету [16, с. 80]. Обогащение дидактической культуры преподавателя иностранного языка играет существенную роль в стремлении достичь высоких показателей лингвистической образованности обучаемых.

Практический опыт показывает, что педагогу иностранного языка в образовательной среде, в особенности неязыкового вуза, приходится находить креативные пути решения педагогических задач, учитывая интегративный характер лингводидактической подготовки в вузе.

Очевидно, что результат дидактической подготовки по иностранному языку напрямую зависит от степени развитости компонентов дидактической культуры преподавателя: лингвистического, социокультурного, методологического, дидактико-коммуникативного, совместно-распределенной деятельности, саморазвития и самореализации, личностных и профессиональных качеств, организационных способностей. Профессиональная компетентность педагога иностранного языка находится в зависимости от уровня лингводидактической подготовки. Следовательно, дидактическая культура педагога представляет собой основополагающий элемент профессиональной компетенции преподавателя.

Литература:

1. Повышение эффективности дидактической подготовки будущего учителя: методические рекомендации. Киев: Вища школа, 1987. 33 с.
2. Исаев, И. Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя / И. Ф. Исаев. – Москва : Академия, 2002. – 187 с.
3. Макарова, Л. Н. Профессионально-дидактическая культура педагога дополнительного образования : учебное пособие / Л. Н. Макарова, А. А. Усов. – Тамбов, 2003. – 143 с.
4. Егоров, В. В. Педагогика высшей школы : учебное пособие / В. В. Егоров, Э. Г. Скибицкий, В. Г. Храпченков. – Новосибирск : САФБД, 2008. – 260 с.
5. Каган, М.С. Философия культуры / М.С. Каган. – СПб: Петрополис, 1996. – 415 с.
6. Кан-Калик, В.А. Учителю о педагогическом общении: книга для учителя / В.А. Кан-Калик. – М.: Про-свещение, 1987. – 190 с.)
7. Никандров, Н.Д. Ценности как основа целей воспитания / Н.Д. Никандров // Педагогика. – 1998. – № 3. – С. 3–10.0
8. Лихачев, Б.Т. Педагогика. Курс лекций: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений и слушателей ИПК и ФПК / Б.Т. Лихачев. – М.: Прометей, Юрайт, 1998. – 464 с.
9. Меняев, А.Ф. Категории дидактики: монография / А.Ф. Меняев. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: МИРБИС, 2010. – 341с.)
10. Фатьянова Н. М. Формирование дидактической культуры учителя многопрофильной гимназии : дис. ... канд. пед. наук / Н. М. Фатьянова. – Белгород, 1999. – 274 с.
11. Попова Т. В. Педагогические условия формирования дидактической культуры учителя начальной школы : дис. ... канд. пед. наук / Т. В. Попова. – Ижевск, 2002. – 179 с.
12. Усов, А. А. Формирование профессионально-дидактической культуры педагогов дополнительного образования : дис. ... канд. пед. наук / А. А. Усов. – Елец, 2004. – 270 с.

13. Игумнов, О. А. Развитие дидактической культуры преподавателя технического колледжа : дис. ... канд. пед. наук / О. А. Игумнов. – Белгород, 2003. – 212 с.

14. Корепанова, Е.В. Организация исследовательской деятельности будущего педагога в пространстве высшей школы / Е.В. Корепанова // Современному АПК – эффективные технологии: материалы Международной научно-практической конференции, посвященная 90-летию д.с/х.н., проф., заслуженного деятеля науки РФ, Почетного работника высшего профессионального образования РФ, В.М. Макаровой, 11-14 декабря 2018. – Ижевск, Ижевская ГСХА, 2019. – С. 326-330)

15. Тырина, М. П. Структура и функции дидактической культуры педагога / М. П. Тырина // Сибирский педагогический журнал. – 2011. – № 3. – С. 148 – 156.

16. Левковская, Н. Г. Педагогическое мастерство в общеобразовательной школе / Н. Г. Левковская // Педагогическое мастерство : материалы V международной научной конференции. – Москва : Буки-Веди, 2014. – С. 78-82.

УДК 398.9

СПЕЦИФИКА РУССКИХ ПАРЕМИЙ

Камзинова С.М., Сабиева Е.В.
(СКУ им. М.Козыбаева)

Поскольку пословицы и поговорки относятся к категории паремий, они разделяют образный и некомпозиционный процесс интерпретации. Они являются продуктами сообщества и общаются с тем же сообществом, но их структура, очевидно, отличается, и, следовательно, их роль в контексте и сообщении, которое они передают. Поскольку они всплывают в сознании говорящего посредством бессознательного процесса ассоциации между данным контекстом и общей памятью, они выражают значение синтетическим и аналогическим способом. Вопросам паремиологии уделялось значительное внимание в работах Т.Г. Бочиной, Н.Барли, Х. Вальтера, В.М. Мокиенко, Г.Л.Пермякова, Л.Б.Савенковой, Е.И.Селиверстовой, Н.Н. Семененко, Г.М. Шипициной и др.

Тот факт, что многие пословицы и поговорки различных народов сходны по своему значению и форме давно привлекает внимание паремиологов. В трудах таких зарубежных исследователей начала XX в., как П.Шмит, Я. Лаутенбах, Э. Кокаре затронута проблема сходства паремий в разных языках. Среди отечественных паремиографических источников XIX в. следует отметить, например, сборник И. Гольшух «Пословицы, поговорки и изречения, или народная мудрость на трех языках: русском, французском и немецком: с прибавлением некоторых на лат. яз», в котором дано сравнение паремий в русском, французском и немецком языках [Гольшух 1888].

Пословицы и поговорки представляют собой последовательности терминов, характеризующихся лаконичностью структуры, эффективностью сообщения и аллологической или образной интерпретацией. Трехэтапный процесс формирует паремии от реальной и локализованной ситуации до их развития в сообществе носителей языка, будь то в малом или крупном масштабе, и их последующего использования в индивидуальном и персонализированном разговорном или литературном контексте. До того, как развивается паремия, первоначальное значение предложения является дополнительным или, лучше сказать, суммой каждого из его компонентов и еще не требует образной интерпретации, поскольку оно действительно тесно связано с ситуацией или личностью, которая его создала.

Впоследствии, по мере развития паремии, значение абстрагируется от первоначального обстоятельства до конвенционального, образного и некомпозиционного уровня: традиция, единодушное принятие и непрерывное повторение сообществом

фиксируют значение паремии, которое состоит из потенциала бесконечных метафорических значений.

Наконец, актуализация конвенционализованного значения в определенном контексте снова возвращает паремию в определенный контекст; это значение по-прежнему сохраняет связь с традиционным значением, но эксплицирует сообщение, которое подходит только и исключительно для данной конкретной ситуации; другими словами, конкретная ситуация, которая актуализирует многозначность значений паремии. Отсюда следует, что паремии превосходят правила логики и используют правила аналогии, так что их можно связать с рядом событий и ситуаций.

Внутри группы паремий категория, которую паремиологи анализируют более тщательно, - это пословицы, учитывая их всеобщее признание, главным образом благодаря просодическим и метрическим элементам. Пословицы обычно состоят из темы и структуры комментариев, которая часто передает моральное послание, раздает мудрые рекомендации или просто описывает аспекты человеческой жизни. “Тема”, которая в большинстве случаев занимает выдающееся положение, является явной и известной частью пословицы, тогда как “комментарий”, который обычно следует за темой, помогает сформировать структуру, которую можно легко запомнить. “Комментарий” требует процесса интерпретации, чтобы можно было расшифровать значение и прояснить имплицитность всей паремии.[4, Ефимова, С. Ю. Русские паремии как средство развития речевой компетенции учащихся в процессе преподавания литературы на предвузовском этапе / С. Ю. Ефимова, А. А. Зюзюкина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 13.2 (117.2). — С. 34-36.]

Однако во многих случаях ярлык “пословицы” включает фразы из пословиц из-за отсутствия четкого разделения между ними. Помимо их принадлежности к категории паремий и их несоставного значения, пословицы и пословичные фразы представляют собой разные паремиальные выражения с разной структурой и разными целями. Эти структуры представляют собой последовательности терминов, определяемых переносным значением, но лишены моральных и этических намерений (как это происходит с пословицами); они скорее описывают реальность, и с лингвистической точки зрения им не хватает синтаксической автономии, и их статус как паремий сильно зависит от контекста.

Различные последовательности терминов были сгруппированы вместе для обозначения выражений, характеризующихся условным значением. Критики используют различные названия для этих структур, такие как идиоматические выражения, высказывания, обороты, пословичные выражения или пословичные фразы; однако в данном исследовании принято название “пословичная фраза”. По сравнению с “пословичным выражением”, которое относится к последовательности слов, регулируемой правилами построения, “пословичная фраза” охватывает даже те именные фразы, заголовком которых является существительное или прилагательное, выражения, содержащие сравнение, и даже отдельные записи. Он также включает в себя те выражения, которые состоят из глагола и различных дополнений, что означает, что выражение является фразовым, а не только лексическим. Более того, “пословичная фраза” предпочтительнее “высказывания”, потому что она подчеркивает, как не буквальное или переносное значение характеризует структуру, в отличие от идиоматического значения, что означает, что выражение просто типично для русского языка.

Поскольку они встроены в культурную и социальную систему, которая их создала, паремии нельзя перевести как деловую транзакцию, а скорее как передачу смысла и сообщения, где исчезают любые жесткие законы рынка и вмешиваются изменчивые законы культуры и общества. Можно было бы сказать, что некоторые паремии являются межкультурными, что означает, что, независимо от различных языковых кодов, они применимы к нескольким культурам.

Литература:

1. Жуков 1991: 9; Савенкова 2002: 55-69; Тарланов 1999: 28-64;

2. Ломакина 2009, 2009а, 2010, 2010а и др;
3. Архангельский 1964; Бабкин 1967; Виноградов 1977;
4. Бетехтина 1999; Вальтер, Мокиенко 2006; Селиверстова 1995.Ефимова, С. Ю. Русские паремии как средство развития речевой компетенции учащихся в процессе преподавания литературы на предвузовском этапе / С. Ю. Ефимова, А. А. Зюзюкина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый.

ӘӨЖ 347.6

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІ

Капасова М.И.

(КҚММ Б.Әшімов атындағы Петропавл кәсіби колледжі)

Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау-білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби кадрларды дайындау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда. Білім беру саласында мамандарды даярлаудың қазіргі ұйымдастырылуының негізінде жүйелі білім берумен қатар, оқу материалын ұғынуда қиындықтар тудыратын бөлек-бөлек тұрғылар да бар. Мұндай жағдайдың негізгі себебі, біздің ойымызша, білім беру процесі негізгі оқу пәндерін оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми ұсыныстарға негізделмейтіндігінде, ал оның өзі білім берудің барлық деңгейлерінде оқу-білім беру процесінің өрістеуіне кері әсер етеді.

Қандай да бір оқу орнында білімді де білікті мамандар даярлаудың сапалы нәтиже иеленуі білім, ғылым, тәрбие жұмыстарының өзара оңтайлы ұштаса жүргізілуіне байланысты екендігі белгілі. Нәтижелі жұмыс кепілі – білімі мен іскерлігі, жаңашыл ізденісі мен тәжірибесі үйлесім тапқан білікті кадрлар.

Елбасымыз Қ.Тоқаев Жолдауында: «Қазақстан оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру» [1], – деп қазіргі таңдағы жоғары мектептердің алдында тұрған ауқымды да жауапты міндеттерді атап көрсеткен болатын. Бұл міндеттердің ауқымдылығы– бірер жылдың аясында бірер оқу орнының көлемінде шешуге болатын межені місе тұтпай, білім саласында жеделдете қолға алынуға тиісті шараларды тұтастай елдік мұратқа ұластыруды көздеген кең құлашты мақсаткерлігінде жатса, жауаптылығы – алға тартылған міндеттердің үрдесінен табылу ұстаздар қауымының ғана емес, барша жұрттың абыройын асқақтатар игілікті іс болуында.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін арттыру процесі қазіргі заманның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, олардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін, ақпараттық және кәсіби құзырлығын қалыптастыру мәселесі де бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Педагог мамандар біліктілігін арттыруда ақпараттық әлемде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба білуіне мүмкіндік туғызуға, өзін-өзі дамытуына және өздігінен білім алуына мүмкіндік алады. Бұл жағдайда дамытудың өзектілігі– жаңа ақпараттық технологияны оқу-тәрбие процесіне жан-жақты, әрі еркін пайдалана білуге үйрету мен дайындаудың сапалығымен анықталады. Ақпараттық жүйелер бойынша мамандарды даярлау тікелей компьютерлік, ақпараттық технологияларға байланысты.

Қоғамның жаһандануы жағдайында қазіргі ақпараттық қоғамның қалыптасуы адамның түрлі салаларды жаңарту қажеттіліктері туындайды. Сондай-ақ, адам біртіндеп ақпараттық қоғамда өзі-өзіне баға беруде және оны өмірмен байланыстырып құрастыруда ерекше қызмет атқара алады. Қазіргі адамның бейнесі өзінің өмірлік іс-әрекетінің

траекториясын құра алатындай қабілетке ие болады және ішкі жан дүниесімен өзін-өзі даму бағасын жете түсінетіндей қасиеті болуы шарт.

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бөлігі– білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, ол – білім беру қызметкерлерін ақпараттандыру саласы бойынша біліктілігін арттыру болып табылады. Студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда оқытушылардың біліктілігін арттыру ерекше мәнге ие.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің негіздерінің бірі болып білім алу саласына ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстары саналады, бірақ бұл негіз ақпараттандыруды басқаша түсіну қаупін туғызып, оны көптеген жағдайларда тек техникалық құралдармен жабдықтауға ғана әкеліп соқтыратыны белгілі. Міне осы тұрғыдан білім беру мәселесін алға тарта отырып ақпараттандыру ісінің мақсатын информатика терминдері арқылы емес, білім саласының мақсаттары мен терминдері арқылы өрнектеуіміз қажет.

Ақпараттандыру ісінде білім жүйесінің адамзат тіршілігінің барлық әлеуметтік аймақтармен әрекеттесуі және олардың бір – біріне әсер етуі толық бейнеленеді. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі мынадай зерттеу бағыттарынан тұрады:

- қазіргі ақпараттық қоғам мен ғаламдық коммуникация жағдайында студент тұлғасын дамыту міндеттеріне сәйкес оқытудың ұйымдық түрлері мен әдістерін, білім беру мазмұнын таңдаудың әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру;

- студенттің ақыл-ой әлеуетін дамытуды, оқу ақпаратын жинау, өңдеу, сақтау, беру, өндіру ісіндегі әртүрлі дербес әрекет түрлерін жүзеге асыра білуді қалыптастыру бойынша оқу әрекетін қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны, оқытудың әдістемелік жүйесін жасау;

- бірлескен ақпараттық желілер мен ғаламдық коммуникациялар базасында жұмыс істейтін «виртуалдық» білім беру мекемелерін дүниеге әкелу, коммуникацияға қол жететін ашық білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарының әлеуетін пайдалану;

- оқу-тәрбие ісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету үрдісін және оқу орнын (оқу орындары жүйесін) ұйымдық басқаруды автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педагогикалық ақпараттық мәліметтер базалары мен банктерін, ақпараттық-әдістемелік материалдарды, коммуникациялық желілерді пайдалану;

- студенттің ақыл-ой қуатының деңгейін белгілеудің, оның білімі мен жетістігін бақылау және бағалаудың компьютерлік тестілеуші, диагностикалаушы әдістемелерін жасап пайдалану.

Қазіргі жағдайда, сабақ өткізу барысында көрнекті және техникалық оқу құралдарын, жаңа ақпараттық білім беру технологиясын (Интернет, мультимедиялар, электрондық сөздіктер, электрондық оқулықтар және т.б.) қолдану, дәрістің сапалылығы мен студенттердің оған деген қызығушылығын арттыратындығы таң қалдырмайды. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күні кәсіби колледждер оқытушылары үшін ерекше өзекті мәселе болып саналады, өйткені білімгерге қабілетін жетілдіруге көмектесіп, өздігінен жұмыс істеуге қызығушылығын тудырып, соны әдетке айналдыруға бағыт беру тікелей оқытушының міндетіне жатады.

Кәсіби колледждерде ақпараттық технологияны қолдану еш қиындыққа түспейді, өйткені білімгерлер бірінші курста-ақ информатика пәнін оқып үйрену барысында компьютерді игеріп алады, нәтижесінде олардың логикалық ойлау қабілеттерді де жақсы жетіледі.

Компьютер – бұл интерактивтік құрылғы. Қазіргі заманға сай, интерактивтік білім беру мақсатында, аталмыш университетінің оқу ісінде, компьютер – жетікті қолданыс тапты. Оның дәлелі, аталған оқу орнында, білімгер, «Интернет» торабында өз бетімен жұмыс істеп, лазерлік дискіден дәріс курсы тыңдауы үшін, ал оқытушымен тек кеңес алу үшін ғана кездесуіне толық мүмкіндік жасалған.

Оқытушы студенттерге ақпарат беру мақсатында, жаңа ақпараттық технологиясының көрнекілігі жағынан өте күшті құралының бірі – лазерлік дискіні (CD-ROM) қолданады. Онда графика мен мәтіннен басқа да, дыбысты қозғалыстағы видеокөріністерді сидыруға болады. Негізінде, бағдарламасы дұрыс құрастырылған компьютер, біріншіден, оқытушы үшін үлкен көмек, екіншіден, студенттер үшін оңтайлы, өйткені компьютер олардың кейбір жариялықты талап етпейтін жағдайларын құпия сақтайды, мысалы, бағдарламадағы дайындық сұрақтарына жауап беру барысында қандай қате жібергенін студенттің өзі ғана біледі, оқытушы біліп қояды деп қорықпайды, сөйтіп студент өз білімін өзі бағалауына мүмкіндік алады.

Ал енді дәрістің өзіне келетін болсақ, кәсіби колледждерде берілетін сабақтың дәстүрлі жетекші түрі. Оқытудың басқа әдістері дәрістің тақырыптары мен мағынасына тікелей байланысты болғандықтан, ол оқудың барлық түрлерінің әдіснамалық және ұйымдастыру негізі болып табылады, сонымен қатар дәріс – студентті ғылымға бейімдейтін бірден бір тәсіл, өйткені ол ғылыми, тәрбиелік, дүниетаным және ақпарат көзі функцияларын қатар орындайды.

Сабақ берушінің көңіл күйі, оқу материалын тыңдаушы топқа жеткізе білуіне, олармен ашық байланыста болуына тікелей әсерін тигізетіндігі дәлелдеуді талап етпейді. Яғни, оның рөлі мен біліктілігі жеке шығармашылығына, материалды түсінікті етіп баяндай білу қабілетіне, тыңдаушы топты тапқырлығымен немесе шеберлігімен үйіріп алу қасиеттеріне байланысты десек қателеспейміз, себебі осының бәрі студенттің пәнге деген қызулығын тудырып, олардың ойлау қабілетін шыңдайтыны белгілі.

Қалай десек те, оқулықтар мен дәріс арқылы берілетін материалдың мазмұны бір болғанымен, оқытудағы дәрістің алатын орны бөлек. Анығын айтсақ, дәріс, біріншіден, пән туралы толық мағлұмат береді, оның ғылым саласындағы алатын орнын, басқа пәндермен байланысын айқындайды, ең бастысы пәнге деген қызулығының тууына себепкер болады. Екіншіден, білімгер, ғылым мен техниканың заманға сай болып жатқан өзгерістерін, өндіріс орындарындағы болып жатқан жаңалықтарды, әр тақырыпқа сәйкес жаңа мәліметтерді дәріс берушіден естиді.

Яғни, колледждегі дәріс дегеніміз, студенттерге оқулықтың мағынасын әшейін ғана айтып беру емес, ол белгілі бір білім саласындағы оқытушының ғылыми педагогикалық жеке шығармашылығы. Пәннің әр тақырыбына тиянақты көңіл бөле дайындалу, көңілге қонарлық мысалдар келтіре отырып студенттерді еліте білу, олардың ой – өрісін кеңейту, өз беттерімен ойлау қабілеттерін оятып, бағыт бере білу – бүгінгі күні оқытушыларға қойылатын талаптардың ерекше түрі. Сол себепті, оқытушының оқу пәнін жан-жақты білуге міндетті болғанымен қатар, педагогикалық және психологиялық мәселелер жағынан да түсінігі терең болуы тиіс.

Кәсіби колледжде сабақтары техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған арнайы аудиторияларда өткізіледі. Бұндай аудиторияларда дәріс, мұғалімнің «тақтаның алдында түсіндіру» сияқты міндетінен құтқарып, уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, дәрісті бұндай автоматтандырылған аудиторияларда көрнекі құралдарды кеңінен қолдану арқылы өткізудің, дәстүрлі сабақ беру әдістемесінен үлкен айырмашылығы бар. Менің ойымша, ақпараттық камтамасыздандыру жүйесі мен техникалық оқыту құралдарын біріктіру арқылы жоғары педагогикалық сапаға жетуге болады. Бұл жағдайда, оқытушының рөлі мен біліктілігі оқу

мен ғылымды біріктіре білуде, яғни, дәрістің мәні мен мақсатын, оның ғылыми мазмұнын, білімді, белсенді түрде меңгерудің дидактикалық тәсілін айқындай білуде. Осы мәселені шешу мақсатында, аталмыш оқу орнының оқытушылары, оқыту процесіне мұқият жете зерттеліп дайындалған қазіргі заманға лайық, бұрынғы оқулықтардан ерекшеленетін, ғылыми дәйектелген оқулықтар мен әдістемелік құралдар енгізу үшін атсалысуда.

Тұжырымдай келе айтарым, оқытудың түрлері мен әдістерін дәріс беру мәселесінен бастау керек. Дәріс беру сабағы студенттердің логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге, есту, көру және есте сақтау қабілеттерін ынталандыруға бағытталуы тиіс. Сол үшін, алдын ала дайындалған, студенттерге таратып берілетін материалдарды (Handouts), графикалық және әдістемелік оқулықтарды (плакаттар, сұлбалар, кестелер), техникалық құралдарды (компьютерлік, аудио- және бейнелі ақпарат) кеңінен қолдану керек. Айтып өткендей, қазіргі кезде, оқытушының рөлі мен біліктілігі дәріс өткізу барысында жаңа ақпараттық технологияны қолдана білуіне көп байланысты, сондықтан менің ойымша, дәріс беру жөнінен шетелдік әріптестердің тәжірибесіне жүгіне отырып, дәстүрлі білім беру үрдісіне жаңа бағыттағы өзгерістер енгізу арқылы оқыту үлкен жетістіктерге жеткізер еді. Мысалы, берілетін әр дәрістің тақырыбына сәйкес, алдын ала арнайы дайындалған, қаралатын мәселелердің негізгі міндеттері белгіленген, ақпаратты сипаттағы активті материалдарды студенттерге тарату, бірлескен шығармашылық, бірлескен шешім, яғни қалыптасқан тура және кері байланыс жүйесін ауызша ғана емес, Интернет жүйесі арқылы тудыру, өте күрделі тапсырмаларды өз бетімен орындағаны үшін жүйелі түрде мадақтау, өздік жұмыстарын ұйымдастыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, оны жете меңгеру мақсатында белгілі бір талап қою.

Сонымен, «Ұстаздық» деп аталатын ұлы жолды таңдап, өмірін сол мақсатқа қызмет етуге арнаған талапты жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде мақсаттарын айқын белгілеп, міндеттерін нақтылай айқындап үлгерген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті бүгінге дейінгі аралықта қаншалықты табысты нәтижелерге қол жеткізсе, алдағы күндерде де межелі биіктерден табылары анық.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жыл, ақпан.
2. Правила кредитной системы обучения. (Проект).- Астана, 2019.
3. Сборник инструктивно-организационной документации по внедрению КСО в КазГАСА. - Алматы, 2018.
4. Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. I том. - Алматы, 2016.
5. Қазақстан Республикасының білім мекемелерінде информатика пәнін оқыту. II том. - Алматы, 2016.

FORMATION OF LISTENING AND SPEAKING SKILLS AT ENGLISH LESSONS

Kashkeyeva Aidana Baizhumayevna
senior teacher, master of philological sciences
(Abay Kazakh National Pedagogical University
Kazakhstan, Almaty)

Annotation

The formation of communicative competence is the main and leading goal of teaching a foreign language. Oral communication, the role of which has now become especially significant, is impossible without a well-developed speaking ability. The article examines the importance of listening to the English language and the formation of listening skills. For competent foreign language communication, it is necessary to know the grammatical rules, constantly replenish your

vocabulary, have knowledge of the phonetic features of the language, an idea of the traditions and culture of the language being studied and, of course, develop speaking skills. The article describes the types of speech activity, reveals the possibilities of comprehensive training in these types based on a competence-based approach. Formation of a multicultural personality of students who possess a system of knowledge about a foreign language not only at the level of understanding, but also of free communication.

Keywords: oral speech, speech activity, competence, speaking and listening skills, foreign language communication.

English language teaching is healthier now as a profession than it has ever been: certainly it is better informed. There are more good materials than ever before. More articles and books about teaching and those areas of applied linguistics which concern it are published every day. The objective need of modern society is the search for optimal ways to organize the educational process in school. A graduate of a modern school should be ready for full-fledged creative activity in the modern Information Society, which means that he should not only have certain knowledge, but also acquire skills and abilities that allow him to carry out education and education. work activities, as well as modern values, guidelines and experience of creative activity, the ability to use new technologies, readiness for interpersonal, intercultural cooperation both within the country and at the international level[1; 28].

It is known that a person's daily life consists of communication. And the basis of communication is listening. Therefore, the presence of a good relationship consists in proper communication, or rather, in understanding each other by people. A person of any age can not listen to a song after he does not understand the information that he does not understand, no matter how pleasant the melody is. Learning to listen and understand information in another language is effective only if it is conducted systematically and continuously. Therefore, the main purpose of the article is to teach you how to listen in lessons, how to listen for conversation, how to use the information you have listened to, and how to control the results of learning the information you have listened to. For this purpose, there are questions related to the requirements for the readiness of language learners to master listening activities, the choice of information to be listened to, the equipment for listening, as well as the perception and memorization of information by the language learner. According to the scientist F.Orazbayeva understanding is the most important indicator that is inherent in all types of conversational activities. If one person does not understand what the other person is saying, then there is no discussion and conversation. Speaking, reading, writing, hearing, and speaking in relation to conversational activities are based on understanding a certain informed, expressed thought. Therefore, it is not necessary to understand what "auditioning" means, he says that he calls "listening", recognizing the process of understanding as a common position for all these actions.

In methods of teaching foreign languages, there are two main ways of forming speaking skills: 1) "top down", 2) "bottom up". The first way involves the development of speaking skills based on the text read. The second way is associated with the development of these skills without relying on the text, starting only from the topics and problems of the discussed issues, the studied vocabulary and grammar, as well as speech structures.

Teaching top-down speaking has a number of benefits. The speech situation is set by the text itself; the teacher does not need to figure out how to create it in the classroom. In this case, we are only talking about its use to generate speech utterances of students and about partial modification with the help of speech settings and exercises[5; 24].

The process of learning to communicate in a foreign language is a model of the process of specific communication according to the main parameters: argumentation, purposefulness, declaration of the process of communication, novelty, situational, functional, description of the interaction of communicators and a system of speech tools.

A comprehensive description of the culture of foreign languages is a reflection of the interrelationship and unity of its educational, cognitive, educational and developmental aspects. All these aspects have the same value.

Four aspects of foreign culture are integrated into any type of training and work in the educational process.

This principle is related to the relationship between the intermediate aspect and the internal aspect. For example, the interrelationship and interrelationship of four types of internal speech activity (reading, speaking, audio equipment and writing) in the educational process is assumed.

The principle of modeling the content of aspects of foreign language culture.

The volume of country studies and linguistic knowledge cannot be mastered within the framework of a single school course. Therefore, it is necessary to build a model of the content of the cognitive object. It is necessary that the culture and language system of the country under consideration is sufficiently reflected here. For this purpose, it is advisable to take into account cognitive requirements in teaching.

The principle of management of the educational process on the basis of quantum and software bases.

All components of the educational process (purpose, teaching aids, materials, etc.) in any training system must be quantized. Without quantization, the goal is irrelevant, the material is unproductive, the condition cannot be optimal, and the necessary training tools may also not match. It is impossible to make the learning system optimal without controlling the management of learning and its effectiveness.

The principle of consistency in the organization of English Language Teaching.

According to this principle, the system of communicative learning is built in a reversible way. That is, first the final product (goal) is determined, and then the knowledge that leads to the result is determined.

The proposed system includes the English teacher and the student himself and his parents, as well as other subject teachers. Interdisciplinary communication is used as an additional motivational tool for those who are not interested in a foreign language.

The regularity of the organization of the learning process projects the stages of language acquisition, i.e. various degrees of the learning process are integrated into it: the level of the learning process (primary, junior, secondary, higher); the stage level of learning that defines the internal stages; the stage level (stages) of formation of lexical and grammatical skills, the stage of improvement of skills, the stage of development of skills); the stage of learning that defines the internal stages (imitation (imitation), transformation, copying and combining stages)[6; 28].

The principle of teaching English on the basis of an event as a system of interaction.

Communicative learning is carried out on the basis of understandable events, as a system of interaction. The event unfolds as a dynamic system of mutual social, situational, role-playing, action and moral communication of the subjects involved in the relationship. It is a universal form that implements the learning process, and also serves to improve the method of motivating speech activity and organizing speech tools, which is the main condition for the development of parallel speech and the formation of speech skills. In the communicative method, All Event functions are used.

The principle of individuality in mastering the English language.

In the communicative method, the student is considered an individual.

In the communicative method, the student is considered an individual. Each student will have their own specific behavior. In communicative learning, their individual abilities are determined and directed to their further development. For this purpose, tests are used to reveal their abilities and special tools for training for improvement. Human development depends on many factors. The most important thing is the interaction of students in learning.

In the process of organizing joint work of students, it is planned to improve their personal qualities. After all, it is very necessary to cooperate productively.

The system of the communicative method provides for a whole set of support for educational and scientific motivation. Independence of students in mastering the English language and the principle of development of their thinking activity. This method is based on the intellectual needs of students, and it encourages them to improve the mental activity of the language

learner. The tasks of thinking tend to develop the following mechanisms of thought: the mechanism of awareness of events, evaluation of feedback signs and solutions perception, target definition mechanism, selection and combination mechanism.

In this methodology, great attention is paid to the development of freedom of thought, especially in the process of discussing a problem [7;14]. Freedom is related to control. In communicative learning, strategies are often used that plan to replace control with self-control and mutual control.

Functional principle of teaching English.

According to this principle, each student should not only learn the language experimentally, but also be able to apply the acquired knowledge in the right place.

According to this principle, a number of functions of speech activity are studied in the process of interaction between people. The principle of functionalism, functions performed through language are a form of learning.

The principle of innovation in teaching English.

In communicative learning, the content and organizational forms of the lesson consist of innovations.

According to the principle of novelty, it is necessary to use exercises and texts that are considered new for students. In this principle, the relationship and mutual conditionality of the student community complement each other. Therefore, in order to continue the proposed system, it is advisable to preserve all the above principles and apply them in a comprehensive manner.

These are methodological principles that have a conceptual significance for the projective method. The principle of study, where students are required to rely on a system of grammatical rules, with which they work using tables.

The principle of accessibility is provided primarily by the processing of educational material during the organization of the training course, which considers a number of issues related to the projective method.

The principle of activity.

In the method of activity, the main place is occupied by the activity of the student. This method considers the high activity of the student in mastering language tools and the basis for obtaining knowledge and mastering science through the use of these language tools [8; 12].

The following methods of distance learning:

Material and technical conditions for the implementation of information and communication and distance learning technologies;

Content (content) of educational programs in specialties for electronic media;

In the presence of personnel trained for possible interaction of subjects of the educational process, educational organizations that have licenses for educational activities may be implemented.

Distance learning can be implemented using three main technologies:

- Network technology (autonomous network courses or virtual classrooms, schools using the Internet);

- Distance learning based on case technologies;

- Distance learning based on TV technologies. Organization of the educational process in the form of distance

The main tasks of organizing the educational process using distance learning technologies are::

1) personalization of training;

2) improving the efficiency (quality) of training;

3) provision of educational services for persons whose traditional form of education is unacceptable.

For the organization and proper functioning of the distance learning system in educational organizations, it is necessary to perform the following functions::

1) delivery of educational materials to students;

2) providing advice;

3) Organization of feedback with students;

4) control of students' knowledge.

In educational organizations (including schools):

Educational Internet portal with pages containing educational, methodological and administrative information for students;

Various terminals: multimedia classes, electronic reading rooms;

Educational content for CDs and DVDs (proprietary and/ or purchased);

Network educational multimedia content (proprietary and recoverable);

Teaching, teaching, support and technical personnel who have received appropriate training;

Multimedia laboratories for creating their own content (local and network);

Network learning management systems (LMS);

The presence of learning Content Management Systems (LCMS) is a necessary condition for organizing the educational process in distance learning.

Forms of distance learning: video lectures, television lectures; radio lectures; multimedia lectures; video conferences; teleconferences; independent work of students on electronic educational publications (electronic textbooks, multimedia training programs, simulators, information and reference systems), virtual laboratory workshops (simulation models); computer testing systems; consultations via forums, chats and e-mail.

Consider the psychological foundations of teaching speaking. Speech in a foreign language is characterized by a rather complex psychological structure, depending on how exactly (passively or actively) the means of a foreign language are used. In the functional and dynamic terms, oral speech breaks down into the processes of listening and speaking[10; 94]. When listening, a person perceives those foreign language means with the help of which someone else's foreign language speech is formed. When speaking, the reverse process occurs - from thought to words. First, a person has thoughts, and then he implements these thoughts into words. In order for students to move directly from their thoughts to their immediate design, it is necessary to encourage them to talk about what they can say, meaning the students have already mastered or only previously explained, but not yet assimilated foreign language words and grammatical constructions. The skills of fluent speaking in a foreign language should be developed only under the conditions and under the influence of genuine speech activity[15; 37]. The main psychological condition for the formation of speaking skills is the presence of an auditory image or representation of what should be said. Students often find it difficult to speak a foreign language, not because they have not formed an articulatory-motor skill, but because they do not know what and how to say, since they have a poor idea of what they should get. Hence, first of all, it is necessary to ensure that the foreign language design of thoughts is present in the minds of students in the form of certain auditory representations[12; 21]. Since the latter can arise only as a result of the auditory perception of a foreign speech, then, before training students in speaking a foreign language, they must be well trained in listening to a foreign speech, hence the need to create a natural speech situation. When creating a natural speech situation, the student should feel as little as possible that he is engaged in learning activities.

Analysis of the methodological literature shows that of the four types of speech activity: speaking, reading, listening and writing, listening accounts for the least amount of time spent in a foreign language lesson, although from the point of view of practical knowledge of a foreign language, listening occupies a position no less important than speaking[13; 18].

When selecting a text for listening, its linguistic features, content characteristics and compositional features are taken into account. When assessing the mental characteristics of a student, first of all, his speech hearing, attention and memory, the ability to speech guess and probabilistic forecasting, the level of development of internal speech are taken into account.

Learning to listen and develop skills involves the gradual formation of receptive auditory skills when working with phonetic, lexical and grammatical material, i.e. skills of recognition and

understanding of words, phrases, grammatical design of LEs of different levels in phrases, sentences in coherent texts. Auditory skill - understanding a coherent text.

Most methodologists classify auditing exercises into preparatory and speech exercises. The preparatory ones are aimed at overcoming certain difficulties in listening and at the formation of its mechanisms[14; 45]. Speech is a controlled speech activity, since they provide listening practice based on a comprehensive overcoming of auditory difficulties, suggest semantic perception of a speech work in conditions approaching natural communication and the implementation of the communicative function of audio activity, are aimed at improving the process of semantic perception and attaining a certain level of understanding.

Speech exercises are often called listening exercises, which are performed at the level of a complete speech whole, i.e. expanded text:

- Listen and understand who or what is meant;
- Title listened;
- Break the audio text into semantic pieces;
- Write down the main content in the form of keywords;
- Transfer content in your native language.

The choice of one or another speech exercise depends on the type of listening (global, selective, detailed) [15; 237].

Summing up, it should be noted that in order to develop listening skills, it is necessary to use in the classroom authentic material corresponding to the level of students' language proficiency, relevant to the topics studied and vocabulary. The audiovisualization technique makes it possible to understand the content of authentic audiovisual materials. Through the development of listening skills, students achieve the following achievements::

- notes differences between similar sounds;
- learn to pay attention to keywords;
- "it's easy to understand and answer simple instructions.";
- will be able to find out the difference in content in the information;
- learns to recognize song lyrics correctly;
- understands the development of a simple conversation;
- "I'm sorry," I said, " but I don't know what you're talking about.";
- distinguishes the style of the text of the idal;
- can find the main idea, etc.

Thus, on the basis of the above, in order to form a stable skill of listening comprehension, it is necessary to identify difficulties in teaching listening, to look for ways to overcome them. It is very important for overcoming difficulties to correctly determine the required level of complexity of the text and the pace of presentation of the text by the teacher. To overcome the difficulties associated with understanding the speech of native speakers, it is necessary to listen to their speech from the beginning of training, gradually reducing the number of texts presented by the teacher. The more different announcers the student listens to, the easier it will be to adapt to the individual manner of speech.

List of used literature:

- 1.Lasswell H.D. "The structure and function of communication in society"// The communication of Ideas, New York, 1948
- 2.Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. — 2011. — №4. — 23–25-б
- 3.Вайсбурд, М.Л. Сөйлеудағдыларынақойылатынталаптар/М.Л. Вайсбурд.
- 4.- 2013. -- 23 б.
- 5.How Can I Improve My Students' Speaking Skills? [Электронный ресурс]. URL: http://www.researchgate.net/post/How_can_I_improve_my_students_speaking_skills (дата обращения: 05.06.2014).
- 6.Верещагина, В. А. Сегіз жылдық мектеп оқушыларына диалогтік сөйлеуді үйрету / В. А. Верещагин. - Мәскеу: [э. және.], 1969. - 16 б.

7. Галькова, Н.Д. Шет тілін оқытудың теориясы: лингводидактика және әдістеме / Н.Д. Гальскова. - М.: Баспа. «Академия» орталығы, 2004. - 336 б.
8. Браун, Дж. Д. Екінші тілді үйренудегі зерттеулерді түсіну: Статистика және зерттеу дизайны бойынша мұғалімнің нұсқаулығы / Дж. Д. Браун. - Кембридж университетінің баспасы, 1988. -- 240 б.
9. Кравченко А.В. Язык и восприятие // Когнитивные аспекты языковой категоризации, - Иркутск, 1996, с 34-41.
10. Хуторской А.В. «Учебник как средство самореализации ученика и учителя» М., РАО, 2004- С.236-240
11. Berry J.W. “Cross cultural psychology: research and applications” New York, Cambridge
12. Ван Дейк Т.А. «Язык. Познание. Коммуникация» Благовещенск: БГК им. И. А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. — 308 с.
13. Кубрякова Е.С. «Язык и знание. На пути получения знаний о языке: части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира» Рос. академия наук. Ин-т языкознания. — М.: Языки славянской культуры, 2004. — 560 с. — (Язык. Семиотика. Культура)
14. Маркова А.К. Формирование мотивации учения. Книга для учителя. М.: Просвещение, 1990.
15. Елухина Н.В. Обучение аудированию в русле коммуникативноориентированной методики // Иностранные языки в школе - 1989.

МЕКТЕПТЕ ДАСТАНДЫ ОҚЫТУ

Казыбаева Т.Д., Турсунбаева М.Д.

(№2 мектеп-лицейі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімдері
Көкшетау қаласы)

Лиро-эпикалық поэмаларда эпикалық элемент те, лирикалық элемент те бар. Лирикалық эпикалық поэзияда лирикалық жақтар басымырақ. Лирикалық поэзияның тақырыбы-махаббат сезімі. Қатысушы қаһармандары - қарапайым адамдар. Бұл батырлар жырынан айырмашылығы, батырлық, жырлары батырлық, ерлікті дәріптейді. Батырлық өлеңдерде-патриоттық сезімдер, лирикалық өлеңдерде - кейіпкерлердің махаббат жолында бастан кешкен қиындықтары, тәжірибелері туралы айтылады. Осындай күрделі шығармаларды мектепте оқытуға қойылар талап та биік.

Осы талапты шешуде Қ.П.Жүсіптің ұсынған әдістемесі мұғалімдерге үлкен көмек болары сөзсіз Әдіскер ғалым: «Дастанды оқытуға арналған үлкенді-кішілі еңбектердің бәрінде шығарманың идеялық-тақырыптық негізін мазмұндаумен, басқа үлгілермен салыстырумен т.б. шектеліп, туынды көркемдігіне үңілте алмай келгеніміз де рас. Біз осы мәселені шешуді, шығарма құдіретіне ден қоюға оқушыларды бағыттауды мақсат еттік. Алдымен поэмада әспеттелер идеяға тұғыр іспетті табиғат көрінісін, орталық қаһарман Ақан мекен еткен, оның өнеріне, өміріне шабыт берген Көкшетауды неғұрлым көркем нақыштаған үзіндіні оқушыларды сабаққа дейін жазып келуін ұйымдастырған жөн» [1, 38 б.],-деп баса көрсетеді. Шындығында мектепте кейде көлемді шығарманың мазмұнын айтумен шектелетін жағдайлар аз емес. Оқушының мазмұнын жалаң баяндауы оны жалықтыруы мүмкін, оқушыдан тек мазмұнын сұрамай, оқиға желісін талдай отырып, жетекші сұрақтар арқылы идеясын ашып, баяндалған жайттың мәніне үңілтес, сабақтың маңыздылығы артар еді. Осы мәселердің шешімін біз Қ.П.Жүсіптің еңбектерінен табамыз. Ғалым С.Сейфуллин поэмаларын оқытудың жолдарын, І.Жансүгіровтің «Құлагерін», С.Торайғыровтың поэмаларын, т.б. көлемді туындыларды оқытудың жолын анықтап берді десек, асыра айтқан болмайды деп санаймыз.

Бүгінгі дамыта оқыту принципі проблемалық оқытусыз мүмкін емес. Ал проблемалық оқыту проблемалық ситуациясыз, іздендірерлік сұрақ-тапсырмасыз жүзеге аспақ емес. Мұның бәрі бір-бірімен сабақтас, өзектес. Көркем әдебиетті оқытудағы басты мақсат оқушылардың жалпы ой-өрісін, әдеби білімін дамыту, оның бойына адамгершілік асыл қасиеттерді егу. Эстетикалық талғамын арттыру. Қ.П.Жүсіп ұсынған сұрақ-тапсырмалар осы мақсаттарды көздеген. Шығарманы творчестволықпен оқи білген, эстетикалық талдауға үйренген оқушы қандай күрделі қиын сұрақ-тапсырмаларды болсын орындай алады. Сұрақ

қоя білу – дамуға орта құру, қоршаған ортаға бейімделу, қажеттілік туғызу, тіл дамыту. Қ.Жүсіп өзінің әдістемелік еңбегінде дастанды сұрақ қоя отырып талдап, негізгі идеясын ашып, кейіпкерлерінің бейнесін ашуда, шығарманың тілдік ерекшеліктерін талдауда жақсы қолданған.

Қ. Жүсіптің І.Жансүгіровтің «Құлагер» дастанын талдаған сабақ жоспарының үлгісіне назар аударсақ, әдіскер алдымен дастанның тақырыбына, оның қазақ әдебиетінде алатын орнына, көтерген мәселесі мен құрылысына, кейіпкерлеріне тоқталып өтеді. Мұғалімдерге тікелей жол сілтейді. Ғалымның сауалдары баланың тілін дамытып қана қоймайды, эстетикалық танымын кеңейтеді, оқушының әдебиетке, әдебиет арқылы туған жер табиғатына, туған еліне деген сүйіспеншілігін оятады. Әдіскер ғалым мұғалімнің қол көтерген оқушылардан ғана сабақ сұрауын дұрыс санамайды. Кез келген мұғалімнің сыныптағы оқушылардың орташа, нашар үлгеретіндердің ізденбей қалып қоюына жол бермеу керектігін ескертеді. Мұғалімнің бар оқушының толық қатысуын қадағалап, әр қайсысына жеке таратылған өлең жолдарына белгі қоюын талап еткені дұрыс деп санайды. Оқушылар үзіндіге өзіндік белгілерін, өз ұйғарымдарын қойып шығуын қадағалағаны дұрыс. Алдымен нашар үлгеретінді тұрғызып, белгілі бір сөзге, не сөз тіркесіне қандай белгі қойылғанын сұрау, кейін оның жауабын басқалардың толықтыруына, демек әркімнің өз әріптесінен қаншалық қалып қойғанын бағамдауына мүмкіндік беру керектігін айтады.

«Мұғалім сөзі» деп оқытушының оқушыға қояр сауалдарын да ұсынады. Оқушылардың «ықтимал жауабын» келтіреді. Оқушылардың толық сабаққа тартылуы, әр оқушының ойын жеткізе алуына жағдайдың жасалуы сабақтың нәтижелі болуына әкеледі. Бұдан әрі оқушылардың бірі бастап, екіншілері өрбітуі, мұғалім жетектеуі, түйіндеуінің, бәрін ықтимал жауап есебінде жинақталады.

Міне, осындай ізерлеп нақты талдай білулерден кейін барып, оқушылар табиғат әсемдігіне, ақынның сөз қолдану шеберлігіне ден қойып, шығармадағы негізгі түйінді, зейнеттілікті, озықтықты сақтау идеясын қабылдауға дайындалады. Оқытушы бұдан кейін әрі табиғат сұлулығын, әрі ақын бейнесін танытарлық үзінділерге көңіл бөлгізеді

Үзіндінің әр оқушы алдында көшірілген түрі бар екендігіне көз жеткізген соң, мұғалім әрі осының алдында берілген сауалдар бойынша, әрі қосылған сұрақтарға байланысты жауаптарды қабағат әзірлеуді тапсырады.

Сауалдар:

21. *Ақанның табиғатқа арқа сүйеп, одан сүйеніш табатынын бейнелеген сөз, не сөз тіркестерін тауып белгілеу*

22. *Ақанның жерінен айырылу қасіретін ашарлық сөздер?*

23. *Ақанның сүйіктісінен ажырау мұңын танытарлық үлгілер?*

24. *Ақан үні, әні келістігі белгісі?*

25. *Жалпы Ақан күрескерлігі.*

26. *Ақан қиналысы.*

Мұғалім сауалдарынан кейін ықтимал жауаптар ұсынылады.

Шығармада тек табиғат әсемдігі мен ақын шеберлігі ғана оқушы назарында болмайды, сонымен бірге оқушы сюжет бойынша шығарма қаһармандарына баға беріп, кейіпкер образын ашу үшін де еңбектенеді. Мысалы, осы туындыдағы Ақан мен Батырашқа оқушылар баға береді.

«Мұғалім жауаптарды жинақтап, қорыта келе, айтылған ұйғарымдар ішінде Ақанда әрі намысқорлық, әрі аздап мақтансүйгіштік те орын алғанын атап көрсетеді. Одан әрі оқытушы Батыраштың донайбат білдіруінен кейін есе жібермей қайтарған Ақан жауабына үңілтеді.

- ат жарысы басталар тұста Құлагерге мінген балаға айтқан Ақан сөздерін бөліп алып, оған баға беру тапсырылады;

- мұғалім одан әрі соққы тиіп, өліп бара жатқан Құлагер қасындағы Ақан қайғысына көңіл бөлгізеді.

Осы үзіндіге байланысты мұғалім сауалдары:

1. Ақан күйзелісін әсіресе қай сөз қалай ашып тұр?
2. Мұндағы ауыстыруларды кім табады? Ауыстырулардың әсерлі естілу себебі неде?

3. Кейіптеу бар ма? Ол қаншалық жүк көтерген?

Ықтимал жауаптар:

1. Әсіресе «шырқырайды», «егіліп» сөздерінде Ақанның қатты үн шығаруы, шерленуі нақты өрнектелген.

2. «Сорлы иеннің бұлағы», «тірегі көңілімнің» - ауыстырма тіркестер болса, «бәйтерегім» - ауыстыру. Себебі бұл сөздер шартты ұқсастыққа негізделген, ауыспалы мағынада алынған баламалар. Ал, бұл ауыстырулардың ерекше әсерлі естілу себебі: сөйткен бұлақтың суалуы, соншалық сүйеніш ағаштың құлауы - бәрі орны толмас апатты жайып салады.

Келесі үзінділерден мұғалім сұрақтар қою арқылы шендестіру, ауыстыру, Ақан бапкерлігі қайдан көрінеді, теңеу, Ақанның Құлагерге деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы қай жерінен көрінеді т.б. сұрақтарды қоя отырып, оқушылардың жауаптарын өзі толықтырып жалпы түйін шығарады.

Мұғалім бұдан кейін үзінділерге тоқталып оқушылармен бірге Ақан мен Батыраштың бейнесін ашады.

Одан әрі Батыраштың Құлагерге баға беруі кестеленген үзінді келтіріледі де, баға беру тағы оқушы еншісіне қалдырылады.

Мұғалім түсінігі:

- Иә, дұрыс белгілепсіңдер, бұдан біз сырт тұрқына қарап, ат сипатын Батыраштың жете танығанын, бапкерлігін байқаймыз. Тек осы бақылаудан кейін берілген: «Түтігіп, қап- қара боп тұрды Батыраш \\
Жалғыз-ақ Қап-қап! Болып айтқан сөзі» суреттемесінен Батыраштың өзіміз, іші тар екенін де аңдаймыз.

Мұғалім сауалы:

- Құлагерге қастандық жасалғаннан кейін, соны мойындау орнына қарсы дау салған Батыраштың сөздеріне қарап, қандай баға бересіздер?

Осылайша дастандағы Ақан, Батыраш бейнелерін саралап тамамдаған соң, шығарма идеясын кең ашу үшін жүйріктіктің, озықтықтың символдық белгісіне айналған Құлагер бейнесін де арнайы талдатуына болады. Мұнда да алдымен үзінді ұсынылып, ізінше оқушы жауабы талап етіледі. Мәселен, атақты ат білгірі, бапкері Күреңбай сыншы Құлагерге берген бағасына талдау жасалады.

Оқушылар Құлагердің ерекше сипаттарын айтып, талдайды.

Мұғалім одан әрі оқушыларға үй тапсымасына ұсынылған шығарма тілі бойынша бірер үлгіні өзі талдап көрсетеді. Мәселен, «Алапқа бетегедей киіз төсеп, \\
Оранған орманды тау ағашына» - деген жолдарғы «оранған» сөзінің астын сызып, оны ағаш көптігінің белгісі ретінде алады. Себебі ағаш аз болса, белгілі бір көлемді аумаққа ие болған тау онымен орана алмас еді. Демек біз «Көптік ұғымды білдіретін сөздер», - деп тапсырсақ, онда белгілі бір санды белгілеген, немесе «көп», «мол» деп жалпылама айтыла салған сөздерді термейсіздер. Қайта осы ұғымды неғұрлым нақты ашқан, жеке өзінде сурет, көрініс жатқандай әсер қалдыратын, бейнелі сөздер мен сөз тіркесулерін тауып белгілеу қажет. Мына дәйектелген мысал сол үлгіге жатады. Бұл талап біз ұсынған басқа да тақырыптарға тән.

Ал екінші сабақта оқушылардың бірі сәтті, бірі сәтсіз дегендей, жазып келгендерін сараптап, жүйелеп, жауаптары бекітіледі.

«Құлагер» дастанының көркемдік ерекшеліктері, тілі талданып болған соң мұғалім оқушыларға қорытынды сұрақ қояды:

- Енді дастанның өзекті идеясын кім ашып дәйектейді?

Оқушылардың сәтті, сәтсіз аралас түрлі тұжырымдарын тыңдап болғаннан кейін, оқытушы мына түйінге жүгінтеді:

- Өзекті идея: «Жүйрікті күндеме, оған қастық қылма!» - дегенге саяды, Батыраш жіберген адам бәйгеде алға шығады деген Құлагерге айбалта сілтеді. Одан әрі Құлагер

шекесінен «шүмектеп», «бұрқырап» шыққан қан арқылы ат қиналысына деген аяныш тудырып, - бәрі асылды қимастық сезімін өрбітіп тұр».

Бұл берілген үзіндіде ғалымның шығарманың қыр-сырын жетік меңгеріп, тілін, көркемдігі мен ақын шеберлігін, туындының идеясы, сюжеті, т.с.с маңызды бөліктерінің барлығын қамтығандығын көреміз. Анығында бұл талаптарды орындау мұғалімнің де білімділігін, шеберлігін талап етеді. Егер ғалым ұсынған әдістерді сабақ барысында қолданар болса, оқушыларға әдебиет күдіретін тану мүмкіндігі туар еді.

Әдіскер ғалымның «Қазіргі өскелең заман биігімен бағамдасақ, күншілдік, қаскүнемдік ол кезде Ақан мінген Құлагерді мерт етсе, кейін соны 1936 жылы нақыштап, аяушылық білдіріп: «Озыққа тиіспе!» - деп дабыл қаққан Ілиястың өзін арада екі жыл өтер-өтпесте құрбан қылды», -деуі де жас ұрпаққа еліміздің тарихынан да мәлімет беріп отырғандығын аңғарамыз. Өнер қайраткерлері, елін сүйген ел арыстарының репрессия құрбаны болғаны жөнінде қосымаш мағлұматты оқушыға ескерте кетеді. Сол арыстардың бірі – І.Жансүгіров екенін білеміз.

«Құлагер» поэмасын өту үстінде, көркем шығарманың тіліне байланысты өздігінен жұмыс жүргізу пайдалы. Бұл поэма нелер сөз өрнектеріне толы. Бір есте болатын нәрсе шәкірттер көбіне көркем сөз образының ішкі, астарлы мәніне терең бара бермейтіндігі. Сондықтан мұғалім сөздің қалың қатпарына, ішкі мағынасына балаларды үнілдіре үйрету керек. Оқушы неғұрлым тереңдеп барса, сөрғұлым ол шығармадан күшті әсер алады.

Тілдік бояу шығарманың композициялық құрылымына байланысты. Мұны «Құлагер» поэмасын талдау үстінде шәкірттерге таныту орайлы.

«Құлагер» поэмасы Ілиястың саңлақ өнер иесі екенін анық танытты. Мұнда ақынның нәзік сыршылдығы, «Ұзаққа жүгіретін өнер жүйріктігі», жез таңдай бұлбұл ақындығы бой көрсетті. Ақын - «сөздердің асыл, көркем тасын қалай», сөз маржанынан «бір сұлу сарай» тұрғызып кетті.

Поэманың идеялық-көркемдік табиғатын таныту мақсатында шәкірттерге ізденерлік, ойланарлық, шығарманың ішкі құрылымына енерлік сұрақ-тапсырмалар беру жөн. Ал сұрақтар мен тапсырмаларға тексті творчестволықпен оқып шыққан шәкірт қана жауап бере алады. Жалпы қай шығарманы өткенде болсын сұрақ-тапсырмалар шәкірттерді текске жетектейтін болуы керек. Сол сұрақ-тапсырмалар оларды ойландырып-іздендіруді нысаны етулері керек. Дидактиканың бүгінгі талабы міне осында.

Мұғалім оқыту процесінде, шәкірттердің білім өресіне, дағдысына, шығарманың жанрлық ерекшелігіне орай сұрақ-тапсырмаларды өзінше түрлендіріп беруіне, құрауына болады. Бірақ сол сұрақ-тапсырмалар қайткенде де шәкіртті мәтінге үнілдірсін, шығарманың эстетикалық табиғаты арқылы идеялық мазмұнын ашуға дағдыландыру болсын. Басты мәселе - міне осында. Ал қазірде бізде жоғары кластарда сұрақ-тапсырмалардың қалыптасқан жүйесі жоқ. Әр мұғалім өзінше әрекет жасайды. Соның нәтижесінде оқыту практикасында ала-құлалық көп. Мұғалімдердің сұрақ-тапсырмалары көбінде көркем шығарманың мазмұнын айтып беруге саяды.

Әдебиетті өнермен байланысты оқытудың түрлері көп. Ғалым Қ.П.Жүсіп өлең оқытқанда бір ақынның шығармасын талдап қана қою жеткіліксіз екендігін айтады. Сондықтан талдау нысаны болған ақын туындыларын өзіне дейінгі, кейінгі ақын лирикаларымен байланыстырып оқытуды дұрыс деп санайды. Мысалы, Қ.Аманжолов поэзиясын Абай өлеңдерімен сабақтастыра талдау үлгісін ұсынады. Белгілі бір ақын сөз қолданысын оқшау қарастыруға болмайтынына, оны әсіресе өзіне дейінгі шайырлар туындыларындағы сөз кестелерімен тығыз байланыста алу керектігі әдебиетте өлең оқытуда өз маңыздылығын көрсететіндігін айтады. Қ.П.Жүсіп Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі: «Кеш деп қайтар жол емес // Жол азығым мол емес», - тармақтарын түсіндірмей тұрып, бұл шығармадағы «жол» мәнін салмақтау да мүмкін емес. Абайда да, Қасымда да даладағы жол емес, өмір жолы айтылып тұрғаны анық. Мәселен, Абайда: «Кеш болып қалған екен, енді ана ауылға жете алмаспыз, кері қайтайық», - деп, даладағы жолда жолаушылардың қайта оралу мүмкіндігі болса, өмір жолында, айталық, елу, алпыс жасқа келген адамның: «Қартая

бастағаным ба, қой, қырық жасыма қайта оралайын», - дей алмайтыны меңзелген. Қасым да даладағыны емес, өмір жолын жинақтап беру кезінде оның көптігін, ұзақтығын, демек арпалыс, күрес танымсыздығын әрі «шарлаған» сөзі арқылы (шарласа, көп жүргені емес пе) аңдатып, әрі жол көлеңкесінің өз келбетінен көрінуін /сөзбе-сөз ұғынсақ, жолда көлеңке бола ма, әрі ол адам өңінен көріне ме/ шартты түрде қолданып, қиындық, тауқымет салмағын аз сөзбен әсерлі сездіре алған» [2], - деп екі ақын шеберлігін салыстыра талдайды..

Қуандық Пазылұлының әдістемесінде көріктеуіш құралдары міндетті түрде талдауға түседі. Басқа әдіскер ғалымдардан даралығы ғалым ұлттық айшық, шарттылық, деректендіру мәселелеріне ерекше назар аудартуды жөн санаған. Ерекшелік деген де тек халықтық қолданыстағы метафора, эпитеттерді табу жеткіліксіз, ақынның шеберлігін, даралығын танытатын соны қолданыстарға, авторлық қолданыстарға назар аудартуды мақсат етеді. Мысалы, өлең оқытуда «Өмірдің «алтын сарай» аспаны Қасымның өзі сомдаған, өзіндік метафоралық тіркесі. Біз білетін, өзіміз тұратын кеңістік аспаны емес, «өмір» аспаны деп алу да – сөзді ауыспалы мағынада қолдану үлгісі. Соның салдарынан дерексіз ұғым өмір белгілі бір кеңістікке айналған да, оған аспан тіркескен. Аспанға ұшу құс емес, адамға оңай еместігін зерделесек, оған қиялмен ерте қанат қағу және жай аспан емес, «алтын сарай» аспанға биіктеу де-ерекше мықтылық белгісі», - деп көрсетеді.

Елімізде кең қанат жайған әлеуметтік-саяси жаңарулар әдебиетші-ұстаздан сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал, әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы шәкірттер туындының бүкіл тынысын сезіне білуге, ондағы бар көркемдік нәрді терең танып қабылдауына, оқырман ретінде қалыптасуына қызмет етеді.

Көркем шығарманы талдап-оқыту нәтижесінде әдебиеттің қыр-сырын ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерімен танысады. Өзіндік ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алайда, бұл оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушылардың білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінде берілген ақын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың рөлі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды азамат, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Республикамызда жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды құзыретті азамат болуға бейімдеу талабы басымдылық танытуда. Оған қол жеткізуде әдеби туындыны талдап-оқытудың бала өміріне тигізетін пайдасы мен баға жетпес маңызын зерттеуші ғалымдар, әдіскерлер өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдеген.

Әдебиет

1. Жүсіп Қ. І. Жансүгіровтің «Құлагер» дастанын оқыту// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 6, 2002. №7, 2002.
2. Жүсіп Қ.П. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. Павлодар, 2011

ӘОЖ 821.512.122

Ғ.МҮСІРЕПОВ – РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ШЕБЕРІ

Кулибекова Ж.С.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

XX ғасырдың басы – қазақ халқының рухани өміріне жігерлі өзгерістер мен серпілістер әкелген айрықша кезең болды. Ел қамын ойлаған арыстардың қазіргі ұрпақ танып-біліп келе жатқан бірсыпыра жәдігерлік дүниелері осы жылдары дүниеге келді. Бұл

уақыт қазақ әдебиеті, оның ішінде қазақ прозасы үшін ерекше бір жемісті кезең болды. Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев прозада бастаған көркемдік жетістіктер кейінірек М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтің романдарында дәстүрлі жалғасын тауып жатты. Қазақ әдебиетінің қоржыны «Абай жолы», «Раушан - коммунист», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Ұлпан», «Жат қолында» сияқты үздік туындылармен толыға түсті. Аталмыш туындылар қазақ прозасына жаңа тақырыптар мен идеялар, мінездер ғана алып келген жоқ, сондай-ақ оны интеллектуалдық тұрғыдан да байытты, оның поэтикалық өрісін кеңейтті, сөйтіп қазақ халқына өздері өмір сүріп отырған заманның шындығын ашып берді.

120 жылдық мерейтойы аталып жатқан Ғ.Мүсіреповтей танымал жерлес, халық жазушысының шығармашылық зертханасында романдарын жазудағы ерекшеліктер назар аударарлық. Танымал романдарына дейін біршама әңгімелер, очерк, повестер жазып, роман сияқты күрделі жанрға үлкен дайындықпен келіп, тақырып таңдауда аса ыждаһаттылық танытқан жазушы, таңдаған тақырыпты игеріп барып қана жазуға кіріскен екен. С.Мұқанов айтқандай, «Мүсірепов шығармасына өте ұқыпты, сондықтан да хал-қадірі жеткенше олпы-солпысыз шығарады, адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі» [1,25 б.]. Яғни, жазушы Ғ.Мүсірепов өзінің суреткерлік парызына үлкен жауапкершілікпен қарағандықтан, туындылары да оқырманына соншалықты қымбат және осы күнге дейін өзекті.

Халық басындағы күрделі кезеңді арқау еткен, әдебиетіміздің төрінен лайықты орнын алған көркем туындыны дүниеге әкелу үшін қаламгерге мол тәжірибенің аса қажет екендігі аян. Бұл орайда Ғабиттің жазушылық жолға түсіп, қаламының ұшталуына, тынымсыз еңбек етіп ізденуіне А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сияқты қаламгерлер шығармашылығының игі ықпалы болғаны сөзсіз. Бұл тұлғаларды өзі және С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев т.б сияқты замандас ақын-жазушылардың да өз ұстаздары санап, олардың ісін жалғастырушылармыз деп анық айтқан.

Әдеби үдеріске тән ерекшеліктің бірі – дәстүр жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады. Себебі ол әдебиет дамуының, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тетігі. Бұл екі ұғым бір-бірімен байланысты, бірінен екіншісі туындайды. Жаңара да жалғаса дамып отыратын әдеби процесс күрделі диалектикалық даму заңдылығына бағынады.

Әр қаламгер сияқты, Ғ.Мүсірепов те өзінің ұзақ та жемісті шығармашылық жолында үйрену, қалыптасу, өркендеу кезеңдерін басынан өткеріп барып, шыңдалған. Бұл жолда әсіресе, Ж.Аймауытовтың қаламгерлік тәжірибесін аса үлгі тұтқанын оның жазбаларынан да көреміз.

Белгілі ғалым Қ.Мұхамедханов та өзінің «Жүсіпбек Аймауытов» мақаласында мынадай ойларымен бөліседі: «1982 жыл Ғ.Мүсіреповтің шақыртуы бойынша Алматыға бардым. Шақыртқан мәселесі Шәкәрім туралы екен. 12 июнь күні Ғабиттің үйінде ұзақ әңгімелестік. Әңгімеміз магнитофонға жазылып қалды. Ғабен Шәкәрімді ағарту жайлы айта келіп, Жүсіпбек туралы сөз қозғады. Жүсіпбекті ағарту мәселесін айта келіп: «Аймауытовтың жазған, колхозшыларға «Көтеріліндер» деген хаты бар деген соң, соңына түсіп, алдырып көрдім.

...Аймауытовтың почеркін мен білем... » - деп, біраз сөз айтқан еді.

Мүсіреповтің Аймауытовты ерекше жақсы көріп, құрметтейтініне көзім жетті де, қойдым. Біз қазбалап сұрай бермейміз ғой. Өзбек жазушысы Насыр Фазылов сұрапты Ғабит ағадан: «Сіздің ұстазыңыз болып па еді, болса кім?, - деп. Сонда ол кісі: «Менің ұстазым – Аймауытов!» деп мақтана айтқан. Біз Аймауытовтың кім екенін де білмейміз, өз тарихымызды жөнді білмейміз, - деген Фазылов [2,395 б.].

Ғ.Мүсірепов шығармашылығындағы Ж.Аймауытов шеберлігінің игі ықпалына осы жерде тағы да көзіміз жетеді.

Ұлттық әдебиетте өзіндік дәстүр қалыптастырып, дара қолтаңбасымен танымал Ғ.Мүсіреповтің Ж.Аймауытов сияқты бірегей қаламгерді ұстаз санауының өзі біраз жайдан хабар береді. Қазақ әдебиетінде Ж.Аймауытовты психологизмді шебер пайдаланған жазушы ретінде білеміз. Ол авторлық психологиялық баяндау, психологиялық деталь, кейіпкерлердің эмоционалдық көңіл-күйін табиғатпен салыстыра сипаттау үшін психологиялық пейзаж тәрізді амал-тәсілдерді шебер қолдана білді [3]. Ішкі монологтарды келтіре отырып, күрделі психологиялық күйлерге, интуициялық мәселелерге талдау жасауға зейін қойды. Сөйтіп, жан диалектикасын зерттеуге күш салды. Мысалы, Күнікейдің жайы.

«Күнікей ғой бұ жатқан. Күзден жатқан Күнікей – жазға жетті ілініп: күндері ғой, жан шіркін, үзілмейтін созылып. Көктем күні күледі, күліп еді - жер түледі. Түлегені емес пе ақ кебінін сыпырып, көк торғынға бөленді. Қызыл-жасыл, ақ-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, күлкілдеген гүл-жапырақ, сағымданған күлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас жара салады. Аһ, дариға, дариға! Күнікей сау боп жүрер ме еді! Қырдан тезек терер ме еді! Қырдан қия кезер ме еді! Шырқап әнге салар ма еді! Әнге салса, әл бітіп, қапқа қары талар ма еді!..Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші - жалаң ши. Жаман шидің төр жағы - ала сырмақ текемет, текеметте - Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Күнікейдің көзі төрт, көкірегі жанған өрт. Бәрінен де жанына батып жатқан осы дерт. Ауыл-аймақ, абысын, не жақыны-алысы, не тамыры-танысы, не алған серігі, жеті жылғы жолдасы – бәрі бірдей безгендей, Күнікей сонша не жазды?» [4,346-348 бб.].

Енді, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанындағы» Біжікен басындағы жайды суреттейтін мына үзіндіге назар аударсақ: «Даусы әуелі аз ғана дірілдегендей шығып еді, ұзамай ашылып кетті. Қандай үнді, қандай мұңды дауыс еді. Құран емес, жыр оқып отырғандай. Өзі түсінбейтінді жұртқа үнімен түсіндіріп отырғандай. Жас баланың балғын үні кейде жүрегінді елжірете ерке шығады да, кейде өкпе-наздай ойландырып қалады. Әлде кімге, алыстағы біреуге зарын айтып, шағынып тілек еткендей болатыны да бар. Бір кезде әйелдер жылай бастады. Қыз дауысы өзгеріп, әлденелерді ана тілінде айтып отырғандай естілді.

— Апа,—дегендей еді қыз дауысы.— Апа, менде неге әке жоқ, апа? Маған да әке керек боларын сен білсең керек еді ғой, апа... Апа, сені бала біткен Ақнар апа дейді. Олары шеше дегені де! Сен алтын шешесің, апа!.. Сенен артық шеше болады деймісің! Сонда да менің әкем жоқтығы жаныма батады да жүреді. Әкелі бала қандай, мен қандаймын? Мен неге әкеден ерте айрылдым, апа? Жоқ, апа, мен жетімсіремеймін. Бірақ, әкесі бар баланы көргенде ылғи жылағым келеді. Қызығамын ба, күндеймін бе? Жоқ, екеуі де емес, апа! Басқа балалар әкесінің мойнына асылып еркелегенін көрсем, маған сол батады. Мен болсам, әкемнің мойнына бір асылып еркелеп көрмеген екемін...

Соны сағынамын, апа... Әкем мені бір сүйіп көрген жоқ, бір рет басымнан сипаған жоқ, мен соны сағынамын, апа...» - [5,488 б.] - осы үзіндіден төрт жасқа дейін әкесін көрмегендіктен, тіпті балаға әкенің керек екенін білмей өсіп келе жатқан Біжікеннің ішкі толғанысын берудегі автор шеберлігі арқылы баланың әкеге деген перзенттік сезімінің көрінісіне куә боламыз. Кейіпкердің ішкі эмоционалдық жайын суреттеуді автор ары қарай тереңдетіп, әсерлі бере білген. Роман бойында кейіпкердің осындай сезім тербелістері мен көңіл-күй толқыныстарын көркемдеп жеткізетін үздік эпизодтар жетерлік. Сол негізде Ғ.Мүсірепов әр кейіпкерінің тағдырын, оның табиғатын, рухани әлемін даралап көрсете алған. Романдағы Ұлпан, Есеней, Торсан, Шынар, Мүсіреп, Біжікен т.б сияқты кейіпкерлердің шынайы бейнелері сомдалған.

Романның соңында келетін Ұлпанның жүрекжарды әрі жоғары лепті эмоцияға толы, әрі ішкі жан-дүниесінің айқайы мен сырын жеткізетін монологі оның бар болмысы мен характерін толық айқындайтын өз алдына бір бөлек дүние.

Романдағы Есенейдің жайына үңілсек:

«Есеней Біжікен үйден шығып кеткен соң ауыр күрсініп:

— О, құдайым-ай! — деп қалады.Мүгедек әке жалғыз перзентін тым болмаса бір рет қолына алып, маңдайынан иіскей алған емес, тым болмаса бір рет шашынан сипай алған емес. Мұндай да азап бола береді екен-ау!.. «О, құдайым-ай!» дегені сондай ауыр зардың,

сондай ауыр күйініштің жалынындай шығады» [5,489 б.], - деген үзіндіде көз алдындағы перзентіне қанша еміреніп тұрса да, қолына алып иіскей алмай қор болған, кешегі күні батыр, бүгінгі күні сал болып қалған мүгедек әкенің қасіреті жатқанын барынша жеткізе білген, оның психологиялық жайын алдымызға жайып салған.

XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде психологизмнің, психологиялық талдау өнерінің басты өкілдері болған М.Достоевский, Л.Толстой шығармаларындағы материалдық әлемді жан-жақты әрі толық бейнелеу кейін А.Чехов, М.Горький, И.Бунин, т.б шығармаларында өзінің жарасымды жалғасын тапты. Ал қазақ әдебиетінде бұл дәстүр Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов шығармаларында қатты байқалды. Әр жазушының кейіпкер психологиясына енуі, оны талдау тәсілі әр алуан. Бірі – М.Ф.Достоевский, Л.Н.Толстой, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Кекілбаев т.б секілді тереңдеп жазса, бірі А.Чехов, И.Бунин, М.Горький, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, А.Сүлейменов т.б секілді жекелеген материалдық-заттық әлем, тұрмыстық, көркемдік бөлшек/деталь/ арқылы-ақ адам жанының инженері, адамтану ғылымының көсемдері бола береді.

Осылайша, кейіпкердің жан-дүниесін беруде қазақ әдебиетінде табиғат пен адам тағдырын ұштастыра суреттеу тәсілін де ұтымды қолданған Ж.Аймауытов пен Ғ.Мүсірепов сияқты қаламгерлер шығармашылығынан жазушы зертханасының небір сырына қанық боламыз.

Жазушы қолжазбасына [6] сүйенетін болсақ, болашақ шығармаларын жазар алдындағы Ғ.Мүсіреповтің жоспарларына, толғандырған мәселелеріне ортақтасамыз. Атап айтқанда, «Оянған өлкені» жазардағы Қарағандының, адамдардың бейнелері, сол дәуірдегі шиеленіскен саяси жағдай да қаламгер назарынан тыс қалмаған (беріліп отырған жазба мәтіні орысшадан аударылып ұсынылды –Ж.К.):

Қарағанды және адамдар бейнесі:

а/ сыртқы келбеті – суреттеу, бейнелеу;

б/ есту сезімі – дыбыс, әуен арқылы;

г/ ақыл-еске – логика, философия;

д/ сезімге – поэтика, көңіл-күй арқылы.

Бұлардың барлығы жылдың әр мезгілі, күн мен түннің әр шағында әр басқа сипатта».

«Көркем шығарма бармақ соғып тудыратын дүние емес. «Оянған өлкені» жазарда бір жарым жыл сол тақырыппен айналақтап, бес-алты ай Қарағандыда отырдым. Ескі тарихи құралдардың экспонаты мен жаңадан кірген құралдардың маркасын білу өте қажет болды. Қарағанды, Спасск, Нұра деген жерлерді түгел аралауға тура келді. Мысты қалай қазды, қалай ұнтады, соны біліп алмасаң, қаламың жүрмейді екен. Осының бәрінен ұғынған бір нәрсем – мұны жұртшылықтың бәріне айтқым келді» [7, 99–101 бб.], – деп Ғ.Мүсіреповтің өзі сыр ақтарғанындай, бұндай көрнекті шығарма жазу барысында әр деталь, әр штрих, әр сөз, әр бейне өз орнын тауып, белгілі бір мақсатты орындап, біртұтас жымдасқан туынды әкелуде қызмет етуге тиіс еді. Ғ.Мүсіреповтің өмірді біліп жазу, білгенінің өзін бейнелеп, көркем жазу талабын жазушылардың жасына да, жасамысына да қойылатын басты талап екендігіне салмақ салатынын байқаймыз.

«Оянған өлкедегі» қазақ байлары Игілік пен Жұман да – Қарағандыны жайлаған белгілі адамдар. Олардың үрім-бұтақтары осы кезге дейін сол өлкені мекендейтін көрінеді. Игіліктің Қарағанды жерін саттыруы туралы тарихи мәліметтен, оның Жұманмен арасындағы іштей өштік туралы ауызша қалған аңыздан басқа деректер шамалы болатын. Дегенмен, Ғ.Мүсірепов Игілікті де, Жұманды да биік көркем бейнелер дәрежесіне көтерген, олардың мінез даралығын таныта алған. Яғни, қаһармандардың өмірдегі бейнелері мен романдағы көркем бейнелері арасында зор айырма бар екендігін көруге болады. Көп жағдайда тарихи адамдардың тек қана аттары алынып, істері көркемдік заңдылық дәстүріне сай қайта жасалған. Автор бұл ретте көркем бейне мен прототип мәселесіне көркем өнер заңдылықтары тұрғысында қараған. Романда жазушы өмірлік фактілердің, мінездердің терең тамырларын, жасырын сырларын, қат-қабаттарын ашқан. Өмірлік ақиқат байланыстарды, тағдырлар тарихын суреткерлік бейнелі тілмен өрнектей алған. Осылайша, Ғ.Мүсірепов

кейіпкерін жан-жақты таныту үшін монолог (Ұлпан монологі), психологиялық деталь, азаматтық ой-пікір (Кенжеғара, Қайрош), көптеген диалог, кейіпкердің өз сөзімен өз өмірін суреттеуі (Жаныспай), ишара, табиғат құбылыстары арқылы адамның көңіл-күйін беруі сияқты әдіс-тәсілдерді молынан және ұтымды қолдана білген.

Бұл қасиеттерді Ғ.Мүсірепов ұлттық әдебиетіміздегі Ж.Аймауытов сияқты аға буын әдебиеті өкілінің шығармашылығынан да үлгі алу, үйрену негізіне қоса, өз бойындағы тума шеберлікпен заңды бірлікте ұштастыра көрсетті.

Бір өкінішті нәрсе – Ғабен 1985 жылдан басталған жаңа бетбұрыс дәуіріне жетпей, «ақтаңдақтар» деп аталған қазақ әдебиетінің алыптарын ақтау кезеңіне араласа алмай кетті. Әйтсе де, қысталаң жағдайдың өзінде, оңаша, жеке әңгімелескенде сыр шертіп әрқайсысы жөнінде бағалы пікірін жасырмаған екен. Әсіресе, алабөтен жақсы көретін, өзіне шеберлігі бойынша ұстаз тұтатын Жүсіпбек Аймауытов туралы әлденеше сүйсіне айтқаны есімде мықты сақталыпты дейді академик М.Қаратаев. «Жүсіпбектің көркемдік стиль шеберлігі мен үшін алабөтен қымбат» дейтін еді Ғабен. Осының өзі Ғабеннің жоғарыда аталған, жарты ғасырдың өн бойында өмір сатысынан қалай өткенінің айғағы іспетті еді [1,90 б.].

Роман-эпопеяның екінші кітабы – «Жат қолында» романы арада отыз жылдан аса уақыт өткен соң, 1984 жылы шығып, оқырмандар қолына тиді. Көп жылға созылған тынымсыз еңбек баянды аяқталып, қазақ кеңес әдебиетінің қазынасына тағы да бір роман-эпопея келіп қосылды. «Оянған өлкенің» жалғасы ретінде ондағы оқиғалар ілгері дамыған. Сонымен бірге, жаңа дәуірдің Кенжеғара сияқты жаңа адамдарын, қазақ қоғамының нағыз оянған кезін – екі ғасыр аралығы мен XX ғасырдың бас кезін қамтыған дербес туындыдай.

Автор өзі айтқандай, «Өз» қанаушың мен өзге қанаушының», жат елдік алыпсатарлардың айла-әрекеттері көз алдыңызға келеді: «Екінші кітапты әзірше «Жат қолында» деп атап отырмын. Бұл кітапта не айтылады? Туған жерімнің байлығын революцияға дейінгі кезде шет ел капиталистерінің қомағайлықпен ысырап еткені, талан-таражға салғаны айтылады.

– *О бастан бір дағдым бар: түні бойы жазамын да, таң ата дем алуға кірісемін. Көп жазып жүрмін. Алайда әлі айтылмаған, жазылмаған жәйт қаншама!*» [8], – деген Ғ.Мүсірепов мақаласынан «Жат қолына» апарар жолдың алғашқы белгілерін көреміз.

«*Оянған өлке*», «*Жат қолында*» роман-дилогиясы – қазақ әдебиетіне жаңа бояу ала келген туынды» [9], – деген Р.Нұрғали тұжырымы, «*Ғабен романдары – халықтың рухани мәдениетінің озық үлгілеріне қосылады*» [10], – деген С.Қирабаев түйіні, сондай-ақ З.Бисенғалидің: «*М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романдары туралы әлемдік әдебиеттанушылар пікірі қазақ романының қысқа мерзімде қаншалықты биіктерге көтерілгенін дәлелдей алады*» [11,5 б.] – деген бағасы роман-дилогияның әдебиет тарихындағы орнын белгілеп берген ақиқат пікірлер. Профессор Ж.Ысмағұлов [12] пен қаламгер Н.Ораздың мақалалары [13] «Оянған өлке» романын бүгінгі күн талабынан зерделеп, тың ойлар мен пайымдауларға жетелейді, Ғ.Мүсіреповтің қаламгерлік, адамгершілік қасиеттерінің қыр-сырын тереңінен аша түседі.

Бұл шығармаларды ұлттық әдебиетіміздің даму тарихына өзгеріс, сонылық, жаңа леп ала келген, тарихи кезең шындығын эпикалық түрде суреттей алған кесек туындылар ретінде қабылдап, бағалы әдеби мұра деп тану орынды. Туындылардың белгілі бір тарихи кезең талаптарына сай дәрежеде туғандығын да естен шығармаған жөн.

Ғабеннің ойынша, «Сөз қасиеті - көркемдігінде, ой қасиеті - шындығында» [14, 183 б.]. Ол «Проза туралы бес ауыз өсиетінде» әдебиеттегі сөздің көркемдік қасиеттерін аша түседі: «Проза - қара сөз емес; ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойынды теңеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне дөп тигізетін көркем сөз.

Жазушы әр сөйлемінде кеткен әрбір артық буынды, не болмаса жетпей тұрған бір буынды сезінуге тиісті.

Ойсыз сөзде көркемдік те жоқ. Дәл сөз, теңеу - бейнелеуі нысанаға аумамай тиетін сөз-көркем сөз дегенің сол!» [14, 157 б.].

Қай туындысын алсақ та Ғ.Мүсіреповтің қаламгерлік ерекшелігін қыр-сырынан тани аламыз. Ғабит Мүсірепов өзінің қоғамдық, публицистік, журналистік, сыншылдық қызметімен де туған халқының мәдениетінің дамуына зор еңбек сіңірді. Алайда, қазақ халқы оны үлкен суреткер жазушы деп таниды, көркем сөздің хас шебері ретінде біліп, құрмет тұтады.

Әдебиет:

1. Ғ.Мүсірепов туралы естеліктер. Екінші басылым. Алаш жолы. - Алматы, 2012. - 592 б.
2. Бес арыс. Естеліктер, эсселер, зерттеу мақалалар/Құрастырған Д.Әшімханов. - Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
3. Зейнулина А.Ф. Ж.Аймауытұлының қазақ романдарын қалыптастырудағы ролі. Ф.ғ.к ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. Алматы, 1998.
4. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
5. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үшінші том.– Алматы:Жазушы, 1980. – 584 б.
6. Қ.Р. О.М.М. 1864 қор, 1-тізбе, 248- іс.
7. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1982. - Б.96-101.
8. Мүсірепов Ғ. Ғажап іске таңданудан жалықпан // Қазақ әдебиеті, 1972, 27 октябрь.
9. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
10. Қирабаев С. Ғабен романдары – рухани мәдениеттің озық үлгісі//Егемен Қазақстан, 2002, 26 сәуір.
11. Бисенғали З.Ғ. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 268 б.
12. Ысмағұлов Ж. «Оянған өлкені» қайта оқығанда // Қазақ әдебиеті, 2002, 22 наурыз, Б. 11.
13. Ораз Н. Ғажайып Ғабен // Егеменді Қазақстан, 2002, 12 маусым.
14. Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы: Ана тілі, 1997 – 288 бет.

ӘОЖ 821.512.122

Р.НҰРҒАЛИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Кулибекова Ж.С., Ермеков З.Ж.

(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Көрнекті әдебиет зерттеушісі, сыншы, филология ғылымдарының докторы, академик, жазушы Рымғали Нұрғалидың есімі мен ғылыми еңбектері барша Қазақстан және Түркия, Ресей, Чехия, Венгрия, Иран, Франция, Германия, Қытай, т.б шетелдік әдебиетсүйер қауымға кеңінен танымал. Бар ғұмырын қазақ әдебиеттану ғылымын, мәдениетін, тарихын терең зерттеп-зерделеуге арнаған ғалымның бұл саладағы үлесі сүбелі, еңбектерінің бағасы құнды әрі өзекті.

Қомақты зерттеулері арқылы әдебиеттану ғылымына жаңа көзқарас, дәлелді, нақты, негізді тұжырымдар әкелген ғалым ұлттық әдебиет пен сынның дамуына зор үлес қосты. Педагогтік қызметінде талапты шәкірттердің білім алып, өркендеп-өсуіне тікелей ықпал жасап, ағартушылық салада да жарқын із қалдырды. Республикадағы энциклопедия ісін дамытуда да айтарлықтай жемісті еңбек етті. Зерттеулеріндегі келелі пайымдаулары бүгінгі ғылыми жұртшылық бірден-бір сүйенетін мықты қағидаға айналды, көркем туындылары оқырман жүрегінен орын алды.

Ғалым Р.Нұрғали кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы белгілі М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сынды қаламгерлердің шығармашылықтарына жан-жақты тоқтап, толымды әдеби талдау жасайды, автордың жазу мәнерін, тақырып таңдау ерекшелігін, өмірлік фактілерді пайдалану дәлдігін, көркемдік-эстетикалық табиғатын тереңнен зерделейді, әсіресе, күрделі жанр - драматургияға көбірек тоқталады. «Драмалық туындыларды пайымдап, талдауға теориялық тереңдік, эстетикалық биік талғам тұрғысынан келеді. Драмалық шығармадағы жаңалықтарды екшеп, авторлық концепцияны нақ таниды» [1,291].

Осы негізде ғалым «Әлеуметтік күреске, қоғамдық қызметке, көркем өнерге ХХ ғасырдың басында келген, заман қуатымен түлеген, қазақ мәдениетінің бүкіл саласында халқын мол олжаға кенелткен ғажайып талантты буынның өкілі – Ғабит» [2,489] - демекші, әдебиет тарихындағы Ғ.Мүсірепов есімі Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбиттермен қатар аталып, бұл алыптардың қазақтың жаңа әдебиетінің негізін қалаудағы міндеттері үлкен абыроймен, мол жетістіктермен, мазмұнды да сан-салалы туындылармен өрнектелгенін атап өтеді.

Мысалы, Ғ.Мүсірепов сияқты қаламгер шығармашылығындағы соны тақырыптар, оны игеру жолындағы ізденіс кезеңдерін, баяндау мен суреттеу амалдарын, оқырман жүрегіне жол табатын тәсіл түрлерін, поэтикалық талдау мәнерін зерттеуші Р.Нұрғали өз еңбектеріне арқау еткен. Яғни «Р.Нұрғалиев еңбектерінің бұл тұғырдағы ерекшелігі – теориялық ой мен практикалық талдауды тең ұстап, жарыстыра қатар пайдаланатындығы» [1,253].

Рымғали Нұрғалидың шығарманың үлкен, шағын көлемдісінің бәріне нақты ғылыми тұжырымдар жасап, әдеби талдауға бару негізінде сол туындының жан-жақты қырынан қарастырғанын көре аламыз. «Ол қандай мәселе төңірегінде ой толғаса да, сыншы ретіндегі, зерттеуші ретіндегі түпкі мұраты әдебиет пен ғылымның дамуына, қаламгер мен ғалымның өсуіне, әлеуметтің таным-түсінік аясының кеңеюіне қызмет ету болғандығы үлкенді-кішілі еңбектерінің әрқайсысынан-ақ аңғарылып тұрады» [1,704] - деген ғалым К.Ахметовтің пікірі Р.Нұрғалидың зерттеуші ретіндегі ерекшеліктерінің бір қыры жайлы орынды айтылған.

Қаламгердің қолынан көркем туындыға қойылатын талаптарға сай тақырыптық-идеялық нысаны айқын, тілдік ерекшеліктері көз тартарлық, оқырман жүрегіне жол тапқан шығарма туса, оны бүге-шүгесіне дейін дұрыс талдап, даралық қасиеттерін саралап беретін сыншының да қажет екені сөзсіз. Бұндай биік үдеден табылуда теориялық дайындық та, табиғи дарын да, тынымсыз еңбек те аса маңызды. Р.Нұрғали қазақ сөз өнерінде алғашқылардың бірі болып трагедия табиғатын танымдық үлгіде тарамдап бақты. Өнердің эстетикалық нысанасын дөп басып, дәл тануға да алғашқылардың бірі болып құлаш сермеді.

Р.Нұрғали - ғылымда күрделі болып саналатын қазақ драматургиясының теориялық мәселелерін түбегейлі зерттеген сыншы-ғалым. Ғалымның «Трагедия табиғаты», «Талант тағдыры» атты еңбектері кезінде оң бағада қабылданды, осы күнге дейін аталмыш саладағы көшбасшы еңбектер қатарында. Алғашқысында М.Әуезовтің трагедияларын, соңғысында қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шаниннің өмірі мен шығармашылығына тереңдеп үңілді. «Күретамыр» атты жинағында қазақ драмасының поэтикасын, «Өнердің эстетикалық нысанында» қазақ драмасының әсемдік әлемін, «Айдында» қазақ драматургиясының жанрлық жүйесін жан-жақты зерттеді.

Қазақ драматургиясының поэтикалық мәселелері, сахналық шығармадағы күлкінің эстетикалық мәні, дәстүрдің жаңғыруы, сондай-ақ жанрлық формалардың дамуы сөз болды. Байқап отырғанымыздай, бұл еңбектер негізінде драматургия сияқты жанрдың ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орнын айқындап, драмалық туындылардың жаңа мазмұндық қабаттарын ашудағы зор мүмкіндіктер бар. Ұлттық драматургияның даму тарихын тереңірек зерделеуге жол ашылған.

Платон, Аристотель, Әл-Фарабилерден бастап, күні бүгінге дейін шолу жасаған ғалымның «Сөз өнерінің эстетикасы» атты қомақты еңбегі: 1. Әдеби дәстүр. 2. Әдеби байланыс. 3. Әдеби шығарма. 4. Әдеби тұлға. 5. Әдеби қозғалыс атты бес тараудан тұратыны белгілі.

Ғалымның еңбегінің «Әдеби байланыс» деп аталатын тарауы жөнінде белгілі зерттеуші Д. Ысқақов былай дейді: «Әдебиеттердің бір-біріне әсер ете, ауыс-түйіс жасап, байланыса отырып дамуы – дәлелді қажет етпейтін ақиқат. Қазақ әдебиеті де көрші елдердің, әлемдік мәдениеттердің үздік үрдістерінен үйрене отырып, кемелдік кезеңге жетсе, кейіннен М.Әуезов сынды саңлақ суреткеріміздің шығармашылық үлгісі туысқан

халықтар қаламгерлеріне ықпал жасағандығы да көп айтылып жүр. Ежелден ауылы аралас, қойы қоралас болып қонған көршілес башқұрт, татар халықтарымен әдеби байланыстарда да әңгіме боларлық тұстар баршылық. Кітапта Р.Нұрғали татар әдебиетінің классигі Ғ.Ибрагимов пен осы үш халықтың төл ұлы С.Шариповтың шығармаларын сөз ете отырып, әдеби дамудағы мәдени әсерлердің жемісті жол екендігін дәлелдей түседі» [3,373].

Ғалымның әрбір шығармасын зерделей отырып ерен еңбектің, талаптың, қажырлықтың, таланттың нәтижесін көреміз. Осы орайда ғалымның 1988 жылы «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты іргелі монографиялық зерттеу еңбектері үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болғанын атаған жөн. Негізі, үш монографиясының да зерттеу объектісі жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму проблемалары сөз болған Р.Нұрғалидың аталмыш зерттеулерінің сыр-сипатына, мән-маңызына көз жеткізу үшін осы еңбектерге назар аударып, зерттеуші тыңғылықты жүргізген талдауларды мұқият оқып, ғылыми-теориялық басшылық ретінде алған аса қажет.

Зерттеуші 1968 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» жинағы [4] туралы «Тастың түйедейінен – алмастың түймедейі» атты мақаласында жинаққа енген «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасы, «Қаз қалпында» циклындағы әңгімелері, «Жапон балладалары» және «Өмір жорығы», «Қыран жыры» әңгімелеріне жеке-жеке тоқталып, өз пікірлерімен бөліседі, суреткерлік шеберлік, автордың табиғи талғам-талабы, көркемдік құралдарды сұрыптап, бұрын қолданбаған тәсіл-амалдарды байқап көру қадамдары турасында көзқарасын білдіреді, аталмыш жинаққа бағасын береді: «Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» жинағы - ең алдымен, жазушының өзін-өзі сынауы, қиын өрістегі ізденістер жемісін байыптауы. Бүгінгі прозаның аса қатал деген талаптарын ескере жазған туындылар оқушысын терең тебіреніске түсіреді. Сильдік табыстар, форма жаңалықтары бірден көзге шалынады, идея өткірлігі, ой салмағы бұл кітаптың негізгі қасиеттері болса керек» [5,63].

Ғылыми ортаға айрықша талантымен, қаламгерлік шеберлігімен танылған академик Р.Нұрғалидың азаматтық, ғалымдық, ұстаздық тұлғасы жайлы біршама еңбектер, естеліктер жетерлік. Олардың ортақ белгісі – барлығында да Р.Нұрғалидың биік парасат иесі, зерделі зерттеуші, адал адам, үлкен ғалым, эстет сыншы, кәсіби білімді, озық ойлы, ұлтжанды қайраткер, «Қазақ ғылымының Құлагері» [6,420] ретіндегі келбеті танылады, ғылыми-педагогикалық еңбектерінің құндылығы, өміршеңдігі, шынайылығы, мағыналылығы сарапқа салынады. «Зерделі зерттеушінің ізденіс-көзқарастарынан ұлт мұраты, руханият әлемі, жекелеген ақын-жазушылардың өзіндік өзгешеліктері байыпты, сергек сараланады» [6,547].

Сын, әдебиеттану, әдебиет тарихы, өнер, публицистика салаларында талмай еңбектеніп, сүбелі туындылар әкелген ғалым мұрасы тек салмақты ойларға жетелейді, ұлт әдебиетінің даму тарихының қойнауына терең үңілуге жол ашады. «Әдеби дәстүр, әдеби байланыс, әдеби шығарманың туу диалектикасы, заңдылығы, әдеби тұлға, әдеби қозғалыс мәселелерін қазақ әдебиетінің даму мысалында сөз ете отырып, Р.Нұрғалиев қызғылықты шешімдер жасайды. Әдеби шығарманы, әдеби процестерді және оның дәстүрлі байланыстарын зерттеп, тани білудің әдіс-методологиясы жөнінде сындарлы пікір-байламдар айтады» [6,271].

«Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибеге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады. Бұл топтардағы жырларда кескін өнерінің тәсілдері, сәуле мен көлеңкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, пләннер, әр түрлі ракурс, этюд, түрлі астастыру принциптерін пайдаланғанын байқауға болады» [2,337-338].- деген Р.Нұрғали пікіріне назар аударсақ, ол құбылыстардың бәрі де дана халқымыздың өмір сүру салтында ежелден-ақ қалыптасқан, бір сара күйге түскен, өзінің

көшіп-қону үшін қолайлы болған жайды Мағжанның көркем бейнелей алуы, оқырманына жеткізе білу шеберлігі айтылады. Бұндай ерекшеліктер Ғ.Мүсірепов прозасынан да біршама орын алғанын көрсеткен.

Бірейгейге ғалымға, зерделі зерттеушіге, саналы азаматқа қатысты қасиеттердің барлығы Р.Нұрғалидың бойынан табылғандықтан, нәтижелер де өз жемісін беріп отырған. «Қазіргі санаулы зерек ғалымдарымыздың бірі Рымғали Нұрғалиев үлкен теориялық дайындықпен, табиғатынан біткен сыншылық талғампазды дарынмен келді де, бірден танылды. Әдеби ортада сыншы шыншыл, нанымды толғамдары өз үнімен өз орнын тауып жатты. Қазақ әдебиетінің сынындағы танымы мен таланты үндескен, білімі мен қабілеті жарасқан жаңа толқын зерттеушілердің ірі өкілдерінің бірі» [1,344] - деп түйіндеген филология ғылымдарының докторы Ә.Шәріповтің пікірі осы орайда лайықты. Әдебиет сыны мен ғылымының әр саласына байыпты зерттеулер жүргізген Р.Нұрғалидың сыншы-ғалым ретіндегі тұлғасын танытып тұрған пікірден өнімді, жемісті еңбектің нәтижесін көріп, олардың ғылыми қауымның игілігіне айналып отырғаны да қуантады.

Қазақ әдебиеті, оның көрнекті өкілдері, Алаш қайраткерлері мұрасы жөнінде, төл әдебиетіміздің даму бағыттары мен өркендеуі жайында, драма сияқты жанрдың қыр-сырына үңіліп, тарихи, теориялық проблемаларын саралауға арнаған академик Р.Нұрғалидың әдеби-сын зерттеулері қазақ ғылымының алға ұстар бағыт-бағдары, тура жолы, ақиқат-шындығы ретінде берік орын алып отыр. Оның басты себебі - академик Р.Нұрғали зерттеу объектісі етіп алған мәселе төңірегінде өзіндік көзқарасымен көрінеді, өзгені қайталамайды, тың ойлар ұсынады. Нақты талдауларды басшылыққа ала отырып, белгілі тақырып немесе мәселені тереңінен қарастырады.

«Дән», «Полигон әңгімелері» атты новеллалар жинағы мен «Атшабыс ертең», «Жартастағы қарағай», «Оқ» секілді повестерін жазу арқылы жазушылық қабілетін де көрсете алған Р.Нұрғали көркем туынды жазудың үлгісін нақты тәжірибеде танытып, зерттеушілік еңбек пен қаламгерлік талант сияқты қасиеттерді ұштастыра алған. Бұл ретте теория мен тәжірибені шебер ұштастыра отырып, өзінің әдеби шығармалары арқылы да әдебиетсүйер қауымның назарын аударған Р.Нұрғали еңбектері әдебиет пен әдебиеттануда лайықты бағасын алып отыр.

Әдебиет:

1. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Айғақ. Қосымша том (8). Астана: Фолиант, 2006. - 824 б.
2. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
3. Ысқақұлы Д. Әлеуетті әдебиетші. Сын талқы. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 416 б.
4. Мүсірепов Ғ. Кездеспей кеткен бір бейне. – Алматы: Жазушы, 1987. - 160 б.
5. Нұрғали Р. Сырлы сөз. – Алматы: Жазушы, 2000.- 400 бет.
6. Алпысбаев Қ, Аймұхамбетова Ж. Алашұлы.– Алматы: Өлке, 2011. – 256 б.

ӘӨЖ 691.33

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР НЕГІЗІНДЕ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУ

Макешова А.К.

(Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)

Қазіргі білім берудің көптеген жаңа технологиялары мен әдіс-тәсілдері педагогика саласында даму мен өзгерістер болып жатқанына дәлел бола алады. Мұндай үрдістер барлық дерлік пәндерге қолданылуда. Әдебиеттануда абайтану пәнінің оқытылуы инновацияны

талап етеді. Оған Абай шығармашылығының күрделілігі мен оны білім алушыларға дұрыс жеткізе білу, сондай-ақ абайтанудың басқа да мәселелері себеп болып отыр. «Абайтануға жаңа пайым, жаңа әдіс, жаңа бағыт керек екені даусыз. Бұл ілімді әр ұрпақ, өз заманының талабына сай танымақ» [1,58],- деп ф.ғ.к., ЕҰУ доценті И.Нұрахметұлы жазғандай, қазіргі ұрпақ үшін абайтануды заманауи әдіс-тәсілдермен оқыту маңызды. Сонымен қатар, дәстүрлі дәріс сабақтарының да кемшін тұстары жоқ емес. Бұл кемшіліктерді: «Біріншіден, студенттердің белгілі бір бөлігі оқытушымен айтылған пікірді саналы түрде қорытып қабылдауда немқұрайлылық танытады. Айтылған ақпарат, тек есте сақтау үшін қажет деп танылады. Екіншіден, студенттердің дайындығының әр түрлі деңгейіне және қабылетіне байланысты студенттердің бір бөлігі түсінуге мүмкіндігі болады және дәріскердің сөзін сөзбе сөз жазып отыра алады. Бұл өз кезегінде студентпен оқытушының арасында сабақ уақытына байланысты нашарлата түседі. Оқытушы өз кезегінде, терең білім беруге мүмкіндігі болмай, орташа дайындықтағы студенттердің деңгейіне лайықталады. Студенттер тереңірек қабылдайтын неғұрлым күрделі және даулы теориялық және тәжірибелік сұрақтарға үніле отырып оларға көп уақытын жоғалтады» [2,17],- деп мақаласында з.ғ.м., доцент К.Ж.Абдуалипова дәл атап көрсетеді.

Жоғарыдағы дәстүрлі дәріс кемшіліктерімен қоса Абайды жаңа әдіс-тәсілдер арқылы тұлға ретінде танытып қана қоймай, Абай шығармашылығы арқылы тұлға тәрбиелеу мәселесін ескерсек, бұл тақырыптың маңызы аса тереңде жатқаны түсінікті болады. Себебі «...заманауи білім беру жаңартылған қоғамда адамға лайықты өмір сүруге және әрекет етуге көмектесетін оқу-тәрбиелеу үдерісінің нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты да сол, яғни, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау, оқушылардың әлеуметтік жетілуінің жоғарғы деңгейін, тұлғаның өмірге деген құзыретті көзқарасын қалыптастыру» [2,98].

Абай шығармашылығын заманауи педагогикалық үрдістер негізінде қалай оқытамыз деген сауалға жауап іздемес бұрын ақын шығармашылығындағы қазіргі ұрпаққа түсініксіз ұғымдардың мағынасын дұрыс аша білу керек. Ұлы Абайды тану оның шығармалары арқылы ғана жүзеге аспақ. Сондықтан, «Ең алдымен ақын өлеңдерінің поэтикасын, өз сөзімен айтқанда «сөздің нұрын» тану өте маңызды. Сөз өрнектері өлең үлгісін, образ жасау жүйесін аша алмасақ, философиялық ойларының сырына бойлап бара алмасымыз шындық» [1,58], - деген И.Нұрахметұлының құнды пікірін келтіреміз. Яғни, бұл жерде текстологиялық кемшіліктермен жұмыс жасау – басты орындағы мәселе. «Алғашқы басылымдарды толық көрмеген, қолжазбаны танымайтын ұрпақ түпнұсқадан көз жазып қалдық. Осы себептерге байланысты түсіне алмаушылықтар мен бұрмалаушылықтар мейлінше көп орын алуы заңды» [1,54], - деп ғалым жазғандай, ең алдымен Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі әлі күнге дейін қолданыста жүрген қателерді түзегенде ғана хакім шығармашылығын оқыту біршама жеңілдей түспек. Сол арқылы студенттер де Абай шығармашылығын бір оқығаннан өз бетінше түсініп, қабылдауға жақындайды. Бұл оқытудағы ғана емес, бүгінгі таңда абайтану ғылымының өзіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Абай мұрасы таусылмайтын қазынадай болғандықтан абайтанудың өзі өз ішінен көптеген салаларға бөлініп, бүгінде іргелі ғылымға айналды. Алайда, сонысымен де абайтану бәріне қолжетімді ғылым емес. Ол әдебиеттанушылар мен тілшілердің, философтардың ғана тереңнен зерттеп жүрген ғылымы. Ал басқа мамандықтың студенттеріне абайтану не береді? Міңдетті курс болғаны үшін оқып, бірақ мән-мағынасын түсіне алмай, Абай сөзін тұлға ретінде қалыптасу жолында қолданбай кеткен білім алушылар қаншама. Абайтануды инновациялық технологиялар арқылы заманауи үрдістер негізінде оқыту осы мәселелердің басын шешіп беруге септігін тигізеді. Мысал ретінде болашақ заңгерлер мен құқық саласының қызметкерлері үшін абайтану курсының оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін айтуға болады. Бұл саладағы білім алушыларға з.ғ.м., доцент К.Ж.Абдуалипова: «Сонымен қатар қазіргі таңдағы студенттердің әлеуметтік желілерден көшіруде, студенттердің өз ойын логикалық, бірізді және әдеби тілмен жеткізе алмауына алып келуде. Заңгер ең алдымен шешен сөйлейтін, жан-жақты адам болуы керек» [2,18],- деген талапты алға тартады.

Абайды ұлы ақын, ойшыл, жазба әдебиетінің негізін салушы, реформатор ретінде ғана емес, әділ би ретінде танытып, болыс болғанда сот қызметін атқарғанын негізге алып, шығармаларын осы тақырыпқа қатысты топтастырып, заңгер мамандығының студенттеріне абайтануды оқытуға болады. Ф.ғ.к., Л.Дәуренбекова «Абайтану» курсының жоғары оқу орындарына оқытудың инновациялық үлгісі» атты мақаласында: «Абай шығармаларындағы эстетикалық қабылдаудың методологиялық ұстанымдарын сараптау: түсіну (герменевтика), пайымдау (интерпретация), бағалау (оценка)» [3,5],- деген технология мен әдістемені ұсынады. Сонымен қатар, модульдік оқыту технологиясын қолданып, дәріс пен семинар сабақтарын дәстүрліден өзгеше өткізуге болады. Модульдік оқыту технологиясындағы модульдің 3 негізгі принципі бар: «1. Комплекстік, интеграциялық және жеке дидактикалық мақсаттардың бірлігі, тұтастығы; 2. Кері байланыс принципі – бақылау, талдау, оқушының оқудағы өзін-өзі басқаруына сәйкес түзетулер (коррекция); 3. Іс-әрекеттің практикалық бағыттылығы» [2,148]. Студенттерге семинар сабақ өткізу барысында аталған үш принципті ұстану тиімді нәтижелерге жеткізеді.

Оқыту модулі де 3 бөліктен тұрады: «1. Кіріспе модульге ену; 2. Диалог бөлімі – оқушылардың бір-бірімен пікір алмасуы осы негізгі бөлімде өткізеді; 3. Қорытынды – бақылау, тест, сынақ алу» [2,148]. Диалог бөлімі студенттердің қызығушылығын оятады. Себебі, бұл бөлімде оқытушы студенттерді топқа бөліп немесе жұптық, диспут, дөңгелек үстел секілді т.б. оқыту формасын таңдап, әр тапсырма сайын күрделене беретін деңгейлік тапсырмалар беріп практикалық сабақты өткізеді. Ал қорытынды бөлімнің артықшылығы мынада: «Сөйлесу бөлімінде оқушылар, студенттер бір-біріне көмектесіп білімін толтырып отырса, бұл қорытынды бөлімінде әр оқушы, студент өз білім деңгейін көрсетеді» [2,148]. Студенттер Абай шығармашылығын оқу барысында тек қана абайтанушы ғалымдардың жазған ғылыми еңбектері мен оқулықтарды оқып, конспектілеумен шектелсе, Абай өлеңдерінің мән-мағынасы мен қарасөздеріндегі негізгі ойды түсіне алмау қаупі бар. Ал осыны оқу мақсаты етіп алып, оқыту модуліне салып, диалог бөлімінде әрқайсысы өз таным таразысынан өткізіп, мағынасын ашса, бұл әлдеқайда пайдалы. Бірақ бұл оқу мақсатына жету оқытушының модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдана білу шеберлігіне де байланысты. Заманауи білім берудегі жаңа үрдістердің бірі ретінде бұл әмбебап технология абайтануды оқытын кез-келген мамандық студенттеріне арналған деп толық сеніммен айтуға болады. Л.Дәуренбекова зерттеуінде арнайы заңгерлік пен құқық саласының студенттеріне герменевтикалық, интерпретациялық әдісті қолдануды жөн көреді [2,148]. Әдебиеттану саласынан алшақ мамандықтың білім алушылары үшін герменевтикалық әдістің маңыздылығы жоғары. Себебі Абай шығармаларын түсіну оны оқудан әлдеқайда күрделі. «Жоғары оқу орындары оқытушыларының мақсаты Абай шығармалары арқылы студентті тұлға жасауға дайындау, тұлға дегеніміз Абайша айтсақ «толық адам» деңгейіне жеткізу. Сондықтан Абай өлеңдерінің мәнін түсіну үшін герменевтикалық әдісті қолдануға болады» [2,10],- дейді Л.Дәуренбекова. Герменевтика да, интерпретация да бір-бірімен тығыз байланысты. «Герменевтикада түсіну ұғымы басты орын алады. Бұл орайда мәтінді интуитивті тану мен ондағы мағынаны пайымдау, түсіндіру аса маңызды. Сондықтан түсінудің басты шарты – интерпретация (зерделеу) болмақ» [4],- деп жазады ғалым К.Т.Жанузакова. Өлеңдері мен қарасөздерінде әділеттілікті ерекше атап, оны «үш сүюдің» бірі етіп үлкен философиялық категорияға айналдыра білген хакім Абай шығармашылығын болашақ заңгер мамандарына герменевтикалық әдіс арқылы түсіндіре білу тәрбиелік мақсатта да қажет.

Оқыту барысында бұл әдіс арқылы Абайды түсіну үшін Ғ.Есімнің «Хакім Абай» еңбегін қолдануға болады. «Қазақ философы Ғ.Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде герменевтиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып, ұлы ақынның шығармаларын жеке әдеби құбылыс ретінде ғана емес, оны тудырған тарихи кезең аясында, зор мәдени дәстүрлер контекстінде қарастырады» [4]. Жалпы Абай шығармашылығын оқытуда дұрыс таңдап алынған оқулықтардың да пайдасы зор. Оны қазіргі инновациялар үлгісіне салсақ, форматы өзгеріп, жаңаша сабаққа айналады. Атап айтқанда, ғаламтор мен заманауи

технологиялар мүмкіндігін пайдаланып жоғарғы оқу орындарында Абай мұрасын оқытуға арнайы IT, Web бағдарламаларын құру мен түрлі дайын онлайн бағдарламаларды сабақ барысында қолдану. «Абай шығармашылығын оқытудың электрондық моделін жасау – Абай мұрасын жан-жақты зерттей оқытуда абайтанушы ғалымдар мен ұстаздардың басын қосып, осы бағыттағы ғылыми методологиялық тұжырымдарды айқындауға, «Абайтануды» оқытудың бірізділік жүйесін құруға, жаңартылған бағдарламаға негіздеп, әдістемелік кешенін жасауға мүмкіндік туғызар нақты шара» [5,41], - деп С.Қожағұлов атап көрсеткендей, Абайды ұрпақ санасына сіңіруді қазіргі заманғы құралдар арқылы да жан-жақтан жүзеге асыру қажет. Бұл бүгінгі заман талабына сай қажеттілік болғандықтан да көп уақыт өтпей мұндай бағдарламалар мен электронды цифрлы құралдар да көптеп пайда бола бастайтынына сенімім мол.

Қорытындылай келе айтарым,

«Ұрлық пенен қулықты

Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт» [6, 149],-

деген Абай шығармашылығын жаңаша әрі дұрыс оқытуды бір жолға қойып, барлық білім алушылардан адалдық пен әділеттен аттамайтын тұлға шығару абайтану тарихындағы ұлы жетістік болып саналар еді. Бұл мақсаттың нәтижесі абайтану пәнінің жетілдіріліп, заманға сай әдіс-тәсілдерімен барлық мамандық иелеріне оқытыла бастаған сәттен бастап біршама уақыт өтуін талап етеді. Мұндай бастаманың нәтижесінің көрінуі – уақыттың еншісінде. Ал бүгінгі ұстаздардың міндеті осы секілді мақсаттарға жетіп, бәсекеге қабілетті, білімді азаматтар шығарып, адал ұрпақ тәрбиелеу.

Әдебиет:

1. Абай және қазақ социумы. / Ұжымдық монография. – Т.4. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» Қоғамдық қор, 2020. – 352 б.
2. «Қазіргі білім беру: әдістеме, технология, сапа» Ө.А.Жолдасбековтың 85 жылдығына арналған I халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2016. – 446 бет.
3. Дәуренбекова Л. «Абайтану» курсы жоғарғы оқу орындарына оқытудың инновациялық үлгісі / Абай журналы. – 2021. - №5 (150). – 3-14 б.
4. Жанузакова К.Т. Герменевтика – интерпретация теориясы // http://www.rusnauka.com/42_NIO_2014/Philologia/1_184676.doc.htm
5. Қожағұлов С. Электронды цифрлы құралдар негізінде «Абайтану» пәнін оқыту мәселесі / Абай журналы. – 2021. - №2 (147). – 40-46 б.
6. Құнанбайұлы А. Шығармалары. – 1-том. – Астана: Фолиант, 2018. – 400 бет.

УДК 927.5

Ш. МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Мақұлова Л.Т., ф.ғ.к.

Атабек Ә.Б., 4 курс студенті

(М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В статье даны индивидуальные характеристики мастерства таких методов, как полисиндетон и тафтология, которыми часто пользуется Ш.Муртаза.

Ключевые слова: полисиндетон, тафтология, анафорический повторы, инверсии, синтаксические повторы, лексические повторы.

Annotation. The article gives individual characteristics of the mastery of such methods as polysyndeton and taftology, which are often used by Sh. Murtaza.

Keywords: polysyndeton, taftology, anaphoric repetitions, inversions, syntactic repetitions, lexical repetitions.

«Қызыл Жебе» романында қайталамалардың түрлері біршама жиі кездеседі. Мысалы, романда автор-әңгімеші ел атынан елдіктің сөзін сөйлейді. Дүрдараз болып дүрдиіп, сыртынан бұртиып жүрсе, азаматтар басы қосылар ма? Азаматтары ала ауыз болған елдің берекесі кірер ме? Азаматтары ала тайға мініп, ала ауыз болып жүрген алаштың соры бес батпан болмай ма? Яғни кейіпкердің іс-әрекеті арқылы халықтық ойлау желісін, бірліктің елдікке жеткізерін автор өз сөзімен жеткізеді.

Шағын мәтінде грамматикалық тұлғалардың қайталануы бар. Автор болымсыз етістік формасы мен -ма, -ме тұлғасының қайталануын пайдалану арқылы экспрессиялық-эмоциялық мән туғызады. Грамматикалық бірліктердің қайталану мүмкіншілігі, соның нәтижесінде олардың стильдік бояуға мәтін түзушілік және мәтін көркемдегіш қызметтермен ерекшеленуі қазақ тіл білімінде біраз қарастырылған. Жеке тұрғанда өзіндік семантикаға ие бола алмайтын, сөйлем мүшесі бола алмайтын, сұраққа жауап бермейтін шылаулар қайталанып келуге икемді болады. Сөйтіп стильдік қызмет атқарады. Стилистика ғылымында бұл құбылыс стилистикалық айшық ретінде танылады. Мұндай құбылысты көбінесе полисиндетон деп те атайды.

Осындай құбылыстар Ш.Мұртаза тілінде біршама кездеседі. Мысалы: Біздің Талас та, Шу да ақыры құрдым құмға сіңіп таусылады.

Автор әңгімелеуінде лексикалық бірліктердің қайталануы да жиі кездеседі. Мысалы: “Бірақ өзен біткеннің бастауы бар, құрдымы бар. Бірақ бұл асыққаны, өзінің ақырына асыққаны ғой. Шексіз дала. Қазақ даласы сияқты мұнда да боз жусан... Сол дауылдан таймай өткен Рысқұлов енді мына Монғолстанда жаңа дүние, жаңа заман бастауға қол ұшын бермек. Азияның қақ ортасында мешеулеп жатқан жалпақ елді жаңа жолға салу оңай емес. Бұл арада ауыртпалық аз емес. Сол ауыртпалықты монғол революционерлерімен бірге Рысқұлов көтерісуі керек” (Ш.М., Қыл көпір, 346).

Теріп жазар болсақ, мұндай қайталамалар Шерхан Мұртаза шығармаларында өте көп кездеседі. Романда барлық сөз таптарының қайталануы да кездеседі. Әсіресе зат есім мен етістіктің, есімдіктің қайталанып келетін тұстары жиі ұшырасады.

Зат есімдер көбінесе анафоралық қайталама мен есімдіктердің қайталануына тән ерекшеліктер екенін зерттеуші О.Бүркіт жазған болатын.

Зат есім – барлық бағытта да кез келген сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсалып келіп, контактілі және дистантты түрде қайталанып келеді. Зат есім – доминант сөз табы болғандықтан да, қайталау сипатында жиі кездеседі. Сөйтіп, автордың әңгімелеу үлгісінде стильдік қызмет атқара алады. Мысалы,

Тұрар мен Мұхтардың әңгімесінде мынадай жолдар кездеседі:

“–Жазатыным бар, Тұрар аға. Басқалары бір төбе, кесірінен сақтасын, жазарым бір төбе. Ол – Абай туралы керемет хикаялар көкірегімде сайрап тұр. Абайдың ар жағында – қазақ, қазақтың бүкіл болмысы тұр. Бұл ғұмырда көретін қанша жарық сәулем бар – бәрін соған арнамақпын, Тұрар аға. Абай менің Тәңірім, Абай менің бүкіл өмірімнің мәні, Абай менің ғашығым. Құдірет о басында кеудеме иненің жасуындай сәуле ұялатқаны рас болса, бәрін сарқып Абайыма бермекшімін” (Ш.М., Қыл көпір, 494). Осы келтірілген Мұхтардың әңгімесінде бір төбе, Абай, қазақ, менің, Тұрар аға деген сөздер қайталанып келеді.

“Қызыл Жебеде” жалқы есімдердің қайталануы да біршама мол кездесетін қайталаманың бір түрі деп бағалауға болады. Жазушы жалқы есімдерді қайталап

қолданған кезде кейіпкер бейнесін жаңа көркемдік деңгейге көтеріп, оның стильдік қызметін қалыңдата түседі.

Айталық, кейбір жазушы, сыншы сымақтар Голошекиннің сойыл соғары болып кеткенде, Ғабит сол Голошекинге тайсалмай қарсы шықты, – деген сөйлемде Голошекин сөзі екі рет қайталанып келіп, ойды нығарлай, дәлдей айту үшін жұмсалып тұр.

Ендеше Глебовтың несі артық? Глебов жендет. Немесе Рысқұлов Сталиннің ақылының алғырлығына тәнті. Троцкий Сталинді шала сауатты деп күліп, мәнсінбей келді. Сталин діни семинарияның өзін бітірмей, шығып кеткен, (Ш.М.,Қыл көпір,377) – деген сөйлемдерде Глебов сөзі екі рет, Сталин сөзі үш рет бір шағын контексте қайталанып тұр.

Сондай-ақ Рысқұлов аты шығармада инверсия ретінде бірнеше рет қайталанып келіп отырады. Демек, автор жалқы есімдерді қайталап беру арқылы өзінің негізгі айтайын деген ойына сәйкес кісі атына салмақ түсіре отырып жазуға шеберленген. Адам аттарын қайталау арқылы айтайын деген ойының кімге қатысты екенін дәлелді түрде, нықтай, нығырлай түседі.

Зат есімдерден кейін қайталанып келуге біршама жақын тұратын сөз табы етістік деп пайымдауға болады. Қайталамада етістіктің ерекше стильдік бояуы бар. Зерттеушілердің көрсетуінше, етістік – эмоциялық-экспрессивтік бояуды жақсы белгілейтін сөз табы. Сөйлемде негізгі ойды білдіру, қимыл-әрекетті белгілеу етістікпен байланысты. Етістік арқылы көбінесе жазушының стильдік шеберлігі танылады.

Шерхан Мұртаза әңгімелеу барысында мұндай қайталамаларды да өте шебер пайдаланады. Мысалы: “Қазан вокзалы бастығының кабинетіне кіріп барғанда алба-жұлба бір топ баланың ортасында отырған Түйметайды танымай да қалды. Түйметай екенін анық біліп келмесе, мүлде танымас та еді” (Ш.М.,Қыл көпір,462). Осы сөйлемде танымау етістігі екі рет қайталанып келіп тұр. Өйткені бұл жердегі негізгі автор ойы тану-танымауға байланысты.

Айырпланмен барамын десе де, пойызбен барамын десе де, тіпті ұлы өзенге дейін жетіп алып, кемемен барамын десе де – бәрі дайын емес пе? Келтірілген сөйлемде автор барамын деген сөзге көңіл бөліп, оны басқа сөздерден ерекшелеу үшін, эмоция туғызу үшін көркемдік шеберлікпен қайталап отыр. Демек, сөйлемнің өзгеріссіз қайталануын тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана ұшырасатын қолданыс деп есептеуге болмайды. Қайталама сөйлемдердің стильдік бояуына қызмет етеді. Мәтіннің келесі позициясында бұл сөздер не кейде сөйлемдер өзгеріссіз қайталанса, осы аралықтағы оқиғаға баға беру немесе қорытынды жасау сияқты қызметтер атқарады.

Автордың Тұрарға деген ықыласы, оның басынан өткені мен халқына жасаған жақсылық әрекеттері мынадай ойталқы арқылы беріледі: “Халқының қан жылаған сонау патша заманын көріп, куәсі болған Рысқұлов; сол халыққа кәйтсем қол ұшын беремін деп жастайынан шырылдаған Рысқұлов; алтын сандықтың үстінде отырып, сол сандықтың кілті қолына тимей, өз жеріне, өз байлығына ие бола алмай, қорлық көрген еліне еңіреп жүріп жаны ашыған Рысқұлов; сонау Түркістан өкіметі тұсының өзінде жергілікті халықтардың правосы үшін, Кушекиндермен арпалысқан Рысқұлов; “Түркістан, Қазақстан патша отаршылығынан Совет тұсында да арылып болған жоқ!” деп айқасқа түскен Рысқұлов ...енді келіп сол халықты бір сәтте сатып кеткен болды ғой! Мұнан асқан масқара, мұнан асқан сатқындық болар ма өмірде?! Мұндай қара таңбаны маңдайға басып, жер үстінде жүргенше сол қара жер қақ айрылып, неге мына азғын Рысқұловты табан астында жұтып кетпейді” (Ш.М.,Қыл көпір,452).

Сталиннің алдында тұрған Тұрардың ойы ретінде берілген бұл баяндаудың мәні өте ерекше деп бағалаймыз. Бұл мәтінде автор Рысқұлов сөзін алты рет қайталап береді. Осы алты қайталауды басқаша әр түрлі етіп беріп, оның орнына бір жерінде Тұрар деп,

бір жерінде азамат т.б. деп берсе ой дұрыс шықпас еді. Автордың дйттегені тап осы қалпында экспрессия мен эмоциялық мағынаға ие болмай қалар еді.

Көркем прозадағы қайталамалар туралы Р.Сыздық өзінің “Сөз күдіреті” атты зерттеуінде былай деп жазады: “Прозадағы рефрендер, сөз жоқ, поэзиядағыдан өзгешелеу келеді. Өлеңде рефрен тармақтар мен шумақтардың әрқайсысында қайталанып келетін сөздер болса, прозадағы авторлық баяндаудың біртектес үзіктерінің соңында не басында қайталанып келетін тұтас сөйлем не шағын мәтін болуы мүмкін” [1, 31].

Прозадағы қайталамалардың бұдан басқа да өзгешілігі О.Бүркіт еңбегінде былай деп жазылған: “Прозалық мәтіндегі қайталамалардың қолданысы белгілі бір еркіндікке ие болады. Соның нәтижесінде бір абзац анафоралы қайталамалардан басталса, екіншісінде ол құрылым қолданылмауы мүмкін” [2, 119].

Ал бұл жайында профессор Б.Шалабайдың мынадай пікірі бар: “Синтаксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, лексикалық қайталаулар дыбыстық қайталаулармен ұштасып, шығарманың қайталанбас өзіндік ырғақ-әуенін, құрылым-жүйесін жасайды. Бұл, әсіресе, ерекше сезімдік тебіреніспен баяндалатын тұстарда, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін ашатын баяндауда айрықша рөл атқарып тұрады” [3, 121].

Жоғарыда келтірілген мәтіндегі Рысқұлов сөзінің бірнеше рет қайталануы осы ғалым көрсетіп отырған кейіпкердің жан-дүниесін ашу үшін, оның халық үшін жылаған жүрегінің дүрсілін сездіру үшін қолданған көркемдік шешім деп пайымдаймыз.

Осындай қайталаулар Ш.Мұртаза шығармашылығында мол кездеседі. Мысалы: “Декрет бойынша теңдік те, еркіндік те бар. Декрет бойынша. Ал іс жүзінде сол Декреттің сәулесін әлдекімдер Түркістанға толық түсірмей, әлі тасалап тұрған сияқты. Оны тасалап қалатын қара құдырет болмаса керек еді. Бірақ күннің өзін де кейде шала бұлт көлегейлеп қалады. Демек, сол шала бұлтты ысырып тастауға тырысу керек, оны қалай біліп, қалай ысырарсың” (Ш.М., Рысқұл, 424).

Бұл Тұрардың ойы. Мәтінде Декрет сөзі үш рет қайталанған. Декрет сөзінің әрқайсысы өзіндік мәнге ие болып тұр. Олардың айтылу мәнері де, интонациясы да бірдей емес. Екінші сөйлемдегі Декрет бойынша дегенде зілді кескін бар. Өйткені декретте жазылғанның бәрі іске асып отырмағанын Тұрар күнделікті өз басынан өткізіп отырған еді.

Ойталқы Шерхан Мұртаза романында ерекше көзге түседі. Әсіресе үшінші және төртінші кітаптарында ойталқы терең оймен өрнектелген. Айталық, Сталиннің алдына кіргелі тұрған Рысқұлдың ішкі ойы былайша жазылған ойталқымен беріледі: Мұндайда досқа да, қасқа да сыр бермеу керек. Мұндайда бүкіл тұлға тұрмақ, саусағыңның дірілі де көзге түседі. “Атасына нәлет! Қорықпа, Рысқұлов. Құдай берген жанды құдай өзі алады. Осы жарық дүниеге келгеніңнің өзі өлшеусіз олжа. Келмей қалсаң қайтер едің? Қазақтың өлшеусіз кең өлкесінің бір пұшпағында туып, зорлықпен, жетімдікпен, аштықпен бір жерде қылжиып қалмай, адам болып, атқа қонып, өзіңнің емес, еліңнің жоғын жоқтап, әрлі-берлі дүниеде өткен патшалардың ішіндегі ең қаһарлысының қарсы алдында қасқайып тұрып сөз сөйлегеніңнің өзі мың бақыт емес пе? Және қарсы сөйлеу... Екінің бірінің қолынан келіп жатқан жоқ. Бұған да тәуба, тәуба...” (Ш.М., Қыл көпір, 388).

Бұл ойталқыдан автордың көзқарасы, ұстаған жолы айқын көрінеді. Нағыз жазушы-суреткер ретінде автор сөз қолданыстарына аса салмақпен, пайыммен қарайды. Зорлықтан, жетімдіктен, аштықтан деген сөйлемнің бірыңғай мүшелерін келтіру арқылы

ойын тереңдете түсіп, оқушысының көңілін аударуды көздейді. Мұндайда лексикалық бірлігін қайталау арқылы эмоциялық күш береді.

Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997. – 223 б.
2. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 274б.
3. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Қаз мамагру, 1997. – 129 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ МАҒЫНАНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақұлова Л.Т., ф.ғ.к.

Дарьябаева А.Е. 4 курс студенті

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В статье рассматриваются виды, формы, способы выражения противоположного значения в казахском языке в художественном тексте.

Ключевые слова: контра, контрардикторный, контрастное значение, антоним, антитеза, логические противоречия.

Annotation. The article considers the types, forms, and ways of expressing the opposite meaning in the Kazakh language in a literary text.

Keywords: contra, counterdictor, contrast meaning, antonym, antithesis, logical contradictions.

Ақиқат шындық өзара қарама-қарсылықтан тұрады. Диалектикадағы негізгі заңдардың бірі – қарама-қарсылық және болмыстағы әрбір зат пен құбылыс қарама-қарсылықтың бірлігі болып табылады.

Диалектика қарама-қайшылықтарды ішкі және сыртқы, зат пен құбылыс арасында бір мезгілде қатар болуы мүмкін қарама-қайшылықтар деп бөледі. Олар өзара байланыс пен сабақтастықтан тұрады. Сыртқы қарама-қайшылықтар ішкі қарама-қайшылықтардың негізінде пайда болып, дамудың ішкі үрдісіне әсер етеді. Ішкі қарама-қайшылықтары адам санасына қатыссыз, объективті болып келеді.

Объективті шындықтағы қарама-қарсылықтар санада бейнеленіп, сол арқылы тілден көрініс табады. Басқалай айтқанда, қарама-қарсылық өзара байланысты «ақиқат – ой – тіл» үштігінде қарастырылады.

Осындай объективті шындықтағы қарама-қарсы зат пен құбылыс тілден көрініс тауып, тілде белгілі бір міндеттерді атқаруға бейімделген. Зерттеушілер тіл жүйесіне тән қарама-қарсы екі заңды көрсетеді: «тілде бәрі бір-бірін алмастырады және араласады; тілде бәрі қарама-қарсы қоюға негізделеді. Бір қарағанда, осы екі заң бірін-бірі жоққа шығаратын сияқты. Алайда осы қарама-қайшылық шындықтың өзі болып табылады» деген ой айтады. Тілде кез келген уақытта осы қарама-қарсылық пен араласу мүмкіндігінің екеуі де болуы мүмкін, алайда олардың қайсысының қолданылатындығын нақты жағдаят шешеді. Тілдік қарама-қарсы қатынастар әсіресе, көркем мәтінде айқын көрінеді [1].

Мәтінде қарама-қарсы полюстердің болуы оның (мәтіннің) ақиқат болмысты толық та, дәл көрсетуіне мүмкіндік беретін ішкі динализмді білдіреді. Қарама-қарсылық екі жақты сипатта көрініс табады:

- біріншісі – қарама-қарсылықтың өзара шарттастығы. Ол логикалық қайшылықтарда және контрастық құбылыстарда кездеседі;

- екіншісі – қарама-қайшылықтың өзара бірін-бірі терістеуі және бір-бірінен өзара алшақтау сипатында көрініс табуы. Осы шарттар орындалғанда ғана қарама-қарсылық бірлігі арасында «күрес» орнап, объектілер арасында қарсылықты мән қалыптасады.

Болмыстағы қарама-қарсылық тіл жүйесінде лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерден көрінеді. Тілдік бірліктердің бойындағы бұл қарама-қарсылықтар логикадағы осы аттас екі ұғымға сәйкес келеді. Оның біріншісі – «тікелей» қарама-қарсылық; екіншісі – қайшылық, яғни өзара үйлеспеушілік. Осының негізінде қарама-қарсылықты тағы да екіге ажыратуға болады: бір зат пен құбылыстың бойындағы өзара қарама-қарсылық; екі түрлі зат пен құбылыстың арасындағы қарама-қарсылық.

Ақиқаттың өзара ішкі және сыртқы қарама-қайшылығы мынадай түрде көрініс табады: *терістеуші қарсылықтар* – ақиқат дүниенің (зат немесе құбылыс) болмысын толықтай терістеп, «анти» тұрғысында қарсы тұратын оппозициялық екінші жағы; *шарттасушы қарсылықтар* – ақиқат дүниенің қарама-қарсылық мәнін белгілі бір шарттық қатынастарда ғана танытуды негіздейтін, сонымен қатар «егер, ... онда» және «бірақ» формасына сай құрылған бүтін ойдың бірінші объектісі екіншісіне қарсы мәнде жұмсалатын қарсылықтың шарттасқан көрінісі; *контрасты қарсылықтар* – кез келген заттың немесе құбылыстың түрленген, өзгерген, өзіне ұқсамайтын және сәйкес келмейтін екінші жағын таныту арқылы оған қарсы түсінік тудыратын қарсылықтың баламаланған көрінісі.

Қарама-қарсы мағына терістеу, шарттасу, контрастық реңк беру мақсатында қолданылады. Терістеу мақсатына құрылған қарама-қарсылықтан шынайы антонимия құбылысын көруге болады, шарттасу мақсатына құралған қарама-қарсылықтың мазмұнында екі объектінің өзара шарты, себебі, мақсаты тұрғысындағы сәйкессіздік, ал контрастық қарама-қарсылықтың стильдік реңк беру қызметі басым екені байқалады.

Қолданыстағы қарама-қарсылықтар контрарлық ұғымдарда көрінеді және тілде антонимдер деп аталатын полярлық мәндегі сөздермен беріледі. Лексикалық антонимия ұғымдар сәйкессіздігінің логикалық категориясымен тығыз байланысты. Сәйкессіздік ұғымдар қарама-қарсылықты және қарама-қайшылықты болып бөлінеді. Қарама-қарсылықты ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарады, бірақ заттардың барлығын толық қамтымайды, яғни олардың арасында сол қарама-қарсылықтың әр түрлі дәрежелерін көрсететін ауыспалы ұғымдар болуы мүмкін. Ал қарама-қайшылықты ұғымдар бірін-бірі жоққа шығарады және заттардың барлығын толық қамтиды. Осыған сәйкес «суық – ыстық» антонимі «суық – суық емес – жылы – ыстық» қатарына қарама-қарсы ұғымдармен қатыналатын болса, «жарық – жарық емес» сияқты бірліктер қарама-қайшылықты ұғымдармен қатынасады.

Шын мәнінде қарама-қарсы болмайтындар тілде қарама-қарсы қойылуы мүмкін. Логикалық жіктелімнің лингвистикалық талаптарға сай келмеуі ойлау мен тілдің арасында тепе-теңдік болмайтынының дәлелдерінің бірі болып табылады. Лингвистикалық талдау көптеген ұғымдардың қарама-қарсылығынан гөрі, олардың қарама-қарсы қойылуын көрсетеді.

Қарама-қарсы және қарама қарсы қойылған мағыналардағы сөздерді іріктеудің шартын жасау мақсатында оларды бір өлшемді және көп өлшемді қарама-қарсылықтарға бөлу ұсынылады.

Бір өлшемді қарама-қарсылықтар тілдік антонимдерге сәйкес келеді, өйткені олар лексикалық құрамы өзгермейтін және сөздікте бекітілген сөздік мағыналардың логикалық тұрғыдағы қарама-қарсылықтарына негізделеді [2].

Көп өлшемді қарама-қарсылықтар сөздіктерде бекітілмейді, белгілі бір жағдайларда олардың түрленуі мүмкін, сондықтан олар контекстуалдық антонимдер тобына сәйкес келеді.

Ерсiлi-қарсылы қарама-қарсылық (контрарлы) – бiр бiрiне мүлде сәйкес келмейтiн өзара түбегейлi қарсы құбылыстар. Терiстеу қарама – қарсылығы (контрадикторлы) – екi нысанның өзара шеткi нүктелерi арқылы ғана емес аралық қарсы мәндi бере алатын үшiншi нысанмен де қарама-қарсы қоюға болатын қайшылық. Дегенмен бұндағы үшiншi мағына қарсылық танытудан гөрi, екiншiсiн айқындау қызметiн атқаратынға ұқсайды. Сондықтан үшiншi мағына тәуелдi мағына деп саналып, ол контрарлық жүйеден тыс тұрып қарама-қарсылық бүтiндiгiн толық бере алмайды.

Қарама-қарсылық түрлерiн былай топтастыруға болады: **Логикалық қарама-қарсылық:** контрарлы қарама-қарсылық: «Анти А» ≠ «А емес»; контрадикторлы қарама-қарсылық: «Анти А» = «А емес»; **мағыналық қарама-қарсылық:** привативтi қарама-қарсылық – қарама-қарсы мағыналары контрадикторлы (комплементарлы) ұғымдарды танытады; эквиволенттi қарама-қарсылық – қарама-қарсы мағыналары контрарлы әрi комплементарлы ұғымдарды танытады; полярлы қарама-қарсылық – қарама-қарсылық әрекетiндегi шынайы және әлеуеттi нәтиженi танытатын мағыналық компоненттер.

Қарама-қарсылықты мағынаның қазақ тiлiндегi бiр көрiнiсi мақал-мәтелдердiң бойынан байқалады. Қазақ тiлiнде мақал-мәтелдер салыстыру негiзiнде құрылады және екi қарама-қайшы ұғымды салғастыра отырып, ойды ашып көрсетудi мақсат етедi. Қазақ тiлiндегi паремиялогиялық құбылыстардың iшкi қарама-қарсылық мәнi көп жағдайда контрасты қарсылық негiзiне құрылады.

Ақиқат болмыс тiлдiң жүйесiнде семиотикалық кодтармен (белгiлермен) таңбаланады десек, бұдан жай сөйлемдер жүйесi де тыс қалмайды. Олай болса, ақиқаттағы қарама-қарсылықтың жай сөйлемдер жүйесiнен көрiнiс табуы заңды болып шығады. Сонымен қатар қарсылықты құрмалас сөйлем бойындағы мазмұнды жай сөйлемнiң бойына сыйғызуға болады. Олардың арасындағы айырмашылық *бiрiншiден*, тұлғалық көрiктену жағында; *екiншiден*, құрмалас сөйлем мазмұнынан қарсылықты мағына айқын көрiнетiн болса, жай сөйлемде оның бiрден байқалмауы мүмкiн. Сонымен, жай сөйлемдердiң мағыналық құрылымынан қарама-қарсылық ойды анықтауға болады. Жай сөйлемдердiң мағынасы арқылы екi әрекеттiң қарама-қарсылығын жеткiзуге болады. Жай сөйлемдердегi қарама-қарсылық ойдың мағыналық көрiнiсi мынадай: қарсылықты мағыналы жай сөйлемдер; альтернативтi сұрақты бiлдiретiн сұраулы сөйлем; қарсылықты құрмалас сөйлемдерге синонимдес жай сөйлем; логикалық-психологиялық таным қарама-қарсылығына құрылған сөйлем.

Қарсылықты қатынас құрмалас сөйлем арқылы толық берiле алады: өйткенi предикативтiк бөлiктерi болмыстың оқиғаларын берiп, байланыс құралдары олардың арасындағы қатынасты жарыққа шығарады.

Құрмалас сөйлем компоненттерiн байланыстырушы тұлғалардың (қосымша, шылау, көмекшi сөздер) сөйлемде белгiлi бiр қатынасты бiлдiрушi формалық көрсеткiш болуы көп ретте мағыналық-синтаксистiк жағдайларға тәуелдi болады. Жұмыста қарама-қарсылықты қатынаста келген құрмалас сөйлемдердiң жасалу жолдары мен iшкi мағыналық реңктерi қарастырылды.

Көркем шығармада қарама-қарсы құбылыстарды қатар шендестiре қолдану – шығарма көркемдiгiн арттыратын тәсiлдердiң бiрi. Алайда күнi бүгiнге дейiн бұл мәселе тек әдебиеттiң теориялық тұрғысынан ғана айтылып, оның тiлдiк көрiнiсi, көркем шығармадағы ұйымдастырушылық принципi ретiнде қарастырылмаған. Жұмыста антитезаның тiлдiк тұрғыдан көркем шығармада ұйымдастырушы бiртұтас желiсiн айқындау мақсатында оның грамматикалық, лексикалық қабаттарының рөлiн көрсетiп, оларды бiртұтас құралға айналдырып отырған композициялық жағына назар аударылды. Соның негiзiнде мынадай түйiндер жасалды:

Көркем шығармада шендестiру тәсiлiнде ерекше көзге түсетiнi – лексикалық тiлдiк бiрлiктер. Антонимдердiң тура мағынада, кейде ауыс мағынада қолданылатын тұстары кездеседi.

Қарама-қайшы оппозициялар негізгі екі антонимиялық ұғымдағы лексикалық бірліктерге құрылады да, сол екі ұғым өз алдына семантикалық кереғар екі шартты аймақ құрады.

Антитеза құбылысының көркем шығарманы ұйымдастырушы күш ретінде танытуға оның грамматикалық тәсілі қызмет етеді. Көркем шығармадағы грамматикалық құрылымның көрінісі шығарма көркемдігінің бірлігінен тыс емес, керісінше шығарма көркемдігін толықтыра түсуде айрықша көзге түседі.

Грамматикалық мағыналардың абсолютті кереғар ұғым туғызатын түрін бірін-бірі жоққа шығаратын грамматикалық мағыналар деп атауға болады. Жоққа шығару (отрицание) көркем шығармада кейде *әр түрлі сөз табынан* жасалады.

Қорыта келе айтарымыз, көркем мәтінде негізгі желіні құрайтын қарама-қайшылықтар тілдік жағынан грамматикалық, лексикалық жағынан көрініс табумен шектелмейді. Көркем шығарма бірлігін құрайтын негізгі ұйымдастырушы құбылыс қарама-қайшылықтардың тілдік көрсеткіші болып табылады.

Әдебиет:

1. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 6 том.
2. Мусин Ж. Қазақ тілінің антоним сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.

УДК 927,5

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Макулова Л.Т., ф.ғ.к.

Мусағалиева А.С., 4 курс студенті

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В данной статье анализируется повествование и его языковая природа, стилистические особенности по роману Ш. Муртазы «Қызыл Жебе».

Ключевые слова: повествование, описание, образ автора, автор-рассказчик, стилистический анализ, языковой характер, художественный текст, роман «Қызыл Жебе»

Annotation. This article analyzes the narrative and its linguistic nature, stylistic features based on the novel «Kyzil Zhebe» by Sh.Murtaza.

Keywords: narrative, description, image of the author, author-narrator, stylistic analysis, language character, literary text, novel «Kyzyl Zhebe»

Әңгімелеу – көркем прозаның негізгі баяндау түрі. Әңгімелеуді А.Байтұрсынұлы әуезе деп атаған. Автордың пайымдауынша, «болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру әуезе болады» [1, 397]. Әуезені ғалым еңбегінде үш тақтаға бөліп көрсетеді: 1) мәлімдеу; 2) мазмұндау; 3) қорыту. Мәлімдеуде иә уақиғаның алдында не болғаны айтылады, иә айтушының уақиғадан қанша хабардар екендігі айтылады. Мазмұндауда уақиға қалай болып, қалай өткені айтылады. Қорытуда иә уақиғаның шыққан нәтижесі (ақтығы) айтылады, иә айтушының қарары айтылады.

Романда негізінен екі мезгілдік өріс пайдаланылады: **өткен шақ және осы шақ**, осы шақтың нақ осы шақ тұлғасы да, ауыспалы осы шақ тұлғасы да қажетіне қарай қолданылады.

Автор-әңгімелеуші ретінде басқа жазушылармен салыстырғанда көп кездесе бермейді, көбінесе автор-жазушы, автор-бақылаушы болып отырады. Автордың әңгімелеуі кейіпкерді таныстыру үшін негізгі әңгімешіні сахнаға шығару үшін қажет деп саналады. Негізгі әңгімелеуші сахнаға шығып, әңгімеге араласқаннан соң, автор-әңгімеші бірте-бірте ығысады. Әңгімелеу романдағы негізгі баяндау формаларының бірі ретінде бағаланады. Мысалы: *“Лениннің кабинетінен шыға бере Рысқұлов қабылдау бөлмесінде жиылып қалған кісілерді көріп: “Біз, сірә,*

Ильичтің уақытын көп алып, мына кісілерді күттіріп қойыппыз-ау” деп бір сәт өзін кінәлі адамдай сезінді. Әуелі бұрыннан таныс, қызметтес әрі айтыскер әріптестері Элиава мен Рудзутак орындарынан түрегеліп Рысқұлов пен Ходжаевтың қолын алып амандасты” (Ш.М., Қыл көпір, 278). Осы әңгімелеуде алдымен автордың өзі оқиғаның болған сәті мен кейіпкерді әрекетке кіргізеді де, одан әрі әңгімеге кейіпкерлерді енгізеді. Бұдан соң диалог арқылы кейіпкерлердің әңгімесі жалғасып кете береді. Оқиғаның өту сәті қазіргі уақытта болып жатқандықтан, сөйлемнің баяндауыштары нақ осы шақ пен жедел өткен шақ тұлғаларында беріледі. Сондай-ақ автор осы әңгімелеуде “айтыскер” сөзін қолданған. Бұл сөздің контекстік мағынасы әдеттегі мағынасынан өзгешелеу. *Айтыскер* сөзінің контекстегі мағынасы жиі кездесіп, әр алуан тақырыпта пікір бөлісіп, пікір таластырып жүрген деген мағынаны беріп тұр. Әңгіме арқауынан оқушы оның қандай *айтыскер* екенін жаңылыспай біле алады. Яғни авторлық окказионалдық қолданыста *айтыскер* сөзі жаңа мағынаға ие болып, пікір таластырушы, пікір бөлісуші деген мәнде жұмсалып тұр.

Шерхан шығармаларын толық оқығанда, оның баяндау үрдісіндегі мынадай ерекшелікті аңғарамыз. Ол ерекшелік Тұрар Рысқұловтың есімімен байланысты. Автор-жазушының ерекше ойланып жасаған көркемдік әрі логикалық, философиялық тоқтам-тұжырымының көрінісіндей сезіледі. Автор жазушы Тұрардың жастық шағы мен жігіттік кездерін, махаббатқа толы бал-дәурен шағының кей елесін әңгімелегенде оны Тұрар деп қана атап отырады. Бұл барлық баяндау түрлерінде, әсіресе әңгімелеуде толықтай сақталады. Ал әңгіме Тұрардың саяси істері мен елге жасаған еңбегіне, азаматтық істеріне ауысқанда Ш.Мұртаза үшін Тұрар Тұрар емес, Рысқұлов. Автор-жазушы үшін бала, жігіт Тұрар бар да, ойлы, ақылды, елі үшін еңіреп өткен, елі үшін жанын қиған азамат ер – Рысқұлов бар. Екеуі бір кейіпкер болғанмен, автор-жазушы қолданысында Рысқұлов образының маңызы мен мәні ерекше. Рысқұлов – саяси қайраткер, азамат-ер.

Мәтін алдымен суреттеу арқылы басталады. Кейіпкерлердің көңіл-күйлеріндегі жағымды өзгерістерді табиғат та танып-біліп тұрғандай. *Мамыр айының маужсыраған бір сәті. Жай жаңбыр емес, кәусар жаңбыр.* Автор қазақ сөзінің майын осылайша тамызады. Гүлге ілінген тамшының суретін де әдемі көркемдейді. *Ол күн сәулесімен жақұттай жалтырайды. Кәусар жаңбыр, маужсыраған күн, жақұттай жалтыраған тамшы, көздің жауын алу сияқты көл-көсір теңеу мен эпитетті автор аямайды. Сұлу табиғат пен Тұрар көңілі психологиялық параллелизм арқылы жымдасып, салаласып, іліктесіп жатады.*

Романның ара-арасында автор-жазушы өзінің жеке әңгімелеу жүйесін де енгізеді. Мұндай жүйе әсіресе романның төртінші, бесінші кітаптарында орын алады. Айталық, “Қыл көпір” атты төртінші кітабында “автордан” деген жеке бөлім жазылған. Мұнда тек баяндаушы-әңгімелеуші автордың өзі. Оқиғаға да автордың өзі ғана қатысады. Әрі оқиға негізі басты кейіпкер Рысқұлов өмір сүрген уақытта емес, кейінгі кезде, Ш.Мұртаза уақытында болады. Автор-жазушы осылайша әңгімелеу формасын тиімді және ұтымды пайдалану арқылы оқырманға біраз ақпарат беріп өтеді. *“Бухгалтердің киіз кітабындай осы бір дәу дәптердің бірінші парағын ашып қойып, екі күн отырдым. Ештеңе жаза алмадым. Ой деген ойқастап, оқыранып олай да, бұлай да өтеді. Бірақ қағазға түсіретін құдірет көпке дейін келмеді. Ол Рысқұлов бейнесі еді. Қарсы алдыма суретін қойып қойдым. Бұл сурет 1923жылы Рысқұлов Түркістан республикасының Совнаркомы болып тұрған кезде түсірілген. Түрі жап-жас, бармақ мұртының табы ғана білінед...”* ары қарай суреттеу жалғасып кетеді (Ш.М., Қыл көпір, 279). Бұл әңгімелеу автордың өзінікі, өз атынан айтылып жатыр. Портретпен жымдасып, бірін-бірі толықтырады. *Киіз кітап* сөзі біраз ақын жазушылардың қаламынан кездесе береді, ал Шерхан Мұртазада ол жай ғана киіз кітап емес, *бухгалтердің киіз кітабындай.* Теңеу жұртшылыққа жай ғана ұсынылмаған. Қазіргі қауым үшін баяғының киіз кітаптары ұмытыла бастаған. Көз көрмеген соң, көңілден де кеткен еді. Қазіргі оқырмандар үшін бәріне танысы *бухгалтердің киіз кітабы.* Автор-жазушы ойды ойқастаған жылқыға теңестіреді. Бұл да тапқырлықпен жасалған. Әдетте қазақ халқы «көңіл жүйрік пе, көк

дөнен жүйрік пе» деген мақалды айтып, көңілді көк дөненге теңейді. Ал Шерхан оны *ойқастап, оқыранып олай да өтетін, бұлай да өтетін жылқыға* теңейді.

Автор әңгімелеуінде лексикалық бірліктердің қайталануы да жиі кездеседі. Мысалы: “*Бірақ өзен біткеннің бастауы бар, құрдымы бар. Бірақ бұл асыққаны, өзінің ақырына асыққаны зой. Шексіз дала. Қазақ даласы сияқты мұнда да боз жусан... Сол дауылдан таймай өткен Рысқұлов енді мына Монғолстанда жаңа дүние, жаңа заман бастауға қол ұшын бермек. Азияның қақ ортасында мешеулеп жатқан жалпақ елді жаңа жолға салу оңай емес*” (Ш.М., Тұрар, 379). Мұндай қайталамалар Ш.Мұртаза шығармаларында өте көп кездеседі. Романда сөз таптарының ішінде әсіресе зат есім мен етістіктің, есімдіктің қайталанып келетін тұстары жиі ұшырасады. Зат есімдер көбінесе анафоралық қайталама мен есімдіктердің қайталануына тән ерекшеліктер екенін зерттеуші О.Бүркіт жазған болатын. “Қызыл Жебеде” жалқы есімдердің қайталануы да біршама мол кездесетін қайталаманың бір түрі деп бағалауға болады. Жазушы жалқы есімдерді қайталап қолданған кезде кейіпкер бейнесін жаңа көркемдік деңгейге көтеріп, оның стильдік қызметін қалыңдата түседі. Айталық, “*Кейбір жазушы, сынышы сымақтар Голошекиннің сойыл соғары болып кеткенде, Ғабит сол Голошекинге тайсалмай қарсы шықты*” (Ш.М., Тамұк, 672) - деген сөйлемде Голошекин сөзі екі рет қайталанып келіп, ойды нақтылай, дәлдей айту үшін жұмсалып тұр. *Ендеше Глебовтың несі артық? Глебов жендет* - деген сөйлемде Глебов сөзі бір шағын контексте екі рет қайталанып тұр. Сондай-ақ Рысқұлов аты шығармада инверсия ретінде бірнеше рет қайталанып келіп отырады. Демек, автор жалқы есімдерді қайталап беру арқылы өзінің негізгі айтайын деген ойына сәйкес кісі атына салмақ түсіре отырып жазуға шеберленген. Адам аттарын қайталау арқылы айтайын деген ойының кімге қатысты екенін дәлелді түрде, нықтай, нығырлай түседі.

Зат есімдерден кейін қайталанып келуге біршама жақын тұратын сөз табы етістік деп пайымдауға болады. Қайталама етістіктің ерекше стильдік бояуы бар. Зерттеушілердің көрсетуінше, етістік – эмоциялық-экспрессивтік бояуды жақсы белгілейтін сөз табы. Сөйлемде негізгі ойды білдіру, қимыл-әрекетті белгілеу етістікпен байланысты. Етістік арқылы көбінесе жазушының стильдік шеберлігі танылады. Шерхан Мұртаза әңгімелеу барысында мұндай қайталамаларды да өте шебер пайдаланады. Мысалы: “*Қазан вокзалы кабинетіне кіріп барғанда алба-жұлба бір топ баланың ортасында отырған Түйметайды танымай да қалды. Түйметай екенін анық білмесе, танымас та еді*” (Ш.М., Қыл көпір, 461). Осы сөйлемде *танымау* етістігі екі рет қайталанып келіп тұр. Өйткені бұл жердегі негізгі автор ойы тану-танымауға байланысты. Демек, сөйлемнің өзгеріссіз қайталануын тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана ұшырасатын қолданыс деп есептеуге болмайды. Қайталама сөйлемдердің стильдік бояуына қызмет етеді. Шерхан Мұртаза романында халық тілінде жиі кездесетін перифраздық тұлғалар да, автордың өзі туғызған перифраздық тұлғалар да жиі кездеседі. Мысалы: “*Бірақ Түркістанға келе салысымен сүзектен жаңа тұрғанына қарамастан шеті-шегі жоқ жұмыс деген түпсіз теңізге түсті де кетті*” (Ш.М., Тұрар, 304). Мұндағы *түпсіз теңіз* тіркесі – мол жұмысқа, көп іске, қызметке деген сөз тіркесінің орнына стильдік мәнді көрсету үшін жұмсалған. “*Оу, Тұрар, құсың құтты болсын! Немене тағы да орыстан алғансың ба?*” (Ш.М., Жұлдыз көпір, 213) – деген сөйлемдегі *құс* сөзі де жарың, келіншегің, жолдасың деген мағынада перифраздық сипатта жұмсалған.

Автор шығармасында әңгімелеу мен суреттеу алмасып келіп, ішкі композициялық бірлікті жүйелеп отырады. Сондай-ақ романның сюжеттік желісіндегі оқиғалардың өрбуін де жүйелі түрде түсіндіреді. Айталық, Рысқұлов пен Ходжаевтың Лениннің қабылдауынан шығып келе жатқан сәтін одан әрі автор-әңгімелеуші былайша өрбітеді:

“*Рысқұлов пен Ходжаев Кремль сарайынан шыққанда мамыр айының күні маужырап-ақ тұр еді. Әлгінде ғана көктемнің қаусар жаңбыры жауып өткен екен, сирень гүлдеріне тамшы ілініп, ашылған күн сәулесімен жақұттай жарқырап, мың құбыла ойнап*

тұр. Айнала – биік соборлар. Жауын шайып өткен күмбездері ерекше жалт-жұлт етіп, көздің жауын алғандай. Ходжаев соборларға кезек-кезек қарап, таңдайын қағып:

– Жүдә, гажайып екен ә, Тұрар, - деді.

Рысқұловтың басқа бір ойдың, Ленинмен кездесудің әсерінен әлі арыла алмай келе жатып, Ходжаевтың сөзі санасында кешеуілдеп жетіп:

А? – деді. – А, Соборлар ма? Бұл да жатқан тарих қой, Низам-ака. Орыс елінің тұтас тарихы осы соборлармен байланысты...” (Ш.М.,Қыл көпір,278)

Байқап отырсақ, осы шағын үзіндіде әңгімелеу де, суреттеу де, кейіпкер сөзі мен автор сөзі де қатар жымдасып жатыр. Бұл романның өн бойында болатын, композициялық бірлікті сақтаушы қалыптасқан жүйе. Б.Шалабай өзінің еңбегінде “Қалың мал” романындағы баяндауды талдай келе мынадай ой айтады: “Әңгімелеу, суреттеу, диалогтар сырттай жалпылама тұрғыдан беріліп, бір-бірімен қиюласып жатады” [2, 145].

Жоғарыда келтірілген үзіндіде де осындай, бір-бірімен іштей қиюласқан баяндау формаларын байқаймыз.

Шағын мәтіндегі кездесетін “Жүдә” сөзі Рысқұловтың әңгімесінде кездеспейді. Автор-жазушы мұндай диалектіні Рысқұлов аузына салмайды. Ал Ходжаев үшін ол әдеби сөз ретінде танылады. Сондықтан бұл жерде ешқандай қолайсыздық тумайды, сәтімен пайдаланып тұр деп бағалаймыз. Мұның өзі Ходжаев образын талдауда мәні бар деталь.

Мәтін алдымен суреттеу арқылы басталады. Кейіпкерлердің көңіл-күйлеріндегі жағымды өзгерістерді табиғат та танып-біліп тұрғандай. Мамыр айының маужыраған бір сәті. Жай жаңбыр емес, кәусар жаңбыр. Автор қазақ сөзінің майын осылайша тамызады. Гүлге ілінген тамшының суретін де әдемі көркемдейді. Ол күн сәулесімен жақұттай жалтырайды. Кәусар жаңбыр, маужыраған күн, жақұттай жалтыраған тамшы, көздің жауын алу сияқты көл-көсір теңеу мен эпитетті автор аямайды. Сұлу табиғат пен Тұрар көңілі психологиялық параллелизм арқылы жымдасып, салаласып, іліктесіп жатады.

Шерхан романда әңгімелеу барысында өткен тарихқа да шолу жасап отырады. Әңгімелеуде жазушының пікірі, лирикалық тебіренісі, кейіпкер үшін қиналуы т.б. көрініс тауып отырады. Әңгімелеудегі лирикалық тебіреністі жасайтын сөздердің мағыналық жақтарымен қатар, сөйлем құрылымдарының теңдестігі, қатарластығы, әсіресе, баяндауыш тұлғаларының біркелкілігі болады. Яғни әңгімелеудің барысында ойды тарқата айтуда, жеткізуде қарымы кең, құлашы мол.

“Бұл әнге Дәу-Бабадан аса соққан Алатаудың кешкі самалы қосылды. Әркім-ақ Қазанаттың кім екенін жобалап отыр. Ол кешегі өткен Әлімбек батыр. Жағасын жауға жсырттырмаған, қанша сұрапыл соқса да басы жерге иілмеген зау бәйтерек. Бірақ сонда аяғына жем түскен кім? Не деп отыр мына Ахат?” (Ш.М.,Рысқұл,157)

Осы шағын мәтіндегі оқиға бір жағынан алып қарағанда осы шақта болып жатыр. Ән осы қазір айтылып жатыр, Дәу-Баба жақтан самал жел де осы сәтте соғып тұр. Дегенмен болып жатқан әңгіме төркіні басқаша. Бұрын өткен Әлімбек батыр жөнінде болып отыр. Яғни әңгімелеу барысында кез келген автор өз ойын сан тарапқа шырқата алады. “Әңгімелеудегі мазмұнның берілуі әңгімелеушінің композициялық-тілдік деңгейде белгілі бір “эпикалық қашықтықты” сақтауы арқылы жүзеге асады” – деп жазады бұл туралы зерттеуші-ғалым Б.Шалабай [2, 126].

Сонымен, қорыта айтқанда, романда баяндаудың барлық түрі де жоғары шеберлікпен құрылған. Ойдың айтылу жүйесіне қарай әңгімелеу, суреттеу, пайымдау бір-бірімен алмасып, біте қайнасып жатады. Олардың аражігін жай көзбен ажырату да оңай бола бермейді. Баяндау түрлері бір-бірімен тығыз байланыста, қарым-қатынаста көрсетілген. Романда жанды кейіпкерлердің мол галереясы бар. Олардың мінез-құлқының, дүниетанымының даму динамикасы сәтті көркемделген.

Әсіресе Рысқұлов образының көркем тілмен кестеленуі ерекше. Сондықтан да тілдік жағынан Ш.Мұртаза романы ХХ ғасырдағы ең көрнекті көркем дүние ретінде бағалана

алады. Шерхан Мұртаза шығармашылығының өзіндік мәтіндік-стилистикалық ерекшелігі бар деп танылады.

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. - 463 б.
2. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Қазмемагру, 1997. - 186 б.

АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Макулова Л.Т., ф.ғ.к.

Сарыүйсінбек Ү.Б., 4 курс студенті

(М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті)

Аннотация. В статье раскрывается картина языкового становления образа автора, раскрывается природа повествовательной структуры, раскрывается ее роль в создании образа автора.

Ключевые слова: стилистика, образ автора, типы повествования.

Annotation. The article reveals the picture of the linguistic formation of the author's image, reveals the nature of the narrative structure, reveals its role in creating the author's image.

Keywords: style, image of the author, types of narration.

Стилистика тілдік құралдардың қызметін, қолданыс аймағын қарастырады. Бұл жас ғылым саласы соңғы кездердегі зерттеуде іштей жіктелістерге ұшырап, тіл стилистикасы, тілдік қолданыс (тіл) стилистикасы, көркем әдебиет стилистикасы деген салаларға бөлініп қаралып жүр.

Қазақ әдеби тілінің алғашқы теориялық тұғырын жасаушы А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың еңбегінен бастап, стилистиканың қалыптасуы қазақ әдеби тілін зерттеу барысындағы М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Х.Кәрімов, М.Серғалиев, Б.Шалабай т.б. ғалымдар еңбектерінің орны ерекше.

Көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасау жазушының ойын танытуда, идеясын жеткізуде аса қажет. Әрине, көркем шығарманың идеясы мен айтайын деген ойын, ондағы әлеуметтік мәселелер мен саяси астарды әдебиетшілер де талдап көрсететіні белгілі. Дей тұрғанмен, көркем әдебиеттің негізгі құралы тіл болғандықтан, көркем мәтінге тілдік талдау жасау, оның стилистикалық саралануының негізі ретінде қарастырылады.

Көркем шығарманың діттеген мәселелері әр алуан, сан қырлы болуы ықтимал. Онда көтерілген ойларды талдау, автордың бейнесін анықтау, сөздердің мағынасын түсіндіру, әсіресе түсініксіз көне сөздер мен перифраздардың мағынасын ашу – лингвистикалық талдаудың негізгі міндетіне саналады.

Көркем әдебиет стилистикасы әдебиеттану ғылымынан да, тіл ғылымынан да тыс жатқан аралық ғылым екенін байқау қиын емес. Мұның өзі, ең алдымен, көркем әдеби туындының күрделі табиғатымен байланысты. Көркем әдебиеттің негізгі құралы тіл болғандықтан лингвистикадан да бөлек тұра алмайды. Бірақ көркем әдебиет стилистикасын құрылымдық лингвистиканың қалыптасқан формуласына салу мүмкін болмайды. Оның өзіндік жаңаша жолы мен жүйесі айқындалуы шарт.

Қазақ тіл білімінде көркем әдебиет стилистикасы мен көркем шығарманың тілі туралы алғашқы ғылыми-теориялық тұжырым айтқан ғалымдардың бірі – М.Балақаев екені белгілі. Ғалым: “Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді “мағыналық топқа

иіру” яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты”, - деп жазады [1].

Көркем әдебиет стилистикасы мәселесін терең зерттеген көрнекті ғалым Х.Кәрімов көркем әдебиет стилистикасы пәнін аралық ғылым саласы, аралық пән ретінде тани отырып, оның мәнісін былайша түсіндіреді: “...көркем әдебиетті стилистикалық тұрғыдан зерттеудің әдіс-тәсілдері жөніндегі ғылыми көзқарастардың ала-құлалығы, ғалымдардың пайымдауынша, сайып келгенде, көркем әдебиеттің ерекшелігіне, оны толық ұғынып-меңгерудің қиындығына байланысты” [2]. Біз де осы пікірге толықтай қосыла отырып, көркем әдебиет стилистикасы пәнінің өзіндік зерттеу нысаны мен ерекшелігін анықтау қажет деп есептейміз.

Көркем мәтінді талдаудың негізгі жолдары мен бағыттары Р.Сыздықова мен Б.Шалабай еңбектерінде жақсы сараланады. Ғалымдар көркем мәтінді талдаудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, тілдік талдаудың жолы мен жүйесін айқындайды. Көркем мәтінді тілдік талдаудың грамматикалық талдаудан өзгеше екеніне басты мән береді. Шығармадағы экспрессивтік-эмоционалдық жүк көтеріп тұрған сөздер, сөз оралымдардың мағынасы, интонациясы, автордың сөз қолдану ерекшелігі ерекше ескерілуі қажет екеніне назар аударады [3 ,8].

Көркем әдебиет стилистикасы пәнінің пән ретінде қалыптасуына үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі Б.Шалабайдың “Көркем әдебиет стилистикасы” деп аталатын оқу құралында көркем шығарманың стилистикасы, тілдік талдау мәселелері кеңінен әңгіме болады. Зерттеуші көркем шығарма тілін зерттеудің негізгі теориялық негіздерін белгілейді .

“Автор бейнесі” ұғымы біршама күрделі. Оны алғаш В.В.Виноградов ұсынып әрі дамытқаны белгілі. Автор мәселесі М.М.Бахтиннің біраз еңбектерінде де зерттелген.

Сонымен бірге автор мәселесі мен жазушы жолы В.В.Кожинның еңбегінде де терең талданған. Зерттеушілер “автор бейнесінің” жазушы жасаған басқа да бейнелер сияқты шығарма бейнелерінің бірі екенін ашып айтады. Автор бейнесін В.В.Виноградов көркем әдебиет тілі теориясындағы орталық мәселелердің қатарына қояды. “Шығарманың идеялық бағыты, ой-түйіні, көркем мазмұны, - дейді ғалым, - тек кейіпкерлер бейнелерін құрудан, олардың қарым-қатынастары мен байланыстарынан, баяндау мен диалогтың құрылысынан байқалып қоймайды, сондай-ақ, автор стилінен, тұтас шығарманың композициялық бірлігінен жасалатын автор бейнесінің құрылымынан да көрінеді”.

Егер “көркем шығарма автор субъектісінің формаларынан, бейнелік элементтерінің дәнекерлік топтарынан, көркем тілдің сыртқы құрылымдық формаларынан және олармен байланыстағы таным объектісінен құралады” дейтін болсақ, онда “солардың бәрімен автор бейнесі, шығарманың ішкі образдар жүйесі және көркем тілдің шығарманың идеялық мазмұнын жинақтап, оны эмоционалды тұрғыда бейнелейтін сыртқы формалары жанды қарым-қатынаста, бірлікте болады. Демек, көркем шығарманың барлық элементтерін бір қазыққа байлап қоятын – автор бейнесі. Ол жазушының дара стилін анықтауға да көмектеседі.

Д.Н.Шмелев “көркем шығарманың тілі мен стилінің әр түрлі элементтерінің қатыстылығы мен бірлігін жасаушы орталық дінгектерінің бірі – шығармадағы автор бейнесі – десе, М.П.Брандес: “Образ автора – это та цементирующая сила, которая связывает систему, это внутренний стержень, вокруг которого группируется вся стилистическая система произведения” – деп жазады.

Автор бейнесі шығарманың тілінен, баяндау құрылымынан, ал шығарманың баяндау құрылымы автор сөзінен және кейіпкер сөздерінен көрінеді.

Көркем шығармаларда автор бейнесі баяндау типтерін (әңгімелеу, суреттеу, ойталқы, диалог) бір-біріне сәйкестендіру формаларынан, баяндаудың даму және баяндау типтерінен, ауысу ерекшеліктерінен және шығарманың жеке бөліктерінде орын алатын жазушының өзіндік кейбір пікір-көзқарастарынан көрінеді.

Б.Шалабай автор бейнесін көркем тілдік категория ретінде қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, автор бейнесінің баяншылық типінің мынадай үш түрі болады: 1) 3-жақтағы жеке тұлғадағы баяншы; 2) 1-жақтағы (мен тұлғасындағы) баяншы; 3) арнайы баяншы – бұл, автор ойлап тапқан баяншы: ол не шығарманың бір кейіпкері болады, не аты-жөні белгілі әйтеуір бір субъект болады. 3-жақтағы баяншы шығармада баяндалатын әлемнен тыс тұрады және оның белгілену дәрежесі әр түрлі болады.

“Қызыл Жебе” романының өн бойындағы автор бейнесі негізінен үшінші жақта баяндалады. Автордың, Шерханның өзі, өзінің ойы тек үшінші жақтағы көрінбейтін кейіпкер арқылы танылып отырады. Көркем туындыларда үшінші жақтағы баяндау типі көптеп кездеседі.

“Лингвостилистикада” сөздің әсерлілігі, ең әуелі көркем әдебиеттегі сөздің әсерлілігі тілдік тұрғыдан қарастырылады. Көркем әдебиетті әдеби тіл тұрғысынан, жазушы тілі тұрғысынан қарастыруға болатыны зерттеу еңбектерде жазылып жүргені белгілі. Ш.Мұртаза туындысын осындай жан-жақты тұрғыдан зерттеуге болады. Автордың авторлық бейнесі арқылы көрінетін әр түрлі сипаттары мен оның тілдік құрылымы, эстетикалық сипаты кез келген талапқа жауап бере алады.

Көркем туындының құрылымы әртарапты көптеген компоненттердің бірлігінен тұрады. Олар көркем шығарма тілінің заңдылығына бағынады және тілдік жүйе құрап, соған бірігеді. Осы жүйені жасайтын – жазушының өзі. Осыдан “автор бейнесі” мәселесі туындайды. “Автор бейнесі” - көркем әдебиет тілінің сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі.

“Автор бейнесі” – өмірбаяндық емес, құрылымдық, көркемдік, көркем тілдік категория. Жазушының жеке басының ерекшеліктері, оның туындыларынан байқалып тұрады. “Автор бейнесі” дегенде өзара байланысты ұғымдарды түсінеміз. Көркем шығарманың тілін зерттегенде автор бейнесі өзінен-өзі танылса, көркем шығармадағы автор бейнесін тануға көркем шығарма тілін талдау арқылы қол жеткіземіз. Олай болса, біздің зерттеу жұмысымызда автор бейнесі мәселесі көркем шығарма тілін, жазушы шеберлігін талдау мәселесімен өзара бірлікте зерттеледі.

Көркем әдеби шығармада негізгі әрекет иесі – басты қаһарманмен, өзге де кездесетін образдармен бірге, туындының өн бойында қатысып отыратын, оқушыға ой салып, шығарма идеясын айқындап отыратын *автор бейнесі* бар. Автор өзі жазып отырған шығарманың өн бойында ойы мен идеясын, көзқарасын, психологиясын, менталитетін танытып отырады.

Ш.Мұртазаның “Қызыл Жебе” романын зерттеуде өзіне тән көркемдік қолтаңбасы тақырып өзегі болса, оны анықтау үшін “тіл элементтерін эстетикалық қызметте жұмсалудың принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін автор бейнесін” ашып талдау қажет болады. Ш.Мұртазаның “Қызыл Жебе” романының бастауы авторлық баяндаудан басталады. Романның көркемдік әлемінің күретамыры - әке Рысқұл мен бала Тұрар. Бір қарағанда романның басталуы жай ғана хабарлау болып көрінгенмен, көп жайдан хабар беріп тұрғанын ғылыми тұрғыдан аңғаруға болар еді. Ең алдымен торға қамалған – жай момын не айлакер не сотқар аң емес, тордағы даланың арыстаны мен жолбарысы.

Орыс пен қазақтың бір торға түсуі дегеннің астарында не бар. Бұл заманның өз шындығы. Орыс пен қазақ бірлесе таптық күреске түскен заманның шындығы. Яғни автор сөзінде әп дегенде замана шындығы қылаң беріп, автордың арғы ойы, идеясы көрініс береді. Арыстан – Рысқұлдың мінез-құлқын бірден тану оңай емес. “*Тінті туған баласына мейірі түскеннің өзінде түрі ашулы сияқты көрінеді. Біреудің еркелеткенін көтеретіні де, көтермейтіні де белгісіз. Жалынан сипасаң күдірейе түседі*” (Ш.М., Рысқұл, 9). Бұл мәтіндегі баяндауыштардың құрылымы соншалықты нық, әрі сәтті шыққан. Алғашқы сөйлемдегі баяндауыш *ашулы сияқты көрінеді* деп беріледі. Егер бұл сөз өзінің тұлғасын өзгертіп, *ашулы сияқты, ашулы, ашулы сияқты көрінді* т.б. болса, контекстегі мәнін айқындап бере алмас еді. Сондай-ақ екінші сөйлемде есім баяндауыш арқылы сөйлем аяқталады. Мұның да өзіндік стильдік мән-мағынасы бар: *бірде көтереді, бірде көтермейді* сияқты

сипатта келмей, баяндауыштың белгісіз сөзімен берілуі оқушының қызығушылығын арттырады даусыз.

Көркем шығарманың оқылуы оның қызық болуымен тікелей байланысты десек, әңгіменің қызықты, тартымдылығы оның жұмбақтығымен де астасып жатары түсінікті.

Басқа да көркем шығармаларда қолданылған көркемдік тәсілді пайдалану қайталау болмаған күннің өзінде де, қызық болмайды, оқырманын тартып әкете алмайды. Осы ретте Ш.Мұртазаның арыстан мен жолбарыс бейнесін алуының өзі оқырманды қызықтырып әкету үшін жасалған сәтті деталь ретінде де таныла алады.

Негізінен автор шығармасында өзі баяндаушы болады. Автор бейнеленетін оқиғалардан, кейіпкерлерден сыртқары тұрып, белгілі бір нүктеден қарап таныстырады. Шығармада автор “көзге көрінбей” қатысып отырады. Оның демі, тынысы т.б. – бәрі сезіліп тұрады: “Тұрме әкімшілігі айламызды асырдық деп ойлайды. Арыстан мен жолбарысты бір торға қамап қойсаң бірін-бірі талап, ақыры екеуі де талмаусырап, өзінен-өзі жүнжіп құриды. Әсіресе, бір камераға қазақ пен орысты қатар отырғызу, Приходько мырзаның ойынша, арыстан мен жолбарыстың ырылдасуынан да зорырақ жанжалға апарып соқса керек еді...”. “Приходьконың есебі бойынша, Рысқұл мен Броников бірін-бірі жеп қою керек. Сонда жолбарыстың рөлінде өзі қалмақшы” (Ш.М., Рысқұл, 6). Бұл сөйлемдерден автордың ойланым-толғаным сәттерін, ішкі монологын беруін, демек, психологиялық, философиялық талдауларын байқауға болады.

Ш.Мұртазаның шеберлігінің бір қыры шебер қолданатын бір тәсілі – ортақ төл сөздер. Автор шығармасында ортақ төл сөзге (қос үнді сөз) көбірек ден қояды. Өз ойын, сезім бағасын кейіпкердің ойы, көзқарасы тұрғысынан береді.

Ш.Мұртаза туындысын оқи отырып, заманның шындығын, халық психологиясы мен менталитетін танимыз. Әрі Рысқұл ойы арқылы автордың өзінің де ішкі таным иірімдері айқындалатыны даусыз: “ Сөйтіп жүргенде көрген Тұрары ғой, Тұрар деген атының өзіне әке байғұс бар үмітін артып еді. Енді соның өзін есейіп, ес біліп қалғанда ажал-құзғын айналдырып, тұзағын талша мойынға аяусыз тастап тұр. Намаз оқымас, ораза тұтпас Рысқұл енді сасып, амалсыз аллаға сыйынды. Ақ пайғамбардың, сәбилердің пірі Ұмай ананың есімдерін ішінен әлденеше рет атады. Бәйдібек бабасына, Домалақ атанған Нүрилә анасына сыйынды. Енді осыдан бала оңалып, құдай қуат берсе, Түлкібас Жуалыдағы туған жерге бір қайрылып, Қаратау қойнында, бала-Бөген бойында тұрған Бәйдібек бабасы мен Домалақ анасының күмбезіне барып бас иіп, тәжім етуге ант берді” (Ш.М., Рысқұл, 13). Бұл нағыз қазақ баласының психологиясы, ойы. Қорыққанда Алласы есіне түседі, жайшылықта ораза ұстап, намаз оқымайтын қара қазақтың танымы осы. Бұл тек Рысқұлға ғана тән таным десек қателесер едік. Иісі қазақ баласының дүниетанымы бұл.

Ш.Мұртаза осы халықтық сипаты бар дүниетанымды тілдік бірліктер арқылы орынды қолданып, кейіпкер мінезін де, автордың өз бейнесін де айқын танытады.

Әдебиет

1. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. –Алматы: Қазақстан, 1965. –187 б.
2. Кәрімов Х. Қанатты тіл. –Алматы: Санат, 1995. –144 б.
3. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем текстті лингвистикалық талдау. –Алматы: Мектеп, 1989. –128 б.

THE IMPORTANCE OF PROPERLY TEACHING RECEPTIVE AND PRODUCTIVE SKILLS

A.K. Meirbekov¹, A.T Kurbanova¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Akhmet Yassawi. Turkestan, Kazakhstan).

E-mail: ph-doctor@mail.ru, kyrbanova.01.n@gmail.com

Abstract. Receptive skills, reading and listening, are important skills that all students should master when learning a new language. They are important because they surround the world and can be used for purpose and entertainment. In my own experience, I have seen the consequences of underdeveloped receptive skills and have helped to develop my students' receptive skills in the classroom. With this experience and the information I have learned in this course, I am hoping to continue to develop receptive skills in my students. There has been determined four basic skills in foreign language education: listening comprehension, reading comprehension, speaking and writing. This research-action aims to strengthen the receptive skills in English to Secondary school students through an educational intervention based on a communicative approach. Then, the methods commonly used in foreign language education are indicated. These commonly used methods are introduced by specifically pointing out their general characteristics and their aims in language learning. Today's world considers English as a universal language because there has never been a language so extensively spread or spoken by so many people as English. It includes India as well. In communication, a receptive capacity for decoding foreign language and content of the message is a skill which can be trained and developed through teaching. Universities can play a key role in shaping future engineers to cope the growing demand of acquiring receptive skills in English Language. The aim of this paper is to discuss the present scenario of the engineering students across India in the context of receptive skills and to point out importance and emphasise the need for engineering students to acquire it for professional as well as pragmatic excellence. At an international level, the English language speakers fall into different categories. Moreover, people who are characterized by distinct racial and national identities, values, cultural contexts and regional backgrounds will perceive the language differently. Nevertheless, the enrolment in the community of the English language speakers provides multiple opportunities: access to education, the possibility to work abroad, as well as the development of tourism or economics business. It is also necessary to speak English especially because postmodern civilization is characterized by multiculturalism and plurilingualism. The English language speakers also have the advantage of working in the cultural and artistic fields. The aim of this article is that of emphasizing the significance of the main didactic instruments: the receptive skills (Reading, Listening) and the productive skills (Writing, Speaking).

Key Words: foreign language, teaching, interrelation of skills, discussion and reconduction, productive skills.

Introduction.

In this paper much attention will be paid mainly to one category of language skills and those are receptive skills. There are two groups of skills that are known and studied in the context of educational process represented by teaching and learning. The category of receptive skills - also recognized as passive skills - is demonstrated by reading and listening. In many cases of foreign language learning they appear as the first skills to be understood and comprehended. Foreign language learners mostly start their way of mastering a new language by observing, reading and collecting language experience. Passive language skills do not force students to produce anything

actively. They gain the knowledge in a passive manner and later they start producing their own monologues, dialogues and many other “spoken results” are created. The same process is done with writing which the same way as speaking belongs to the category of productive language skills, also described as active skills. More energy is needed to ‘produce’ any outcome of those types. Both types of language skills make an integral part of learning process at any stage of its development. Productive skills, speaking and writing, are defined by Jaramillo and Medina (2011) as an important form of expression used to persuade or convince other people as well as to share ideas and feelings. At first the paper will describe different strategies how both speaking skills are taught and it will present examples of more and less successful activities when learning not only English as a second/foreign language, abbreviated ESL/EFL. As Littlewood explains “a ‘second’ language has social functions within the community where it is learnt, whereas a ‘foreign’ language is learnt primarily for contact outside one’s community” (Littlewood, 1991, p.2). The article itself will concentrate more on the process of learning than teaching. There are various factors that influence the final outcome and success in grasping a foreign/second language. We will look at potential users of a new language and try to answer why some of them are more successful than the others. At an international level, the English language speakers fall into different categories. Moreover, people who are characterized by distinct racial and national identities, values, cultural contexts and regional backgrounds will perceive the language differently.

I will dedicate the first part of this article to the description of the principal ways of improving the students’ receptive skills, which work well with the read or listened text. In order to guarantee the success of the receptive skill teaching activities, both the materials and the didactic procedures employed have to be suitable for the students’ level. In the study *The Practice of the English Language Teaching*, Jeremy Harmer discusses the issue of the linguistic obstacle in the acquisition of a foreign language, which is specific of activities focusing on receptive skills. Harmer explains that “comprehensible input aids language acquisition, then it follows that incomprehensible input will not.” (304) In order to practise their skills, the students must know approximately 95% of the vocabulary of a text. In addition, the recordings or the texts must be adapted to the students’ needs. In the study *Learning Teaching*, Jim Scrivener advises the teacher “not to worry too much about what student level the recording is suitable for”, but rather to make sure that “the task is set for the right level”. Moreover, Jim Scrivener argues that the teachers should “grade the task, rather than the recording”.(Scrivener 177) Moreover, the teacher must remove different barriers which may emerge *before* or *along* the task. According to Jeremy Harmer, the understanding of the read or listened text represents the essential element of a successful lesson.

Interrelation between Receptive and Productive Skills

Я стараюсь приучить своих учеников вдумчиво работать с учебными текстами, справочниками, словарями.

Эффективны уроки с использованием ИКТ, обучение детей в лингафонном кабинете. Для решения задачи формирования функциональной грамотности на уроках использую видеофильмы («Иностранцы о Казахстане», «О вреде фаст фудов», «В мире животных» и др). Они наглядно подтверждают изучаемые темы. Просмотр фильмов вместе с комментариями учителя и опорой на тексты позволяют расширить информационное поле учеников.

Интеграция предметов тоже способствует формированию функциональной грамотности. Межпредметная связь -это связь с жизнью... После таких уроков у детей меняется отношение к предмету, появляется интерес.

Все приемы и методы бесполезны, если нет доверительных взаимоотношений «учитель-ученик». Понимание, доверие, поддержка, право на ошибку, толерантность. Без этого не может быть здорового микроклимата на уроке, что очень важно.

Метод проектов при обучении английскому языку, считается не простым, но эффективным. В ходе защиты проектов ведется широкое обсуждение на английском языке.

Рефлексия: мне очень нужна обратная связь, чтобы корректировать и планировать свою дальнейшую работу

Таким образом, формирование функциональной грамотности учащихся на современном этапе развития школьного образования и планируемого перехода на 12- летнее образование зависит от обновления самого содержания образования, создания учебных программ, учебников, пересмотра программ повышения квалификации и переподготовки учителей, мониторинга способностей учащихся применять полученные знания в ученых и практических ситуациях, а также обеспечить адекватные материально-технические, психолого-технические и технологические условия обучения школьников.

Литература

1. Государственная Программа развития образования Республики Казахстана 2011-2020 годы от 7 декабря 2010 года.
2. Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д. Функциональная грамотность выпускников школ // Социологические исследования – № 5. 2007 – С. 140-144.
3. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла // Методическое пособие – Астана2013, с. 10-11.
4. Руководство для учителя / Третий (базовый уровень) 2012 г– с. 125-127.

КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР МЕН ОМОНИМДЕРДІ ОҚЫТУ

Сағым Жадыра

(«Тұран-Астана» университеті)

Қазіргі әлемде жаһандану үрдісі қоғамға ықпал ете бастаған кезде, білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологияларын қолдануға баса назар аударылады. Білім беруді жаңарту талаптарына сәйкес оқытудың жаңа технологиялары бойынша жұмыс маңызды деп танылуда. Білім беру технологияларының жүйесі қазақ тілін оқытуда тиімді қолданылуда.

Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеті-ішкі жан дүниенің, адамгершілік қасиеттеріңізді, жеке тұлғаңызды дұрыс қалыптастыруды бағыттау, негіздеу. Сондықтан қазіргі қоғам адамзатқа білім беру жүйесінде үлкен проблемалар туғызады. Осы міндеттердің бірі мектеп педагогикасының күрделі және маңызды тақырыбы болып табылады, оқушылардың тілдік мәдениетін қалыптастыру, оқу процесін жақсарту, жаңа технологияларды енгізу, оқытудың жаңа модельдерін енгізу, реформалар жүргізу қажеттілігі туындайды.

Қазақ тілінің кешегі мәйекті қалпын, терең философиялық тұжырымды екі ауыз сөзге сиғыза білген, мірдің оғындай өткір қалпын терең меңгеру, меңгерту – парыз. Әрі бұл меңгеру мен меңгерту – ғылыми бағытта парасаттылықпен дұрыс жолға қойылса орынды сөздерді үйрету қазақ тілін меңгеруде маңызды кезең болып табылады. Сөз мағынасымен таныстыру - әдістемедегі ең қажетті де, алғашқы қадам. Сөздерді және олардың мағыналарын үйрету арқылы оқушының сөздік қорын молайтамыз, сондай-ақ балаларды дұрыс сөйлеуге, тіл мәдениетін, стильдік қырларын еркін танып-білуге қалыптастырамыз. Сөздерді, сөз мағыналарын меңгерту арқылы жазбаша және ауызша тілдерін дамытамыз. Сөздерді, сөз мағыналарын меңгерту оқушының көркем шығармаларды түсініп оқуына да көп ықпал етеді. Мектеп оқушыларына сөздерді, сөз мағыналарын, сөздік қорын дамытудағы мақсат – сирек қолданылған сөздердің тәрбиелік мәнін біліп, баланың сөйлеу тұрғысынан да, оқу және жазу тұрғысынан да сауатты, керек сөзді іркілмей айта алатын, шешендік өнерден хабары бар, саналы, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Әдіскер-ғалымдар М.Т.Баранов, А.Р.Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, лексиканы оқытумен байланысты жүргізілетін жаттығу түрлерін сөздік және лексикалық жаттығулар деп екіге бөледі. «Сөздік және лексикалық жаттығулар бір-бірімен тығыз байланысты, кей жағдайда оларды бір-бірінен айыру да қиын, өйткені екеуі де негізі сөзбен жұмыс жасайды» [1] дей келіп, бұл ғалымдар лексикалық жаттығуларға лексикадан алған білімді бекітіп, осы негізде лексикалық іскерлікті қалыптастыру үшін жүргізілетін талдау жұмыстарына арналған жаттығуларды жатқызады. Ал сөздік жаттығуларға тілді сезінумен, сөзді дұрыс түсінумен және орынды қолдана білумен тығыз байланысты сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады. Сөздік жаттығулар оқушылардың сөздік қорының молаюына жағдай жасайды.

Орта буын сыныптарда лексикалық тақырыптарды оқытумен байланысты тіл дамытуға арналған жаттығу түрлерін жинастыруда, топтастыруда мына жағдайлар ескеріледі:

а) оқушылардың жас ерекшелігін ескеру, соған сәйкес жаттығу жұмыстарын түрлендіру;

ә) тіл дамытуға арналған жаттығу жұмыстарының мақсатын комплексті түрде қою.

Тіл дамытуға арналған жаттығулар жүйесін жинақтауда жаттығу жұмыстарына қойылатын мынадай негізгі әдістемелік талаптар ескеріледі. Олар:

- 1) жаттығу мәтіні оқушының жас ерекшелігіне сай келуі тиіс;
- 2) жаттығу мәтінінің тәрбиелік мәнінің болуы;
- 3) жаттығуда берілген тілдік тапсырманың айқындығы;
- 4) лексикалық тақырыптың грамматикамен байланыстылығы.

Бұл жаттығу түрлері үш топқа бөлінеді: 1) лексикалық тақырыптарды бекіту мен оқушы тілін дамытуға бағытталған тақырыптық жаттығулар;

2) меңгерілген лексикалық тақырыптарға байланысты оқушылардың өзіндік шығармашылығын ұштауға бағытталған жаттығулар;

3) лексикадан алған білімін тексеруге бағытталған бақылау жаттығулары.

Бірінші топтағы жаттығулар лексикалық тақырыптардың қатысына қарай бөлінсе, екінші топтағы жаттығулар ойын жаттығулары, лексикалық перфокарта, лексикалық сызғыш, суретпен жұмыс жатқызылады, үшінші топтағы жаттығулар қатарына еркін диктант, тілдік тапсырмасы бар мазмұндама, тілдік тапсырмасы бар шығарма топтастырылды.

Оқушыларының ауызекі сөйлеу тілін бақылау барысында, жазба жұмыстарын тексергенімізде оқушылардың басым көпшілігі лексикалық қателер жіберетіні байқалады. Оқушылар өз ойын жеткізуде, сөйлем құрауда кейбір сөздердің мағынасын түсінбей қолданады.

Мысалы: Көңілсіз қара суық қырда жүрсең. “Қара” сөзі – түсті білдіретін сын есім емес, қара суықты білдіретін сөз. Осы сияқты контекстегі сөздің мағынасын жете түсінбеген соң оқушылар ол сөзді қолданбайды. Оқушылар сөздің көп мағыналылығына байланысты қателер жібереді.

Мысалы: Бір елге келсе, ас беріп жатыр екен. Төстік ата-анасына асты көп етіп жиып береді.

Оқушылар бұл сөйлемдердегі ас сөзін бірде дұрыс қолданса, бірде стильдік қате жібереді, «тамақ» сөзінің орнына “ас” ас сөзін қолданады.

Әсіресе оқушылар метафора, эпитет, теңеу қызметінде қолданылған сөздерге байланысты қателер көп жібереді. Мысалы: Аюдай денесі қорбаңдап көп арасынан көрініп тұрды. «Қорбаңдап» деген сөзді алып тастасақ, сөйлемнің беретін ойы ауысады. Өйткені ол сөзді қолданбасақ, теңелетін заттың үлкендігі ғана беріліп, икемсіздігі берілмей қалады.

Сөздің көп мағыналылығы ол сөздің стильдік жұмсалуының аясына байланысты сияқты. Сондықтан сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуында тура мағынасына қарағанда экспрессивті – эмоциялы әрі стильдік рең, өрнек көп болады. Көп мағыналы сөздерді меңгертуде деңгейлік тапсырмаларды пайдалану нәтижелі болады. Мысалы.

I-деңгей.

а) Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестір. Қандай мағынада қолданылып тұрғанын ажыратып жаз.

Терең (өзен, білім, ой), қатты (сөз, құрт), қара (көйлек, жұмыс, су, өлең, ниет), жұмсақ (адам, мінез, орындық)

Тура мағыналы сөз	Ауыспалы мағыналы сөз

1. Көп мағыналы сөздерді теріп жаз.

Қанат – құстар мен шыбын – шіркейлердің ұшып – қонатын дене мүшесі

Мысалы: Алдымен алты қанат ақ орданы тігуге кірісті. Біз футбол алаңының он қанатына отырдық.

Көз – адамның дене мүшесі, көруге арналған.

Мысалы: Көзім ауырып, дәрігерге қаралып жүрмін. Қазір иненің көзіне жіпті өткізе де алмаймын. Жұмыстың көзін тапсақ, тез бітіреп едік.

2. **Ыстық, ауыр** сөздері қандай мағынада қолданылған? (тұсына жаз)

Марат ауыр жүк көтерді _____

Ол – сыныбымыздағы мінезі ауыр баланың бірі _____
Дастарханға ыстық тамақ та келді _____

II – деңгей

Омоним сөздердің антонимдерін көрсет

Аш (сын есім) - Аш (етістік)

Кір (сын есім) - Кір (етістік)

Түс (зат есім) - Түс (етістік)

Деңгейлік тапсырмаларды лексиканы, лексикалық ұғымдарды терең және жан-жақты меңгертуге қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі оқушы белгілі бір тақырып бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бір теориялық мәселе бірнеше жаттығулар мен тапсырмалар арқылы пысықталады, қорытындалады. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда ізденімділік пен шығармашылық деңгейде орындалатын жұмыстардың мазмұны мен жүргізілу жолдары қиынырақ болады. Әр деңгейде орындалатын тапсырмалар әр түрлі және түрлі талаптарға сай келеді. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, тапсырма мазмұны күшейе түседі.

Сөз мағынасын түсіндіру барысында қолдануға болатын деңгейлік тапсырмаларға мысал келтірейік:

I деңгей

1. Мына сөздердегі ыстық, ауыр сөздері қандай мағынада қолданылған?

а) *Марат ауыр жүк көтерді.*----- .

ә) *Ол - сыныбымыздағы мінезі ауыр бала*----- .

б) *Дастарханға ыстық тамақта келді.*-----.

в) *Қуаныштан оның бойын ыстық сезім биледі.*-----.

2. Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестір. Қандай мағынаға ие болғанын ашып жаз.

Терең (өзен, білім, ой); қатты (сөз, құрт); қара (жұмыс, көйлек, су, өлең, ниет); жұмсақ (мінез, адам, орындық).

II деңгей

1. Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тауып жаз. (ауыспалы мағыналы сөздер кездесетін арнайы мәтін беріледі)

2. *Күн* деген сөзді тура мағынада, содан соң ауыспалы мағынада қолданып, екі сөйлем жаз.

III деңгей

1. Сөйлемді толықтыр. Ауыспалы мағынада қолданылатын қажет сөзді тауып жаз.

Үйің жылы болмаса да, көңілің жылы болсын.

Киімің таза болмаса да, ...таза болсын.

Мінезің ашық болмаса да, ...ашық болсын.

Пышағың өткір болмасын, өткір болсын.

2. Ауыспалы мағынада қолданған сөздердің орнына тура мағынасын қойып жаз.

Менің бұл ісімнің қисықтығын түсіндірді..... .

Базарханның арқа сүйері – жалғыз әкесі..... .

Күләш – Шығыстың бұлбұлы.

Асылымнан қалған жалғыз тұяқ деп атыңды Асылбек деп қойғанмын.

3. Сөздерді ауыспалы мағынада қолданып шағын мәтін құрастыр.

Көп мағыналы сөздер

Көп мағыналы сөздердің болатынын да сабақ барысында деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуге болады.

I деңгей

Көп мағыналы сөздерді теріп жаз.

1. *Қанат – құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып қонатын дене мүшесі.*

2. *Алдымен алты қанат ақ орданы тізуге кірісті.*

3. *Біз футбол алаңының оң қанатында отырдық.*

4.Қазір иненің көзіне жіпті өткізе алмаймын.

5.Көзім ауырып дәрігерге қаралып жүрмін.

6.Жұмыстың көзін тапсақ, тез бітірер едік.

II деңгей

Көп мағыналы сөздердің қатарын жалғастыр.

Адамның аяғы,-----,-----.

....., домбыраның құлағы,-----,.....,-----,

пышақтың жүзі,,, жараның аузы,.....,..... .

2.Суретке мұқият қара. Екі суретке ортақ бір көп мағыналы сөзді тауып, сөйлем құра.(Мысалы, суретте тарақ, ауыз-тіс, көйлектің жағасы,тау, ағаш, су берілген.)

3. Құрғақ сөз дегенді қалай түсінесің?

III деңгей

1.Құрамында көп мағыналы сөзі бар 5 мақал-мәтел жаз.

Кісінің кілті - аспанда. Көңіл көзін сөз ашап.

2.Сөздің көп мағыналылығының тілдегі рөлі қандай деп ойлайсың? Өз пікіріңді, ойыңды жаз.

Күні бүгінге дейін көп көңіл аударылмай келе жатқан жазба жұмыстарының бірізділігін, жүйелілігін, әртүрлі дағды қалыптастыратындай, түрлі творчестволық ізденістерге апаратындай болуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан оқулықтардағы жаттығуларға жаңа талаптар деңгейінен қарап, жаңа технологиялық тұрғыдан орындап, жаттығуларды орындау тәсілдерін өзгертіп отыруға зер салсақ, қателіктерге жол берілмес еді.

Жаттығу жұмыстарын жүргізу барысында оқушының сезім-түйсігін, қабылдауын, зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау, қиялдау, болжау қабілетін, ерік-қайратын, дағды машықтарын, жауапкершілігін, дербестігін, өз бетінше ізденісін дамытамыз.

Сөзді зерттеу, оның мағынасын, мәнін аша отырып, түпкі төркінін тапжылтпай тану мүмкін емес. Сондықтан да Асан Қайғының «Қазаққа сөз дарыған, Бір сөз үшін семіріп, Бір сөз үшін арыған» деуі тегін емес. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл-халықтың жаны, сәні, дәлірек айтқанда, тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін-ана тілі мен ата дәстүрі. Өйткені, халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынады. Тілдің қырсырын, қадір-қасиетін кеңінен тану үшін қазақ тілін терең білудің маңызы, әсіресе, бүгінгі таңда зор мәнге ие.

Әдебиет:

1. Баранов М.Т., Трудникова А.Р. Лексические упражнения. – М.: «Просвещение». 1994.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

Сактаева Г.

(«Тұран-Астана» университеті)

Мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде білім беру әдістері жиі қолданылады. Сондықтан білім беру әдістері теориялық әдістеменің негізгі мәселелері болып саналады. Әдіс грек тілінен енген сөз. Оның бастапқы ұғымы “зерттеу” деген мағынаны аңғартқан. Бертін келе алғашқы мағынасын кеңейтіп, “белгілі бір пәнді оқытудың әдісі” дегенді білдіреді. Сөйтіп әдіс қазақ тілінен теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім – тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны іс – тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының тіл жүйесін көрсетеді. Оқушылардың қазақ тілінен алған білімі мен білігін және іс – тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс жүйесі оқыту әдістерінің

құрылымына тікелей байланысты [1, 126 б.]. Сонымен қатар мұғалім басшылығымен орындалатын оқушы жұмысының тұрақты сатысы оқыту әдістерінің мазмұнына қатысты. Білім беру әдістері қазақ тілінің теориялық материалдарын психикалық қызмет негізінде меңгертіп, оны оқушылар ойында қалыптастыруды және практикада шебер қолдана білуді үйрететін тәсілдер құрамы болып табылады.

Білім беру әдістеріне педагогика теориясында төмендегідей анықтама берілгін: “... білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын бірден – бір тәсіл” [2, 147 б.].

Әдістің теориялық мақсаты білім берудің мақсатына негізделеді де, әр алуан жұмыс жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы үрдісте мынадай ойлау дағдылары қалыптасады: тілдік материалдарды талдау, талданған объектілерді түсіндіру, объектілерді дәлелдеу, объектілердің өзіндік белгілерін санамалап көрсету, тақырыпты оқыту, оқыту үстінде қатесін түзету, тақырыптың анықтамасы мен ережесін айту, бірнеше мысалдарды оқушылардың өздеріне тапқызып талдау. Білім мен дағдының өзара кірігуі арқылы білім беру әдісінің құрылымын білуге жол ашады, мұғалім мен оқушының қарым – қатынасы күшейіп, мұғалімнің білім беру шеберліктері төселеді, теориялық және практикалық әдістерді саралап, қолдануға жаттығады. Осының нәтижесінде қазақ тілінің оқыту әдістері жүйеленіп, білім берудің сапасы артады [3, 25 б.].

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеді жиктеп көрсетудің мәні зор. Жиктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап, қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу методиканың қиын әрі күрделі мәселелері. Сондықтан оқушыларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін дұрыс талдап, сұрыптау өте қажет іс болып табылары сөзсіз. Оқушыларға берілетін білім мазмұнының көлемі мен ғылыми сапасын зерделеу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді. Білім беру әдістерін іске асыруда оларды топтастыру, жиктеу ең қажетті мәселе болып табылады. Оқушылар тілді практикалық – теориялық және теориялық – практикалық жақтан меңгереді. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістеменің соңғы жетістіктеріне негізделеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерін жиктеуде төмендегі әдістемелік мәселелер өлшем етіп алынады. Олар мыналар: қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты жиктеледі. Біз оқушылардың қазақ тілінен теориялық білім алуы мен практикалық дағды қалыптастыруының негізіне тоқтап кетуді жөн санадық. Оқушылар қазақ тілінен алған білімдері мен дағдысын ұжыммен қарым – қатынас жасау негізінде кеңейтеді. Көрген – білгенін әңгіме етеді, сөйтіп қарым – қатынас жасау негізінде белгілі бір білім негіздерін молайтады. Тілдік материалдарды іс жүзінде қолдануды оқушылар көркем әдебиетті оқу үстінде түсінеді. Оқушылар білім мен дағдыны қазақ тіліне байланысты жүргізілетін тәлім – тәрбие сабақтары мен сыныптан тыс орындалатын жұмыстар бойынша алады. Білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша жеткізіледі. Білім мен білік қазақ тілі оқулығы бойынша қалыптасады, білім мен дағды арнайы таңдалған дидактикалық материалдар – диктант, мазмұндама, үлестірмелі қима қағаздар және түрлі көрнекі құралдар негізінде шоғырланады [4, 165 б.].

Қазақ тілінен білім беру әдістері белгілі әдіскер ғалымдардың айтқан әдістемелік пікірлеріне байланысты жиктеледі. Профессор А. В. Текучев “Методика русского языка в средней школе” деген еңбегінде білім беру әдістерін білім алу кездеріне қарай жиктеуді мақұлдайды. Орыс тілін оқытудың заңдылықтарын көп зерттеген әдіскер ғалым профессор

Л. П. Федоренко теориялық методиканы зерттеудің мәселелері жайында: “Важными вопросами теории методики автор считает следующие: принципы методики русского языка, вытекающие из закономерностей усвоения родного языка; теоретический анализ средств передачи знаний, в частности анализ методов обучения родному языку” деп орынды атап көрсеткен. Ана тілін оқыту әдістемесін негізгі мәселелерін зерттеу қазіргі заманғы әдістеменің басты міндеті болып отыр. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты жазылған құнды зерттеулер де осы мақсатқа арналады. Мұнда білім беру әдістерінің біраз түрлері жан – жақты баяндалады.

Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер жиынтығы бірімен – бірі кірігіп, көгенделіп, байланысып отырады. Мұндайда әдістің екі түрлі қызметі ескеріледі: толық элементті әдіс; аралас элементті әдіс. Толық элементті әдіс тілдік материалдардан білім беруде өзінің ішкі құрылымын істің өн бойында бүтіндей сақтайды. Сөйтіп оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде жетекші қызмет атқарып, белгілі әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдістер білім беруде жапай қатысып, әрбір әдіс элементтерінің тиісті орында қызмет атқарғандығы сезіледі. Материалды түсіндіруде өтілгенді еске түсіру үшін, талдау, түсіндіру әдістері, хабарлау амалдары, көрнекілік тәсілдері, әңгіме әдістерінің элементтерінің қосылуы теориялық материалдардың меңгерілуіне жағдай жасайды. Әдісті іске асыруда негізгі мақсаттармен бірге тақырыпқа сай ескертілетін принциптерді ұмытуға болмайды. Мәселен қазақ тілі тақырыптарын оқыту үстінде: әдіс элементтерін ұштастыру. Оқушылардың зейінін қазақ тілі тақырыптарына аудару. Тақырыптың өзіндік белгілерін тірек ету. Тақырыптың әсерлігі мен мәнерлігін күшейту. Ауызша сөйлеу дағдысын арттыру. Жазу сауаттылығын арттыру. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу белсенділігі мен саналығын күшейту тағы басқа қадағалаған жөн.

Сөйтіп әдістің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп, психологиялық факторлар негізінде дидактикалық – методикалық принциптер бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмыстарды орындауда түсініксіз сөздерді түсіндіру, ауызекі тілді дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдеби кітаптармен жұмыс істеу және оны іс – тәжірибеде пайдалана білуге және олармен жұмыс істеу тәсілдері жұмсалады [4, 32 б.]. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибие, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта жүргізілетін әдістер жүйесіне жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, тілдік тапсырмаларды мазмұндау, шығарма жаздыру, орфографиялы талдау, көшіріп жазу, диктантты оқыту, орфографияны үйрету, дұрыс сөйлеу дағдысына еліктеу, дыбыстау мүшелерінің қызметін түсіндіру, дұрыс айту ережелерін меңгеру, көрнекі құралды пайдалану, өлең ұйқастарының айтылуын үйрету.

Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері сабақ жүргізу үстінде іске асырылады. Бұл арылы оқушылар сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрлысын сезінеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін қалыптастырып, дұрыс оқып, оқығанын қайталап айтып беруге жаттығады.

Сауатты және дұрыс жазу шеберлігі төселіп, өзінің тілін стилистикалық тұрғыдан жетілдіреді, ғылыми, саяси және көркем шығармаларды талғап оқу қабілеті артады. Оқушылар қоғамдық құбылыстарды тіл арқылы біліп, сезіну, түсіну және үйрену жолымен білімдері мен дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету керек [4, 67 б.]. Оқушылар, біріншіден, бірімен – бірі қатынас жасайды, білмеген сұрақтарын бірінен – бірі сұрайды, екіншіден, өзіне тапсырылған қоғамдық, ұжымдық жұмыстарды (бейнеузік, газет шығару, мақала жазу,

үйірмеге қатысу т. б.) орындайды, үшіншіден, оқыған пәнін меңгертуде практикалық дағдысын арттырады.

Түрлі пәндер саласындағы түсініктер мен берілген фактілер қазақ тілінен білім беруге материал есебінде қызмет атқарады. Пән мұғалімдері өз жұмысын қазақ тіліне сәйкес мынадай білім беруге бағыттайды: “мұғалім сөзінің мағыналы да ғылыми болуы, грамматикалық жақтан жаттық құрылуы, сөздік қорының молдығы мен сөз саптауының орамды келуімен оқушыларға үлгі бола алады, оқушылар мұғалімге еліктей отырып, берілген сұрақтарға толық жауап беруге әрекет жасайды, мұғалімге еліктеу, мұғалімнен үйрену нәтижесінде оқушылардың сөздік қоры молаяды, оқушылардың ауызша берілген жауаптарын оқылып отырған тақырыптардың өзіндік белгілеріне қарай дұрыс ұйымдастырып, шығарма, жазба жұмыстарын жүйелі жазуға дайындайды, мұғалім оқушылардың ауызша және жазбаша тіліндегі грамматикалық, стилистикалық қателерін дер кезінде түзетіп, дұрыс бағалап отырады” [4, 251 б.].

Әрбір жеке пән мұғалімдері оқушылардың ой – өрісін дамыта отырып, бір пәннен алған білімін екінші бір пәнге пайдалану жағын қарастырады. Оқушылар әрбір пәннің өзіндік заңдылықтарын меңгермейінше, сол пәннен тиянақты да терең білім ала алмайды. Сондықтан оқушылардың әрбір пән бойынша практикалық дағдыларын қалыптастырғаны орынды.

Әдебиет:

1. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-бөлім. Алматы, ОПБ, 1956.
2. Құдайқұлов М. Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуге қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану, Алматы, 1992
3. Құлмағанбетова Б. Орта мектепте қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері. Алматы: Мектеп, 1998.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелері. Алматы, 2000.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИЕЛІ САНДАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сарсембаева М.Қ., ф.ғ.к.

Қонысбаева Г.Е., 4 курс студенті

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Байырғы кездерде халық әр алуан құбылысқа нәзік бақылау жасай келіп, олардың ортақ қасиеттері мен сипаттарын санмен түйіп, санамалап айтып отырған. Сан атауы сәбидің ана құрсағында болу уақытымен де, адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлемдік өлшемі жағынан да ерекше қызмет атқарған. Сан есімдердің фразеологиялық бірлік жасаудағы деңгейі де бірдей емес. Біріншіден, есептік сан есімдер жиі қолданылады. Екіншіден, сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайды. Атап айтсақ, ерекше мәнде қолданылатындары – «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандары. Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдайлар, әсіресе, осы сандардың халық ауыз әдебиетінің, соның ішінде аңыз – әңгімелердің, жыр – дастандардың, салт – дәстүрлердің және эпостық жырлардың көркемдік сапасына үлкен құндылық қосуымен ерекше көзге түседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихының да әріде жатқаны байқалады.

Қазақ халқының пікір талғамында «бір» саны – даралықты, жалғыздықты ғана емес, бірегейлікті, ерекшелікті (бір де болса бірегей, мыңнан біреу, т.с.с.) білдірген. Сандар символикасы жайында арнайы сөз еткен Қ.Т.Қайрабаева өзінің диссертациясында «бір» саны жөнінде былай жазған: «Бір саны бұл белгілі бір бүтіндік, бірлік және өркениеттік, абсолюттік тыныштық деген мағынаны ғана беріп қоймайды. Бұл сөзімізге тіліміздегі « бір құдайға сыйынды», «бір түндік астында түтін түтетті», «сегіз қырлы, бір сырлы», «он сегіз

мың ғаламды бір тарының қауызына сыйғызу», т.б.тіркестері дәлел». Соңғы тіркестегі «он сегіз мың ғалам» әлемдегі барша тіршілік дегенді аңғартатыны белгілі. Ал осы барша тіршілікті бір тарының қауызына сыйғызу бір Алланың құзырында дегенді білдіреді. Оған мына жолдар дәлел: Қайғылы менің көңілім тола ма екен,

Алланың сызығы екі бола ма екен!

Қазақта «Әліпті таяқ деп білмейді» деген бар. Бұндағы «таяқ» әліпбидің бірінші әрпінің жазылуы деген сөз. Мұның астарында да, ең алдымен, бір Алланы тану мағынасы орын алса керек. Көптеген сандардың құпия (эзотерикалық) мағынасы жоғалғандығын ескерген жөн, олар сандардың сөздік қолданысында аңғарылмайды. Фразеологиялық оралымдарда, мақал – мәтелдерде, жұмбақтарда, ырым – жоралғыларда, ойындарда және т.б. сандардың семиотикалық(киелі)мағынасы кодталған.

Қазақ нумерологиясында «екі» саны – жұп сан болғандықтан, тұрақтылық, жұптылық символы болып табылады. Және де бинарлық жүйенің негізі болып, не нәрсені болса да қарама – қарсылықта таниды: оң – сол, әйел – еркек, жоғары – төмен, өмір – өлім, жақсылық – жамандық, алға – артқа, т.б.. Бұл санды түзілім барлық мәдениетте әмбебап сипатта танылады. Сонымен қатар, «екі» саны «таным кілтін» білдіреді, әлем мен оның заңдарын тану екі полярлық, қарама – қарсы жақтарды, қасиеттерді, сапаларды, әлем негізін, болмыс, құбылыстарды тану арқылы іске асады. Мысалы, қазақтарда «ақ пен қараны ажырататын», «оң – солын танитын» адам, өмір көрген, бұл өмірде тіршілік ете алатын адам деп саналады. «Оң» сөзінің жақсылық мәнін оң бата, оңға басты, оң жол, оң қабақ (оң қабағым тартты, оң қабақ танытты), оң көзімен қарады және т.б. сөз тіркестерінен аңғарсақ, «сол» (теріс) мәні мынадай сөз тіркестерінде жүзеге асырылады: теріс айналды, теріс бата, теріс жол, теріс қарады, теріс қабақ білдірді, теріс сермеді, т.б.

Бұл келтірілген мысалдар «екі» санының эзотериялық (киелі) семантикасының адамның анатомиялық құрылысымен байланысты, адамның кеңістіктік бағдарына да қатысты екендігін көрсетеді.

«Үш» санының киелі семантикасы да өте бай. Қасиетті сандар жүйесін зерттеген Қ.Дүсіпбаева мен Ф.Р.Ахметжанова «үш», негізінен, әлемнің үш бірлігін – жоғары, ортаңғы және төменгі – өткенді, қазіргіні және болашақты білдіреді деп көрсетеді [1].

Тілімізде «Ер кезегі үшке дейін»(мақал) деген бар. «Үш» – уәде саны, уәде бергендегі бөлген уақыт, сол себептен «ер кезегі үшке дейін» сөз тіркесінде әр нәрсенің толу, жетілу уақыты, осы уақыт аралығында бір нәрсенің болу, болмау нәтижесі көрсетіледі.

«Үш қайнаса сорпасы қосылмайды», «үш ұйықтаса ойда жоқ» сөз тіркестерінде жоғарыда келтірілген мән – мағыналар көрініп тұр.

«Үш» санының киелі мәні қазақ халқының көптеген салт – дәстүрлері мен ырым – жоралғыларында, ұғымдары мен байламдарында аңғарылады. Мысалы, дарынды адамдардың «киесі жұқсын» деген мақсатпен балалардың аузына үш рет түкіртетін ырымдар осыдан тараған. Мәселен, «Манас» жырын айтуға құмар болған қойшы баланың аузына Манас үш рет түкіріп бергеннен кейін қойшы төкпе жыршы, манасшы болып кетеді. «Үш» саны өмірге нәр әкелуші санын да образдайды. Оған адам анатомиясы тұрғысынан зер салсақ, адамның тұла бойының өзі үш әлемді құрайды. Жоғары әлем-бас, ортаңғы әлем-мойыннан белге дейін, төменгі әлем-белден төмен қарай. С.Қондыбай қазақ халық ертегілерінде кездесетін үш саны туралы көптеген мәліметтер айтады. Батырлар жырындағы «үш» санының орны да ерекше. «Құттықия» жырында, Құттықия үш күн бойы Ақташы ханның дарбазасының есігін бұзып кіре алмай қиналады, оны бұзып өткеннен кейін, қалмақтардың үш қатар қоршауына килігіп, қиындықпен талқандап, қалмақтарды жеңіп шығуына тура келеді. "Орақ, Мамай" жырында Мамай қалмақтың Қозан батырын бірігіп алу үшін Бозоғлан патшаны шақырғанда, үш айдан қалмауын талап етеді. «Қарасай - Қази» жырында жорыққа аттанғалы тұрған ағасы Қарасайдың аман – есен келуі үшін өзін құрбан етуге дайын екендігін Қибат:

Айналайын, жан аға,

Үш айналып болайын,

Көке, саған садаға – деп білдіреді.

Бұл ырымда құрбандық шалу маңызды рөл атқарады: 1. айналу; 2. үш саны (яғни, үш рет айналу).

Айналу дегеніміз – шеңбер жасау. Шеңбердің кіндігі (центрі, орта нүктесі) адам болса, нүктені (адамды) үш рет айналған адам нүктенің (адамның) ауыртпашылығын өзіне тартып алып (сіңіріп) құрбан болады (ол үшін). Ал, үш уәде саны екенін ескерсек, үш рет айналу – шарттың орындалуы деп есептеуімізге болады.

Қондыбай Серікболдың пікірінше, «үш» сөзі әуел баста сан атауы болмаған, тек тіл дамуының келесі кезеңінде ғана нақты сандық көрсеткішке айналған, кіндік нүктенің, яғни, негіздің, құдайы принциптің немесе Абсолюттің атауы болған.

Үш жүз: Ұлы жүз. Орта жүз. Кіші жүз.

Үш қуат: Ақыл. Жүрек. Тіл.

Үш қасиет: Өліде – аруақ. Малда – кие. Аста – кепиет.

Үш із: Бала. Байлық. Бақыт.

Үш дауасыз: Тумақ – өлмек. Тағдыр. Көрілік.

Үш қазына: Ер қазынасы – жүрген із.

Ел қазынасы – көне көз.

Тіл қазынасы – ескі сөз.

Үш қуаныш: Алғыс алу. Өзіңді көптің іздеуі. Ісіннің өшпеуі.

Ғасырлардың өзгеріп, ұрпақтардың ауысуы, адам санасының жетілуі «киелі» сандарға жаңа мазмұн, мағына сыйдырды. Қазақтың батырлар жырлары мен ертегілерінде сандардың сиқырлы ерекшеліктері басым түсіп отырады да, оған шындық тұрғысынан емес, мифтік ұғымнан келеді.

Қазақ мақал – мәтелдері мен фразеологизмінде, жұмбақтарда алты саны көп қолданылады. «Алты» санына байланысты төмендегідей көптеген ұғымдар да бар:

Алты асқар: Ақыл. Білім. Жомарттық. Әділдік. Шыншылдық. Кең пейіл.

Алты парыз: Бір – біріне сәлем беру

Шақырса бару

Кеңес сұраса – ақыл қосу

Сұрағына жауап беру

Ауырып қалса – көңілін сұрау

Қайтыс болса жерлеуге қатысу

Қазақ зерттеушісі Ғұзылхан Ақпанбек «жеті» санының құпиясын айдың фазасы – және ауысымдарымен байланыстырады: «Жинақтау сан есімдерінде біреу, екеу, жетеу, ал сегізеу, тоғызау деген айтылмайды. 1 – 7 сандарының ерекше бөлек тұлғада айтылуы неліктен? Аталған сандардың қосындысы 28 – ге тең, яғни айдың көріну күнінің саны. Ендеше мұның аспани мәні бар болар. Иә, жеті қат көк, жеті қат жер асты т.с.с. ел аузындағы жеті шәріп, жеті ғалам, жеті ғылым деп келетін сөз тіркестері де жоғарыда айтылғанмен сабақтас болар. Солай деп жорысақ, қазақтың білімді адамдары жеті ғылымды меңгерген деп айтуы жеті әріпке келеді. Жеті қат көк, жеті түрлі дыбыс(нота), жеті түрлі бояу (спектр), жеті сезім бір – бірімен ажырамастай һәм ғажап сәйкесіп, болмыстың көркін келтіріп, әр беріп нұрландырушы болып танылады».

Қазақта «жеті» санына қатысты төмендегідей байламдар да бар:

Жеті ғалам: Күншығыс, Күнбатыс, Түстік, Терістік, Аспан(жоғары ғалам), Жер асты(төменгі ғалам), Жер үсті(орта ғалам).

Жеті ата: Бала, Әке, Ата, Үлкен ата, Баба, Түп ата, Тек ата.

Жеті ұрпақ: Әке, Бала, Немере, Шөбере, Шөпшек, Немене, Туажат.

Жеті жұрт: Үрім, Қырым, Қытай, Тұран, Шам, Мысыр, Шын – Машын.

«Сегіз» санының да шертер сыры жоқ емес.

Пейіш сегіз түрлі нәрседен тұрады:

1. Дәрісләм – қызыл жақұттан. 2. Дәріл қарар – күмістен. 3. Жәннатіл нағим – замруттан. 4. Жәннатіл ғадин – лағылдан. 5. Жәннатіл мәғуй – гауһардан. 6. Дәрін нақар – нұрдан. 7. Жәннатіл фердәуіс – зұбаржаттан. 8. Жәннатіл ағла – алтыннан.

Сегіз адамға жұмақ лайық:

1. Ораза ұстағандарға. 2. Жаман сөзден сақтанғандарға. 3. Құран оқығандарға. 4. Аш адамға тамақ бергендерге. 5. Жас уақытында намаз оқығандарға. 6. Сиқырдан аулақ болғандарға. 7. Өзіне жақсылық болсын дегендерге. 8. Өзгеге де жақсылық болсын дегендерге.

«Тоғыз» санының толғамдары да толғандырмай қоймайды. Аллаһ Тағаланың бұйрығын екі етпей орындайтын тоғыз періштелер:

1. Жәбірейіл – пайғамбарларға Аллаһ Тағаланың сөзін хабарлаушы.
2. Мекайіл – барлық адамға, мақұлыққа берілетін ырыстың уәкілі.
3. Әзірейіл – барлық адамның, жан-жануарлардың жанын алатын Құдай уәкілі.
4. Ысырайыл – ақырызаманға дейін сұлыны алып жүретін періште.
5. Дардайыл – ай, күн, жұлдыздардың уәкілі.
6. Ысмайыл – жер бетіндегі киелілердің жебеушісі.
7. Зұлқайыл – қиямет күнінде адамдарды алып баратын періште.
8. Ахрайыл – барлық дария, көл, өзен бұлақ сулардың періштесі.
9. Мәлік – жеті тозақтың уәкілі.

Тоғыз санына қатысы бар тоғызқұмалақ ойыны— қазақ ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғыз-құмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

«Он» санының ой салар тұстары да жоқ емес.

Тәуке хан «Не жаман?» деген сұраққа бір жауап берсе, үш жүздің билерінің бірі жауап берер деп, үш парақ қағазға бірден онға дейін сандарды жазып, үш биге жіберіпті. Екі би: «Сізден рұқсат болса, жауап береміз», - деп қағазды Қазыбек биге жіберіпті.

Сонда Қазыбек би бірден мына төмендегідей жауапты беріпті.

Бір-бірлігі кеткен ел жаман;

Екі-егесіп өткен ер жаман.

Үш-төсектен қашқан ер жаман.

Төрт-шідерден шошыған ат жаман.

Бес-білік адамнан белгілі бала тумаған жаман.

Алты-аймағын билей алмаған адам жаман.

Жеті-жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз-серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз-төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.

Он-алпыстан қыздай қосылған бәйбішеден айырылған тіпті жаман.

Жалпы қазақ халқы тілге бай. Бұл – ешкім талас тудыра алмайтын, бүкіл әлем мойындаған тұжырым. Халық сол тілдің әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның да өзіндік қасиеті, шарифатқа қатысы, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында «бір» санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Зерттеуші ғалым Р.Ә.Авакова айтқандай: «әр сандағы құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та әкелетініне сенген» және біріне ұмтылса, екіншісінен сақтанған [2].

Жиналған материалдарда «санға байланысты мәселелер шешуі қиын, өзекті, болашақта тынымсыз ізденуді талап ететін, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын зерттеу жұмысын қажет етеді» деген қорытынды ойлар жиі ұшырасады. Ендеше әлі де әлем тілдерінің мамандарының пікірлеріне салыстырмалы түрде саралау жұмысын жүргізуге болады деп ойлаймыз.

Елбасымыздың халыққа арналған жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», - деп көрсетілген. Сандардың білімдік те, тәрбиелік те қасиетінің толық меңгерілуінің ел келешегінің еңселі, мәртебесінің биік, арманының асқақ, мерейінің үстем болуына себепші бола алатындығын мойындаймыз.

Әдебиет:

1. Ахметжанова Ф.Р., Дүсіпбаев Қ.С. «Қасиетті сандарқатысқан қазақ естеліктері» Ғылыми басылым.- ШҚТУ,Өскемен, 2001
2. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. Алматы, 2003.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Сарсембаева М.Қ., Төлепбай Б.А.

(М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті)

Гомердің «Одиссеясында» жер бетінде дүниеге келген адамдардың ешқайсысы да атаусыз қалмайтындығы жазылған екен [1, 3 б.].

Ежелгі дәуірдің Демокрит, Платон, Апполоний Дискон, Диомед, Хрисипп сияқты ойшылдары мен данышпандары әлемдегі атаулар мен есімдердің ақиқаттығын, әрі олардың міндетті түрде керектігін түсініп, ол туралы өз пікірлерін білдірген. Ұлы тұлғалардың осындай ізгі ойлары бүгінгі таңдағы ономастика ғылымының бастауы, қайнар көзі десек те болады.

Грекше ат беру өнері деген мағынаны беретін ономастика жалқы есімдерді зерттейтін лингвистиканың бір саласы. Лингвистикада материалдықдүниенің сөйлеу тіліндегіөрнегін зерттейтін ономастика эмбебап ғылым болып табылады.

Аталмыш ғылым XX ғасырдың алғашқы ширегінен (1920-1930 жж.) бастап қолға алынып, зерттеле бастады. Бүгінгі таңда ономастика топонимия, антропонимия, зоонимия, этнонимия, эргонимия сынды бірнеше салаға бөлініп қарастырылуда.

Өткен ғасырдың 30-40 жылдары ономастиканың бір саласы антропонимия – адамзат есімдерін қарастыратын ғылым тармағы болып Халықаралық ономастардың I конгресінде белгілі тілші Альбер Дозаның ұйытқы болуымен алғаш рет Парижде ресмисөз болды. Осыдан соң ономастика ғалымдардың назарын өзіне ерекше аударып 1949 жылдан бастап ЮНЕСКО аумағында «Онома» журналы шыға бастады. Қазірдеаталмыш ғылымныңжалпызандылықтарынтеориялықономастика, сипаттамалы ономастика, тарихиономастика, қолданбалыономастика, поэтикалықономастика тәрізді бағыттары зерттейді.

Орыс халқының көрнекті тілшісі В.А.Никонов «Имя и общество» атты еңбегінде ономастиканы жан-жақты қарастыра келіп, аталмыш ғылым саласы өткен ғасырдың ортасында баяу зерттелгендігін, осыдан соң танымал қаламгер Л.В.Успенскийдің жалқы есім жасаудағы жаңа серпілісін, XX ғасырдың екінші жартысында қайта жанданғандығын жазады[1,86.]. Белгілі антропонимистерЮ.А.Карпенко, Э.Б.Магазаник, В.М.Калинкиндер көркемшығармалардағыпоэтонимдерді қарастыратынпоэтикалықантропонимиянемесеономапоэтика терминдерін тұңғыш өз еңбектерінде қолданысқа енгізген.

Поэтикалық ономастиканемесе ономапоэтикадеп аталатын ономастиканың бір тармағы - көркемшығармалардағыпоэтонимдерді, құрылымын, стилі менқолданыс аясын қарастырады. Бұл терминге біршама ғалымдар анықтама берген. Соларға тоқталсақ, тілші-ғалым Н.В.Подольская ономапоэтика немесе поэтикалық ономастикаға әдеби туындылардағы атауыштық мағынаны білдіріп қоймайды, ол туындының мәнерлік, идеялық, экспрессивтік және әлеуметтікмәнін,жалқы есімдердің дамып, қалыптасу, қолдану ерекшеліктерін қарастыратын ғылым саласы деп түсініктеме береді[1,96.].

Ал, В.И.Супрун поэтонимдердің функциялық айырмашылықтарының бірінші, негізгі орын алар кейіпкерді нақтылау; екінші, ономастикалық ая орнату; үшінші, қосалқы таным

белгісі түрінде пайдаланылатын үш қызметін нақтылап береді[1,96].

Әлемдік ономастика ғылымы, көркем туындыларда топонимдер мен антропонимдерді тілдік қолданысқа енгізу мәселесі туралы қазірге дейін шетел ғалымдары В.А.Никонов],Ю.А.Карпенко, В.И.Болотов, А.В.Суперанская, Э.Б.Магазаник, Л.М.Щетинин, В.И.Супрун, Ю.Федосюк, А.М.Эмирова, Н.В.Подольская, Т.А.Короткова, В.Н. Михайлов, Г.Ф.Саттаров, Н.А.Баскаков, С.Н.Булгаковтардың еңбектері жарық көрсе, қазақ лингвистикасында Т.Жанұзақов, Қ.Есбаева, М.Мұсабаева, Ғ.Ермекбаев, А.Арысбаев, К.Қаймулдинова, Ұ.Ержанов, Г.Сағидоллақызы, М.Тілеубердиев, К.М.Семби, Е.Ә.Керімбаев, К.Аронов, С.Қ.Иманбердиева, А.Ә.Әлімхан, Г.Қ.Қортабаева, Г.Б.Мәдиева, тағы басқалар ғалымдар жер-су, кісі есімдеріне байланысты өздерінің тұщымды пікірлерін қалдырды. Ал, академикӘ.Т.Қайдардың «Казахские собственные имена в сатирических произведениях» атты шағын баяндамасында сатиралық, юморлық шығармалардағы орын алған сатиралық кейіпкер есімдері, олардың қолданылу аясы сөз болды[1].

Қазақ ономастикасы әсіресе ХХ ғасырдың аяғында қарқын ала бастады. Қазақ ономастикасындағы бұл серпілісіне түркі ономастикасының ықпалы зор болды.

Қазақ ономастикасында өзіндік ізі бар, аталмыш ғылымның дамуына мол үлесін тигізген ғалым - Т.Жанұзақов[2]. Тілші ғалымның сүбелі ғылыми еңбектері тіптен саналы ғұмыры толықтай антропонимика ғылымына бағытталды. Сол себепті оны қазақтың тілші-ғалымдары ішіндегі ең алғашқы «антропонимист ғалым» деп те атап жүр[1,96].

Сол тәрізді, Қ.Есбаева, М.Мұсабаева, Ғ.Ермекбаев, А.Арысбаев, К.Қаймулдиновалар өз еңбектерінде кейбір қаламгерлердің жекеленген туындылардағы образдар және олардың есімдерінің табиғатын, шығу төркінін анықтады. Ал А.Махмұтов, Ә.Нұрмағамбетовтардың осы мәселелер төңірегінде тұщымды ой айтқан мақалалары жарық көрді.

Қазіргі таңда қазақ антропонимиясы жеке ғылым саласы тұрғысынан бірталай жетістіктерге қол жеткізді. Нәтижесінде, өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап бүгінге дейін елуге жуық түрлі деңгейдегі ғылыми жұмыстар қорғалды. Оның ішінде М.Тілеубердиев, К.М.Семби, Ә.Керімбаев, Б.К.Аронов, А.Ә.Әлімхан, тағы басқалардың еңбектерінде қазақ тіл біліміндегі жалқы есімдерінің этнолингвистикалық сипаты қарастырылса, ономастика ғылымының бір бағыты -поэтикалық ономастика яғни,көркем әдебиеттегі кейіпкер есімінГ.Әубакирова, Ж.Сәткенова зерттеді. Қазақ ономастикасының ғылыми тұрғыда дамып, жетілуіне К.З.Жаппар, Б.Көшімова, Г.Б.Мәдиевалардың да ғылыми еңбектерінің маңызы зор болды.

Қазақ ономастикасы бойынша аталған еңбектердің ішінде С.Қ.Иманбердиеваның «Қала ономастикасының кейбір мәселелері» [3], Б.Тілеубердиевтің «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» [4] атты жұмыстарын атап көрсетсек болады.

Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы «Қазақ ономапоэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары» атты ғылыми еңбегінде фольклорлық үлгідегі шығармалардан бастап бүгінгі таңға дейінгі қазақ қаламгерлерінің еңбектеріндегі сатиралық есімдердің лингвистикалық табиғатын ономасиологиялық-этнолингвистикалық тұрғыда зерттеп, сол туралы тиянақты тұжырымдар береді[1].

Көркем әдебиетте ономастиканың орын алуы мәселесінің аясында ғылыми-зерттеу жұмысының жүргізген тілші-ғалымдардың бірі - Орынбетова Эльмира Асылтайқызы. Қазақ әдебиетіндегі сүбелі туынды - «Абай жолы» эпопеясы белгілі бір тарихи дәуірдегі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігінің, бар тынысының энциклопедиясы тұрғысынан тарихи, мәдени, тағы да басқа мәліметтерге бай екендігін жақсы түсінген Э.Орынбетова М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы жалқы есімдердің лингвомәдени сипатын анықтауды мақсат тұтқан[5].

Жалпы әлемдік ономастика және қазақ ономастика ғылымында жалқы есімдерді зерттеген ғалымдар олардың жалпы есімдерден айырмашылығына көп көңіл бөлген. Бұл мәселені зерттеген өзге ұлт ғалымдары Ю.А.Карпенко, А.В.Суперанская, А.А.Белецкий,

В.А.Никонов, қазақ ғалымдары Т.Жанұзақов, Е.А.Керімбаевтар кейіпкер есімі жалпы есімнен жасалғанымен, жалпы есімге айналғанда, негізгі мән-мағынасынан ажырап қалатындығын жазады.

Қазақ ономастика ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың бірі – А.Әбдірахманов. «Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында» атты еңбегінде ғалым жалпы тіл білімінде этимологияны теориялық тұрғыда қарастырып, сөздік жасауға ат салысқан Н.М.Шанский, В.И.Абаев, М.Н.Петерсон, А.А.Белецкий, В.Н.Топоров, О.Н.Трубачев сынды ғалымдардың еңбегіне шолу жасайды[6,Б.16-30].Қазақ лингвист ғалымдарының да еңбектеріне терең зер салады. А.Әбдірахманов топонимдердің ішінен орын алатын географиялық терминдерге көңіл бөле келе, олардың шығу этимологиясын зерттейді. Ғалым бұл шағын еңбегінде Ақсеңгір, Боралдай, Борандай, Жалаңаш, Жаманты, Жүйнек, Шорнақ, Югнак, Исфиджаб, Көрдуан, Қалдығайты, Қаратұрық, Құланқорық, Сайқан, Сайқын, Сусамыр, Түрген, Үшқоңыр, Шорнақ тәрізді топонимдердің туу тарихын қарастырады.

Ғалым Ә.Нұрмағамбетов «Жер-су аттарының тек-төркіні жайында» атты мақаласында шығу төркіні ғалымдар арасында талас тудырып жүрген Қалдығайты, Босаға, Бүйрек, Дегерес, Жабасақ сынды топонимдердің этимологиясына терең зерттеу жүргізеді[6, Б.31-36].

Ойымызды қорыта келгенде, ономастикалық атаулар, олардың тілдік ерекшеліктері, этимологиясы бүгінгі таңда біршама қарастырылды десек те, көркем шығармаларда орын алуы әлі де жан-жақты зерттеле қойған жоқ. Олай болса, өткен дәуірден сыр шертер мәдени дерек көзі ономастикалық бірліктердің маңызы зор. Тілдің құрылымдық тарихын зерттеуде негіз болар ономастика туралы М.Томанов «Ономастикалық материал тілдің лингвистикалық және экстралингвистикалық даму жолдарының бірлікте болатынын дәлелдейді. Ономастикалық атаулар көбіне тілдің қалыптасқан сөз өзгеру жүйесінің аумағына сыймайды. Олар тілдің даму барысында жоғалып кеткен сөз өзгерту модельдері бойынша жасалған болып келеді немесе ұмытылып кеткен мағынаны өз бойында сақтауы мүмкін» деп жазады[7,136.].

Әдебиет:

- 1.Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономапэтикасы:сатиралық-юморлық кейіпкер аттары.–Алматы, 2007.
- 2.Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. – Алматы: Ғылым, 1965. –224 б.
- 3.Иманбердиева С. Қала ономастикасының кейбір мәселелері. –Алматы: Арыс, 2004.–132б
- 4.Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. –Алматы: Арыс, 2006.
- 5.Орынбетова Э. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық кеңіс тігінің лингвомәдени сипаты.– Алматы, 2010. – 119б.
6. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 136 б.
7. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МӘН-МАҢЫЗЫ

Саркенқызы А.

(Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Академиясы тілдік дайындық кафедрасының бастығы)

Адамның тілі бала жасынан бастап қалыптасады. Әсіресе, мектеп қабырғасында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімінің біліктілігіне байланысты десе де болады. А.Дистервергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, жақсы мұғалім білім алушының өзін ізденуге жетелейді» деген тұғырнамалық ұстанымына сүйенсек, балаға берілетін жұмыстардың дені оның өз сыныптасымен жұп болып, я топ болып орындауына лайықталып берілуі тиіс [1, 119 б.]. Сонда бала өзгелермен тіл табысуға, пікірлесуге кіші жастан

дағдыланатын болады. Бұл қазіргі білім философиясында айтылып жүрген рефлексия ұғымына сай келеді. Яғни баланың дамуының, өзін-өзі бағалауының, қалыптасуының негізгі жолы оның ортасы екендігін дәйектейтін бұл ұстаным білім алушылардың жоғарыда аталған жұптық, топтық әрекеттерінде шынайы түрде жүзеге асырылады. Бала үшін сыртқы ықпалдың әсерінен жұмыс істеуден гөрі әрекетке «өзінің еркінен тыс» тартылуы әлдеқайда пайдалы болмақ. Өйткені ондай әрекеттің жемісі де мол.

Дидактикалық ойындар белсенді оқытудың кең таралған әдістерінің бірі болып табылады. Іскерлік ойындардан айырмашылығы, дидактикалық ойындар қатаң реттеледі және мәселені шешу үшін логикалық тізбекті дамытуды көздемейді. Ойын әдістерін интерактивті оқыту әдістеріне де жатқызуға болады. Мұның бәрі ойынды таңдауға байланысты. Сонымен, танымал саяхат ойындары, қойылымдар, викториналар, КТК интерактивті әдістері арсеналындағы негізгі әдістер болып табылады, өйткені олар білім алушылардың бір-бірімен әрекеттесуін қамтиды.

Дидактикалық ойындар – білім алушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының құрамдас бөліктерінің бірі. Ойынға деген қызығушылық білім алушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытады, алған білімдерін ақыл-ой операцияларында қолданады: өзіне тән белгілерді табу, салыстыру, топтастыру, заттарды жіктеу, дұрыс қорытындылар шығару. Бұл танымдық белсенділікті дамытуға кең мүмкіндіктер ашады. Дидактикалық ойынның ерекшелігі оқу үрдісі барысында білім алушылардың өзіндік тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беруімен айқындалады.

Дидактикалық ойында мұғалімнің рөлі екі жақты: бір жағынан ол танымдық процеске бағыт-бағдар беріп, оқытуды ұйымдастырса, екінші жағынан ойынға қатысушы, серіктес рөлін атқарады, әр білім алушыны өз ойын ортаға салуға бағыттайды. Ойын әрекеттерін орындайды, ал қажет болған жағдайда ойында мінез-құлық үлгісін береді, оқу-танымдық әрекеттерді басқарады және оны ойынның жағымды мотивациялық және эмоционалдық астарымен, жарысқа деген ынта-жігерімен байланыстырады.

Оқытуда дидактикалық ойындарды тиімді пайдаланудың маңызды шарты ойынды таңдауда жүйелілікті сақтау болып табылады. Ең алдымен келесі дидактикалық принциптерді ескеру қажет:

- қолжетімділігі,
- қайталану мүмкіндігі,
- тапсырмаларды біртіндеп орындау.

Сабақта ойын түрлерін, әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, келесі міндеттерді шешуге ұмтылу қажет:

- білім алушылардың белгілі бір пәнді оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- оқуда оң мотивация туғызу,
- ақыл-ой қызметін белсендіру,
- жоғары психикалық функцияларды дамыту,

• сабақтың коммуникативтік бағытын арттыру және білім алушыларды белсенді әрекеттерге тарту.

Сонымен дидактикалық ойын – көп қырлы, күрделі педагогикалық құбылыс. Дидактикалық ойындар көбінесе нақты анықталған білім мен дағдыларды беруге арналған формалар болып табылады. Бұл сабақтарда жаттығулармен, өтілген материалды бекітумен, стрессті және білім алушылардың шамадан тыс жұмысын жеңілдетумен байланысты сабақтың ойын сәттері ерекше маңызға ие. Іскерлік ойындар барысында білім алушылар жарыс барысында мәселені шешудің оңтайлы жолдарын таңдайды.

Дидактикалық, іскерлік ойындардың белгілі бір алуан түрі – педагогикалық жағдаяттарды модельдеумен және оларды білім алушылармен рөлдік ойындармен байланыстыратын педагогикалық ойындар. Педагогикалық-психологиялық білімді жаңарту жағдайында сабақ үзінділерін өткізудің стратегиялары мен нұсқаларын ойнау педагогикалық ойлауды дамытады, әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолдана білу дағдыларын, нақты оқу жағдайында жұмыс істеу қабілетін жаттықтырады.

Дидактикалық ойындардың мақсаты, әдетте, алған білімдерін белсенді түрде қолданумен байланысты, мысалы, гуманитарлық пәндер бойынша эссе жазу, сөзжұмбақ шешу, географиялық картада «саяхаттау».

Бәсекелестік, әлеуметтік ынтымақтастық және өзара әрекеттестік, үрдіске де, нәтижеге де қызығушылықтың үйлесімі білім алушылардың қарқыны мен табысында айтарлықтай ілгерілеуге мүмкіндік береді. Оның үстіне бұл жетістік соншалықты үлкен және жалпыға бірдей танылғаны сонша, «сүңгу» кезінде рөлдік функциялардың принципін қазіргі дидактикалық ойындардың белгісі деп санауға болады.

Дидактикалық ойындарды жүзеге асыруда тренингтердің маңызы зор деп есептейміз. Тренингті ұйымдастыруда алға қойылатын мақсаттар:

1) топ мүшелерінің бірін-бірі бағалауы негізінде білім алушының өзін-өзі тану қабілетін дамыту;

2) өзгелермен қарым-қатынас үстінде қалыптасатын қатысымдық стимулдардан туындайтын топ мүшелерінің өзара байланыс жасауға деген сезімталдығын күшейту;

3) айналасындағылармен қарым-қатынаста авторитарлықтан аулақтап, ынтымақтастыққа мүдделілік қабілетін дамыту;

4) тұлғааралық қатынасты болжау, топшілік және топаралық жағдаяттарға еркін араласу, қақтығыстарды дұрыс шеше алу дағдыларын дамыту және т.б.

Бұл мақсаттар оқу тапсырмаларында нақтылана түседі. Тапсырмалар тренинг барысында қол жеткізілетін нақты нәтижелерде көрініс табуы тиіс, олар абстрактылық және ұраншылдық сипатта болмауы талап етіледі. Тапсырмаларда қол жеткізілуі тиіс нәтижелер, мүмкіндігіне қарай, білім алушыларға жағымды әсер етумен қатар нақты сол тапсырма арқылы қандай дағдыға қол жеткізуге болатынын да айқын көрсетіп тұруы керек. Тапсырмалар сабаққа бөлінген уақытқа сыйымды, сондай-ақ тренинг жағдайына лайықты шынайы болғаны жөн. Сонымен бірге олар тым қарабайыр болып та кетпеуі керек. Жоспарланатын нәтижелер тексеруге қолайлы болуы шарт. Мысалы, тренинг арқылы енетін өзгерістер объективті түрде үйренетіндей дәрежеде немесе қатысушылар меңгерген жаңа дағдылар туралы өзіне өзі есеп бере алатындай деңгейде болғаны ұтымды.

Мақсатына қарай тренингтерді нақты дағдыларды үйрену тренингі (мақсаты – мінез-құлқы дағдыларын меңгеру), жеке тұлғалық өсу тренингі (олардың негізінде қатысушының өзін-өзі дамытуына, рефлексивтік қабілеттерін жетілдіруге, жаңа тәжірибені үйренуге ұмтылысын арттыруға қажетті жағдайлар жасау жатады). Бірінші жағдайда жеке тұлғаның өзгеруіне ықпал ететін сыртқы әрекеттерге арқа сүйейді. Екінші жағдайда басты назар ішкі дамуға аударылады – алдымен адамның ішкі дүниесіндегі өзгерістер (өзін-өзі бағалау, мотивация, құндылық бағдарлар және т.б.) пайда болады да, соның негізінде адамның мінез-құлқы өзгере бастайды. Соған сай тренингтердің де нәтижелілігінің критерийлері ажыратылады – бірінші жағдайда олардың объективтілігі (жаттығатын дағдылардың деңгейі) басым болады да, ал екінші жағдайда білім алушыларға бұл тренингтің не бергені туралы өзінен-өзі есеп алу түріндегі субъективтік сипатына көп көңіл бөлінеді [2, 112].

Тренингтің бағдарламасын үшке бөлуге болады: бірінші бөлігі –кіріспе (бағыт-бағдар беру), екінші бөлігі – қалыптастырушы (дамытушы), үшінші – қорытынды (жобалық). Әдістемелік жағынан тренингтер білім алушылардың теориялық және эмпирикалық тәжірибелерінің синтезі түрінде құрылады. Сабақ соңында топтың сапалық жағынан тағы бір жаңа белеске көтерілуіне қол жетеді, ол – өзара бағалаусыз-ақ қабылдау деңгейіне өтуі. Бұл топтағы “жылы” қатынастың орнығуына, өз күштеріне деген сенімділікке, оқытылып отырған процестер мен құбылыстардың мәнін түсіну дәрежесінің тереңдей түсуіне байланысты жүзеге асатыны сөзсіз.

Тренингтің қорытынды кезеңінде білім алушылардың қатынас стилі мен мінез-құлқында да жаңа сапалар көріне бастайды: өз сөзіне, әрекетіне мұқият қарауға, өзгелерді зейін салып тыңдауға төселе түседі. Өзара түсінісуге мүдделілік танытып, келісім мен ынтымақтастықта тіл табысуға ұмтылады. Тағы бір жаңа сапалық өзгеріс ретінде тренингке қатысушылардың өзара сын айту мен оны қабылдау деңгейінің өскендігін атауға болады.

Соның нәтижесінде топтардың қарым-қатынас құзырлылығы жоғарылаумен қатар, жеке тұлғалар арасындағы қақтығыстарды шиеленістірмей, оң шеше алу қабілеттері арта түседі. Қатысушылар шынайы өмірлік жағдаяттарға барабар жағдайларда кездесетін шиеленістерді шешуге дағдыланады.

Бұдан тренингті өткізу технологиясының бірқатар әрекеттер шоғырын қамти отырып, төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталғанын көреміз:

- 1) топтағы қарым-қатынас пен тұлғааралық өзара әрекеттерді күшейту;
- 2) топты жақындастыру, оны танымдық әрекеттің ұжымдық субъектісіне айналдыру;
- 3) топтың танымдық әрекетін басқару, өзара әрекеттестік дағдыларын дамыту, білімін тереңдету;
- 4) топтың сабақта алған білімдерін күнделікті өмірде дұрыс қолдана білуіне бағыт беру.

Осылайша тренингтің арнайы практикалық тапсырмалар жүйесі ретінде білім алушылардың жеке басының, олардың өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік берудің әдістері мен тәсілдері жиынтығын құрайтынын бағамдауға болады.

Тренингті белгілі бір теориялық материалдарды, түрлі стильдегі мәтіндерді талқылау кезінде ұйымдастыруға болады. Тренинг ұйымдастыру үшін оқытушы оның мақсатын нақты қойып, жүргізілетін жұмыстардың жоспарының әр кезеңімен таныстыруы қажет.

Тренинг ережесі:

- Тыңдау әдебін сақтау;
- Өз пікірін ашық білдіру;
- Ашық, көңілді болу;
- Белсенділік таныту;
- Сыйластықта болу;
- «Мен» принципін ұстану;
- «Мұнда және қазір» болу.

Оқытудың ең бір тиімді, белсенді әдісі – *іскер ойындар*. Іскер ойынның мақсаты – білім алушының белгілі бір кәсіби дағдысын көрсету, қалыптастыру. Ал міндеті – белгілі бір жағдаятта білім алушының игерген білім, дағдысын байқауға мүмкіндік жасау. Іскер ойындар білім алушыны белсенді ойлауға, келешек мамандығына сай дербес әрекет етуіне, оның зертханасына енуіне жағдай жасайды. Бұл әдіс әр білім алушының ішкі мүмкіндігін, кәсіби әрекетіне бейімділігін байқатады. Іскер ойындар білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелейді, әлеуметтену үрдісін жылдамдатады. Ойын барысында:

- кәсіби әрекет нормасы;
- әлеуметтену нормасы, яғни ұжыммен жұмыс істеу қалыптасады.

Іскер ойынды ұйымдастыруда белгілі бір психологиялық ұстанымдар басшылыққа алынады. Атап айтқанда: имитациялық модельдеу ұстанымы, бірлесіп әрекет ету ұстанымы, диалогтік тілдесім ұстанымы, проблемалық ұстаным.

Іскер ойынды ұйымдастыру мен өткізу 4 кезеңнен тұрады.

1. Дайындық кезеңі. Ойынның мақсаты мен міндетін айқындау. Өткізу тәртібін талдау. Ойынның нысаны болатын тақырыпты хабарлау. Ойынның мақсатын айқындауда: оның не үшін, қандай нәтиже беретіндігі ескеріледі.

2. Ұйымдастыру кезеңі. Топты топшаға бөлу. Ойынның мәнін, қойылған дидактикалық мақсатты түсіндіру. Рөлдерге бөлу. Әрқайсының міндетін түсіндіру. Кететін уақытты, ойынның ұзақтығын белгілейді.

3. Жобаның іске асырылуы. Бұл ең маңызды кезең.

4. Ойынның нәтижесін шығару, бағалау, сабақты қорыту.

Әдістемелік талаптар: іскерлік ойын нақты тақырыптың жалғасы не қорытындысы сипатында болуы; барлық тақырыптардың іскерлік ойынға келе бермейтіндігі, яғни проблемалы тақырыптардың алынатындығы; негізінен білім алушылардың игерген тақырыптары ойын ретінде ұсынылуы тиімді; білім алушының кәсіби әрекетіне жақын болуы; оқу-әдістемелік материалдардың дайындығы; ойынның міндеті нақты болуы,

оқытушының жобаны іске асыруда бақылаушы ретінде болуы. Іскер ойын мынадай компоненттерден құралады: мақсат, рөлдер, ойынға қатысушының қызметі, ойынның сценарийі, ойынды өткізу тәртібі.

Іскерлік ойын оқытудың танымдық, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарына жетуге мүмкіндік жасайды. Танымдық тиімділігі ойын үрдісінде іске асады. Білім алушы көтерілген мәселенің теориялық, әдіснамалық негізімен танысады, білім деңгейі, лингвистикалық дүниетанымы кеңейеді, кәсіби мамандығының қызметін бағамдайды. Іскер ойынды өткізу үрдісінде білім алушылар ұжыммен бірге ойлауды, бір-біріне көмектесуді үйренеді. Мәселені ұжым болып талдауды үйренеді. Бір-біріне деген сенім, құрмет сезімдері қалыптасады. Ойын арқылы олардың логикалық ойлау қабілеті дамиды, сөз мәдениеті жетіледі, сөз әдебі қалыптасады.

Қазақ тілі сабағында ұйымдастырылатын дидактикалық ойындар сөз мағыналарын анықтауға, бір сюжетті түрліше шешу жолдарын табуға, өтіліп отырған тілдік білімді жеке тәжірибеде пайдалануға дағдыландыруға арналуы қажет. Дидактикалық ойындар интеллектуалдық тұрғыда білім алушының эрудициясы мен ойлау мәдениетін дамытуды көздесе, эмоционалдық тұрғыда білім алушының белсенділігін арттыруды, шығармашылыққа тәрбиелеуді мақсат етеді.

Пікірталас – білім алушылар тиімді және нәтижелі бір-бірімен өзара іс-қимыл, оқыту мәселесін шешуге мүмкіндік береді бірлескен қызметті ұжымдық нысандарын ұйымдастыруға ең жиі пайдаланылатын және ең өнімді тәсілі болып табылады. Ол сабақтың және нақты тақырыптар мақсатына қарай, әр түрлі пікірталастар түрлерін пайдалану ұсынылады. Бағалаушылар мәселе бойынша өз пікірлерін бекітуге және нәтижесінде білім алушылар өздерінің көзқарастарын логикалық қорытындылар арқылы бір-бірімен әсер, жаңа идеяларды дамыту және ойлау өз жолын кеңейтуге ұмтылады. [3]

Пікірталас әдісі мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі:

а) қатысушыларды шынайы жағдаяттарға талдау жасауға, сондай-ақ маңызды мен қосалқыны бір-бірінен айыра білуге, өзекті мәселені анықтауға үйретеді;

ә) тыңдауға дағыдыландырады және өзгелермен өзара әрекет етуге үйретеді;

б) ең қабілетті деген адамның өзі жеке шеше алмайтын мәселелерден құралған аса күрделі жағдаяттарды модельдеуге төселдіреді; мұндағы басты талап – шешім жасауда көпшіліктің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді;

в) көптеген мәселелерді шешудің бірнеше жолдары бар екенін нақты жағдаяттар арқылы танытады [3, 368].

Оқу пікірталастарын ұйымдастыру өте ыждағатты дайындықты қажет етеді. Оларды нақты бір уақыт көлеміне сыйымды етіп өткізудің де атқаратын маңызы үлкен. Онда талқылауға кереғар пікірлерге тиек болып отырған мәселелер ұсынылады. Оқу үрдісіндегі пікірталас білім алушыларды өзара дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретуді көздейді. Пікірталас білім алушылардың мәдени дүниетанымының, жалпы дамуының деңгейін, олардың ақыл-ой дәрежесін, тапқырлығы мен тыңдау мәдениетін, пікірталас ережелерін сақтау әдебін, жолдастарына интеллектуалдық және эмоциялық тұрғыдан ықпал ету қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Топтық пікірталас дегеніміз – топ мүшелерінің пікірін, көзқарастарын, мақсаттарын анықтауға (бәлкім, өзгертуге) мүмкіндік беретін таласты мәселелерді бірлесе талқылау. Топтық пікірталастың психологиялық құндылығы оның кері байланысқа құрылуы мен жүргізушінің шеберлігі арқасында оған қатысушы әрбір адамның бір мәселенің өзін бірнеше түрлі жолмен шешуге болатынын түсінуіне мүмкіндік беруінен көрінеді. Өйткені әр адамның өмірде кездесетін түрлі қақтығысты жағдаяттарды қабылдауы мен оны шешуде сан түрлі көзқарастарды ұстанатыны анық, ал оны білу, тану, білім алушының түрлі мәселелерге ойлы көзімен қарап, сол нұсқалардың ішінен ең ұтымдысын таңдауы қажеттігін түйсінуге әкеледі.

Бұл оқыту үрдісінде тілдік жағдаяттарды ұйымдастырудағы басты психологиялық-педагогикалық талаптың бірі – білім алушыларға жағымды атмосфера тудырудың сыртқы

амалдарын түрлендіріп отыру екендігін дәйектеуге мүмкіндік берді. Топтық жұмысқа қатысушылардың әрқайсысының нақты қызметі болады: топбасшы, жаңашыл, хатшы, талдаушы, суреткер және т.б; талқылау барысында әркім өзінің осы қызметіне сәйкес өз пікірін білдіріп отыруы қажет.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын оқытудың белсенді және интерактивтік әдістері қатысушылардың өмірлік тәжірибелеріне сүйене отырып, педагог пен субъектінің өзара қарым-қатынасын дамытуға жол ашады. Олар нақты білім мен тәжірибе қалыптастыруды көздейтін оқытудың дәстүрлі әдістеріне ешқандай да қайшы келмейді. Әдістерді тандаудың басты критерийлерінің бірі – оның түрлі мәселелерді шешудің құралы болуға қабілеттілігі. Оқытудың интерактивтік әдістерін қолдану кезінде оқытушының да қызметі мүлдем басқаша сипат алады, ол білім алушылардың топтық жұмысындағы өзара қарым-қатынастың сапасын көтеруге жауапты болып, балалардың өздігінен шешім қабылдауына көмекші әрі оларға бағыт беруші рөлін атқарады.

Қорыта айтқанда, жаңа заман талабына орай дидактикалық ойындар мен ұжымдық оқыту бағдарламалары жаңа сипаттарын ескере отырып пайдалану білім алушылардың сабаққа ынталылығын арттырумен қатар, олардың өзіндік ойлауына кең жол ашады, сабақта белсенділігін күшейтеді. Өйткені бұл жұмыс түрлерінің бәрі білім алушының өздігінен әрекет етуіне қолайлы жағдай жасауды мұрат етеді. Рөлдік ойындардың да, кейс пен әлеуметтік психологиялық тренингтердің де білім алушының тұлғалық қабілеттерін жетілдіруде өзіндік орны бар.

Әр пән білім алушы үшін жеке дара меңгертілетін білім көзі түрінде емес, оның жалпы адами қасиеттерін дамытатын, тұлғалық қабілеттерін жетілдіретін, өмірлік дағдыларын қалыптастыратын, қазіргі заман талабына сай құзіреттіліктерге ие ететін бағытта жүргізілуі үлкен рөл атқарады. Міне, осы орайда қазақ тілін оқытудың өзегіне дидактикалық ойындар мен оқыту бағдарламалары негізге алғанда ғана бүкіл білім жүйесін білім алушының әрі білімдік, әрі танымдық, әрі қатысымдық, әрі дара тұлғалық, мәдени әлеуетін көтеру мүмкін екендігі дәйектеледі.

Әдебиет

1. Көккөзова М.Б., Асқар Л.О. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. 42б.
2. Әлметова Ә. Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді оқыту. – Алматы: Арыс, 2001. – 104 б.
3. Өмірбекова Р.Қ., Молдағалиева Г.А. Қазақ тілі. Мәтіндер жинағы: Оқу-әдістемелік құрал.– Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 81 б.

ӘӨЖ 691.33

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Синбаева Г.К, Әділбекова Н.С.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Берілген тақырыпқа негізделген ғылыми мақалада қазақ тілі сабақтарында айтылым дағдысын дамытудың жолдары, ерекшеліктері, тапсырмаларды қолдану реті ұсынылған. Оның нәтижесіне жету жолында әдіс-тәсілдердің реті ұсынылған.

Түйін сөздер: дағды, жаңартылған білім мазмұны, айтылым, әдіс-тәсіл, жүйе, парадигма.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді

қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі.

«Қазақ тілі» пәні – білім беру бағдарламасындағы жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнінің маңыздылығы оқушыларды қазақ тілінде оқуға, жазуға, тыңдауға және өз ойын еркін, дұрыс жеткізе білуге үйретуімен, мектепте оқытылатын басқа да пәндерді меңгерту құралы болуымен айқындалады. Өйткені, оқушының тілдік дағдылардың барлық түрін жетік меңгеруі және кез келген басқа пәнді игеруі, негізінен, қазақ тілін білу деңгейіне байланысты.

«Қазақ тілі» пәнінің басты бағыты – тіл арқылы оқушының ақыл-ой қабілеті мен тілдік эстетикалық талғамының дамуына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, коммуникативтік дағдыларының жетілуіне және шыңдалуына іргетас қалай отырып, өздігінен білім алуына мүдделілік туғызу.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда негізгі басымдылық коммуникативтік дағдыларды, сөйлеу әрекетінің төрт түрін - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды меңгертуге, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталады.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. гуманитарлық тұрғыда қуатты қаруды шыңдау, қоршаған ортаны парықтап, бағалаудың бір құралын жетілдіру» деген сөзі тіл мамандарына бағыт – бағдар іспеттес. Ортақ мүддеміз де – осы [1, 7].

Қазақ тілі пәнінің мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру. Оқушыларды қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарын түсініп, оған жауап беруге, үйренген сөздерін дұрыс айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйрету қажет.

Әр мұғалім мектепте жұмыс атқару барысында білім беру мен тәрбиелеуде оңтайлы нәтиже беретін өз әдістемесін құрған жөн болып табылады. Сол жағдайда ғана жыл сайын оқушыларының білім деңгейінің өсуін байқауға болады. Мемлекеттік тілді үйретуде басты мақсат – тіл дамыту мақсаты болғандықтан, сабақ барысында көздейтін мақсат – оқушылардың сөйлеу тілін, сауаттылығын таныту, тілді үйретуде әдіс-тәсілдер, оны қызықтырып оқыту амалдары арқылы қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастырып, оқушылардың лексикалық қорын байытып, мемлекеттік тілде сөйлей, оқи, жаза білуге үйрету.

Тіл дамыту – тіл үйретудегі қарым-қатынас құралын іске асыру. Оқушының тілін дамыту лексикалық және грамматикалық тұлғаларды меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы тілдік әрекетке жетелеу болып табылады.

Мұндай көзқарасты ғалым З.Ш. Есназарова ұсынып, тиімділігін өз еңбектерінде дәлелдеп жүр. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем - байланыстыра сөйлеудің бастапқы алғы шарттары. Сөйлеу үшін оқушының жеткілікті белсенді қоры болу керек, әрі байланыстырып сөйлем құрау заңдылықтарын оқушыға ереже түрінде емес, әр сабақта тәжірибе түрінде меңгертіп, дағды қалыптастыру қажет. Тілдесім әрекетіне жету үшін жеткілікті сөздік қор болуы да маңызды, сөздік қоры мол адам өз ойын екінші адамға жеткізуге қиындық тудырмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байытуға үлкен мән беру керек.

Сабақ барысында оқушылардың міндетті түрде сөздік дәптері болуы тиіс.

«Сөздік дегеніміз – тілдің қажетті материалы. Қай тілді үйренбейік, алдымен оның сөздік қорын меңгерту қажет. Демек, сөз өзінен өзі жиналмайды, оны жоспармен, белгілі бір

жүйемен меңгерген жөн. Басқа да әдістемелік әдебиеттерге назар салсақ, сөзді меңгеруде тақырыптық жүйенің дұрыстығын айтады» [2, 76].

Яғни, әр түрлі лексикалық тақырыптарға байланысты айналаны, қоршаған ортаны бейнелейтін, танытатын сөздерді меңгерген ұтымдырақ. Сондықтан қазақ тілін үйрену барысында оқушылардың міндетті түрде меңгеруге тиісті сөздерінің тізімін жасау керек. Оқушының үйренген сөздерін берік қалыптастыру үшін мына мәселелер ескерілуге тиіс: сөзге дұрыс екпін түсіріп айту, сөздің мағынасын дұрыс түсіну, орфографиялық жағынан дұрыс жазып, сөйлем ішінде пайдалана білу.

«Оқушылардың меңгерген сөздік қорларын бекітіп, білімдерін молайтып, сауатты да мәдени-эстетикалық деңгейде сөйлесе алуға үйретуге болады. Сөздік қордың бір жүйемен жүргізілуі, оның тоқсан сайын, жыл сайын артып отырылуы көзделуі қажет. Оқушы әр сабақ сайын жаңа сөз үйреніп, оны сабақ барысында бірнеше рет қайталап, жазбаша және ауызша жұмыс түрлерімен байланыстырып, санасына берік сақтаса ғана ол сөздік қорына енеді» [3, 102].

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әртүрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Ақпараттандыру ісі білім беру жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Сондықтан да, қазақ тілін оқытуда интерактивті тақтаның тиімділігі өте зор.

Тіл дамыту жұмыстарында сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін орфографиялық, синонимдік, антонимдік, этимологиялық, түсіндірмелі сөздіктерді пайдаланудың жолдарын үйрету де артық болмайды.

Тіл үйрету – ол иландыру арқылы жүргізілетін жұмыс. Алайда, қандай да бір құбылыс болмасын оның қажеттілігі байқалмайынша жүзеге аспайтыны анық. Олай болса, мемлекеттік тіл қазақстандық басқа ұлт өкілдерінің қажеттіліктеріне айналмайынша, олардың тілді үйренуі кешеуілдей беруі ықтимал.

Айтылым дағдысын қалыптастыру дегеніміз – оқушылардың сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін қалыптастыру, өз ойын дұрыс, нақты және толық жеткізе білуге машықтандыру болып табылады. Тілді жетік меңгерген және оны орынды қолданатын оқушы кез келген ортада коммуникативтік қатынасқа түсе алады. Сонымен қатар, сабақта алған білімі мен білігін, дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында қолдана алуы тиіс.

Айтылым дағдысын дамытуда қолданылған әдіс-тәсілдер – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру [3, 108].

Айтылым дағдысын сабақ барысында ашу үшін төмендегідей үлгідегі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

- Интервью әдісі;
- Еркін микрофон әдісі;
- Блум түймедағы;
- Аквариум;
- Джигсо.

«Мемлекеттік тілдің іргетасын қалау бастауыш мектептен басталуы әбден заңды. Демек, мектептің оқушыларға ұсынатын білім беру материалдары осы заман ғылымының дәрежесі мен талабына сай болу керек. Соңғы жылдары білім беру үрдісінде бой көрсете бастаған ғалым М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі бойынша қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету тиімді әдістердің бірі екенін өмір өзі дәлелдеп келеді» [4, 121].

Бүгінгі таңа жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша мектептегі оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Аталмыш оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабы –білім көкжиегі кең, сауатты тұлға тәрбиелеу. Сол себепті де бірнеше жылдан бері оқу бағдарламасы әр түрлі дамыған елдердің білім беру технологияларымен толықтылырып келеді.

Ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, кез келген мәселені шешуге дағдысы қалыптасқан, өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу-XXI ғасыр мұғалімдерінің басты міндеті. Оқушыны сабақта еркін қарым- қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы берілген кез- келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Жоғарыдағы мақсатқа жетуде айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым сынды дағдылар көмекке келеді.

Кесте-1

Айтылым	Адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі.
Айтылым дағдысының мақсаты	Оқушының тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау туралы түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталатынын, тыңдалымның мақсаты оқушыны аудиожазба мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін детальдарын түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, кез келген сөйлеушінің сөзін еш кедергісіз, қиындықсыз ұғынуға, тілді түсінуге, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпаратты еркін, түсініп қабылдауға, таныс және бейтаныс тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге үйрету
Айтылым дағдысын қалыптастырудағы жұмыс түрлері	-тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну; -мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау; -тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою; -мәтін бойынша жоспар құру; -тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру; -мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу -мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау; -мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу; -ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру сынды тапсырмалар орындауға болады

Осы орайда, мұғалім сабақ жоспарын құруда тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым сияқты дағдыларды негіз етіп алады. Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мұның барлығы айтылым дағдысының нақты нәтижесіне қол жеткізудің жолы.

Әдебиет

1. Едігенова А. Танымдық қызығу ерекшеліктері. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 266 б.
2. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1998. – 183 б.
3. Бабаев С. Танымдық қызығу ерекшеліктері. – Астана: Фолиант, 2000. – 317 б.
4. Жанпейісова М. Этнолингвистика. – Алматы: Ғылым, 2001. – 281 б.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ МЕҢГЕРТУ

Сыдихова Зайда

(«Тұран-Астана» университеті)

Мақалада мектепте сөзжасамдық ұғымдарды оқыту жолдары қарастырылады. Сөзжасамдық ұғымдарды оқыту, жаңа сөздердің жасалу жолдарын деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертудің тиімді әдіс тәсілдері талданады.

В статье рассматриваются пути обучения словообразовательным понятиям в школе. Анализируются эффективные методы обучения словообразовательным понятиям, усвоения способов создания новых слов через уровневые задания.

The article discusses the ways of teaching word-formation concepts at school. The effective methods of teaching word-formation concepts, assimilation of ways to create new words through level tasks are analyzed.

Кілт сөздер: сөзжасам, сөз, субъект, түбір, қосымша, түбірлес сөздер, күрделі сөздер, сөз тудырушы жұрнақтар

Ключевые слова: словообразование, слово, субъект, корень, дополнение, коренные слова, сложные слова, суффиксы

Keywords: word formation, word, subject, root, complement, root words, compound words, suffixes

Ғылым мен техника, өнер мен білім тасқындап дамып отырған біздің заманымызда оқытудың мақсаты – өз бетімен дами алатын, әр түрлі өзгермелі жағдайларда бағдар ұстай алатын белсенді жеке тұлғаны, яғни, қызмет субъектісін тәрбиелеп шығару.

Оқыту мақсаты – ендігі жерде оқыту әдістерінің оқушының өз бетімен, белсенді ізденіп қызмет жасау әдістері және тәсілдерімен толығын қажет етеді.

Қазақ тілі сабағында түбір, қосымша, түбірлес сөздер, күрделі сөздер, сөз тудырушы жұрнақтар сияқты сөзжасамдық ұғымдарды меңгертуде дамыта оқыту технологиясын пайдалануға болады. Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту аса күрделі де маңызды жұмыстардың бірі. Логикалық ойлауды дамыту қазақ тілі сабағында сөйлем құрату, сурет бойынша әңгіме құрастыру, ребус, сөзжұмбақтар шешу, жұмбақ жасыру т.б. әдістер бойынша жүзеге асады. Сөзжасамдық ұғымдарды меңгертуде аталған әдіс түрлерін жиі пайдалануға болады. «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз – барлық логикалық ойлау операцияларын арнайы жүйелі түрде қалыптастыру, ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту, трансформация әрекетін яғни, объектіні өзгерте білу қабілеттерін жетілдіру жүйесі:

1 Логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау.

2 Ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту: әртүрлі болжам, пікір айта білу: мәселені шешудің бірнеше тәсілдерін ұсыну.

3 Трансформация әрекетін жетілдіру: заттарды бөліктері арқылы құрастыру: объектілер топырының арасындағы қатынастарды анықтай білу.

Логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру жолдары:

– заттардың, сөздердің, сандардың қасиеттерін сипаттау: берілген қасиеттерге сай заттарды тану:

– заттардың, сөздердің, сандардың ұқсас және өзгеше қасиеттерін анықтау: заттардың мәнді қасиеттерін белгілеу:

– заттарды, сөздерді, сандарды өзара салыстыра білуге үйрету. Заттарды, сөздерді, сандарды топтау.

– оқиғаның тізбектілігін анықтау. Қарама-қарсы құбылыстар жайында пайымдау.

Әртүрлі ұғымдарға анықтама беру.

– ойындар ұйымдастыру: «заттарды салыстыр», «сөзді анықта», «құбылыстарды тізбекте», «артық сөзді тап», «ұқсас сөзді тап».

– ойлау белсенділігін, өзбеттілігін дамыту жолдары:

– проблемалық жағдайлар туғызу.

– проблемалық сұрақ қою.

– шағын пікірталас өткізу.

– ертегі әңгімелерді бірлесе талдау, кейіпкерлер ісіне бағалау.

– табиғат құбылыстарын, әртүрлі адамдардың іс-әрекетін, көңіл-күйлерін бақылау, қорытынды шығару. Сөзжасамдық ұғымдарды меңгертуде баланың логикалық ойлауын дамыту мақсатында төмендегідей ойындарды пайдалануға болады: «Жұрнағын тап», «Сөздерді аяқта». «Қалай пайдалануға болады?»

Трансформация әрекетін жетілдіру бағытында арнайы жаттығулар ұсынылады:

а) «Түбірлес сөздерді тап» жаттығу. Оқушының мақсаты: басқа сөздердің арасынан түбірлес сөздерді табу.

ә) «Өзгешелігін тап». Түбірлес сөздердің мағыналық өзгерісін түсіндіру.

Выготский өзінің еңбектерінде «Ойлау – шыңдалған. Ойлау өмірдегі көп ақпараттың ішінен өзіне керектігін таңдау деген сөз» деп жазған. Ендеше, сабақтың үш кезеңінен:

1-кезең – ой шақыр. (баланың сабаққа зейінін аудару; мотивациясын аудару, яғни, ішкі сезімді аудару, икемдеу).

Туынды сөздерге мысалдар келтіру

Мысалы ойын-ойна,

2-кезең – мағынаны таңдау (жаңа тақырыпты бойына сіңіру)

Түбір сөз бен туынды сөздің мағынасын түсіндіру.

Ойын – зат есім. Қимыл-әрекет атауы.

Ойна – етістік. Бұйрық мағынасында.

3-кезең – ой толғану (қорытынды)

Ойын және ойна сөздерімен сөйлем құрау.

Аударыспақ – спорттық ойын түріне жатады.

Бір топ бала футбол ойнап жүр.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыруда өзбетінше оқу жұмысының маңызы зор. Өздігінше жұмыс күрделене түсу мен және қиындығымен оқушының танып білудегі қабілетін жаттықтырып, дамытады. Өздігінше жұмыс оқушылардың мидың белсенді жұмыс істеуін қажет етеді, осыдан келіп ақиқатын танудан белсенділіктің негізі пайда болады. Оқушылардың өзбетінше жұмысын ұйымдастыруды мұғалім оқу тапсырмасымен оның орындалу тәртібін алдын-ала айқындап, бекітіп алуы тиіс. Оқушылардың сөздерін ізденіске баулу керек.

Мысалы: «Етістік» тақырыбын өткенде етістіктің дара және күрделі түрлері туралы мәлімет беріледі. Сондай-ақ туынды етістік жасайтын сөз тудырушы жұрнақтар меңгертіледі. Осы орайда жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып

оқушыларға тақырыпты тиімді жолмен меңгертуге болады. Мысалы тірек схемаларын пайдаланамыз.

Зат есімнен етістік тудыратын жұрнақтар

Жұрнақтар	Мысалдар
-ла, -ле, -да, -де, -та, -те, -а, -е	ой-ла, шеге-ле, тұз-да, ем-де, бас-та, суретте, ас-а, өрт-е
-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	сауда-лас, қате-лес, ақыл-дас, тіл-дес, дос-тас, көмек-тес
-қар, -кер, -ғар, -гер	бас-қар, ат-қар, ес-кер, су-ғар, тең-гер
-лан, -лен	пайда-лан, ашу-лан, үй-лен, ие-лен

Сын есім, сан есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар

Жұрнақтар	Мысалдар
Сын есім	
-ла, -ле, -да, -де, -та, -те	жұқа-ла, әдемі-ле, жаман-да, жеңіл-де, арық-та, тік-те
-ар, -ер, -р	жас-ар, ағ-ар, көг-ер, таза-р
-ай, -ей, -й	мол-ай, күш-ей, көб-ей, қара-й
Сан есім	
-ла, -ле, -да, -де	алтау-ла, екеу-ле, он-да, жүз-де
-лес, -дес	бір-лес, жүз-дес

Оқушылар етістік тудыратын жұрнақтарды табуға арналған жаттығу тапсырмаларын орындау барысында тірек схемаларына сүйенеді.

Бұл схеманы пайдалана отырып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында, үш қатарды өзара жарыстыру бағытында жүргіздік. Жұмыс ауызша түрде талданып, әр қатардың түсіну қабілеттерін бақылауға болады.

Тіректерді сабақты түсіндіргеннен кейін алып тастауға болмайды. Олар материалдарды толық меңгергенше әрқашан оқушылардың көз алдында тұруға тиіс. Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттыру керек. қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Оқыту барысында әр алуан әдіс-тәсілдер, әр алуан жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушының логикалық ой жүйесі мен абстракциялау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Бұл оқушының ақыл-ой қабілетін арттырады, білімнің сапалы, тиянақты, толық болуына әсер етеді. Баланың өзіндік ойлау дағдысын тәрбиелейді. Мысалы етістік тудыратын жұрнақтарды меңгертуге жаттығулар қатарына мақал-мәтелдер жарысын ұйымдастыруға болады. Сынып оқушыларын екі топқа бөліп, әр топ кезекпен мақал айтып жарысады. Ал келесі топ мақалдан етістіктерді табады. *Үлгі:*

1. *Жігіттің жұмсаған күшін сұрама,*

Бітірген ісін сұра.

Етістіктер. Жұмса-ған, сұра-ма, бітір-ген, сұра.

2. *Аға алдында пейіліңді көрсет,*

Іні алдында мейіріңді көрсет.

Етістік: көрсет.

3. *Әділдікке жығылмайын кісі жоқ.*

Етістік: жығ-ыл-ма-йтын.

4. *Талапты ерге нұр жауар.*

Етістік: жау-ар.

Ал жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, айтыс сияқты тағылым түрлері оқушылардың сөздік қорын молайтуда, ойлау қабілетін дамытуда, байланыстырып мәдениетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда таптырмайтын дидактикалық материалдар болды. Қазіргі нарықтық жағдайымызда болашақ ұрпағымызды білімді, мәдениетті, саналы етіп тәрбиелеуде егеменді елімізде қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие болып отыр. Қазақ тілін үйрету барысында оқушыларды қазақ елінің салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыру, қалыптастыруға көп көмегін тигізеді. Қазақ тілі де басқа ұлт өкілдеріне шет тілі болып саналғандықтан шет тілін, яғни, қазақ тілін оқыту арқылы оқушыларды интернационализм рухына, ұлттық патриотизмге тәрбиелеуге жол ашады. Олар өз ұлтын сүйуге, өзге ұлттарды сыйлауға үйретеді.

ӘОЖ 821.512.122

ФОЛЬКЛОР ПОЭТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сүйениш Б.П., Кулибекова Ж.С.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

«Поэтика – шығармашылық құндылық және әдебиеттану ғылымының ерекше пәні. Айқындайтын жүйесіне сәйкес үш бірдей құндылықты басшылыққа ала отырып, қызмет етеді. Олар: сөздік, образдық және дыбыстық» [1, 82 б.].

Мұндағы, поэтиканың басты мақсаты – аталған үш саланы толықтай эстетикалық тұрғыдан дамыту, жетілдіру. Кең мағынада алып қарасақ, поэтика әдебиеттану саласының пәні ретінде нақтылы теориялық ғылымды зерттейді. Яғни, әдебиеттегі тек пен түр, стиль мен әдіс мәселелерінің тұтас ішкі жүйесін, байланысу ерекшеліктерін зерттейді. Зерттеу нысанына сәйкес белгілі бір шығарманың поэтикасы немесе жазушының жазу (стиль) поэтикасы деен мәселелерді қарастырады. Ал, фольклорлық тұрғыдан алып қарағанда, поэтика фольклордың кез келген жанр түрін дамыту үшін күш жұмсайды.

Халқымыздың фольклорлық жанр құрылымы аса күрделі. Сондықтан да болар, олардың түрлері тіпті 50-ге жуық жанр ерекшелігін құрайды. Мысалы: айтыс, әңгіме, ертегі, әпсана, хикаят, жыр, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, дастан, терме, арнау, өлең, тақпақ т.б.

Сөз өнерінің бастауы ауыз әдебиеті болғандықтан, тарихи поэтиканың алатын орны ерекше. Яғни, жоғарыда атап өткен жанрлық бөліністің барлығы да тарихи тұрғыдан қалыптасқан жүйе. Бұлардың өзгеріске түсу ерекшелігін тұтастай тарихи поэтика зерттейді, қадағалайды, одан әрі қарай дамытады. Бұл жайлы әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсынов: «поэтика – қисын» [2, 141 б.], - деген анықтама береді.

Фольклордың ең басты ерекшелігі де осында. Оған тән туындыларға мынадай белгілер тиесілі:

- Халықтығы – яғни, шығарманың халықтың рухани мұрасы ретінде танылуы;
- Авторсыздығы – фольклорлық туындылардың барлығы да топтық, ұжымдық, халықтық болып есептеледі;
- Көпнұсқалығы – халық арасында кеңінен тараған шығармалардың кез келгенінің бірнеше нұсқасы болады;
- Дәстүрлілігі – дәстүр жоқ жерде фольклор болмайды; Ауызекілігі – фольклорлық шығармалар жазба әдебиеттен бұрын қалыптасқандықтан ең әуелгі ол ауыздан-ауызға тарады;
- Көркемдігі (поэтикасы) – фольклорлық шығармалар нақтылы бір ғана жанрға тиесілі емес. Сондықтан да олар кейде прозалық, кейде поэзиялық түрде жазылып, тарады,

дамыды. Сол себепті, әрбір шығарма түрінің өзіне тән көркемдігі болады. Оған шығарманың сюжеті, мотиві, ән мен әуезі, синкреттік сипаты енеді.

- Тарихилығы – фольклорлық шығармалар поэтикалық ерекшелігіне қарай тарихилығын да айқындайды.

- Этникалық сипаты – фольклорлық шығармалардың этнос үшін жұмыс жасайтындығы анық. Олар іштей екі бағытта тарайды. Біріншісі, көркем шығарма тілінің дәлдігі, ал екіншісі, тарихи тақырыпта жазылған шығармалардың хронологиялық сипатта танылуы. Осы екі қағида есепке алынған жағдайда фольклорлық шығарманың тарихилығы мен этникалық сипаты айқын көрініс береді [2, 142-143 бб.].

Фольклор – кең ауқымды ғылым. Таралу сипатына сәйкес әдебиеттегі уақыт пен кеңістікті өз ықпалына игере отырып, заттық және материалдық дүниелер жайлы да хабар береді.

Халқымыздың фольклорлық туындыларының кез келгені поэзиялық, шығармашылық және музыкалық бағыттарда тарайды. Мұның өзі фольклор поэтикасының синкреттік өнер екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бұған мысал ретінде фольклорлық туындылардың бір түрі – тұрмыс-салт жырларын жатқызуымызға болады.

Тұрмыс-салт жырлары - ұлтымыздың әдет-ғұрып және салт-жораларының негізінде туындаған өлең-жырлар. Олар әрдайым қоғамда орын алатын ерекше оқиғалар мен дәстүрлерді сақтау, солардың орындалу және жүзеге асу принциптерін нақтылау мақсатында туындап, орындалып отырады.

Мәселен, түркі халықтарының қолданысындағы тұрмыс-салт жырлары тақырып пен мазмұн, түр және жанр жағынан өте ұқсас әрі бір-біріне жақын болып келеді. Мысалы, баланың дүниеге келуі, тәй-тәй басуы, сүндетке отыруы, алғашқы ерлігі, үйленуі, дүниеден қайтуы сияқты барлығы да осындай дәстүрлі салттары өлең-жырсыз өтпейді.

Ұлттық болмысымыздағы тұрмыс-салт жырлары бір жақты ғана емес топтасқан түрде, арнайы белгілі бір әуенмен орындалуы мүмкін. Зерттеушілеріміздің көпшілігі «тұрмыс-салт» жырлары атты терминін түрліше түсінікте қолданған: мәселен, Ә.Диваев пен Б. Кенжебаев – салт өлеңдері; ал, ұлт бастаушысы, әдебиеттің атасы А.Байтұрсынов оны – сарындама; жазушы, ғалым, академик М. Әуезовтің түсінігінде – сыншылдық салт өлеңдері; Сәкен Сейфуллиннің зерттеу еңбектерінде бұл терминді – салт өлең-жырлары деп қарастырады. Кейінірек тұста М.Ғабдуллин де өзінің ауыз әдебиетіне байланысты зерттеу еңбектерінде – тұрмыс-салтқа байланысты туған шығармалар деп те қолданған. Сондай-ақ, зерттеуші Бекмұрат Уақатов бұл терминді – өзінің 1947 жылы жарық көрген «Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбегінде әдет-ғұрыппен байланысты өлеңдер деп қарастырады. Аталмыш еңбекте тұрмыс-салт жырларының өзін көне түркілік дәуірден бергі келе жатқан үлгілер есебінде алып, олардың жиналу, зерттелу жайын жан-жақты қамтып, бұл бағыттағы өлеңдерді жанрлық тұрғыдан 4 түрге бөліп көрсетеді. Десек те, ғылыми үрдіс дамыған сайын оған қойылған талаптар да өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан да, ғылыми көзқарастар тұғысынан алып қарағанда, тұрмыс-салт жырлары да классификациялық тұрғыдан өзгеріске түскен.

Қарап тұрсақ, тұрмыс-салт жырларының барлығы да қарапайым тұрмыстағы дүниелер мен құбылыстарды суреттеу я болмаса сипаттау негізінде дүниеге келген. Яғни, халқымыз адам баласының дүниеге шыр етіп келуі мен өмірден өтуге дейінгі аралықтың барлығын өлеңмен жырлайтын болған. Соның негізінде болар, тұрмыс-салт жырлары халық ауыз әдебиетінің ерекше нұсқаларының қатарынан орын алды.

Қазақ халқының барша тарихи ғұмырындағы бүкіл тұрмыс-тіршілігін, молшылығы мен жоқшылығын, қуанышы мен қайғысын бір ауыз сөзге сыйғызған әдеби бай мұраларды зерттеген ғалым, фольклорист Ә.Қоңыратбаевтың зерттеу еңбектерінің ғылым саласында алатын орны өте жоғары. Себебі, ғалым өзінің саналы ғұмырында ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға, зерттеуге, олардың негізінде ғылыми тұжырымдар жасауға ерекше көңіл бөлген. Ғалымның фольклористика саласында жазған ең ұтымды әрі берері мол ғылыми еңбектерінің бір саласы — тұрмыс-салт жырларына арналған нұсқасы. Басқа халықтар сияқты, басқа

ұлттың әдеби құндылықтары тәрізді қазақ халқының да көптен бері келе жатқан тұрмыс-тіршілігі, еңбек-кәсібі, әдет-ғұрпы, салты бар екені рас. Бұлардың бәрі де адамдардың қоғамдық-әлеуметтік тұрмысына, экономикалық жағдайларына байланысты туып, қалыптасты. Соның негізінде болар, бұл саланың өзіндік қағидалары мен ерекшеліктері бар.

Халқымыз қанша ғасырдан бері жасаған тұрмысы, еңбек-кәсібі, әдет-ғұрпы, салты жайында неше түрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Ғалым Ә.Қоңыратбаев бұл шығармаларды «тұрмыс-салт жырлары» деп атайды.

Орыс жазушысы М.Горький тұрмыс-салт жырларын халық ауыз әдебиетінен бастау алатынын айта келіп, төмендегідей пікір білдіреді: «Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-күйін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, оны дұрыстап түсінеміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз. Бұл жөнінде ауыз әдебиеті бізге өте көп мәлімет береді» [3, 14 б.], - деп өз көзқарасын білдіреді.

Ал, Ә.Қоңыратбаев сюжетсіз өлеңдерге қатысты: «Елдің тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпы, түрлі наным-сенімдерге байланысты туған сюжетсіз ұсақ өлеңдерді тұрмыс-салт жырлары дейміз» [4, 44 б.].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда аталған тұрмыс-салт жырларының өзінен-ақ, фольклорлық шығармаларға тән тарихилық, көпнұсқалық, этникалық сипат және поэтикалық болмысын бірден байқаймыз. Бұл мысалдар арқылы фольклор мұрасының тармақталған, жан-жақты формасын аңғарамыз. Эстетикалық және этникалық тұрғыдан бай мұра екендігіне көз жеткіземіз.

Әдебиет:

- 1.Қысқаша әдеби энциклопедия. – Алматы: Санат. 2008. – 573 б.
- 2.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 2001. – 292 б.
- 3.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 379 б.
- 4.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.- 384 б.

ӘОЖ 811.12

М. ШАХАНОВ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ

Таласпаева Ж., Саденова Р.
(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдарынан поэзиямыздағы оттай жалын болып келген ақынымыз Мұхтар Шаханов екендігінде дау жоқ. Өзінің бойындағы талантымен, айбынды поэзия үнімен қазақ өлеңіне тың жаңалықтар ақын есімімен байланысты келді. М.Шаханов поэзиясына үңілсек, оның көп салалы саналуан тақырыпты қамтитынын аңғарамыз. Әсіресе, әрбір тақырыпты жырлауда оның түп төркініне үңіліп, содан бастау алып, бүгінгі күннің тіршілігін терең танымдық тыныспен сипаттайды.

Ақиқат дүниедегі абстракцияның жоғарғы дәрежедегі құндылықтарын танытатын – ментальды мазмұн. Метафизикалық концептілер сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана танып білуге болатын, құбылысты дамыту барысында ғана түсінуге болатын ұғымдарды көзбен көріп, қолмен ұстап тану мүмкін емес. Сондықтан философиялық мәні басым, адамның қажеттілігін өтейтін абстрактілі: ұғымдарды нақты тұрақталған дефинициялармен танытуға болмайды. Оны адам қалай сезінеді, қалай басынан өткереді, сол әсері арқылы танытады [1, 20 б.]. Метафизикалық концептілер поэзияда көптеп кездеседі. Оны М.Шахановтың дастандарынан байқауға болады. Мысалы: *махаббат*, *зұлымдық*, *сатқындық*, *достық*, *концептілері*.

«Махаббат» концептісі көптеген қазақ майталман ақындарының шығармаларында жырланады, себебі махаббат, ұлы, ерекше сезім. Абай Құнанбаев айтқандай: «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңыз». Ақынның сөзімен келіспеу мүмкін емес, өйткені махаббат, пәктіктің, тазалықтың, сезімнің символы іспеттес. М.Шаханов та Абай сияқты махаббатты ерекше бір сезіммен жырлаған. Мысалы:

– *Бақытты болыңдар! –Тек махаббат пілтесімен жаныңдар!* [2, 272 б.].

Осы жодардан-ақ ақынның махаббатты ерекше бір леппен жырлайтыны, ұлы символ, ғашықтық символы етіп көрсететіні айдан анық. М.Шахановтың дастандарында махаббаттың ұлы сезім екенін, және де махаббатты қорғап, бағалау керектігін оқырмандарына айтады. Әрине, махаббат ешқашан да өміршеңдігін жоймайды.

Концепт жеке тұлғаның ғаламды тану тәсілі десек, М. Шахановтың концептуалдық ғалам бейнесінде айрықша орын алатын «махаббат» концептісі эмоционалдық, мәдени және көркем концептілердің барлық белгілерін иеленіп, автордың өзіне тән күшті идеялық-эстетикалық реңкте бейнеленіп вербалданады. Ақынның шығармаларында *махаббат* (атау), *сүю* (етістік) сөздері «махаббат» концептісін когнитивті-пропозициялық құрылым арқылы анықтауда маңызды рөл атқарады. Автордың поэтикасында *махаббат* лексемасы көп қолданылады [3, 68 б.].

Ақын танымындағы *махаббат* – бар дүние болмысына, барша адамзат баласына деген сүйіспеншілік. Ақын нені жырласа да, ғашықтықпен жырлайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеу туған табиғатқа, жер-анаға, өз ұлтына, елінің тағдырына деген сүйіспеншілігімен ажырамастай байланыста.

М.Шаханов поэзиясы туған елімен рухани байланыс идеясы сол туған халқының болашағы үшін жеке басының амандығын, махаббатын құрбан етуге дайындығынан көрінеді. Себебі ол жеке бас сүйіспеншілігінің құрбаны емес, еліне, жеріне, ұлтына деген махаббаттың құрбаны. Ақын дастандарында өзінің елін сүюі, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді: Адамның шын мағынасымен адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, Жалпы адамзатты сүюі шарт. Осындай ойды бастап Абайдың айтқанын білеміз: «*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және де хақ жолы осы деп әділетті*». М.Шахановтың шығармаларындағы «махаббат» концептісінің өзегін бұл ұғымның ғалам бейнелеріндегі түсіндірілуімен сабақтастықта берген мағыналары құрайды.

М.Шаханов шығармаларындағы ер мен әйел арасындағы «махаббат» концептісінің танылуы да ерекше. «Махаббат» ұғымының ақын шығармаларында көрінуі негізінен ер мен әйел арасындағы сезімді сипаттауға арналып, бұл тақырып автор шығармашылығының көлемді бөлігін қамтиды. Махаббат сезімінің қасиеттілігін айтқанда, Абай шығыс, батыс поэзиясы тоғысатын өзгеше арна тапты, бұрын-соңды қазақ өлеңінде, тіпті ұлттық ұғымында кездеспеген сырларын ашады: «*Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да*». М.Шахановтың лирикасы тек бір-бірін сүйетін адамдардың арасындағы қарым-қатынасты бейнелеумен шектеліп қана қоймайды, сол адамдардың ішкі жан-дүниесін тануға күш салады. Махаббатқа толығымен берілу «махаббаттың жан жүректі жаулап алатын дүлей күш» екендігін білдіреді: «*Сөзім, көзім айтып тұр сүйгенімді, Қуарған, сарғайған жүз, күйгенімді, Талған жүрек, жүдеген, солған дене – Сүюдің қолына ен тигенімді*». Автор танымында махаббат бір уақытта адамның бойында дүниеге келіп, оның өмірінің мағынасына айналып, қуаныш, қайғыға толтырып, мазасыздық, шаттық күйін кешіретін сезім. Ол Тәңірдің адам баласына берген сыйы, адамға тән қажеттілік. Абайда да осындай сезім белгісі көрініс тапқан: «*Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе, Дәмеленсе өртенер күйіп-жаным*» [4, 280 б.].

Махаббат сипаты. 1. Ғашықтық. Психологтар махаббаттың ең биік сатысы ретінде адамның ғұмырында бір-ақ рет болатын ғашықтық сезімін атайды. Бұл ұғымды «*ес-түссіз сүю*» деп түсіндіруге болады.

Абайда: «*Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, Мен не болсам болайын сен аман бол*» [4, 122 б.].

М.Мақатаевта: «*Ғашықтық па? Ғашық та бола білгем. Бір-ақ жанға ғашықтың бала күннен, Жанымменен сүйемін, жанарыммен*» [5, 69 б.].

М.Шаханов дискурсында ғашықтық сезімін бейнелейтін, сол сезімнің пайда болуынан шығатын нәтижені бейнелеу және *ғашық* немесе *ғашықтық* лексемалары кездеседі:

Бірақ, бірде болды оқиға сұрапыл...
Қыз бен жігіт бір өлкеде тұратын,
Қосып арман-тілегін.
Қосып мұңын, мұратын,
Тіл бітірер сезімменен тасқа да,
Тек сезімді етіп іңкәр астана,
Жасы жүзге жетпей жатып,
Бір-біріне *ғашық* бопты масқара! [2, 282 б.].

2. Жақсы көру. Екінші категориялық сезім «жақсы көру» десек, онда ессіз сезім емес, сана іске қосылып, адамның белгілі бір құндылық қасиеттері бағаланады. М.Шахановта:

Махаббатсыз өткен күннің бәрі ізсіз,
Суға жазған таңбадай.
Жүрсек, мейлі, қай белесте, Дөңесте,
Сағынышпен атқан таңның бәрі есте.
Мағынасыз үш мың жылдан
Мағынамен, Мәнмен өткен,
Махаббатпен, Әнмен өткен,
Үш жыл артық емес пе? [2, 280 б.].

1. «*Махаббат – бақ*» когнитивтік моделі. Жағымды аспектіде «сүю», «сүйікті болу – бақыт» деген метафизикалық мағынада танылады. Мәтінде «сүю деген соңы қандай нәтижеге әкеліп соқса да бәрібір бақыт, тіпті, сол жолда өліп кетуге болады» деген түсінік актуалданады. Ақын сүйген жанды ары деп біледі. Сүюді «бақыт» деп философиялық ой түйіп, «сүйе білген жан – бақытты жан» деп бағалайды:

Өтер, мүмкін, намысыңды шымшылап.
Қайда жүрсе тек өз әнін айтатын,
Елікпейтін өзге шу мен сарынға,
Қажымайтын қар мен желдің өтінде,
Махаббат та ұқсайды ұлы дарынға,
Дарындылар аз ғой жердің бетінде.
Иә, махаббат қайсар құзды жарып өтер тасты жол...
Бағаласаң махаббатты бағала,
Бағаласаң махаббатты бағала...[2, 229 б.].

2. «*Махаббат – мұң*» когнитивтік моделі. Махаббат қайғысының өзі – айдай жарқын сезім. Адамның қасиетін өсірмесе, өшірмейді. Жағымсыз аспектіде махаббат адамның өміріне қайғы әкелетін жаза ретінде танылғанымен, «бірақ махаббатты басынан кешірмеу – одан да зор қасірет» деген түсінік актуалданады.

М. Шахановта:

Селк еттім даусыңнан шошынғандай,
Жүр едім өз мұңымды өшіре алмай.
Жиырмада алдап кеткен махаббаттың,
Күнәсін әлі күнге кешіре алмай...[2, 230 б.].

– деп, махаббаттың қиын, мұңлы сезім екенін айтады:

Амал бар ма, махаббатқа жан пидалық ете алмады,
Аққу-арман жалт бергенде, қуып көрдің, жете алмадың...[2, 266 б.].

Бұл модель мынадай құрылымдардан тұрады: а) алдану; ә) уайым; б) айырылу; в) жауапсыз махаббат; г) сағыну; ғ) сезімді білдіре алмау – қасірет; д) махаббатсыз өмір – қасірет; ж) махаббат сөнсе, өмірде қызық қалмайды.

3. «Махаббат – сәт» когнитивтік моделі. Махаббат сезім өзінің ұзақтылығы мен қарқындылығы, деңгейі, сипаты мен мазмұны (қысқа мерзімдік аффектіден бастап, ұзақ уақытқа созылатын құштарлыққа дейін, үстірт эмоциядан терең және тұрақты сезімге дейін) бойынша ажыратылатын және өзара күрделі қарым-қатынастағы құбылыстардың кең ауқымын қамтиды. Адамның жас кезеңдеріне сәйкес әртүрлі кезеңдерде махаббатың мазмұны да әртүрлі болады. Сонымен бірге басы – сезімнің бастапқы фазасы, соңы – мәңгілікке ұласатын құбылыс. Бұл модель ақын дискурсында мынадай құрылымдар арқылы көрініс табады: Процесс (уақыт бойына дамуы): а) кезең: балалық, жастық, ересектік; ә) мазмұны: басталуы, сөз айту, алып қашу, нәтижесі; б) уақыты: бір сәттік, мәңгілік [3, 69 б.].

М.Шаханов тіршіліктегі бар жақсылықтың басы туған анаға, туған жерге деген сүйіспеншілік екенін тани отырып, бұл екеуін және намыс пен сүйген адамның адалдығын өз өміріне мұрат тұтады.

Ол ән – ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның.
Ол ән – ұлы махаббаты менің сайын даламның,
Дала көңіл бабамның
Сол екі әнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады, [2, 133 б.].

деп ғаламды ұстап тұрған достық әрі махаббат әні екенін ақын тебірене жеткізеді. Ақын махаббаттың не екенін өзіне сөйлету арқылы ашады:

Ғасырлардан ғасырларға жол алған
Ұшып келген арман атты аралдан
Мен тірліктің ақ құсы едім, аппақ ардан жаралған
Даңқым алыс таралған [2, 122 б.].

Алайда махаббаттың ылғи көктем сыйламайтын, кез-келгеннің басына қона бермейтін қасиетін:

Көктем гүлін қадасам да шашыма.
Ылғи көктем ерткенім жоқ қасыма.
Қонған жоқпын анау-мынау биікке,
Қонған жоқпын кез-келгеннің басына [2, 230 б.] – дейді.

Махаббат – ұлы сезім, құдіреті жоғары, сондықтан да ол ешқандай алтынға айырбасталмайды.

Ақын махаббатты өзгеше, ерекше тұжырымдармен де береді.

1. Махаббат – ол қос жүректің әні ғой...
2. Махаббат – ол жан мен тәннің тізе қосқан ерлігі
3. Махаббат – қайсар құзды жарып өтер тасты жол...
4. Ғашық көңіл – мәңгі жасыл айдын көл.
5. Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,
Ал қалғаны жай күндер.
6. Құлай сүю – ерлікпен тең есебі.
Бірақ сүю бақыты
Кез-келгенге тартылмайтын сыбаға, – деп қорытады.

Сонымен, М.Шахановтың шығармаларында *махаббат* ұғымы ерекше сипатқа ие, барлық ой-толғамдарының бәрі махаббат сезімімен тығыз байланысты. Ақын ұғымында махаббат тәрбиелік мәндегі құндылық, этикалық, эстетикалық салаларды бір арнаға тоғыстыратын философиялық-дүниетанымдық категория болып табылады. Махаббат ұғымы адам өмірі мен болмысының терең қойнауына бойлауға, оның өмірлік ұстанымдарының дұрыс бағытта құрылуына ықпал етуге көмектеседі.

Қазір біз компьютер, интернет дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Шегімізге жеттік, енді Жерді қойып, Ғаламның тағдырына да жауаптымыз біз! Біз енді Мейірім мен Махаббатты төрге шығаруымыз керек. Біз сонда ғана Ұлы Мейірімге, Ұлы Махаббатқа қосыла аламыз. Онсыз тұйыққа тірелеміз.

М.Шахановтың терең сезімге, толғанысқа толы махаббат тақырыбындағы шығармалары жалпы адамзатты адал, нәзік сезімге, ізгі махаббатқа, таза көңілге, терең талғамға шақырады [6, 105 б.].

Қаламгердің ұлттың менталды дүниесі туралы ақпараты мен аялық білімі мол болған сайын шығарма тілінің концептілік құрылымы кең, тілдік мазмұны бай болады. Себебі, концептілік құрылымдар санадағы дүние ұғымының төңірегіне жиналған ақпараттардың топтасып жүйелену тәжірибесімен қалыптасады. Сондықтан концептінің мәнін танытуда, оның құрамындағы құрылымдық элементтерді жинақтап көрсету арқылы автордың аялық білімі танылады. Мұндай құбылысты біз сөз етіп отырған М. Шаханов сынды қаламгердің шығармаларындағы стильдік ерекшеліктерден, сөз байлығынан, рухани құндылықтарды жетік меңгерген мол энциклопедиялық білім деңгейінен анық байқауға болады [7, 439 б.].

Әдебиет:

1. Абдрахманова М. Б. Концепт хроматологиясы // ҚазҰУ Хабаршысы №7 (89), 2005. – 22-25 бб.
2. Шаханов М. Тілсіздендіру анатомиясы. – Алматы: Рух-дария, 2006. – 361 бет.
3. Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі махаббат концептісінің сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы №3, 2006. – 68-72 бб.
4. Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 бет.
5. М.Мақатаев. Өмір-өзен. – Алматы: Раритет, 2005. – 287 бет.
6. Абдырова А.О. М. Шаханов жырларындағы махаббат тақырыбы // ҚазҰУ Хабаршысы №9, 2009. – 221 бет.
7. Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» // С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – 439-445 бб.

DEVELOPING PRONUNCIATION SKILLS THROUGH REFLECTIVE TEACHING

Tulegenova B.M., Kadyrov A. Zh.
(NKU named after M. Kozybayev)

Introduction. Most of us regard pronunciation as a process described only in literature on linguistics, the process which has nothing to do with our everyday life, whereas, in actuality, pronunciation and its basic parameters are so deeply entrenched in our daily routine that we often fail to recognize them as the tools for language construction, i.e. some of these parameters are so common that we may not even understand that they *are* quite topical and relevant – the means of development and actualization of the language we speak.

Pronunciation is a complex linguistic phenomenon that has always attracted the interest of language experts and learners on account of the complexity and many-sidedness of its structure, which points out the fact that the vast majority of theories and conceptions of pronunciation are often controversial and debatable. It is relevant to note that the approaches to studying pronunciation have been drastically reformed at the turn of the previous century. It occurred not only due to the increase of the scientific interest and attention to it, but also due to the paradigm shift – the object of investigation was gradually transferred from the anthropocentric paradigm to the novel cognitive paradigm, which granted the researchers an opportunity to rescrutinize pronunciation from a different perspective, regarding the phenomenon not only as an external factor, but also as a product of human thought.

In terms of the new paradigm, the deeper analysis of pronunciation was conducted within the realms of phonetics, phonostylistics and linguoculturology, which corroborated the fact that it was, is and will be an inherent element of the language in that it represents the irreplaceable medium of cognition and verbal actualization of reality. Therefore, pronunciation is associated with the communicative framework of meaning verbalization, being the foundation for the establishment and expression of linguistic content.

The main aim of the given paper is to study and implement the educational potential of pronunciation-related foreign language classroom activities through the technique of reflective teaching.

The principal objectives of the paper are:

- 1) to discuss the notion of pronunciation, its practical educational capacity, and some frequently encountered classroom issues pertaining to implementation of pronunciation-related activities in a foreign language learning setting;
- 2) to implement the educational potential of the reflective teaching technique in the course of teaching foreign language pronunciation;
- 3) to systematize the results of the research and enhance their practical applicability in modern foreign language classrooms.

The topicality of the research is associated with the attempt to discuss the phenomenon of pronunciation in close detail, considering all aspects of this debatable issue, and taking into consideration contemporary and traditional approaches to defining it. The necessity to conduct research on pronunciation is caused by the current diversification of views on it.

The scientific novelty of the research lies in the attempt to present an innovative approach to studying the process of pronunciation teaching, and to conduct a deeper analysis of the intrinsic peculiarities of pronunciation patterns, basing on the latest scientific tendencies and theories in the realms of phonetics and foreign language teaching methodology.

The theoretical value of the research is based on the presumption that the data and the results of the analysis can contribute to the development of the new scientifically relevant hypotheses and approaches on the basis of generally accepted theoretical conceptions.

The theoretical methodological basis of the research is represented by the works, conceptions and views of authors such as E.V.Klinkova, Zh.B.Vereninova, T.H. Smailov, Morley J. Mays, M. Otlowski, J. Jenkins, O.A.Yaroshenko, N.M. Sobchakova, S.S. Khromov, etc.

The practical value of the research consists in the possibility of implementation of the results of the analysis in the educational process with a view to cementing the students' understanding of the intricate mechanisms and phenomena underlying the phenomenon of pronunciation.

Methods. The practical investigation methods applied in the article are: aspectual analysis, experiment, and observation.

Results and discussion. A number of teachers neglect teaching pronunciation to their students. The reasons of this fact may be their not knowing how to teach it or not giving importance to it. But future teachers should know that when they are teaching new vocabulary, or whatever else, they should teach their pronunciations as well. While doing this, it can be better to teach phonetic transcriptions of the sounds in order to be more understandable. If they do it at a very early stage, it will work. Also, teachers should show the articulation places of the sounds and model them. We can demonstrate the position of the lips and tongue while producing a sound. By this way, students can better pronounce them. Another important issue is the contrast between sounds. We should make clear the difference between long and short vowels such as "chip" and "cheap". Unless students hear what they produce, they will not realize their errors and mistakes, if there is any. In order to prevent this, teachers can record students' voices with the help of a device and make them listen to their own pronunciation. Then, the correct pronunciation of the same word can be listened to the student. At the end of this activity, students realize the difference between the two pronunciations and correct themselves. This is a kind of ear-training, which is very beneficial in teaching pronunciation. Apart from producing sounds, intonation and stress should be emphasized as they can change the meaning or the emphasis of the sentence. With the help of some listening, and following speaking activities, correct intonation and stress can be imposed to students. Teachers also mentioned mutual intelligibility, which means to be able to understand someone as well as being understood by someone.

There are some important notes about teaching pronunciation:

1) Teachers should make students believe that pronunciation is not something else. That means, however perfect they know grammar, they can not have a successful communication without a correct pronunciation. If they do not know grammar, they can survive but if they do not know correct pronunciation, they cannot communicate.

2) If there is a mispronunciation, teachers can record the students' sound and make them listen to it. Then, they will understand their mistake.

3) If teachers have opportunity, they can make our students listen to music: this helps ear-training.

4) Teachers have to make pronouncing correctly a kind of habit. As in the ALM, they should correct the mispronunciation and provide habit formation. (I do not know how true is this but that is what comes to my mind when the issue is teaching pronunciation.)

5) Teachers have to teach how to use dictionary in order to pronounce the words correctly. They should make sure the students use dictionaries in the way we want.

6) Pronunciation can be taught perfectly through games and activities that students can have fun.

7) Teachers can ask students about the words they have difficulty pronouncing. Then, they can give the correct pronunciation of them.

8) If teachers use an activity to teach pronunciation, giving instructions is an essential step to carry out this activity. We should make sure everybody understands what we intend to make them understand.

9) Unless importance is given to pronunciation, reading aloud cannot be encouraged.

In accordance with the main methodological principles of the paper, the research is associated with the analysis of the students' conceptions and evaluations of pronunciation, pronunciation techniques and strategies.

Thus, a definite number of exercises were implemented in the course of the teaching practice with a view of clarifying the notion of pronunciation, and emphasizing its importance for contemporary second language studies and language pedagogy.

Let us discuss the applicability of the exercises, and their theoretical value in relation to foreign language instruction and second language acquisition. It is relevant to note that the students had been familiarized with the main characteristics of pronunciation as a linguistic phenomenon prior to the completion of the exercises.

We carried out experimental work on the development of pronunciation skills through reflective teaching in the first year students of North Kazakhstan University named after M.Kozybayev. 39 students of the first year students took part in the experimental work. In our experiment, we used only the two most effective strategies for the development of pronunciation. They are recording of lessons through audio and feedback from students.

The first exercise given to the students was more practical and based on the strategy of recording of lessons through audio – to record their pronunciation of a text. The purpose of this exercise was to teach the students proper pronunciation through their own assessment of their recorded speech. It is a useful classroom technique because it helps identify certain problematic aspects of the students' pronunciation either by the students themselves or under the supervision of the teacher. The peculiarity of the exercise consisted in the application of technology in the foreign language classroom, which is a priority in contemporary language pedagogy.

Twenty students out of thirty nine liked this exercise and completed it without hesitation, improving on their pronunciation skills in the long run. They later commented on the state-of-the-art nature of this exercise, admitting that they had never had this kind of classroom activities before. It was very interesting for them to try and practise recording English written texts, and to assess their own performance and that of other students in the classroom. Twelve students were not influenced by this exercise in any positive or negative way, ascribing their neutral position to frequent use of electronic recording devices including text-to-speech technologies. Seven students were reluctant to participate in this activity on account of being shy and scared of letting others listen to their recorded speech. This was the only problem encountered in the course of conducting

the given exercise. On the whole, the students were satisfied with their results and claimed that this type of exercises is extremely important in any second language acquisition practice. They also pointed out that it helped them better understand the way in which they pronounce English sounds and words, and correct their pronunciation mistakes.

The second exercise was based on the reflective teaching and learning principle and consisted in the students' reflective analysis of their current pronunciation skills. The particularity of the exercise was reflected in the fact that they took charge of the analysis of their learning performance, producing written responses to a questionnaire-type review that consisted of five questions related to their estimation of pronunciation skills and capacities. The important point here is that they were presented with an opportunity to suggest some ideas on how pronunciation should be better taught. It is a crucial element of the review, and it certainly points out the learner-centered educational approach applied in the given strategy. The exercise consisted in presenting the ideas in the form of a graphic, hand-shaped mindmap, which was as well contributive to the development of their critical thinking skills.

The students were presented with the following questions:

- 1) Did you like to work on your pronunciation?
- 2) What exercise did you like most? Why?
- 3) What exercise did you dislike most? Why?
- 4) What sound or word was difficult for you to pronounce?
- 5) Yoursuggestions.

Twenty five out of thirty nine students were very enthusiastic about this exercise, mainly due to its creative character. They completed the mindmap very quickly, presenting their suggestions in a succinct yet informative review. The suggestions that they brought to the table were:

- 1) to study the linguistic bases of pronunciation to better understand the phenomenon;
- 2) to practise pronunciation more often in class than before, rather than listen to native speaker records;
- 3) to listen to those records more often to get a better understanding of how certain English sounds are properly pronounced in an actual linguistic environment;
- 4) to listen more often to the teacher's pronouncing of written text as a means of learning face-to-face and firsthand from an English-speaking person.

The other fourteen students were not as willing to share their estimation of their current pronunciation-related performance, but they helped pinpoint the advantages and disadvantages of the pronunciation teaching process in the classroom.

Among the advantages are:

- 1) the teacher's flawless command of the target language;
- 2) the focus on pronunciation as an important part of language acquisition;
- 3) the efficiency of pronunciation-based activities and exercises;
- 4) the high level of student motivation in relation to engagement in such activities and exercises in the classroom.

Among the drawbacks of the pronunciation teaching process are:

- 1) the lack of opportunities to interact face-to-face with native speakers of English, which is in their opinion a fast and surefire way to master proper pronunciation;
- 2) the lack of time dedicated to learning English on the whole, hence the impossibility of mastering as many pronunciation patterns as possible due to overstressed curriculum;
- 3) the lack of attention to other aspects of the target language that are in their opinion just as important as pronunciation – grammar, vocabulary, spelling.

Before the exercise was implemented, the students' general level of engagement in pronunciation activities was rather low: only three out of twelve students were enthusiastic about learning proper pronunciation patterns. But after it was completed by the students, there was a steady growth of student interest in mastering it: a whole of ten students were now highly motivated to improve their speaking and pronunciation skills.

Therefore, the given exercise proved very useful because it helped better understand the students' position on the pronunciation teaching process through reflection. Reflective teaching and learning is a surefire way of getting actual and unadulterated feedback from students on certain aspects of the educational process, and it should be incorporated in the English language learning classroom on a regular basis.

According to the analysis of these exercises, the application of reflective principles in language teaching practice contributes to cementing the students' understanding of the learning process itself. The students readily participated in the educational procedures aimed at the clarification of the main peculiarities of pronunciation. They successfully completed the exercises provided by the teacher, and acquired the substantial knowledge on the intricate nature of English pronunciation through reflective learning.

In their final reflection, participants noted that they found motivation to continue to work on their pronunciation after the course exactly because they felt equipped with the knowledge to approach this task autonomously.

The teacher also acquired a significant amount of knowledge on the theoretical and practical framework of pronunciation, implementing the above-mentioned exercises in her pedagogical practice. Thus, the importance of the reflective teaching for pronunciation instruction and education on the whole has to be duly emphasized inasmuch as it provides both the teacher and the learner with a better understanding of how to teach and how to learn English pronunciation.

Conclusion. In this article, we aimed to demonstrate how reflections could be utilized as a tool of raising students' consciousness in the pronunciation classroom and, at the same time, to voice their beliefs and concerns about pronunciation learning/teaching.

Thereby, the research conducted within the scope of the paper has achieved its main aim in that the theoretical and practical framework of pronunciation and the educational potential of pronunciation-related foreign language classroom activities through the technique of reflective teaching have been studied and implemented. The importance of pronunciation in modern life for the process of communication has been reemphasized.

The phenomenon of the pronunciation and the technique of reflective teaching have been analyzed in accordance with the traditional points of view and the contemporary foundations.

Thus, the research conducted has contributed to the consolidation of the theoretical framework of meaning construction in its practical application. The research can be considered as the coexistence and combination of the theoretical background of the phenomenon of the pronunciation and its pedagogical side. The former is associated with the multispectrevisitation of the well-established traditional and contemporary perspectives on the pronunciation, whilst the latter is aimed at the holistic analysis of the possibility and the advantages of implementation of the reflective teaching technology in developing pronunciation skills in the foreign language instruction process.

In terms of the new paradigm, the deeper analysis of pronunciation was conducted within the realms of phonetics, phonostylistics and linguoculturology, which corroborated the fact that it was, is and will be an inherent element of the language in that it represents the irreplaceable medium of cognition and verbal actualization of reality. Therefore, pronunciation is associated with the communicative framework of meaning verbalization, being the foundation for the establishment and expression of linguistic content.

According to the analysis of given practical part, the application of reflective principles in language teaching practice contributes to cementing the students' understanding of the learning process itself. The students readily participated in the educational procedures aimed at the clarification of the main peculiarities of pronunciation. They successfully completed the exercises provided by the teacher, and acquired the substantial knowledge on the intricate nature of English pronunciation through reflective learning.

In their final reflection, participants noted that they found motivation to continue to work on their pronunciation after the course exactly because they felt equipped with the knowledge to approach this task autonomously.

The teacher also acquired a significant amount of knowledge on the theoretical and practical framework of pronunciation, implementing the above-mentioned exercises in her pedagogical practice. Thus, the importance of the reflective teaching for pronunciation instruction and education on the whole has to be duly emphasized inasmuch as it provides both the teacher and the learner with a better understanding of how to teach and how to learn English pronunciation.

Finally, we argue that we should rethink the traditional teacher role in pronunciation instruction. As ESL professionals, teachers should teach students how to learn pronunciation, not just how to produce sounds or patterns. In other words, learners should be able to analyze their strengths and weaknesses, and have the strategies to transform themselves into confident speakers of English.

BIBLIOGRAPHY

- 1 Murphey J.T. Exploring conversational shadowing // Language Teaching Research, № 5, 2002.– P. 128-155.
- 2 Jenkins J. Research in teaching pronunciation and intonation. – Annual Review of Applied Linguistics, № 24, 2004. – P. 109-125.
- 3 Лукина Н.Д. Практический курс фонетики английского языка. – М.: АСТ Астрель, 2003.
- 4 Васильев В.А., Катанская А.Р. и др. Фонетика английского языка: Практический курс. Новое издание/ под ред. Ж.Б. Верениновой: учебник на англ. яз. – М.: Высшая школа, 2009.
- 5 4. Веренинова Ж.Б. Фонетическая база английского языка в сопоставлении с фонетической базой русского языка. – М.: МГЛУ, 2015.
- 6 Enhancing the pronunciation of English... (PDF Download Available): https://www.researchgate.net/publication/321058692_Enhancing_the_pronunciation_of_English_suprasegmental_features_through_reflective_learning_method 17.02.2022.

ӘӨЖ 691.33

САҒАТ ӘШІМБАЕВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Тұяқова А.Қ.

Сақ Қайрат Өмірбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор
(Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті)

Мақалада Сағат Әшімбаевтың өмір жолы мен журналистік қызметі баяндалады. Сонымен қатар «Лениншіл жас» газетінде «Найзатас» деген көлемді мақаласына тоқталып, фильм туралы батыл пікірлер айтылып қана қоймай, жана туындының кемшіліктерін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: журналистік қызмет, мақала, «Лениншіл жас» газеті, фильм.

Көрнекті тұлға, әдебиет сыншысы, тележурналист Сағат Әшімбаев. Сағат Әшімбаев 1947 жылы, 1 мамырда Алматы облысы, Райымбек ауданында (бұрынғы Нарынқол ауданы) дүниеге келген. 1970 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген.

Журналистикадағы сара жолы, азаматтық болмысы мен парасат парқы, жымиып тұратын жылы бейнесі ел жадында өшпестей із қалдырды. Сағат Әшімбаевтың өмірі мен шығармашылығын саралау үшін балалық шағынан бастап кезең – кезеңімен ой елегінен өткізеді.

Жамбыл атындағы алақандай ауылда дүниеге келген бала Сағат есейе келе өзге сыныптастары секілді еңбекке ерте араласты. Жұмысшы қолы жетпейтіндіктен болар, ауылдың шөбін шабу,қой қырқымы, жиын-терімге дейін бұғанасы бекіген мектеп оқушылары сол кезде түгел ат салысатын. Бала Сағат сол күйбен тірліктің бел ортасында жүрді. Толассыз еңбекке төселген Сағаттың сөйте жүріп білімге, кітап оқуға деген құштарлығы оянды. Қолы қалт еткенде әдебиет әлеміне еніп, кітаптан көз алмайтын. Ауыл кітапханасындағы көркем әдебиетті жоғары сыныпқа барғанша оқып тауысты. Өзімен тетелес, ізінен ерген ауылдас інілеріне де жасөспірім Сағат қамқор болып, білімнің бастауы кітапта екенін айта жүрді.

Мәселен, Тұрлыбек Мамесейітовтың филология ғылымына келуіне тікелей Сағат себепкер болды.

Тұрлыбек Мамесейітов: «Мен саған айтайын дегенім сен жайлауға барсаң, кітаптар алып бар,-деді. Жаздай кітап оқисың. Мектептің кітапханасында қазір кітап аз. Сен «Ауыл Советі» деген кітапханаға барып, жақсы кітаптар ал. Соны жаздай барып оқып кел , -деді».

Сағат ағамыздың аманатын аяқасты етпей,жаз жайлауға кітап арқалап алып кеткен ауыл баласы Тұрлыбектің де көркем әдебиет арқылы дүниетанымы өзгерді. Өзін де, өзгені де жігерлендіре отырып, талап қоя білген Сағат Тұрлыбек секілді талай ауыл баласын білімге беттеді.

Сағат Әшімбаевтың баспасөз бетіне оның алғашқы тырнақалды мақалалары 1966–1967 жж. аудандық «Советтік шекара», облыстық «Жетісу» газеттерінде жарияланды.Еңбек жолын 1969 жылы «Жас Алаш» («Лениншіл жас») газетінде әдебиет және өнер бөлімінің әдеби қызметкерлігінен бастаған ол кейін сол бөлімнің меңгерушісі болып істеді. 1973 жылы «Жас Алаш» газетінен «Жұлдыз» журналына сын және библиография бөлімінің бөлім меңгерушісі болып істеді. Сонымен қатар біраз жыл бойы осы әдеби журналдың алқа мүшесі болды. 1976–1979 жж. «Жас Алаш» газетінде редактордың орынбасары болып істеді. 1974 жылы жарық көрген «Сын мұраты» атты алғашқы кітабына Қазақстан Жастар одағының (Қазақстан Ленин комсомолының) сыйлығы берілді (1976).

Жетпісінші жылдары «Лениншіл жасқа» келген жас Сағат Әшімбаев алғашқы мақалаларында-ақ қаламы қырланған білікті публицист ретінде көрінген. Оның мақалаларында айтылған әрбір ой-тұжырым тереңірек үңілуді, байсалды зерттеуді қажет етеді.

Сағат Әшімбаевтың алғашқы мақалалары жарық көрген «Лениншіл жастың» сарғайған парақтары болашақ сыншының, публицистің творчестволық калыптасу баспалдақтарын толығырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Сағаттың 1970 жылдың сәуірдің 3-інде «Лениншіл жас» газетінде «Найзатас» деген көлемді мақаласы жарық көрді.



Суретте: Бақыр мен Шағур Мүсіреповтар.
Суретті түсіргені А. Бейтес.

«Қазақфильм» студиясы оның ұлылығын айтып бергендеріне қалай дегендігіне қызығарлыққа ие. Осылайша, оның өмірі мен шығармалары туралы жазылған мақалалардың бірі «Найзатас» атты мақаланың авторы А. Бейтес. Оның бұл мақаласын оқығандарға біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз. Оның бұл мақаласын оқығандарға біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз.

„НАЙЗАТАС“

К И Н О

Бұл мақалада біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз. Оның бұл мақаласын оқығандарға біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз.

Бұл мақалада біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз. Оның бұл мақаласын оқығандарға біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз.

Бұл мақалада біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз. Оның бұл мақаласын оқығандарға біздің мақаланың авторы А. Бейтеске қызығушылығымызды білдіріп отырмыз.

1- сурет. Леншіл жас газетіндегі «Найзатас» мақаласы

Бұл мақаласында ол «Қазақфильм» студиясы шығарған көркемсуретті «Найзатас» фильмі туралы батыл пікір айтып, жана туындының кейбір кемшіліктеріне тоқталады.

Мақала былай басталады: «Қазақфильм» студиясы біраз фильмдер шығарып жатыр. Соның көбіне ортақ басты кемшілік біреу. Ол – сол алып отырған оқиғаны асқындыра алмауы, шұғыл шешімнің аздығы, таныс ширьға түсіп кету басымдылығы, қысқасы өткір граматизмнің жоқтығы. «Найзатас» фильмінің де басты кемшілігі осы. Бұдан біз Сағат ағамыздың батылдығын, іздемпаздығын, сынға үлкен құштарлықпен, аса дайындықпен ұшталғанын көре аламыз. Осы мақаланы әрі қарай оқи түссек сөзіміз дәлелді бола түседі. «Екінші бір міні - әлеуметтік мәні бар өмір сырын бере алмауы. Фильмдегі оқиғалардың астарында философиялық түйсінді ойдың жоқтығын, бүгінгі замандастар тірлігі хәм әрекеті, өмір жайлы ой айта алмауы» - дейді.

Сонымен қатар Сағаттың 1974 жылы «Сын мұраты» атты тұңғыш жинағы шыққан еді. Осы «Сын мұраты» жинағындағы творчестволық портрет жанрында жазылған мақалалары да аз емес. «Асыл ағамен дидарласқанда» мақаласы Ғабит Мүсіреповке арналған болатын. Мақалада автор ақсақал қаламгерлеріміз үлкен суреткеріміз жайындағы ойларын үлкен қоғамдық жайлармен астастырып, Ғ.Мүсіреповтің жанын ауыртып, толғандырып жүрген көкейкесті мәселелерінің бетін Мүсіреповтің көзімен ашады.

Мазмұны жағынан да, формасы жағынан да сұлу жазылған осы мақаланы оқыған адам терең ойға батыры сөзсіз. Еңбекте Ғ.Мүсірепов шығармаларының мазмұн тереңдігі, көркемдік сипаттары, тіл шеберлігі секілді мәселелер жазылмай, жазушының творчестволық лабораториясына, оның жеке өміріне байланысты мағлұматтарға, адамгершілік істеріне баса назар аударылуы - қаламгердің азаматтық тұлғасын биіктеге түскен. Жалпы Ғ.Мүсірепов тақырыбы С.Әшімбаевтың білетін, әрі сүйікті тақырыбы деуіміз керек. Кейін сыншының суреткер туралы толғаныстары «Тарлан талант тағлымы», «Ағыны терең ақ дария», «Ғ.Мүсірепов туралы триптих» атты мақалаларында одан әрі асқан творчестволықпен дамытылып отырылды.

Сағат Әшімбаев халықтың көзі, құлағы хәм тілі болған газеттерде қызмет етіп, ұлт баспасөзінің биік деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді. Қаламгерлік қарымымен журналистикада шығармашылық шыңына жетіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды.

Әдебиет:

1. Сағат Әшімбаев «Леншіл жас» газеті, 3 сәуір 1970 - 3б.
2. Мутанов Г.М. САҒАТ ӘШІМБАЕВ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР
3. Сағат Әшімбаев «Сын мұраты» Алматы, 122б - 1974.
4. https://ust.kz/word/portrettik_janrportretting_turleri-117585.html
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998

ӨЛЕҢ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Турсунбаева М.Д., Казыбаева Т.Д.

(№2 мектеп-лицейі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімдері
Көкшетау қаласы)

Мектепте оқытылатын әдебиет пәннің жас жеткіншек өміріндегі мән- маңызы ерекше. Әдебиет- өнер болғанмен, оның мақсаты- әрбір оқушыдан өнер адамын жасау емес, сол өнерді түсіне, сүйе білуге одан жан жүрегіне қажет нәр, ләззат алып, рухани рахаттана білуге тәрбиелеу, эстетикалық таным мен талғамын қалыптастыру. Әдебиет жас жеткіншекке өмірдің сан алуан қырларын танытып қана қоймай, ақ пен қараның, асыл мен бақырдың салмақтай біліп, әр нәрсені өзінше бағалап, өзінше ой түюге, саналы өмір сүруге тәрбиелейді. Бұл, ең алдымен, сабақ процесі арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Әдебиет пәнін оқытуда кездесетін келесі мәселенің бірі- лирикалық туындыларды оқыту. Оқушылар сюжетсіз шығармалардан гөрі сюжетті шығармаларды қызыға талдайды.

Мәселен, өлеңге қатысы бар және қатысы жоқ сөздерді тигізіп, оған түсініктеме бергізу оқушының лирикалық туындыларды түсініп оқуға, талдай білуге төселдіреді. Ал Қ.Бітібаева лириканы оқыту мәселесі жөнінде: «Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым қатынасында»[1,37],- дейді. Әсіресе 5-8 сыныптарда сабақ басталмас бұрын, көңілді, сазды, назды музыка қойып қою, мүмкіндігі келсе, өтілгелі отырған лирикалық шығарманың әні болса, әнімен қойып қоюдың, күйлерді тыңдаудың оқушыларды сабаққа әзірлуде маңызы зор. Қ.Бітібаеваның пікірі бойынша: «Лирикалық шығармаларды өтуде оқушылардың шығармашылық жұмыстарына да ерекше көңіл бөлу керек. Осы сабақта қабілеттеріне қарай өлеңге жаздыру, сурет салдыру немесе шағын шығарма- суреттеме жаздырудың маңызы зор болмақ» [1,140 б.].

Лирикалық шығармаларды 5-8 сыныптарда оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

а) Лирика туралы әдеби- теорияның бастапқы ұғым беру, оны, біріншіден, тереңдете беру. Яғни, сабақтың алғашқы кріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән негізгі қасиеттері туралы сөз ету. Мысалы, 5- сыныпта, алдында өздері оқып өткен ертегі, өлең, мысал, әңгімелермен салыстыра отырып, лириканың өзіндік ерекшеліктерін тұжырымдап, қарапайым, ұғынықты, қысқа ғана түсінік беру.

ә) Өлеңді үйде алдын ала оқып, танысуға беру. Орл үшін үлестірме нұсқау ұсынуға болады. Мысалы: Абайдың «Күз өлеңін алайық»

Үлестірме нұсқау.

-Өлеңді асықпай 2-3 рет оқып шық, түсінбеген сөздерің болса, оқулықтағы түсініктемеге қара, не белгілеп қой.

-Күз суреті қалай белгіленген, мәтіннен тап.

-Мәнерлеп оқуға дайындал. Қандай мәнермен оқыр едің? т.б.

б) Мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударды, өзі талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жүргізуі керек. Яғни олардан

өздеріне ұнаған шумақтар, әдемі, сұлу деген бейнелі сөздер, ұтымды, шеғбер шыққан сөз тіркестерін сұрап білудің маңызы зор...

в) өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

г) Өлеңдегі ақынның көңіл- күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне назар аудару.

д) Тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті, үйлесімді, тиімді пайдалану.

ж) Тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымда ахуал жасау (Балаларға ұрыспау)

з) Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс- тәсілдер пайдалану.

и) Әр түрлі сабақ үлгілерін іздену.

Сонымен лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгерді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл күйде болды, оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Өлең оқытуда қиындықтар туындап жатады, астарлы мағынаға үңілмей, көркем тіл айшықтарын терең талдамай өлең құдіретін меңгерту мүмкін емес. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттатумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер де баршылық екендігін жасырмауымыз керек. Көркем мәтінді мазмұнын айтқызумен ғана шектеліп жүргеніміз де анық. Кейінгі ұрпаққа тіл байлығын меңгерту үшін әдебиетті сүйеге, өлеңді танып оқи білуге үйретуіміз қажет.

Міне, ғалым Қ.П. Жүсіп осы тұрғыдан келіп, мектеп оқушыларына тек троп түрлерін танытып қана қоймай, тіл байлығын меңгерту аса қажет екендігін ескереді. «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» атты оқулығының «Лирикалық шығарманы оқыту ерекшелігі» тарауында Абай өлеңдерін мектепте оқытудың тиімді жолдары ұсынылады. Абайды оқыту оның шығармашылығындағы ғажайып дүниелерді дөп басып ашып көрсете білуге бағытталуы керек. Абайдың махаббат әлемін жырлаудағы ерекшелігін Шығыс поэзиясымен салыстыра оқыту да осы мақсаттан туған.

Ғалым Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңін өтерде мұғалім оқушыларға алдымен мына сауалдарды ұсынуы керек:

1. Қыс суретін елестетерлік сөз бен сөз тіркесін кім табады?

2. Ақын кейіптеуді, яғни жансыз табиғатқа қимыл-қозғалыс жасайтын жанды адам әрекетін дарытуды қалай жүзеге асырған?

3. Қыс кезіндегі адамдар әрекетінен не ерекшелік байқадыңдар?

4. Лирикалық қаһарман көңіл- күйін қайдан көреміз?

Оқушыларды ойланту үшін осы сауалдарды жаздырғаннан кейін, мұғалім өлеңді саралауға мұрындық боларлық түсінік береді,-деп анықтайды.:

Сонымен қатар ғалым әдіскер мұғалімнің оқушыларға жетекші болып отыруын көздейді. «Балалар, өмірде өзіміз көріп жүрген қыс бар да, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ тұрмысын көріп өскен ақын бейнелеген қыс бар. Бұл- әйтеуір тізбектеле салған қыс суреті емес, белгілі бір адамның, Абайдың лирикалық қаһарманының, танымы тұрғысынан өрнектелген қыстың өзіндік бейнесі. Лирикалық қаһарманға қыс белгілі бір адам бейнесінде, яғни «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» қарт адам тәрізді көрінеді. Ол адамның тек «ақ киімді», «ақ сақалды» болумен шектелмей, «соқыр, мылқау» - деп берілуі де тегін емес. Ол сонша суық, қатал болуымен де, адам мен мал үшін қыстың жайсыздығын әсерлі бейнелеуге қызмет етіп тұр. Бұл көріністі сол «ақ киімдінің» «дем алысы- үскірік, аяз бен қар» болуы одан әрі тұлғаланта түседі», -дей келе, оқушыға сауалдар әзірлеу керектігін көрсетеді. Жобамен сауалдың түрлері қандай болу қажеттігін анықтайды [2, 173 б.].

Мұғалімнің сұрақтары, оқушылардың ықтимал жауаптары үлгі ретінде ұсынылады. Мысалы,

1 «Ақ киімді», «ақ сақалды», «ақ қырау», «үй шайқалды» т.с.с. сөздері қыс бейнесін көзбен көрерлік қалыпқа түсірген.

2 «Сықырлап», «долданғанда» сөздері жел екпінін, ызғарын құлаққа естіріп тұр.

3 Алдымен қысты бір ғана адам, қария ретінде «ақ киімді», «ақ сақалды»- деп бейнелеген. Ал, сол қарияның «келіп қалуы», «әлек салуы», «басын сілкіуі»- бәрі жансыз қысты тірі жан иесіне, қимыл-қозғалыс жасай алатын адамға, айналдыру үлгілері. Бұл жансыз табиғатқа жандының әрекетін беруді «кейіптеу»- деп те атаймыз.

4 Жас балалардың жүтіргендегі жай-күйі «беті-қолы домбығып үсік шалды»- деп берілген.

5 –Ал, «Шидем мен тон қабаттап киген» малшының «бет қарауға шыдамай теріс айналуы» бала мен үлкендер әрекетіндегі айырмашылықты аша түседі. Ғалым «Бұл өлеңде қыс бейнесін жалаң тамашалаумен шектелмейміз. Алдымен соны көріп, естіп, сезініп тұрған лирикалық қаһарманның мазасыздануын, сонымен бірге жеңіл әзіл айта білуінен, яғни «Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін»- дегенінен қыс жайсыздығына қарамай, оның көңіл-күйінің сергек қалыпта екенін абайлаймыз»,-дейді. «Мұғалім түйіні: Кез келген ақын белгілі бір табиғат көрінісін әйтеуір өрнектей салмайды. Өлеңдегі бар сурет, бар дыбыс, бар әрекет- бәрі алдымен лирикалық қаһарманның өмірді сүйюін, соның бір көрінісі табиғатты қызықтау сезімін ашуға бағындырылған. Сөйтіп шаруаға, адамдарға қанша жайсыз болып алынғанымен, сол көріністен де, қыс кезіндегі адамдар әрекетінде де өзгеше бір жақсылық, артықшылық барын аңғара аламыз. Ол бар құбылыстан өмірге құштарлық, әсерлілік таба білген лирикалық қаһарман сезімін аялауға, сол арқылы оқырманның өмірді сүйюін, бағалауын арттыра түсуге ықпал етеді. Мәселен, қыс жайсыздығын елемей жүтірген жас балалар әрекеті, лирикалық қаһарманның: «Ит жегенше, Қондыбай, Қанай жесін»- деген әзілі бәрі жарасымды көңіл-күй айнасы болуымен де бағалы»,- болып берілген. Ақын жырларын, жалпы поэзияны оқытудың өзіндік ерекшелігі, күрделілігі бар. «Абай поэзиясын шеру екінің бірінің қолынан келе бермейді» [3] – дегенде осы қиын жолды, күрделілікті, кілтін қолға оңай ұстатпақ өте терең ақын дүниесін ескерсе керек. Қ.П.Жүсіптің Абай өлеңдерінің сырын үңілтуге арналған әдістемелік зерттеулерінің маңыздылығы осыдан байқалады.

Абай өлеңдерін оқыту қашан да маңызды. «Ақын лирикасы- оның лүп еткен, болмаса, найағайдай жарқ еткен сезімнің көрінісі. Ақын жырындағы сол найзағай жарқынын, лүп еткен сезімін оқушы да, ұстаз да түйсіне білгенде ғана білім беру процесі нәтижелі болмақ» [4],- дей келе ғалым Қ.Бітібаева мынадай қорытындыға келеді: «Абай поэзиясының сұлулығынан бойымызға нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу- адами да ұстаздық та борыш. Әр ұрпақ, оның әр ұстазы ұлы ақын мұрасын оқыту жайында іздене береді, оған шүбә жоқ, әр ұрпақ өз Абайын табар. Өз Абайын тиімді оқыту жолында табысқа жетер, лайым солай болғай да! Себебі ұлы Абай халқымен бірге жасап, әр ұрпақтың көз көргеніндей, замандасындай жан дүниесі, жүрегінде өмір сүрер» [4,10]

Сонымен, лирикалық шығармаларды оқыту қашанда маңызды да күрделі. Себебі лирика түсінуді, сырына үңілуді қажет етеді. Академик Қ.Жұмалиев пікірінше, «Лирика өмір құбылысына ақынның көзқарасы, түсінуі, сезімі, күйініш-сүйініші, онда адам өмірінің асқақтығы да, кейде қоңыр күйде көрінеді»[5]. Ал академик З.Қабдолов лириканы – «Нұрлы ой, ішкі, сыртқы дүние жанры. Лирикадағы бас қаһарман ақынның өзі» [6, 56 б.].

Лирика – дара ойдың нәтижесі, ол мөлтек суреттеме немесе суреттерден ғана тұрады. Лирика да образ да, мінез де болады. Лирика – шабытты жыр. Оқырманды, оның жалпы жан дүниесін толқытып жібереді. Лириканы үйретуді тіпті, баланың сәби шағынан бастау қажеттігі дер едік.

Ғалым Махамбет өлеңдерін оқытудың жолдарын көрсетеді. Әрбір өлеңнің сырын ашып талдауға үйретеді. Ақын қолданысындағы әр сөздің мағынасын ашып, стильдік қызметіне дейін саралайды [7, 8 б.].

Қара бұланның терісін

Етік қылар күн қайда?..

Кет-Бұғыдай билерден

Ақыл сұрар күн қайда?

Қ.П.Жүсіп «Қара бұланның терісін етік қыла алмау»; «Кет-Бұғыдай билерден» ақыл сұрай алмау»; «Еділдің бойын ел жайлап» жүре алмау - бәрі отаршылдық зобалаңы екенін, соған лирикалық қаһарман ашынуын түсіндіру кезінде мұғалім азаттық жоғына налыған лирикалық қаһарман сипатына көңіл бөлуі қажеттігін ескертеді. Ғалым ақын қолданысындағы әр сөздің сырын ашып бере талдау, қазақ танымын үйрету мұғалім парызы деп санайды.

Әрі өмірді кең қамту, әрі соның бәрін бір адам көзімен бағалау, әрі соны лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезімі ретінде беріп, шағын туындыға өрелі шындық сыйғызу үлгісі- Абайдың «Мәз болады болысың» өлеңі:

Мәз болады болысың,

Арқаға ұлық қаққанға.

Шелтірейтіп орысың,

Шенді шекпен жапқанға.

Ғалым: «Мәз болады болысың, // Арқаға ұлық қаққанға»- дегенде болысқа да, ұлыққа да бір ғана лирикалық қаһарман сезімі тұрғысынан баға беру жүзеге асқан. Сонымен бірге ол лирикалық қаһарманның бір сәттегі сезімі айнасы ретінде берілген. Мұнда әрі сол кездегі болыстардың жиынтық бейнесі бір адам сезімі ретінде өрілген. Екінші лирикалық бейненің мәз болуы, «Күлмең қағып қасқайып» мақтанға салынуы, «Қампайып жоқты-барды» шатуы, «бос желігіп» шабуы т.с.с. – бәрі лирикалық қаһарманның әділетсіз қоғамды сынауы, күйзелуі тұрғысынан осы бір шағын өлеңде шебер жинақталып берілген», -деп көрсетеді..

Қорыта айтқанда, мектепте өлең оқыту, өлең табиғатын таныту оңай емес. Ол үшін әр ақынның сөзқолданыс ерекшелігін, стилін, шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне ондағы әр сөзді бағындыра білуін зерделесек қана көркемдік қойнауына тереңдеп ене аламыз. Сонымен қатар өлең ырғағы, ұйқасына бөленген әр сөз мағынасы кеңейе, ажарлана түсетінін, әр сөздің басқа әріптестері әсерін қабылдап, өзі де өзгелерге – ықпал ететінін дәйектеу де сөз маржанын түсіне, бағалай білуге бастайтын кілт дегіміз келеді.

Әдебиет

1 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1986.-315

2 Жүсіп Қ.П.Көркем сөздің күдіреті. Павлодар, 2000 ж., 288 б.

3 Жүсіп Қ. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту.Павлодар, 2003 ж. -254 б.

4 Бітібаева Қ. Абай шығармашылығын оқыту. Алматы, Мектеп, 2003.-232.

5 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. -Алматы, 1983, - 326 б.

6 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері, Алматы, Мектеп, 1970, 94 б.

7 Мәшһүр-Жүсіп Қ. П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік.– Павлодар : ЭКО, 2007. – 442 б.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЗЕРГЕРІ

Түркешова Манара Амановна
(Ақмол ауылының жалпы білім беретін ОМ)

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов - ұлттық сөз өнері тарихындағы зор тұлға. Оның әйгілі әңгіме, пьеса, романдары ел өмірінің ең бір елеулі кезеңдерін – дала азаматының рухани өзгерісін, қилы-қилы белін бейнелейді. Көп үнді, көп дауысты мұрасын зерделесеніз, үлкен қаламгерді ерліктің жыршысы деп бағалар едіңіз. Көз алдыңыздан ылғи бір көтеріңкі рухты – ерлігі де, ерлігі де берік, жайсаң жандар тасқыны өтіп жатады. Ғабит таза сезімді, азаматтықты жырлап өткен ақын жанды қалам иесі. Ғабит – ақиқат ғұмыр кешкен, қиын қыстау сәтте азаматтық ер тұлғасынан айнымай өткен абзал жазушы. Оның артына қалдырған бай мәдени мұрасы туған әдебиетімізді үлкен биікке көтеріп, әлемдік өреге шығарды. Ғабит Мүсірепов ел тағдырына қатысты ірі оқиғаларға араласты. Қиын заман, қилы кезеңдерде халқының жоғын жоқтап, сөзін сөйледі. Сөйтіп, Ғабит ел тарихына қоғам қайраткері ретінде де өшпестей із қалдырды.

Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, «Жаңа жол» аулында орта дәулетті отбасында туған. Бала кезінде ауыл молдасынан хат таниды. Ол кездегі ауыл ақсақалдарының бір әдеті – кешке жақын дөң басында немесе көкорай шалғын көк майса үстіндекіз жайғызып тастап, неше алуан түрлі қисса, жырды қызыға тыңдайтын болған. «Әдебиетпен алғаш жақын танысуым осы еді», - дейтін жазушы балалық шағын есіне түсіріп отырып, зерек бала «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көроғлы», «Сал-сал», «Зарқұм», «Шәкір-Шәкірәт», «Шахмаран» сияқты інжіл-маржан жырларды сүйсіне оқып, талай бетін жаттап алады.

Ғабит 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныпты орыс мектебіне оқуға түседі. Оның ұстазы – қазақтың белгілі ұстаз ақыны Бекет Өтетілеуов шәкіртіне жылы шырай білдіріп, әдебиетті сүйеге ықпалын тигізді, өлең, жырларды жаттатқызды. Осы мектепті бітірген соң болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищеге түсіп, жеті жылдық мектеп көлемінде білім алады. 1923 жылы Ғ. Мүсірепов Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі; орыс және әлем әдебиетінің саңлақтарын, ұлттық сөз өнерінің үлгілерін құмарта оқиды. Жұмысшы факультетін бітірісімен (1926) Мүсірепов бір жыл Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды. Сонда жүріп «Тулаған толқында» атты хикаятын жаза бастайды. 1928-1938 жылдары баспасөз, әр түрлі орындарда жауапты қызметтер атқарады. Ал, 1938-1955 жылдар арасында бірыңғай әдебиетпен айналысады. 1956-1966 жылдары Ғ. Мүсірепов «Ара-Шмель» атты сатиралық журналдың бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметін атқарып, 1966 жылдан кейін қайтадан бірыңғай жазушылық өнерімен шұғылданады. Ол Жапония, Египет, Алжир, Италия сияқты көптеген елдерді аралап, туған елінің сөз өнерін насихаттауда мол еңбек сіңірді. Ғ. Мүсірепов – ел құрметіне бөленген әйгілі академик-жазушы ғана емес, ол көрнекті қоғам қайраткері еді. Қаламгер ондаған мақала мен очерк, әңгіме мен новелла, ұлттық драматургияның алтын қорына қосылған «Қыз Жібек» либереттасы, «Қозы Көркеш – Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты», «Амангелді», пьесасы, «Қазақ солдаты», екі томдық «Оянған өлке», «Ұлпан» романы, «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды. Бір дәуірдің талай сыры шертіліп, талай рухани адамдық ізденіс-өзгерісі ақтарылған айтулы туындыларда азынаған замана лебі айқын сезіледі. Асыл ағаның арман – тілегі, өрісі мен өресі, көтерілген шыңы да, қинала кешкен ойы мен қыры да мен мұңдалап тұр. Халқымыздың басынан өткен тағдыр-талайы, өмір-ғұмыры тым ауыр, аласапыранды болыпты, күйзелуі көбірек, күңіренуі молырақ, қуанышы азырақ, жолайырықта ұзақ тұрып

қалыппыз.Ғабең тартыс күреске, арпалыс айқасқа (әсіресе тап пен топ арасындағы) көбірек көңіл бөліпті – бұл да қаһарлы заманның жан қалтыратқан сызынан еді. Абзал аға азынаған аязға төпеп берер қайрат көрсеткен айтулы азамат еді. Ер басына күн туып, етігімен су кешіп – елінің жартысын жайратып салған 1932 жылдың қилы заманында бес азаматтың атынан қылышы қан тамған жоғары орынға жанын шүберекке түйіп жүріп хат жазған ақберен азамат болатын. Қаламдас аға-досы Биағаңа (Бейімбет Майлин) жала жабылғанда тағы да басын қатерге тігіп, айғайлап ара түскен. «Биағаң халық жауы болса, мен де жаумын» - деп адам таңқаларлық қайсарлық көрсеткен де Ғабең болатын. Солақай желөкпе сыншылар атойлап «Абай жолына» көк сүңгі сілтеп, ұлы Мұханның басына әңгір таяқ орнатқанда да ара түсіп, адал, байыпты, мәнді мақала жазып, ашық сайысқа шыққан да Ғабең еді. Талай қазақ жалған, жасырын арыз тоғытып, бірін-бірі даттап, жамандап, қандасын қаралап, арысымызды өлімге қиып, қиянаттан, қарғыстан именбей, зауалдан шошымай, қара жүрек қанбалақтың қатарын көбейтіп жатқанда, Ғабең ақиқатты ашық айтып, қасқайып қарсы тұрған, азаматтық қалпынан жазбаған әділ аға болды.

Ғабит Махмұтұлының асыл мұрасы, жүрегін жарып шыққан жан сөзі – бәріміздің рухани азығымыз, мақтанышымыз, қымбаттан да қымбатымыз. Айтулы жазушының адамдық қасиеті, азаматтық тұлғасы – бәрімізге үлгі, өнеге.

Ғабит Мүсірепов әдебиетке ХХ ғасырдың 20-жылдардың екінші жартысында келген. Ғ.Мүсіреповтың алғашқы көлемді туындысы – «Тулаған толқында» хикаятында 1916 жылғы дүрбелең кезеңдегі ауыл тіршілігі, әйел тағдыры, кейінгі азамат соғысының көрінісі бейнеленсе, «Қос шалқар» мен «Көк үйдегі көршілер», «Алғашқы адымдарда» еңбекші халықтың сана-сезімінің өзгергені суреттеледі.

Ғ.Мүсіреповке тән шеберлікпен жазылған алғашқы әңгіме – «Қос шалқар» (1928). Әңгімеші-жазушы Қос шалқардың қойнауында екі түрлі өмірді көргенін, екі түрлі сезімді басынан кешіргенін тебірене баяндайды. Қос шалқардың қойнауында өскен сәби көз алдындағы кең өмірді құшақ жая құшуға дайын еді. Айналасы бақыт бақшасындай рақатқа, шаттыққа шақырғандай елестейтін. Бірақ Қос шалқармен – шын өмірмен тұңғыш түйіскенде бала көңілі құлазып, қатты қиналады. Барлық бояуы өшіп, мұнарланып, бақыт бесігіне балаған балапан Қос шалқар қапырық зындандай дем алғызбай, тұншықтырып жібере жаздайды. Өйткені оның көз алдындағы Қос шалқар қиянатшыл екен, қойнауында – «Қосым байдың босағасында қабақтары қатыңқы, көңілдері кірбікті үмітсіз өтініш бар. Қалың жауды шапқан жігіттердің даусы нәрестелердің шыңғыруымен ұласып, тым ащы шығып жатады. Шыбыртқы арқаларына емес, жандарына «шып-шып тигендей». Есейген шағында туған өлкесіне қайта оралған әңгімеші-жазуші Қос шалқардың өзі де, оны жайлаған жандардың да өзгергеніне куә болып, өмірдің бір шиеленіскен түйініне бойлағандай болады - көңіліне бір әсем жылылық ұялайды. Лирикалық сезіммен көмкеріген «Қос шалқар» қазақ әңгімесінің алғашқы таңдаулы үлгілерінің бірі болып саналады.

Ғабит Мүсіреповтың азаматтық және қаламгерлік қасиетін айқындай түскен «Талпақ танау» мен «Шұғыла әңгімесі» айтулы шығармалардың қатарына жатады. 1932 жылдың сұмдығы мен қулығын әшкерелеген бұл қос шығарма – батылдығымен, қайсарлығымен бірге композиция мен сюжеті әдемі өрілген әсерлі шығармалар. Ол уақытта аштық пен жалаңаштықты ашық әшкерелеу осы екі әңгімесінің бірінде әзілді суыртпақтап, бірінде жол хикаясын арқау етіп ащы да ауыр шындықты оқырманна жеткізеді.

«Талпақ танау» әңгімесінің (1933) астарлы ойы мен сюжет ағымы кейіпкерлердің сезім қылын шертіп, әдемі күлкі, әсем әзіл арқылы аңғарылады. Түйе жеккен арбамен «іркілдеп» жеткен екі шошқа, әй, жақсылықтың белгісі емес – ау! Сондықтан да ауыл жігіттері жаңа пәлеге «жақындамай алысырақ иіріліп тұрып» оскырына қарайды.

«Кәпірдің түр-тұрпаты еркін өскен даланың перзенттеріне тым жат, тым өрескіл көрінеді. Төрт түлігі мыңғырған елге «бауыры тоған қаз-қатар емшек», «малдан гөрі итке ұқсайтын бесінші түлік жат-ақ. Ақыры, ауылдың бір ақсақалын зорлықпен екі шошқаның соңына салады. Осы терең сырды ауыл жігіттері алғаш көргеннен-ақ «аузы малға ұқсамайтын талпақ танауды» деп басталатын әзіл-күлкімен, мінеп-шенеумен байқатады. Әңгіме жолдары толған күлкі, әдемі қалжың, ойнақы әжуа оқушы көңіліне бірден ұялайды. Еріксіз езу тартқызады. Бұл - кейін Мүсірепов талантында көктейтін қасиет. Әңгіме тартыс, күрес емес, сезім өзгерісі, психологиялық құбылыстар арқылы дамытады. Оқушының бағып, қадағалап қалатыны да осы – «Жаңа жол» жігіттерінің көңіл күйі.

Шошқаны алып келген колхоз бастығы Сәден:

-«Қане, жігіттер, мұны енді арбадан нетесіңдер... несіне оскырынасыңдар, бұл да мал ғой, - дейді оскырына езу тартып. Даусы аса сенімді шықпады, әрине.

- Мүмкін мал шығар...

- Орыстар мал деп асырайды ғой, әйтеуір...

- Танауы талпақ екен.

- Аузы малға ұқсамайды –ақ...

- Жоқ, тұяғы айыр қойға ұқсайды...

- Тек, қойға теңемеші кәпірді... Бауыры тоған қаз-қатаремшек, қай жері қой болушы еді?

- Сәден осыны мал деп әкеп тұрсың-ау?

- Мал емес деп кім айтты?

- Мүмкін мал шығар... бағып көрмеген малымыз.

Осы үзіндінің әр сөзінде, әр сөйлемінде адам – кәдімгі ауыл қазағы тұр. Оның түйсігін жазушы құйып қойғандай айшықты тілмен, әдемі әзілмен әдіптеген. Сөйтіп, жазушы «бесінші түлікпен» келген зорлық-зомбылық, әпербақан содырлықты – дәуір шындығын өзгеге ұқсамай, айқайлап шала бүлінбей, өнердің өз тілімен бейнелеп шыққан. Бұл пікірді –Ғабене тән астарлап, жанама бейнелеуді (сол кезде басқа мүмкіншілік жоқ та еді) сол кезде жарық көрген тағы да бір әңгімесі қуаттай түседі.

Зорлықпен атып, асу, жер аударумен жеткен жаппай коллективтендіру, асыра сілтеу 1932-1933 жылдары бақыт орнына қазақ халқына шексіз қайғы –қасірет әкелді, ел іргесі шайқалды, боздақтарымыз қынадай қырылды. Халық басына төнген қара бұлтты көре тұрып Ғабит Мүсірепов үнсіз қала алмады, тәуекелге бел буып, 1933 жылы қиянат пен қисық сынға ұшыратқан әйгілі «Шұғыла» атты әңгімесін жариялады. Аштықтың өзін тікелей суреттей алмағанымен, кеселге себепші болған – жоғарыдағы адуын күшті партия басшылығын ашық әшкерлей алмағанымен, қалың елді тып-типыл қылған қара дауылдың зардабын, «жын ойнағын» анық байқатады. Надан, пасық басшылардың, «төтенше өкілдердің», ұрлықшы белсенділердің момын ауылға, бейшара елге бүйідей тигенін, бір құлқыны үшін іргелі жұртты тоз-тоз еткенін тайға таңба басқандай бейнелеп береді. Бұл кезде жазушының қаламы төселіп, шеберленіп қалғанын байқаймыз. Әзіл, қалжыңға бүйірі бұрып тұрғанымен ел еңсесін басқан зілді қағазға түсіреді.

Қостанайдан шыққалы он төрт күн, он төрт түн болса да, бұрын сыймай отыратын қалың ел зым-зия жоғалған:

«Тастап кеткен қыстаулар кездеседі!.. Көнді қыстауларға қалың шыққан бидайық неше жылдан бері шабылмай қала берген екен!.. Өзекті-ойпатты жерлердің шабылмай қалған шөбі одан да қалың.

-Ел жиі отыратын жерлереді. Батпақты мен Торғай даласында мал басы миллиондап саналатын еді ғой!-деді жолдасым Есқожа. – Қазір қаншасы қалғанын кім білсін...».

Халқының халін тікелей суреттеуге мүмкіндігі болмаған қаламгер мал мен жерді айналсоқтай береді, бірақ солардың өзінен –ақ ел басына түскен ызғар аңғарылып тұр. «Аққаланың» ішінде бір сиыр дірдектеп жатыр. Әуелде оны қара ала сиыр ма деп қалып едік, ақ құйқаланып қалған қарасиыр болып шықты. Безгегі ұстағандай қалшылдап тоңып жатыр. Қаншырдай қатқан арық. Дәл жаялығында «Алып»(тарап кеткен колхоздың аты) деген күйдіріп басқан таңбасыбар. Бір мүйізі сынық. Астында жаялықтай ғана қара құрым төсепті де иесі тастап кетіпті. Тоңып-қалшылдап жатқан бейшара сиыр тұра салып жүгіріп кететіндей іргелі-кейінді сырғып қояды. Бұл, әрине – шегіне жете жіңішкерген тіршілік».

Малдың түрі осындай болса, төрт түлігін көзінен тас қылмайтын халықтың халі қандай десеңізші!..

-«Қазір колхоздарың бар ма? Нешеу?

-О, қайдан болсын... бәрі құлап қалды. Үшеу еді.

-Енді елің не кәсіп істеп отыр?

-Тарап кетті!..»

Көңілі жүйрік оқушыға ар жағы сайрап жатқан жоқ па?..

Шығармада тоңмойын, топас, ұйқыдан бас алмайтын төтенше бастық, елді сүліктей сорып, астық, қант, шайды талаң-таражға түсірген. Дәулетбек піркәншік, оның сұрқия-сұр әйелі аямай мінеліп сыналады.

«Шұғыла» - Ғабиттің тұлғасын танытқан батыл шығарма.

Ел тұрмысы қаншалықты ауыр болғанмен, тірлік ағымы өз қалауын алға тарта береді. Сол жылы Ғабит өзінің өмірлік тақырыбы болған, әрқашанда сүйсініп, сүйіп жырланған ана тақырыбына барып, жазу мәнеріндегі көтеріңкі, лепті рухтың да бастауын табады. 1933 жылы М. Горькийдің «Адамның анасы» («Рождение человека») және «Өлімді жеңген ана» («Легенда о Тимурлане») деген екі аудармасын еркін аударды. Әңгіменің романтикалық отты стилін сақтай отырып, сәл ықшамды, кей идеясын өткірлей аша түсіп, кей ойын өзінше сәл басқаша қорытады. М. Горькийдің «Келді адам өмірге» деген әңгімесіне Ғабит Мүсірепов «Адамның анасы» деп ат қойып, оқырман назарын, шығарманың негізгі салмағын анаға, ананың киелі махаббатына аударды. «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» -қазақ топырағында көктеген туындылар.

Үлкен жазушының өнері – көп сырлы, көп дыбысты, қызу қозғалысты дүние. Айтулы зергер мұрасында жалғзынан зар илеген ана, жауынан кегін алуға бел байлап, ыза кернеп қалшылдаған ер, парасатты ел ағасы, жаңа өмірдің жарқын ұландары, ескі дүниенің бірде түлкідей бұлаңдап, бірде қасқырдай азу салатын жыртқыштары да, малды да, жарлы да, алғыр да, әумесер де, сорлы да, оқыған да, жібек жанды жас ару да, қатыгез де, талапты да өз тілімен сөйлеп, өз көңіл күйіншертіп, өзіндік мінез-құлқы, арман-мүддесі, оқырман көңілінен мәңгі орын алады. Зергердің зері де сан қырлы әрі сырлы. Ол бірде оқушысын көңілдендіре сөйлесе, бірде романтикамен жігерлендіре, желпінте көтере сөйлейді, енді бірде көңіл күйін шерте, сырласа, тебіреніп толқиды, тағы бірде кең жайлаудай ұзақ сонарға түсіп, оқырманын қызыққа батырады. Ғабит Мүсірепов – талант иесі. Қаламгердің әңгімелері, драмалары мен романдары зерделі зеогер қолынан шыққан, хас сұлулығымен, мөлдіреген тіл тазалығымен айрықша әсерлі. Ғабит стилі бірде реалистік дәл, бірде романтикалық отты, ал енді бірде ыстық сезімге толы.

Д.ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН
ЭТНОЛЕКСИКАНЫҢ УӘЖДІ ҚОЛДАНЫСЫ

Хамзина Г.С., Жәнібек Ә.
(М. Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қазақ халқы өзінің көшпелі тұрмысында, небір қилы замандарды басынан кешсе де тілін жоғалтпай, тіл арқылы халықтың тұрмыс-салтын, өзіндік ерекшеліктерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырды. Қоғамның дамуына байланысты, ғылым мен техниканың дамуына орай, әдеби тіліміз толығып отырады, жаңарады, ал кейде кейбір сөздер қолданыстан қалып, мағынасы көмескіленеді. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күнгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.т. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады», – дейді [1, 165 б.]. Кейбір жағдайларда мағынасы көмескі сөздердің мағынасы жаңарып, кеңейіп қолданысқа түсіп жатады. Байырғы қазақ сөздерінің көнеріп, мағынасын тек мәтін ішінде түсінетін жағдайлар тілімізде кездесіп жатады. Көнерген сөздер, негізінен, архаизмдер және историзмдер болып келеді.

Ғалым С.Исаев көнерген сөздерге төмендегідей анықтама береді: «Тіл-тілде көнерген сөздердің историзмдер мен архаизмдер деп аталатын екі түрі бар. Кейбір заттар мен құбылыстар күнделікті өмірден шығып қалып, сол ұғымдарды білдіретін олардың атаулары – сөздер де көнеріп, тілде қолданбайды. Мысалы, *сұлтан, атишабар, ояз, барымта, дуанбасы, дүре, малай, күң, бай, болыс*, т.б. Мұндай сөздерді историзмдер дейді.

Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстар бар. Мысалы, жасақ немесе қол-әскер, қолбасы-әскер басы, почтабай – хат тасушы, жатақ – отырықшы, серіктік – бірлесу, қосын – ұйым, желек – орамал т.б.

Қазірде осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары архаизмдер деп аталады» [2, 29 б.].

Кейбір көнерген сөздер күнделікті тұрмыста көп қолданылмағанмен, халықтың жадында, тарихи әрі өнер туындыларында, көркем әдебиеттерде сақталады. Өйткені әрбір әдеби немесе өнер туындысында суреттеліп отырған тарихи кезеңнің, заманның рух-болмысымен бірге, тілдік ерекшелігі де сақталуға тиіс. Сондықтан қазақ жұртының өткен-кеткені жайлы ілгері-кейінгі жазылған жазушылардың көркем туындыларында сирек қолданылатын сөздер, пассив сөздер азды-көпті кездеседі.

Көркем шығарманың жүрегі сөз дей отыра, жазушылар өз туындыларында заманның ағымын көрсету арқылы және сол заманның тілімен сөйлеп, бізге жеткізуге тырысады. Сол заманның адамының қайталанбас бейнесін ашу үшін қаламгер зор еңбек атқарады. Сонымен қоса көркем туындыда ұлттық бояу, колоритті жеткізу үшін әр түрлі тілдік құралдарды пайдаланады. Көнерген сөздер қазіргі уақытта көркем әдеби шығармаларда көптен-көп кездеседі. Жазушының шығармаларындағы көнерген сөздерді төмендегідей тұрғыда қарастырдық:

1. Қару-жарақ атауларына байланысты сөздер. Оқиға суреттеліп отырған кезеңдегі қолданылған қару-жарақ түрлерінің аталуы заңды. *Бәрінің де қарында бауырын шөп сүртіп ағартқан сойыл* («Сүйекші», 233-б). *Бала етіп асырап алатындай ол перзентке зар боп отырған жоқ, барымташы, сойыл соғар етіп баулиын десе оның да ретін таба алмады: қанша дегенмен кеудесінде мейіздей қатқан кегі бар жат бала емес пе, ес білген соң елін тауып, оған жібеген еңбегі зая кетумен*

тұрмай өзіне қарсы шауып жүрсе қайтеді? («Сүйекші», 237-б.). Ер жігіт бел шешпестен кісе дулығасы жылтырап барып төрге тізе бүкті («Сонда», 306-б.). Сөйтіп... айсыз түнде алға қарай жылжып келеміз. Қолымызда **мылтық**, гранатадан басқа қап, арқанымыз да бар («Біз соғысты көрген жоқпыз», 257-б.). Сойыл – қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш (Қ.т.т.с., 733-б.). Дулыға – батырлар соғыста басына киетін темірқалпақ (Қ.т.т.с. 159-б.). Дулыға түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болуы тиіс, өйткені дуулга сөзі монғол тілінде де «оқ өтпейтін металдан жасалған бас киім (каска, шлем)» мағынасында айтады. Қазақтың ертеректегі тілінде *дулыға/тулыға* сөзі алдымен батыр (жауынгер) киетін мағынасын берген [3, 79 б.]. Шығармада автор *кісе дулығасы* сөзін образ үшін, батырлықтың иесін білдіретін символ ретінде қолданған. *Мылтық* – оқ-дәрімен атылатын қару (Қ.т.т.с., 607-б.). Жоғарыдағы дулыға, сойыл сөздері суреттеліп отырған, көнерген сөздер кейіпкер бейнесін ашу кезеңдегі реалий сөздер қолданылған. Оқиға суреттеліп отырған кезеңдегі қолданылған қару-жарақ түрлерінің аталуы заңды.

«Ескі әдет-ғұрып, салт-санаға, өткен замандардағы әкімшілік, ел басқару, шаруашылық-күнкөріске қатысты сөздердің барлығы дерлік тарихи сөздерге айналып кетті», – дейді Ә.Хасенов [4, 30 б.].

2. Әкімшілік, ел басқарумен байланысты сөздер Д.Исабековтің «Тіршілік» шығармасында жиі кездеседі: – *Мына отырған кісі – ауылымыздың бетке ұстар дәулетті кісісі. Арғы аталары Арқа мен Сыр бойын билеген текті сүйектер. Өзі де үйірлі жылқы, қоралы қойға ғана қанағат тұтып отырған жан емес, амандық болса енді төрт-бес айдан соң болыс... – Сол мырза сіздер ме едіңіздер!- деді әйел әр сөзін салмақтай сөйлеп* («Тіршілік», 380-б.). **Патшаның** құрығы ұзын ғой, еліне қайтқан соң сендерсіз-ақ көрер», - деген жауапқа көнер болмады. **Шабарман** қаһарына мінейін деді. «Қонақ болса жамбасы шірігенше жата бермей ертерек еліне қайтсын. Жұрт әскерге адам таппай жүргенде бұ неге қыдырады. Келесі жұмаға шейін қайтпаса солдатқа айдатып жібереміз». **Патшаға** адам бермейміз деп көп жерде топ құрылып жатыр деп еді, соған қосылса қайтеді («Тіршілік», 387-б.). – XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының **аға сұлтаны** болған Зілқараның Әлібек есімді баласы қылмысты болып абақтыға түссе, ағасы Тұрлыбек Петерборға барады да, «**ақ патшаға**» жолығып, сұлулығы сүліктей меңсіз қара қырық сәйгүлікті параға өткізіп, інісін итжеккенге айдатудан аман алып қалған екен... («Сонда», 310-б.). Ол келіншегі мен атын жетектеп тура **болыстың** үйіне тартты. Бұл «асалаумәликум» деп кіріп келгенде **бәйбіше мен тоқал** әзірейлі көргендей ойбайын салып төрге атылды («Тіршілік», 394-б.). Дәулетбай сыртқа аяқ басқанда есік алдындағы алаша үстінде жатқан **күң** лып етіп ілесе шығып, таңға шейін өшпесін деп әдейі су тезекті бықсытып қойған ошаққа қарай жүгірді («Тіршілік», 340-б.). – Не болды, **байеке-ау?** От басында отырғаның қалай? – деген **бәйбішесінің** үні оның ойын бөліп жіберді («Сүйекші», 248-б.). **Текті сүйектер** – шыққан жері атақты, **болыс** – 1. **тар**. Бұрынғы кездегі аумақтық-әкімшілік бөлік. 2. Бір болыс елдің әкімі, басқарушысы (Қ.т.т.с., 137-б.); **мырза** – әмірші әулеттері аттарына қосылып айтылатын сөз, **шабарман** – **көне**. Ерте замандағы әкімдердің тапсырмаларын орындайтын шапқыншы, хабаршы (Қ.т.т.с., 891-б.); **патша** – революцияға дейінгі Ресей монархының титулы (Қ.т.т.с., 671-б.); **сұлтан** – жергілікті билеушілердің лауазымы (Қ.т.т.с., 746-б.); **күң** – **көне**. Бас бостандығынан айрылған басыбайлы әйел (Қ.т.т.с., 431-б.). Бұл сөздер – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына қарай сол дәуірде қолданылған қазір басқа сөздермен ауысқан немесе ескіріп кеткен. Үй тұрмысына, киім-кешек, ыдыс-аяқ, ұлттық зергерлік әшекейлер, салт-сана, әдет-ғұрыпқа, әр түрлі ұғымдарға қатысты атаулар.

3. Әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты: Ертеде ел арасындағы дау-жанжалда есесі кеткен жақ өз қарсыластарының малын қуып әкететін болған. Бұны

«барымта» дейді. Кей жағдайларда кек қайтару, өш алу мақсатымен де жасалады....*Жылқыны Шерәлі ауылының жегіттері барымталап кетіпті* («Сүйекші», 253-б.) *Осы сапар барымтаның қарымтасы сәтімен қайтқан соң, Алтыбайдың ашуы сабасына түсіп, біраз ықылас көрсетіпті* («Сүйекші», 265-б.). Барымтаға алынған зат (көбінесе мал, оның ішінде жылқы) даулаушыға тиісті мөлшерден артық болып кетеді, сондықтан барымтаға қарымта қайтарылуы мүмкін. Қазақ тіліндегі барымта, қарымта сөздері монғол тілінен соңғы дәуірлерде енген сөз емес, өте ертеден бар ортақ сөздер деп есептейміз [3, 64 б.]. **Қарымта.** Біреудің жасаған жақсылығы немесе қылған қиянаты үшін қайтарылған есе; қарымта (Қ.т.т.с, 489-б.). **Сауға** ауысп. Араша сұрау, біржолға ашуды қи деген мағынада айтылады (Қ.т.т.с, 716-б.).

4. Қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан тұрмысқа қажетті заттардың атауы ұлттық болмысты, ұлттық белгіні көрсетеді. Мысалы; *Ыбыш босағадан басталған алашаны, онан жоғары жатқан сары ала сырмақты басып барып, төрдегі көрпе үстіне тізе бүкті. Кешікпей уыз білегіне қос-қостап құйма білезік салған аққұба келіншек ырғалып басып, шыны тегенемен қымыз әкелді* («Гауһар тас», 270-б.). Салтанат *сырлы аяқтың ернеуін таластыра қымыз құйып, атасына ұсынды* («Сонда», 276-б.).

– Алла разы болсын, енді кішкене тыныс алып, ыстығымды басып барып ішермін, - деп *тостағанды қайырып берді* (Сонда, 286-б.). *Ал шалы бір жаққа кетсе білте шамды сығырайтып қойып, дәл кешегісіндей өнімсіз түртінекпен жамау жамауға, не болмаса бір сарынмен, бір әуенде ыңылдай отырып көне серігі – жиде ұршығын иіреді* («Тіршілік», 354-б.). *Алаша, сырмақ* – қазақ халқының қолөнері, әйел затының қолдан тоқыған төсеніштері. *Шыны тегене, сырлы аяқ, тостаған* – сол замандағы қолданған ыдыс-аяқтар, *білте шам* – сықсима майшам (Қ.т.с., 165-б.), *жиде ұршық* – жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған жеңіл аспап (Қ.т.т.с., 861-б.).

5. Киім-кешек, аяқ-киімге қатысты атаулар: *Ондық шамның түбінде сығырайып мәсісінің тесілген өкшесіне тері жамап отыр екен* («Тіршілік» 336-б.). *Киеван келісі мен шапанын шешті де, төрге барып сұлқ түсті* («Тіршілік», 337-б.).

Автор қолданысындағы көнерген сөздер кейіпкерлердің бейнелерін, сөйлеу ерекшеліктерін, ортасын, мәдениетін ашу үшін жұмсалған.

Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. «Халқым қандай десең, салтынан сынап біл» демекші салт-дәстүрлерден этностың мінез құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдік, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. А.Сейілхан: «Этноатаулар көркем шығармада тіл мен әдебиеттің ғана байланысын көрсетпей, ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Осының өзі қаламгерлер тілінде этномәдени фон жасаудың негізгі құралы» – дейді [5, 41 б.].

Жазушының шығармаларындағы этнолексиканы төмендегідей топтастырдық:

1. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты этнолексика:

Ерте уақыттарда қазақтарда бірі-бірімен құда болып, атастыру салты және «он бесінде отау иесі» дегендей ұлды үйлендіру үшін, алдын-ала қызға қалың мал төлеп, құда түседі. Д.Исабеков шығармаларында осындай салт-дәстүр шебер суреттеледі. *Қыз бой жетсе құлақтан маза кетеді. Қызжымкүлдің жасы он алтыға толған соң-ақ Меккеге азылған мұсылмандардай айттырып келушілер қыз әкесінің миын сасытты* («Тіршілік», 355-б.). *Оған жақсы жерге құда боп, келіншек әперемін, жұмыртқадар ақ отау тігіп беремін* («Сүйекші», 234-б.). *Айттырып келушілер* – қызға қалың мал төлеп, құда түсуші жақ (Қ.т.т.с., 27-б.). *Құда болу* – біреудің қызын баласына айттыру

(Қ.т.т.с., 532-б.). *Тіпті ойын-сауық та басталып, шілдеhana, тоқымқағар, бастаңғы сияқты әдет-ғұрыптар аяғынан қаз тұрды* (Сонда, 254-б.). *Өзіне тартып туған сауықшыл ұл-қыздары күміс нұрға толы айлы түнде ақ сүйек ойнады, топ-топ болып ойнап мен қыр басында ән салды, домбыра тартты*, енді бірде балғын балалық шаққа бір мезет қайта оралып жұпар иісті көк шағырдың арасында жасырынбақ ойнады («Гауһар тас», 173-б.).

- Боқаев.

- **Сүндетке** отырғызылған.

- *Онысы несі? – Сейду наразылы білдірген болды. Балаларға көз қылып шошынғаны, әйтпесе ұлдарының бәрі сүндет көрген* («Біз соғысты көрген жоқпыз», 399-б.). *Әрқайсысымен кезек-кезек алтыбақан тебемін* («Гауһар тас» 179-б.). *Бүгін кісі жібертеміз, жаны ашыса ауылыңның әкімдері айыбыңды төлеп алып кетер, жаны ашымаса өзің төлейсің, қолыңда малың жоқ екен, аманат тапсырасың, ер құнын өтеп болған күні аманатыңды қайтып аласың* («Сүйекші», 237-б.). *Бала етіп асырап алатындай ол перзентке зар боп отырған жоқ, барымташы, сойыл соғар етіп баулиын десе оның да ретін таба алмады: қанша дегенмен кеудесінде мейіздей қатқан кегі бар жат бала емес пе, ес білген соң елін тауып, оған жіберген еңбегі зая кетумен тұрмай өзіне қарсы шауып жүрсе қайтеді?* («Сүйекші», 237-б.). *Үй іші жап-жарық боп, бесікте жатқан баланың қызыл шырайлы жүзі көрінді* («Сүйекші», 232-б.). *Елдің көш-қонында жер шолдырып, ерулік-сыбаға жасала қалса, оң тізесін бастыра отырғызып, қыс болса, соғымынан қалдырмай елеп, аңға да бірге шығып жүретін* («Тіршілік», 43-б.).

Шілдеhana – шыр етіп дүниеге келген нәрестеге жасалатын той. Жаңа туған нәрестені әр түрлі жын-шайтан, перілердің салқынынан қорғап, күзету – халық сенімі бойынша тек жастардың міндеті. Тойға жиналғандар сәбиге ізгі тілектерін білдіріп, ән айтып, ойын ойнап, көңіл көтереді. Тоқымқағар – этн. Жол жүріп бара жатқан немесе жолаушы адамға сәт сапар тілеп берілетін кәделі ырым (Қ.т.т.с., 808-б.). *Бастаңғы – этн. Ауылдың үлкендері жол жүріп кеткенде, үйде қалған әйелдері, қыз-қырқындары бас қосып ойын-сауық жасайтын салт-ырым* (Қ.т.т.с., 113-б.). *Ақ сүйек – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны* (Қ.т.т.с., 33-б.). *Домбыра – қазақ халқының екі ішекті музыкалық аспабы* (Қ.т.т.с., 204-б.). *Сүндет – мұсылман дініндегілердің орындауға тиісті дәстүрлі парызы, міндетті заңы* (Қ.т.т.с., 751-б.). *Алтыбақан – қазақтың ұлттық ойыны* (Қ.т.т.с., 43-б.). *Аманат – көне. Жеңілген, бағынышты жақтың кепілге берген адамы* (Қ.т.т.с., 45-б.). *Барымташы – барымта алушы, барымтаны жасаушы* (Қ.т.т.с., 110-б.). *Бесік – жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек* (Қ.т.т.с., 128-б.). *Ерулік – жаңадан көшіп келгендерге ауылдастардың, туыстардың не көршілердің сыбағалы тамағы. Ерулік берді – қонаққа шақырып, сый көрсетті* (Қ.т.т.с., 233-б.).

2. Наным-сенімге байланысты этнолексика: *Ұшықтау – ауруды аластау* (Қ.т.т.с., 864-б.); *Үшкіру діни – ауырған адамға дем салу, дұға оқу* (Қ.т.т.с., 875-б.). *Шошынған екен, – деді Киеван көзін ашып. – Ой, алла-ай, бұл неден*

қорқып жүр? Ол кеседегі суды самауырдан жаңалап құйып, оған екі атым насыбайдай тұз, сонан соң үйдің ішкі маңдайшасында ілулі тұрған адыраспанның төрт-бес дәнін үгіп салды да, күбір-күбір дұға оқып, кемпірінің бетіне шашып жіберді («Тіршілік», 385-б.).

3. Киім, зергерлік бұйым атаулары арқылы берілген этнолексика: *Сонсоң қамзолының етегін тақымына қымтай басып, қысықтау қой көзін күлімдете жердегілерді шолып өтті* («Гауһар тас», 237-б.). *Үстінен өмірі тастамай қиетін үйреншікті киімі көнетоздау қара ши барқыт қамзол, қызыл асығына түскен қоңыр, күлгін сары, қара көк сәтен, ләстік кимешек* («Гауһар тас», 266-б.). *Молдарәсіл қалтасынан шүберекке оралған алтын білезікті алып, бәйбішеге ұсынды. Бәйбіше*

күйеуіне бір, тоқалға бір қарап қойды да, Молдарәсілдің алақанында жатқан **алтын білезікті** алып ары-бері аударыстырып, салмақтап көрді («Тіршілік», 396-б.). Анадай жердегі сықырлауық ағаш кереуеттің үстінде **бәтес көрпені** айқара жамылып Ыбыш жатыр («Гауһар тас», 168-б.). Басында маңдайы сөгілген солдат құлақшын, үстіндегі етегі тобығын соққан **күпәйке** («Ақиық» 156-б.). Есік алдында қар көміп қалған **ер-тоқым, алаша** дегендерді қазып-сілкіп Ыбыш жүр («Гауһар тас», 191-б.). Сонан соң ол біразға дейін үнсіз тұрды да **қамшысын саптама етігінің** қонышына тығып, ат қора жаққа кетті («Гауһар тас», 196-б.). Қызжымкүл сүт пісірімдей армансыз жылап, көзінің жасын біршама сарқылтқан соң **кимешегін** түзеп, өзін-өзі келді («Тіршілік», 381-б.). Берілген киім, бұйым, дүние атаулары арқылы кейіпкердің қандай әлеуметтік ортадан екендігін, тұрмыс-тіршілігін, қоғам бейнесін көреміз.

4. Күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген туыстық атауларға байланысты этнолексикалар: – **Күйеу бала қайсысы?** – деді төсін жүн қаптаған жалтыр бас біреуі, алдыңғысы ма, артқысы ма, әлде ортасындағы ма? («Тіршілік», 349-б.). – *Е-е, көптен хабарласпаған ағайыны болдыңыз ғой. Ағайынысыз ба, жекжатсыз ба?* – **Жиенімін.** – **Жиенімін!** Ойбай-ау, бізге де алыс болмадың ғой. **Нағашыңыз** армандап жүруші еді, **қарындасым мен күйеу баламның** иманы үйірусіз кетті деп. Құдай иманын саламат қылсын, өзіңе өмір берсін («Тіршілік», 385-б.). Сол кезде Молдарәсіл **жездемнің нағашысы** нағып есімізге түспегенін қарашы, әлі өкінемін («Тіршілік», 402-б.). – *Ой, қарағым, кейін кіргені несі.* **Келінімнің** қалын білейін («Гауһар тас», 182-б.). **Жеңгей**, бізде айтар сөз де, әңгіме де көп, бәрін түгелдейтін болсақ таңды таңға ұрып, тыңдауға болады, – деді «бағытым дұрыс па» дегендей қасындағы мырзасына қарап қойып («Тіршілік», 379-б.). **Әзілқой сылқым жеңгелер** гүл атқан құлқайыр түбінде көрікті, өнершіл **қайнысымен** шаршағаниша алысты, кейбір жас бойжеткендердің жігітке деген нәзік сезімі осы айлы түндерде алғаш оянды («Гауһар тас», 173-б.). Сол баласы ер жетіп, үйлі-баранды болып, **немере** сүйгенде бұл да тап солай етті («Дермене», 298-б.). Үнсіздіктен соң «**Ақсақал**» деп тіл қатқанда сақалының не себепті шошаң еткенін мына зәлімнің аңғарып қалған сыңайы бар («Дермене», 10-б.). «**Құдд-ай-ай, құдда-ай, сорлы басым-ай!**» деп Дәулетбайдың **бәйбішеден** кейін ажарына қызығып жуан алған **тоқалы** шарасыз күйіне жылап жіберді («Тіршілік», 343-б.). **Нағашы** – әйел жағының туыстары; **жиен** – қыздан туған ұл мен қыз; **жезде** – жасы үлкен апаның күйеуі, ері; **келін** – ұлдың әйелі, келіншегі; **күйеу бала** – әйелдің ері, жұбайы; қайнысы – ерлі-зайыптылар інілерінің жезде мен жеңгеге жақындық қатынасы; **жеңгей** – жасы үлкен әйелдерді құрметтеп, сыйлап айту түрі; **бәйбіше** – көп әйел алғанадамның алғашқы, бірінші әйелі; **тоқал** – қатын үстіне алған екінші әйел.

Этноатаулар – мәдениет ерекшелігін ғана емес, ұлттық болмысты, ұлттық нақышты танытатын бірліктер. Қазақ халқының қоршаған ортаға деген көзқарасынан, дүниетанымынан, дәстүрінен, ұлттық психологиясынан, әдет-ғұрпынан барлық этнолексиканың бейнесін анық байқауға болады. Қаламгерлер этнолексиканы қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді сипаттау үшін, ауыл өміріндегі шынайы өмірді суреттеу үшін орынды қолданғанын байқаймыз.

Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. 2-басылуы. – Алматы: 1994. – 272 бет.
2. Исаев С. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 170 бет.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. 3-басылуы. – Алматы: 2004. – 230 бет.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: 2007. – 79-б.
5. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографиялық лингво-мәдениеттанымдар: филол. ғыл. канд. ... авторефераты. – Алматы: 2001. – 26 бет.

Х. ЕСЕНЖАНОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Хамзина Г.С., Мәлік А.
(М.Қозыбаев атындағы СҚУ)

Қаламгердің көркем шығарма жазуда қолданған көркемдеу тәсілдерін қарастырғанда, ең алдымен жазушының жеке стиліне назар аударамыз. Қандай халықтың болмасын уақыт өте келе әртүрлі өзгерістер болып жатады. Әрбір халықтың белгілі бір дәрежеге жеткен сөз өнері болады. Халқымыздың тіліміз бірнеше ғасырлар бойы жан-жақты дамып, әдеби тілімізді байытты. Тіліміздегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестерді атауға болады. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология [1, 591 б.].

Халқымыздың тіліміз бірнеше ғасырлар бойы жан-жақты дамып, әдеби тілімізді байытты. Тіліміздегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын тұрақты тіркестерді атауға болады. Тұрақты сөз тіркестердің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы – фразеология. Фразеология – тіліміздегі фразеологизмдерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай бөліп, құрамын анықтап, жасалу, даму заңдылықтарын зерттейді.

Қазақ тіліндегі тиянақты тіркестер (фразеологизмдер) – тіл ішінде өз заңдылықтарына сәйкес өмір сүретін айрықша категория. Олардың әр алуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән – фразеология [1, 591 б.].

Тіліміздегі әр алуан фразеологизмдер бір текті, бірыңғай қолданыла бермейді. Мәселен, сөйлеу тіліндегі тұрақты сөз тіркестері күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеуде қолданылып, эмоционалды-экспрессивті жағы басым келеді. Ал кітаби, яғни жазба тілдегі тұрақты сөз тіркестерінде поэтикалық сипаты басым [2, 94 б.].

Өмірде күллі тіршілік атаулының бар саласын қамтитын әр ұлттың тілінде өзіне тән, бейнелі сөз орамдары, тұрақты сөз тіркестері – фразеологизмдер көптеп кездеседі.

Г. Смағұлова: «Тұрақты тіркестер қазақ лексикасының ең өнімді бай қабатын құрайды. Осындай ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керек. ...Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан-дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін те іздеген жөн», – деп жазады [3, 93 б.].

Қаламгер тілінің лексикалық байлығының бір қырын *фразеологизмдер* танытады. Олар төмендегідей мақсаттарды жұмсалған:

Кейіпкердің психологиялық келбетін көңіл-күйін, ішкі жан дүниесін және іс – әрекетін көрсету үшін:

- Онда бұл, Жақа, әлгі өзіңнің айтып жүретін найза бойламайтын арам, **құрдай жорғалаған қу, тағы немене еді, түк жұқпас сұм** деуші ме едің, соларың болды ғой, біздің бұл қожайынымыз да (Х.Е., 16-б.).

- Тұнып тұрған феодализмнің **ұйтқысын бұзып**, Арқаның Шормановтарын, Жетісудың Ордабаевтарын, Оралдың Көпжасаровтарын орнынан ығыстырып, **жер аудару** – кішкене төңкеріс, «қазақ даласындағы кішкене октябрь» деп губком қызметкері дұрыс айтты (Х.Е., 17-б.).

- Әлібек **құлағын тоса қалды** (Х.Е., 146-б.).

- **Түнерген бұлт ыдырап, қабағы жадырай бастады** (Х.Е., 147-б.).

- Сонда да арлан көкжал көлденеңдеп, артына орағыта бұрылып, тосырқау **көз тастады**: алдымен үлкен боз атқа **көз тікті**... (Х.Е., 50-б.)

Шығармадағы тұрақты сөз тіркестерінің әдеби тілдегі мағыналары:

Құрдай жорғалаған - қорыққаннан айтқынын істеу, иленіп қызмет қылу [1, 479 б]. *Түк жұқпас сұм* - кінәсіз, таза болу қалу. *Ұйтқысын бұзып* – Береке, бірлігін кетірді; шырқын бірлігін қашырды [1, 730 б]. *Жер аудару* – басқа жаққа айдады, еріксіз қоныс аударды [1, 257 б]. *Құлағын тоса қалды* – көңіл қойып тыңдады, зейін қойды [1, 471 б]. *Түнерген бұлт ыдырап, қабағы жадырай бастады* – көңіл-күйі көтеріле бастады. *Көз тастады* – қарады, көңіл бөлді (1, 331 б). *Көз тікті* – назары ауды, қадала қарады, тесіле қарады [1, 332 б.].

Х.Есенжановтың сөз қолданудағы шеберлігіне прозадағы уақыт, оның ішкі мағыналық нәзік реңктерін дәл көрсететін *құлқын сәрі, қас қарайған кез, апақ-сапақта, қызыл іңір, таң ала көбеут*.б. тілдік бірліктер айқын дәлел бола алады.

Ал *культтік фразеологизмдер* кейіпкер тілінде, сирек те болса авторлық баяндауда қолданылған. Кейіпкер тілінде (диалог, монологта) олардың діни көзқарастарын, күйініш-сүйініштері мен қайғы-қуаныштарын көрсету үшін, ал авторлық баяндауда өзіндік көзқарасы мен әжуа, мысқыл, кекесін беру мақсатында пайдаланылған.

Халық тілінің байлығы, шырайы саналатын мақал-мәтелдер Х.Есенжанов шығармаларында авторлық баяндауда ойды қысқа да бейнелі, түсінікті, көркем етіп жеткізу мақсатында қолданылған.

Мақал-мәтел – оқиғаның, қарым-қатынастың ішкі сырын, олардың өзара байланысын бейнелейтін халық ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан ең көне түрі.

Мақал-мәтелдер – халықтың ортақ ойынан шығып, түрлі жағдайларды қысқа тұжырыммен ұғындыратын, тілге жеңіл, аз сөзбен көп мағына беретін есте сақтауға қолайлы түйінді пікір. Ұлы ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі нақыл сөздердің көбі бүгінде мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кеткен. Ақынның сөздерінің көбі нақыл сөзге айналған. Сол сияқты, қаламгер шығармаларынан да өткір, ұшқыр пікірлерді кездестіруге болады.

А. Байтұрсынов: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шын келеді» (4, 224 б.). Ол халықтың тұрмысы, өмірімен байланысты болғандықтан, шынайы ой қазынасы болып табылады.

Сөз өнерін халқымыз ежелден айрықша бағалаған. Көптеген мақал-мәтелдеріміз би-шешендердің айтқан аталы сөздерінен бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. *Адамға адам мейірімді бола алмайды. Бірақ сенің өзің ақылды болсаң – бұл фамилияның пайдасы да бар. Ол өзі кісіге тәуір қалпақ пен галстук сияқты. Пайдалана біл.*

Қаламгер туындыларындағы әртүрлі тақырыптардағы мақал-мәтелдер қолданылып, олар авторлық баяндауларда да, кейіпкерлер сөздерінде де кездеседі.

Жазушы мақал-мәтелдерді көбінесе халық тіліндегі түп нұсқаларымен береді. Кейде сөйлем құрылымына байланысты икемдеп, жазушының өз стильдік қолданысына түседі.

Жазушы шығармаларында мақал-мәтелдерден кейін «депті ғой», «деген екен», «депті бұрынғылар» етістіктері қолданылады. Мәселен: *«Бәрі жоқ деме, бәрік астында» деген емес пе? «Сақтықта қорлық жоқ» депті ғой бұрынғылар. «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» депті ғой.*

Қаламгер туындыларынан автордың өз нақыл сөздерін де кездестіреміз. Афоризмдер оқиғаның, құбылыстың, өмірдегі қимыл, іс-әрекеттің мазмұнын терең де өткір өтіп көрсетеді.

Қанша ақылды, әдепті, білімді, есті болғанмен, әйелге жарастықты сипат-сезім ғой. Сезімсіз әйел – исі жоқ гүл. Оқу – ақыл тілегі. Сую сезім-тілегі. Онда не сую жоқ, не сезім кем, немесе ақылы басым.

Х.Есенжанов қазақ мақал-мәтелдерін шығарма көркемдігін арттыру мақсатында қолданған.

Жазушы прозаларындағы тұрақты тіркестердің орынды, тілдік тұрғыдан алғанда бейнелі, тартымды берілуі шығарманың көркемдік нәрін, экспрессивтік-эмоциялық реңін арттыра түскен. Жазушы мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, өзінің ойын нақты, дәл берген.

Халық тілінің байлығы, шырайы саналатын мақал-мәтелдер қаламгер шығармаларында авторлық баяндауда ойды қысқа да бейнелі, түсінікті, көркем етіп жеткізу мақсатында қолданылған.

Мақал-мәтел – оқиғаның, қарым-қатынастың ішкі сырын, олардың өзара байланысын бейнелейтін халық ауыз әдебиетінің ерте заманнан келе жатқан ең көне түрі.

Мақал-мәтелдер – халықтың ортақ ойынан шығып, түрлі жағдайларды қысқа тұжырыммен ұғындыратын, тілге жеңіл, аз сөзбен көп мағына беретін есте сақтауға қолайлы түйінді пікір. Ұлы ақын Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі нақыл сөздердің көбі бүгінде мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кеткен. Ақынның сөздерінің көбі нақыл сөзге айналған. Сол сияқты, автор шығармаларынан да өткір, ұшқыр пікірлерді кездестіруге болады.

А.Байтұрсынов: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шын келеді» [4, 224 б.]. Ол халықтың тұрмысы, өмірімен байланысты болғандықтан, шынайы ой қазынасы болып табылады.

Х.Есенжановтың туындыларының ішінде де шығарманың мәні мен сәнін келтіру мақсатында көркем бейнелі сөздер мен көптеген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

Жалғыз-ақ осы сурет портретке мынаны қосса: *«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды»* деген сөз – данышпандық сөз... (Х.Е., 8 б.)

Екі тентек бір жерге сыйыспайды, яғни бір-біріне беріскісі келмейді мағнасында қолданылып тұр.

-*«Кемедегінің жаны бір»*,- дейді қазақ (Х.Е., 20 б.).

«Буынымыз қатып, бұғанамыз бекігенше *ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп* қарсы тарапты мақтамен бауыздасақ..», деген еді (Х.Е., 17 б.).

Қазақ айтпаушы ма еді: *«Елу жылда – ел жаңа»* деп (Х.Е., 35 б.).

«Баланың қадірін балалы болмай білмес-сің» дейді екен біздің бір аталарымыз(Х.Е., 29 б.).

- *Әлбетте жақсыға. «Жақсы сөз жарым ырыс»* дейді біздің қазақ халқы (Х.Е., 51 б.).

Бірақ мына толып жатқан қосшы кедейлер *«бүлінген үйден бүлдіргі алма»* деген деп жуымайды (Х.Е., 72 б.).

Мына сияқты типтер ғой, маңдайы жерге тигенше сәждә қылып, жер әміршісі етіп, шіріген тағынды осы күнге дейін сүйемелдеген. Қалай еді әлгі қазақ мақалы, *бір құмалақ бір қарын майды шірітеді...* (Х.Е., 122 б.)

«Тышқан ініне кіре алмай жүріп, көтіне қалжуыр байлайды» деген осы (Х.Е., 110 б.).

«Адам басы – Алланың добы» дейтін қазақ халқында ескіден келе жатқан ұғым бар, мұны біз өмір өзгерісіне, қоғам құрылысының даму тәртібіне ақылмен өлшей отырып қолдансақ: адамның, жеке адамның еркі өз билігінде емес, әлеумет өмірінің ағысы – арнасының билігінде деген сөз ғой (Х.Е., 116 б.).

«Ата балаға сынышы» деп түйіп қойған ол ішінен, бұл сөзді аса жек көрмей (Х.Е., 194 б.).

«Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі» дейді қазекен (Х.Е., 182 б.).

Осы күні *«сын түзелмей, мін түзелмейді»* дегенді айтушылар да бар (Х.Е., 182 б.).

Бұл қазақтың *«Жібекті түте алмаған жүн қылады, қатынды күте алмаған күң қылады»* деген даналығына сәйкес...-деп Сәкен сөзінің аяғын жұтып қалғандай кілт тоқтап, әлденеге қабағы қатулана қалды (Х.Е., 183 б.).

Оқасы жоқ, қазақтың *«Игіліктің ерте кеші жоқ»* дейтіні бар ғой (Х.Е., 203 б.).

«Қатты жерге қақ тұрар. Қайратты ерге мал тұрар!», - дейді аяғын қоссаң (Х.Е., 215 б.).

«Ежелгі жау ел болмас, етек кессе, жең болмас» деген нақыл болып кеткен сөзді сонда Хакімнің бабасы айтыпты-мыс (Х.Е., 240 б.).

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос», Әділбек... (Х.Е., 251 б.).

Мен де енді *«аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл»* деген атам қазақтың қағидасын қууым керек (*«Жүнісовтер трагедиясы»*, 273 б.).

«Адасқанның арты жөн, қайтып үйірін тапқан соң» дейтін мамам марқұм... (Х.Е., 273 б.).

«Жол болған жігіттің жеңгесі алдынан шығады» деген рас, Карпич, сені үйде ме, жоқ па деп екі ойлы болып келе жатыр едім,- дейді Бәйес арбадан түспестен ауланың ішіне ене беріп (Х.Е., 60 б.).

Ораз оның теріс айналып: *«Құр сөзге жұрт сене ме?... Құр аяққа бата жүрмейді»* дегендей, не қағазы жоқ, не басқасы жоқ...»- деген күңкілін естіп қалды (*«Ақ Жайық»*, 92 б.).

«Байдың асын байғұс қызғанады» деп бұрын маңынан жүруге риза емес еді; қазір қорғасындай балқып қалған екен (Х.Е., 116 б.).

«Бардың баласы он бесте отау иесі» болса, Қалиды жиырма жаста да «жігіт болыпты» деу қиын (Х.Е., 147 б.).

«Айы біткен айында, күні біткен күнінде. Ажал айдаса амал жоқ. Себебі аттан болды» деген Тояштың сөзіне ойы үздіксіз орала берді (Х.Е., 154 б.).

Бұдан кейін Жүніс: *«Жоғалып табылған мал олжа деуші еді, сен сол болдың»* деді де қойды (Х.Е., 155 б.).

- Бала, сен сабыр ет. Бақаның өлімі аянышты, бәріміздің арқамызға аяздай батады. Әйтсе де *сабыр түбі сары алтын* деген бар. Жазымыштан озымыш жоқ,- деді сөзіне шалалау білетін дін нақылын қосып (Х.Е., 156 б.).

«Жарлының жалғызына бөрі өш» дегендей, ажал да біреудің жалғызына, жә біреудің бар сенгеніне ұшырай кетеді,- деді қара келіншек (Х.Е., 170 б.).

Аздан кейін *«жан бар жерде қаза бар»* деген бір үрей пайда болды да, бірақ тап сол мезетте оның құлағана алыстан күннің күркірегені естілді (Х.Е., 182 б.).

«Жер дауында да, жесір дауында да іргелі елінің басын біріктіре алмай еңбегі еш, тұзы сор болып жүрген сабаз...» (Х.Е., 203 б.)

Мен осыны ойлап, қаншама асықсам да «сабыр еткен жетер мұратқа» деген данышпан сөзге тоқтала беремін... (Х.Е., 266 б.)

«Бұл қара қағынды келгірді кім шақырды? Бауыры шіріп бара жатқандай іргеге ірге тақауын қара! Пәледен машайық қашады дегендей, қарт жұрт ауыстырмасак болмас» деген күңкіліне де Әйтей құлақ қоймаған-ды (Х.Е., 294 б.).

«Сабыр еткен ғана жетер мұратқа», деген сөз бар. Сабыр ету керек. Әбдірахман жалғыз да емес және жай жасырынып қана жүрген жоқ (Х.Е., 306 б.).

«Антың бұзған арсыз! Сен бізді тегіс құртуға кіріскен екенсің!» деген ойдан да шапшаң көтерілген оның алты атар ұстаған оң қолы Абылаевтың қара құсына сарт етті... (Х.Е., 315 б.).

«Әкіміңнің көзі соқыр болса сен де бір көзіңді қысып жүр» деген сұмпайы нақыл шықты (Х.Е., 120 б.).

Жазушы прозаларындағы тұрақты тіркестердің орынды, тілдік тұрғыдан алғанда бейнелі, тартымды берілуі шығарманың көркемдік нәрін, экспрессивтік-эмоциялық реңін арттыра түскен. Жазушы мақал-мәтелдерді халық тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, өзінің ойын нақты, дәл берген.

Әдебиет:

1. Кеңесбаев.І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: 1977. – 712 бет.
2. Болғанбайұлы, Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: 1997. – 256 бет.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: 1998. –196 бет.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: 1993. – 374 бет.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Кенжебаева А.Т, Заурбекова А.М.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан)

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы процесінде жаңартылған білім беруді жүйелі реформалау қоғамдық қатынастарда үлкен маңызға ие және қазіргі уақытта білім беруді реформалауды іске асырудың маңызды сипаттамаларының бірі оқыту процесін технологияландыру қажеттігіне негізделген. Осыған байланысты соңғы уақытта оқытудың түрлі педагогикалық технологиялары әзірленіп, мектеп өміріне енгізілуде. Бұл Лысенкованы алдын ала оқыту, Шаталовтың қарқынды оқыту (тірек сигналдарын пайдалана отырып), Эрдниевті ірі блокты оқыту, проблемалық оқыту, белсенді оқыту әдісі және т. б.

Соңғы жылдары еліміздің көптеген мектептерінде модульдік оқыту технологиялары және В.М.Монахов, В.К.Дьяченко оқытудағы ұжымдық тәсілдер, сондай-ақ профессор Ж.Қараевтың жеке дараландыру және дифференциациялау, жаңартылған білім беруді демократияландыру және ізгілендіру қағидаттарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиялар қолданылады[1].

Мектепте жүргізілетін заманауи эксперименталды жұмыстың басты міндеті оқу үдерісіне жаңа педагогикалық дамыта оқыту технологияларын енгізу болып табылады.

Мысалы, Л.В.Занковпен, Д.Б.Эльконинмен, В.В.Давыдовпен бірге әзірленген «дамыта оқыту жүйесі» бір-бірімен тығыз байланысты және келесі принциптерден тұрады:

1. Жоғары деңгейде күрделі оқыту.
2. Теориялық білімнің жетекші рөлі.
3. Оқу материалын жеделдетіп оқыту.
4. Оқушылардың оқу процесін түсінуі.
5. Барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі жұмыс.

Дамыта оқыту жүйесінде Л.В.Занкова бойынша білім алушы өзін еркін сезінеді, оның әлеуметтік мүмкіндіктері мен дербестігін дамыту үшін жағдай жасалынады. Бұл жүйеде оқушы мен мұғалім арасындағы жаңа өзара іс-қимылдың іргетасы қаланды. Мұғалім мұғалімнің мағынасында емес, оқушының оқу қызметін бағыттауын ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулері оқу қызметін және оның субъектісін қалыптастыруға бағытталған. Оның құрылымы келесідей: оқу-танымдық себептер, оқу тапсырмалары, оқыту әдістері, оқу операциялары [2].

Педагогикалық ғылымда баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан танымдық іс-әрекет белгілі бір дәрежеде белсендірілуі тиіс. Бұл әдістемелік жүйенің басқа бөліктерінің өзара байланысы түрінде (мазмұны, әдісі, нысаны және оқыту құралдары) өзгерістерді талап етеді. Бұл үшін мынадай қағидаттар іске асырылуы тиіс.

1. Оқушылардың өзіндік ізденіс іс-әрекетінің әдістерін меңгеру. Өйткені бұл әдістер күнделікті оқыту әдістерінен ерекшеленеді. Яғни «оқыту әдістемесі» жаңа жағдайда «оқушы-мұғалім» принципімен тығыз байланысты. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұр және оның өздігінен білім алу белсенділігіне ерекше көңіл бөлінеді.

2. Жаңа оқытудың негізгі түрлері, оқытудың жеке және топтық түрлері. Мұнда қойылған басты міндет - өз ісіне жауап беру қабілетіне сүйене отырып, оқушыға деген сенім, оның абыройы мен қадір-қасиетіне деген құрмет сезімін дамыту. Ал оқытудың алдыңғы түрі жиі бағытта, талқылауда және түзетуде қолданылады.

3. Мақсат бойынша «оқытуды ізгілендірудің» жаңа технологиялары қажет. Бұл үшін оқушылар өз бетінше танымдық іс-әрекет жүргізе алатындай болуы тиіс. Бұрынғы дәстүрлі оқулықтар осындай талаптарды қанағаттандыра алмайды, сондықтан оқушылардың өздігінен білім алуына неғұрлым бейімделген жаңа үлгідегі оқулықтар қажет.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі Л.С.Выготскийдің «оқу үрдісінде оқушының ақыл-ой дамуы» теориясы болып табылады. Бұл міндеттерді қайта орындауға арналған бірінші деңгейден өту өнімді қызметті талап ететін келесі деңгейге өтеді. В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төрт деңгейге бөледі: бірінші деңгей - «оқушы міндеті», екінші-алгоритмдік, үшінші-эвристикалық, төртінші – шығармашылық [3].

Осылайша оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын жетілдіру үшін дамыта оқытудың жаңа технологиясы негізінде сараланған және жеке деңгейлік позициялардың талаптарына сәйкес өткізілетін әр түрлі сабақтар үшін жаңа буын оқулықтары мен оқу құралдары қажет. Бұл оқулықтар-сұхбаттасушылар мен жұмыс дәптерлері, онда төрт деңгейдегі қосымша тапсырмалар берілген. Оқушылар - оқулық бойынша жаңа тақырыпты өз бетінше меңгереді, өз бетінше анықтамалар мен ережелерді шығарады. Қарапайым жаттығулар-мысалдар оларды бекіткеннен кейін жұмыс дәптерлерінде деңгейлік тапсырмаларды орындауға көшеді.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың жаңа технологиясы жағдайында оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекеті үшін тапсырмалар күрделілігі

төрт деңгей бойынша қалыптасады, егер онда барлық деңгейдегі қызықты тапсырмалар болса, оқушылардың уәждемесі пайда болады. Мұндай жаңа технологияларды оқытатын мұғалімдер үзіліс кезінде де оқушылар сабақтан бас тарта алмайтынын айтады. Оқушылар өзара бәсекелесе отырып, жұмбақтар, кроссвордтар, ребустар, математикалық жұмбақтар сияқты әр деңгейдегі тапсырмаларды шешуге тырысады. Мұнда бізде: «белгілі бір себептермен өз құрдастарын қуып жете алмайтын және үлгермейтін оқушылармен қалай жұмыс істеуге болады?» деген сұрақ туады. Бұл мәселеде оң шешім де қарастырылған. Олар:

- барлық тапсырмаларды уақытында орындаған оқушылар үлгермеушілерге көмектеседі;

- басқа сынып оқушыларының өзіндік жұмысы кезінде мұғалім үлгерімі төмен оқушыларға өз бетінше көмек көрсетеді.

Жалпы, жаңа педагогикалық технологияда бағалау үдерісі арнайы «плюс» әдісімен жүзеге асырылады. Бағалау жүйесінде мемлекеттік стандарттың ең төменгі талаптарына сәйкес келетін оқушылардың ең төменгі білім деңгейі негізге алынады. Дарындыққа, бейімділікке, жоғары даму деңгейіне қарамастан, барлық оқушылар бірінші деңгейдегі тапсырмаларды дұрыс орындауы тиіс. Бірінші деңгейдегі барлық дұрыс және уақтылы орындалған тапсырмалар "сынақ-есепке" алынады. Өзін-өзі бағалау "қосу" әдісімен жүргізілетіндіктен, оқушы әлі "екіден" қорықпайды. Осылайша, оқушының жоғары балл алуға ниеті бар. Бұл дұрыс орындалған тапсырмалардың санына тікелей байланысты.

Әрбір педагогикалық жаңа технология жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына, оның жеке және шығармашылық қабілеттерін арттыруға, қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және өзін-өзі жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктер жасайды.

Тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері мен жаңартылған білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады.

Пән әдістемесін пайдалануды жоспарлау әрбір оқушы өз кезеңінде оған қажетті барлық жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы тиіс. Бұл үшін келесі ұғымдарды ескеру қажет:

- екі параллельді сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен білім деңгейін ескеру;

- әдістеме және технология сабақтастығы;

- оқушылардың өзіндік іс-әрекет тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек көрсетуді біртіндеп төмендету;

- параллель сыныптардағы сынып тобының ерекшеліктерін ескеру;

- мұғалімдердің қызығушылығы мен шеберлік деңгейінің болуы және т. б.

Демек, 1-11 сынып аралығында өткізілетін педагогикалық технологиялар мен әдістемелер (мұғалімнің қалауы бойынша) келесі жоспарлауды ұсына алады.

Бастауыш мектеп:

- дамыта оқыту әдістемесі (Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, В.В.Репкин, В.А.Левин);

- дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі (П.М.Эрдниев);

- түсініктерді қабылдау (С.Н.Лысенкова);

- нәтижелі әдістемелеу және оны қабылдау;

- іс-әрекетті бағалау (Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков);

- оқулықсыз оқыту (В.В.Агеев);

- ойын әдістемесі және оны қабылдау;

- М.Монтессори, Р.Штейнердің жүйесін қабылдау [4].

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Өздеріңіз білетіндей, мұғалімдерді дайындау өзекті мәселелердің қатарына кіреді. Осылайша, уақыт талаптарына сәйкес қоғамның әлеуметтік - экономикалық міндеттері өзгереді, өскелең ұрпақтың лайықты өмірге бейімделуіне жаңа талаптар пайда болады.

Мемлекеттік білім беру стандарттары деңгейінде оқыту процесін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді міндеттейді.

Бұл үшін болашақ мұғалімдер:

1.Қоғам жағдайында оқуға, өмірге бейімдеу;

2.Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын құру, білім беру саласын басқарудың жаңа нысандары мен әдістерін пайдалана отырып білім беру жүйесін жаңарту;

3.Орта білім беру және білім беру жүйесін әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне біріздендіре отырып интеграциялау;

4.Білім берудің иллюстрациялық түсіндіру жүйесінен оқытудың дамытушылық жүйесіне көшу. Оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін қолдануға түбегейлі көшу.

Жалпы білім беретін мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктері баршылық:

- білім сапасының төмендігі;

- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;

- директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;

- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;

- оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Инновациялардың таралу үрдісінің бір түрінен (А, Ә, Б) екінші түрінде өту ерекше функцияларды орындайды.

А - новациялар белгілі болады, көпшілікке таралады. Жаңалықтарға жол ашылады;

Ә - олардың теориялық және әдістемелік жолдары ойлап шешіледі;

Б - жаңалықтарды енгізу жолдары қарастырылады, білім беру ұйымдарының жұмыстарына енгізіледі.

Оқу- тәрбие үрдісіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу 4 кезеңінен тұрады.

I кезең: Жаңа идеяны іздеу. Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу.

III кезең: Жаңалықтарды енгізу. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

IV кезең: Жаңалықтарды бекіту. Оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау[5].

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі .

Инновациялар білім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мектеп өмірінде болып жатқан өзгерістер, олардың инновациялық бағыттағы өзгерістері болашақ мұғалімдерді дайындаудағы әдістемелік өзгерістермен тығыз байланысты.

Педагогикалық инновациялар мазмұнына, нәтижесіне байланысты 2 түрге бөлінеді:

- білім беру жүйесіндегі инновациялар;
- оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылымына қатысты инновациялар.

Ал оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық инновациялар қарастырылады.

- Мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру, яғни оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырумен оқыту әдістері мен әдістемелерінің өзара байланысы, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстың ерекшеліктері.

- Белгілі бір бағдарлар мен мемлекеттік білімді қамтамасыз ететін оқушылардың жұмысын ұйымдастыру, яғни жеке қызығушылықтар мен мүмкіндіктерді дамыту үшін жағдай жасау және дамыту.

Оқытуды оңтайландырудың әдіснамалық негіздері, оқу процесін басқарудың диалектика-материалистік жүйесіне көзқарасты таба білу, нақты жағдайларда оның үздік нұсқаларын таңдау. Мұндай модельдер шындықтың әдістемелік сапасына жүгінеді. Мұғалім оқытудың заңдылықтары мен принциптерін негізге ала отырып, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін талдауды үйренеді, нәтижелілік пен үнемділік тұрғысынан оқу үдерісінің үздік нұсқасын таңдайды.

Оқытудың ең жақсы нұсқаларына негізделі отырып, тұтас жүйенің әдістері мен құралдарын пайдалана отырып ғана жүзеге асырылады. Оңтайландыру еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды принципі болып табылады. Егер мұғалім оқу үдерісін оңтайландыра алмаса, онда ол педагогикалық еңбектің ғылыми ұйымының сыртқы белгілерімен ғана шектеледі. Бұл-аспаптардың орналасуын жақсарту, техникалық құралдарды пайдалану, дидактикалық материалдарды жетілдіру. Сондықтан мұғалімнің еңбегін ғылыми ұйымдастыру оңтайландырусыз мүмкін емес.

Дамыта оқытудың оңтайлы нұсқаларын әзірлеу кезінде оқыту технологиясының негізгі принциптері ескеріледі. Оқыту «озыңқы даму қарқынында» қалыптасуы, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы, бірақ оларға бейімделмеуі, оқушылардың жаңа іс-әрекеттері мен жаңа даму деңгейлерін жоспарлау арқылы іске асырылуы тиіс. Оқыту және білім беру іс-әрекеттер мен операцияларды меңгерумен шектелмей, оқушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға, оның өзін-өзі ұстай алу қабілетін дамытуға үйретеді. Дамытушылық және тәрбиелік тиімділікті барлығы емес, тек оқу қызметін қалыптастыру ғана береді. Оқытуды жоспарлау кезінде оқушылардың уақыт қарқындылығы мен оқу жұмысына қабілеттілігіне тәуелділігі туралы мектептің гигиеналық зерттеу нәтижелерін ескеру қажет. Сонымен қатар, оқушылардың әрбір жасына және сыныбына берілетін, сынып және үй жұмыстарын орындауға кететін уақыт шығынын есептейтін гигиеналық тұжырымдар ескерілуі қажет.

Оқытуды оңтайландыру теориясы мен әдістемесі жоғарыда аталған заңдар мен дидактикалық, психологиялық, мектептегі гигиена принциптерімен шектелмей, мұғалімнің жүйелендірілген және өзара байланысты тәсілдерін ашады.

Тәрбие тиімділігін арттыруға әкелетін мұғалімнің уақыты мен күші шығындарының деңгейін көтеруді ескертетін мұғалім қызметінің негізгі тәсілдерінің қатарына:

- Оқыту міндеттерін таңдауға және шешуге кешенді көмек көрсету, оның мазмұны, әдістері, құралдары мен қызмет түрлері.

- Қолда бар жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескере отырып, мұғалімнің міндеттерін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, қызмет түрлерін нақтылау.

- Міндеттерді жоспарлау кезінде негізгі мәндерді анықтау, мазмұны, түрлері, қызмет әдістері.

- Оқытудың әр түрлі әдістерінің, құралдарының, мазмұнының, түрлерінің нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты-шартты өлшемдерге сәйкес ең жақсысын таңдау.

- Оқушылардың жекелеген топтарының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың нысанын, мазмұнын, әдістерін, міндеттерін таңдауға дифференциалды әсер ету.

- Оқуға қажетті жағдай жасау.

- Өзгермелі жағдайлар мен мүмкіндіктерге байланысты оқытуды жылдам түзету.

- Оқу үрдісінде уақытты, күш пен құралдарды үнемдеуді ұйымдастыру.

Оқытуды оңтайландырудың жалпы тәсілдерін кешенді жоспарлау, нақтылау, жинақтау, салыстырмалы бағалар мен нұсқаларды таңдау, бөлу, жылдам түзету, оқу процесінің барлық құрылымын үнемдеу деп атауға болады [6].

Оңтайландыру тәсілі ретінде міндетті кешенді жоспарлаудың маңызы оқушылардың білім берумен, тәрбиесімен және дамуымен қатар үлкен міндеттерді жүйелі кешенді шешуді көздейді. Тек осы кешенді жоспарлаумен ғана оңтайлы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Оқытуға байланысты нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескеру қажет.

Оңтайландыруды анықтаудың келесі жолы басты мән болып табылады. Ең бастысы, біз оқу үрдісінің негізгі міндеттерін шешуді қамтамасыз етпейміз, мұғалім мен оқушылардың уақыты мен күшін үнемдейміз. Оқу процесінің мазмұнын талдау әр тақырыптың негізгі ұғымдарын, мақсаттарын, теориялық негіздері мен фактілерін анықтайды. Оңтайландырудың басты тәсілдерінің бірі оқытудың әр түрлі нұсқаларын салыстырмалы бағалау болып табылады, оның мақсаты нақты жағдайға байланысты ең жақсысын таңдау болып табылады.

Мұғалім оқытудың барлық байлығын - мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру формаларын жақсы меңгеруі тиіс.

Барлық жоспарланған әдістер мен тәсілдер оқу үдерісін көздеген дәрежеде өткізбеуі мүмкін. Мысалы, олардың көпшілігі үй тапсырмасын орындауда бірдей қателіктер жіберді, себебі уақыт өте келе себептерді анықтағанға дейінгі уақыт өзгерді. Бұл ретте оқыту әдістерін, құралдарын және нысандарын жылдам түзету әдісі қолданылады. Бұл тәсіл жоспарланған және белгіленген мақсатқа толық жетуді жылдам түзетуді қамтамасыз етеді.

Оңтайландыруды іске асырудың жалпы тәсілі (ең аз шығындармен және ең жоғары рұқсат етілген нәтижелерге қол жеткізумен) уақыт шығындарын қалыптастыру, оқыту үшін күштер мен құралдарды үнемдеу болып табылады. Бұл тәсіл, біріншіден, барлық алдын ала келісілген тәсілдердің-міндеттерді кешенді шешу, оларды нақтылау, оқытудың басты мәнін анықтау, егжей-тегжейлі бөлу, оқытудың ықтимал нұсқаларын салыстырмалы бағалау және екіншіден, мұғалімдер қолданатын арнайы тәсілдердің көмегімен іске асырылады. - әдістердің көмегімен (оқуға жұмсалған уақыт, күш пен құралдарды үнемдеу.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен - мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына төмендегілер кіреді:

а) тұжырымдық негізі;

ә) оқыту мазмұндық бөлімі:

- оқытудың нақты және жалпы мақсаты;

- оқу материалдарының мазмұны.

б) үдерістік бөлім – технологиялық үдеріс:

- оқу үдерісін ұйымдастыру;
- оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен формалары;
- мұғалімнің материалды меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті;
- оқу - үдерісінің диагностикасы.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне жататындар:

- әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологиялар:

- ынтымақтастық педагогикасы;
- білім беруді ізгілендіру технологиясы;
- проблемалы оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы,
- деңгейлеп саралап оқыту технологиясы;
- міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- жобалап оқыту технологиясы.

Міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік сараланған дамыта оқыту технологиялары келесі ерекшеліктермен сипатталды:

- барлық оқушылар үшін базалық білім деңгейінің міндеттілігі;
- оқушылар үшін тапсырмаларды саралау, тапсырманың күші және оқушының ыңғайлылығы болуы тиіс;
- оқытудың жаңа технологиясының тетігі ретінде білім берудің базалық деңгейі оқушылардың біртіндеп дамуына ықпал етуі тиіс;
- оқушыларға оқу деңгейін таңдау мүмкіндігін беру;
- оқушы, мүмкіндігінше, міндетті деңгейден кем емес білім алу үшін ғана бос.

Барлық жаңа технологияларға қойылған мақсат-жеке тұлғаның жеке және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қызметін қалыптастыру [7].

Оқушыларға сапалы білім беруде жаңа технологияның үлкен маңызы зор. Жаңа технологияның әдіс - тәсілдерін қолдану дегеніміз - келешек ұрпақтың жан - жақты дамуына, олардың белсенділігінің артуына, еркін дамуына баулу. Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек.

Әдебиет

- 1.Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы. – Алматы: Жазушы, 2020.
- 3.Эльконина Д.Б., Давыдова В.В. [Эльконин Д.Б., Давыдова В.В. жүйесі бойынша дамыта оқыту практикасы]. – М.: ЦПРО «Развитие личности», 2018.
4. Бабанский Ю.К. Білім беру үрдісінің интегификациясы.-Москва, Знание, 2017.
- 5.Кабдыкаиров К., Монахов В. Оқытудың педагогикалық технологиясы және оның қағидаттары. - А.:Рауан, 2019.
6. Мусина С., Молдағалиев Б. Оқыту технологиясының жолдары, //ҚМ, №8, 2020.
7. Байдовлетова К.Н. Шамаларды оқытуда деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдалану.– А.:Мектеп, 2019.

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Кенжебаева А.Т, Заурбекова А.М.

(М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан)

Білім берудің мемлекеттік бағдарламасында білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізіліп, бүгінгі заман талабына, білім беру жүйесінің халықаралық талаптарға сай - ең үлкен міндет болып тұр. Бұл міндетті жүзеге асырудың жолы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесін жаңашаландыру, яғни өмір бойы үздіксіз білім алып, оқуға көшу. Оқытудың озық технологиялары мен қатар сауатты, жан-жақты маман болу, ғылыми-әдістемелік қызмет барысында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру. Бастауыш сынып әр баланың білімін қалаушы болып келеді. Ол ең бірінші оқушының ынтасына және ұстазының кәсіби шеберлігіне байланысты деп ойлаймын. І сыныпқа оқушы: «Мен оқимын!»- деп келсе, 4-5 сыныптарды аяқтаған кезде мектепке барғысы келмейтін оқушыларда кездесіп жатады. Неліктен осы арада баланың ынтасы түсіп кетті? Не себептен оқушының қызығушылығы төмен? -деген сұрақтар туындайды.

Оң нәтижеге жетіп, табысты болуы үшін мұғалім құзыры жоғары дәрежеде болу керек. Ол үшін мұғалім бойында Шульман бойынша «мұғалімнің үш көмекшісі» Біріншісі: кәсіби түсінігі; екіншісі: оқытудың тәжірибелік дағдылары; үшінші көмекші: жүрек жылуы. Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанып, балаға мейірім және құрмет көрсете білетін әділ жан бола білгенде ғана, шәкірт сеніміне ие болып, өзі де жасанды емес құрметке ие бола алады. Оқушы мен ұстаз арасындағы шынайы қарым-қатынас орын алғандықтан өзіміздің сабақтарымызда жоғары нәтижеге жетіп, балалардың көтеріңкі көңіл - күйінің куәсі бола алдық. Ұстаздар еңбегіне жаңа леп беріп, серпіліс енгізіп отырған оқытудағы жаңа тәсілдерінің теориялық негіздері уақыт талабына сай қажеттілік екеніне көзіміз жетті. Не үшін жоспарлау керек? жоспарлау - табысқа жету үшін пайдаланатын әйгілі амал-тәсіл. Жоспарлау стратегия жасауға, ресурстарды ұқсатып пайдалануға, кемшіліктерді анықтауға және келешек үшін қажет болжау мағлұматтарын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Осы ұстанымды негізге ала отырып, математика ғылымдардың ғылымы екенін, яғни бүгінгі жас буынның «шығармашылық-логикалық ойлау жаңа рухани және материалдық құндылықтарды жасау жолындағы адам әрекетінің нәтижесі, жемісі» ұғымын терең түсінуіне жағдай жасау керек.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі - білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары - баланың білімді игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқытудың мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру оқушылардың білімді, дағдыны меңгеру үшін,

болашақта танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке оқушыларды дайындау қажетті шарт болып табылады.

Әлемдік психолого - педагогикалық әдебиеттерде адамның ойлауын дамытатын мәселелерді А.Н.Монтьев, С.П.Рубинштейн, М.В.Занков т.б. атақты ғалымдар теориялық тұрғыдан қарастырған [1].

Ойлау дегеніміз-ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс .

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласы, құштарлығы болуы керек» [2].

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

«Зияткерлі адамды тәрбиелеу үшін, адамгершілік тәрбие бермесе – демек қоғам үшін қауіпті адам өсіру» Рузвельт Теодар [3].

Соңғы жылдары адамгершілік қасиеттерінің төмендегі байқалады.Ол оқушыларға өз ісерін тигізбей қойған жоқ. Сондықтан, мұғалім әр сабақта адамгершілік сұрақтарына көп назар аудару керек. Бір сөз ғана айтылса да, солс жай сөз ғана болып қалмайды, өйткені балалар тек жақсылыққа зерек болады.

Әр сабағында мұғалім тек қана оқу тәсілді қолданбай, олардың бір - біріне қарым қатынастарын ұйымдастыру керек, өйткені тұлғаның тәрбиесін қалыптастыру және дамыту қарым - қатынас арқылы мүмкіндік береді. Сонда сабақта оқушылар қандай адамгершілік объектілермен өзара әрекеттеседі.

Бірінші «басқа адамдарға». Барлық адам қасиеттер басқа адамға қарым - қатынасын бейнелейді. Басқа адамға ол қасиеттер ізгілік, серіктестік, мейірімандық. Сыпайылық, тәртіптік, жауаптылық, адалдық, ізеттілік болуы керек.

Осы қасиеттердің ең маңыздысы - ізгілік.

Екіншіден - мен өзіме қарым - қатынас

Үшіншіден - ұйым және қоғам. Бұған жататын аспектілер жауапкершілік, еңбекқор , адалдық. Достарына көңіл - күйіне ортақтасу.

Төртінші - өнегелінің категориясы еңбек. Оның қасиеттері үй жұмысын жауапкершілікпен орындау, жұмыс орнын дайындау.

Жинақтылық,тәртіптілік пен шынайылық. Осының бәрі мұғалімнің сабақ барысындағы ықпалының әсері.

Бесінші - Отанға деген сүйіспеншілігі, оқушыларға қоятын міндетіміз, өз ұлтының тарихын, мәдениетін тілін, дінін қастерлейтін және оны жалпы адамзаттық деңгейден рухани құндылықтарға ұйымдастыра білетін елжанды тұлға тәрбиелеу.

Жеке бастағы адамгершілік аспектілерді дамыту арқылы педагогикалық іс шарада әдіс - тәсілдерді және тұлғаларды жүйелеу барысында осындай жұмыстар жүргізіледі.

Жаңа ғасыр мұғалімі, жаңа заман қойып отырған талаптарға, керемет қарқынмен өзгеріп жатқан заман ағымына ілесетін, мұғалімге тән барлық мүмкіндіктерді игерген ұстаз қандай болу керек? Осы орайда ҚР Білім және Ғылым Министрлігі әзірлеген «ҚР

жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «ҚР жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілген. Болашақ педагогтерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды.

Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс. ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптарға тоқтала кетейік.

- Жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болуы қажет.
- Педагогтық, психологиялық білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.
- білім беру негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулитын болуы қажет.
- педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп - салдарын анықтай білуге де бейімі болуы шарт.
- мұғалімнің адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымды бала тәрбиесіне негіз етіп алу шарт.
- ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

«Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек».

Ы. Алтынсарин «Мен мынаған кәміл сенімдімін, онсыз мұғалім бала жүрегінен орын ала алмайды. Ең негізгісі әр мұғалім өзінің де бала болғанын ешқашан ұмытпағаны дұрыс [3].

«Көрнекті поляк педагогі» Януш Корчаг ұрпаққа қалдырар мәңгілік байлық-білім мен тәрбие. Ал сол құндылық мұғалімнің уысында.

ХХІ ғасырдың мұғалімі қандай болуы керек?

«Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»-деген екен Әл-Фараби бабамыз [4].

Мемлекет мәдениетінің айнасы-мектеп. «Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол-адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол - арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, осындай үлкен іс атқарар бір сала - мектеп және оның мұғалімі Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы, маңызды мәселе болып отырғаны: «ХХІ ғасырда нені оқыту керек?» және де «ХХІ ғасыр оқушысы қандай болу керек?»

«ХХІ ғасыр оқушысының мұғалімі қандай болу керек?» деген үш мәселе алдыда тұр. Әлемдік өркениетке сай сапалы білім беру және ақпараттық интеллектуалдық ресурстарды өз бетімен ала алатын, талдай білетін, идея бере алатын, үнемі даму үстінде болатын, жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Қазіргі таңда заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім - ұстаз, иноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім өзі иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек. Сабақ ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбек етуінен туатын педагогикалық шығарма. Сабақ үстінде небір күрделі

қиындықтар, әр түрлі ситуациялар кездеседі. Шебер ұстаз соның бәріне төтеп беріп, ешқандай әрекетке жол бермей, сабақ үрдісін түрлендіріп отыруы керек.

Қазіргі қоғамдағы мұғалім - жеке көзқарасы бар, соған қарай жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық, шығармашылық қасиеті бар, әрі оқушысын осы қасиеттері арқылы өз бетінше оқып, ізденіп кеңейтілген білім алуға үйрете алатын маман болуы керек.

XXI ғасыр-қатаң бәсеке ғасыры. Бұл ғасыр - марғаулықты көтермейтін ғасыр. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр дара тұлғаның тағдыры біздің қолымызға аманат ретінде тапсырылып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет - білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау. «Жаңашыл мұғалімдер «педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек».

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,- дейді [4].

Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. «Педагогтік шеберлік - дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу керек. Ол нағыз ұстаздың, яғни жаңашыл мұғалімнің қолынан келеді дегім келеді. Ол - өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді.

Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Біздер, мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанымызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны өзінен-өзі айқын. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады:

- Дүниетанымдық көзқарасы, сенімі,
- Қызметке бейімділігі,
- кәсіптік білімі мен біліктілігі,
- қамқорлық көзқарас,
- сүйіспеншілік сезім,
- ұйымдастырушылық қабілет,
- заманға сай жаңашылдық.


Осындай даралық қасиеттер ұстаздық бақытқа жеткізеді. Бақыттың үлкені - өзіңді-өзің тану. Ұстаз өзін-өзі қай уақытта таниды? Ол алдындағы шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің азаматы болған сәтінен таниды. Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз

арқылы қол жеткіземіз.

XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Білімнің іргетасы бастауыш сыныпта қаланатыны сөзсіз, сондықтан бастауыш сынып мұғалімі ақ парақтай кіршіксіз оқушыға қалай тәлім, білім берсе, орта буын, жоғары буынға барған кезде оқушылар сөзсіз білімді нақты игере алады. Яғни бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талап өте жоғары, олай болса мұғалімнің келбетін сипаттап көрейік (сурет 1 қараңыз)



Сурет 1. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі- білім сапасы

Менің ойымша мұғалімнің бойында осы қасиеттердің барлығы болса, мұғалім оқушыларына толыққанды білім береді.

Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселе - білім беру, ғылымды дамыту, өркениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

А.Байтұрсыновтың «Мектеп керектері» еңбегінде былай делінген: «...Мұғалім қандай болса, мектеп һәм осындай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» [5].

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады, мұғалім өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болу үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиетімен асқақ, өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамда қажетті де осындай ұстаздар.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай: қазіргі мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты. Бүгінгі таңда мұғалімнің ұстаздық тұлғасын қалыптастыру күшеймесе, кеміген жоқ. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог - педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім керек.

XXI ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар зор. Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын болу керек. Бұл - өмір талабы. Мұғалімде

ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптамалық қабілеті болу шарт. Ол сонымен қоса ұлттық құндылықтарды яғни этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет, ғаламдасуға байланысты «Ғаламтор» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болу қажет.

Жеке тұлғаны тәрбиелейтін адам - мұғалім, мұғалімге сенім білдірмесе, оқу игі жеміс бере алмайды, сондықтан қоғамымыз мұғалімге үлкен сенім артып отыр.

Осыған сүйене отырып, мен білім беру барысында оқушыларымның функционалдық сауаттылығын дамытуды жолға қойдым. Мұғалім даму жұмысының көшбасшысы екенін ескерсек, менің жұмыс жүйем: жаңа бағдарлы оқытудың барысында алдымда тұрған келелі міндеттердің бірі -оқушылардың өз бетімен жұмыстануына, ойлауына мүмкіндік жасау.

Практикалық білімнің маңыздылығын ашатын әрүрлі интерактивті және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, оқыту әдістерін өзгерту, үнемі іздене отырып, жаңалықтарды біртіндеп жұмыс жүйені енгізіп отыру. Білікті білім беру жағдайында білім, іскерлік, дағдының міндеті өзгереді.

Жұптық, топтық талқылау барысында ұйымдастырушылыққа үйренеді, бірін-бірі түзетеді, оқытады. Сыныпта белсенді ашылып өз ойын білдіре қоймайтын оқушылар білек сыбанып, қызу жұмысқа кірісу. Оқушылардың білімін бағалау кезінде қиналып, шешімін таппай жүрген сұрақтар болатын. Осы сұрақтардың шешімін тапқан. Неге? өйткені сабақты критериялды бағалауды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының өз ісіне сын көзбен қарау, сапалы жұмыс жүргізе білуге үйреніп келеді.

Мұғалім - қоғам айнасы. Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрелік. Бүгінгі мұғалім ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім оқытушы, мұғалім-ұстаз, мұғалім-оқулық авторы, мұғалім-технолог, мұғалім-жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

Ұлттық мемлекеттің дамуы, өркениеті негізгі үш шешуші кезеңнен тұрады:

1. Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеруі.
2. Білімнің деңгейін көтеруі.
3. Мамандардың кәсіби білімімен айқындалуы.

Белгілі педагог К.Ушинский: «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды» - деген [6].

Сондықтан ұстаз-шәкірт-ұстаз болуы қажет. Белгілі ағартушы педагог ғалымдар: С.Қалиев, Ә.Нысанбаев, Ш.Т.Таубаева, Қ.Жарықбаев, Б.Барсай тағы басқа ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, мұғалімнің мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдығын бірнеше бөліктермен анықтауға болады.

1. Мұғалімнің сыртқы келбетінің мәдениеті.
2. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі.
3. Мұғалімнің кәсіби мәдениеті, әдебі, сөйлеу шеберлігі, шешендік қасиеті, демалуы, дауыс ырғағы, сазы.
4. Ілтипаттылығы, сенімі, әділдігі, төзіммен сабыр сақтауы.

Ұстаздық қызметтік қыры мен сыры мол, сондықтан да ұстаздар өз ісінің әрбір қыр-сырын жетік меңгеру, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылатыны күмәнсіз.

Мұғалімнің кәсіби білік дағдылары оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Олай болса жаңаша өмірге бет бұрып, жаңаша ой түзеген егемен еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындататын саналы тәрбие, сапалы білім беретін жеке тұлға, мәдениеті мен кәсіби шеберлігі шыңдалған мұғалім – ғасыр көшін

бастаушы болап табылады.

Мұғалім - бүгінгі оқушы - ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Мұғалім мамандығының құндылығы да осында деп түсінгеніміз дұрыс.

Білімді де білікті маман даярлаудың мақсаты - маманның бойында іргелі де жүйелі білім, кәсіби іскерлік пен дағды, шығармашылық белсенділік пен еркіндік, мәдени ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру болса, білім ғасырындағы білім берудің жаңа жүйесі нені оқыту (білім мазмұны), қандай жүйеде оқыту (құрылымы), қалай оқыту (педагогикалық технология) мәселелерін шешуге бағытталуда.

Жалпы бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап мектеп мұғалімдері олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, күнделікті өтілетін әрбір сабақты ұтымды ұйымдастыра білу - мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рол атқарады деп түсіндіреді.

«Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деп, шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби ұстаз болмысын айқындаған екен.

Олай болса, жауапкершілігі шексіз, қадірі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі - білімді ұстаз. Яғни мұғалімнің кәсіби шеберлігі жоғары болған жағдайда - білім сапасы да артады дегім келеді.

Бүгінде білім саласына жаңа реформалар енгізу бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болуда. Әсіресе Қазақстанда. Білім жүйесіне жаңа емтихандар енгізіліп, мектепте білім беру жүйесі жаңартылып, ұйымдық-құқықтық құрылымдарға түзетулер енгізілуде. Осы атқарылған істерге қарай отырып, ХХІ ғасырда білім жүйесі қандай болу керек? деген сұрақ туындайды.

1. Пән. Ата-аналар балаларға көп салмақ түседі деп наразылық білдіреді. Оқушылар оқытылатын пәндердің көбі оларға қажет емес деп наразы болуда. Мұғалімдер болса, қазіргі балалардың сабаққа еш қызығушылықтары жоқ деп арыз айтады. Сонымен не істеу керек? Мүмкін оқушылар мен студенттерді шынымен кейбір пайдасы жоқ жалпы білімдік пәндерден босатқан дұрыс болар? Осы мәселеге келетін болсақ, гуманитарлық бағытта оқитын оқушылар физика пәнін оқуға мүлдем қарсы. «Бірақ, кейін өзіңнің балаң сенен есепті шығаруға көмек сұраса не істемексің?» деген сұраққа оқушылардың көбі: «Біріншіден, қажетті емес ақпарат тез ұмытылатынын ескере отырып, мен балама тіпті тартылыс күшін түсіндіріп беруім екіталай, екіншіден, менің балам мектепке барғанға дейін мектеп бағдарламасы мен білім беру жүйесі өзгереді, үшіншіден, мектепті үздік бітірген көп ата-ана үшінші сыныптың тапсырмаларын орындай алмайды».

2. Әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау. Барлық оқушылардың білім деңгейі бірдей емес, кейбірі жақсы оқитын болса, кейбірінің үлгерімі нашар. Нәтижесінде нашар оқитындар үлгерімі жақсыларды артқа тартып, озат оқушылар өздерінің қабілеттеріне сай білім ала алмайды. Өз кезегінде нашар оқитындарда комплекс пайда болады. Соның әсерінен аталған екі топ та өз мүмкіндіктерін толығымен көрсете алмайды.

3. Қажетті нәрселерге көңіл бөле білу. Бүгінде мектепте жүргізілетін сабақтар - тек ҰБТ-ға дайындалу немесе дәріс оқу. Өмірде еш қажеті болмайтын фактілермен,

формулалармен оқушылардың миын қатырады. Немесе схемалардың мән-мағынасын түсінбестен, тек емтиханды дұрыс тапсыру үшін аталған схемаларды қинап жаттатқызады және мұндай білімнің қысқа уақыт ішінде ұмытылып жататынын ерекше атап кеткен жөн. Нәтижесінде мектеп қабырғасынан білімді азаматтар емес, формулаларды жаттап алған тотықұстар шығады. Сондықтан қазіргі кезде сабақ беру жүйесін заманауи әдіспен жүргізген дұрыс.

Біріншіден, зерттеушілік қызметті дамытқан жөн. Оқытушылар сұрақ қойып, ал оқушылар тек сол сұраққа ақпарат іздеп, интернет беттерінен реферат жүктеп қана қоймай, өздерінің ой-қорытындыларын көрсетулері қажет. Яғни, үйреншікті үй тапсырмаларын беруден бөлек, оқушылар қысқа зерттеу жұмыстарын жасаулары, нақтырақ айтқанда, ақпарат көздерімен жеке жұмыс істеп, ақпарат жинап, оны талдап, өз бағасын берулері керек, сондай-ақ, зерттеу жұмысының қорытындысын жасап және мұғалімдермен бірге байланыста әрекет жасаулары қажет. Мектеп осындай әдіс арқылы оқушыларды өздігінен ойлауға үйретеді.

Екіншіден, оқушылар жиі презентациялар мен көпшілік алдында сөз сөйлеулері қажет. Сонымен қатар презентациялар PowerPoint программасымен шектеліп қоймай, аудитория алдында қандайда бір проектті толықтай қорғаулары қажет. Бұл оқушылардың коммуникативті болуларын және өздеріне сенімділіктерін арттыруға үлкен үлес қосады.

Әдебиет

1. Гришина Н.П. Развитие профессиональной компетентности методистов ИПК в процессе практической деятельности: дис. ... канд. пед. наук. – СПб, 2019.
2. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М., 2020.
